

Дінмұхамед
КОНАЕВ

ӨТТІ
ДӘҮРЕН
ОСЫЛАЙ

Диниүханең КОНАЕВ

ӨТТІ ДӘҮРЕН ОСЫЛАЙ

/естелік-эссе/

Орыс тілінен еркін аударған және автордың
ықласымен қазақша нұсқасын көздейтіп, әдеби
редакциясын жасаган журналист
Серік ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ

РГЖИ «Дәуір», МП «Ынтымақ»
Алматы, 1992 жыл

I

Бір күн дәм татқанга қырық күн сәлем деген осы. Республика Жоғарғы Кеңесінің 1987 жылғы қараша айының аяғын ала өткен сессиясында — үзіліс кезінде бір топ депутат қоғадай жапырылып келіп, сәлем берді. Ішінде жұмысшы, шопан, механизатор, партия және кеңес қызыметкерлері, ғылым мен мәдениет қайраткерлері бар. Мен олардың бәрін білетін едім, біразымен тонның ішкі бауындай араласып, өндіріс орындарында, Ғылым академиясында, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінде, сондай-ақ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде ұзак жылдар бойы бірге қызмет істегенбіз. Әлбетте, жұмыстың аты — жұмыс, барлық үақытта майдан қыл суыргандай, мінсіз тірлік кештік дей алмаймын. Бәрі өзің ойлагандай бола берсе, онда өмір өмір ме?! Әйтсе де біз алға қойған мақсатымыздың айқындығына, позициямыздың беріктігіне еш күмәніміз жоқ еді, партия аманатын адал атқардық. Былайша айтқанда, бар қүшжігерімізбен сіңбек сттік, жауапкершіліктен қашпадық.

Әңгіме аяғында әлгі кіслер менің немен айналысып жүргенімді сұрады. Тосыннан қойылған сұраққа:

— Зейнеткер адамның жан баққаннан басқа не шаруасы болуы мүмкін? — дедім құліп. — Кітапты айнымас серікке айналдырыдым, ара-тұра өткенді ой елегінен өткесіріп, бүгінгі өмірді таразылап қоям, көз көріп, көңіл жеткендерді еске аламын, өкінішке орай, олардың да қатары сиреп қалды гой.

Депутаттар бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай шетінен суырыла сөйлеп, қолқа сала бастады. Оларды тұжырымдап айтқанда: «Партия жәнс мемлекесттік қызыметінізде жинақтаған мол тәжірибеліз бар, өз өмір жолыңыз жайында неге кітап жазбасқа. Тегінде, сіздің өміріңіз республикамыздың тұтас бір

кезеңіндегі экономикалық және мәдени өрлесу тарихымен тікелей байланысты» дегенге саятын еді. Ал, бір депутат тіпті бар кенші, металлург, байтушылар мен Балқаш еңбеккерлерінің атынан: «Сіздің жасаған құллі баяндамаларыңыз, сөйлеген сөздеріңіз, жазған мақалаларыңыз республиканың, бүкіл сліміздің, сондай-ақ кейбір шет елдердің басылымдарында жарияланып тұрды. Соның бәрінде де өзініздің өмірбаяныңыз айтылған емес. Естелік жазсаңыз, соны ескерсөніз және еңбектес болған кісілер назардан тыс қалмас», — деді. Бұл пікірді қазақтың белгілі ақыны, қогам қайраткері Олжас Сүлейменов кездескен сайын айттатын. Сонымен бірге олардың мына сөзі де көкейге қонатын. Солардың бірі:

— Бұл дәл қазір республика тарихына, басқаша көзben қарап жатқан сындарлы шакта аудайдай қажет. Оның өсіп, өркендеуінс тиянақты да терең талдау — аса маңызды, — деп пікірін шегелеп жеткізді. Сайып келгенде, мен ұзақ жылдар басқарған Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитеті Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық қадамының саралап қана коймай, оны сан-салалы қызметтінің ең басты мәселесі ретінде қарап, жүзеге асырып келгенді кімге де болса күпия емес.

Біздер ұлан-гайыр республикамызда бұған дейін жасалған және бүтінгі таңда жасалып жатқан ерлікке толы көптеген елеулі-елеулі істердің күесі гана емес, алақандарымыздың ыстық табы қалған көне көз адамдармыз. Өкініштісі сол — соңғы уақытта мерзімді баспасөз беттерінде Қазақстанның откені туралы тек теріс жағын қазбалап, сүмірейтіп көрсуге үмтүлған мақалалар ара-тұрашаң беріп қалады. Және сол мақаласы-мақтардың авторлары кешегі «тоқырау» деп, айдар тағып жүрген жылдарда жоқты бардай, асқақты дыңдай ғып, жарыса жазғандарын қалай ұмыта қоярсың. Оларға, сірә да, аққа күйе жағу да, қараны ақ дей салу да түкке тұрмаганы гой; заманың тұлқі болса, тазы болудан тайынбайтыны гой.

Бұл арада көсемсіп сөйлеген шешендердің сөздері мен аттанға ұран қосқан мақалалардың жүртты көпес-көрінсу шатастырып, оиын ойран еткенін айтпай кету-акикатты айналып отумен бірдей. Үлкен-кіші де, жақсы-жаман да әділдеттің құлы. Сондықтан біздің тарихымыздың тағымдарынан азды-көпті тұжырымдар жасауды, қайта құрудың стратегиясы мен такти-

касын әл-қадірінше таразылап, саралауды жөн көрдім. Ұсынылып отырган еңбекте республика тарихындагы аса маңызды оқигаларды мейлінше әділ, бұра сөйлемей, тұра сөйлесуге, басқаша айтқанда, барын бардай, жоғын жоқтай әңгімелесуғе үмтүлдым. Шұу дегеннен басын ашып алайын: республика партия жөне кеңес органдары халық шаруашылығын жаңа жолға салуда ауқымды жұмыстар жүргізіп жатқандарына қарамастан, олі де уақыт үдсінен шықпай отыр. Қайта құру, қайталап айтайын, ол — аянбай жұмыс істеу, ал ондай жауапты міндеттерді тәжірибеле сүйенбей, бұрыннан жинақталған жөнс қазір қол жеткізін отырган игілігімізді түгел пайдаланбай шешу мүмкін смес. Бүгінгі күн кешегі құннің шәкірті екенін естен шыгармасақ еді.

Өздеріңізге белгілі, 1986 жылы 16-желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы болып өтті. Пленумда зейнет демалысына шыгуыма байланысты мен Орталық Комитеттің бірінші хатшылығынан босадым. Осылай беймаза жылдар артта қалды, осылай жарты гасырдан астам уақыт беделіндегі қызмет бір күнгідей болмай өтс шықты. Жыл дегенің жылғадан аққан су деген осы. Демек, қындығы мен қызығы, қуанышы мен реніші қат-қабат жылдардың қорытындысын шыгаратын күн жеткен-ді.

Өмір де ай сияқты гой. Бірде толып, бірде тұтқадай гана болатын. Қартайғанда кешегі істеген қызметімді міндет етейін деп те отырғаным жоқ. Қолда билік барда асып-тасымаганым өздеріңізге қалай аян болса, көрі қойдың жасында жас қалған тұста мақтанып жатқаным келіспесс. Егер қырық жыл қатарынан ел ағалығына жарасам, ол озім слу жылдан астам уақыттан бері мүшесі болып келе жатқан Коммунистік партияның, оның Орталық Комитетінің зор сенімі, қазақ деген халықтың өз перзентіне деген сенімі еді. Бұл сенім өмір жолын қарапайым жұмысшылықтан бастап, қыстың қақаган аязына мәндай сүйізіп, жаздың аптап ыстығына жүзін күйдірген маган ең өуслі еліміздің ең ірі мыс өндіріс ошагын үйимдастырып, тұсті металлургияның аса ірі көсіпорнын басқарудан басталған-ды. Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі жөнс оның президенті болып сайлану аз абырой ма? Мен 1927 жылы комсомол қатарына өттім, комсомол үйымы жоғары оқу орнына гана смес, 1939 жылы партия қатарына қабылдануыма да кептілдік берді,

мен озіме асыл азаматтардың, қарапайым адамдардың көміл сенімінс іе болғанымды, соны абыроймен ардактай білгенімді мақтанды етем, олар — КОКП мүшелігіне өтерде сенім көрсеткен Қоңырат кеңішінің партком хатшысы Ильин мен озат жұмысшы Әбжанов. Міне менің өмірімдегі ең ұмытылmas осы бір жылдан бастап партияның ең жоғары органдарына сайланып келдім. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика Министрлер Қенесіндегі жылдар, анығырақ айтқанда, қырық екі жылғы қызмет сол сенімнің дәлелі емес пе! Сол қырық екі жылдың ширек гасыры (рас, арасында аз гана үзіліс болды, оның анық-қанығын алдагы тарауларда ашып айтамын) Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметіне багышталыпты. Қазақ КСР Министрлер Қенесінің төрагалығына екі мэрте тагайындалыптын. Мұның өзі біреу-мірсуге бақ қана болып көріні үмкін. Шынымды айтсам, еншім — енбек болды, оны коре де білген, әділ бағасын бере де білген демеушім — партия болды. Ол жабыққанда сағымды сындырмай сүйеп те, қолдап та отырды. Қазақстан коммунистерінің IV съезінен XVI съезге (қоса есептегендеге) дейін, КОКП-ның XIX съезінен XXVII съезге (қоса есептегендеге) дейін делегат болып сайлануым, XX съезден бастап КОКП Орталық Комитетінің мүшесі болуым соның айқын айғагы деп білемін. Алдыңғы толқынга партияның қадір-қасиеті аян, ал кейінгі жастарға оның өнін айналдырып көрсетуге ұмтылушилар жоқ емес. Қүіс күйдірмессе дс күйелейді, жалпы, жалада шындық болмасын біле тұрсан да, арқаңа аяздай батады. Беттері үлкен етпестен қорлауга дейін барып жүргендерге байсалды түрде тойтарыс беруден гөрі балапан басымен, тұрымтай түсімен деп, әркім өз басын қоргауга көшкені секем алдырады. Оның өкініші — біздің бірлігімізге, қарахалықпен біртұастығымызға сын болды. Партияның XXIII съезінен КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, ал XXIV, XXV, XXVI, XXVII съездерінде мүшесі болып сайланған байыргы коммунист ретіндегі айтарым: көз өзінс сенеді, құлақ өзгенінс сөзінс сенеді дегендегенде естен екі елі шығармалық. Мен қатарынан 25 жыл КСРО, 27 жыл республика Жогарғы Қенесі Президиумының мүшесі бол, үшіншіден он бірінші шақырылған (қоса есептегендеге) Жогарғы Қенестің депутаты бол сайланған адам-

мын. Шүкір, көргенім де, көкейге түйгөнім де бір кісіге азық болғандай, сондықтан халықтың осыншама ықыласына боленіп, ілтипатына іліккен мен сенім деген құлдартті күш, ол сенгір тауды да қозғайды. Партия біздің өрқайсымызга қалай сенсе, біз де оған солай сенуге тиіспіз. Өйткені, ол сені мен бізден тұрады, еңбегін емген қарапайым жұмысшылар мен шаруалардан, зиялды слден тұрады.

Назарларыңызға ұсынылып отырган бұл жазба коммунистік партияның тәлімін алып, тәрбие сінде өскен жауынгерінің өмір жолы гана смес, ол осы жолдардың авторы тікелей аралас-құралас болған еңбектес достар туралы, Қазақстандағы социалистік құрылыштың ұмытылmas құндері жайында. Ақиқатты өрлеудің қажеті жоқ, ол адам барда, сол кезеңнің қоюсі тірі тұрганда өлмек смес. Қазақстан тарихындагы бетбұрыс кезеңдер жақсы жырдай жадымызда, республикамыздың одан өрі өркендей түсінің шешуші буыны болған және бола беретін ол құндерді ұмыту киянат.

II

Бұрынғылардан қалған: замана сенімен санаспайды, санасан қен сен санас деген сөз бар. Сол айтқандай, ерте мес, кеш пе, әйтеуір өрбір саяси қайраткердің өмірінде төуекелгे белбайлар шешуші бір сөті болады. Жасыратыны жоқ, арқырап жатқан асау өзенге салынган жалғыз аяқ аспалы көпірдей қын өткел, ол — жұмыстан біржола қол үзу.

Байтам жасалды. Зейнестті демалысқа шыгатыным туралы жазылған арызыма қарсылықтың болмасына сш күмөнім жоқ еді, оған көпшілікке жұмбақ өркілі өрі бұлтартқысыз себептер кепіл. Сырт көз байқай бермейтін қылдай нәзік сырлар туралы, сірі да, кейінгі тарауларда таратада жатармын. Сол кезде — желтоқсан айының алғашқы құндерінің бірінде саяси өмір тәжірибесі қалайда Мәскеуге барып, М. С. Горбачевпен жүздесуіме тұрткі болды.

Солай Мәскеуге келдім. Чистый прудтагы (Тұнық тогандагы) Қазақ уәкілдігімен іргелес, Грибоедовкс ескерткіш пен «Киров» метросына қарама-қарсы Қазақстанның оз күшімен

салынган «Қазақстан» қонақ үйіне тоқтагам. Келесі күні ертеңгілік Кунцев ауруханасында жатқан зыйбым Зуһра Шәріпқызының барып көнілін сұрадым. Содан шығып отырып, Ескі аландагы Орталық Комитетке тарттым. КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы отыратын бесінші қабатқа көтерілдім. Бұл бірінші рет емес, талай жүріп-тұрган үйренишікті коридормен Бас хатшының кабинетіне мандай түзедім. Онда дәмтүздас болған Хрушев те, Брежнев те, Андропов та, Черненко да кезіндес жұмыс істеген. Хан келеді, кетеді, халық қалады, халық қаласа, тақ қалады. Ой, жалған дүние-ай десейші. Бәрі күні кешегідей, заманында осы жерде отырып Хрушев, онан кейін Брежнев мәнің тікелей қатысуымен, Қазақстанга, оның экономикасының, мәденисті мен ғылымының дамуына қатысты талай-талай шешім қабылдаған еді. Дәп осы кабинетте отырып 1955 жылы Никита Сергеевич мәнің Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрагалығы қызметіне тағайындалуыма байланысты ақжолтай айтқаны еріксіз еске оралды.

Бірақ бұл жолы мен Бас хатшыга жеке шаруаммен келе жаттым. Горбачев әдеттегіше орнынан тұрып, жылы шыраймен амандасты. Сосын осында өтестін мәслихаттарға қатысушылар отыратын үзын столга ксліш қарама-қарсы жайгастық. Сыйлас кісілердің сыпайы есендесуінс кейін әңгімені үзартпай, бірден іске көштік. Мен асықпай алдына арызымды қойдым. Онда КОКП Орталық Комитетінің өлденеше ондаган жылдар бойы маған зор сенім көрсетіп келгенін және сенім көрсете отырып, аса жауапты әрі құрметті жұмысты тапсырғанын айта келіп, маған артылған шексіз сенімі үшін Орталық Комитетке, оның Саяси Бюросына, тікелей Бас хатшыга шын жүректен шыққан алғыс сезімімді жеткізген едім. Сондай-ақ, арызда дәл қазіргі уақытта денсаулығым мен жасымның үлгайғаны мына қызметте жемісті сәбек етуғс мұрсат бермей жүргенін айтып, соган орай менің зейнестті демалысқа шыгу мәселе мі қарауын өтініш еткенмін.

Горбачев, менің байқауымда, бұл әңгімеге тас-түйін боп дайын отырса керек:

— Ұсынысыңызды құптаймын, өтінішіңіз Саяси Бюорода қаралады, — деп аз-кем үнсіз отырды да, өз байламын айтты. — Жұмыс мойын бұргызатын емес, соган орай Қазақстан Ком-

партиясы Орталық Комитетінің пленумына қатыса алмаймын, Разумовский барады.

Бас хатшы менен өз орныңызга кімді дайық деп отырыз деп, бір ауыз сыр тартар деген ой қылаң бергенді, шынымды айтсам, іштей үміттеніп едім. Зады, жолы да, жөні де солай ғой. Бірақ ол жұмған аузын ашпады. Оның ессесіне мен сұрадым. Горбачев:

— Ол мәселені шешуді бізге қалдырыңыз, — деп қысқа қайырды.

Әңгіме осымен тәмәм боларма еді, өлде қайтер еді. Бас хатшы, обалы не керек, мен күтпеген тосын үсініс жасады. Ол кісінің мұндай мәселені қалай-қалай орагытып кеп айтатынын өздерінің де іштеріңіз сезіп отырган шыгар. Мен тоқ стерін айтайын.

— Москвага көшіп келіңіз, үй-жаймен қамтамасыз етемін, — деді.

— Нистіңге рахмет, туған жерден ыстық не бар, кіндік қан тамған Алматымда тұра беремін, — деп, ықыласына ризашылық білдірдім.

Ол орнынан тұрып, менімен қимай қоштасқандай рай танытты. Кол қысып тұрып:

— Москвага жолыңыз түскендей бола қалса, міндettі түрде келіп тұрыңыз, — деді.

Бар әңгіме осы. Кешкілік Алматыға үштүм.

Орталық Комитетте өзім отыратын кабинеттегі біраздан бері жинақталып қалған жазушылардың, гылым мен өнер қайраткерлерінің қолтаңбасымен сыйга тартқан кітаптарын реткес келтіріп, үйге жөнелттім. Бұрынғыдай смес, қулаққа ұрган танадай жым-жырт, телефоннан дамыл бермейтін Мәскеу де, табалдырық құргатпайтын Алматы да сап тиылған. Жел сөзден жүйрік не бар, жер шарлап, сл аралап үлгергенге үқсайды. Алып-қашпа әңгіме бұган дейін де дүркін-дүркін шаң беріп қалатын, сиді біржола кеүлеп, лап еткелі тұрган. Менің кетестініме көзі жеткен кісілер атқа кімді отыргызырын білмей дал боп, сырттан тон пішіп, осы лайық-ау дегендердің аяғын үзенгігес іліктіріп жатты.

Бұған уақыт өз төрелігін айтты. Мені Саяси Бюроның мәжілісіне шақырмай-ақ, өтінішімді қанагаттандырды. Шешім

қолыма тиісімен Орталық Комитеттің бюро мүшелерін жинап, зейнетті демалысқа кетіп бара жатқанымды хабарладым. Бюро мүшелері атынан сол кездегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрагасы С. Мұқашев сөйлеп, азды-көпті сінірген енбекіме алғыс айтты. Артынша, 16-желтоқсанда Орталық Комитеттің атышулы Пленумы өтті. Ол жайлы әл-әзір іркіле тұрайын, ксійінгі тарауларда ішектің қырындысына дейін актарыла айтатын тұс келеді.

III

Менің кіндік қаным тамған жер бүрынғы Верный, осы құнгі Алматы. Балдоурен балалық шагым, қайран жастық дүрнім өткен осынау өсsem қала мен үшін оттай ыстық. Әрине, балалықтың да, жастықтың да өз белгілері бар, қызығынан қындығы басым сол бір кезеңнің біреу біліп, біреу білмес, бірақ өзіме аян өмір жолы қандай болса, өзіммен бірге жасасқандай сезінетін бүл шаһардың да аса бай тарихы бар.

Біздің ұшан-тсіз жерімізде ойран болмаган орда бар ма?! Озбыр жаудың, күйреуіне ұшыраган қазақтың, көнс қонысы Алматыга — Іле Алатауының солтүстік етегіне «Іле» салынады, кейінрек оны Верный деп атап кестеді. Арада он үш жыл өткенде ол қала атанып, Жетісу губерниясының орталығына айналады. Қазан төңкерісінен кейін 1921 жылы көрнекті партия және мемлекет қайраткери Ораз Жандосовтың ұсынысы бойынша өзінің байыргы аты — Алматыға ие болды, 1924 жылы Жетісудың орталығы деп саналды. Атақты Түрксібті салған тұста Қазақстанның астанасы бүрынғы Ақмешіт — қазіргі Қызылордадан Алматыға көшірілді. Алатаудың баурайы, оның қайталанбас ғажайып табиғаты, осы жерде туып, осы жерде өсіп-өнген әрбір адамды ғана мақтаниш сезімге билеп қоймайды, тіпті бір келіп кесткен қонақтың өзін еріксіз елітеді, Қазақстан астанасын елімізде сң сұлу қала деп бағалайды. Баққа оранған қала 1981 жылы 8-желтоқсанда өзінің миллионынши тұрғыны — Бауыржан есімді перзент дүниеге келді..

Қазақта: «түбін білмеген — түгін білмейді» деген сөз бар. Жеті атасына дейін жазбай білстін халқымыздың айрықша

қасиеті де осында. Қаны таза кісінің дені де, ділі де, тілі де сау. Өнін бермесе, ізгілік жолын сақтаса, сөзі ортақ болса, одан озар байлық бар ма! Міне, сөндықтан да қазақ шыққан тегін зерделеп, өсер үрпағының ертеніне ерекше мән берген. Халық үшін қашанда әкесінен ұлының төуір болғаны жақсы. Жеті ата толмай қыз алып, қыз беріспей шыбық қыып, ант етіскен ата-баба заңы осыдан.

Егер мен де тегіме барлау жасасам, есімे сл мойындаған ақиық ақын Мұқагали Мақатаевтың мына жолдары оралады:

Мен — үйсінмін! Ұлы жұзбін — ұлымын!

«Ұлымын!» деп ұлылыққа бармагам.

Ортадан да, кішіден де кішімін,

«Ұлымын!» деп көрсстеген қысымын.

Ел басына екіталай күн туса

Екі інімнің найзасының ұшымын..

...

Кісіліктің, кішіліктің құлымын.

Н. Аристовтың деректерінс үйіннен Ақсақал (Абақ), одан Қараша би, одан Бәйдібек тудады. Біздің ата-бабамыз сол Бәйдібектің скінші әйелі Зеріптен туган Жалмамбеттің Үсты деген бел баласынан тарайды. Ал, снді өзіме дейінгі жеті атамды қуалап айтсам былай:

Жолын

Нұрмамбет

Азынабай

Қонай

Жетібай — Жұмабай

Менделіахмед

Дінмұхамед

Ата-бабам тегіне тартып мал бағып, қауга ұстаган кіслер екен. Құртімен Іле өзендерінің жағасын жайлап, Қүйған бойын қыстау стіпті. Ертеректе бұл жерлер Жетісү туберниясы Верный оязы Төменгі Іле болысы аталыпты. Қазіргі Алматы облысының Балқаш пен Құрті аудандарының жері.

Менің бабам Азынабайдан төрт ұл тудады. Әулстіміз, неге екенін кім білсін, аныз өнгімеге зер сала қоймаса керек. Азынабай жарықтықтың ағайынмен ис үшін араздасқанынан бейхабар. Және, ол қара қазақ үшін жат мінез емес. Әйтсеір, бір түнде

бүтін бір ауылды өре тұргызыпты да, үдере көше жөнеліпті. Асая Іледен өтіп, Балқаштың оңтүстік күнгей бетін жағалай жүріп Аягөзге жетсе керек. Одан әрі Тобықты жерінс қоныс аударыпты. Кісі еліне сіңісे қою қыын болды ма екен, жоқ бауыр басудың жолы солай ма, тсгінде қыз айттыруға шамасы келмес, жөні құда түскен болар, екінші ұлы Қонаиды Тобықтының қызына үйлендіреді. Бұған дейін ол кісі екі рет төсек жаңғыртыпты, соның біріншісінен Жетібай деген ұл қалады. Ал кейінгі шешемізден бір ұл, бір қыз — Жұмабай мен Бұлантай туады.

Қазақта кірме мен күндеңстің күні бір деген сөз бар. Сол айтқандай, Азынабай дүние салған соң артында қалған ұрпаққа тықыр таяна бастайды. Қонай қайын жұртының иықтағанын көтере алмайды. Көне көз кіслердің айтуына қараганда кесек жаратылған, өр мінез, батыр шалыс кісі екен. Ағайын-жұртына ақыл салып, ата қонысы — Жетісуға қайта көшүгс бол байлайды. Оған тобықтылар: бақ деген көшпелі қыз алған күйсуге де кетеді, қыздан тұган жиенге де кетеді деп, қыздарын жібермеудің әрекетін жасайды. Ондағысы анасына кісен салынса, құлыштары ұзай қоймас деген ойлары болса керек. Қонай шарт кетеді: «Жанымды алсандар аларсындар, бірақ қанымды қалдыра алмаймын» деп әйелі мен қызын тастандайты да, бес жасар Жұмабайын алып кетеді. Содан Қонаиды арқа тұтқан ағайындары түгел Жетісуға көшіп, елдің шетіне іліккен жерге қоныс теүіп қалады. Ал, Қонай ата жұртына жетіп, осы Алматы өзенінің оң жақ жағалауын жайлапты. Осы бір аласапыран тұста оттай жанып, алмас қылыштай жарқылдап тұрган ұлken ұлы Жетібай жиырма бес жасында қыршын кетеді. Жас олім атамызды сдоуір қажытып, сәссін түсіріп кетеді. Артынша, Құртідегі тұған-туыстарын аңсап, тірісінеге аманат, олісінеге салаудат айтпаққа жолға шыгады. Ол жау жоқ деме — жар астында, бөрі жоқ деме — бөрік астында деген ауыр заман гой. Аңдысқан жау алмай тынбайды. Қаскелеңнің тұсында жол бойындағы зиратқа тоқтап, әруақтарға тәуел етіп, бата оқып отырған үстінде қастасқан жау опасыздықпен өлтіріп кетеді.

Сөйтіп, онсызда қара жамылып, қасірет шеккен Қырықжылқы деген келіні жиырма екі жасында жесір, мұсылманд мектебінеге барып жүрген жалғыз ұлы Жұмабай жеті жасында

осылай жетім қалыпты. Әрине, өлгеннің артынан өлмек жоқ. Тірі тіршілігін жасайды. Ағайын арқа сүйер азаматының отын өшірмейміз деп, інісінің әйелі Қырықжылқыны Азынабайдың ортанышы ұлы Шолаққа қосады. Жұмабай солардың қолында өседі. Обалы нешік, қолдарының қысқалығына қарамастан оны қатарынан кем қылмай осіреді. Қырықжылқы он саусағынан өнер тамған ісмер екен, тігіншілікке жалданып, Шолақ ертелікеш қара жұмыста істейді. Тапқан-таянғаның Жұмабайдың жолына жұмсайды.

Жұмабай алғыр кісі болса керек, діни мектепте шәкірттердің маңдай алдысы екен, оны бітірген соң, елге барып дәріс береді. Арага скі жыл салып Алматыға қайтып келеді де, 1904 жылы Түркия арқылы Сауд Аравиясына сапар шегеді, осы жолы Мекке мен Мединеге қажылықта барады. Содан 1905 жылы Үндістан мен Ауганстан арқылы елге оралады, сөйтіп қажылық жол Жұмабай атамның сегіз ай уақытын алыпты.

Оның 1886 жылы туған ұлы Менделіахмост — менің әкем. Он жақ бетінде алақандай мені болса керек, атын соған қарап қойыпты. Атам оны он төрт жасында сол кезде аты жер жарып тұрган Алматы көлесі И. Габдуллаевтің қол астына жұмысқа орналастырыпты. Қазан революциясына дейін әкем сонда жалданып жүрді. Ата-анам мектеп есігін ашып, оқыған кіслер емес. Тек ет ширактығы, көргенін көкейгестүйе білгендейімен ел қатарлы омір кешкен. Кеңес әкіметі орнаганнан кейін, мына бәріде зейнетті демалысқа шыққанга дейін Алматы облысының ауылшаруашылық жөне сауда саласында қызмет істеді. Өз бетімен білімін жетілдіріп жүретіні сонша, екі тілде бірдей — қазақша, орысша сауатты жазада, оқи да білетін. Абай өлсендерін, Сүйіnbай жырларын жатқа айтып, өзіде тұртінектеп жүрестін. Оны біздің үйдегі Зуһра келінің (тоте жазуга да, бүгінгі хәріпке де жорға кісі еді) көшіртіп отыратын әдеті бар еді. Қаншалықты құны барын білмеймін, өзіме әкемнен қалған өлмес мұрадай көрінеді. Сондықтан екі-үш шумагын назарларыңызға ұсына кестейін:

Жас омір багасы жоқ гауһар тас бір,
Буына асыл тастың — мас болмас кім?
Әтерін бүл жалғаның білсе, шіркін,
Қайрат қып, іс тындырмақ оркімге арман.

Жас өмір өте шықты аққан судай,
Сұлудай ссік ашып, қайта жапқан.
Өкінсем де келер мс, қайран өмір,
Асаудай кетті арқанын үзіп қашқан.
Қу көрілік сиді келіп басып алды,
Қоңсы қылып, қондырып қасына алды.
Жатып ішер жалқаулық, үйқы мырза
Кежегенмен кер тартқан жолдас болды.

Шешем — Зөуре Байырқызы осы күнгі Шелек ауданының орталығында (Қоянды дейтін бүрын) сіңірі шыққан кедейдің қызы. Әкем мен шешем жетпіс жылдан астам уақыт бірге гұмыр кешті. А나ам байғұс сексен алты жасында 1973 жылы дүние салды.

Жігіттің үш жұрты бар дейді гой. Соның бірі — нагашысы. Мен нагашы ағайым А. Шымболатовтың есімін әрдайым күрметпен еске аламын. Ол кісі комсомолдың алғаш үйымдастырушыларының бірі, сондай-ақ Жетісу өнірінде, Верныйда Кеңес өкіметтің орнату құрессіне қатысқан азамат еді. Кейін Түркістан Компартиясы Алматы ояздық комитетінін хатшысы, Алматы қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, БК/б/П Жаркент ояздық комитетінің бірінші хатшысы болды. Солтүстік Казақстан облыстық партия комитетінде, «Қаззолото» саяси бөлімінің бастығы, Омбы темір жолында қызмет істеді. Орны толmas өкініш сол, нәубест түсында — 1938 жылы заңсыз құғынға ұшырап, қаза тапты. Қайтыс болғаннан кейін 1954 жылы толық ақталды. Қоярда қоймай менің комсомол қатарына өтуімс кеңес берген осы бір аяулы азамат еді.

Әкем 1976 жылы тоқсан жасына үш ай қалғанда дүниеден озды. Біз Верный қаласының Сарқант көшесінде Иванов дегенін (Үлкен станицада) үйінде тұратын едік. Мен сол үйде 1912 жылы қаңтардың он екінші жүлдізында туылғын. Екі жылдан кейін әкем жанын жалдап жүріп еңсесі төмендесу шағын жай салды. Ұмытпасам, адресі билай еді: Старокладбищенск (қазір бұл жерде II Алматы вокзалы тұр. Оның бұлай аталуы — ол кезде көшениң солтүстік жағында ескі қорым бар еді) көшесі, 39, кейін оны Вокзал, сосын Сталин атындағы проспекті деп атады. Қазір ол Коммунистік проспекті. Әрине, уақыт озған сайын дүниес өзгермей тұрмайды, менің бар балалық шагым өткен сол

үй өлдекашан бұзылды, оның орнында осы күні астында электр бүйімдарын сататын дүкені бар көп қабатты зоулім үй салынған.

Біздің үйден сәл гана жерде Өзбек мешіті бар еді. Көш жерден козге үрып тұратын. Қыздың жиган жүгіндегі әрі шағын, әрі әдемі еді. Ораза айтында, құрбан айтта өкем озімен бірге мешітке ерте баратын. Жұма намазын да қаза жібермейтін. Сол кезде жеті-сегіздер шамасындағы біздер мешітті айнала жүгіріп, мұнараларына шығып, биіктен қалаға көз салар едік. Бөрі алақанға салғандай анық көрінетін. Әкей онымызды сезіп қалса, қатты кейіс білдіретін. Ал, айт құндері көнілді оралатын. Біз де мәз-майрам боп, жылды-жұмсаққа, бал-шекергес бір тойып қалатынбыз. Әкем құрбан шалар еді. Семіз қойдың төстігін отка қақтап, үй ішіндегілерге түгел ауыз тигізетін. Соның дәмі әлі ауыздан кетпейді. Сосын жұмсақ бауырсақ, неше түрлі тәтті нанга толы дастарқан шетіне келіп, отырып, қүрең шайга бас қоятынбыз.

Ескі Верный, оның көрікті жерлері, әлі көз алдында, Губернатор үйі, Әскери мәслихат гимараты, Дворяндар мәслихат үйі, Кафедральды собор, Покров шіркеуі, соулсті жагынан бірінен бірі өтетін мешіттер, копестердің інтірессен үлкенді-кішілі дүкендері, бір қабат ағаш үйлер — мінс Верный қаласына төн кейіп осы. Ол кезде ағаш үйді бекер салмайтын, аузы күйген үрлеп іshedі дегендей, 1887 жылғы 10 маусымдагы адам айтқысыз жер сілкінісінде жер үйлерді былай қойганда, сырт көз сүйсінбей отпейтін 1799 гимараттан бір-ақ үй шыдас берді, қалғаны жермен-жексен болды, содан бері ел үйді ағаштан салатын еді. Бұл арада қаланың негізін қалаган жандарға лайықты бағасын берген мақұл, байқасаңыз, көшелері оқтай тұзу, алаңы кокорай шалғын, жасыл жеслекке оранған. Жетісудың тұңғыш губернаторы генерал Г. А. Колпаковский есімімен байланысты тірлік аз емес, басқасын айтпаганның өзінде, оның осы қаланың баққа орануына сіңірген еңбегі аз емес. Ол қала тұргындарына орбір отыргызған талы үшін он сөлкесбайдан (тиын) төлеген, ал белгіліснген жерге ағаш отыргызбай, кежесінен кері кеткен жанды шиландай жұрттың көзінше дырау қамшымен жон арқасынан таспа тілген. Оны генерал-губернатордың шашбауын көтеріп, құрдай жоргалап жүрген үрда-жық

казактар сол жерде-ақ өрындап отырған. Сөйтіп, қала қас пен көздің арасында жасыл желекке оранып, құлпырып шыға келініті.

Мен Чернышевский атындағы № 19 мектептің бірінші сатысында оқыдым. Мектеп Алматы қошесінің (қазіргі Емелев) бойында ескі үйде болатын, кейінрек ол мектеп таратылып, мекен-жайы бұзылды. Төртінші класты бітірген соң № 14 мектепке ауыстым (екінші сатысы), ол осы күнгі төтті тагамдар фабрикасы (Жібек жолы мен 8-наурыз көшелерінің қылышы) тұрған жерде болатын.

Мектеп адам өміріндегі естен кетпес бір белес қой. Мен үшін хат танытып, әліппен оқытқан, орыс тілін үйреткен алгашқы мұғалімім Анна Павловнаның орны ерекшес. Жаңы жайсан адам еді. Ол кісімен арага, құдайым-ау, қанша жыл салып барып кездестік десеңізші. Ұмытпасам, 1955 жыл болатын. Ол кезде мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрагасы едім. Ойда жоқ жерде телефон шалыпты. Қабылдауды өтінді. Оған сөз бар ма, дереу көлік жіберіп алдырттым. Ұзақ отырып әңгімелестік. Менің балалық шағымды, мектеп қабыргасындағы қайталанбас құндерімді сұкс түсіріп, ол кісі бір жасап қалды. Мен кетердс:

— Анна Павловна, қазақта «айран сұрай келіп, шелегінді жасырма» деген сөз бар. Бұйымтай айтыңыз, — дедім.

Ол кісі өтінішін айтты. Не жылуы, не ыстық сұы жоқ есқі үйде турады екен, соны жаңа үйге ауыстырып беруін өтінді. Сөзгекелмей, тілсін орындааттырып бердім. Эрине, істің орайы келс бермейді, әйтпесе алдыңа келген адам өтінішін аяқасты етпегенге не жетсін. Жалпы, адам жаңына ізгілік нөрін сепкен үстаздан үлкен кім бар! № 14 мектепте дөріс берген елгезек те ерекшес сезімтал мұғалімдерім: орыс тілінің маманы Л. А. Федулованы, математик С. И. Соколовты, физиктер А. А. Астраханцевті, И. П. Масленниковты, географ Тугаринді, жаратылыстанушы Б. Н. Дублицкийді, қогамтанушы Е. Войцеховскийді ылғи да еске аламын. Олардың балаларга деген жомарт жүректерін, кіршікіз таза көнілдерін, жанбауар ақыл-кенестерін, сарқылмас білім қайнарын қалай ұмытарсын. Әкс қаны, ана сүтімен дарымаган өнерді игеру оңай смес. Менің орыстілін ойдағыдай менгеруім Любовь Александровнаның сіңірген сәбегінің аз болмаганын ризашылықпен айту лазын.

Сол жылдардағы мектеп несімен есте қалды? Мұғалімдердің өз ісіне шексіз берілгендей, уақытпен санааспай, жан-тәнімен жұмыс істеуі біздерді еріксіз елістін, соган орай, желкілдеп өсіп келе жатқан жастар олардың алдында борышта қалмауға тырысып, асқан құштарлықпен білімге үмтыйлатын. Рас, мен топты жарып, үздік оқыдым дей алмаймын, бірақ өрістің өз ұстасы бар дегендей, менің ең қын пәндерге деген ынтақыласымның жоні бөлек сді.

Өзі заманы бірдің — талабы бір гой, біздермен қыздар аралас оқыды, мектептегі одет-гүрып, орине, бүгінгідей емес, тәртіп қатаң сді, оны сақтай да білестінбіз, бір-бірімізге құрметпен қарап, сыйласа да білестінбіз, қандай жагдайда болмасын қол ұшын беруден тартынбайтынбыз. Ол кезде оқытудың бригадалық өдісі кенірек қолга алынганы бар. Ол үлгерімі жақсы оқушы нашар оқытындарды «жетекке» алу деген сөз, ал мұның өзі өз жемісін бермей қоймайтын еді. Бір гажабы, мектеп қабыргасында жүріп-ақ тау-кен инженері болуга бел байлаған едім. Қазактар үшін оринге, ол таңсық қосіп. Арман алдамапты. Ал оған қалай қол жетті? Мен мектеп бітірген соң, жоспарлау органдарында (республиканы аудан-ауданға «болумен» айналысадынбыз) статист болып жұмыс істедім, ал кешкілік институттың дайындық курсында оқыдым.

1931 жылы Казақстан өлкелік комсомол комитетінің жолдамасымен Мәскеу түсті металдар институтына түсуге астанаға келдім. Ол кезде поезд Мәскеу мен Атматы арасына алтыжеті тәулік жүреді. Алыс жолға шыққан кісінің ермегі терезеден телміріп, дүниені қызықтау. Оған қуанбасам, өкінбеймін. Жерімнің шетсіз-шексіз екенін көрдім. Оның құлазып жатқан сардаласын көрдім. Көзім көкжистерге дейін сүрінбей жестіп, жоқ іздегендей тіміскілген сайын көңілім алып ұшатын. Сонда-ақ біз тузырап жатқан туган жер төсін түлестетінімізге шұбасыз сенгеннін. Өйткені бага жетпес қазыналы жерім туралы, қойдан жуас халқым жайлы аңыз әңгімені әбден құлаққа сіңіріп екенмін...

Мәскеуге күпті көңілмен келіп түстім. Әмина әпкем сонда тұратын, ат басын сол үйге барып тіредім. Жездеміз А. Түркебаев 1920 жылдан партия мүшесі болатын, Свердлов атындағы Коммунистік университеттің тыңдаушысы сді. Ерте ессеіп, от

пен судан өткен азамат, 1918 жылы азамат согысына қатысып, партизандар жасағының командири болған, айдарынан жел сіл тұрган ақ казактармен қанды шайқасқа түсін, анненковшыл қарақшыларды талқандауга қатысқан. 1924—1930 жылдары Талдықорған, Алматы ояздық партия комитеттерінде жауапты хатшы, оңан соң БК/б/П Қазақ Өлкелік комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарған кісі. Кейін Қазақ КСР Егіншілік халық комиссариатының кадр басқармасының бастығы және мектеп ісі жөніндегі үекілі бол жүргендегі Сарыөзек станциясында қаскөй қаракшылардың колынан каза тапты. Аныққанығына білмеймін, азаматтың қанын мойнына жүктегендер ізін сұтып, қолга түспеген, содан әлі күнгес дейін Түркебасевтың өлімі (себеп-салдары) жұмбақ күйінде қалып қойды.

Сол жездеміз берілгенде Мәскеудің Воздвиженка көшесінің 5-ші үйіндегі тұратын, қазір онда Шусев атындағы архитектуралық музей орналасқан. Мен осы үйде тұрып, смтихан тапсырдым. Институтқа қабылданысымен Панкратьев жалғыз аяқ көшесіндегі Сретенкода жатақханага ауыстым. Өзіме ол жер үнайтын. Қоздің жауын алатын дүниелердің үлгілерін қоятын сөре әйнегі Садовое айналмасы жағына қараган дүкен үстінсөн орналасқан жатақханадагы менің бөлмемнен Сухарев мұнарасы алақанға салғандай көріністін. Қазір ол мұнарадан жүрнақ та жоқ. Арада екі ай өткенде бізді Донской монастырына таяу жердегі «Коммуналар үйі» деп аталатын № 4 студенттер қалашығына көшірді. Студенттік өмірімнің соңғы жылдарында Солтүстік қанаттагы төртінші қабатта 418-бөлмеде тұрдым.

Мен Мәскеуде оқып жүрген тұста мәдениест университеттері деп аталатын шаралар өткізіліп тұратын. Әрбір демалыс сайын студенттер алдында сліміздің аса корнекті тұлғалары: жазушылар, артистер, оқымыстылар сөз сойлейтін. Біздерге, болашақ тау-кен инженерлері үшін іздел жүріп таппайтын мұндаидар көздесулерден асқан мереке жоқ еді. Әлі есімде, атагы жер жарған режиссер, сахна реформаторы А. Я. Таиров пен КСРО халық артисі, У. Шекспирдің «Гамлетіндегі Гамлетті, А. С. Грибоедовтың «Ақылдан адасуындағы» Чацкиді ойнап, қайталанбас образ жасаған В. И. Качаловты, орыс халық әндерін шығарындаушы Л. А. Русланова мен папирологияның негізін қалаушы филологтардың бірі Г. Ф. Церетелиді, В. И. Ленин

туралы атақты «Бес тұн, бес күн» жырының авторы, лирик ақын В. М. Инберді жөне басқаларды демімізді ішке тартып отырып тыңдайтынбыз. Осы мәденист университеттің арқасында курстас жолдасым Масғұт Бақаев екеуміздің құмарымыздың артқаны сонша, бар спектакльдерде ең жоғары яруста отырып көрсек те театрдан шықпайтын болдық. Бір жақсы жері Мәскеуде не көп, театр көп еді. Жөнсешкайсысын құр жиберген смеспіз. Әсіресс, Мәскеу көркем академиялық театрын айрықша жақсы көретінбіз, Качаловтың қатысуындағы «Тұнгықта», Тарасованың қатысуындағы «Анна Каренина», Хмелевтің қатысуындағы «Федор Иоанович патша» спектакльдерін көргендес арманда, көрмегендес арманда. Біз театр абырайын өнерімен көтеріскен Москвин, Тарханов, Яншин, Андровская, Степанова сынды тамаша актерлер ойнаган спектакльдерден қаншама рухани нөр, қаншама эстетикалық ләzzat алғанымызды тілмен жеткізу мүмкін смес.

Біз — студенттер ішкені алдында, ішпегені артында дейтіндей, өмір сүргеніміз жоқ. Стипендиядан ~~каржы~~ болдық деген тірі пендені көрген смен. Ұмыта қоймасам, 45 сом алып тұрдық, оған ең алдымен үш мезгіл ішетін тамагымыздың талонын сатып алатынбыз. Ырду-дырдудан, ішкілік атаулыдан аулақ едік. Қайта барымызды базарлау жағын кобірек күйттейтінбіз. Тамақтан қалганын сараң бөлгесін астай гып театрға үнемдейміз, онымен қоймай бірлі-жарым женіл-желпі киім-кешек алатын тиын-тебенде ышқырлыққа тығып тастаймыз. Ілгері үміт дүниесі гой деп, заимга жазылуды да ұмытпайтынбыз. Құдайым-ау, ауыз жарымайтын аз гана дүниені бір басыңа жетерліктей гып қалай үстай білғнімізге өлі күнге дейін қайранмын. Артымыздан келетін көк тиын жоқ. Истіміздің қышымайтыны — елдің жайы белгілі.

Менің Мәскеуде окуым республиканың, слдің өміріндегі аса ауыр кезеңгс — зорлап көллективтіндіру науқанымен тұспа-тұс келді. Ел құлагы — слу. Ауылдан адам төзгісіз ауыр жағдай естіген сайын аза бойымыз қаза тұратын. Шалгайда жүрсек те арқамызға аяздай бататын. Бірде үйден хат алдым. Қабыргалары қайысып жазыпты: сл ішін аштық мендеп, жығылғанга жұдырық — індет жайлапты. Оны оз көзіммен көрдім. Алматы облысының Еңбекшіқазак ауданындағы Тұрген село-

сында тұратын әке-шешеме келсем, тігерге түяқ жоқ, ел әбден азып-тозыпты. Аттап бассаң кісі өлімі, зарлаган ана, жылаған бала. 1932—1933 жылдары осы ауданың Балтабай, Малөводное («Құргақсаз» дейтін сияқты еді) ауылдарында тұндігі ашылмай қалған шаңыракта есеп жоқ. Бұл бірер ауылдың тартқан тақсыреті емес, ісі қазақтың басына түскен ноубет болды фой.

Елің қырылып жатқанда арқа басты кенгес салатын күн қайда. Мәскеуде оқып жүрген жастарда не үйқы, не құлкі жоқ. Шарқ үрип, мына тығырықтан шыгар шара іздейміз. Сол кезде қазақ жастары арасында ауылдастар үйымы бар еді, соның мұрындық болуымен Чистый прудтагы «Колизей» театрына (қазіргі «Современник») жиналышп, жогары үкімет орындарынан республикадагы жағдайдың анық-қанығын айтуды және оған иңдей көмек көрсетіліп жатқанынан хабардар етуді талап еттік. Мәскеуге қазақ студенттерінің толқуын басып, сабырға шақыруға Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Кохиани арнайы шақырылыпты. Ол аңқау слге арамза молда боп үйреніп алса керек. Жоқты бардай, ақсақты дыңдай гып, тап түк болмагандай, ой кеп сайрасын. Елге барып қайтқан біздер оның беті шімірікпестен өтірікті согып тұрганына көнеміз бе. Бетің бар, жүзің бар дегеніміз жоқ. Ақиқатты ақтарып салдық. Өсірессе, Свердлов атындағы коммунистік университеттің тыңдаушылары акты — ақ, қараны — кара деп, Кохианидің жауырды жаба тоқып, ақиқаттан айналышп отіп, жалған хабарлама жасағанын бетінебасты. Ораздың агасы Оразәлі Жандосовтың откіртілі, ойлы сөзі, өжет мінезін срекше есте қалды.

— Республикада практикада болып, көптеген геологиялық барлау партияларын араладым, — деді ол өршелене, — адамдардың, өсірессе, дәрменсіз қарттар мен бейкүнө балалардың өлігінен аяқ алышп жүре алмайсың. Бұдан асқан жауыздық, бұдан откен сорақылық болмайды.

Сол жерде жердің жарығы болса Кохиани кіріп кетердей халде еді.

Елдегі ауыр жағдай білім іздеп, өнер қуып келген қазақ жастарының еңсессін түсіріп-ақ тастанған. Олардың көбісі окуларын тастанап, ауылдарына қайтып жатты. Театрдагы жиналыштан соң да үкімет орындарының иманды ауыздары сылп етсейші. Жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Салдарлы шешім

қабылдамақ түгілі селт етіп, аштыққа тосқауыл қояйық, қазақ жұртына азық-түліктен қол ұшын берейік деп, емесурін танытқан тірі пендені көрмедік. Жаны ашымастың қасында басың ауырмасынның кебі келді де қойды.

Нәубет бүткіл слді жайлап алған-ды. Одан 1933 жылы Уралдың Дегтярск кеңішіне практикага барған кезде көз жеткіздік. Құдай басқа салмасын, тап жауы ресіндегі мал-жаннан айырылып, жердің түкпіріне айдалып келгендер сендей согылышады. Не ішері, не жері жоқ, не киері, не тұрары жоқ. Арыпашқан, шетінен тірі өруақ. Одан тілешінің тірлігі көш ілгері. Оның үстінсे ертеңнен қара кешке дейіп салпақтап жұмыс істейді. Практикадан Мәскеуге қайтарда теміржолда билет таппай үш күн Свердловскіде (Екатеринбургте) табанымыздан таусылып жүргенімізде де осы бір аянышты сурет алдымыздан кескестеп шықты да отырды. Көрмегеніміз жоқ. Қай заманда да мына кен дүниес құдайына қараган адамдарсыз емес қой, Дектяркада етенс танысқан шахтердің туысын тауып алып, үш студент сол үйде жаттық. Жыртығын қалай жамарын білмей, бір түйір дәнге шеттей жан телміріп, козін сатып отырган тұста зінгіттей-зінгіттей үш жігітті, бір емес, үш күн паналатуга ешкім тәуекел етпесі анық. Одан бері неше жыл, аты-жөні жадымда қалмапты, бірақ мекен-жайы есімде: Москва көшесі, 24-үй.

IV

1936 жылы шілдеде Мәскеу тұсті мстадар мен алтын институтын қызыл дипломмен бітіріп, Қонырат-Балқаш құрылышына жолдама алдым. Осы жерден менің өмірбаяным, нағыз сәбек жолым басталды. Маган бұл өнір бүрыннан таныс еді. Әткен жылы жаз салым келіп, бес айдай практикамды откергенмін. Қоныраттың ыстық-суығына азды-көпті төзіп, оның жайсан жандарымен жақынырақ танысып қайтқанмын. Жаңа гана көтерілген шығыс үйіндісінде десятник бол жұмыс істегем. Дипломга «Жылына 90 мың тонна қара мыс өндіру үшін Қонырат карьерінің қуатын айқындау» деген тақырыпты алғанмын. Жұмыс істей жүріп, содан материалдар жинақтадым. Еңбегім еш кетпеді. Үздік бағага қорғап шықтым. Осылай

алгашқы қадамым менің өміріндегі Қазақстан түсті metallurgиясының дамуымен ажырамастай етіп байланыстырып еді. Мен Орталық Қазақстанда еліміздің аса қуатты мыс өнеркәсібінің, кейін кеңді Алтайда қорғасын-мырыш өндіріс ошагының бой котеріп, қанат жаюына үлес қосқан алгашқылардың бірі болғанымды әлі күнге дейін мақтаныш етемін.

Біздер, аға үрпақ өкілдері Қазақстанда өнеркәсіп орталықтарының қандай жағдайда басталып, қалай салынғанын жақсы білеміз. Бұл күндері көкпен бой таластырып, бір шетінен бір шетіне дейін аттылы кісі әрсөн жеткендей алып құрылыштар республиканың мемлекеттегі жатқан шөлді жөне жартылай шөлді аудандарында, таусылып айтсақ, жоқтан басталды. Өткенде емексіп отырганым жоқ, бірақ бүгінгідей көңіл шалқып, көз тояттарлықтай өмір арнасы сол күндермен өзектесін жатқаны жасырын емес. Сондықтан да жүріп өткен жолдарымыз біздер үшін бага жетпес өмір мектебі, ең басты университет.

Студент кезімде-ақ Ауыр өнеркәсіп халық комиссариаты Балқаш мыс балқыту комбинатын салу жонінде шешім қабылдаганын білестінмін. Ол мөп-мөлдір Балқаш көлінің солтүстік жағалауынан бой көтере бастады: мыс шығару жөнінен сліміздің аса ірі комбинатына айналатындағы етіп жоспарланған-ды. КСРО-ның Еңбек және қорғаныс кеңесі комбинаттың құрылышы өзінің маңызы жағынан Магнитогорскіге пара-пар келстінін атап көрсеткен. Осыған орай, комбинатты салу бүткіл партия мен халық ісі деп саналды.

Құрылыш Халық Комиссариатының тікелей бақылауына алынды. КСРО Ғылым академиясы сліміздің барша гылыми-техникалық қызметкерлерінс үндесу тастанап, құрылышқа әркімнің өз үлесін қосуға шақырды. «За индустриализацию» газетінде «Барлық күш — Балқаш үшін!» деген ұран да көтерілді.

Біздің республикамызда ірі-ірі объектілер аз бой көтергендегі жоқ, қазақстандық студенттер Риддерде, Зирянда, Шымкентте, Текеліде, Жезқазганда, республикамыздың алтын өндіретін көсіпорындарында, түсті металдар козін іздестіруде геологиялық барлау жұмыстарында қандай бетбұрыстың жасалып жатқанынан толық хабардар еді.

Біз кең-байтақ Қазақстанның байлығының қаншалықты үшан-тензіз екенін жақсы білестінбіз. Оның үшқан құстың қанаты

талып, жүгірген аңың тұяғы күйген шалқар даласын тұтас көз алдыңа елестету қынын. Сонау айдын шалқар Каспийден төскейі тұнган байлық Алтайга дейін, көрген кісінің көзі тоймас Ала-таудың еркес самалмен егінжайы толқыған Батыс Сібірге дейін жүріп өтудібылай қойғанда, ойша елестестудің озі де онай емес. Аузымызды қу шөппен сурте бергеншe, бағды — барадеп, жоқты — жоқ деп, анық та ашық айтуды үйренис алмай-ақ келеміз. Мен ел ағасы болған күндеріме шаң жуытпай, кимастықпен еске алып отырганым жоқ, осы бір құт дарып, береке қонган ұлан-асыр жердің перзенттерінің бірі ретінде мені де мақтานыш сезімі билейтін түс болады. Бұл сезім бізді — қазақ студенттерін оқып жүрген тұста-ақ обдсн баурап алған, біз осынша байлықты осында озін осы елдің азаматымыз деп есептейтін несібесі бөлінбеген, ништі ортақ барша халықтың кәдесіне төкпей-шашпай, қандай жолмен жаратуга болады дегенді ойлап, үзақ толғанатынбыз. Оқубітірген кездес маган жұмысқа Балқаш өніріне барасын дегендес, жерден жеті қоян тапкандаи, жолданы куана қолға алдым, сол құштарлық мені жеткенше асықтырганы бар. Балқаш мыс балқыту алыбын «тойдыру» онайға түспейтін, оны жеті қат жері түгел порфирлі-мыс кенін бауырына бәктеріп жатқан Қонырат сиякты байлық көзі гана төтеп берестін-ді.

Тарих қойнауына үніллеск, сонау ерте заманда-ақ адамдар Арқа тосінен мыс өндіргенін, сөйтіп, иглігіне үстай білген екен. Эрине, сүймсн жеткен жер бетіндегі мысты түзіп алғаннан артыққа барды деуге болмас. А.Деров деген көпес 1901 жылы Қонырат кен орны жайында рееси түрде тұнғыш тілегін білдіріпті. Артынша «жолдан тайған періштelerдің» — көсіп иелері мен өндірісшілердің саны өлденешеге жетіпті. Аңқау елге арамза молда өр кездес-ақ болған. Жергілікті байлар азызақ желі ойнаган сардалага бар-жогы ата-қонысым деп қана қарған, сөйтіп ауыз жарымайтын ақшага сатып жіберіп отырган. Ал көктен іздегені жерден табылып жатқан ісмерлер сол кен орындарын пайдаланып, белшеден байлыққа батқан.

Революциядан кейін Балқаш өнірінде аш көздене қараган, мойындау керек, алты қырдың астындағыны алдын ала болжап білестін ағылшын көсіпкері Лесли Урквартты гана еске түсірелікші. Ол 1928 жылы Мәскеуге жазған хатында: «Сіздер маган

қырғыз /қазак — Д.К./даласын, Балқаш маңын және одан арғы жерді барлау жасауга мүмкіндік бермес пе екенсіздер? Бәрібір бұл жерлермен сіздер ең кемі 50, тіпті 100 жылдан кейін гана айналысасыздар. Ал мен іздестірер едім. Бәлкім, бірдеме тауып қалармын».

Алайда, ағылшын іскерінің сөуегейлігі сандырақ боп шықты. 1929 жылы 2-тамызда КСРО Еңбек жөнс қорғаныс қенесі «Тұсті мұсталл өнеркәсібін дамытудың перспективалары туралы» қаулы қабылдады. Сол жылы-ақ Балқаш өніріндес қаз мойын бүрғылау мұнаралары барлау жұмыстарын бастап кетті. Мәсслен, Қоңыратта алғашқы үш жыл ішінде барлау ісіне скі жарым миллионга жуық қаржы жұмсалды. Қорпеге қарап косілетін тұста мұның өзі өңің түгілі түсіңе кірмейтін шығын, бірак бұл саланың басшылары шығынды өтеп қана қоймай, кол-көсір табыспен отейді деген сенімде еді. Жөнс іс нәтижесі ойлагандай болды.

Қоңыраттың геологиялық-экономикалық дөлелдемесін тұнғыш жасаған кісі — инженер-геолог М.П.Русаков, ол осы ауданда 1928 жылдың озінде-ақ барлау жұмыстарын жүргізген, сөйтіп Қоңырат озінің қоры жағынан сол кездегі белгілі мыс кен көздерінің бөрінен де асып түсстінін дөлелдеп берген еді. Русаков шын мөнісінде аса көрнекті геолог болатын, ол Қенес Одагында бірінші боп порфирлі-мыс кенін зерттесуді қолга ала бастаған-ды. Бірінен соң бірі ашылған Қоңырат, Семізбұғы, Карагайлы, Қайрақты жөнс басқа да түрлі-түсті жөнс сирек кездесстін металдар мен темір кен көздері сол кісінің есімімен тікелей байланысты.

Профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, республиканың ғылыми мен техникага сәбек сінірген қайраткері Русаков атына заты сай, ерекше бір тұлға еді, оз саласынан оте білімдөр, терең кісі тұғын. Мен Қазақ КСР Ғылым академиясында қызмет істеп тұрган шақта жөнс Қазақстан геологиялық Қенесстің төрагасы ретінде ол кісімен жиі жүздессетінмін, кездескен сайын мұлдем жаңа қырынан танылатын, білім дариясының тұнығынан шөл қандыргандай өсер қалдыратын. Геология ғылымының жұрт мойындаған қарлығашы Қазақстанның күллі геологиясының атасындей көрінстін. Русковид деп аталатын ванадия минералы сол кісінің атымен аталады.

...1936 жылы 7-шілдеде институттың гылыми көнсөнде диплом жұмысының жобасын қорғасымен сіш нәрсеге аланда-мастан Алматыга тарттым. Әке-шешеме согып, амандығын білген соң, жұмыс орныма жетуге асықтый. Алматы мен Балқаш бес жұз шақырымнан сол-пәл гана асатын жерге поезден ит арқасы қияннан айналып барып әрек жетесің: Алматы — Семей — Новосібір — Петропавл — Қараганды — осының өзі көп жайдан хабар бергендей гой.

Ескі Қарагандыда самолет күтіп, бір тәулік жіпсіз байланым, қонақ үй іздел, жайлы тосекте шалқаңнан түсіп жататын заман смес, базадан бас сұгатын жер тауып, бір түнеп шықтым да, жетінші тамызда Балқашқа үшып келдім. Таңқаларлығы сол, бұжерден де ол бес жұз шақырым. Аэродромнан көншітің директорына телефон шалдым. Кісліктен смес, көлік жагы қат. Телефон тұтқасын көтерген кісі:

— Күте тұруыңызга тұра келеді. Фабрикага кен апарып түсірген машиналардың бірі қайтарда аэродромга согып, баратын жеренізге апарып салады, — деді.

Біз Бөрілітөбеден Қоңыратқа жету үшін Балқашта параходқа отырганбыз. Қырсыққанда қымыран іридінің кебі келді. Күтпеген жерден жел көтерілмесі бар ма, ақ кобік асау толқын аспанға шапшып, ал кеп параходты билестін. Жалма-жан зіл батпан зәкірді тұңғиыққа тастаттырып, жарық атаулы түгел сөндіріліп, пеш жағылды. Жығылған үстіне жұдырық дегендей, дауыл арты нөсерге ұласты, шелектеп құйғаны сонша, су болмаган сау жер қалмады. Жүргіншілерді үрсей билеп, обден обігерге түсті... Тек таңертең гана адуын жел басылып, сабалап үрган мұздай жаңбыр сап тылып барып жан қалды. Кешікпей көмекке катель келіп, параходты тіркеуге алды да, Бөрілітөбесе қайта тартты. Біз мінген параход қаусамаса да, қатты бұзылса керек, екі күн бойына жөндесуден өтті. Оның ессесінс үл сапарда когілдір көл тосінде аққудай қалқып, құрылысқа бара жатқан бір топ жұмысшыларды ың-шыңсыз Бертыс айлагына апарып салды. Үлгі үшін салынған байыту фабрикасының маңындағы ескі алаңнан түсіп, институтта оқып жүрген кезден білстін инженер Қ. Қадыржановты іздейдік. Ол бізден ертерек, 1933 жылы бітіріп, құрылыс қадасы қадалганнын осында жұмыс істейді. Кейін республика жергілікті өнеркәсіп министрі қызметінде

жүріп, қан майданга аттанған жігіт. Согыстан жеңіспен оралған ол «Ленгеруголь» тресінде басқаруши, Караганды және Талдықорған атқару комитеттері төрагаларының орынбасары дәрежесіне дейін көтөріліп, зейнеткерлікке кетер алдында Қазақ КСР тұсті metallurgия министрлігінде коллегия мүшесі болды.

Сонымен, араға жыл салып Қонырат дөмі қайта бұйырды. Алып-ұшқан қоніл алда тұрган асу бермес қындықтардың барын көрмей, білмей, төуекелге бел байламаганы аян. Құрылыш кісі төзгісіз жағдайда салынды. Адамдар сыз басқан жертөлелерде, қырық жамау киіз үйлерде, ығы-жығы лашықтарда «тар жерді тамаша гып» тұрып жатты. Бала кезде үйге кісі келіп, орын болмай қалса, тар төсекке аяқтасып-аяқтасып жата кете-тінбіз. Бұл жерде ондай жағдайды жұмақтай көретін. Бірі жұмысқа кеткенде оның орнын екіншісі басады. Алты қанат үй сирек, бірақ торт қанат караша үйде ұш үйлі жан бірге тұратын. Ара-тұра жұмысшылардың не инженерлердің біріне лашықтан ио жертөледен аядай бөлмсө берілсе, өлгі адамнан асқан бақытты жан жоқ еді. Бірақ жүрттың асығы алшысынан түсे берестіндей жағдай қайдан бола берсін. Ілуде біреу гой. Оның үстінсө бір күн тоқ, бір күн аш тірлік ішіп-жемді де үнемдеуге мәжбүр етеді. Жанар-жағармай жагы үшпайды. Ел іші болған соң, бас ауырып, балтыр сыздамай тұрмайды. Оған медициналық қызмет көрсету жагы кемшін.

Ауа райы, әрине, баршаңызга бслгілі, жазы — жер апшысын қуырган ыстық, шілде кезінде 40-45 градусқа жетеді. Қысы — қара сұық, қар түссе қызыл шұнақ аяз, қала берді қырық күбылып, түскес дейін киіз, түстен кейін мүйізге айналады. Жыл он екі ай жерге түсстін ылғал молшері 100 миллиметрден аспайды. Ауыз суды түйсемен тасып, қасықтап ішіп отырғаны. Мінс, ауызды қу шөпсен сүрткізгендей, жоқ-жітіктің бәрі құрылыштың қалалар мен тұргын елден тым шалгайды жатқандығынан да еді. Соган қарамастан күштеп коллективтіндіруден айызы зардабын көріп, ыңыршагы айналған, аштықтан, індісттен аман қалған қазактар жан-жақтан ағылыш келіп, бұрын-соңды араласпаган шаруага тәуекел жасап, жаңа өмірге құлшына бастады. Олар бұл жерде тұракты болмаса да талғажуга жарайтындаидан берестінін, реті келсе баспанасыз қалдырмайтынын

білетін. Әрине, мыс алыбын салу барысында әуелге кезде кесс көлденен тұрган қындықтарды жіпке тізгендей гып айта берсе, ол аз да емес еді, оны үмыту да мүмкін емес еді.

Кенішке келісімен, қалыптасқан әдептен аттап кетпей, басшыларга бардым. Кен басқармасының бастығы инженер А.М.Богатиков қайсы біреулердегі сік алдында саргая күттіріп қоймай, тез-ақ қабылдады. Қабагы ашық, көптен күткен қадірлі қонағындай, жылы шыраймен қарсы алып, мән-жайды үзак сұрастырыды. Тау қопаратындағы ілгері үмітпен келген жас маманга бұдан артық не керек. Сосын көңілің көкке сік слі жетпей жүрмей ме. Оның үстінсі:

— Таяуда жаңа үй салынып бітеді, Болатов екеуіне бір бөлме береміз, — деп және қуантып қойды.

Осы кезде ішке бас инженер Воробьев кірді. Ол да ақжарқын мінез танытып, ішке тарта сөйледі. Екеуінен кеніш құрылышының қазіргі ахуалынан ғана емес, ертеңгі болашагынан да толық хабар алдым. Богатиков алдында жатқан маган қатысты құжаттарды аударыстырып отырып:

— Осы кенішке тікелей қатысы бар диплом жұмысын үздік бағаға қорғап, қызыл дипломмен бітіріпті. Демек, біздің өмірімізден бейхабар емес. Сондықтан жобалау бөлімінс ага инженер етіп тағайындасақ қайтеді,— деп үсінис жасады.

— Несі бар, жас келсе — іске деген, әбден сенуге болады,— деп бас инженер де қолдау көрсітті.

Ауыр іс қорқыныш емес еді, одан мына көрсетіліп отырган сенімді өлде қайда ауырлау сезіндім. Тәжірибелінің жоқтығы да ойда жоқ емес, оны беткес үстап:

— Мен — жас маманмын. Сатыға аяқ салмай жатып бас-палдақтан аттап кеткім келмей отыр. Шын сенім көрсеткілесріңіз келген екен, онда кез-келген инженерлік жұмысқа жібергендерінізді қалар едім, — деп бұкпессіз шынымды айттым.

Олар істің беті басқа ауан алады деп ойламаса керек:

— М-да, күтпеген шешім болды, — деді Богатиков. Сосын екеуі ақылдаса келіп, ақыры менің тілегімді қанағаттандырыды. Бұғылау цехиңиң бастығы А.А.Бутасвтың қарамагына жіберді.

Үстімнен ауыр жүк түскендей, кабинеттен сергек көңілмен шықтым. Сөл бойда маркшейдерлер бюросына — А.Я.

Лукъяновқа соқтым. Мен оны практикада жүрген кезімнен — былтырдан бері білетінмін. Алғаш танысқан күннен Александр Яковлевич тонның ішкі бауындаі боп кесткен. Мен кеңіш басшыларымен арада болған бар өңгімені жайып салдым. Оның не мақұлдағаны, не мақұлдамағанын біле алмадым, ойтсуір үнсіз басын шайқады, сосын орнынан тұрып, бұргылау цехина қарай бастады. Әңгіме цех бастығы А.А Бугаевқа келген жерде қызбасы бар ма, ол біздің сөзімізді зейін қоя тыңдал болып:

— Өмір мектебінен үлкен үстаз жоқ. Сондықтан іс байыбын зерделей жүріп, карьер шаруашылығын жете менгергейсің, — деп кенес берді.

Карьердегі кен қабаттарын аршу жұмыстарына Воткин заводында жасалған бүмен жүрестін скі экскаватор, «Армстрон» фирмасының бұргылау станоктары, «ОВ» паравозы мен бірнеше жайдақ вагондар пайдаланылады екен. Бұлар іле-шала келіп түсіп жатқан Уралдың «Металлист» пен Очерск заводтары шыгарған скпінді-айналмалы бұргылау станоктарымен толықтырылды, ұласпалы жүйелер төссліп, Италияның «Савильяно» фирмасы ұсынған электровоздар жұмыс істей бастаган, «Динамо», «С.О» заводтарының электровоздарын, әні-міні келіп қалар деп тағатсыздана күтіш жүрдік. Кеңішке қажетсіз тау жыныстарын тысқа шыгаратын «дүмкарлар» кенді үнтактайтын жұз тонналық батпандар, темір жолда ауыстырып салатын «Нордберг» машиналары бірінен соң бірі өкелініп, шаруа бастан аса бастаган.

Рас, 1934 жылдың аяқ кезінде тау-кен жұмыстары әлі де құлашын кен жая қойған жоқ еді. Карьердің ауқымы ат шаптырым болмаса да істің көзін тауып, техникаларды діттеген жерге орналастыру ұлангайыр кенді дер кезінде молынан тасудың кепілі тұпын. Жобада бірқатар жогарғы горизонттарды он метрлік, ал қалгандарын он бес метрлік кертпешпен пайдалану, тау жыныстарын айналма темір жол арқылы тасымалдау көзделген-ді. Байыту фабрикасын «тойдайру» үшін тау-тау гып кен шыгару керек. Ал кен қазу — инемен құдық қазғаннан қызын шаруа. Әуслі оның үстіңгі қабаттарын ғасырлар бойы міз бақпай, зіл боп басып жатқан қара жерден аршу қажет және ыргалып-жыргалуға уақыт көтермейді, негұрлым қысқа мерзім ішінде аяқтауымыз керек. Ол ол ма, осындаі қарбалас шақта

қышқылданған кенді барынша мол қазу ісі қатар жүргізілуге тиіс еді. Ал осы проблемаларды әрі жедел, әрі мінсіз шешу инженерлер мен техниктердің жауапкершілігінде, бұдан озат жұмышылар да тысқары қалмай, көсіпқой кеншілердің мақтานыш сезімін оятқан құнды-құнды ұсыныстар жасады. «Бірегей объектіде еңбек жолымды бастап, инженерлік өнердің өлімпесін ашқаныма тәүбе!» деп, көнілімді тоқ санап жүрдім.

Ұлы іс бірегей шешімдерді ғана құтеді. Ол әрине, уақытпен санаспай жұмыс істеуді, талмай ізденуді талап етеді. Мен ондаған өзіндік срекшелігі бар талдаулар жасалғанын атап айттар едім, олар кеніштегі қым-құыт жұмыстарды мінсіз әрі сапалы жүргізуге мүмкіндік әперді. Мұны қазбалып айтып, оқырмандарды жалықтырып алмайын, реті келген тұстарда ғана тілге тиек етермін...

Жұмысқа қосылған құннің дәл ертеңінде цех механизигі М.В.Поповпен таныстым. «Металлист» заводында істеген көнігі маман, бұрғылау техникасының қыр-сырына обден қанық, қын сәттерде қасынан табылатын, жасаган жақсылығын бұлдамайтын, біртога жан. Мен машинист Жазбаев жайында да осыны айттар едім, 106 станокта оның көмекшісі болып жүрген уақытта көп нәрсені көніліме тоқуыма, еңбекте есеку дегеннің не екенін сезінімде тұра келді. Жаңа көсіпті мен тез менгердім, ынта-ықыласымды басшылар байқап қалса керек, учаске бастығына тагайыннады.

Ұшқыр уақыт ұрланып өтіп жатты. Жүрскті тілім-тілім етіп, тіршілік атаулыға үміттен горі күдікпен қарайтын қысылшаң шақ тұғын. /Ол жайында кейінірек тоқталамын/. Қыргидай тигсін сонша, басшы кадрлардың көбісі орындарынан босаган, бірқатары басқа жерге ауыстырылды, ал бір түнде ұшты-күйлі жоқ боп кеткендеріде бар. Бәрі тұс көргендегіді... Кеніш басшылығына жаңа кіслер — Вайсман, Нейман сияқты азаматтар келді. Бас инженер бол В. А. Школа тағайындалды. Өзім күтпеген өмір «түзетулері» маган да жасалды. Бұрғылау-қопарылыс цехының бастықтығына апарып отыргызыды. Дәл сол кезде осы цех жетекшілерінің құлагынан қику кестпейтін. Тұралап жатқаны соншалық бүкіл ксніштің еңбек өнімділігінс кері өсерін тигізіп, етектен тартып жүретін-ді. Енді соның бар ауыртпалығын мойынмен көтермеске іләж жоқ. Уақытпен есеп-

қатар жүргізуді дәстүрге снгізгенбіз. Көп әнгімеге істің осы жағы да өзек болғандай еді.

Оқырман дұрыс түсінер деп ойлаймын, «Балхашский рабочий» газетінің 1937 жылғы 5-ші ақпандагы номірінде жазылған мақаладан үзінді келтіруді жөн көріп отырмын: «Тау-кен цехындағы қазактар арасындағы техникалық оқуды инженер Қонаев жүрпізді. Қонаев жолдас сабакта тыңғылықты әзірлікпен келеді, қарапайым тілмен түсіндіреді... Мысалы, жұмыс орнындағы машиналардың әртүрлі тетіктерін көзбе-көз көрсетеді. Техникамен қалай жұмыс істеу керектігін, механизмді іске қосу, тоқтату, тежеу сияқты сырларын оның өзі үйретеді. Жаңа техниканы игеруге байланысты басқа құрделі тұсын танып-білуге комектеседі. Инженер Қонасвтың жұмыс тәжірибесінен өнеге алу керек».

Мен мұны мақтан үшін емес, сол кездегі комбинаттағы жалпы жағдайды толығырақ ашып көрсетуге септігі тиер деген ниетпен әдейі келтіріп отырмын. Ал, осыдан кейін іле-шала, 1937 жылы 27-ақпанда «Балқаш жұмысшысы» мынадай қуанышты хабар жариялады: «Қазақ өлкелік комитеті мен Ауыр өнеркәсіп халық комиссариатының ауыспалы Қызыл туы үшін күресте Д. Қонаев басқарған бұргылау цехы женімпаз атанды. Қонаевтың участкесі он күн ішінде нормасын 122 процентке орындалды және Қызыл туды өздерінде қалдыру үшін күресуде».

Газет бесаспап кадрлар даярлаудагы, техникалық оқуды үйимдастырудагы қол жеткізген табыстарымызды да назардан тыс қалдырған жоқ.

Бұргылаушылар технологиялық жағынан қат-қабат жүйе бойынша аса жауапты істерді атқарды, бұларга іле-шала кенді аршып, өндіру үшін басқа да операцияларды қопарылыстар жасау, тиесу, тасымалдау ісімен шұғылданды. Қосалқы қызметтің: жол бойының, кеннің жогарғы қабатын аршушылардың, электромеханиктердің орны бөлек еді.

Жұмыстың бірқалыпты және жогары еңбек өнімділігі үшін қызметтің барлық саласының өзара тығыз байланыстылығы аса қажет. Айталық, қопарылыс жасаушылар бұргылау ісінің сапалы болуын айрықша талап етеді. Скважина қай жерге қойылып, қандай тереңдікке бұргы салды, қай колемде бұрғыланды — міне, барлық шарт мінсіз сақталып, ягни жеті рет

өлшенип, бір-ақ рет кесілуге тиіс. Олай етпейінші, қопару жұмыстарынан соң, шемішті экскаваторлар айналып жүре алмас «тар қолтықтар» пайда болып, олардың еңбек өнімділігін құрт төмендетіп жібереді. Бұргылау жөнс қопару жұмыстарының сапасына бақылауды қүшету үшін біздің ұсынысымыз бойынша цех бұргылайтын жөне қопаратын дербес скі салага бөлінді. Мен қопару цехінің бастықтығына тағайындалдым.

Қоңыраттагы кеншілік өмір мектебі мен үшін бір төбс. Қопару жұмыстарының сан қылы тірлігі бастан отті. Мен өмір мен өлім теке-тірсекен жұмыстың басы-қасында жүріп, оған тікелей басшылық жасап қана қоймай, қолма-қол араласып, атқарушысы да болды. Оны сатылап айтсам былай: кенде тысқа шыгара қопару, камералық зарядтар жасау арқылы қосыста қопару, текшелеп қопару, скважиналардың қос-көпқатарлы орналасуы жағдайында зарядтар жасау, скважиналардың бірыңғайда орналасуы жағдайында баганалы зарядтар жасау. Қопару жұмыстарын дұрыс жүргізуде тау жұмыстарының берік болуының аса маңызды мәні бар. Олардың беріктік қасиетін анықтап, мөлшерін шамаладық. Сойтіп шамалы гана өзгеріспен, жеңілдетумен техникалық есеп-қисапқа, еңбекті нормага салуга негіз етіп алдық.

Қопарылыс — айтарга онай болғанмен, іс жүзінде жан түршіктірғендей орасан күш, оны адам баласының күнделікті тіршілігіне қажетті иғлік жолында ісмерлікпен пайдалана білу де үлкен өнер. Кез-келген техникалық құбылыс сияқты қопарылыстың да теориялық негізі бар. Инженерлік қызметімнің барысында ашық жөне жер асты кен жұмыстарында нақтылы жағдайда қолданған алуан түрлі қопару ісімен тікелей шұғылдануыма тура келді. Қоңырат жағдайында жалпы салмагы бір тоннадан өлденеше жүздеген мың тоннага дейінгі жарылғыш заттарымен дәріленген қаншама бұргыланған жерлерді қонармадық. Жарылыстар жасау өндірісін жақсарту мөсслелері өзінің маңыздылығын бүгінгі таңда да жойған жок. Белгілі мөлшерде осынау тәжірибе Алматы маңындағы Медеу шатқалынан бой котерген гажайып плотинаны жасау барысында қодеге асты.

Бірде мынадай да тосын жағдай кесе-көлденең тұрды: байыту фабрикасын шұғыл келістіріп жентектелген кенмен қамтамасыз ету ісін шешу қажет болды. Мұның озі өлі де қуатты

теспей, таңымыз осында атып, күніміз осында бататын. Сұлде құрып, көзге үйқы тірелгенде гана қайтатыныбыз. Күніне жұзденген нұсқаны талдап, толып жатқан есеп-қисап жасалады, соның бәрі цехтың бірқалыпты жұмыс істеуіне кедергі тигізіп жүрген осал буынды жоюдың, оны жолға қоюдың әрекесттері еді. Ең тиімді жолы бұргышыларды қарапайым операцияларды игеруге үйрету. Бір қарағанда бұл оп-онай шаруа сияқты. Тіпті де олай смес. Жұмышылар негізінен кешегі ауыл адамдары. Қабыргаға бататыны: осындаі ірі құрылышқа білек сыйбанып араласа алмай, тек тиіп-қашып, жер қазу жұмысынан аспай жүргендігі. Олардың көтере алмас шоқпарды беліне қыстыра бермейтінін былай қойғанда, сенім көрсетіп, шаруага баулу жағы да бар еді. Сондықтан қазақ жігіттерін техника тілін менгеруге баулып, олардан бесаспап жұмыскер тәрбислесу міндетін айғай-ұрансыз мойынға алғанбыз. Және оны қысқа мерзім ішінде жүзеге асырдық.

Мына бір жайға назар аударсам ба деп едім. Жасырып-жабары жоқ, соңғы жылдары жас мамандар институттан соң қырық сылтау, бір желеумен өндіріске бармай, орталықтағы әртүрлі ғылыми-зерттеу, жобалау үйымдарын, тіпті қыбын тауып, министрліктерді сағалап, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруді мансұқ етіп алды. Сайып келгенде, жұмышы ұжымында өмірдің ыстық-сұығынан өтпей, ел бастар ер бола алмасы анық, ол дау тудырмайтын ақиқат.

Тау-кен инженері ретінде мені зәру тірлік — мәселенің байыбына тереңдеп баруға, әуелі нобайлап, кейін біліктілікпен тиянақты шешім жасауға мәжбүр етті. Жылы болме, жұмсақ орындықта отырып, өмірдің өзі тудырған қыры да, сырды да мол мұндай істің орайын келтіру мүмкін смес. Ең басты ұстаз — тәжірибе, жұмышылармен, инженер-әріптерлерімен қоян-қолтық араласып, ақылласып отыру.

Қазақта «отыз тістен шықсан сөз отыз рулы елге тарайды» деген бар. Адамның жаксы атынан ғөрі жаманатына қанқу сөз үйір келеді. Жаңа қарқын ала бастаган құрылыш пен кеніш жайында: «Ой, несін айтасың, ондағы елдің қағанағы қарқ, сағанағы сарқ боп жатқаны шамалы» деп, осында келуді нист еткендерді айнастып баққандар аз смес еді. Бірақ осектің өрісі тар, бейнетсіз зейнеттің болмасын білетін қара халық құры-

лысқа қаптап келіп жатты. Біздің инженерлердің саны артып, сапасы ныгая түсті. Олардың қатарында: менімен қатықсыз қара көжеге ортақтасып, бір үзім нанды да қақ бөліп жесікен студенттік достарым — Ильин, Чекалин, Хурс, Туфлина, Игнатьев, Байганин, Курочкиндер бар еді. Рас, өмір — теңіз. Ол үнемі құлаққа ұрган танадай тып-тыныш қалыпта тұрмайды. Дауыл тұрган кезіне тап болсан, асау толқындар түпсіз тұнғызық да батырады, жагалауга да лақтырып тастайды. Онда соған шыдас бергендер гана ғұмыр кешеді. Міне, сол өмір ағысы оларды Коныратта ұзақ тұрактата алмады. Сан тарау бұралаң жолдар әрқайсысын өз қалауымен бет-бетімен алтып кетті.

Цех колективі іс орайы оңалып, дұрыс жолға қойыла бастаганнан бір женін қол, бір жағадан бас шыгарып, айрықша бір тату күндердің күсі болды. Көптеген машинистер шеберлігін шындалап, еңбек екпіндісі атанды. Мен олардың есімін ерекше ықыласпен еске алғым келеді: олар — Т.Тогайбаев, Б.Құсайынов, И.Сокур, С.Горбунов, А.Тоқжанов, А.Мәмбетов. Шаруашылық цехының меңгерушісі Н.Воронов жұмысты барынта-ықыласымен істейтін сібек сүйгіш кісі тұғын, ал оның сарамжал әйслі Катя табельші болатын. Бірін-бірі тауып қосылған ерлі-зайыптыларга көпшілік сүйіспеншілікпен қарайтын.

Ажал неден деуге бола ма, кеніштің тұнғыш стахановшысы, тамаша машинист, менің сырлас та, мұндас жолдасым Дақбай Шайхисетен тым ерте айрылып қалдық. Ол жарылыс жұмыстарын үйімдастыру үстінде қайғылы қазага ұшырады. Мақсат-мұддесі ортақ жандар қайғыда да, қуанышта да бірге. Оған сол бір аяқ басқан сайын кездескен ауыртпалық кезінде де, цех кеніш бойынша озаттар сапынан көрінген тұстарда да көз жетті.

Іс ілгері жылжыған сайын біздің атымызға жылы соз жиі айтылатын болды. Еңбек озаттарының суреттері газет беттерінен түспейтін. Көлдей-көлдей мақалада, очерктерде озық тәжірибелі ортага салынатын. Ара-тұра жергілікті газеттерді айтпаганның өзінде «Советская степь», «Еңбекші қазақ» беттерінен мен жайында да материалдар шаң беріп қалатын. Онда цех жұмысы кеңінен қамтылып жазылады. Дәл сол кездे жұмышшылардың көсіптік шеберлігін көтере отырып, жұмысқа жастарды қабылдау және болашақ машинистер даярлау ісін

жентектеу цехының дайын емсестігінен туган іләжсыз шара еді, ал фабрика болса концентрат шыгара бастауға тиіс. Соган орай кенді орта мөлшерде жентектейтін корпусқа жөнелте беруге шешім қабылданған. Ол үшін жақсылап ұнтақталған кен қажет еді. Кеништің бас инженері В.А.Школа шақырып алып: «Міне, Димаш, сізге жауынгерлік тапсырма. Ол жедел, егер қажет дессеніз, мейлінше жедел шешімін табатын іс» деп, асығыс тапсырма берді.

Табан астынан шешімін таба қоярлық женіл шаруа емес, бірақ бұл проблемамен шүгылдану барысында біз мынадай байламга келдік: қопарылысты скважиналар мен басқа да бұрыннан белгілі жарылыш тәсілдерін көпқатарлы ғып орналастыру жағдайында гана жүзеге асыру. Көздеғен мақсатқа қол жеткіздік: кенде жентектеу жақсарды, яки құдікпен қарагандарға қолдан не кслетінін дәлелдеп бердік, май ішкендей бол жүрген күпті қоңіл орнына түсті. Осы жұмыс үшін қопару цехының көптеген жұмыскерлер материалдық жағынан ынталандырылды, ол кездес ақшалай да сыйлық берілестін, киімкешек, аяқ киім алуға талон да берілестін, ал ең үздік еңбеккерлер скінің бірі қол жеткізе бермейтін Қызыл Құрмет тақтага ілінді.

Көре-көре көсем боласың деген осы, уақытпен санаспай, сарсыла іздену, зерттеу мынадай байлам жасатты: «Қоңырат кснішінің жағдайында бұргылау-қопарылыш жұмыстарын жүргізуің си тиімді жолы — скважиналарды скі, ара тұра ұш /кей тұстарда забойларды түзетуді қажет етеді/ қатарлы стіп жайгастыру. Бұл жағдайда қопарылыш жасалатын блоктың көлемі 250 метрге дейін ұлгаяды. Кен жынысының беріктігіне қарай скважиналардың ара қашықтығын, кертпеш бүйірдің ернесуінен өр қатар мен скважиналардың аралығын, бұргы түсстін жердің колемін, дәрі қойылатын жердің мөлшерін — бәрі-бәрін сыйниң сүйеміне дейін дәлдікпен есептесу қажет.

Біздің цехтың шаруасы осылай онға басып, тасымыздың өрге домалауы, өрине, менің арқамда десsem, құдай алдында да, адам алдында да күпірлік болар. Ең өузіл кеништің бас инженері В.А.Школа сияқты білікті, ондіріс ісін соншалықты қалтarys-бұлтарысына дейін жете зерделеген мамандардың жұмыла көтерген ортақ игілігі қысқа мерзім ішінде жолға қойылды. Біз

бас инженерге бастық ретінде гана емес, сиң оуелі азамат ретінде құрметпен қарайтынбыз. Тәлімі де, тәрбиесі де мол кісі еді, қашанда берген тапсырмасы өрі анық, өрі нақтылы болатын, қызыл сөзі жоқ, өткізген өндірістік мөслихаттарды шаруа ба-бын жан-жақты ойластырып барып, істің тоқ стерін түйіп айтатын, берген кеңестері көкейге қона кететін. Және оны сондай құлшыныспен атқаруга ұмтылатынбыз. Мен ол кісіні соңғы рет 1957 жылы Ленинградта кездестірдім. Біз сол жолы сагынысып табысып, қимастықпен қоштасып едік...

Ұмытылмас өсер қалдырган осындай абзал жандардың бірі — сол кезде Балқаш оңірі құрылышының бас инженері болған В.Степанов еді. Кенішке келген сайын бізге соқпай кетпейтін. Бұргылау-қопарылыс жұмыстарының ұсақ-түгісгің дейін білу-ге бар инженерге мен де істің жайын егжей-тегжей баяндауга тырысатынмын. Эрине, жұмыстың аты жұмыс, ал барлық уақыт-та майдан қыл суыргандай мінсіз бола бермейді. Степанов жақсылығын да көре білетін, соган сай орнымен жылы сөзін айттып, қанаттандыра да алатын. Ал, кемшілікке де кешірімсіз еді, «оттеген-айынды» аңгарса, «қуырып» апшынды көтірестін. Зілсіз, кексіз ашуға біз де сергек қарайтынбыз. Табигатында бауырмал, ешкімді жатсынбайтын, жатырқамайтын өрі коп-шіл, өрі қара қылды қақ жаратын әділ басшы еді, оның маган деген ақ тілсігі, ағалық қамқор көңілі әлі құнгас дейін жадымда және ізгілік қасиеті осындай ыстық ықыласқа лайық тұғын...

Халқымызда гажап бір мақал бар: «Жақсының жақсылы-ғын айт, нұры тассын» дейді. Міне, есімін ерекше ілтипатпен еске алатын азаматтарымыздың қатарында партком хатшы-сын, партияға отуге кепілдік берген А.Ильинді, бір үйымның ыстық-суығын тәң көтерген Копыловты, Нейманды, Юровс-кийді атар едім. Әсірессе, мен үшін жөні бөлек адам, сол кезде-ақ аты анызга айналған құрылыш бастығы В.И.Иванов. Қарт коммунист, сліміздің аса маңызды құрылыш объектілерін салы-суга қатысқан майталман құрылышының саңқылдаган ашық үні құлақтан кетпейді. Ол жан жүйсенді шымырлатып, асқактар болсан қабана түсірер, торыққанда тоқтау айттып, жігерінді қайрап, қайраттандыра білетін тілді кісі еді. Түсінсө білген кісіні тәнті еткендей тәжірибесі де, білімі де жетерлік, өндіріске келгенде алпыс екі тамырыңының бүлкіліненбүкіл тұлабойын-

ның тыныс-тіршілігін тап басатын тамырышыдай еді. Жаның қысылып, ақылласар адам іздең тұрган ең бір қын шақта ол кісі қасынан табылатын. Колма-қол көмегін беріп, зәруісінің сәтті аяқталуына барын салатын.

Ол кісінің өмір жолы да өз алдына бір шежіре. 1917 жылдан партия мүшсі, Кысқы Сарайга шабуылға қатысқан, 1918-1920 жылдары жендертер тобырын жою жөніндегі Кеңес үкіметінің уәкілі болған. Азамат соғысынан кейін Украинада металлургиялық өнеркәсіпті қалпына келтіруге белсене қатысқан. Стalingrad трактор заводы құрылышының бастығы бол істеп, үлкен істін үйтқысы ретінде танылған. Үкіметтің тапсырмасы бойынша 1930 жылы Америка Құрама Штаттарына барып, құрылыштың бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген гажайып қырсырында қанығып қайтады. Дұмпуі жер жарған атышулы Ford заводтарын аралап, көп сырды қекейге тоқиды. Кезінде ол жайында аз жазылған жоқ. Қаламы үшқыр журналистерді былай қойғанда, танымал жазушылардың оздері де онымен жүздесіп, сұхбат құруга құштар еді. Міне, адам жанының инженерлері берген мінездे былай, ерине, қаттылау айтылуы да мүмкін, бірақ, менің ойымша олардан артық оның бар табиғатын тап басып айта алмаган болар еді: «Ол өте намысқой, өрмінезді, нар көтермес жүкті жалғыз сүйреуге бар іскер адам. Оған дербес іс-өрекет жасауга мүмкіндік беру керек, бірақ біржола «ноқтасын» сипырып жіберуге болмайды».

Осындай алғыр да әділ азамат, өкінішке орай, 1937 жылғы қуғын-сүргіннің құрбаны боп кете барды. Араша түсіп, ак-қарасын ажыратайық деген ешкім болмады, ондай ақжүрек жанды таба қою да қын уақыт, «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» кеткен зар заман еді гой.

Мен Ивановпен кеңіншке практикаға келген жерімде таныстым. Бұдан бұрын айтқанымдай, диплом жұмысына қажетті материалдарды жинақтау барысында десятник бол жұмыс істеге тұра келгені бар. Практика осында басталып, Урал кеңіншінде жалғастырылуы тиіс. Томенгі Тагильге таяу жердегі бұл кен орнын кезінде атағы жер жарып, айдарынан жел ескен Демидов, Высокогорный үйымдастырыганы тарихтан мәлім. Міне, соған баратын уақыт өтіп кетіп, не істерімізді білмей, асып-састық. Ол кезде темір жолдың жоқ уақыты, Қарагандыға тес

автотранспортпен жетесін, онда да құрылыш басшыларының рүқсаты болмаса, аттап басуың мүн.

Құдай қайдан жеткізер екен деп, қол қусырып отыра беруге уақыт қысып барады. Жығылсаң нардан жығыл деп, тәусекслеге бел байладым да түп-тура В.И.Ивановтың өзіне бардым. Ол ұнсіз тыңдал отырды да:

— Тұрақты жұмыс істеуге ықыласың бар ма? — деп сұрады.

— Оған күмәнің болмасын, — дедім іркілмесстен.

— Онда сапарың оң болғай! — деп, қайтып келер мерзімімді шамалап айтып, диплом жобасын ойдағыдай қорғауыма тілекестік білдірді. Сол жерде Мұсаев деген орынбасарына телефон согып:

— Жігіттердің жолын байламайық. Тілектерін екі стпе, — деді.

Кейін бұргылау-қопарылыс цехында істеп жұрген тұста В.И.Иванов кенішке жиі-жій келіп тұрды, келген сайын жұмышшылармен сойлесіп, хал-жагдайларымен, тұрмыс-тіршіліктерімен жете танысада еді. Жас мамандарга да қамқор бола жүретін. Олардың тарарапынан ұсыныс жасалса, жаңа бастама көтеріле қалса, іліп әкетуге, қолдан қана қоймай, соны аягына жеткізуге барын салатын. Ашық та жарқын мінезі, адад да әділ қасиеті онымен қызметтес болған үлкен-кішігে түгел онеге еді. Көбіміз сол кісіге үқсаяуға үмтүлдік. Төрткүл дүниенің тілін білетін, көпті көрген, өмірлік тәжірибесі мол азаматпен әрбір кездесуін бір өмір еді.

Ол кісі қызыл тілдің смес, істің адамы тұғын. Шығыс халқының: «Мың тал егу жайындағы осисттен, бір шыбықты отыргызған артық» деген мәтседі жиі қайталайтын. Қазір кейір әкімдердің ұраншылдығын естіген сайын ол кісінің осы бір мәтелі еріксіз есіме түседі. Мінс, Иванов кеніш бойынша қазақ тілін оқып-үйретстін 14 /он торт! — астын сызган Д.К./ үйірменің ашылып қана қоймай, дұрыс жұмыс істеуін тікелей қадағалаپ отырлы. Бұл үйірмебе негізінен құрылыштың басшы қызметкерлері, прорабтар, бригадирлер оқыды. Нәтижесі біз күткендердің де жогары болды. Бір жыл ішінде орыстар қазақ тілінде еркін сойлейтін дөрежеге жетті. Ал, орысша оқытатын үйірмелерге қатысатын қазақтар, қай кездегідей, сріндөрі еріндерінс жүқпайтын.

Мен дәл осы тұста мына бір мәселеге дең қойғандарыңызды қалар едім. Қазір ойласам, сол бір тұс құрылыстагы аса бір бетбұрыс кезеңі екен. Бірі келіп-бірі шығып, сапырылысып жатқан тірлік сап тыылды, жұмысшылар сапындағы қазақтардың саны күрт көтерілді. 1934 жылы олардың қатары 75 процентке жетті. Ең бастысы — саны жағынан гана емес, сапалық тұргыдан ілгерілеу үміт отын үрлей түсті. Құрылыстың алгашқы жылдарында қазақтардың басым көшпілігі қара жұмысшы болса, 1934-1935 жылдары олардың 50 проценттен астамы күрделі мамандықтарды меңгерді.

Үлттық жұмысшы табы осылай қатарын көбейтіп, осылай құлашын жая бастады. Әсіресе, Балқашта аса шапшаң қалыптасты, ұмытпасам, дәл осы кездे орта есеппен республикадағы барлық қазақ жұмысшыларының 39 процентін құрайтын еді.

Көрілік буынды алып, есік пен тор арасын аяқ жетпес жер еткен тұста қыран құстай қияга құлаш сөрместкен, қайран жастық дәүрсінің еске түспей тұра ма! Кеніште өткен күндер көз алдыңнан кетер мс! Мен 1927 жылдан комсомол мүшесімін. Қоғамдық омірдің өз қызығы, оз қындығы бар. Комсомолдың таусылmas тіршілігімен біте қайнасып өсken адамдар оны жаңымен сезінеді. Институтта сондай қайнаган қат-қабат шаруа ортасында жүрін, ысылып келген мен үшін кеніш комсомол үйыминан тыскары жүру оңай тимегенде болар еді. Сондықтан білек сыбанып, кірісіп кеттім. Комсомол комитетінің мүшесі, ал 1937 жылдың наурыз айында аудандық IV конференцияда аудандық комитеттің мүшесі болып сайландым. Өндіріс — жастардың ең өзекті мәсслесі, діндар адам бесс уақыт намазын қалай қаза жібермейді, кім болмасын, мейлі ол жас болсын, жасамыс болсын, әйтеүір сыныққа сылтау ізден жұмыстан кешігу не ерте кету, иә жоспарлы ісін тындырмай қалу — ақылга сыймайтын іс тұғын. Бізге бүгінгі танда жетпей жүрген нөрсө осы. Экономикадағы дерптес осыдан. Сосын, басты шаруа — жұмыс аяқталған соң, скінші омір — қоғамдық міндет ар ожданға, азаматтығыңа сын. Оган жүрдім- бардым қарауга хақын жок. Дөмнен аттаганмен бірдей. Сөзінді ісіңмен тиянақтайтын, соган кепілдік берстін тұс осы. Жас жұмысшыларды даярлау ісінен, техникалық сауат ашудан тыскары маган парткомның шешімімен насихатшылардың білім деңгейін көтеру

мақсатымен арнайы сабактар откізу жүктелген болатын. Оны ұйымдастыру, жүйелі түрде өткізу, не істеп, не қойғаны туралы уақтылы есеп беру қанша уақытты қажет етсе, оған ұзбей дайындалып, қосымша әдебиеттерді оқып отыру, өзінді өзің үнемі қамшылап журу аз күшке түспесе керек. Идеялық шындалу дегеніміз өмірде ысылу, қабілет-мүмкіндігінді танытуғана смес, ол саяси, экономикалық, мәдениет жағынан білімінді арттыру, болашаққа ұмтылу. Комсомол бізге не берді дегендес, ең алдымен, мәселенің мына қырына ден қойып, мән берер едім. Бәлкім, кейінгі жастар үшін, әсірссе, коммунистік қогам тура-лы айтыла бастаса, аза бойы қаза түратын «қайта құруышылар» үшін құлаққа түрлідей тиср. Бірақ ақиқаттан, тарих шындығынан аттап кете алмайсың. Жаңы күрылыштылардың, комсомол үйымының пәрменді жұмысы үлкен істерге үйтқы бола жүріп, бос уақытты тиімді пайдалануға: уақтылы демалуга, дербес білімін, саяси сауатын жетілдіруге жағдай жасау. Осыған орай алып құрылышта 10 үйірме істеді. Кеншілер қалашығының соу-летін назардан тыс қалдырмай, оны көгалдандыруға коп күш жұмсалды, жастардың спортпен шүгүлдануына, коркемөнер-паздар үйірмесіне қатысуларына мұрындық болды. Құрылыштың ең бір шешуші участкерлінде жаппай сенбіліктер не жек-сенбіліктер үйімдастыру ісі дәстүрге енді. Бәлкім, өркімнің өз жастық шагы олде қайда қызықты, олде қайда мөнді откендей көрінер, бірақ біз ол кезде сол күндері көрген қындықтары-мыз сртengі жақсы түрмисымыздың, бақытты өміріміздің бас-тауындаі сезіндік. Және оған өкінбеймін, отызыншы жылдар-дагы комсомолдар жалынды сөздің де, қаһарман істердің де адамы еді. Алдарына асқақ мақсат қоя білстін, мұратты істер жолында аянбай тер төге дебілстін. Дайын асқа тік қасық деген үгым үш үйықтаса түсінс кірмейтін. Сондай жауынгер комсо-мол жетекшісі Александр Булатов, Иван Волков деген азамат-тар, тындырган шаруа ұзақ таңға айтса таусылмас жырдай еді. Арага ұзақ жылдар салып И.Волков сол бір ұмытылмас күнде-рін: «Бірінші бессжылдықтагы Балқаш комбинатының құры-лыштыларының еншісінс тиген аса ауыр жағдайды біздің слі-міздегі бірде-бір алып құрылыш бастан кешпегенін бүгін толық сеніммен айтуга болады», — деп еске алды. Ол кейін жиентектесу транспорт цехын басқарды, кешегі отты жылдары — Отан со-

гысы тұсында да осында істеп, артынан комбинат директорының техникалық жабдықтау және транспорт жөніндегі орынба-
сарлығы қызметтін атқарды. Қазір Иван Тимофеевич зейнест-
кер.

Кеніш жайлыш еске алар өңгіме аз емес. Бірақ бөрін айтып тауысу да қыын. Біреудің ісі біреуге таңсық та емес. Сонда да болса мынаны айтпай кету өзім өзім жасаган қияннаттай көрінеді. Баз біреулер мансұқ стіп, келемежге айналдырығысы келген Қазақстан — достық лабораториясы деген тұжырымын қаншалықты ақиқатқа айналғаны көпшілігінде аян. Қайта құрудың бесінші, алтыншы жылдарында өзге жерлерде елменесл шабысып, қан төгіліп жатқанда, орталыққа наразылық білдіріп, ереуілге шығып, қызыл көңірдектесін митингілер откізіп жатқанда, қазақ жері, онда мекен еткен жүзден астам үлттар мен ұлыстар қойдан жуас, коңыр мінезд танытса, бұл интернационалистік тәрбисінің жемісі демескес кім дау айтқандай. Меніңше, осынау мызғымас бірлік сол бір қыын шақта шындалды. Бастау көзі қалай тұнық болса, оның стегіндегі су да сондай молдір. Бір кездес көніштегі бүргалаушылар мен қопарылыс жасаушылар ұжымдарының ауызбірлігі дос сүйініп, дүшпан қүйінгендей еді. Еңбектегі жетістіктер ауыз толтырып айтса, айтақандай-ақ болды. Олармен көршілес ұжымдарда қатардан қалыспаудың, тіпті мандайы жарылып көш бастауга үмтүлған ілгері қадамы естіген жүртты сленг сткізгендей еді. Жарасымды сәбек бөсекесінің нәтижесінде 1937 жылғы наурызда «Қоңырат кеңін тиеген алғашқы әшелон Балқаштың байыту фабрикасына мерзімінен бүрын жонслуге мүмкіндік өперді. Бір гажабы, әлгі әшелонды жеткізген «ЭМ 4880» паравозы қындығы мен қуанышы, жақсылығы мен жамандығы қым-қуыт жылдарын, 30-40-жылдардагы үрпақтың — бірінші және скінші бесжылдық құрылышшыларының сәбек даңқының белгісіндей мөнгілік тұғырга қойылған. Мен оны көрген сайын бүкіл сл боп, бүкіл халық бол жұмылған ұлы іске азды-көпті өз үлесімді қосқанымға іштей тәубес деймін.

Әрине, үлкен іс ірілі-кішілі кемшіліксіз болмай тұрмайды. Қанша дайындық жұмысын жүргізбейік, бөрібір алдына қойған асты қойған қойғанынша қақшып отыратын қомағайдай, байыту фабрикасын кеммен үздіксіз қамтамасыз сту оңайга соқпа-

ды. Айналасы ат шаптырым келетін кеніш қана емес, комбинацның буынды-буынды жерлері іске қосылмай, сиырқыйым-шақтана созылып келе жатқан. Мұның өзі партияның Орталық Комитеті мен үкіметті бейжай қалдыра алмады. Г.К.Орджоникидзенің тікелей тапсыруымен ит арқасы қияннан Ауыр өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары А.П.Серебровский, ол кезде жол азабы онай емес, ат арытып, тон тоздырып келді. Истің жай-жапсарын баяндау маган жүктелді. Сөзбүйдага салмай және ағын — ак, қарасын — кара деп, барын асырмай, жоғын жасырмай айтып бердім. Әлі есімде, халық комиссарының орынбасары мүқият тындан болып:

— Қоңырат кенішінің жағдайын тым ауырлатып жіберген жоқсыз ба? — деп барлай қарады. Мен ойымды айқынырақ жеткізуге үмтүліп:

— Көш жүре түзеледі деп, арқаны кеңгес салатын уақыт емес, Кеніштің жыртығын негұрлым тезірек жамасақ, согұрлым Балқаш мысы ерте қолға тиеді, — дедім.

— Бүклеміз айтылған пікіріңіз құлаққа қонады. Мыс балқытатын ірі комбинат үшін шикізат әзірлеудің аяқ алысы, сіз айтқандай, Балқаш мысын тездетудің кепілі. Бірақ кеніштің кенжелеп қалуын оның өндіргіш күші — жұмыскерлерге жасалып отырған тұрмыстық жағдайдың нашарлығынан деп ойлаймын. Соған орай тұргын үй, тұрмыс қажетін өтеу, мәдени ошақтарды салу қарқының шұғыл арттыру керек. Сонда гана ондіріс объектілері іске мерзімінде қосылады, елдің ынтасы оянған жерде гана жұмыс қарқынды болмақ, — деп ойын түйді.

Ол кезде бетің бар, жүзің бар демейтін, қамау терінді алғандай, борша-боршаң шығып, жеңіл-желлі сөгісті арқалап қайтсан, құдайга тоубе дейсің гой. Ол қайда! Жон арқаңнан таспа тілгендей хал кешіп тұрып, сүйектен өтер сынға ұшырайсын, сосын жиган-тергенabyroйынды айрандай төгіп, жеп отырған наныңнан айырыласын. Шектен асқан осындақ қатал үкімге Иванов та, Степанов та, Богатиков та, сондай-ак басқада басшылар тап келді. Балқаш партия үйімінің басшылары да солардың кебін киді. Олардың орнына басқа кісілер келді. Мыс үшін жанталас одан өрі жалгасты.

Әрине, арқа-басты кеңге салғандай уақыт емес, басқага болса бір сөрі, тірі пенде қара басына қастандық ойламайды гой.

Бар пәле істің көзін таппай, босқа арам тер болуда. Меніңшес, көп адамның басына пәле боп жабысқан «дерттің» сыры осында. Жалпы, жұмысты талап етуге келгенде жан алқымга алатын, шаруашылықты ақсатқаның үшін аяушылық болмайтын, жақсылап тұрып сазайынды тартатынсын. Сонау Горькийден өнеркәсіптік құрылышты басқарып жүрген жерінен аттай қалап, құрылыш басшылығына арнайы шақырылған Радищев те көп үзамай-ақ орнынан алынды. Оның ізін ала талай адам «таяқ» жеді.

Мұның өзі құрылыштың басқару құрылымын қайта қарап, құрылышты салу және пайдалануга беру мерзімін шектеу қажеттігін күн тәртібіне қойылған-ды. Ақыры істің жайы осы тұргыдан шешілді. Ауыр өнеркәсіп халық комисариаты 1931 жылды Қазақ мыс құрылышы боп өз алдына отау тігіп шыққан Балқаш құрылышын дербес екі үйымға: Балқаш мыс балқыту комбинаты және Балқаш құрылыш тресі етіл қайта бөлу жөнінде шешім қабылдады. Іс ілгері жылжи бастады. Мыс алыбының бірінші кезегін пайдалануга беретін уақыт күн өткен сайын жақындағы тұсті. Әлбетте, жақсының жақсылығын айтқаннан адам аласармайды. Мыс балқыту комбинатының директорлығына тағайындалған И. И. Перцев шын мөнісінде өресі биік коммунист еді, қарамагындағылардан талап ете де білетін және олардың мұқтажын дер кезінде өтей де алатын. Комбинат жұмысының өрге басуына, жергілікті ұлт кадрларын тәрбиелеу ісінде айрықша еңбек сіңірді. Басшының батыл да жігерлі болғаны, айта да, айтқанын орынданған да білетіндігі көбіне істің нәтижелілігінің кепілі. Қазақ топырағындағы қорытылған тұңғыш мыс соның басшылығымен алынды. Ол кісімен қызмет бабындағы өрбір жүздесу біз үшін үлкен өмір мектебінің бір-бір әліппесі еді. Қазақтың жалпақ тіліне салып айтсам, өкеміздей ақылшы, ағамыздай сырлас боп кеткен көвшіл кісі тұғын. Перцевтан кейін Ленинградта тұрып, ұзақ жылғы бейнетінің зейнетін көрген тұсында да байланысымыз үзілмей, тонның ішкі бауындағы араласып тұрдық.

Трест бастықтығына А. В. Курганов тағайындалды, кейінірек республика құрылыш министрі болып істеді. Қаланың партия комитетінің хатшылығына В. Бондаренко сайланды.

Осылай ауыс-күйістірлік үстіндес істің құрмеуін шешуге бар

күш-жігер жұмсалып жатты. Қас-қағым сөтті құр жібермеуге үмтүлдық. Не істесен де нотижелі, жемісті болуын көздедік. Үақыт ілгері озған сайын міндеп те көбейіп, жұмыс ауқымы арта түсті. Соның арқасында, кешсігі құлан жортпас құла дүз танымастай өзгерді. Жер де жасарды, ел де жаңарды. Өмір өзгеше келбет ала бастады. Бұл жылдар мен үшін де үмітшыл маңтай мәнгі есте қалды. Партия қатарына қабылданым, кеништің бас инженерлігіне тағайындалып, 1939 жылга дейін директордың міндестін қоса атқардым.

Қоңырат кеншілерін ұлан-асыр іс күтіп тұр еді. Заман талабы да құрт арта түсті. Кенді бұрынғыдан да мол ондіру қажет болды. 50 мың тонна мыс шыгару, өрине, айтуға жеңіл. Бірақ қаншама күш-қайратты, қаншалықты іскерлікті қажет ететінін есептеп көрсөніз. Құллі ел алдындағы жауапкершілікті сезініп байқаңыз. Тіпті, үрсей тұгызғандай іс қой! Көз — қорқақ, қол — батыр скен. Бір жагадан бас, бір жеңін қол шыгарса, алынбас қамал, аспас асу бар ма! Еңбектің сұ озық әдістерін менгеру жолындағы жарыс қанат жайды, кениште стахановшылардың қатары күн санап осе түсті, екпінділер ел мақтанышына айнала бастады. Солардың бел ортасында маңдайын күн сүйген қазактың қара домалақ жігіттері жүргенінс іштей сүйсініп, техникалық зиялды жүрт арасынан бірте-бірте жергілікті ұлт өкілдерінің төбес көрсете бастаганына тәубе дедік.

Осылай алып заводтың негізгі шикізат көзіне айналған Қоңырат Кенес өкіметіндегі сұ ірі кеніш саналды. Сол кездес біздің елде қызмет істеп жүрген американ инженері Жан-Дональд Говард былай деп жазды: «Қоңырат әлемдегі ең үлкен кеништің бірі ретінде саналып келген Аляска сияқты кез-келген кеништен он сең қуаттырақ болуга тиіс». Ол шынында да тенденсі жоқ кениш еді. Бүкіл халыққа сын боп тұрган аса жауапты шақта партия маган осындаі сліміздің мыс онеркесібіндегі аса зор кенішті басқаруды сеніп тапсырған-ды. Сол кезде ең соны техникалармен жарактандырылған, ұшы-қыныры жоқ мол дүниені — аса жауапты шаруашылықты бір кісінің үршықтай ііріп, дөңгелетіп өкесте қоюы скіталай. Еңбеккер слғс, оның жауынгер штабы — партия, көсіподак, комсомол үйымдарына арқа сүйемсей, олармен тонның ішкі бауындаі араласып, жауап-

кершілікті бірге сезінбей, нәтижелі іске қол жеткізу қын еді. Қалалық партия комитетінің хатшылары Назаренконың, Лаптевтің, Бондаренконың, сондай-ақ кеңіш партия үйымының хатшысы Юровскийдің, одан кейін сайланған Ильиннің практикалық көмектері аз болған жок. Ортақ істің ауыртпалығын тен көтеріп, абырайын тен бөлісіп отырды.

Комбинат директоры Перцев:

— Еңбек елеусіз қалмау керек, әсірессе, қарапайым жұмыскерлердің мандай терін көре білсөн, дер кезінде арқасынан қағып, әділ бағасын берсөн, тау қопарып, тас жарудан тайынбайды. Көптің аты — көп, олар өрге дс сүйрейді, көрге де түсіреді, — деп отыратын жарықтық.

Осы бір агалық ақылга айрықша ден қоюшы едім. Кеңіш жұмыскерлерінің көбісінің түр-түсін ғана емес, аты-жөніне дейін жақсы білетінмін. Олардың мұқтажын кідіртпей шешіп, талаптілегін мезгілінде орындауга үмтүлатынмен. Сол арқа сті — арша, борбай сті — борша боп жұмыс істеген қарапайым азаматтардың арага жарты гасырдан астам уақыт салып еске алсам, оқырман оған ренжи қоймас, бұл олардың адаптацияне деген дән ризашылықтың белгісі. Бұргылау цехының инженері Мусин, қопарылыш жасаушы Мұстафин, экскаваторшы Коралев, машинист Никифоров — біріне-бірі үқсамайтын, бірақ адамгершілік қасиетімен, адалдығымен, алғырлығымен бірін-бірі толықтырып, үлкен істерге үйтқы болып жүрген азаматтар. Жақсының сөзі де — жақсы, ісі де — жақсы. Орнын тауып сөйлеу де — онсер, айтқанын аяқсыз қалдырмай, тірлігімен тиянақтап отыру да — таглым. Бас механик болған Желябьев, бас энергетик болған Әбісқалов осындай қасиетті бойына дарытқан жігіттер еді. Олар өз көсіптерінің хас шебері ғана емес, қалың елді соңына сртс білестін, көз-келген қындық пен бетпебет келген тұста, қисынсыз жерден қыбын тауып шыгатын.

Маган кейінгі жастар: сіздің замандастарыңыз несімен ерекшеленетін еді, — деген сұрақты жиі қояды. Біреу келісер, біреу келіспес, бірақ олардың болашаққа деген сенімі зор еді. Осы сенім ғана индустримальдыруды, Ұлы Отан соғысы, тың көтеру сияқты ұлы істерді жүзеге асыру барысындағы несір ауыр қындықтардан алып шықты. Олар қоғам тірлігін қара басының қамынан жогары қойды. Сондай жандардың түр-тұл-

гасы, болмыс-бітімі көз алдында; мен еңбегімен бүкіл слдің руҳын көтере білген озаттар жылдық тапсырмасын 315 процентке орындаған жұмысшы Губаревтің, 179 проценттен томен нәтиже көрсетуді білмеген Вергуновтың, Буковтың, бір қалыптан таймай, не бәйгібасына шықпай, не көштен қалмай, сол 145 процентпен жуан ортада жүретін Кулиш пен Сұндетовтың есімдерін сол кезде конференцияда қалай сүйсіне атасам, бүгін тебіренбей еске алу мүмкін сместей көрінеді.

Бұл атусті айтыла салған «олі» цифrlар смес. Ол — өмір. Онда қарапайым еңбек адамдарының құс басқан алақандарының ыстық табы жатыр. Одан жұмысқа деген ықыласы, ынтасы көрінеді. Борінен де бұрын ол қогам алдындағы жауапкершілігінің олшемі іспетті. Қазір норма белгілеп, оны есептеуден іргемізді аулақ салып барамыз. Социалистік деген сөз құлаққа «түрлідей» тиетін жагдайға да жеттік. Жарыс — ұмыт қалған шаруага айналды. Бірақ ерте мес, кеш пе, әйтсеүрбасқа қырынан болса да бұл иглікті іс ізсіз қалмайды. Ар-ожданмен төгілген адал терді таразылап, әділ бағасын беру — социалистік құрылыштың ұлы жеңісі. Ол күнделікті тіршілікten біржола сыйып тасталмақ смес.

Мұратты істер жолындағы құштарлық, құлышынысы — таптырмас қасиет. Мәскеу құрылыш техникумының түлегі В. И. Язветің құрылыш объектілерін салу барысында көрсеткен белсенділігінің жөні болек еді. Кеніш қалай құлашын жазса, қалашық та солай іргесін кеңейте түсті. Қаздай тізілген ақшаңқан үйлер, қырышақтай әдемі бала бақшалар мен бөбек жайлары, көп кіслік аурухана мен емхана, кең сарайдан кем түспес клуб, жылу жүйелері мен дүкендер бірінен соң бірі бой көтерсе, осы жігіттің іскерлігінің нәтижесі еді.

Ол ешкімге үқсамайтын. Жалпы, әлдекімге еліктеуден гөрі, өмірде озі салған соқпақтың болғанына не жетсін. Кісімен сөйлесе білу де, өзгені тындана білу де үлкен өнср. Оның тал бойында осы қасиет бар еді. Бір жеңінен қол, бір жағадан бас шыгаратын, іскер ұжымды үйистыра білген ол Балқаш құрылыш тресінің басқарушылығына жогарылатылды. Осы қызметте жүріп Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Кейін Караганды облыстық атқару комитеті төрагасының орынбасарлығынан құрметті демалысқа шыкты.

Сол Язветің орнына Каченко деген жігіт келді. Ақ жарқын, ашық мінезді ол ойланған да білетін, ойлағанын жүзеге асыра да білетін. Жергілікті халықтың табиғатына, дәстүр-салтына зейін қоя жүретін. Оны бір жолы келген өңгімесінің ауанынан аңғардым.

— Казакта: «алғыспен ср көгерер, жауынмен жер көгерер» деген мақалды тірілткім келіп отыр, — деді ол шаруашылық қызметкерлеріне ұқсай бермейтін мінез танытып. — Шығыс халықтарының бірінде «Жер көгермей, сл көгрейді» деген және мақал бар. Сондықтан әрі сая, әрі ықтасын, әрі жердің көркі болар әрі үрлі ағаш отырғызууды қолга алсақ. «Бұлақ көрсөн, көзін аш» дейтін халықтың әрбір азаматы бір түп тал ексе, екі-үш жылда-ақ мына аңызак жел сскен маң даланың келбеті өзгеріп шыға келеді.

Нистдұрыс. Қолдамасқа, қолдан келетін көмекті бермеске не шара!

Жігіт сөзіндес тұрды. Қала түгел гүлгс көмкерілмесе де, жасыл желекке орана бастанған. Шіркін-ай, деймін қазір, әркім озі жүрген жерінде осылай өшпес із қалдырып отырса, көктен іздейген жұмақты қолмен жасаган болар едік-ау. Әттең, дегениңің тіршілік бой бермей, асаяттай ала қаша берсе не шара...

Жогарыда өңгімелегенімдей комбинат құрылышы, оның объектілерінің уақтылы пайдалануға берілуі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің тарапынан қалай қатаң қадағаланса, бұл міндет Қараганды облыстық партия комитетіне де ортақ еді. Балқашқа келіп-кетушілерде қисап жоқ-ты, Орталық Комитеттің, обкомның жаупаты қызметкерлері дейсіз бе, әлде орталық, республикалық, облыстық газеттер мен журналдардың тілшілері дейсіз бе, әйтсеүір құдайдың құтты құні қонақсыз болмайтынбыз. Біз оларды сыйлы қонақ рестінде гана смес, аз отырып, көп сынайтын мінезіне пейіл едік. Мактауда, даттауда екінің бірінің қолынан келеді, ал кемшилігінді тап басып, және үлкен іс мінсіз болмайды, оны жолға қоюдың жөн-жосығын корсетсе, аяғың жеткенмен созің отпейтін жерлерден жәрдемі тиестіндей шешімін құткен проблемаларымызға, соган қозғау салардай жанашыр сындарды құтетінбіз. Журналист ағайындардың, обалы нешік, бұл орайда аз көмегі тиген жоқ.

Сондай қарбалас күндердің бірінде Қараганды обкомының бірінші хатшысы Х. М. Пазиковпен жақынырақ танысудың орайы келді. «Көп сөз — комір, аз сөз — алтын» деген гой. Истің адамы боп шықты. Үәдеге сараң, не айтса да ойланып барып, жеті өлшеп, бір-ақ кесуге дағдыланған кісі скен. Партиялық жұмыстың үлкен мектебінен өткен: өзгөні тыңдай да, тыңдата да біледі, мінезге бай, ойын ірікпей жеткізді, тіл табысуға, түсінуге үмтүләды. Кениш жұмысымен жетс танысып шыққан соң, өзі байқаған олқылықтарға сындарлы козбен қарап, орынды ұсыныстар жасады. Шешімін таппай жүрген зору тірліктерімізге байыппен қарап, барынша қол ұшын берестіндігін айтқан-ды. Сөзінде түрді. Көп ұзамай обком бюросында арнайы қарап, бар мұқтажымызды сиырқүйымшақтаппай, шешіп берді. Жасыратыны жоқ, бізде жақсы қаулы, қараплар қабылданады. Бірақ оның орындалуына келгенде, жүзеге асыруға келгенде беттің әрін бесс теккендейміз. Сен саларда мен салар, атқа жемді кім салардың әңгімесі әбден стек алғаны сонша, кінөлі адамды шырақ алып іздесең, таппайсың. Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылып жататыны содан. Бұл орайда Пазиковтың жұмыс стилі көкейге қонады. Қынба әлде женіл ме, әйтеүір мойынга алған скенсің, аягына дейін жеткіз. Оның жауапкершілікті сезінүі мен табандылығы қатар өрілген қасиет. Сондықтан да болар, ол Ұлы Отан соғысына дейін де, онан кейін де Онтүстік Қазақстанның, сосын Шығыс Қазақстан облыстық партия үйіміна басшылық жасады. Ол республика-мымыздың экономикалық, мәденист және олеуметтік дамуына айтарлықтай үлес қосқан азамат. Ксійінірек РКФСР Министрлер Кенесінде жұмыс істеді.

Өмір өзгеріссіз түрмайды. Истің мұддесі соны талап еткен-ді. Комбинат дербес скі көсіпорынга: Балқаш мыс балқыту заводы мен Қоңырат кен басқармасы болып болінді. Ондагы мақсат заводтың шикізат базасын тезірек көтеру еді. Екесін де Мыс бас басқармасының қарауына сиді. Заводтың директорлығына И. И. Перцев, ал кеніштің бас инженерлігі мен директордың міндеттін атқарушы боп осы жолдардың авторы тағайындалды.

Сондай бір қолынды скесу ете алмай, қат-қабат шаруадан

қапылыш жүрген күндердің бірінде КСРО Халық комиссарлар кеңесіне шақырылды. Мыс балқыту заводтарының шикізат базасын дамыту мөселесі қаралмақ.

Менің бұл Кремльдің табалдырығынан тұңғыш рет аттауым еді. Кешкі сагат тогызда он-он екі кеңіш директоры бас қоспақ. Көнілді бір үміт, бір құдік күпті еткендей. Үмітсіз шайтан гана, әйтпесе абыройлы болғанға не жетсін! Ал, айдарынан жеслесіп тұрган Булганин, Маленков сияқты үкімет басшыларының алдында есеп беретін кісі жүрексінбедім десе, ешкім сене қоймас еді.

Осындай толқу үстінде жүрген кісіге Кремльге кіре қою да оңайға түспеді. Талай есіктен өтуге тұра келді. Темірдей тәртіп-ке қалай тәнті болсан, солай қайран қалдырады.

Мөслихат басталғанға дейін мөulet қағазын (пропуск) алуга тиіспіз. Спасск қақпасының сол жақ қанатына орналасқан жайға кірдім. Қанын ішіне тартқан сүп-сүр офицер өңменнен отердей, тұздай козімен аяқ-басыма сұзға қарап алып:

— Кімге, қандай шаруамен келдіңіз? — деп сұрады.

Мөн-жайды түсіндірдім.

— Қару-жарагыңыз бар ма?

— Жоқ.

— Паспортыңыз қайда?

Сұраган құжатын қолына ұстарттым. Офицер оуелі маган, сосын, паспорттагы суретке тесілсі қарап, біраз тұрды. Құжат күмән келтірместей скеніне әбден көз жеткізді білем, мөulet қағазын толтыруға кірісті.

Дәл осындай тексеріс мұнараның оң жақ қапталындағы қақпадан отер тұста да қайта жалғасты. Сонын Кремль қабырғасын бойлай жүріп, Министрлер Кеңесінің үйінде мәндай түзсеген жерде және «електен» өттім. Одан кейінгі «сұзғі» Булганиниң қабылдау болмесін апаратын қабатқа көтерілген жерде жасалды. Осылай діттеген жерге жеткенше бес рет тексеріліп, бесс рет мөulet қағазы мен паспортымыды ұсынумсң болдым. Кеңес бітісімен қабылдау болмесінде кезекшігे мөulet қағазына бслгі соқтырып, көрсетілген уақыт ішінде кешкілік келген ізіммен кері қайттым.

Кеңес айтылған уақытында басталды. Оған таяуда гана үйымдастырылған Тұсті metallurgia халық комиссары

А. М. Самохвалов, оның бірінші орынбасары П. Я. Андропов қатысты. Г. М. Маленковтың отыруы, Н. А. Булганиннің кеңесті жүргізуі қаралып отырган мәселенің маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, оған аса зор жауапкершілікпен қарау міндсті көзделгендей еді.

Мінбеге бірінші боп мен шақырылды. Салған жерден сұрақ қойылды.

— Бізге картадан завод пен кеңіш орналасқан жерді көрсетпес пе екенсіз?.. — Булганиннің істің жайына жете мөн бергелі отырганы қуантты. Екі шеті масатымен көмкерілген тұтас бір қабырганы алып жатқан картага шұқишиды. Инженер үшін бұл сұрақтың пәлендей қындығы жоқ, Ксес өкіметінің бір бүйірін тұтас алып жатқан ұлан-байтақ қазақ даласынан Сарыарқаны, ондагы Қоңырат кеңіші мен Балқаш мыс балқыту заводын алақандай картадан көзді жұмып тауып беруге бейіл едім. Осыны пайдаланып жұмақ торінде отыргандарға жазда аңызақ желине кеуде тосып, аттап ыстығына тұншыққан, қыста балагынан кірген қара сұығы оңменіңсн өтіп, жаңыңды шүбереккес түйгізген маңдаланың қындықтары мен таңның атысы, құннің батысы бел жазбай еңбек еткен қарапайым елдің мұқтаждарына назар аудара кестенді жөн көрдім. Оған қоса кеңшілердің қолы жетпей жүрген техникалардың аса қажеттігін баса айтуга тұра келді. Дәл осы тұста Николай Александрович сөзімді боліп:

— Сіз сұрау жағына келгенде, бермессінді тартып алардай жеткізе айттыңыз. Техниканы соншама көп қажет стерліктей жерге қарап отырмаган шыгарсыздар,— деді.

Әрине, бұл қазақтың «түйе сұрасан бис береді» деген сөзі смес еді. Шынында, онсыз да қасқалдақтың қанындаі, тапшы дүниес соншама алып кеңіште бірен-саран гана еді. Оның үстінсі бізде жыламаган балага смеш бермейтін жаман әдет бар гой. Құланның қасынуына мылтықтың атылуы деп кеп тұрган сөттен айрылып қалмау керек болды.

— Қазір мол кен қалай ауадай қажет болса, оны қазатын техника дәл солай керек. Технологиялық процесс үшін аса маңыздысы жоңе ең қажеттісі осы,— дедім.

Булганин орынды уәжгс дау айтуды артық көрді білсем, мақұлдағандай бас изей берген тұста, бір бүйірден Маленков бір сауалдың шетін шыгарды:

— Басталған құрылыш аяқсыз қалса да сіз айтып отырған процесс жалғаса берер ме еді?

Георгий Максимилиановичтің сөз саптауынан нені мегзеп отырганын түсіне қойдым, сірә, «процесс» деген сөзді көбірек тілге тиек етіп жібердім білем, асып-саспай, алған беттен таймауга белді бекем будым.

— Қол сәбсігін техника алмастыратын ауыр кезенді бүгін-нен бастамай, алға қойған аса зор міндеттерді шешу қын,— дедім.

Әңгімс осымсн тәмәм болды. Сөз боратып, қағаздан бас алмай жататын заман смес. «Коп сөз — көмір» дейтін. Он ойланып, мың толғанып барып сөз жұптайтын жөнс үде берсең, өл-тіріл — орындайтын кез. Ұсынысым түгел ескерілді. Коңыратқа қайтып оралғанша сұрагандарымыздың алды келіп үлгіріпті. Техникалар бірінен соң бірі жеткізіліп жатты.

Ол аса бір ауыр өрі соншама күрделі уақыт еді гой. Кеңес өкімсті қаз-қаз басып, сиді гана сісс көтере бастанған сындарлы шақ болатын. Әрбір қадамың есептеулі. Әр созің олшеулі. Оны салмақтап барып сабырмен шешпесең, ақылга жендерімесең, арандарап қалатын, күрмсіуі мол қым-куыт шакта, салиқалы жиын үстінде кездескен Булғанин мен Маленковты тек араға жиырма жыл салып, 1957 жылы гана көрудің соті түсті.

Сол жылы маусым айында КОКП Орталық Комитетінің пленумында антипартиялық топ туралы мәселе қаралды. Құні кеше айдарынан жел есіп, кімсің Булғанин, кімсің Маленков бол тұрган жандардың әп-сөтте-әк мүсөнір хал кешкенін көрудің өзі ауыр сді. Әңдері күрсітіп, жүздері төменшіктеп, оздерін қояр жер таппайтын сияқты. Сталиннің «кізбасары» саналған Маленков аз уақыт біздің мемлекеттіміздің бірінші басшысы болған адам. Оның бср жағында Н. С. Хрущевпен тонның ішкі бауында аралас-құраластығы бар, елдің көз жасына қалған Берияны тұтқындауда бір жағадан бас, бір жеңінен қол шыгарған, сиді Никита Сергеевичтің озінс «ауыз салып» жеткен жері мұнау. Орталық Комитеттің Президиумынан шыгарылып, КСРО Министрлер Кеңесі торагасының бірінші орынбасарлығы мен КСРО Энергетика министрі қызметінен босатылды.

Георгий Максимилианович биліктен кетіп, қызметтен құлдыраган тұста әр түрлі алып қашты соз айтылып жүрді.

Менің білетінім: ол кісі қызметтен кетсе де кісліктен кетпеген, партия қатарынан шыгарылса да оның мұратты істерінен шеттеп қалмаған қайраткер. Мен оның энергетика министрі бол тұрган азғана уақыт ішінде үшінші рет жұздесудің орайы келді. Мұқалмас жігер танытты. Электростанциялардың жұмысын жақсарту барысында келелі ойлар айтып, Қазақстан энергетикасын арттыру барысында жаңа қуаттарды іске қосудың қажеттігін көрсетіп бергені бар. Истің мұддесі үшін осылай тың ойлар, құнды пікірлер білдіруге, тіпті ағынан жарылып әнгімелесуге, шыны керек, битке өкпелеп, тонын отқа жагатын баз біреулер бара бермес еді. Жігіт ағасы — слубестерге келген ол сол жылы тамызда ойслі мен немесең алып Өскеменгे, жаңа қызметтес — гидроэлектр станциясының директоры бол келді. Бірақ, бір жылға жетер-жетпес уақыт істеген Маленковты бұл қызметтінен босатып, Павлодар облысындағы Екібастұз жылу электр станциясына ауыстырды. Мұның бәрі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің келісімінсіз болған жайлар еді.

Булганин басқарған мәслихатта мен алғаш рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н. А. Скворцовты кордім. Мен ол кісіні сыртынан, тек баспасоз арқылы білетін едім. Кеңестің келесі екінші күніндес қонақ үйгес Қазақстанның тұрақты оқілі Селый телефон шалып, Скворцовтың күтіп отырганын хабарлады. Мен Трубников шагын көшесіндегі 10-үйге келдім.

Біз бір-бірімізді бүріннан білстін адамдардай кездестік. Бірінші хатшы екенмін деп төкаппарсу жоқ. Қарапайым.

— Сені мүқияттыңың дадым. Шешімін таппай жатқан мәселеңді жеріне жеткізіп айта білдің. Конырат проблемасы сойтіп қана шешілді десsem, сені тым асыра мақтаганым болмас. Ісің осылай он бола бергей! — деп қолымды қысты. Сосын, байыпты бір қалыппен сөзін сабактады. — Бар мәссле халық комиссариатында қаралып, түгел шешілді демейміз. Сендерге барынша батыл көмектесу үшін істің жайын әлі де терең, әлі де жанжақты білдіміз керек. Сондықтан Орталық Комитет таяудағы бюорода Балқаш қалалық партия комитетін тыңдауды жөн көріп отыр.

Скворцов менімен терезесі тәң адамдай сойлесіп, көп жайга қанықтырды. Экономиканы жілікшес шагып, республиканың

күнгейі мен көлеңке жағын бірдей таразылап, болашағы тура-лы аса бір шабытпен толгана әңгімеледі. Әрине, одан бері талай жылдар өтті. Бірақ оның қазақ слі үшін, оның мәдени, әлеумет-тік, экономикалық деңгейнің көтерілуіне көп еңбек сіңғенін, сіро да ұмытсақ, әділ болмас еді. Ол халық шаруашылығының қай саладан алманыз, үлттық кадрларды төрбиселеп өсіруде үлкен үлес қости. Ел басына күн тұған отты жылдары оның ұйымдастырушылығы айрықша көрінді.

Біз арага бір жеті салып Орталық Комитеттің бюросына жиналдық. Бар хабарды менен келс салысымен сстіген қала-лық партия комитетінің хатшысы. В. И. Бондаренко бюрога тыңғылықты өзірлікпен келген екен. Есеп беріп қана қоймай Балқаш өнірінс, оның халқының тұрмыс-жайынан бастап, күллі шаруашылығын жіпке тізгендей орын-орнымен баяндап берді. Өндіріс басшылары — біздер де қарап қалғанымыз жоқ, неге зәруміз, қандай көмек керек, соның борін тәптіштеп айттуға ұмытылдық. Ал, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасап, әлденеше сагатқа созылған келелі әңгімені қорытындылаган Скворцов қала партия органдарының жұмысын өткір сынға ала отырып, мынадай байlamга тоқтады:

— Балқаш — алтынга бергісіз мыс қаласы. Біздің маңдай терімізден төгілген тер кенді ондіру, мыс балқыту жоспары қалай орындалып жатыр, алып заводтардың қуаты қалай игерілуде, сең әуслі осымен өлшенеді. Сондықтан бар күшті, осы мәселе төнірегінс жұмылдырган жөн,— деді.

Кеңейтілген қаулыны дайындау жөнінде бюро арнайы комиссия құрды. Өндірістің қыр-сырына қанық, мұқтажынан да хабардар жан араласқан шаруа, зады, копшилік көңлінен шыгады гой, Балқаш еңбеккерлерін үлкен іске жұмылдырып қана қоймай, оның өзекті мәселелерінің дерекезінде шешілүіне қозғау болды.

Осы арада бір пікірді бүкпесіз айта кеткен жөн сияқты. Не көп — жиын, жиналыс көп деп зарлаймыз. Әңгіме — оның көптігінде емес, мәнінде. Іскер жағдайда өткен кеңестің, мәжілістің, бюроның берсері аз болмайды. Ол кезде біз көргенімізден көреріміз алда, ілгері үміт үстіндес жүрген жас басшылармыз. Мәслихаттан тоқып қайтарымыз көп. Біріншіден, маган сеніп тапсырылған жұмыс участкесінде бар күш-жігерімді жұм-

сауға жұмылдыратын. Екіншіден, ксніштегі қисапсыз (не бар, не жоғын бесс саусақтай білс тұрсамда) тірлікті таразылап, бары мен жоғына барлау жасауга итермелеп отыратын. Үшіншіден, біз өз саламыздагы жаңалықтарға аса құштарлықпен қарап, елде жәнс шетте шығатын әдебиеттерді түртінектеп оқып жүреміз, қарайып қалмайық деген сақтықтан ғөрі, іздене жүруді мақсат көрстінбіз. Сосын, әлгіндеңідей беделді кенесстерде бетіңмен жер басып жатқаннан асқан олім жок. Әзінді өзің қамшилап жүргенге не жетсін. Төртіншіден, есеп беруге дайындалу барысында сен қара жаяу бірсулермен емес, ақыл-парасаты мол, қосіптік білігі жоғары азаматтармен кездескелі тұрғаныңды ойлайсың. Ортақ іске оның да мүдделі скенін білесің. Соның алдында сағың сынбауга тиіс. Бессіншіден, сладсігі жағдай еркінсіте қоймайтындаид еді, секемшіл қөңіл ту сыртыңнан әлдекімдердің сезікпен қарап тұрмасына кепіл бола алмайтын, сондықтан қатаң төртілтің құрығынан бұлқынып шықпаган дәлірек айтқанда, обден кондігіп алғанбыз. Қия баспаймыз. Заман мойында таңдан аттап кестейміз. Қогам киген қамыт саган да ортақ. Босбелбасулігің үшін, салғырттық-салактығың үшін сазайыңды тарту түк емес, ол тасада тұрып тас лақтырганмен бірдей, онда астырын өрекесттің адамы ретінде айыпталдым дей бер, онда оз обалың өзіңс. Әрине, үрей — ине үстіндегі омірден жаман, ашығын айту керек, қорыққаннан емес, үяттан олмес үшін сіңбек сттік. Ар-ожданына ақау тұсіргісі келмеген адам иманын жолдас етеді, ол үрейден іргесін аулақ үстайды. Біздер, елдің дені, тіпті қамаудагы адамдар да «үятқа» қалмастың жағында еді, сондықтан да жанын салатын. Бірақ, қорқыныш сезімінен де құралақан емес еді. Ал, жұмысты ақсаттым дегенше — партия билетін столга қой, өдан арғы тағдырыңды бір құдайға тапсыр...

Зады, бұл бір күннің тақырыбы емес. Біз бұган әлі талай оралармыз. Ал, өзірге айтарым: бюрога, коллегияда жәнс басқа да жауапты сөттерде — ел алдында есеп беруден мен пайда кормесем, залал шеккен емеспін. Оны ұзак баяндап, бұлтартпас дәлслдермен айтып беруге де бармын. Бірақ, жинаалысты откізу үшін откізестін, істің мүддесінен қара басының «беделін» биік санайтын тогышар жандар жүргізген жиындар босқа атылған

оқпен бірдей сценінде шек келтірмейін. Өкінішке орай, ондай да орын алған, өлі де бар бірақ болмаса деп тілеймін.

V

Талай тұңдерді көз ілмей атырган, талай күндерді бел бүкпей батырган ауыр жылдар артта қалғандай еді. Кеңіш шаруашылығы жолға қойылып, сл еңсессін көтере бастаған. Бұрын еңбек демалысын сұраудың өзін ұят көріп жүрсек, енді міндет еткендей сыңай байқатқандаймыз. Өлгенде көрген ұлы той дегендей, мұрсат алар сәтті қолдан шығарып алмайық деп, ешқайда алаңдамастан Алматыға тартып кеттім. Ол кезде үлкен әлкем Әмина осы күнгі Карл Маркс көшесіндегі отыз төртінші үйде, әке-шешем қаланың теріскей тұсындағы Құрті көшесінде тұратын.

Қай ата-ана баласының жалғыз жүргенін қалайды дейсіз. Келе жан алқымға алды.

— Карагым, бас екеу болмай, мал екеу болмас,— деп әкем шықты мына жақтан.

— Бір мезгіл ыстық тамагынды пісіріп, кір-коңынды жуып тұратын, өзіңе ссрік болатын біреудің кезікпегені ме?— деп шешем уайым шегс бастады скінші тұстан.

Мен «Бұйрық болмай жүрген шыгар» деймін қалай ақталудың есебін таппай.

Сойтіп жүргендес Шымкенттен хат келді. Алдында гана менімен бірге оқып, қатар диплом қорғаган, кейінірек кандидаттық диссертацияны да бір күнде қорғаган, сонда қызмет істеп жүрген Масғұт Бақаевқа: «Құдай қос көрс, демалысқа келіп, өз үйім, олең төсегімде аунап-қунап жатырмын» деп хат жазып жіберғенмін.

Екі-үш күн аралатпай жауап алғаныма әрі таңдана, әрі куана хатты оқыдым. Басы артық сөз жоқ. Тек: «Егер уақыт тапсан, мына қосымша хатты Фурманов көшесіндегі 135-үйде тұратын Зұhra деген менің құдай қосқан қосагымның жан құрбысына апарып беруінді сұраймын» депті. Мен онша мөн бере қойған жоқпын. Бірақ: «Масғұттың әйелінің есімі де Зұhra, мына құрбысының да аты Зұhra, қызық екен!» деп таңданым да, салып отырып әлгі адреске тарттым. Келсем, акқұба, талдырымаштау, орта бойлы бойжеткен майысып есік ашты. Мен жүзімді томен салып тұрып:

— Зұһра Әлімқызының жан құрбысы сіз боласыз ба? — деп сүрадым.

Ол әнтек қана жымиды. Жымиган кездес менсіз аптақ өңіне нұройнап, екіbetінің ұшына қызгалдастың түсіндей бояу үйірле қалды. Не қысылғанын білmedім, не менің келісімді ерсілеу сезінді ме және онысын ажырата алмадым. Жауап орнына:

— Жәй сүрадыңыз-ба? — деді.

— Шымкенттен, Масғұттан хат алып едім. Аманат жіберіп-ті. Соны әкеп тұрмын.

— Сізге жазған хатқа біздің үйдің адресін көрсектеніңе қараганда конверттің тапшы болғаны гой...

Ол тағы жымиды. Мен Зұһра Әлімқызы мен Масғұттың «алдап» түсіргенін енді түсіндім. Бүйрық шыгар, түп-тура слу жыл, алты ай, екі құн отасқан аяулы жарыммен мен осылай табысып, осылай танысқан едім.

Кыз мені ыңғайсыз жағдайға қалдырмайын деді ме, хатты ала беріп:

— Сіз ізденген Зұһра, иә, мына мен боламын! — деді. Ол мұны бір түрлі толқып тұрып айтты. Даусы ұяндау шыққанмен, діріл бар еді. Сол бір сыпайы қалпын сақтай тұрып, нәзік ұнмен: «Сіз ізденген Зұһра, иә, мына мен боламын!» деген сөзі өлі құнға дейін құлагымда. Өзі көз алдынан кестпейді.

Зұһра оқығаны да, тоқығаны да мол, ойы жүйрік, тәрбиелі жердің қызы боп шықты. Өмірден біздің де көрген, білгеніміз аз смес еді, қызмет тे бар, жас болса да қайран жиырма бестің үстінде, бірақ кім болма, қашшага келмес, қыз алдында, оның үстінен өзің ұнатып қалған сүйкімді жан алдында бестіңнен моншагың үзіліп түспеуі мүмкін смес екен.

Койши, біз құн құргатпай кездесіп, Алматыда ақшам жамыраган шақта жүздесіп жүрдік. Со кезде Свердловскінің опереттасы астанага гастрольге келіп, жазғы театрда онер көрсетіп жатқан. Біз үшін Карл Маркс пен Совет көшслерінің қызылы-сындағы осы театр соншама қымбат, соншама ыстық көрінстін. Опереттаның бар репертуарын бастан-аяқ көріп, пікір алмасар едік, ол өнерді сүйестін, оны жанымен түсінген кісігес аса құрметпен қарайтын. Бізге Масғұт пен Зұһра Әлімқызы гана смес, осы өнер дәнексер болғандай. Кейін Коныратқа қайтып, беймаза өмірге білек сыйбана кірісken тұста да арамыздан хат үзілмеп еді.

Уақыт шіркінде дауа бар ма! Зу етіш, өте шықты. Тіршілік қамытын мойынга іліп, күнделікті күйбін өмірді қайта күйттей бастадық. Өндірістің аты — өндіріс. Артыңа бұрылып қарауға шама жоқ. Аса жауапты әрі бәрімізге ортақ қуанышты құн жақындаپ келе жатты, 1938 жылдың сөүір айында Қоңырат кені тұңғыш рет байытылды, ал мамырда алғашқы қорытпа алынды. Арада алты ай өткенде, анығырақ айтсам, 1938 жылы қараша айының 24-жүлдізында металлургтер Балқаш мысын өндіріп, бүкіл еліміздің гана емес, қазақ даласына аш көздене қараған, құдік пен құншілдік сезімінде жүрген бөгде жердің алпауыттарын да қайран қалдырыды. Қазір тұңғыш балқытылған Балқаш мысы Мәскеудегі революция музейінде сақтаулы тұр.

Өткенге сын көзбен қараймыз деп, алдыңғы толқынның адал сибесін, жокқашыгаруга үмтүлған жымысқы ойдың жетегіндер жоқ емес. Оларды міншіл деуден ғері жүгенсіздік деу лайық. Қалай болғанда да ол ақылга сыймас әуре тірлік. Та-рихқа айналған, талай жанның тағдыры іспетті ірі-ірі қайталан-бас оқиғалардың тәлім алар тәрбислік мөнін мойындағысы кел-мей, көктен түскендей байбалам салушылардың әрекетінің өзі сол оқиғалардың маңыздылығында. Ол үшін тер төккен аға буын қара басының қам-қарекетін күйттемесс көрек, ертеңгі үрпақтың бақыты өмірі, салтанатты тұрмысы үшін ғұмыр кеше білді. Олардың өмірден оздырганы, жасырып-жабары жоқ және ол үшін үялмай айтарым, өз үкіметінен, партиядан алғаны алғыс, кеудесін таққаны үлкенді-кішілі награда болды. Мун-дай ізст Балқаш мысын ондірушілер мен балқытушыларга, инженер-техниктерге де жасалды. Менің үлесім «Үздік сибесі үшін» медалы тиді. Бұл менің тұңғыш алды және мен үшін сң қымбат награда-еді.

КСРО Жогарғы Кеңесінің 1939 жылға 26 наурыздағы жарлығымен наградаталғандар сол жылы шілдеде Мәскеуге шақырылдық. Үлкенді-кішіміз түгел Жаңа Мәскеу қонақ үйіне тоқтадық. Зады, сибесін еш кестпей, сл кедесіне жараганы бір бақыт, ал соның орнымен багаланып, сый-сияпатын көру және бақыт. Атақты Сверлов залына жиналып, Бұқілодақтық ақсақал М. И. Калининнің қолынан наградамызды алған тұста осындағы ой жетегінде отырдық. Тұсті металлургия министрлігі

жасаған қосымша жол-жоралғының жөні бөлск. Кім екені есімде жок, бірақ түртүсі көз алдыма, дембелше келген, орта бойлы, қара төры жігіт наградталғандардың атынан ортага шығып, қазақтың жалпақ тілінс салып, сөз сөйледі. Шешен кісі екен. Асан қайғы: «Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады» дегендей, сл іші — асыл қазына, жақсы да, жайсаң да сол сл арасынан шығады. Соның бірі гой деп түйдім іштей.

Ел құлаққа үргандай тына қалды. Байсалды мінезіне байыппен айтқан сөзі сай шығып жатты. Михаил Иванович оның сөзін сөзбе-сөз аударуды сұрады. Мен бірінші қатарда отыр едім. Орнынан тұрып, ақсақал столына таяу барып, Шымкент қорғасын заводының металтургінің аузынан шыққанды әрлемей, өз бояуымен, өз сөлімен аударып беруге тырыстым. Бірақ: «Қазақ шеннен аулак, шекпенге де құмартпайды. Сыйлаган-ның құлы. Қаз органына семірсе, қазақ ағасының асқанына емес, сасқанына риза» деген түсінің келгенде, мұдірмеске іләж қалмап еді. Мен содан бастап халқымның мақал-мөтслінс, шешендік өнерінс, астарлап айттар үткір ойына, терме-жырына ден қоя бастадым. Қанмен дарығанды қасиеттемесен, қадірің болмайды. Өнерде төрбисні сүйеді. Оқи жүрмессен, тоқығаныңды үмытып қаласың.

Содан Михаил Ивановичті ортага алғып суретке түстік. Сыпайылық сақтап, шеттеу жагына ыңғайланған беріп едім, ақсақал:

— Ердің сөзі өдемі айтылды ма, жоқ елдің сөзі гой деп ердің мәртебесін асырган аудармашы өдемі жеткізді ме, мен сойлеген кісіге де, сойлеген кісінің сөзін орыншалап берген мына жігітке де ризамын, — деп қасына шақырды.

Әзілі үзілмеді. Суретке түсіп жатқанда:

— Байқасам, берген мыстарыныздан горі өздерініз көп екенсіздер гой, — деп тұрган жүртты бір шымшып алған. Ұялған тек тұрмайды. Ду етіп құлқіге жендердік. Жалпы әзіл-қалжыңды айта білген кісі тындаушысын құлқігес көміп барып, солар болмас езу тартады да қояды. Шал жымып тұрып, объектігে зер сала қарады. Мәскеуден басталған дүбірлі той Балқашта жалгасты.

1939 жылдың қоңыр күзі. Қыркүйектің алғашқы күндері-

нің біріндес мен күтпеген жаңалықты бастап кештім. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетің қызметкес шақырылдым. Кеңіш директорлығына ит аркасы қияннан — Уралдан қызмет ауыстырган Бутенко тагайындалды.

Әрине, алғашқы қадасынан бастап қаз-қаз тұрғанга дейін ыстығына қүйіп, сұғына тонган шаруашылықты қыып тастап кету оңайға түсken жоқ. Бар істі тапсырып, қасыма Мусин деген инженер жігітті ертіп, Қоныраттың сұйбілік шоқысына көтерілдім.

Сол құнгі ауа райы да ерекше еді. Әдетте, не теріскейден, не құнгейден лекіп тұратын сарыала құздің қоныр салқын желі жоқ, онтек есекен леп бар. Арқаның көкжисекпен тұтасып жатар өркеш-өркеш қаз бауыр бұлттары козге түспейді. Шуақты құн тас төбеден шанышылып, көк зенгері аспан тым биқтеп, түпсіз тұңғиыққа айналған. Ақ жем болған селсу селдір тартып, буынсыз бишідей баяу тербеледі. Коз ұшынан қатпарланып кен қойнауы көрінеді, адымдагыш экскаваторлар сортан жердің қалың шөбін жапыра тістеп болып басын мангаз көтеріп алатын дала аруанасында, шөміштерін ұзақ көсіп, ышқына котереді. Бұргылау станоктарының беймаза ызыңы алыстан талып естіледі. Домбыраның қос ішегіндей тартылған болат жолмен ерсілі-қарсылы электровоздар жүйткіді, бірі мықшита толтырган мол, бірі төгіндігे алып бара жатқан қалдық жыныс тиеген вагондарды сүйрейді. Осының бөрі мен үшін таңсық емес еді, күнделікті тіршілік тынысы болатын. Енді, міне, қоштасқалы тұрмын. Бұл жердің әрбір тасы ыстық, адал енбектерін сауган адамдары қымбат. Қылышылдаган қысына, аптаң ыстығына бой үйреніп, сін даласына обден бауыр басқаным сонша, түлеп үшқан бір перзентіндегі сезіндім. Қазак үшін байтақ жердің қай пүшпагы болса да ыстық қой.

Балқаштан үшіп келген бойда сшқайда бұрылмастан Әмина әпкемнің үйінс тарттыйм. Артынып-тартынып жүрестін заман емес, және де соқа басты кісіде не жүк бар дейсін. Сонда да болса бірлі-жарым басы артық қоржын-қосқаланды байқап қалса керек, әпкеміз:

— Біржола келген сыңай байқадым, жайшылық па? — деп сұрады. Мен мән-жайды айттыйм. Ол кісі сліпілдесген де жоқ, енжар да қарамады. Сабырлы қалпында: «Қайырлы болсын!»

деді. Әпкемнің ақ тілегі қабыл болгай деп, тура Орталық Комитетке, кейін Қазақ университеті орналасқан, қазір Жүргенов атындағы өнер институты тұрған үйге келдім. Мәулет қағазын беретін жерден Орталық Комитеттің ерекше бөлімнің менгегрушісі Халинге телефон соғып, бұйымтайымды айттым.

Халин пысық жігіт боп шықты, ұзын арқау, кең тұсауга салмай, мені Скворцовтың алдынан бір-ақ шыгарды. Николай Александрович жылы қарсы алды. Қолті көрген кісі. Жастайынан қоғамдық өмірге белсене араласқан, Астрахань, Ростов облыстарында партия, совет қызметтерінде болып, 1933-38 жылдары БК/б/П Орталық Комитетінің аппаратында жауапты қызметтер атқарған. Әңгіме болып отырган жылдан бір жыл бұрын Қазақстан партия үйіміна басшылық жасай бастағанды. Жас шамасы ердің жасы — елулерде еді. Байсалдылықпен хал-жай сұрап, Қоныраттың бүгінгі өткізген кеңесті еске алып отырды. Бір байқағаным: Скворцовтың республика өнеркәсібінің ұңғыл-шұңғылына дейін білетіндігі және оның шешілмей жатқан келелі мәселелеріне үнемі дең қойып отыратындығы, сондай-ақ оны жолға қоюдың ең тиімді жолдарын жан-жақты ойластырып, ауыр өнеркәсіп қызметкерлерін дұрыс багыттай білстіндігі маған ерекше өсер қалдырыды. Ақыл айту әркімнің ақ қолынан келеді. Бірақ орнын тауып айту, көкейге қонарлықтай кеңес беру, анық та айқын етіп жеткізу — бұл тек өз ісін жетік білетін, мәселені мемлекеттік тұргыдан шешүге ұмтылатын, өзіне де, өзгеге де талап қоя алатын жаңға гана тән қасиет. Бұған оның кімге де болса бар ынта-ықыласымен, бүкпесіз ашық сөйлесетін көпшіл мінезін қоссақ, мен кейін де байқап, аңғарған осы бір таптырмас қарапайымдылық өрқайсысымызга сабақ болғандай еді.

Менің қөңілім күпті еді. Неге шақыртты? Нендей қызмет ұсынбақ? Әңгіме дөреженің үлкен-кішілігінде емес, жаныңа, табигатыңа жақындығында гой. Сондықтан, өз мамандығым бойынша қызмет бермесе келген ізіммен кері қайтуға өзір едім. Ішкі байлам нық болса, өзгениң уәжі бүйім емес. Ол әрбір сезін — екші отырып, екшеген сезіне срекше мән бере отырып:

— Мыс балқыту заводы үшін шикізат базасын жасауга белсене араластыңыз. Ол еңбегінізге алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Бірақ істің жайы барлық жерде бірдей емес. Мәселен,

Риддер полиметалл комбинатына шикізат дайындастын кеңіштердің жұмысы біржола ақсап бітті. Соның салдарынан қоргасын мен мырыш өндіру жоспары орындалмай, ұятты болып отырмыз. Мұның өзі Орталық Комитетті қатты мазасыздандырады. Өнеркәсіп кәсіпорындарын басқаруды жақсарту мақсатымен биыл «Алтайполиметалл» комбинаты құрылды. Кенді Алтайдың барлық түсті металлургия кәсіпорындары осы комбинаттың қарамағына шоғырландырылды. Соған орай Риддер комбинаты таратылған, оның орнына Риддер кен басқармасы мен завод басқармасы құрылмақ. Осы екі кәсіпорынның бірі — кен басқармасының директорлығына өзінізді лайық көріп отырмыз. Бұған қалай қарайсыз? — деді.

Мен басы артық сөзге барғаным жок.

— Сенімдеріңізге рақмет! Қоргасын-мырыш өндірісіндегі аса ірі кәсіпорынның жұмысын жолға қою оқай болмасы, ол бір кісінің қолынан келмесі және анық.

— Оныңыз рас. Қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Кенді Алтайдың экономикасын жедел котеру үшін Шығыс Қазақстан облысын үйімдастырғалы отырмыз, — деп, бұған қалай қарайды екен дегендей барлай қарады. Менің мақұлдаған ыңғайымды байқасымен сөзін сабактады. — Орталығы Өскемен қаласы болмақ. Семей облысынан енші бөліп береміз.

— Байқауымда, мәселе негізінен шешілгенге үқсайды рой?

— Дәл солай. Облыс ашу және Риддер комбинатын қайта құру қырқүектің 20-сында ресми түрде жарияланады. Сіз оған дейін дем алып, жаңа жұмысқа іштей дайындық жасарсыз. Біз іс бір жақты болған кезде тағы да әңгімелесеміз. Келістік пе?

— Келістік!

Уәде байласқан күні — 17 қазанда Скворцов шақыртты. Әңгіме қысқа болды. Николай Александрович:

— Риддерді қайта құру ісі аз уақытқа кейінге қалдырылды. «Алтайполиметалл» комбинаты тұрган Өскеменге шұғыл жүріп кеткениңіз жөн. Құллі Кенді Алтай өндірісімен егжей-тегжей танысыңыз, — деді.

Мен сол күн кешкілік Зұһрага жолықтym. Баяғы Фурманов көшесіндегі 125-үйде Гаріп Шөріпұлы деген агасының пәтеріндес тұратын. Оған бар мән-жайды айттыйм.

— Демек, Риддердің түз-дәмі бұйырғалы түр деңіз. Несі

бар, жігіт аспас бел, жүрмес жол болмайды. Тәуекел стіңіз! — деді.

Ол өмірі үлкенге де, кішіге де «сен» деген кісі емес, шығыс әйелдеріне тән әдеп, инабат сақтап, «сіз» дейтін. Оның сыпайылығы өзгені де ізетті болуға, әдеп сақтауга итермелесуші еді. Маған осы бір қас-қағым сөтте ең қимас, бірақ ең қын өткелден өтуге тұра келді.

— Сол нартәуекелге бірге барсақ қайтеді? — дедім.

Зұhra екі бетінің ұшы қызырып, жүзін төмен салды.

Бұл менің өміріндегі ең бақытты құндер еді. Ертеңінс некеміз қылып, Әмина әлкемнің үйінде шагын тойымыз отті. Әрине, ол кезде жер қайысқан кісі шақырып, ұлан-асыр той жасау мақтан емес еді. Өз басым ондай даңғазалықты жаным қаламайды. Жұпнылау, бірақ ак пейілмен жайылған дастар-қан басында институтта қара нанды қақ бөліп жесіскең, мұны да, сыры да ортақ жолдас-жора; Балқаш өнірінде өмір университетінің ыстық-сұығын тәң көтерген Жақсыбаев, Кравченко сияқты маман инженерлер, ескі дос Арықов, соңдай-ак қайнағам Farip Шәріпұлы мөлдіреген жас келіншегімен отырды. Біздің әулетімізде тұңғыш келін түсіріп отыргандықтан ба, жоқ, табигатынан жайдары ма, ойтеуір әкем мен шешемнің қуаныштан жүрегі жарыла жаздағаны, ал қарындастарым мен інімнің аяқтарының ұшымен зыр жүгіріп, қызмет еткендері өлі көз алдыма.

Жалпы, жар тандау, үй болу — есі дүрыс адамга бір-ак рет берілетін бақыт қой. Ол бақытты баянды ету біздің өзімізге байланысты. Өмірге сергек қарау осы от басынан, оның түтін түтегері — сүйгендегі жарынды сыйлаудан басталады.

VI

Ұмытпасам, қазан айының 23-і болатын. Ағайын-жүрттын, әке-шешеміздің еншілерің деген азын-аулақ көрпетесегі, кесе-шәйнегін буып-түйгендегі бір теңнен артылмады. Барын базар көріп, жолға шықтық. Ол кезде жүрдек поезд некен-саяқ. Багана сайын тоқтап «дем алғанына», вагондағы орынға лайық кісімен шектелмей үстіңізге басып кіріп, сығылышып отырғанға; срілі-қарсылы жүріп сапырылышып жатқанға әбден етіміз үйренген. Уақыт солай, жағдай солай. Көрпене қарап, көслетін кез. Кісілік көрсетіп, шамшыл мінез

байқатқан жан табылса, әрине, ел іші онсыз болған ба, онда оның күні қаран. Жолаушылардың өзі ақ жүнін жүлгап тауықтан бетер қылады. Сондықтан, кім болса да халықтан үлкен емес, ягни бетегеден биік, жусаннан аласа. Әркім әлін, жолын біледі. Соның өзінен-ақ тәртіптің қаталдығы, тізгіннің берік қолда екені созілетін.

Жол ұзак. Ұзақ жол үлкенмен де жүздестіреді, кішімен де таныс етеді. Жаңа облысты үйымдастырғалы бара жатқан бейтанаис азаматтармен бір-бірімізді бұрыннан білетіндей шұрқыраса табысып жаттық. Олар: облыстық партия комитетінің скінші хатшысы есебінде /үйымдастыру түсі гой/ Черных, насиҳат жөніндегі хатшы Талалаев, кадр жөніндегі хатшы Хасенов және облыстық атқару комитеті төрагасының орынбасары Күзембаев. Кейін жаңа облыс шаңырақ көтеріп, оз алдына отау тіккен тұста жиі кездесіп, талай мәселені бірлесіп шешуге тұра келді.

Өскемен ол кезде бүгінгідей емес, шағын гана қалашиқ. Бізді поезддан институтта бірге оқыған Сұлтанқұлов күтіп алды. «Алтайполиметалл» комбинатында директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары болып қызмет істеп жүрген курсатас жолдасымның шекесі қыза қоярлықтай жагдайы шамалы еken. Бірақ көніл сыйған жерге бәрі сияды екен. Аядай бөлмегде, не ыстық, не сүкі сүи жоқ, газ деген үш үйіктасаң түске кірмейді, қысылып-қымтырылып тұрып жаттық. Барымызды бөліп жеп, жогымызга тарылмай, кемедегінің жаны бір дегендей күй кештік.

Ол бір көңілдің көк дөнен бол тұрган, ашпыз-ау, жалаңаш-пыз-ау демейтін, ілгері үмітпен күн кешкен заман еді гой. Жұмысқа барап уақыт, қайтар шақ зан да бар да, күнделікті күйбің тірлікте оны ұстанып жатқан жан баласы жоқ, ерте кstemіз, кеш ораламыз. Шаруабітпей жұмыстан қайту аргасын. Зорлап жатқан, күштеп жатқан ешкім жоқ. Жазылмаган — тәртіпке сінген, пәлен сағат артық істедім, сібесімді ақшалай оте, не артық күн бердеп, алақан жайып келіп жүрген жәнс жан баласын кормейсін. Міндетті шаруаң бітпей, мойның бірдемеге жар бермеу қанга сінген әдет. Қазір не жетпейді дегенде, бізге осы бір жан-төнімен берілгендей, ынта-ықылас, ыждағаттылық жетіспейді. Ең бастысы, қайталап жатсам, гафу отінем, сртсңгс

деген сенім жоқ. Адам осы бір асыл қасиеттен айырылған кезде, қара бастың қамынан аса алмас хал кешеді.

Қойши, жұмыс істей білген кісіге женіл шаруа жоқ. Әйтсе де комбинаттың қат-кабат шаруасы маган жұмбақ сырдың бетін ашып берді. Мен содан бсрі «білемін» деген созі бел шешіп айтуға төуекел ете бермеймін. Өмірдің скі тірегі: үйренуден жалықпау, сосын үйрстуден аянбау дегенді өзіме мақсат стіп қойдым. Әриңе, қаншалықты жүзсеге асты, оған уақыт төреші, тегінде үйренуден жалықпаганым бір құдайға, сосын өзіме аян; ал екіншісіне менімсін қызметтес болған үлкен-кіші әділ бағасын айттар.

Бала күнімізде Алатаудың биік шындарына шыгуга сондай құштар едік. Тау жагалап, жауырыны құжірейген жоталарына гана жетіп, әрі баруга сүлден құрып, төмсін түссер едік. Сондай тұстарда қарагайлы белдерден, шыршалы төскейлерден қара тасты қақ жарып шыққан құшақ жетпес ағаштың білем-білем бол жатқан күре тамырларын көріп қайран қалатынбыз. Мына «Алтайполиметалл» комбинаты да тамырын терсіңгс жайған нөн бәйтерек екен. Мен оның біріне-бірі үқсамайтын, бірақ бірінен-бірін бөле жарып қаруға болмайтын көптеген көсінорындарының жұмысымен танысып шықтым. Зырянъга неше дүркін жол шектім. Белоусов кен басқармасын қаншама шарламадым, менен Глубокосда, Риддерде қалмады. Ойын да, қырын да кезіп, бәрін өз көзіммен көруге, бәрін өз қалыммен ұстауга тұра келді.

Неге екенін кім білсін, комбинатты қайта құру ісі кешеуілдей берді. Бұрын өндірісте жүріп, елмен қоян-қолтық араласып, шаруабасты бол қалған адамға кенешілдік, анығырақ айтқанда, төрешілдік жұмыс менің қолым смес екенінс көзім жетті. Жаңың қаламаған тірлікке қолың бармайды екен. Облыстық партия комитетінің хатшысы Рванцевке көңілімдегі осы құдікті айтып едім:

— Сіздің тағдырыңызды тек Скворцов жолдас шешеді, — деп теріс айналды.

Ләжіз Николай Александровичке ресми хат жазып, қолқа салдым. «Комбинат жайы біржақты болғанша, менің өрним — өндіріс», деген уәжді алға тарттым. Тілегім орындалып, Риддер кенішінде директор бол тағайындалдым. Қараша айының 9-ы

құні аяғыма керзі етік, үстіме брезент, басыма «дулыға» киіп, маған таныс, бейтаныс кеншілдердің қалың ортасына қойып кеттім.

Маған «таныс, бейтаныс кеншілер» деуімнің мынадай мәнісі бар. Мен Риддерді студент кезімнен білемін. 1934 жылы тамыз айының орта тұсынан қырқүектің алгашқы он құндігің дейін практикамызды өткеріп, кеншілермен дәм-тұздас болғанбыз.

Риддерге жету деген бір қиямст-қайым еді. Семейгес дейін итіндең поездбен жетіп, өдан өрі Ертіс бойымен, әлі есімде, «Лобков» деген пароходпен Өскеменге дейін жүзіп бардық. «Жүзіп» деген сөз айтуға женел, естуге әсерлі-ақ. Бірақ ішті көгереттін. Не көп — айлақ көп. Айлақ сайын аялдал, ертеңгі құнді кеш қылатын. Бір төуір жері пароход тоқтаган жerde түргылықты әйелдердің сатпайтыны жоқ-ты. Кілегейі жүзген қою сүт дейсіз бе, қасық батпайтын балдай қаймақ ішесіз бе, жоқ, қаз, үйрек, тауықтың қол басында жұмыртқасын аласыз ба, болмаса майы шылқыған етке тәбетіңіз шаба ма, әйтеуір іздегенің табылады. Бір ішек боп қалған студенттер көп қомағай-лана бермейтін. Оның үстінс қалталары да қалың емес. Әуес асқа аңсарымыз ауса, қогамдасып жіберіп, сатып аламыз. Әйтпесе, аш көзге шаш жете ме!

Ертіс — сл мен слдің дәнекері, ұлан байтак жердің нәрі гана емес, жолаушылар мен жұқ тасымалдаудың күрс тамыры. Сары ала құздегі оның скі жагасы қоздің құртын жейтін. Сұлулығында шек жоқ еді. Жеміс-жидектен дс құралақан емес еді. Қоқтемнің кербез шагын айтпаганның өзінде, мың бүралып, иірім жасай ағатын сұы алты ай жаз арнасынан асып, асау мінез аңғартатын. Үлбі озені, оның тылсым табигаты бірін-бірі то-лықтырып, гажайып өлемге жетслейді.

Өскемен қалашығы мінс, осы скі өзеннің ортасына қоныс тепкен. Иінтрестіре салынған ығы-жығы барактар, жатаган қотыр тамдар, бұрылсыс мен бұлтарысы мол қысқа көшелер... Бірақ жасыл желекке оранған онірдің осем табигаты қоныр төблі — жұпның тіршіліктің кем-кстігін білдірмейтін.

Өскеменнен Риддерге дейін тар табан темір жол төсеген, соган қарамастан комбинат үшін қажетті материалдар мен дайын онімдер Ертіс арқылы тасымалданады. Тар табан жол Үлбіні жагалап отырып, көркем суреттерден гана көрін, тамса-

нып жүретін ғажайып тау бөктерінс тұмсық тірейді де, қарагай аралас қалың қылқан ағашты орманга сұнгіп кетер еді. Одан қайтып шыгу тек қимастық сезімінді оятып, көңілінді жабырқатады. Сұлулыққа сұқтанбас, одан ләzzат алуға үмтүлмас тірі пенде табылmas. Кешегі студенттік шақта басталған табиғатқа деген іңкөрлік есейіп, алды-артынды ойлар шаққа келгенде де еріксіз ықылас аудартқан, оның тілмен айтып жеткізе алмас ғажайып көріністерін көкірек көзбен көруге үмтүлтқан.

Студентке бір ауыз жылы сөздің өзі ат мінгізіп, шапан жапқандай гой. Жатын жеріміздің жайымен директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Мадалесвқа жолыққанбыз. Жылы жүзбен қарсы алды. Бұрынғы партия қызметкері, ал-ғашқы бесжылдық түсінда Қазақ мыс құрылышы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істепті. Ол аштықта жеген қүйқаның дөмін тоқтықта еске алып отырып:

— Тагдыр мені Риддерге текке әкеп тастамаған шыгар. Елдің ертеңі — мына сендерге қамқор болар бір жан керек деген де. Бірақ, сендер бірер қонып аттанатын жолауышының тіршілігін істемей, бір күн болса да жұмысқа өз шаруаларындағ қараңдар, — деп ағалық ескертпе жасады.

Ол сезіндес тұрды. Бізді қаланың бір шеті — онтүстік теріс-кей бетіндегі жатақханага алып кеп жайғастырды. Әбден жолсоқты боп, арып-ашып келген жалаңақ студенттер үшін Мадалеев әкеміз жасамаған жақсылық жасағандай сезіндік. Мұның өзі қамқорлық қана емес, бір жагынан кеніш басшылығы білдірген сенім еді. Ол жауапкершілікті біз жақсы сезіндік. Қайда жұмсамасын, тапсырмаларын тап-түйнақтай стіп орындаپ отырдық. Кезі келсе кетпен шауып, орайы келсе орақ ордық. Белді бекем буып, аз гана уақыт забойшыны алмастырдық; кен тасуши боп та қайрат таныттық; тиянақ жасаушыларды да жоқтатпадық.

Осылай кенші омірінің мектебінен оттік. Қалай дегенмен де ел еңсессін енді-енді көтеріп, техника тілін үйрсне бастаган тұс. Механизмнен горі қол сұбегі — қара жұмыстың басым уақыты. Тау-кен өндірісінде техника атаулы өнің түғрлі түсінде кірмейді. Соган қарамастан слдің сұбеккедеген ықыласы ерекше еді. Біз практикагабарған шақта комбинат директоры Духанов деген азамат еді. Аты жер жарып тұрган. Өндіріс ошақта-

рының басшылары арасында іскерлігімен ел аузына өліккен Духановтың үйымдастырушылық қабілеті оған қарасты жұмыскерлер мен инженер-техниктердің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруына, сойтін бесжылдық тапсырмаларын мерзімінсін бұрын орындаудың ықпал еткен-ді.

Тегінде, қосшылардың көш басшысына қарап сап түзейтін әдеті гой, комбинаттың бас инженері Веберь, Риддер кеңішін басқарған инженер Агеев, бас инженері Капустин, күрделі жұмыстарға жетекшілік еткен инженер Мартынов — бұлардың қай-қайсысы да өндірістің тілін білетін, кесешегіне болжаммен қарайтын мамандар тұғын. Жалпы, олар еліміздің түсті және бағалы металдар ондірісінде аса көрнекті орын алған өнеркәсіпті — Риддерді дамытуға елсулі үлес қосқан іскер жандар.

Бірде Мартынов бізгс күтпеген тапсырма берді.

— Кеңіште қанша шақырым жерге ауа жүретін құбыр төсөлгенін анықтап берсөніздер. Өндіріс үшін аудай қажет, — деп қысқа қайырды.

Құлшына кірістік. Біз бармаган, біз баспаған жер қалмады, Тау кеңі қазылып жатқан тұсты түгел шарладық. Берерін беріп, ескі «қонысқа» айналған горизонттар да назардан тыс қалмады. Ұзындық өлшеуішіміз қолымыздан түспейді. Қалт жіберемей, дөлме-дөлесеп жасап, өрбір горизонт бойынша ауа жіберетін құбыр жүйссін қағазға түсіріп бердік.

Мартынов риза болғаны сонша:

— Біз болашагынан үлкен үміт күтерлік ізбасарларымыздың өсіп келс жатқанын мақтан стуймізге әбден болады, — деп, бүйрықпен алғыс жариялады. Қаражат жагынанда қарқылды. Осы екі-үш айда біз сәдәуір ысылып қалып едік. Қара жұмыстың дөмін таттық, елмен етене араластық, адамдардың тұрмыстіршілігін көрдік, жақсы мен жаманың не екеніне енді басқаша көзбен қарай бастадық. Таным артып, талғам өскен сайын дүниеге деген козқарас ауан ала бастайтынын аңгардық. Ең оздырған шаруамыз: жаңа жолдас, жақсы дос таптық, ақылшы агалармен жүздестік. Соның бірі — белгілі геолог, Риддердің ғана емес, сонымен бірге құллі кенді Алтайды бес саусагындағы білстін П. П. Буров.

Ол:

— Риддердің тарихы бай әрі қызық, — деп отырап еді. —

Оны Қазақстанның Алтай бөлігіндегі кен өндіретін көсіпорындар мен түсті металдар өндірісінің бастауы деп қарастырылған. Риддер тарихын I-Петрдің, патшазада Елизавета Петр қызының, көрнекті тау-кен зерттеушісі А. Демидовтың заманынан іздең жөн.

Шынында да, тарихқа үңілсек, көбімізгс жұмбақ бол келген сырларға қанығасың. Екінші Екатерина 1786 жылы «асыл тастар мен пайдалы қазбаларға» барлау жасау туралы жарлық шыгарады. Патшазаданың өкімі екі етілмек смес, Барнаулдан бірнеше барлау экспедициясы қатар аттанады. Олар Катон, Үбі және Үлбі өзендерінің жоғарғы жағына қарай ат басын бүрады. Тау-кен ісінің білгірі саналатын офицер Ф. Риддер бастаган барлау партиясы сол жылы — 1786 жылы келешегі кереметтей кен орнын ашып, қада қағады. Кен орны да, озен дс сол геологтың есімімен аталады. 1791 жылы Зырян, ал 1797 жылы Белоусов кен орны ашылып, Риддерде 1791 жылы тау-кен жұмыстары басталды. Тарихшылардың деректерінс қараганда, Д. Риддер кен өндіруді ұлгайту үшін жиіаралық бүргылау төсілін ондіріске енгізеді. Ал, кенді қопару дәрінің күшімен жүргізіледі. Жұмыс үш ауысыммен істеледі. Ауысымга зембіл орнына арбалар пайдаланылады. Кен табанына жиналған суды насоспен тартып алууды жүзеге асырабастайды. Риддер кеніші осы аудандагы кен орындарын ашып, пайдалануга берудің үлгісінс айналады. Мәселен, 1812 жылы Крюков, арага бес жыл салып Филипов, ал 1820 жылы Сокольный кеніштері іске қосылады. Алтайда бағалы металдардың көзін тауып, кен қазу жөнс оны ондсу ісінде А. Демидов деген ірі өндірішшінің сінірген сіңбегі аз болмапты. Бірақ Шығыс Қазақстанга келуге тағдыр жазбаса керек, 1745 жылы дүниес салыпты. Артынша, 1747 жылы оның Алтай өніріндегі заводтары мен кеніштері мұрагерлерінен тартып алынады да, патшазада Елизавета Петрқызының атына көширледі. Арада жеті жыл салып скінші Екатерина мұбәрәк қолымен олғі кеніштер мен заводтар озінің иелігіне көшкенін, яки Демидовтан қалған Алтайdagы бар игіліктің қожасы тек өзі екенін жазады. Айдарынан жел есіп, ак дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс бол түрган патшазадага тірі пендс бетінс келу кайда. Қазіргі Шығыс Қазақстан, Кемерово, Новосібір, Томск облысының бір болігі, Алтай олкесі түгел ағзамының боданына

айналады. Кешегі Қазан төңкерісіне дейін осынша ұлан-гайыр жердің көлкөсір байлығын император әулесті теспей сорды. Бар қазна басқага смес, тікелей ақ патшаның жеке өзінің үлссіне түсіп отырды.

XIX гасырдың аяқ шені мен XX гасырдың басында император оулетінің кабинетін басқаратын алпауыттар өздері кеңір-дектеп біткен соң, шет сл капиталистерімден ауыз жаласып, кен орындарын бірінен кейін бірін концессияға өткізе бастайды. 1908 жылы отыз жыл мерзімге Австрия компаниясы шылқа майға батады. Бұл шарт тек 1911 жылы күшін жойды. Бірақ 1914 жылға дейін түйсін түгімен жұтқан Федоровпен тонын ішкі бауындай аралас-құралас лейтенант Романов атамыш кенінштерді барынша өз пайдасына асырады. Сол жылы Риддер кен орны ағылшын миллионерінің компаниясындағы концессияға — оз пайдасы жолында сынық инеге дейін көдесіне асыра билетін іскер жан, қазак топырагында аса ірі корпорация үйымдастырган Лесли Уркварттың еншісіне тиеді. Содан төрт жыл бойына түгін тартса майы шыгатын жердегі қол жетпес қазынаны есепсіз пайдаланған Уркварт кен қазу жұмысын 1918 жылғы мамырдың 11-жүлдезындағы В. И. Ленин қол қойған Халық комисариатының қаулысынан кейін іләжіз тоқтатады. Барлық көсіпорын, сондай-ақ Риддер темір жолы Кеңес мемлекетінің қарамагына өтеді.

Риддердің біздің көбіміз білс бермейтін қысқаша тарихы, мінс, осындай. Ол Қазақстанда түсті металургияны өркенде-тудің алгашқы арнасы болған көсіпорын. Мұнда тұнғыш рет корғасын заводы мен Харпузов су электр станицасы салынды. Оның бірінші қызыл директоры Р. А. Дрейман деген кісі. Владимир Ильич оны өзі тагайындаған екен.

Қашанда бірінші болу құрметті, бірақ тыңнан соқпақ салу, оның үстінс аш-жалаңаш, мешеу слде ірі көсіпорынды жолға қою оңайга түспегені анық. Сондай қыын-қыстау шақта бар ауыртпалықты директормен тең көтерген инженер И. В. Державин мен В. А. Врублевскийдің есімдерін кейінгі үрпақ естімсіген де шыгар. Мінс, содан бері Риддердің қоры жагынан да, металдың құрамы жагынан да біздің слімізде тендесі жоқ кен байлығы халық иғлілігінс қызмет стіп келеді. Ал, Зырян мен Ертіс өнірі 1930 жылға дейін ағылшынның «Ленс Гольдфиль-

да» компаниясының концесиясында болғандықтан олардың қанат жаюы кешеуілдеп басталды. Орталық Комитет 1931 жылғы 15 тамыздағы шешімімен гана атамыш көсіпорын мән Глубокое, Белоусов кеніштері жедел қолға алынды.

БК/б/П XVI съезінің шешіміндегі: «Уралда, Қазақстанда және Сібірде түсті metallurgия заводтарын салу аса маңызды міндет болып табылады» деп айрықша мән берілген-ді. Кенді Алтайды өркендеуде КСРО Ғылым Академиясы откізген 1934 жылғы 10—15 қаращадагы конференциясының орасан зор ықпалы болды. Ол негізінен осы өңірдің табиғи қорын жанжақты зерттеу мен игеруге арналған еді.

Мұның бәрі қағаз жүзіндегі характеристтер. Ал, оны жүзеге асыру үлкен күшке түсепі анық. Оған қашшама жігер-қайрат, ақыл-ой, тынымсыз ізденіс керек! Жүйке жүқартар мазасыз күндер мен түндер күтіп тұрды. Солқылдақтық жасамай, босбес-улікке үрынбай үткінды жолдас стіп жұмыс істемеске, білек сыйбанбасқа не шара. Төуекел түбі — жел қайық, отссін де кетесін дегендей, жауапкершілік жүргін жеңілдстペуге тырысып, шаруага кіріспін тे кетіп едім.

Қараша айында Шығыс жері ешкімді еркелесте қоймайды. Қара суығы мен сүйрек қаққан қызыл желі етек-женді жинақы үстауга қамшы болатын. Бірақ жаңа шаңырақ котерген Зұhra екеумізге Риддерден пәтер тиесі қоймады, біз де берсек де берсін, бермесек де берссің деп, тақақтай қойғанымыз жоқ. Оның үстінен соқа басымыз, сыймай жатқан басы артық дүниесіміз жоқ. «Алтай» қонақ үйінен скі болмелік номер беріліп, біраз сонда тұрдық. Көп кешікпей, ұмытпасам, желтоқсанның ішінде Береговой деген көшеден торт болмелі үй ұсынды. Шаруашылық басқарушысы қарқ қылдым деген болуы керек:

— Екі қабат үй, скі болмессі скінші қабатта, скі болмессі төменгі — бірінші қабатта. Терезелері күнгө қараган, тұрган ауданы да кісі қызыққандай, — деп жер-кокке сыйғызбай мақтайдай жонелді.

— Терезелерінің күнгө қараганы, тұрган жерінің жақсы болғаны дұрыс, ал скі қабат үйге түгел жайгасатындей атым-бәйгеден келген жоқ, — дедім.

Күмілжіген ол:

— Үлкен бір кеніштің директоры... — деп сөз аяғын сиырқүйымшақтатып жіберді.

— Маган қисаң, екінші қабатын бер, сенің жасаган жақсылығың сол болсын, ал бірінші қабаттагы скі болмғе осы кеніште үйсіз-күйсіз жүрген біреулер бар шыгар. Соган бер, — деп пышақ кесті пікірімді айттым.

Келесі күні бізбен бірге учаске мемлекеттік Зубарев деген жігіт көшіп келіп, қоныс тойын жасап жатты. Қосіпорынның інаруашылық басқармасынан уақытша пайдалануга ескілеу бір темір керсеует, стол, бесс-алты орындық сұрап алдық. Қейін, 1940 жылы көктем шыға Зүhra ертеділі-кеш есік алдындағы үй орнында жерді айналдырып, қауын-қарбыз, қияр, жуа егіп, ала жаздай көкөніссіз болмадық. Коши-қондарыңа деп берген үкіметтің көтерме қаржысына сиыр сатып алдық, қалған азын-аулақ ақшаны ас үйге қажетті ыдыс-аяққа жұмсадық. Сойтіп, үліжайлы болып, сл қатарлы тұтін тұтсте бастадық. Есігінің алдында сауын сиыры, қора-қопсысы, бау-шарбагы бар адам кімнен кем? Әңгімс байлықта смес, барлықта. Оны бірсө жасап бермейді. Қолы қымылдамаганның аузы қымылдамайды. Бар пәле қолымыз алдымызға ұйымай жүрсс де қомагайлықпен ауыз ашып, дайын асқа тік қасық болғымыз келсіді. Жалқаулық, керенаулық дерптес ұшырадық. Барымызды базарлай алмайтын халғе жеттік. Ауылда отырып, бала-шагамызды аузын агарғаннан, алты ай жаз көконістен қақтық. Бұрын елдегілер қаганақ жасап, уыз көжесін ұзбейтін, күбі-күбі айран пісіт, қарын-қарын май алып, кісі қолына қарау дегенді бітмейтін. Бал татыған қаймақ дейсіз бе, жессең — ас, шолдессең — сусын болғандай ежегей, құрт дейсіз бе — бәрі ішкеннің алдында, ішпегеннің артында тұратын. Енді ауызды қу шөппен сұрткен келіндеріміз ат арытып, тон тоздырып қала базарына жүгірстінді шыгарды. Көпкө топырақ шашуға болмас, бірақ бұл қазақтың қанында жоқ, мәндай терін төгіп жүріп ішкен асын, жеген дәмін бойға құт санаган халықтың жалқаулық, жатып ішерлік жат мінезден арылар мезгіл әлдеқашан жетті. Үрпак кешірмес күнө бұл. Өмір салты, халық дәстүрі, бар қасиет айтумен смес, құдайға шүкір, ол жагынан кенде смеспіз, іспен, тіршілікпен сабактасады. Қөргені жақсы гана конілдегідей іс тындырады. Әттен, сыншы көп тे, мінін білдірмес шаруақор жан азайып барады. Өкініші кетпес бір ісіміз осы болып жүрмесс негылсын. Алтын иненің иесі — аналар, бүгінгі келіндер, сол бір қын-қыстау

күндердегі жастық шақтың кейбір кезеңдері ессе түскен соң, ойға келгенді өзіммен бірге ала кетпей, өздеріңізben боліспін жатсам, қартайғанда қиқым теріп кетіптігे санамассыздар. Рас, бұл бір күннің «жемісі» емес. Бұл дерт ерте кезден, анығырақ айтқанда, слуінші жылдардың екінші жартысынан басталды. Сталин тұсында елді мекендердегі шаруалар құлақ кесті құлдан бетер бейнет шегіп, паспортсыз дүнис кешсе, Хрущев оларға ерік берс отырып, алды-артына қарамай қогамдық құрылышқа белсендін араласады деп, қолдарындагы малды сыптырып алды. Ол елге: «Жемшөп іздеп әуре болмайсындар, малды бағып-қағып жатпайсындар, қолмен сауып, сарсанға түспейсіндер, оның есесін фермадан тегін сүт аласындар» дегенді жанталаса уағыздатты. Ол шаруаның жерге, малға және жемшөпке деген кепілдік меншік хұқы гана — бар қындықтан, жоқтықтан құтқаратынын түсінбеді. Мемлекет көл-косір бюджеттік қаржы бөлгендеге гана ауыл өмірін, оның тыныс-тіршілігін, тұрмысын өзгерте алады десуден танбады. Үлттық ерекшелікті, жергілікті жерлердің жағдайын ескермей, тізеге салды. Коллективтедіруші тұсындағы «асыра сілтесу болмасын, аша түяқ қалмасын» деген ұран енді басқа қырынан жүзеге асырылды. Соның зардабын әлі тартып клеміз. Одан құтылудың жолы — уақыттының дүрыс сезіну, бейқамдықтан арылу, өзге халықтың бойында жақсы қасиетті көріп қана қоймай, танып-біліп қана қоймай, өз өміріңе өзек сту; бейнет болмай зейнет жоқ, соны жанымен үгіну, жас үрпактың тал бойына егу.

Бас екен болмай — мал екен болмаға деген рас екен. Бұрын жатақханага шаршап-шалдығып келгенде, далага келгендей құлазып, үйқыны олжа көрсек, оған да шүкір, өз үйін — олең төсегін дегендей, алдыңнан жадырап жарың шықса, тапшылыққа қарамастан жоқтан бар жасалып, дастарханың жаюлы тұрса, дос-жараның бергсінде гана смес, ықылас-пейілінде тойып аттанса, ер жігіттің бір мұраты осы смес пе. Біз қазақтың жолын жасап, шашу шашып, табалдырығынан он аягымызбен аттаган үйіміз және бір артықшылығы бар еді. Терезеден Григорьев шахтасының шойын тоқнагы жақсы көрінестін. Үйдес отырып-ақ шойын тоқпактың шығырларының қозғалып, айналғанынан кеннің қалай өндіріліп жатқанын бағдарлау қын емес-ті.

Келсі күні қалалық партия комитетінің хатшысына ба-рып, жұмысқа кірісксінді хабарладым. Уақытша директор міндетін атқарған «Алтайполиметалл» комбинаттың бас инженері Немешев мәні кеніштің басшы құрамына таныстырыды. Риддер кенішіндегі директорлық қызметім осылай басталды.

Өз абыройымды асыру үшін айтқалы отырганым жоқ, шын мәнісіндегі, істің жайы көніл көншітпейтін еді. Кеніш тұралап тұрган, кен іныгару жоспары орындалмай, елдің еңесі түскелі біраз болған екен. Жогарғы ендіктен (горизонттан) аларын обден алып бітіпті, өнім негізінен тоғызынышы, сөзінші, ішінара жетінші сіндіктен ондірілетін халғе жеткен. Таусыла сөйлес, түніле күніренгеннен пайда шамалы. Арқаны кенге салуға уақыт тар. Сондықтан шұғыл шараптар қабылданап, елді соган, жұмылдыру міндеті тұрды. Жаңа шахтаның құрылышына жедел кірістік. Ол Риддердің негізгі қоры онынышы және он бірінші ендіктердің көзін ашып, пайдалануға мүмкіндік ашатын-ды. Басқа да қосалқы шахтаны тиімді пайдалану жағы ойластырылды. Адамдарды төмен түсіріп, жоғары алып шыгу үшін, сондай-ақ арлы-берлі жүк тасуға таптырмайтын «көлік» еді. Көрші Сокольный кенішінде жетінші жөнс сегізінші сіндіктерден кенді сыртқа шыгаратын Андреев шахтасы еді. Онда Мұхтарұлы деген білікті инженер директор тұғын. Ісінс мығым, шаруасы тынбай, дамыл көрмейтін. Салынып жатқан № 3 байыту фабрикасын іске қосуға дайындау, оны қажетті кенмен қамтамасыз етудің бар салмагы осы екі кенішке түсстін-ді. Оның сол кездегі қуаты шамалы еді. Сондықтан алып фабриканың «көмейін бітеу» үшін көп күш жұмсауга, яки мол кен өндіру қажет болды. Риддер соның ауыр жүгін арқалауга тиісті еді. Демек, күллі ел мұқтаж болып отырган мырыш пен қорғасын өндірісін арттыру мөселесі тікелей осы кенішке байланысты еді.

Ақыры не керсек, екі ай ішінде етек-жәсіміз жинақталып қалды. Қаңтар айының алғашқы күндерінен-ақ кеніш жоспары орындала бастады. Құрделі тау-кен істері, кен өндіру, еңбек өнімділігін арттыру, жұмыстың жаңа әдістерін өндіріске енгізу сияқты негізгі буындар бойынша социалистік жарыс кен қанат жайды. Өнертапқыштық өріс алды. «Алтайполиметалл» комбинатында жүргендс өзім тікелей араласқан инженерлер Гришиннің, Ледневтің, Галченковтың, Черемушенцевтің ұсыныс-

тари тән-тәуір нәтиже берді. Ұсыныстың түйіні мынада еді: сегізінші ендіктен бастап төменгі барлық кен көздері бірнеше бөлікке бөлінді. Соның арқасында бір мезгілде жұмыс істейтін забойдың саны көбейіп, забойдан кен түсіретін орынға дейінгі тасымалдау арқашықтығы едәуір қысқарды. Сөйтіп, еңбек өнімділігі артты. Әлгі бөліктерден кен қабатын алу ісіне қатаң тәртіп орнатылды. Қазақша айтқанда, қайла батлас қатты кен қабаттары төменинен жоғары қарай, ал өзінен өзі «үгітіліп» тұрган жұмсақтары жоғарыдан төмен қарай алынады. Жұмыстың мұндай тәсілінің дұрыстығын оны өндіріске енгізу ісін басқарған инженер Сыразутдинов дудемал тудырмайтындей тып дәлелдеп берді.

Адамға өзі сүйген ісінің сүйінішін сезінуден асқан бақыт бар ма! Әй, қайдам, жоқ шыгар! Өлде біреулерді жалықтырып алам-ау демейсің, көрген-білгенін айтқысы келіп, бірінен соң бірі сөзді алып кете беретін өнгімешіл аңшылардан бетерсін. Қалай болғанда да, мынаны айтпай кету қиянат болар еді.

1939—1940 жылдары бұргылау үшін балқытылып құйылған шар болаттан да мықты победит бұрғылар кеңінен қолданыла бастады. Бұрғылардың мұндай түрін пайдалану экономикалық жағынан тиімді бол шықты. Ұзындығы әрқалай 28—30 қаңталған бұргыны жұмысқа қосу үшін кемі 6—8 шаршы метрлік забой қажет болса, победиттен жасалған жаңа бұргының үш-үштен бір топтамасы гана жұмсалады. Көбімізге жұмбақ бол, көнілді құпті еткен бұл жаңалықты өндіріске енгізуді Астраханцев деген инженер шүгілданды. Кеніште өз ісінің асқан білгірі деп есептелеғін көсіптік шеберлігі жоғары жұмысшылар аз емес еді. 1935—1936 жылдардан-ақ есімі ел-жүртқа танымал өндіріс озаттары — шахтерлер намысын қолдан бермей, абыройларын жоғары үстап тұрган. Олардың қатарында, яғни алғашқы стахановшылардың бірінен саналған бұргышы Біләл Ықласов бар еді. Біз өзімізде жинақталған іс-тәжірибемен шектелмей Кривойрог бассейніндегі Ильич атындағы шахтаның атақты бұрғышы А. Семиволос пен оның Уралдагы ізбасары Янкиннің үлгісін кеңінен таратада білдік. Кеніштің учаске бастықтары мен стахановшылардың кеңесінде бұл мәселеге арнайы тоқталаип, көпзабойлылықты, көпперфаторлылықты және шылап бұрғылау әдісін барынша қолдану мәселесін шештік. Шүгіл

қолға алған шара жақсы нәтиже берс бастады. Семиволос пен Янкиннің әдісі бойынша алғаш білек сыйбана кіріскең Георгий Хайдин, Василий Роздрачев, Балпан Тайжанов, Ахметқали Ахметжанов, Василий Ларкин, ағайынды Петр мен Георгий Нефедовтар, Василий Скосырев, Василий Слабух және басқа-лардың көрсеткіштері көңіл көншітерліктей еді. Еңбек өнімділігі 3—4 есе артты. Георгий Хайдин дербес ауысымда нормасын 500 процентке орындалп, Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Скворцовтың тікелей өзінен құттықтау телеграмма алды. Ал, адал еңбегімен абырой жинаған бүргышы Тайжанов пен Сарманов жоспарын 200 проценттен кем орындалп көрген емес. Ара-тұра 250—280 процентке орындалп, естіген елді ерікіз сленг еткізгені бар.

Әркімнің-ақ өз жұмысына деген ерекше ықыласы осындай тыныс тудырған. Мұның өзі кенді жинап, қаттау жұмыстарын механикаландыруға елеулі ықпалын тигізді. Кенді электротартқышпен тасымалдау ісін жүзеге асыратын күн де таяу еді. Қайсыбір игі бастаманың, ізгі тірліктің басы-қасында, мұны айтудан жалақпаймын, коммунистер жүретін. Жақсылықты көре білген кісі жамандық атаулыға төзімсіз болады. Мен қарт коммунистердің бойындағы осындай асыл қасиетті ардақ тұтуды былай қойғанда, қадіріне жетпей, олардың құс-құс қолымен жасалған иғілік атаулыны тәрк етуге даяр тұратын «сыншыларды» түсінуден қалдым. Рас, өткеннің бөрі мінсіз дей алмаймын. Кемшілік болды. Үлкен істер үлкен «эттегенайсызы» бітпейді. Бірақ олқылышты айтамын деп, орынсыз қаралауға бару — тарихқа қүйе жагу. Әйтпесе, кеніштің партком хатшысы Фадеев, сонау Қоңыратта қоян-қолтық жұмыс істеген, кәсіподақ үйыминың тәрагасы Кожемяко ссімдерін ерекше ықыласпен еске алар сілім. Олар, сш жалғаны жоқ, ұжымдардың агаларындей ақылшы, әкелеріндей қамқор, жан достарындей сырлас еді, ал қажет кезінде қара қылды қақ жаратын әділ де турашыл мінездері нағыз коммуниске төн қасиет тұғын. Ондай азаматтар аз емес, бірақ бір құмалақтың бір қарын майды шірітетініндей, базбіреулердің жолбикелігі кесел боп жабысып, жанға жара салып жүрген жоқ па?! Батпандаң кірген дерттен мыскадал арылганша не заман, оттен...

Тау-кен жұмысының ерекшелігі – жұмыс орны – забой

ұнемі қозгалыс үстінде болады, ұнемі жағдай өзгеріп отырады. Сондықтан өндірісті жедел де тиімді басқару үшін қозгалыс жайын, өзгеріс сиррын білген абзал. Мәселен, бір забойда қысым көтеріліп, дүниені кернеп тұrsa, екінші бірінде қопарылыс жұмысы мұлт кетіп, астан-кестені шығып жатады. Соның бөріне участке бастықтарының шүгыл араласуына тұра келеді. Бір сөзben айтқанда, шаруалары бастан асып, бір қолын скі ете алмай жүргені. Истің ілгері басуы жұмыс орындарының сақадай сай болуына, материалдармен толық қамтамасыз етілуіне тіке-лей байланысты. Мұны таптүйнақтай етіп, етек-жені жинақ жүретін кімдер дегендеге, бұл ең әуелі участке бастықтарының, олардың қарамағындағы бұрын штейгер деп аталатын тау-кен мастерлерінің, участке механиктерінің, сондай-ақ маркшейдерлер мен геологиялық қызмет тобының көтеретін жүгі. Сен саларда мен салар, атқа жемді кім салардың кебін киген жерде, жауапкершілікті арымен сезінбеген кісіде береке болмайды. Ұзақ жылдар бойы адам факторы дегенді жагымыз сембей айтып та, соған үндеп те келдік қой. Соның түйіні; адамды ісінде ғана таны. Сыныққа сылтау іздеп, жоқты желсу етті дегенше, іс құрдымға кетті дей бер. Басшының тізгінді тарта ұстайтын тұсы осы, өзгеге сене біл, бірақ бұл сенген адамыңнан талап етпе, істің орындалуын қадағалама деген сөз смес. Егер кениш 1940 жылдың жоспарын барлық көрсеткіштер бойынша мерзімінен бұрын орындалап шықса, халық комиссары П. Ф. Ломаковтан құттықтау хат алып, ауыспалы Қызыл туга қоса ақшалай сыйлыққа қарқ болса, ол тек осында ыждаһатты жұмыстың нәтижесі еді. Көргені жақсы көш бастайды. Артында қалдырган мұратты ісі, ізгі жолы бар азаматтардың — участке бастықтары: У. Шкилевтің, С. Астафьевтің, А. Поповтің, Р. Оспановтың, Гук пен Пишелъниковтың, маркшейдер Шишковтың, құрделі жұмыстар бастығы Самородскийдің, кениш механигі А. Донченконың есімдерін жаңғырта кетер едім.

Үлкен кенишке зор үміт артушылар аз смес еді.Оның күнбек-күнгі тынысын қалт жібермей, қадағалап қана қоймай, келелі мәселелерді шешуге қоян-қолтық араласатын Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің, обкомның басшылары, тұсті metallurgия министрлігінің жауапты қызметкөрі жиекеліп тұратын. Обком хатшысы Рванцев жылына екі-ұш рет ат ізін салуды дәстүрге айналдырган. Біз бір-бірімізді бұрыннан

білетінбіз. Мамандығы — инженер-металлург. Мен оқыған институтты ертеректе бітірген, тәжірибесі мол, елдің қамын жеп, қамқор бол жүретін азамат-ты. Кенішке ат басын тірсеген сайын партия активінде сөйлеп, міндестімізді айқындал беріп кететін. Ел оған ерекше құрметпен қарайтын.

Ұмытпасам, 1940 жылдың жайма-шуақ жазы болатын. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің скінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов келді. Қасында — Рванцев. Жұмакенді газеттерде шыққан суретінен көрмесем, бетпе-бет келіп, жүздескен емес едім. Ол кезде алты қырдың астынан қарсы алу өдестте жоқ. Тұп-тура кеніш басында кездестік. Асығыс байлам жасамайтын, бірақ алғырлығы шу дегенмен аңғарылып қала-тын қасиеті бар екен. Рванцев таныстыра бергеннен сөзін бөліп:

— Шалғайдагылар болмаса, орталықтагылар қиядагы қырандарын жақсы біледі. Одан да кеніштегі алдыңғы саптан танылып жүрген забойшының жұмыс өдісімен жақынырақ таныстырығаныңыз жөн болар, — деді.

Біз тогызынышы ендіктегі санылау жоқ, қап-қаранғы шахта-мен төмен түстік. Әрине, бұрын жеті қат жер астына түспек түгілі тұртсек көрісіз қара түнек үңгірге аттап басуға жүрегі дауалай бермейтін басымыз ертелі-кеш шахтамен түсіп-шығуға бой үйренген. Қонақтар жүрексінгендерін жасыра алмай:

— Жаңын шүберекке түйіп, лаваларда кен қазуды былай қойғанда мына тас қаранғы шахтамен жер қойнауына сұңғіп шығудың өзі мың ерлік қой, — деді. Біз құрметті қонақтың кеншілер омірінен ден қойып, олардың рақатынан гөрі азабы мол сіңбегін бағалай білгеніне сүйсіндік.

Біз жаңашыл, адал еңбегін гана абырай санаган озат бұр-ғышы Тайжанов жұмыс істеп жатқан забойдан бір-ак шықтық. Ол бұргылау техникасының бссасрап маманы тұғын. Тау жыныстарын бұргылайтын көп перфораторлы өдісті жете меңгеріп, ылғал салып бұргылаудың өзіндік сырын ашқан-ды. Бір тоға, тау қозгалса да селт еті қоймайтын, мінезі ауыр кісі. Табигаты жуас. Қазақтың кең пішілген азаматы. Бір гажабы, қанша жыл орыс арасында жұмыс істеп жүрді, бір ауыз орысша сөйлемей кетті. Жек көргендіктен емессі анық. Олай деуге ауыз бармайды, өйткені әйелі орыс еді. Жігіттер:

— Тайжановқа бір ауыз орысша үйреткенше, біз қазақшаны судай ағызамыз, — деп өзілдейтін. Ол: «құдай қондырмаган баққа жармасқанмен болмайды» деп, уәж айтатын.

Екінші хатшы кенші жігітке дән риза екен:

— Көсеген қөгерсін! — деп батасын берді.

Біз Қазақ КСР-інің 20 жылдығын лайықты қарсы алуға бір кісідей жұмыла кірісп қеттік.

* * *

Сол жылды менің есімнен ешқашан шықпас және срекше бір кездесудің қуосі болды. Омар Һайям айтқандай, жақсылармен өрбір жүздесуің жылга бергісіз өмір гой. Ой, қайран Мұхаңың мүлде жөні бөлек еді гой. Ондай ұлы адамның әр сөзі, әр қимылды, әр ісі жанға азық, жастарға гибрат. Көшелі кісіні қөргеннің өзін айта алмай отыратын қазекемді, онымен тонның ішкі бауындай сыйлас, сырлас болған менің Мұхаң жайындағы естелігім сұнжар қалдырmas деп білем.

Жұмыс бабы сіңбіруге шама келтірген бе? Кеңсеге бас сұқсаң болды, алдың босамайды. Оның үстіне жеке шаруасымен келген кісілерді қабылдайтын күнім, уақытқа шек қойып, пәлсініп жату жок. Кімнің де болса құдайдан бір үміті бар, шаруам тынса деп, ол құпті қөнілмен табалдырығынан аттайды, алдыңа келген адамға қолыңнан келген жақсылығынды жасап, риза қылышп аттандырсам деп, сен намысқа тырысып отырасын. Сондай бір қарбалас күн еді. Хатшы қыз асығыс кіріп:

— Жазушы Өуезовпін деп бір кісі қабылдауызызга келіп отыр. Жазушы дейін дессем, жұпның киінілті. Қарапайым. Түсінсем бүйірмасын, жұмысшылармен пөленбай жылдан аралас-құралас жүрген адамдай смен-жарқын әңгімелесіп отыр, — деді.

Мен де өз құлагыма өзім сенбедім. «Апыр-ау, ұлы суресткер ат арытып, тон тоздырып бір шеттегі күнгей слге де ат ізін салады екен-ау, — деді бір ой қуаныш отын үрлеп. Сонда да секемшіл қөніл:

— Рас айтасыз ба? — деп қайталап сұратты.

Мұхаңды естуім болмаса, шыгармаларын оқығаным болмаса, өмірі қөрген жан емесспін. Алматыдагы № 14 мектепте оқып жүрген кезімде, шамасы, тогызыншы кластың оқушысы

шыгармын, ойдың да, бойдың да өсіп, айналаңа іңкөр көнілмен коз тастап, сұлулық әлемінен сыр сабактай бастаган шагымыз. «Қаракөз» сахнадан түспей, үлкен-кіші түгел жапырылып кеп, театрға барып жатқан. Қызық көріп мен де бардым. Әлі көз алдыма. Қаракөздің ролін тамаша өнсер иссі, бірақ сахнадан тым ерте қол үзіп кеткен Зуһра Атабасева, ал Сырымды оның күйсүі Құрманбек Жандарбеков ойнады. Келістіріп ойнаганда-ры сонша, Қаракөздің қасіретпен аяқталар тағдыры жан бала-сын жайбарақат қалдырмаган. Көзіне жас алмаған, әділетсіз омірдің құрбаны болған пәк сезімге аянышпен қарамаған кісі кемдес-кем еді. Оナン кейін «Қаралы сұлуды», «Карашибар-оқиғасын», «Корғансыздың күнін», «Кінәшіл бойжеткенді», «Көксеректі» оқып, Мұханың жазғандарына бауыр басып кеткен едім. Мінс, енді ол кісінің озімен жүздескелі түрмyn.

Жасыратын несі бар, тірі жазушымен түңгыш рет бетпес-бет келуім, қуанышым қойныма сыймаган да шыгар, қызыгу да жоқ смес еді, құштар көңіл мені қабылдау бөлмесіне қарай дедектете жөнелді. Директорлық лауазым жайына қалды.

Шынында да ол кісі бір топ жұмыскердің ортасында әңгімсінің қызығына түсіп, дүниені ұмыт қалдыргандай әдемі бір көңіл қүйде отыр скен. Қайдан тапқанын білмеймін, үстінде жұмыс-ши киімі, аяғында көрзі стік.

Біз ұзақ әңгімелестік. Кеудемді мақтаныш сезімі биледі ме, олде жеті қат жер астында жүріп, кен қазган қазақ өмірден шет қалмай, оның да өнсерді, әдебисті жанындағы сүйетінін аңгарт-қым келді ме, әйтеуір, соз орайы келген тұста ол кісінің жогарыда аты аталған шыгармаларын оқығанымды айттым.

— Пәлі, қазақтың көркем әдебисті өндіріс ошактарын аралап, тау қопарып, тас жарған құрыш білекті азаматтардың рухани өжестіне жарап жатқаны жақсы нышан, — деп саусақтарының ұшымен он жақ танауын слеусіз көтеріп қойды.

— Өкінішкес орай, қазақ жұмышшылары саусақпен санар-лық. Солардың қатарын қайтсең арттырамыз деп, намысқа тырысып жатырмыз, — дедім.

Ол кісі бұған слең сте қалды. Кітаптарыңызды оқыдым дегеннен бетер қуанды.

— Бұл баршамызға ортақ міндст. Санын да, сапасын да арттыруға ұмтылсақ еді. Қосіпкес бейімделіп қана қоймай, көкі-

рек көздері ашылар, сілкініп, дүниеге сергек қарай бастар еді. Сонынан өрген бала-шага соган бауыр басып, жұмысшы әuletінің жаңа ұрпағы осіп шығар еді. Тайжановтар шыңға дарақ шықкан шынар гой. Әсте, шынар ұрығын етске шашпайтын қасиеті бар. Сондай болып жүрмесе?.. Жә, өздеріндей ел тізгінін ұстаган жігіттер, ендігі бар аманат өздерінде...

— Мұха, қазақ: «Ауыр істен қорықпа, ауыр сөзден қорық» дейді екен, үлкен салмақ салып отырсыз. Қара бастың бабын емес, елдің жайын ойлай келген соң, мандайы жарылған батырдай намысқа тырысармыз. Азды-көпті әрекетіміз өздеріңіздей ой тоқыған ағалардың қиялына қанат байлардай нәр болса, одан асқан оздырарымыз бар деп айта алман.

— Тура айтпасаң да, түспалдай отырып маған да салмақ салып тұрганыңды түсіндім. Уақыт жазса, дәм-тұзы тартып, құйысқан көтерткен Риддер қаламға да қайрат бергендей, желпініп қайтып барамын. Құдай қос көрсс...

Біз сол жерде төс қағыстырып, құшақ айқастырып, қимай қоштастық. Шынында да ниетімізді құдай қос көріпті. Құда болдық. Менің Аскар деген інім ұлы суреткердің Ләйлә деген қызына үйленді. Бірақ ол кісі Риддер жайлы жазам дегенін қағазға түсіре алды ма, жоқ па, кезінде қанша рет сұраймын деп жүріп, тарс есімнен шығып кете беріпті. Әдебиетші ғалымдар назар аударып, зерделесс, осы бір жұмбактың сырын аша жатар деймін. Қанша айтқанмен Мұхаң сияқты кесек тұлға көніл төріндеғісін өзімен бірге алып кетпесі анық.

Әр жылдың өз ерекшелігі, өз орны бар. Жадында жатталған жақсы жырдай бүкіл ел боп тойлаган ортақ қуаныштар әсте ұмытылар ма. Сондай дүбірлі той — Қазақстанның жиырма жылдығы. Салтанатты мәжіліске кенинілер өздерінің өкілі ретінде мені жіберді. Менің түстастарым күә, ол кездे жоғарыдағы жасалған тізім бойынша емес, сл өз тандауын жасап, қалауындағы жанға аманат жүктеп аттандыратын. Көшіліктің көнілі маған түскеніне төбем көкке жеткендей қуандым. Осы күнгі 8-наурыз берілген Комсомол көшеслерінің қызылысқан жеріндегі Орталық концерт залының орнында Мәдениет сарайы бар еді. Салтанатты жиын сонда өтті. Тойдан оралысымен жылдық жемісті қорытындылау жолында үлкен іске жұмылдық. Алда КСРО Жоғарғы Кенесінің сайлауы тұрды. Біз оған депутат-

тыққа кандидат стіп Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Скворцовты ұсынғанбыз. Ол кісі сайлаушылармен кездесуге сол кездегі қауіпсіздік халық комиссары Бабкинді, «Казахстанская правда» газетінің редакторы Недфедовты, сосын облыс басшыларын ерте келіпті. Әңгіме қол жеткізген табысты емес, жоқ-жітігіміз қайсы, кемшилік сырны неде, оны түзетудің жолы қандай, міне, осы орайда әлеуметтік, мәдени және экономикалық мәселелер егжей-төгжейі талқыланып, нақты шаралары белгіленді. Сөз сөйлеген жұмысшылардың қай-қайсы болмасын ұсынылып отырған депутатқа кандидатқа азды-көпті аманатпен шектелмей, келелі міндеттерді шешуді талап еткен-ді. Кеніштің үш жұз кісілік клубында өткен жұздесу осылай есте қалған-ды. Әсіресе, үзіліс кезінде партком хатшысы Фадсеев, Скворцов үшеміз оңаша қалған және ашық-жарқын әңгімелескен бір сәтті еске ала кетейін.

Скворцов назарын маған аудара түсіп:

— Балқаш жаңып тұрган от еді. Ұзақ қашықтықты жүгіріп үйрснген кісіге мың метрлік бүйім емес. Мына Алтай Сізге сондай көрініп тұрган жоқ па? — деп сұрады.

Мына сөз әүлелі шаншудай қадалды. Жағаң жайлалауга кетіп, арқа-басты кеңге салып жүрген жоқсың ба дегендей әсер қалдырыған. Мен сыпайылық сақтап:

— Алтай өнірін Балқаштан бетер күйдіріп-жандыруға болады. Оны өзініз де байқаған боларсыз, — дедім.

Хатшы мырс стіп күлді де:

— Менің Риддерге сізді жіберуім, өзім ашқан үлкен жаңалыққа санаймын. Оған сіздің де оқпеніз бола қоймас. Кеншілердің еңбегіне дән ризамын. Мандай терін төксө осылардай-ақ төксін! Рахмет, жітім! Сеніп әкелген азаматыңның бар үмітті ақтаганынан асқан абырой бар ма, — деді бір тұрлі толқып.

Мен орынсыз қызарақтаганыма қысылым. Оны білдіртпеуге тырысып:

— Николай Александрович, қазақ: «бірлік бар жерде — тірлік бар» дейді. Бір жағадан бас, бір жеңінен қол шагарып жасап жатқан азды-көпті еңбегімізге берген төрслігіңіз бізді бір жасатып таставды, — дедім.

Ол қабыл алдым дегендей басын изеп, қолымды қысты.

* * *

1940 жылдың соңына таман Риддер полиметалл комбина-

тын қайта құру түгел аяқталып бітті. Кен басқармасы үйымдастырылды. Оған көнштер, байыту фабрикалары мен қосымша өндіріс орындары қараса, осы іргелі көсіпорынмен иық тірестіріп Риддер завод басқармасы мен Риддер энергобасқармасы қатар шаңырақ котерді. Тұсті metallurgия халық комиссарының 1940 жылғы 29-желтоқсандағы бүйрығымен мен кен басқармасының директорлығына тагайындалды. Ал, қалған іргелі екі көсіпорынның тізгінін В. Л. Немешев пен И. Е. Клименко деген жігіт ағалары үстады.

Қазакта: «Өзі жақсы кісіге бір кіслік орын бар» деген соз бар. Айдынымды асырып, бағамды көтергелі отырган жоқпын. Бірақ елді ерте білген мықты емес, ерді пана тұтып, сенім арта білген ел мықты. Қазақ топырагындағы ежелгі кеніштің сібеккерлеріне мінс, дәл осындағы қасиет төн. Иық тірестіріп, тізе қосып істейтін, ойы ортақ, ниеті бір жаның болғаны қандай медет. Бас инженер Денис Алексеевич Бабич сондай азамат тұғын. Ол ұзақ жылдар бойы «Солтүстік Кавказполиметалында» қызмет істеп, обден ысылған инженер. Кезінде майдай терін төгіп жұмыс істегені үшін Орджоникидзенің өзі оған жеңіл машина сыйға тартып, металлургиялық көсіпорындардың жұмысымен жесте танысып қайту үшін АҚШ-қа жіберіп те алыпты. Мен кеніште жүргендес-ақ одан әрдайым ақыл-кенес алғып тұратынмын. Қашан, қандай мәсслемен барма, месслің қайтпайтын. Асырып, арқалатып жібермесе де алдынан жаның семіріп шығатын. Ол 1941 жылы мамыр айында Мәскеуге, тұсті металлургия халық комиссариатына қызметке ауысты.

Маган ортақ істің мұддесін кобірек құйттеп, қара басының қам-қарексті бар дегенді қаперге ала бермейтін жайсаң жандар — Риддерде менің орныма келген Сыразутдиновтың, Сокольный кенішін басқарған Степенищевтің, бас механик Азбелльдің, фабрика директоры Кутеповтың жөні бөлек. Бұлардың қай-қайсы болса да азаматтық тұлғасын томендетпеген, қайта, тек мінсіз ісімен, қайталап айтамын, тек адал ісімен абырайға бөлленген кіслер. Біздің тасымыз орге домаласа, осылардың көшелі сөзінің, тиянақты істерінің арқасы.

1941 жылы 6-қаңтарда қаланың аты өзгерді. Бұрынғы Риддер сінді Лениногор атанды. Біз әрбір сәтті қадамымызга қалай қуансақ, қайсыбір «әттегенайымызға» солай жанымыз күніп,

барымызды да, жогымызды да салмақтап отыратынбыз. Мерзімді баспасөз басты мінберге айналатын. Бірде Бабичтің орнына бас инженер болып тағайындалған Д. Вербицкий (ол бүрын «Ашысайполиметалл» комбинатында бас инженер тұғын) екеуміз стахановтық жаңа еңбек әдісіне көшудің кейір мәселесін тара-зылай отырып, мақала жаздық. Ол 1941 жылы 19 маусымда «Риддерский рабочий» газетінде жарияланды. Онда екі ауысым-дық жұмысқа көшудің, бұргылау үшін жұмыс орнын дайындаудың тиімді тәсілдерін іздестіру, олардың материалдық-техни-калық жағынан жабдықтау ісін жақсарту проблемалары көте-рілген-ді. Мақала ешкімді жайбарақат қалдырmasa керек. «Ал-тайполиметалл» кеніштері түгел құлақтанып, жаппай талқылау үйымдастыруды. Қол жеткізген табыстан гөрі, қолбайлау болып отырған, шешімін күткен мәселелерге баса назар ауда-рылып, көп жағдайда атақты Семиволос-Янкиннің әдісі бой-ынша жұмыс істеуге ықылас білдірген ұсыныстар кең қанат жайды. Соган жағдай тұғызу әңгіме арқауына айналды.

Біз еңбекші елдің көкейкесті мәселесіне мұрындық болға-нымызга іштей тәубе жасап, өзіміз де еңсес көтеріп, ерекше шабытқа мінгендей сезінгенбіз. Бірақ...

Бірақ, қуанышымыз ұзакқа бармады. Дүниені қара бұлт қаптап, қасірет шеңгелі бас көтерген күн, оны өмірі үмита қоярмысын, жексенбі еді гой. Әдетте, демалыста шахталарда женіл-желпі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа жұмыс апта-сына тыңғылықты өзірлік жасалатын. Сокольный кенішінде болып, ондағы шаруа жайын ез көзіммен көріп, қаннен-қапер-сіз үйге қайтып келе жатқанмын.

Есік шалқасынан түсіпті. Табалдырықтың аргы жағында не өн, не тұс жоқ, Зуһра тұр. Өксігін баса алмай:

— Қазір гана радиодан Молотов сөйледі. Согыс басталып-ты, — деді.

— Не-ме-не?! Не айтып тұрсың? Қайдагы согыс? — Даусым қаттырақ шығып кетті білем, ызгарлы естілді. Онсызда жаны жүдеп, жабырқап тұрган ксліншегім жүзін төмен салып:

— Германия опасыздық жасапты, — деді қарлығыңқы үнмен.

Мен келген ізіммен кері қайттым. Бір сағатқа жетер-жет-пес үақытта қала кәсіпорындарының басшылары түгел қала-лық партия комитетіне жиналдық. Шұғыл шаралар белгіленіп,

нақты нұсқаулар алдық. Ең оуелі ел ішін үрсей билемеуге тиіс. Сабыр сақтап, келе жатқан адам төзгісіз ауыр нәубестті ақылга салып, оған мұқалмас рухпен тойтарыс берудің жолын ойласу.

Осылай 23-маусымда жер-жерде митинглер басталып кетті. Сырт қалып, сыр берген жан баласын көрмедім, қандарын ішкес тартып, көздерінен көр шашқан ұлкен-кіші кектеніп алған. Жүзін үрей билеп, іні түсіп, бір уыс болғандарда жоқ емес. Қан майданға қатысып, кескілеускен шайқастың қақ ортасында жүруден дүниені дүр сілкіндіріп келе жатқан қасірет тудырган үрей жаман. Батырдың сагын сындырып, тауын шағатын да осы. Әуелгі міндет жүртты осы дерттен аман алыш қалу.

Кайрақсыз пышақ өткір болмайды. Ел іші болған соң жүргегіне түк байлаган ерде табылады, жауын жаумай су-су бол жүретін ез де табылады. Ерге қарап өз намысын от шалса да, өзгегес қарап ердің жігері құм болмайды. Құдік пен үміт арпа-лықсан тұста слге сенбеске, сл ішінде серке-жігіттерге сенбеске болмайды. Олардың жасымас жігері, жалынды сөздері қандай қайраннан болса да алыш шығып, берік байламдар жасатып жатты. Мына жолдарға зер салыңызы: «Германияның қарақшылықпен жасаган шабуылына жауап ретінде біздер Лениногор металлургиясының кеншілері ең жогары сәбек өнімділігімен жұмыс істеп, Отанымызды қорғау ісіне бар құш-жігерімізді жұмсаймыз» деген соз құргақ соз смес еді, жауға оқ бол атылған қарапайым сәбек адамдарының маңдай тери еді. Қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы М. И. Кудрявцевтің басшылығымен өндіріс орындары қысқа мерзім ішінде соғыс жағдайына ыңғайланып үлгерді. Маусым айының соңғы он күні ішіндеңі жұмыс нәтижесі Лениногор еңбекшілерінің неге қабілетті екенін аңғартқан. Жарты жылдықтың қорытындысы бойынша қорғасын мен қара алтын шыгару жоспары мерзімінен бүрын орындалды. Соғыстың алғашқы жылдарында /1941—42/ 1940 жылмен салыстырғанда қорғасын өндіру 21 процентке, қоспа-лы қалайы 8 процентке, кадмий 9 процентке, алтын 26 процентке, күміс 12 процентке артты.

Соғыс салған жара олі жазылып біткен жоқ. Оны еске алудың өзі ауыр. Әрбір он адамның бірі солдаттың сүр шинелін киіп, майданға аттанды. Бір гана біздің басқармадан 3652 жұмыскер, оның ішінде 275 бүргышы қайласын қаруға алмастыры-

ды. 1500 адам бір қырдағы Уралга, Сібірге, Қарагандыға барып, эвакуацияланған заводтар мен фабрикалардың монтаждау жұмысына араласты. Сөйтіп, онсыз да қат жұмысшы күшіне зәрулік арта түсті. Адам жоқ, амалымыз қайсы деп, алақан жайып отыруға жагдай көтермейді. Барымен базар етуге тура келді. Бір кісі екі-үш адамның жұмысын атқарып, таңың атысы, құннің батысы демей сібек етті. Осыған орай кен мастері Оспанов Рысбекпен арадагы болған өндіме өлі ссімде.

Ол ашылып сөйлесс бермейтін тұйықтау жігіт еді. Бар салмақтың өзіне түскелі тұрганын төрсөн сезінді ме, жоқ екі оттың ортасында жүрген біздің жайымызды таразылап, салмақтады ма, мені үзак, үнсіз тыңдал болып:

— Бара-бара өскери комисариат табалдырығын тоздырыдым, — деді. Шынымды айтсам, ақын қол кеудемізді өрөң сүйреткенше, қан майданга барып, ата жаумен алышып өлген өлдекайда артық қой деп едім. Оған адамның дегені бола берсе ме. Мандайга жазғанга қонбеске не шара.

— Тылдагы тірліктің майдан даласындағы ауыртпалықтан кем түспей тұрганын өзіңіз көріп-біліп жүрсіз. Ендігі міндет слід екі ауысымға көшіру. Өйтпеске іләж жоқ. Біз негұрлым өнімді көп берсек, согұрлым жеңісті жақындана түсеміз. Жақсы жұмыспен де жауға ойраң салуга болады.

— Сонда менің міндетім: қарамагымдағы жігіттерге осыны дұрыстап, байыбына барып түсіндіру білем.

— Тап басып айттыңыз. Ел ерге қараган шақта еңс түсірмес срлік іске мұрындық болғалы отырсыздар.

— Қайбір жүректің түгі барлығынан дейсіз. Оққа кеудес тосып, қан кешкен сарбаздардан біздің жанымыз артық смес, тым құрыса тіршілікпен сүйесу болсақ жарап деген жан далбасағой. Нар тәуекел енді, — деп, ол орнынан тұруға ыңғайланды.

Мен оның белді бекем буынып, неде болса күдіксіз, тас түйін кіріскелі тұрганын танып, көнілім көтеріліп қалды. Куанған мен қорыққан бірдей. Әлгінде гана жайдақ атқа мінгендей, байыз таптай отырган менің байсалды қалыпқа көшкенімді ол да байқаса керек.

— Жақсы ат шапқанда танылады. Асатпай жатып құлдық деменіз.

— Сыннан өткен кісілерсіздер, сыр берс қоймассыздар.

— Біз «Бәрекелдігे!» ризамыз!

Осылай екі жүздік, үш құздік деп аталған бастама дүниеге келген-ді. Қанша айтқанмен, «согыс» деген сөздің өзі де сұық қой. Ел іші үрейсіз емес еді. Уайымга қайғы қосылса, мойытпай және қоймайды екен. Сол еңсесі түскен ел құлагын мына тірлігіміз еріксіз елең еткізіп, бір серпілтіп тастады.

Батыр жауда танылса, бейнетшіл кісі істе танылады гой. Рысбегіміз жігіттің сөзі өлгенше, өзі өлсін дейтін намысқой азамат боп шықты. Тар жерде табысып, өмір откелдерінен бірге өтіп, дүние шіркіннің ашысын да, тұщысын да бірге бөлісіп келе жатқан Хайдин, Тайжанов, Дементюк, Ноздрачевтер тізс қосты. Аяқ алыстарында қайырлы істі жеделдетпесең, сайтан араласады дегендей асыгу, асырудан гөрі ұрымтал сөтті жібермесстей үмтүлу бар еді. Олардың қатары көбейді, қолдаушылардың есс түскені сонша, скі ауысымдық жұмысқа көшіп, еңбек өнімділігі құрт артты дерсіз.

Халық арасында: «жар жақсысы — жан қысылганда» деген көшелі сөз бар. Сол айтқандай, кешегі зар заманда өйслерге салмақ аз түскен жоқ. Өзбасым сұңық жаратылыс деп білестін әйел баласының төзімділігін де қайран қалдым. Басқа түссе баспақшыл десден аулақпын, бар шаруага икемді, істің қыбын тауып, тап-түйнақтай сту олардың табиғатынā тән екендігінс сол жылдары анық коз жеткіздім. Ер азамат көсіптерін шапшаң игеріп қана қоймай, жете менгеруі ерекше назар аудартып еді. Тегінде ынта болса, ықыласты болса адам алмас асу жоқ қой. Сол сурапыл согыс жылдарында кенішкес 3700 әйел жұмысқа қабылданса, 1941 жылдың аяғына таман әйсл түгілі жігіттің жігіті шыдас бермес ең ауыр жұмыс — бүргылау ісімен 110 әйел шүгілданыпты. Ал, тасымал ісі, электровоз машинистері түгелдей қыз-келіншектердің мойнында болды. Токарлық, слесарлық жұмыстардың басы-қасында да солар жүрді.

Екі қол жұмыста болғанымен, екі құлақ түрік отыратын. Майдан даласынан естіген сұық хабар аза бойымызды қаза тұрғызатын. Жау ілгері үмтүлган сайын, бізден үйқы қаша бастады. Корқып-ұрку емес, ішкі кек кеуде кернеп, ашу-ызага буган. Ел іші гой, жау жағадан алғанда, бөрі боп еткестен алатын, табанының бүрі жоқ, қуыс кеуделер де төбе көрсестіп қалатын. Бірақ көп қаһарланса, ондайлардың скі аяғын бір етіккес тығу қыны емес екен.

Ең бастысы, жүрт жүні жыгылып, тауы шагылар мінез байқатпады. Керісінше, оларды бір сиқырлы күш билеп алған еді. Ол мейлі жұмысшы болсын, мейлі инженер болсын, қайқайсысы да тылдагы өрбір сөтті қадамы, жемісті ісі майданга өлшеусіз күш екенін жақсы сезінетін. Олар жанқиярлық жұмыс арқылы гана жаудың бетін қайтаратынын түсінген-ді.

Біздің басты мақсатымыз — құрамы жағынан аса бай кенді участекелерден өрі тез, әрі мол өндіру, ондіріс техникалары мен технологиясын жетілдіру, соншалықты ауыр міндепті арқалай жүріп, жер асты байлығын қазубарысында берекесіздікке, рәсөу етуге жол бергеніміз жок. Кеннің өр мысқалын — бір түйір дондей қадірледік.

Жұмыстың стахановтық одісі — біздің өрқайсымыз үшін бұлжымас заңға айналды, жоспарды орындаудың кепілі осы түгүн. Оның үстінсөн өрбір участеке, өрбір цехта төртіпті нығайту, өрбір адамның жауапкершілігін арттыру гана діттеген мақсатқа қол жеткізетін еді. Өндіріс озаттары кен ондіру нормасын құннен-құнгаса өсіре түсті. Белгілі стахановшы Г. Г. Хайдин 1942 жылы 9-қантарда Қызыл Армияның Москва түбіндегі табысы құрметіне бұрын-соңды болмаган рекорд жасады. Ол бір өзі 151 текше метр кен копарып, ауысымдық нормасын 2389 процентке орындаған. Бұл бұл ма! 24-қантарда тағы бір заңгар биікке үмтүлды, нормасын 3322 процентке жеткізіп, бір күнгі ауысымда бір айғы жұмыс жоспарын орындашықты. Әрине, айтуга жеңіл. Мұндай ерлік күш-қайраты тасығандықтан және соны танытқысы келген қызба жігіттің қылығы емес, олуақыт тамырын тап басып, баршага ортақ мұдделі іске жаны ауырган адамның азаматтық үлгі-өнегесі еді. Г. Хайдин стахановтық сибек одісі жөніндегі нұсқаушылыққа тагайындалды. Лениногор кенішінің көптеген бұргылаушылары егер онері мен шеберлігі жағынан белгілі бір дорсжесе қол жеткізсе, ең әуелі осы Хайдинге қарыздар. Оның шәкірті В. И. Дементюк 1942 жылы 25 наурызда ауысымдық тапсырмасын 5470 процентке жеткізді, сөйтіп сегіз сағат ішінде 1395 тонна кен қазды. Осылай ол жаңа бүкілодақтық рекорд жасады. Аса үздік табысы үшін Г. Хайдин сол жылы Ленин орденімен наградталды.

Рекордтың кісі құмағтқандай құдырест күші неде? Біріншіден, басқа жұмысшыларга бұл биік асу сияқты, оған жету үшін

шеберліктерін шыңдал, ерік-жігерін қайрау керек, жанқиярлықпен жұмыс істеуге тиіс. Екіншіден, Хайдин немесе Дементюк қиял жетпес нәтиже қорсетті, немене, мәнін өлардан нем кем деп, кім де болса на мысқа басады. Рекорд корсеткіш қана емес. Гәп оның жұмылдыруши, жігерледіруші күшіндс. Партия үйымдарының, инженерлердің, басшылардың дәп осы түстегі міндетті — темірді қызган кезінде согып қалу; жаңа рекордтардан үміткер бүргылаушылардың аса үздік табистарға жетуіне жалынды сөзбен де, жанды іспен де көмектесіп, демеп жіберу. Бір сөзбен айтқанда, рекордтың өзін күнделікті нормага айналдыру.

Әлбетте, бәрі біз ойлагандай табан астында жүзеге аса салатындағы кеңіш деген оруақ конып, жын түнеген жер емес. Рекордтар жасалу үшін де кеңіш басшылары құс баптагандай әзірлік жұмыстарын жүргізді. Әсіресе, жұмыс орны үмітті дүниеге сай болатындағы дайындалды. Кеңіштің бас инженері Сыразутинов екесуміз бар тірлік ойдагыдай аяқталғанша шахтадан шықпайтынбыз. Біз жаңа рекордтың дүниеге келуін асыга күтіп қана қоймай, соган нақтылы көмек беруге үмтүлдық.

Қалалық партия комитеті біздің тәжірибелізді жинақтап, еңбек озаттарының кеңесін өткізді. Құллі Алтай кеңіштеріне арнап көпзабойлық, копперфораторлық бүргылау тәжірибесін кеңінен қолданып, өскердегідей он еселеңген күш-жігермен ұйымшылдықпен жұмыс істеу жөне советтік тылды темірдей тәртінпен ныгайту жоніндс хат жолдады..

Кеңіштердің, байыту фабрикалары мен қорғасын заводының жұмысының Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті қатаң бақылап отырды, сондай-ақ Орталық Комитеттің тарапынан біздер дер кезінде комек алғып, иғі бастамаларымыз қолдау тапты. Орталық Комитеттің Лениногорда күнделікті практикалық көмек көрсету үшін арнайы окілі болатын.

1941 жылы 22-қазанда қаланың техникалық зиялы қауымының конференциясы өтті. Онда осы жолдардың авторының, завод басқармасының директоры Немшевтің, энерго басқармасының директоры Клименконың, «Алтайқұрылыштың» бас инженері Конзерскийдің баяндамалары тыңдалды. Жұмыс жайы әр қылыш болғанмен, тақырып ортақ, ол: «Отан соғысы жағдайындағы көсіпорындар мен құрылыштардың жұмысы туралы»

еді. Әуслі жергілікті, сосын республикалық баспасөзде қорғасын заводы ұжымының «Қазақстан өнеркәсібінің барлық резервтерін іске қосайық!» деген тақырып пен ашық хаты жарияланды. Меніңше, жоспардың мерзімінен бүрын орындалуына мұның өз ықпалы болды.

Кескілескен майдан даласындағы жағдай қынданай түскен сайын, бізді де жан алқымға алып, мойын бүруга шама келтіртпеген. Етек-жен түгел жинақталып, барымызды алға салғандай, «апыр-ай, іске қосылмаған резерв қалмаган шығар» дегізгендей күйде едік, қыстың сақылдаган қызыл шұнақ аязында баганалардагы жуандығы бармақ басындағы сымдар қалай қеріле тартылады, коллективтердегі хал дәп соңдай қалыпқа жеткен-ді. Енді болмаса шарт кетіп, тарс үзілстін сияқты... Бақсақ, мұлде басқаша. Оған сол бір қын-қыстау шақта қалай коз жеткізсем, азды-көпті омірімде ондайды талай-талай бастан откеруге тура қелді. Адам рухы дегендес шек жоқ екен. Демек, кеудеден жан шықпай, ісінде тоқтауболмақ емес. Адам табигат алдында табынса табынар, бірақ оның күшінен асқан құдірет бар дегенге сенбеймін.

Мен ешбір кітаптан, ешбір диссертациядан кездестірмейтін ондаған, тіпті жүздеген инженерлік шешімдер туралы ұзак таңға әңгімелер едім. Мен уақытында жүзеге асып, ел кәдесіне жараган небір шым-шытырық жобаларды жасау барысында мына біздерді — мамандарды өздерінің акыл-кенесімен тұйықтан алып шыққан жұмысшылардың тапқырлығы туралы жыргып айтуга даярмын. Олардың қанатты ойларын, тұжырымды пікірлерін құн сайын, сагат сайын аудай аңсап отыратынбыз. Ол бір кемел ойлардың үшқын атып тұрган шагы еді.

Аттап басқан сайын, алдыңқаң құрмей қын проблемалар мен мұндалап шыга келстін. Сонын құндіз-түні басың қатып отырганы. Шаршап-шалдықтым демейсің. Екі тоулік пе, әлде үш тоулік пе, қашан істің түйіні щешілмей, үйгес қайту жоқ. Мысалға кенді ондіруді қалай арттыруға болады деген проблеманы алыңыз. Былай қарасаң, бүрын бәрі безбенін өтіп, мың қайтара таразыланған мәселе. Қыбын тауып, жаңа қырын ашамын дей қоярлық шаруа емес секілді. Сөйтсек, өлай емес екен. Ашылмай жатқан сыр, шешілмей жатқан жұмбақ іздегенге табылатын корінеді. Инженерлер А. Прохоров пен Г. Сыразут-

динов архивті ақтарып отырып, патша заманында кенді үңгү — дәп бүгінгідей әрі дәл, әрі үқыптылықпен жүргізілмесгенін анықтады. Пайдаланылып бітті деген блоктарда мұрты бұзылмай тұрган кен қатпary қалып қойған. Мұны кеншілер «сөң» деп кеткен. Сіро да төбесінің құлап кестпейі үшін тірсу қабырга есебіндегі дүние. Міне, сол «сенді» бұзып, кенді «төбеге» шығаруды қолға алдық. Соның арқасында қазба жұмысы /1941—1942 жылдары/ дүрілдеп кеп берсін де, жоспар жұз қырық процентке бір-ақ көтерілді.

Кысқа жіп күрмеуге келмей, қолбайлау болып жатқанда және бір проблема кесс-көлденеңдей кетті. «Новая» деген шахтадагы қауырт жұмыс мөрөгө мандай тіреді, бүгін-ертең «қоныс» тойын жасармыз деп, үміт үстінде отырганбыз. Табан астынан оның іске қосылу мерзімі кейінге қалдырылды. Дозатарлы қондырғыларды дайындау үшін ауадай қажетті табан болаттың жоқтығы қолбайлау болды. Оның үстінс көтеріп-түсіргіш машинага зәру едік. Техникалық кеңесте істің жайы өбден сарапқа салынды. Тығырықтан шыгар жол қайсы? Бас механик Азбель:

— Қоймада «Исельбюргер» фирмасыны көтеріп-түсіргіш машинасы тұр. Соган ішінара ауыс-күйіс, жөндеу жұмыстарын жасап, қосымша шахтага қондыру ғана түйіктан алып шыгады, — деген үсінісін алға тартты.

Біз осы байламға пәтуаластық. Сөйтіп, көтеріп-түсіргіш машина мәселеі шешілгенмен, шахтадан шыгарылатын кенді жогары көтеретін техниканы табу тагы да онайга түсеп еді. А. А. Азбель бұл жолы да үтімді ойды ортага салды. Босаган проходкалау машинасын пайдаланайық деген пайымдау айтты. Оның бұл үсінісі да қолдау тапты.

Мен бұл мысалдарды текке келтіріп отырганым жоқ. Інталы қызметкерлер талай-талай тамаша істерге мұрындық болды. Соның бірі — осы бір қарапайым да ойлы азамат еді. А. Азбель согыстан кейін Балқаш кен-металлургиялық комбинатының бас механигі қызметінде жүрген кезінде дүниеден қайтты. «Новая» шахтасы мен Лининогордан кеткеннен кейін іске қосылды.

Отты жылдар адамдарды қындық деген мектептің бар сынынан откеріп бакты. Бірақ соның бөріндес дс адамдардың

мәртебесі биік түрдү. Әсіресе, концентрат шыгару ісінде байытушылардың қосқан үлесі баға жеткізгісіз еді. Корғасын-мыс концентратын айыру жөніндегі мүлде жаңа селективті флотацияны өндіріске енгізу үлкен табыстарымыздың бірі еді. Фабрикада көсіптік шеберлігін арттыра жүріп, басқасын қатар игеру кең қанат жайды. Флотацияға оңайлықпен қолға түсे бермейтін реагенттерді ұнемдеп жұмсаудың бірқатар иғі шаралары пайдаланылды. Металды жоспардан тыы шыгару — майданга таптырмас сый еді. Жұмысшылар арасындағы жарысқа, мінс, осынау аса маңызды мәселе өзек болды. Флотаторлар Рыжкова, Троеглазова және басқалар биік межелерге жетті.

Жогары сапалы концентратпен қамтамасыз ету нәтиже-сінде завод металл балқытуда, әсіресе, аса бағалы түрлерін балқытуда рекордтық корсектіштерге қол жеткізілді. Кеншилердің жанқиярлық сәбесін әуелі «Бөрі майдан үшін, бәрі женсі үшін!» жұмылдырылды. Бел жазбай жұмыс істеген құрыш білсекті азаматтардың арасында жұру маган қаншалықты жауапкершілік жүктессе, соншалықты қызықты еді. Күтпеген жерден тосын оқига алдыңнан шығатын, бүгінгі кездескен қындық кешегіге қалай үш қайнаса сорпасы қосылмай жатса, ертеңгіге жөнс үқсамайтын. Сондықтан сұтылған аттай, сергек өрі өзінде озің қамшылап, инемен құдық қазғандай түртпектеп жүргенін. Ондайда ақыл қосар айнымас досын, арқа сүйерің — цех басшылары, жұмысшы коллективтері. «Калаудын тапсан — қар жанаң» деген рас, санаса, сыйласабілсөң — көл қылатын да, таласып, тартысып жүрссөң — шөл қылатын да сол көпшілік қой. Одан асамын деп тасугаболмайды, жасытамын деп жөбірге бару да жараспайды. Қайта қайраттандыра білсөң, қатарыңа ала білсөң олар саган өмірі: «жоқ», «болмайды» деген сөзді айтпайды, алдыңнан қия отпейді. Қөптің мінезі — сөүірдің бұлтындаидай. Сенің міндеттің тамыршыдай тап басып, уақытында арнаға салып, дұрыс бағыт-багдар беріп отыру. Оның бер жағында түягы бүтін түлпар, қанаты бүтін сұнқар жоқ заман еді гой. Соған қарамастан, обалы нешік, қан майданның алғы шебіндегі қас батырдан бетер іс тыңдырган тылдагы еңбеккөр слідің үраны да, принципі де: «Кажет екен — демек, жасалады!» деген сөзге негізделіп жататын. Қен басқармасының үлкен ұжымы 1942 жылдың орта түсінда алға қойған міндетті орын-

дап қана қоймай, қазылган кен мен шығарылған металдың күрт артуына байланысты бұдан былайғы жерде беймағал жұмыс істейтіндей қор жасады. Лениногорлықтар согыс жылдарында шығарылған өрбір он оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан, Лениногор қорғасынынан жасалғанын орынды мақтан стүге толық негіз бар.

1941 жылдың соңына таман басқа инженер Вербицкий басқа жұмысқа ауысты да, оның орнына білікті инженер, аса мол өндірістік тәжірибесі бар Новиков тағайындалды. Өкініштісі сол, мен кеткеннен соң ол бес күннен кейін, қайғылы қазага үшірады.

Әркім өзі шыққан тауым биік болсын деген үміт дүниесінің желкен қайығымен жүреді. Мен айтар едім: бос қиялдан гөрі сінбегіңе сен. Тәусеклің төресі сол. Тауга да шыгарады, дауылдан да алып өтеді. Мен Қазақстанның аса ірі көне өнеркәсіп орталығы — Риддерде — Лениногорда осыған анық коз жеткізіп, өмірлік қағидаға айналдырыдым. Сондықтан да ол маган кенді жер ғана смес, киелі жер саналады. Инженерлер — Д. А. Бабич, Д. С. Вербицкий, А. И. Новиков, Г. М. Сыразутдинов, С. И. Степанищев, А. А. Азбелъ, А. С. Донченко, В. А. Самородский, А. П. Кутепов, Я. Д. Печенюк, П. А. Шишков және басқаларды ризашылық сезіммен еске аламын. Ұлы Отан соғысының алдында, отты жылдардың өрті бүкіл дүние жүзін шарпыған тұста тізе қосып, бір сапта және нық сапта жүріп енбек сткен жұмыскерлерді — өндіріс жаңашылдарын: Г. Г. Хайдин, В. А. Ноздрачев, А. Дементюк, А. Ахмаджанов, В. Тайжанов, А. Казакова, апалы-сінлілі Курносенколарды, участок бастықтары: Шкилев, Пищальников, Гук және басқа азаматтармен бірге қыын-қыстау күндерде партияның құрметті тапсырмасын абыраймен орындау бақытына ие болғанымды, сірә да, үмыта алармын ба!

Біздің үлкен де жауапты жұмыстарымыз қалалық партия комитетінің тарапынан қолдау тауып, айрықша комек көрсетілу арқылы жүргізіліп отырды. Сол кездес Курков, М. И. Кудрявцев, Г. И. Абабков хатшы болған-ды. Оларды қалай үміттарсың!

* * *

Ер етегімен қан кешкен күндерде зейнетінен бейнеті басым тылдың бар ауыртпалығын тен қотергсін ұжыммен қимай

қоштасар күн туды. 1942 жылдың сөүір айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Скворцовтан жедел хат алғанмын. Онда Орталық Комитеттің қарамағына қызметкес шақыртыпты. Бар шаруаны Новиковқа откізіп, Алматыға аттандым. Соүір айының жиырмасына қаралған түнде Скворцов қабылдады. Жиырмасына қараған түні деп отырганым: бірінші хатшының табалдырығынан аттаған тұста сағат тілі түнгі бірді көрсестіп еді. Ол кездес ерте келіп, кеш қайттым-ау деген өнгіме жоқ. Таңғы 3—4-кес дейін тапжылмай отырып жұмыс істсөн тәртіпке сиңген-ді.

Скворцов әдettегісінше жылы шыраймен қарсы алды. Мәнжайды түсіндіре келіп:

— Өнеркөсіп саласында үлттық кадрлардың тапшылығы өзіңізге аян. Дұр сілкінестін күн де алыс емес шыгар. Әзірге, барға қанағат. Орталық Комитет Сізге сенім көрсестіп отыр. Қазақ КСР Халық комиссариаты төрагасының орынбасарлығына үсынады. Одаққа багынышты өнеркөсіп орындарының жұмысымен шүгүлданатын боласыз. Сондықтан БК/б/П Орталық Комитеттің бекітілуге бару үшін, шүгүл Мәскеуге жүріп кетуге тұра келеді,— деді.

Жедел хатта ашып еш нәрсес жазылмаган. Мұндагы өнгіменің ау-жайы өздерінің көріп отыргандай. Іләжсыз уәж айтуга тұра келді.

— Таңдаудың маган түскеніңсә және сенім көрсеткендеріңізге рақмет! Әйттес де, дөл бүгінгідей сл басына қатер төніп тұрган қының-қыстау шақта менің Лениногорда қалғаным дұрысырақ болар еді. Әлдесқайда коп пайда келтірер едім. Жауапкершілік қай жерде де бірдей. Қызметтің үлкен-кішісінде емес, не тындырып, не қойғанында. Сондықтан қисаңыз, мені бұрынғы қызметтімсә қайта жіберссеніздер скен,— дедім.

Обалы нешік, Скворцов мұқияттынады, бірақ:

— Орталық Комитеттің шешімін скі етуге болмайды. Табыс тілеймін! — дес, қысқа қайырды.

Мәскеуге барып-қайту оңай емес еді. Тек барып-жеткенше он бір тәулік етті. Содан мамыр айының екінші жартысында арып-ашып Алматыға қайтып келдім.—Алдында — жаңа қызмет, жаңа міндет күтіп тұрды.

Халық Комиссарлар Кеңесінде, кейін Орталық Комитетте

қызмет істеп жүрген тұста сұ қимас дұниемді ұмыт қалдырыған-дай, Лениногорга аңсарым ауатын да тұратын, және қызмет бабы да ат ізін жиі салдыратын. Коз алдында құлпыра түскен қаланың әрбір жаңалығына қызгана да, қызыга да қарап, зору ісін шешуге қолдан келгенде аяганым жоқ. Кейін 1959 жылы лениногорлықтар мені республика Жогары Кеңесіне депутат етіп сайлады. Мұның озі бұрынғыдан бестер жақындастыра түскенді. Осылай өр Алтай өнірі мен үшін сұ ыстық жерүйкә айналған. Тұсті металлургияның іргелі шаңырақтары саналатын. Лениногорда, БЛКЖО-ның 40 жылдығы атындағы жәнс Тишин ксніштеріндегі, байытуфабрикаларында, қоргасын, мырыш заводтарында менің беймаза, бірақ жемісті істердің күсіндай құндер мен тұндер отті. Мен азды-көпті қосқан үлесімді емес, ондағы өмір мектебінің маган берген төлімін, тәжірибесін мақтан еstemін. Лениногор — жоғары сапалы қоргасын, мырыш жәнс басқа да металдар алу үшін галымдармен тізе қоса отырып кен ондіру мен байытудың, шикізатты ондеудің жаңа төсілдерін, соны технологиясын талдау, жетілдірудің сұ ірі орталығы — Лениногор — полиметалл кендерін ондіру мен ондеу жөнінен жаңашылдар қаласы. «Қоргасын-құрылыш», «Шахта құрылышы басқармасының» үжымдары сібек даңқына кір шалдырып көрген емес. Лениногор энергетиктерін ерекше ықыласпен еске алуға болады, олар Харузов ГЭС-ін тұңғыш алды құрылыш ретінде іске қосқан-ды. Токымға фабрикасы, ет-сұт жәнс тамақ өнеркөсібі көсіпорындары дайындаған онімдер көпшілік талабынан шығып келеді.

Әр көспітің өз қыындығы мен қызығы бар. Әңгіме сүйген істен сүйініш табуда гой. Дегенмен, жыл он екі ай үй көрмей, бар өмірін түзде откізетін геологтарға деген ықыластың жөні болек. Мына дәулест те, сөulet те. жеті қат жер астының бар сырына қанық сол геолог ағайындардың үлес салмағы мол. Соңғы жылдары олар ашқан қазына «аралдары» көңіл коншіткендей. Геологтарға деген лениногорлықтардың да құрметі айрықша. Ал, қаланың жасыл желекке көмкөріліп, гүлге оранғаның корудің озі бір ганибет. Лениногор құн откен сайын қанатын жазып, сісессін биіктесте түсуде.

1986 жылы мамырда Лениногор сібекшілері Риддер-Лениногордың іргесінің қаланғанына 250 жылдық тойын атап


отті. Демек, осынау кендең өнірдің тарихы да, таңдай қақтырган-дай тамаша істері де аз смес. Оның жау жағадан алып, ер стігімен қан кешкен жылдардагы тарихы өшпестей жадымда қалып қойды, ол күндердің әрбір сағаты срлікке толы еді. Оны жіпке тізгендей айтып шыгу кімге де болса оңайга түспес, сірә.

VII .

1942 жылы маусым айының 6-сы күні таңсертен Қазақ КСР Халық Комиссарлар Конгресінің табалдырығынан аттадым. Ілгері үмітпен күн кешсем де туган жеріме — құллі балалық, жастық шагым откен Алматыға біржола оралармын деп ешқашан ойлаганым жоқ еді. Тұз-дом тартса, алды-артыңа қаратпайды екен.

Согыс әдеген сүмдікты бастаң кешудің азабын айтпаган-нің өзінде, осы бір аза бойынды қаза түргызар жалғыз ауыз сөзді естудің өзі ауыр. Әмір мен олім бетпе-бет келген қан майданнан қанша шалғайда жатса да мұнда да оның ызғары жетіп, сл әпшісін қуыра бастаган екен. Көшеде сендей согылы-сқан сл, осірессе, аттап бассаң, ескери адамдар алдыңнан шыгады, бұрын ілуде бірсөй тобе көрсетсө, шүкір дейтін едік, сиді жағдай мынау. Артына қарайлай-қарайлай майданга аттанып жатқан үлкен-кіші азаматтарын қимай-қимай шығарып салып, жылап-сықтаган ата-ана, бала-шага, қатын-қалаш. Алғы шепте жүріп, жараганған солдаттар мен офицерлер госпитальдар маңында қара құрым. Сөгыс отінен осында көшірілгендер, босқындар мен қорғансыздар қанша. Аш адамның құдайын үмытқаи, тарыққанның тас шайнаган кезі. Козін сатқан бала-ларды, жерге қараган қарияларды көргенде өкініштен озегің ортенеді. Келсабың сынса, келі де қүриды гой, үстері жұпның, жүздері сынық.


Алматыға қайта оралған шақта, міне, осындаі жан ауыртар, жүрек сыйздатар тосын суретті көріп, далага келгендей конілім құлазып қалып еді. Халық: «Күйігін жасырғанның конілі жұбанбас» дейді. Мен мансап қуып келмегенімді, осы жерде теренірек түсіндім. Қалайда қабырғасы сөгіліп, қайғыға батқан сл-жұрттыма демсө болар іс тындыру керек, аянбай тер



Губернатор үйі. Жер сілкінісіне дейін.

Губернатор үйі. Жер сілкінісінен кейін.






Ескі Верный. Қазіргі Фурманов пен Жібек жолы кошелерінің түйіскен жері.

Карл Маркс кошесі. 1921 ж.






Татар мескіті.



Архиерей ўрі.



Алматы. Республика аланы.






Медеу мұз айданы

Республикалық Окүшылар сарайы

«Арасан» молинасы





Коңыраттың түңгыш геологиялық барлаушылары. 1932 ж.

Алгашқы қазақ кеншілері. 1934 ж.





Жеті қат жер қойнауына бұргы түсті. 1936 ж.





Қайран. жыныра бір!

1933 ж.

Түсті металдар министрлігінің тау-кен факультеті 2-тобының оку скінділері.



Риддер кеңініңде.
1940 ж.



Қазақ КСР Министрлер
Кеңесінде. 1947 ж.





Окем Мейстәхмет және інім Асқармен бірге. 1962 ж.

Зүhra Шәріпқызымен бірге.

Алғысқа толған жылы.

Окем скеуіміз. 1972 ж. ▶







М. И. Кадининің қолынан медаль атап Балқаш құрылымшылары.

Мойынты — Шутеміржолының алғашқы боллігі нағдалануга берілген күн.
1951 ж.





Тарас Шевченкоң тастан қашаган столы. Қазіргі Атырау облысы.

КОКП XX съезі. Мәскеу. Кремль. 1956 ж.





Л. М. Кагановичен бірге Қазак КСР Фылым академиясында болған кезіміз.
Солдан онға қарай: М. Өусев, Д. А. Қонаев, Қ. Сотпаев, И. Яковлев,
Л. Каганович, М. Русаков. Алматы. 1956 ж.

Вьетнам социалистік республикасының президенті Хо-Ши-Миннің Алматыда
болтуы. 1959 ж.





Қазақ одебиеті мен оперінің Мәскүдегі онкүндігі кезіндегі Н. Хрущевпен бірге.
Улкен театр. 1958 ж.

Н. Хрущевпен Есік көліндегі. 1961 ж.





Лю-Шао-Ци және Чжоу-Энь-Ляймен кездесу сөті. Пекин. 1954 ж.

К. Е. Ворошиловтың Қазақстаниң награда тапсыруға келген кезі. Каңтар. 1957 ж.



төгү керек деген міндет қойдым алдыма. Жаңа қызметкес қызығып кірістім деуден ғөрі, қызынып бастадым дес орынды. Барлай қарап, байыбына жетс түскен сайын мен үшін тосын, оңайлықпен бауыр баса қояр қызмет болмай шықты. Еш қоспасы жоқ-әкімдік жұмыс екен. Өндірісте жүріп, істің басында соның барында да, жогында да шыдас беріп, ыстық-сұығына бірдей күйіп-пісстің адамга оңай тимеді. Өрге кезіккеншіс, сіңістің қадірін білген бе адам. Балқаштагыдай, Лениногордагыдай смес, күнде не істеп, не қойғаныңды қорытындылап, барынды тара-зылап, жоғынды саралай алмайды скенсің. Онда нақтылы жұмыс, тиянақты нәтиже бар. Ал мұнда әлденеше ай откен соң, керек десеніз жылдар откеннен кейін гана бағалағандайсың.

Біздес, жогары деңгейдегі қызметте еш жерде жазылмаган, бірақ обден қалыпқа түскен қатал төртін бар. Ол — озіңен бір саты биіктे тұрган кісінің пікірінен ден қойып, құлақ асу. Ешқайда бұрылмастан, ең әуелі Халық Комиссарлар Қенесінің торағасы Ондасыновтың алдынан оттім. Сосын Скворцовта, онан кейін Шаяхметовте болып, міндеттімді айқындалп алдым. Обалдары не, республика онеркөсібіндегі жағдайды егжей-тегжейлі талдалап беріп, өз байламдарынан хабардар етті. Олардың әнгімелерінен түйгенім мынау болды: Орталық Комитеттің онеркөсіпке қатысты болімімен, Орталық Комитеттің салалық хатшысымен қоян-қолтық араласып, жұмыс істеуге тиесті скенмін. Түсті металургия, комір және мұнай онеркөсібі қосіпорында-рының, электростанциялардың, теміржол, транспорт және автотранспорттың, сондай-ақ қорғаныс заводтарының жұмысын қадағалап, қажет кезінде комектесіп отыру.

Скворцов әнгіме ауанын ауыр онеркөсін жагына қарай кобірек бұрып отырды. Соган қараганда бүл саланы жілікше шағатыны байқалды. Онымен қоймай қосіпорын басшыларын түгелдей білетін бол шықты.

— Ленгер комір басқармасының жұмысына айрықша көніл болу керек,— деді ол.— Қазақстанның оңтүстігі, өсіресс, Алматы, Қыргызстан, және ішінара Өзбекстан электростанцияла-рының жұмысы тікелей осы Ленгер комірінс байланысты. Орталық Комитеттің хатшысы Дудкин жолдаспен бірге күллі республика үшін отын дайындаудың нақты шараларын белгіле-улерініз керек.

Бірінші хатшының айтып отырганы — Шымкенттегі отыз шақырымдай жердегі кен орны. Бадам озенінің алабына орналасқан бұл кеніштегі 1896 жылдан бері көмір өндірілстін. Жылына 800 мың тонна қара алтын қазылатын.

Николай Александрович не айтса да нық өрі ашық айтар еді.

— Және былай,— деді созін сабактай түсіп,— жақсы кеңесшілерді тауып, номерлі заводтарды орналастырумен мықтап шүгүлданыңыздар.

Аталмыш заводтар негізінен Алматыға, Петропавлға (Қызылжар), Оралға, Ақмолага, Балқашқа және басқа да қалаларда қоныс тепті.

Скворцовтан, Ондасыновтан шыққан түста мен сол күннен бастап ауыр өнеркәсіп көсіпорындарына тікелей байланысты аса құрделі де қының іске біржола қойып кеткелі тұрганымды анық түсіндім. Бірақ жоқ жерден жүрексініп, тайсақтайдындей үркек сезімнен бойымды аулақ салғанымды жақсы білемін. Қандай да болмасын жауапты тапсырмага сергек қарауға қалыптасып қалғанмын. Отыз деген орда бұзар жастың артықшылығы да сонда. Үлкен іс сеніп тапсырылған екен, демек, мен оны мінсіз орындауга тиіспін. Есіл-дертім осы болды.

Ел ішінде: «Дария кормеген бұлаққа таң қалар» деген нақылбар. Астанадан шалгай ауданда еңбек жолын қарапайым жұмысшылықтан бастап, ондіріспен біте қайнасып есken мен үшін ауыз ашып, қайран қала қоярлық тірлік емес еді бұл. Қысқа мерзім ішінде түсті металлургияға қатысты ірі-ірі көсіпорындармен, Караганды және Ленгер кеншілерімен, қорғаныс саласындағы өнеркәсіп орындарымен тығыз байланыс орнатылды. Барлық жерде жанталасқан жұмыс жүріп жатты. Ыргалып-жыргалып, бүгін атқарар шаруаны ертеңге қалдыратын заман емес, сөгисортінің кеуле тұрган кезі. Бар күш еңбек өнімділігін арттыруға және шыгарылатын өнімдерді көбейтуге жұмылдырылды. Еңбеккер арасындағы жарыс: «Майдан тапсырмасы» деген формада жүргізілді. Мұны жекелеген жұмыскерлердің, ұжымдар мен ауысымдагылардың, участеклер мен цехтардың оздері белгілеп, қолма-қол жүзеге асырып отырды.

Маусым айының соңы болатын. Скворцов шақыртты. Мен

ішке кіріп, жайгасып отырар отырмastaн, шақыртқан шаруа-сын айта бастады.

— Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті вольфрам мен молибден концентратын құрт көбейтуді талап етіп отыр. Сондықтан Ақшатау вольфрам комбинатының құрылышын жеделдетуге тікелей көмек көрсететін комиссия құруды мақұл деп шештік. Ол комиссияны басқару Сізге жүктеледі,— деп маган барлай қарады да, сөзін сабактады.— Уақыт тар. Шұғыл жүріп кетуге тұра келеді.

Біз де алды-артымызға қарайlagan жоқпыз. Гeолог Вяжевич, тау-кен инженерлері, студенттік құндерден қара нанды бөлін жеген Кравченко, Орталық Комитеттің нұсқаушысы Төлебаев төртсуіміз өуслі құрылышқа қатысты бар материалмен танысып шығып, 5—6 күннен кейін Ақшатауга табан іліктірдік. Қарағанды — Балқаш темір жолын салуға байланысты 1935 жылы пайда болған Ақадыр станциясының солтүстік шығысында 105 шақырым жердегі кен орны бүл. Аңызақ етінде жатқан дала. Ит арқасы қиянга — осындағы әкімдердің шаңын қағып, қамшы басу үшін емес, істің жайымен жете танысып, нақтылы көмек көрсетуге келген соң, уақытты мейлінше ұтымды пайдалануға үмтүлдық. Жоғарыда аты аталған азаматтар аса білікті мамандар еді. Және оларға сол жерде қай мәселеден болмасын орталықтың келісімінсіз-ақ шешім қабылдауга құқы бар-ды. Егер қажет десе, қосымша ресурс, қаржыландыру ісінде де билік оз қолдарында тұғын. Меніңше, мемлекет үшін өмірлік маңызы бар обьектілер туралы келелі әңгіме көтеріле қалған жағдайда комиссиялар, бригадалар, өкілетті өкілдер жасақтау өзін-өзі акттайтын шара. Әскери әнеркөсіпке аудай қажстtі вольфрам мен молибден концентратын өндіруді арттыру ісі, міне, соған дәлел болғандай. Қысқа мерзім ішінде старательдің*/ құшімен вольфрам өндіруді жолға қойдық.

Комбинатта барлау жұмысы жеделдетіліп, кен орнын іске қосу жұмыстары басталды. Өндіріс басшыларымен /директоры Зефиров/ бірге Онтүстік-шығыс кенішінің, сондай-ақ, Капитальный шахтасының, байыту фабрикасының және бірқатар қосалқы, мәдени-әлеуметтік обьектілердің құрылышын тездеде-

*) Старатель — өз бетімен жалданып жұмыс істеушілер.

тудің шаралары белгіленді. Ақадыр мен Ақшатау арасын жалғастыратын 105 шақырымдық тас жолды салу қарқыны арта түсті. Зады, қазак: «жер анасы — жол» дегенді текке айтпайды. Шаруа онға бассын, тіршілігімнің тынысы ашылсын дейтін басшы ең өзелі үлкен істі жолдан бастайды.

Жалпы, срекеден өнеге артық. Елгс сылдыр сөзіңен гөрі ісің керек. Вольфрам ондіруді арттырудың шешуші бір кезеңінде мынадай тосын, бірақ аса пайдалы қадам жасалды. Оны сол кезде «алтын алмасу» деп атап жүрді. Оның мәнісі: жүртқа бағалы металды азық-түлік пен өнеркәсіп бүйымдарына алмастыру. Нәтижесі кісі таң қалғандай еді. Бір жарым айдан соң қорытындысын шығара келіп, мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің тапсырмасы ең қысқа мерзім ішінде орындалады және вольфрам шығаратын аса ірі комбинат дер кезіндес іске қосылады деген берік тоқтам жасадық.

Бір қолды екі ете алмай жүрген сындарлы шакта уақыт тауып геологтардың жұмысын бажайлап қайттық. Олар Ақшатаудың онтүстік құнгей, онтүстік және шығыс бөлігіне барлау жасап, жомарт жердің қатпар-қатпар қойнауын «сүзгіден» өткізіп жатқан-ды. Бір апта ішінде Вяжевич, Кравченко үшсуміз о шеті мен бұшеті 200—400 шақырым келетін ман даланы шарлап, ондаган геологиялық партияларды араладық. Бұл «жортұыл» құргак қиял болмай шықты. Кейін, республика геологиялық кеңестің торагалығын атқарып жүрген кезде оның көп пайдалы тиді.

Ақшатауга қайтып оралысымен Орталық Комитеттен қосынша тағы бір тапсырма алды. Молибден кенін шыгару жайымен танысу үшін Балқашқа тарттым.

1941 жылдың бас кезінде-ақ инженер Е. Антоновский түн демей, күн демей ізденіп жүріп, Қонырат кенінен молибден концентратын алғаны бар. Дүниежүзілік тәжірибеде тұңғыш рет қазак топырагында парфирлі-мыс кенінен молибден ажыратылды. Осынау игілігі мол ерен еңбегі үшін ол Сталиндік сыйлықтың лауреаты атанды. «Бал жинаған бармагын жалар» деген осы.

Молибден шыгаруда Шығыс-Қонырат кен орнының жөні болек. Соғысқа дейін-ақ Пухов, Ахунов, Богатырев сияқты геологтар бұл өнірді түгел сүзіп шыққан. Сөйтіп барлаушылар-

дын, кеншілердің, шагын ұжымы кеңіш көзін ашып, Балқашты молибден кенімен жабдықтай бастаган-ды.

Сырт қараган кісіге барлау жұмысын жүргізу, құрылыш салу, кен шығару — ысқырып жүріп істей салатын жеңіл шара сияқты көрінеді. Жоқ, мұлдем олай смес. Бұл сарсыла ізденуден, маңдай терді моншақтата төгуден тұрады. Мен институтта бірге оқыган инженер Л. Барон: «Құмнан қыл ескендей тірлік» деп отырар еді. Ол Ұлы Отан соғысынан кейін докторлығын қоргады, қазір КСРО Фылым академиясының Скочинский атындағы тау-кен институтының профессоры.

Алматыға оралған бойда Ақшатау мен Шығыс Қоңыратта атқарылған жұмыс туралы Орталық Комитетке, Халық Комиссарлар Кенесіне барын — бардай, жоғын — жоқтай баяндадым. Со бойынша Шығыс Қоңыратқа Майқайынан және басқа да кеңіштерден тәжірибесі мол, ысылған кеншілер жіберілді. Бірақ бұл бар проблеманы түпкілікті шеше алмап еді. Соган орай біз Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің мүшесі А. И. Микоянга көмек сұрап, хат жаздық. Қолма-қол жауабын да алдық. Оның нұсқауымен Ақшатау мен Қоңыратқа сонау «алты айшылық» Уралдан бесаспап бүрғышылар мен инженер-техник қызметкерлер келді. Олар аяңбай еңбек ете жүріп, білгендерін жергілікті жұмыскерлерге үйретуден жалықпаған-ды. Оны істің нәтижесінен анық аңгардық: кеңіште асыл тас шығару скі ессартса, молибден өнімдерін шығару 70 процентке дейін өсті.

«1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тарихы» деп аталатын көп томдық кітаптан мынадай деректі оқыған кезде, еріксіз елсөн стесіз: «Елде, соғыс уақытында өндірілген әрбір 100 тонна молибденнің 60 тоннасын Балқаш даласының ерлері, Шығыс Қоңырат кеншілері бсріп отырды». Сол жылдардың қаһармандық еңбегінің күесіндей комбинат алдындағы алаңға орнатылған «Т-34» танкі мен мұндалайды. Соғыс кезінде жау шебін сан рет ойрандап өткен бұл танктердің сауыты Балқаш пен Ақшатаудың вольфрамымен жәнс молибденімен суарылған.

«Көз-қорқақ, қол — батыр» деген осы. «Апыр-ай, қалай болар екен» деп, үміт пен күдік қатар атой салған күндер артта қалды. Шығыс Қоңыраттагы шаруаны аяғынан тік тұргызып, жүк таситын машинамен Алматыға қайттық. Ол кезде жанар-

жагар майдың тапшылығынан Балқашқа самолет үшпайтын. Бірақ Мойынты-Шу тас жолы біз үшін кілем үстімен жүргенмен бірдей еді. Өйткені онда да біздің қолтаңбамыз қалған-ды.

Согыс жылдарында Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасарлығы қызметін еске алған тұста мынаны баса айтуды парыз деп білемін: адамдар аянып қалмады, малым — арым садағасы деғендей, Отан үшін отқа да құйді, суға да тұсті. Еңбектеген баладан еңкейген көрігे дейін бар ауыртпалықтың көтөрді. Бірде-бір артта қалушы болмас үшін, металды, көмірді, мұнайды және басқа да қорғаныс өнімдерін қалайды көп беру үшін аз гана уақыт ішінде көсіпорындардың жаңа қуатын игеріп, іске қосу үшін нагыз еңбек бөсекесі жүрді. Орталық Комитеттің жөнө Халық Комиссарлар Кеңесінің тапсырмасымен талай бригада, комиссияларды бастап, ауыр өнеркәсіптегі Ашысай полиметалл комбинатына, Шымкент қорғасын заводына, Гурьевтегі, Ақмоладагы, Балқаштағы және осындай артта қалған ірі-ірі көсіпорындарға барып тұрдық. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің өкілі ретіндес Ленгерде, әсіресе, Қарагандыда айлап жұмыс істеуге тұра келді. Орталық Комитеттің, Халық Комиссарлар Кеңесінің бақылауындағы іске қосылатын көтеген объектілердің ішінен бірінші Қазақ металлургия заводын бөлс-жарып айтар едім. Бұл міндет мінсіз орындалды, завод 1944 жылы желтоқсанның 31-і күні тұңғыш металын берді. Қызыл Армияның қаһармандық ерлігі елдің де еңесін көтеріп, айналасына жадыранқы көнілмен қарай бастаған. Оның үстіне металлургтар үшін сән бір қуанышты сөтті бастан өткергелі тұрган. Аланға жиналған жұздеген құрылышылар, монтажылар, металлургтер алдында мен Орталық Комитеттің, Халық Комиссарлар Кеңесінің атынан сөз сөйлеп, оларды еңбектегі ерен табыстарымен құттықтадым.

Кейінірек қорғасын-мырыш комбинатына айналған Өскемен қорғасын заводын айналып оту — қиянат. Аталмыш объектілердің және тұсті металлургияға қатысты басқа да көсіпорындардың құрылышы жайлы өңгімс бола қалған жағдайда сұрапыл согыс жылдарында, одан кейінгі тұстарда оларға тікелей башылық жасаған белгілі қайраткерлер В. Э. Дымшицтың есімінен еріксіз еске оралады. Ол кісімсін әлденсеше рет жүздесіп, ірілі-

ұсақты талай мәселелерді шештік, менің ойымша, қай кезде де ол кісімен ортақ тіл таба білген едік.

Калай сан-саққа жүгіртпейік, бірақ ақиқаттан аттап кете алмаймыз. Адамға жақпаса да аллага жақсын дегендей, шындығын айтсақ, отты жылдар партияның экономикалық стратегиясының дұрыстығын дөлелдеді. Қазақстан аса қуатты шикізат және өнеркәсіп орталығы болып келді. Бар салмақ негізінен біздің республикага түсті десек және оны қара наරдай котере білді десек, ешкім оны жосықсыз желінуге санай қоймас. Байтақ елдің басына түскен ауыртпалықты республикада тұратын барша халық тең котерді, мызғымас бірліктің шынайы үлгісін көрсетті. Тату үйге тақсыреттің жоламайтынын өмірдің өзімен дөлелдеді. Бұган дейін атап откенимдей, қазақ слі әвакуацияланып келгсін көсіпорындарды қолтығының астына алып, миллионнан астам адамға пана болды. Өкінішті бір жой: туган топырагынан, кіндік қандары тамған атамекенінен тұтас бір халықтар осында еркісіз қоныс аударылды. Әрине, бұл бір ауыз созбен жеңіл қайыра салатын ат үсті әңгіме смес, көпке белгілі жайды келістіріп айту, орине, қынин, сонда да бұган қайыра соғып, ой өрбітеміз. Ал, қазір оңайлықпен тізс үлкепеген ортақ жауды женуге қазақстандықтар қосқан үлсс қандай болды дегенді сабактай түссеңік.

Караганды шахтерлерінің алдына аса күрдслі міндет қойылды. Донбастың уақытша жау қолында қалуына байланысты соның орнын жоқтатпау қажет еді. Қарагандылық кеншілер мен Донбастан әвакуациямен келгсін жұмысшылардың тізе қосып жұмыс істеуі арқасында бұл атырапта торт жыл ішінде 23 жаңа шахта салынды. Комір ондіру 1945 жылы 11,2 миллион тоннага жеттіп, 1940 жылмен салыстырганда скі сеедей үлгайды. Сондай-ақ Лениногор, Балқаш, Шымкент, Ащисай, Зырян, Текслі майданга қажетті онімдерді үстемелеп отырып жабдықтады. Гурьев мұнайшылары танктерді, авиацияны, автотранспортты жанар-жагар маймен қамтамасыз етті.

Халық: «Төзім — ердің тірсі» дейді. Бұл қыын, бірақ ерлікке толы жылдар болды. Адамдардың ақыл-парасаты биік тұрған, еркін-жігері ерекше шындалған кезең еді. Бір-біріне деген мейірім, жоқ-жітікке деген қайырымдылық соншалықты зіл зала, ауыртпалықтан алып шықты. Халық озіне озі сеніп қана

қойған жок, партияға, оның ісіне мейлінше адал болды. Ең бір жауапты тапсырмалар жанқиярлықпен орындалып жатты. Мен соның бірлі-жарымын гана, шет жағалап қана тілгес тиск еттім. Республика көлемінде жасалған ұлан-тәйір гажайып істер халықпен бірге жасап, бірге ғұмыр кешеді.

Казак: «Өткеннің арбасы алысқа бармайды» дейді. Рас, ескірген, тозған дүниес үақыттың құрбаны. Бірақ, ескісіз жаңа болмайды. Оның тәлімінсіз, ашы сабагынсыз ертеңгі күннің ерекше қасиеті танылмайды. Демек, бүгінгі күн кешегі күннің шәкірті. Өткенді бағаламай, болашақты қадірлей алмайсыз. Мәселең, Қазақстанның гана емес, сонымен бірге бүкіл сліміздің индустріясының көң қанат жайып, қуатының артуына соғыс үақытында салына бастаған бірқатар алып құрылыштардың айрықша маңызы болды. Осы бір фактінің озі-ақ талай ойга өзек емес пе, ойланып корелікші, ағайын.

Мен тылдагы өмірді, адамдардың құстенген алақанымен жасалған талай-талай жұмысқа барлау жасадым. Бірақ, фашист басқыншыларына қарсы кескілескен ұрыстарға қатыспасам да, қызмет бабымен мен өз жерлестерімнің қаһармандық ерлігінен хабардар едім және оны өрқашан мақтан етемін.

Мерзімді баспасөз жарғақ құлагы жастыққа тимей өлденеше қайтарап жазып жүргеніндей, Қызыл Армия қатарында көп үлтты Қазақстанның 1 миллион 200 мыңға жуық жауужүрек жігіттері мен қыздары жаумен шайқасса, соның 82 мыңы коммунист, 250 мыңы комсомол мұшесі екен. Ксң-байтақ қазақ же-рінен ондаган атқыштар, атты өскерлер дивизиясы мен бригадалары, авиациялық полктар мен арнайы мамандандырылған батальондар жасақталды. Мындаған жерлестеріміз Уралда ірік-телген өскер құрамына енді. Брест қамалын қорғасқандар қатарында үш мындаі қазақстандықтар жаумен бетпе-бет келді. Ұлы Отан соғысы тарихының мөңгі өшпес беттерінде Н. В. Панфилов атындағы 8-ші гвардияшылар атқыштар дивизиясының ерлік жолдары сайрап жатыр. Мәскеу түбіндегі Дубосекова разъезіндегі кескілескен ұрыста 28 гвардияшы-панфиловшылар ерліктің ел естімеген үлгісін танытты. Орыс жігіті Клачков: «Ресей ұлан-байтақ, бірақ шегінуге жер жок, артымызда — Мәскеу!» деп, қасық қаны қалғанша қас жауынз қасқая қарап түргандар арасында қазақтар да, украиндар да, қыргыздар да,

молдовандар да бар еді. Қазақстандықтар 29 ай қоршауда қалған Ленинградты қорғап қана қойған жоқ, оған 138 вагон азықтүлік жіберіп, Жамбыл ақсақал: «Ленинградтық өрсендерім» деген жырымен де рухани қуат берді. Бүкіл кеңес халқы бол қорғаган Сталинград майданында біздің жерлестеріміз намысты қолдан берген емес. Олар Украинаны, Белоруссияны, Балтық жагалауын, Молдованы азат стугс қатысты.

Күн тұтылғандай жер мен көкті орт шалып, атылған оқтан, жарылған бомбадан құлақ тұнған зар заманда Отаны үшін өлімге бар, қазақ топырагынан майданга аттанған сарбаздардың:

- 100 мыңнан астамы ордендер мен медальдарға ис болса,
- 100-ден астамы Данқ орденінің кавалері атанса,

— 500-дейіне Қеңес Одагының Батыры атагы берілді. Алтын жүлдезді скі мәрте алған Талгат Бигелдиновты, Сергей Луганскийді, Иван Павлов пен Лсонид Беданы білмейтін тірі пендең искен-саяқ шығар.

Бұл жерде қынабынан қылышын суырмай жатып-ақ даңқы шыққан Бауыржан Момышұлының жолы да, жөні де бөлек. Ақының қыранының өзі айтқандай:

Ақыл айтар мезгілде,
Мың жасаған шалдай бол.
Қатал болар мезгілде,
Шатырлаған жайдай бол.
Мейірім түссер мезгілде,
Ағарып атқан таңдай бол,
Жауды бөгер кезінде,

Көлденең жатқан ордай бол! — деп азаматтық тұлғасын да, ақындық сөзі мен ағалық ақылын да қалдырып үлгерген еді. Шынында да, Баукең қаламдас інілерінің бірі жазғандай, жұрттың мінсіз мен құлқы, қимылы мен пигылы қалыптасып алған заманда қалыпқа сыймай кеткен бөлскіше бір жан болатын.

Қариялар: «Оққа қарсы шапқанда өлім қапталда қалады» деп отыруши еді. Ысқырығының өзі ынжықтың иманын үйірген тажал оғына қарсы шапқан арыстан жүректі Баукең Қеңес Одагының Батыры деген сә жогары атақ мына беріде — ол кісінің өзі дүниесден откен соң берілді. Бөріміз дс қуанып, «штеп — кеш жақсы» дедік.

Көзі тірісінде біріміз аға, біріміз інідей сыйласып өттік. Базбіреулер сан-саққа жүгірткендей, ол кісіге атақ алып бергіміз келмегендей алты алас, бес бересіміз жоқ еді. КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының мүшесі, КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі кезімде тиісті орындарға әлденеше рет атақ беру жайында мәселе қойғаным бар. Менің бұл әрекеттімді естіген Баукең бір жолы арнайы келіп: «Батыр жау барда сыйлы, би дау барда сыйлы, Димеке. Маған қолдан берген атақтан қадірімді асырган халқымның ықыласы артық. Тілекте түп болмайды. Құдай риза, мен риза. Мен қасы да жау, досының қасы да жау, қасының досы да жау ер жігіттің бірімін» дегені бар. Әрине, көз өзіне сенеді, құлақ өзгенің сөзіне сенеді. Дара тұлғалы, даңқы төрткүл әлемге асқан азаматқа атақ алып беру абырайына, ортақ бола алмаганыма әрине, өкінемін.

Әскерге алтыннан да темір қымбат болған ауыр күндерде азық-түлік ауадан да қымбатқа түсті. Колхозшылар мен совхоз жұмыскерлерінің еңбегі өлшеусіз еді. «Әрбір пүт астық — жау жайратар соққы!», «Майдан шебі біздің колхоз арқылы өтеді!» — осынау үрандарды республикамыздың ауыл еңбеккерлері іспен тиянақтап, жауға атой салған жауынгерлерге айбар беріп отырды. Әр гектардан 200 центнерден астам тары осірғен Шығанақ Берсисев әлемдік рекорд жасап, сл мөртебессін бір биіктетіп таstadtы. Ал, Ыбырай Жақаев, Ким Ман Сам, Анна Дацкова, Жазылбек Куанышбаев, Сындыбала Онғарбаева, Досым Асанов, Петр Томаровский және басқа да дікандар мен малшылардың жалпақ жұрт таң қалдыргандай табыстарға қол жеткізді.

Бұл мәтсіл мен айтпақ ойды аша түссе мс, жоқ па, білмеймін. Бірақ соз арасына сыналай кеткенді жон көріп отырмын. Қазақ: «Жетімге ауыз берген құдай нәпақа да береді» дейді. Таңның атысы, күннің батысы демей жұмыс істеген үлкен-кіші өздері тойып тамақ ішпесе де, бүтін киім кимсессе де, тапқан-таянғаның женсіс жолына жұмсады. Тірнектеп жүріп, миллион-дап қаржы жинады. «Нәпақадан» жасалған апай төс танктер колоннасы, кок сұңқарлары — авиа эскадрилиялары, бронепоездар, катерлер мен сұнғуір қайықтар жау апшысын қыырган айбынды күшкес айналды. Қазақстанның гылым мен мәденист, өнер қайраткерлерінің елтіміздің корғаныс қуатын нығайтуға

косқан үлесі ерекшे болды. Сол жылдары құллі слдің ақыл-оізы, шалкар шабыты, өнердің қайнар бұлагы осында — Алматыға шогырланып, еді. И. Бардин, Л. Берг, В. Бернацкий, Н. Гамалея, Н. Зелинский, С. Струмилин, А. Фаворский, К. Сәтпаев сынды тамаша талант ислерінің шыгармашылық іздеістері женіс күнін жақындана түскен-ді. Күміс көмей Роза Бағланова — сыңырлаган үнімен, мың бұралған Шара Жиен-құлова — әсем біімен, қыл құйрығын тұлпардың қобызына ішек қылған Жаппас Қаламбаев — сыр толғаган қүйімен, үнімен құс ілген Фариғолла Құрманғалиев, Жұсіпбек Елсбековтер — жасығанды жұбатқан, тасығанды сабасына түсірер өуездерімен елге де, елге қорған болған ерлерге де қайрат беріп, қаһарландыра білді.

«От пен темір сайысқан,

Келдім майдан төрінен.

Жер құшам деп көр құшқан,

Жауды женіп келдім мен» — деп, ақындық мінезі бөлек Қасым Аманжолов жырымен нәр берсс, Сыrbай Мәуленов майдан даласындағы өмір тынысын оз бояуымен жеткізеді. Мен оның «Құлын» деген өлсінің қайталап оқудан жалықкан емен.

— Шаршаган жол батып,

Волховтың батпагында,

Жатыр бие толғатып,

Зенбіректің арт жағында,

Фугас бомбасы

Жерді өртеген қыын күндес.

Тіршілік жолдасы

Бұлқілдейді биенің бүйірінде.

Адамдай жата шегіп құса мұндан

Соби бір үн сағынған.

Жалын тарта, көзіне үнсіз қарап.

Солдат оның сипайды құрсағынан.

Шашыраган көк жалынын бүркіп темір,

Орманның іші үрейлі.

Ал оттың ортасында — шіркін, өмір,

Құлын боп кісіндейді.

Казақ даласы дөңбекшіп, уайым мен қайғыга оранып жатып та сагалап келген жок-жітікке, жетім-жесірге пана болды.

Оқымыстыны да, өнер тарландарын да өзеккес төппей, өз бауырына алды. Оның он-сан мысалын осы елдің дөм-тұзын татып, осы жердің шуағынаболенгендер олі күнгө дейін аузынан тастамай айтып отырады. Аштықта жеген құйқаның тоқтықта дәмі ауыздан кестпегені жақсы гой.

Қүйігін жасырганның көңілі жұбанбайды. Дәл осы бір ел басына нәубет төңген қатерлі шақта Сталиннің бір үртynда шала барын жан баласы сезе қойған жоқ. Қазақ өруақ аттамаган. мен де өруақ жөнінде он сөйлегенді, әйтпесе үндемегенді қалайтын кісімін. Бірақ, ақиқаттан аттап кету—арға сын. Оның қиянаты мен қылмысының беті ашылып, ақ-қарасы таразылағып жатқанда айтарым: халық оған құдайдан бетер сенетін. Су төгілмес жорға да сүрінеді деп, отызыншы жылдарда жаппай жала жабылып, жазалау шаралары жүргізілген тұстагы оның адам түгілі құдай кешпес күнәсін біле тұрып, бүркемелегендер күні кешеге дейін тайрандап арамызда жүрді. Олардың өзі де білс тұрып, оған кір жуытпады. Кейін ала-топан соғыс басталды. Ел ерге, ер жергес қараган заман туды. Сол кездес оның айбыны асып, атақ-даңқы аспандай түсті. Айдарынан жел есіп, азу тісі алты қарыс болған оның шашпауын көтерушілер тіпті көбейіп кетті. Әрбір қогамдық шара, актив Сталиннің атына сала құлаш хат қабылдаумен аяқталды (бұл кейін де жалгасты). Орындарынан тік тұрып алақандары ойылғанша қол согатын коссем алдында ант беріп, өздеріне байланысты не бар, соның бөрін жасауға, тіпті жауды жену үшін жандарын пиде етуге әзір екендіктерінс қоміл сендерінде тырысатын. Кейбір кездері құдай жарылқап Сталиннің қолы қойылған жауап та алып қалатын. Мысалы, Қазақстанның тұңғыш болаты өндірілуғе байланысты оның құттықтау жеделхаты, сліміздің қорғаныс қорына бір миллион сом жолдаган галымдарға, Оңтүстік Қазақстанның атақты бір колхозының төрагасына берген алғыс хаты еңбекшилерді сибектегі ерлік істерге жұмылдыруда орасан зор насиҳаттық роль атқарды. Әр кездің өз әні бар, оған орындаушы кінәлі болмаса керсек...

Халық Комиссарлар Кенесінде қатарынан бірнеше жыл қызмет істеу республика өмірімен қоян-қолтық араласып, оның барша саласымен шүгүлдануга жол ашқан-ды. Ұақыт жетпей,

жанталасуши едік. Менің өрілтестерім, Халық Комиссарлар Кеңесінің тәрағасы қызмет бабымен ұзак жолсапарға шығып қайтатын. Өмірдің өз міндетін ұсынады, соган орай талап қойылады. Комиссарлар Кеңессінің отырыстары тұрақты түрде өтетін, онда облыстық атқару комитеттері төрагаларының, халық комиссарларының, бас басқарма және көсіпорын басшыларының есебі тыңдалатын. Кезекті белгі сөгу емес, істің жайы егжей-тегжейлі талданып, талқыга түседі. Және бүгінгі қаралған мәселеге ертенгі күн төртібі сойкес келс бермейтін. Өнім өндіру жоспарының орындалуы, өнеркәсіп және мәдени-әлеуметтік обьектілердегі құрылыштың барысы, тауар айналымы жоспарының жай-күйі — міне, осында жүздеген мәселе өнгіме өзегіне айналатын. Үр да жық сын емес, не айтылса да откір, әділ өрі ашық айттылады. Сылап-сипап шыгарып салу жоқ, әркім істен нотижे шыгарарлықтай жауапкершілік арқалап аттанатын. Жасыратыны жоқ, істің бір ұшы одактық Халық Комиссариатына, КСРО Халық Комиссарлар Кеңессінің аппаратына, Халық Комиссарлар Кеңесі төрагаларының орынбасарларына келіп тірелетін. Төрелікті де солар айтатын.

Жұмыс таңертсөнгі сагат тогыздан басталып, тұнгі үш-тортке дейін жалғасатының бұдан бұрын да құлаққағыс сткемнін. Соның өзінде де уақыт жетпей жататын. Мұрныңнан шанышла жүріп, уақыттың қалай өткенін де байқамайтын едік. Облысты аралап, өнеркәсіп көсіпорындарының жұмыс барысымен танысып, көмек көрсеткеннің сыртында астық, қант қызылшасын, мақта дайындаумен, әлеуметтік-тұрмыстық мәсслелермен шүгүлдануга тұра келстін еді. Соның бәрі білік пен білімді гана емес, әрбір минутты ұтымды пайдалануды және оның жемісті болуы үшін құрессуді талап стетін. Қысқасы Атырау мен Алтай, Қаратая мен Торғай даласына дейін қанатын кең жайған республикамыздың мен бармаган облыс, қаласы, тіпті шалгай ауданы жоқ. Сол кездегі ірі-ірі көсіпорындарының бөрінде болдым. Бұл арқылы багамды арттыргалы отырганым жоқ, атың барда жер таны, малың барда сл таны дегендей, сол жылдары жақсы мен жаманды таныдым, сл қадіріне жетіп, жер қасиетін үқтym білгеснімнен білмегенімнің коп скенінс көзім жетті, үйренуден жалақпа деген сөздің қадіріне жетіп, тәжірибес жинақтадым.

Өмір өзгеріссіз болмай тұрмайды. Байлық — қолдың кірі,

бүгін бар, сртең жоқ деп қарайтын қазақ, ат мінгсін азаматтың өзінен ғөрі қолындағы билігіне көбірек қарайлайтын әдеті. Олай деп отырғаным: 1944 жылдың екінші жартысында республика партия үйімінің басшылығында ауыс-қүйіс болып, Н. А. Скворцов совхоздар халық комиссарлығына тагайындалуына байланысты Мәскеуге кетті, соган орай бір жай еске олады. Жақсының жақсылығын көре білу бар да, оны айта жұру, үлгі сте білу бар. Скворцов соган лайық азамат еді. Согыстың ең бір қысталанған шағында Орталық Комитеттің бірінші хатшысы бол істей, әрине, кімге де болса оңай емес еді. Соган қарамастан ол республикада көп іс тындырыды. Ол шын мәніндегі интернационалист еді. Өзі жұмыс көзін таба білетін, және өзгеден де жұмысты талап сте білетін. Әрине, бірінші хатшыға өті жарылып кетердей өткір сын айту қайда. Сылап-сипай отырып, желқақты қып айттылған ескертпенің озіне қызарақтап, тіпті сол жерде тойтарып тастайтын. Ол кісінің озі басқарған соңғы бір пленумда республика прокуроры соз сөйлесп, Шаяхметовтың шарбагына қарай нөн «тасты» атып кеп қалды. Әуелі ол:

— Мен Скворцовтың қабылдауында жиі боламын. Барған сайын қойған мәслем орнықты шешіледі. Шаруам тынып, ішпей-жемей тойып қайтамын,— деді. Сосын Жұмекене бұрылып тұрып, сөзін жалғастырыды.— Ал, Орталық Комитеттің екінші хатшысы Шаяхметов менменсіп кеткені сонша, оның қабылдауында болу қынның қыны.

Прокурор қара қылды қак жарып айтты ма, жоқ үзында өші, қысқада кегі бар ма, ойтсуір Шаяхметовтың басына қара бұлтты үйіріп барып, сөзін былай аяқтады:

— Егер ол қолы қалт етіп, қабылдай қалғандай болса, онда оның төрслігіне түсken бірден-бір мәселе нақтылы шешімін таппайды. Оган жұмыс әдісін өзгерткен жөн.

Әрине, сәбек жолын ауыл мұғалімдігінен бастап, Орталық Комитеттің әуслі үшінші, сінді екінші хатшысы қызметіне дейінгі биікке көтерілген, өмірдің ашы-тұщысын бірдей бастан кешірген Жұмекен есс жібере қоймайтыны анық. Қырықтың қырқасына көтеріліп, алмас қылыштай қынабына сыймай тұрған шагы. Тіл жарасы жанына батты білем:

— Егер прокурор Орталық Комитеттің бірінші хатшысының есігін теуіп ашып, күн құргатпай барып тұрса, барған сайын

қап-қап ақыл алып, қойған мәсслесін қолмен қойғандай шешіп бергеніне қанаттанып, арқаланып шықса, онда оның скінші хатышда не шаруасы бар? Сіздің мына сыныңызды қалай түсін-сек екен? — деп бір тоқтады да, басқа мәселеге көшті.

Дәл осы жолы Қазақ КСР Ҳалком кеңесінің және Министрлер Кеңесінің төрагасы Оңдасынов Нұртас Дәндібайұлы мінбеге көтеріліп сөзінің соңында:

— Қызмет бабында құрдай жоргалаган жагымпаздардан іргенді аулақ салған мақұл,— деп еді, «Казахстанская правда» газетінің редакторы Нефедов орнынан тұрды да:

— Жағымпазыңыз кім, анып айтыңыз,— деп қақпайлай берді. Нұрекен құланның қасынуына мылтықтың басуы доп келгендей, сол жерде қасқайып тұрып:’

— Жагымпаздың көкесі — мына сіз,— деп сілтеп-ақ жіберді.

Нефедовтың аузына құм құйылды. Нұрекен сөзін аяқтап, мінбеден түсіп бара жатты.

Осының бәрі Николай Александровичтің арқасына аяздай батып, жүйкесін жұқартып отырганын айтпай-ақ аңгартқандай еді! — Қорытынды соз сөйлемді. Кысқа қайырмай, көсіле сөйлес, көңілге түйгенін бүкпесіз айтты. Республика партия үйімда-рының алдында тұрган кезектегі міндеттерді жүптай келіп:

— Біраз жылдан бері Орталық Комитетте қызмет істей жүріп,— деді сшкімнің атын атап, түсін түстеместен,— айналамдагы адамдар бір бүйіріне құлта сактап, тасадан тас атар құнді күтіп жүрер деп ойламаган едім. Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде дегенге енді көзім жетті. Оны осы пленумда сөйлесген Орталық Комитеттің кейбір мүшеслерінің сөзі бұлтар-тпай долелдеп берді. Мен сшкімді алалаганым жоқ, үзенгімді тен үстап, бәріңізге бірдей партиялық талап қойдым. Жаныма батып жүрген бүйрекімдегі тас болмаса, менің бір үртym май, бір үртym қан емес.

Пленум осылай аяқталып еді. Содан көкейге түйгенім: «Жақсы айтты!» деп елжірсій бермеймін, «жаман айтты!» деп тепсінуден аулақпын.

Согыс аяқталардың алдында гана Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына Г. А. Борков сыйланды. Ол осыған дейін БК/б/П Воронеж обкомының скін-

ші хатшысы, сосын Новосибирск обкомы мен Хабаровск өлкесінің комитетінің бірінші хатшысы болып істеген екен. Мұнда коп тұрақтай алмады, БК/б/П Орталық Комитетінің қарамағына жұмысқа ауысып кетті. Мынадай іс тындырып еді, сарбазай, дейтіндей еш нөрсө ауызга түспей отыр.

1946 жылы бірінші хатшылыққа Ж. Шаяхметов сайланды, Жұмекен, айтары жоқ, тәртіптің адамы еді. Қия баспайтын, қия да бастыртпайтын. «Мақтауы келіскеңнің де міні бар» дегендей, ол кісінің бір осал жері: қемекшілерін, бөлім бастықтарын бір шыбықпен айдалап, апшысын қуырып отыратын. Ұсақ-түйекті жілкес тізіп, түймедейн түйедей стуге бейім тұратын, жарықтық. Қарамағындағыларды құн құргатпай жиып алып, өндірістік кеңес өткізуге құмар еді. Оның есесінде Орталық Комитеттің болімдерінде, министрліктер мен ведомстволардың басшыларына берген нұсқауларының орындалу барысын қатты қадағалап, созбүйдага жібермейтін. Бұган дейінгі бірінші хатшылардан Жұмекенің бір артықшылығы аса үқыпты өрі қыыннан қыстырыа білестін үйімдастыруши еді. Оның осы қабілеттің арқасында согыстан кейінгі жылдары Қазақстан экономикасы құрт жогары өрледі. Жұмекенің қарамағында ұзақ істегендердің бірімін. Үйрене білген кісіге үлгі болар өнегесі аз емес еді. Ол кісінің басшылығымен Қазақстан коммунистерінің төрт съезzi отті. 1949 жылы ақпан айының соңына қарай өткен IV съезде мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі болып сайландым Н. Ондасынов ексеміз съезд жұмысына қатыса алмадық. Орталық Комитеттің шүгүл тапсырмасымен Қызылорда облысында жүргенбіз.

Ол бір судың мол кезі сіді гой. Бөрібай арнасының жогары жағындағы жойқын апат аяғымыздан тік тұргызған. Қар еріп, сайдаланы су қантап, арна тасыған тұста сел бөгенді жырып, төмен қарай лап қойған. Қызылорданы сел алып, Орталық — Орта Азия құре тамыры — темір жол бойын ойран-асырын шығару қаупі төніп тұрган-ды. Оған қарсы мол техника, қыруар адам күші жұмылдырылды. Ташкент пен Алматыдан гидротехниктер келіп, өскери болімшелер іске араласты. Аз күнгі, бірақ ауыртпалығы оңайга түспеген бұл жұмыстың бар тізгінің оз қолыма алуыма тұра келді.

Әрбір минөт қымбат сіді. Жауынгерлер мен теміржолшы-

лар бөгеннің «тығыны ашылған» жерді бітей алмай, салымыз суга кетіп тұрган кезде мәндайын өжім торлап, еңкіш тартқан қарт құдай айдал келс қалмасы бар ма. Бізге күн сала қарап тұрып:

— Босқа арам тер болмаңдар,— деді.— Жырынды су оңай-лықпен өл бермейді. Оны «қарабураңамай» ауыздықтау қын.

Тосын сөз еріксіз елең еткізген.

— «Қарабураңыз» қалай, түсінбедік, қария,— деп жөн сұрадым.

Шал асықпай, аптықпай мән-жайды түсіндіре бастады.

— Ұзындығы 15—20 құлаш келетін жуан арқанның үштөртеуін қатар жазып, жерге тастандар да қамыс, сабан тосеп, үстіне шым салындар. Сосын киіз шиыршықтагандай тас қып орап арқанмен шандып байландар да, бөгеннің кесткен жерінс қойындар. Онымен қазақ асау дарияны да тоқтатқан.

— Апыр-ай, — дедім әрі қайран қалып, әрі бұны қалай бастарымды білмей.

— Қарагым, мен білсем, осы жердің бастығы сен боларсын, — деді бір қайрат танытқалы оқталып. — Қасыма бес-он сарба-зынды қос, бәрін өзім істеп берем.

Ақсақал айтқанын айна қатесіз жүзеге асырды. Тоган жасалып, алып қашып жатқан сел сап тыйылды. Қарттың айтуынша, бөген жасап, асау өзенді «бұғалықтаудың» осынау халықтық әдісі багзы заманнан — Ақсақ Темір билеп-төстеп тұрган тұстан қолданады-мыс. Неше күн, нешे түн не үйқы, не құлкі кормей, жер қайысқан құшпен тоқтата алмаган апatty өзіміз тындыргандай Алматыны былай қойып, сонау Мәскеуде жатқан Маленковқа баяндағық. «Бәрекелді!» дегенді біз есті-дік. Бірақ мен осы бір оқиға есімс оралған сайын халық даналығынан асқан ұлылық, халық жинақтаган өмірлік тәжірибеден асқан құдірет жоқ деген тоқтамга иек артамын да тұрамын. Осы заманғы озық үлгідегі техника, инженерлік ойлар мен тапқырлық, шүкір, барышылық. Соны малданып халық жинақтаган өлгіндеңідей білікке, оның тарихи тәліміне коз жұмып, айналып өтеп беретініміз өкінішті-ак. Хаттанымайтын шынашақтай қара шал сайдың тасындај жүзден астам жауынгерге қоса атағы жер жарған ондаган маманды жерге қаратса, халық мұрасына мұрын шүйіре қарауды қоятын мезгілдің жеткендігі емес пе.

Әр шал өткен дәуірдің бір-бір өмірлік ісін оскелен үрпаққа осылай жеткізіп жатса, не арман!..

VIII

1946 жылы Орталық Комитет мені Семей облысына астық дайындау жөнінде өкіл стіл жіберді. Дәл сол кезде БК(б)П Орталық Комитетінің жаупаты қызметкерлерін бастап А. И. Микоян келді. Олар астық өсіретін облыстарды түгел аралап, қазан айының соңына қарай ат басын Семейге тіреді. Ол кезде Анастас Иванович 50-дің үстіндегі ел ағасы жасында еді, КСРО Халық Комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары қызметтін атқаратын. Қонақтарды Орталық Комитеттің хатшысы Ж. Шаяхметов алып келді. Семей облысының партия үйімін А. Д. Гарагаш басқаратын. Ол 1933 жылы ВК(б)П Орталық Комитеттің жолдамасымен Қазақстанга келіп, өзелі осы Семей және Алматы облыстарында саяси-көпшілік жұмыстарда істеді. Сарқанд және Балқаш аудандарында, Ақмола және Қызылорда облыстық партия үйімдарында қызмет атқарып, кейін Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасарлығына дейін көтсөрілген-ді. Микоянға Александр Дементьевич облыста астық дайындаудың барысы жайында егжайтегжейлі баяндап берді. Әңгімегс әбден қаныққан Анастас Иванович ойдан-қырдан актив жинап, елді дүрліктіре қойған жоқ. Обкомның бюросына аудан басшылары ғана шақырылып, бірінші басшылары шаруашылықтағы астық жайын таразылап, жалпы облыс бойынша алынатын өнімнің көлемін мөлшерлекен. Әлбетте қырга себілген — астық смес, қоймаға төгілген астық екенін бәрі де жақсы түсінетін.

Микоянның мәслихатты жүргізуі үнады. Жылы қабак, жайдары мінез, өзіл-қалжың елдің еркін отырып, ашық әңгімес-лесуіне жағдай туғызған. Мына бір жай есте қалыпты. Ет комбинатының директоры Шеффер: ведомстволық құзетті қүшейту жайлы отініш білдірді. Микоян:

— Құзетте қанша адам істейді? — деп сұрады.

Директор кісі шошырлық цифрды айтты.

— Күзетшілердің тең жартысын қысқартыңыз, сонда үрлүк азаяды, — деді. Жұрт қыран-топан күлкіге қөмілді.

Есімі елгс қеңінен танымал қенес мемлекеті және партия қайраткерінің Семейге келген сапары осылай аяқталды.

Жұмакен жұмысқа берілген кісі еді. Кісі танитын, кім неге қабілетті, қандай артықшылығы бар, кемшілігі неде дегенді тез аңғарып, дер кезінде төрелігін айтар еді. Орталық Комитет пен Министрлер Қенессінің жұмысын жаңартта отырып, жандандыра түскен. Н. Ондасыновты Мәскеуге оқуға жіберді. Нұрекен мен мен тогыз жылдан аса қызметтес болды.

Ол кісі Түркістан орман техникумын тәмәмдаган соң маマンдығына сай қызметтер мен су шаруашылығы саласында еңбек етіп, Қазақ КСР Жер халкоматы басқармасының бастықтығына, сосын Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрагалығына дейін көтерілді. Жоғарыда айтып өткенімдей, 1938—1951 жылдар аралығында Қазақ КСР Халық комиссарлар қенесінің және Министрлер Қенессінің төрагасы болды. Сол кезде еңбек үйымдарын жиі аралауга, қайнаган өмірді өз көзімен көруге ұмтылатын. Әсіреле, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінен қол үзбей, солардың тыныс-тіршілігіне ерекше мән беретін.

Үлкен кісі откенін мақтайды дегендік болмасын, бір мүшелге жетер-жетпес үлкендігі бар Нұрекен үзенгілес інілеріне үлгі болуға тырысатын. Жұмысты жаңын салып істейтін. Және орынбасарларын жинап әңгімелесіп отырган тұста:

— Менің бойымдағы бар жақсы қасиетті алып қалындар, ал жаманынан бойларында аулақ салындар, — дегенді қайталаудан жалықпаушы еді.

Нұртас Дәндібайұлы 1954—1955 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Қенесі Президиумының төрагасы, сосын Гурьев облыстық атқару комитетінің төрагасы және осы облыстың партия үйимын басқарды. Осында жауапты қызметте жүріп, шыгармашылықтан қол үзбейтін. Араб, парсы тілдерінен жүйрік еді. Нұрекен 1962 жылы ұзақ жылдарғы бейнетінің зейнетін көруге кеткен кезде шыгармашылықпен шындалпайтады. 1969 жылы «Арабша-қазақша түсіндірмес сөздігі», 1974 жылы

«Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігі» жарық көріп, қалың оқырманның ыстық ықыласына бөлсенді.

Аз ғана уақыт халқымыздың қадірлі азаматы Елубай Бәзімұлы Тайбековтың қарамагында істеге бақытына ие болдым. Қазақ даласына Кеңес өкіметі орнаганға дейін байдың жалшылығында күн кешкен Елскең болашаққа батыл қадамдар жасап, құрсекерлік қайсар мінез танытқан кісі. Оқуды Орынборда зоотехникалық-мал дәрігерлік болімінің, милиция мектебінің тыңдаушылығынан бастап Мәскеудегі К. М. Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясына дейінгі білім ордасын тауысқан. Соғысқа дейін және оның алғашқы жылдарында Қазақ ауыл шаруашылығы институттың ректоры, ауыл шаруашылығы экономикасы кафедрасының менгерушісі, осыған дейін (1951—1955 ж.) Қазақ КСР Министрлер Кеңессінің төрагасы болды. Әрине, Елубай аксақал атқарған қызметті түгендеп шығу міндеттімізге жатпас, бірақ өмірден оқыганы бар, тоқыганы да мол азаматтан кіслікті де, көшелілікті де үйренудің жөні бөлек еді. Жаратылысынан таза жан партиялық істі (Ақтөбे облыстық партия комитетінің екінші, кейін бірінші хатшысы кезінен білемін) арозданындағы адад атқаратын.

Он жылдай Қазақ КСР Жогарғы Кеңесі Президиумының төрагасы қызметтін атқарған Әбдісамат Қазақбаевтың не үшін орнынан алынганы маган жұмбак. Әйтсөйр Талдықорған облысының Киров аудандық атқару комитетінен бір-ақ шыққанын білем. Оның орнына әуслі Қостанайдан, сосын Павлодардың облаткомы төрагасы болған Даниял Керімбаев сайланды. Сол жылдарды қан майданының тар жол, тайгақ кешуінен өткен жігіттердің үлкен тобы партия, кеңес және шаруашылық жұмыстарға көптеп жіберу дәстүрге айналған-ды.

Соғыс салған бітеге жара аз емес, сабактарын да жоққа шығаруға болмайды. Тоқшылықтың да жоқшылықпен жалғасатынын, асып-тасудың да арып-ашуға ұласатынын білдік. Үйлегенде көкірсі қарс айырылатын, қайғы жұтып, қасірет шеккен елдің еңесін көтеру, кираган қалалар мен ауылдарды қалпына келтіру, тұралап қалған шаруашылықтарды қаз түргузыу — үлкен сын болды. Алда тұрган аса жауапты осындағы міндеттерді шешуге майдангерлер көптеп тартылды. Олардың

Кеңес жұмысына келулөрі халық шаруашылығы жоспарларының орындалуына, қоғамдық өндірістің тиімділігінің артуына, өндірістік тәртіптің нығаюына бағытталған жұмыстың қызықты да мазмұнды формалары қалыптасты. Халық Комиссарлар Кеңесінде, кейін Министрлер Кеңесінде біздер — В. А. Белый, Г. Ч. Чулаков, И. Л. Буданцев, И. Т. Шарипов, Н. А. Ерофеев, В. А. Шныров, Ш. Б. Бұрбасов, министрлер — А. Г. Шугайло, К. Е. Едігенов, В. К. Францишин, Д. Л. Сырцов, Ү. Ү. Үримбаев, А. Өтембаев және басқалар бір жағадан бас, бір жеңнен кол шығарып қызмет атқарды.

Соңғы жылдары бар билік қолында тұрып, ананы істемеді, мынаны істемеді деп, бұғып жатып, тас лақтыруышылар бар. Бір жағынан мұндай талаптың қойылуы егеменді ел болып, өз қолымыз өз аузымызға енді жетіп жатқан тұста теріс те емес. Бірақ, бұған дейін шаруашылыққа, қаражатқа байланысты көптеген мәссле жөнінен республиканың аяқ-қолы байлаулы тұғын. Әңгіме жалтақтықтан емес, ақ десс — алғыс, қара десс — қарғыс болатын орталықтың құдыреттілігінде еді. Оны осы тіршіліктің басы-қасында жүрген біздер сыншыл сырт козден гөрі өлдеқайда жақсы білеміз. Қолы байлаулы кісі бұлқынар болар. Кезінде олай стіп те көрдік. Алайда енді қайтып бұлқын-байтындағып бұғалық сала салуы қын шаруа емес. Онан кейін бұлқындың не, бұлқынбадың не? Одан да халқыңа аз да болса пайдаң тиер «жұмбақ» жол таңда. Тарихымыздың соңғы өткелдерін ой слегінен өткерген жан смурінді айтпай-ақ түсінер деймін.

Республиканың күнделікті тіршілігінс тікелей байланысты бірқатар мәсслелерді шешу үшін Мәскеуге барып, айлас жататынбыз. Әрине, сріккендіктен емес. Бір ашқан ссігінді сан қайтара ашып, табалдырық тоздырып барып шаруаң бітсіді. Жүрмессен, жүгірмессен, әке-көк деп олердегі сөзінді айтып таусылмасан, ойлаган ісің ойдагыдай бола бермейтіні жөнебар. Тәртіп солай деуден аулақпын, тапшылықтың тауқыметі де, жеті өлшеп бір-ақ кесуге дағдыланған сақтық та ілгері басқан аяқты осылай кері кетірестін. Әйттес дес өмір қындықсыз, кедергісіз болмайды.

1945 жылы Мәскеуге барған бір жол сапар өлі есімде. Шаруа Мемлекесттік Жөспарлау комиссиясынан басталып,

жабдықтау үйымдарында, Халық Комиссариаттарында жалгасты. Бұғін барып, ертең қайта қоятын қоңсы отырган ауыл-аймақ емес, айлап ат арытып, тон тоздыратын шалғай жер болған соң, талай тапсырманы біржола бітіріп қайтайын деп жиып-теріп әкелгенмін. Осылай шаруа басты боп жүрген күндер бүкіл дүнис көз тігіп, құлақ түрген оқигага — Жеңіс салтанаты өтетін күнге түспа-түс келе қалмасы бар ма. Зуһра Шәріпқызы екеумізді Қызыл алаңға шақырды. 1945 жылдың 24-маяусымы тұғын. Алгаш рет И. В. Сталинді жақын жерден көрдік. Саяси Бюро мүшелерінің, Кеңес Армиясының атағы жер жарған қолбасшыларының әрбір қимылын қалт жібермей қызықтап қараумен болдық. Талай ақ бозды көріп едік. Парадты қабылдаған маршал Жуков мінген мына аргымақтың жөні бөлек еді. Түріне түркы, көркіне жүрісі сай сөйгүлік үстіндегі аты аңызга айналған қолбасшының отырысы қияга қонған ақын қыранды елестеткендей еді. Парадты маршал Рокоссовский басқарды. Ерте ойластырып, жан-жақты дайындықтан өткен скен. Артық қимыл жоқ. Зергер қолынан шыққан сұлу мүсіндей әдемі, әсері мол. Салтанат скі сагаттан аса уақыт жалгасты. Бір гажабы шелектеп құйған қалың нөсерден көз ашпадық. Соған қарамастан бүкіл ел боп аңсай күткен, армандалап жеткен қуанышқа толы сағынышты сагатты қыып кетс алмады. Бірақ парадтан соң жалгасатын жалпы халықтық шеру отпей қалды. Біз сабалаган жаңбыр астында қонақ үйге қарай асықтық.

Халық Комиссарлар Кеңесі төрагасы орынбасары боп істеген он жылдың өмірлік сабактары аз смес. Орталық Комитеттің Бюросының тікелей басшылығымен атқарған жұмыс ізсіз өткен жоқ. Бір күні бір күнінс үқсамайтын өмірді терсін түсінуге, адамдардың табигатын тануға, күнделікті құйбің тірлікten өмірлік мөні бар маңызды мәселелерді айыра білуге, жүктелген міндеттің жауапкершілігін барынша сезіне түсуге бет бүрган жылдар болды. Қазақ: «Корс-көрс көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деп, текке айтпаган гой. Көсем болмасақ та көшелі тірлікке, шешен болмасақ та мәселе шешуге машықтандық. Халық Комиссарлар Кеңесі мен Министрлер Кеңесінде қызыл кеңірдектесіп қалатынбыз. Жұз жыртысу емес, бір-бірімізге деген сый-құрметімізді сақтай отырып, си-

пайы сөйлеуге, бірақ әділін, ақиқатын айтуга, сөйтіп істің жайын зерделеп, дұрыс шешім жасайтыныбыз. Біздің әрқайсымыз үшін бұл үлкен мектеп болды, қашанда құр аттай сергек жүргүге, жинақы орі төртіп сактауга төрбиселеді.

Қай дәрежде қызмет істемейін, мен ешқашан өзім таңдаған мамандықтан қол үзген емен, білек сыбанып, тікелей араспасам да әдебиеттерді құр жібермей, осы саладагы галымдармен тығыз байланысып түрдым. Алматы тау-кен metallurgия институтында кен инженерлерін даярлау жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрагалығын атқардым. Менің жастық шагымның үмітылmas іздері қалған Қоңырат пен Риддерде қызмет істеген кезеңде Қазақстан кеніштеріндегі бүргылау жоне копару жұмыстарын жақсарту жөніндегі улан-асыр материал жинақтап, бір жүйеге түсірдім. Республика геологиялық Кеңестің төрагасы бол жүріп (Қазақстан КП Орталық Комитетінің көптеген геологиялық барлау үйымдарының жұмысын үйлестіру үшін құрылған мекемесі) талай-талай кен орындарының құрылымын жете зерттеуге, ашық әдіспен кен қазуды жүзеге асырудың жолдарын белгілсуге турал келді. Бірқатар кен орындары бойынша теориялық жағынан есеп-қисабын жасап, болашақ кеніштерге «таңба» салынған-ды. Осылардың бөрі менің диссертациямын алтын арқауна айналды.

Докторлық жұмысында слуінші-алпысыншы жылдардагы тау-кен гылыми қол жеткізген иғі істер сараланды, ашық әдіспен қазылатын ондаган кен орнын, оның ішінде полимистал, мыс, темір, боксит, фосфор кендерін, сондай-ақ асасирек кездесетін және асыл металдарды ондірстің қазыналы жерлерді нақты көрсетіп бердім. Мен атап көрсеткен сол кен орындарының көбі бүгінгі таңда іске қосылды.

Ел мойынданған ғулама галымдардың лайықты бағасын есту мен үшін үмітылmas оқига еді. Докторлық диссертацияма Мельников, Шевяков, Сотпаевтың жогары бага беруі мені қанаттандырып қана қойған жок, сонымен бірге зор сенім арқалатып, мол жауапкершілік жүктеген-ді. Мен Республика Жоспарлау комитеті мен түсті metallurgия министрлігі, көрнекті оқымыстылар мен сліміздің шар тарабындағы институттардың кафедра жетекшілері берген құнды пікірлер мен қызықты үсіністарды қайталаپ оқыған сайын гылым жолының инсемен

Құдық қазгандай қындығына да, шексіз мүмкіндігіне де қайран қаламын. Терсірек үңіліп, сарсыла ізденген сайын оның тылсым сырларына қаныққан сайын «ындының кеуіп» шөліркей түсесін, арбалгандай алаңсыз «құныға» түсесін. Ғылым деген құдірст осы. Оның түн үйқынды төрт бөлгізген ой кемерінен, сол ойдың сл иғілігінс айналған жемісін көру қандай бақыт! Мен озімді сол бақыттың дәмін татқан галымдардың бірі болғаныма шүкір деймін.

IX

1951 жылғы желтоқсан. Ойламаған жерден Шаяхметов шақыртты. Әңгімені алыстан орагытып бастады. Мал қыстаратудың жайы, соган байланысты қолга алынбақ шаралар туралы айта бастады. Оган пәлсіндей мән берс қоймадым. Қытымыр қыс қай басшыны ойландырмайды. Мал аяғымен жайылудан қалса, жем-шөп жетпей жатса, аспан түбі тесілгендей үстін-үстін қар жауып, сл ағасының ойы он саққа кетіп, үйқысы шала боп жүргенінде дау жоқ. Бірақ жұз сексен градусқа кілт бұрылып, әңгіме тақырыбын басқа жаққа бұрып жіберді.

— Өзіңізге белгілі, — деді Жұмакең өлденегс көңілі толмагандай қабагы түйіліп, — соңғы жылдары Орталық Комитеттің бір емес, скі бірдей хатшысын Қазақстан тарихын көрсетуде ірі-ірі саяси қателіктеге ұрынганы үшін орындарынан босаттық.

Қазақ КСР тарихы Орталық Комитеттің идеология мәселелерімен шүгүлданатын хатшысының жалпы редакциясымен жарық көрген-ді. Осыдан бір жыл бұрын — 1950 жылдың 26-желтоқсанында: «Правда» газеті «Қазақстан тарихи мәселелерін марксік-лениндік түргыдан көрсетуі үшін» деген тақырып-пен мақала жарияладап, онда тарих ғылымындағы соның ішінде Кенессары Қасымов қозғалысын бағалауда жіберген слеулі қателік атап көрсетілген-ді. Шаяхметов соны мегзеп отыр еді.

Жұмакең аз-кем үнсіздікten соң былай деді:

— Орталық Комитет өзінің сегізінші пленумында «Республика партия үйымдарында идеологиялық жұмыстың жағдайы және оны жақсарту шаралары туралы» мәселе қарады. Ілгері

басқанымыз шамалы. Әсірессе, Фылым академиясындағы жағдай аландатады. Ол ол ма, Академия президиумы және оның президенті Сәтпаев шара қолданып, қателікті түземек түгілі, қоғамдық сынга құлақ асқан да жоқ. Түк болмагандай, қаннен қаперсіз. Академия бетімен кетті, ескінің сарқыншақтары етек алып, феодалдық-бай көзқарастары қайта қаулады, кадр іріктеуде жершілдік бел алып, тамыр-таныстық, сыйбайластық менеджеді, естіген құлак таңқалғандай мемлекеттің қыруар қаржысы тістегеннің аузында, ұстаганның қолында кетті. Президенттің көмекшісі Оспанов пен іс басқарушысы Садықов сұғанақтық жасап, елеулі тәртіп бұзушылыққа барды. Оған Академия президиумы көз жұма қарап отыр. Олардың үстіне қылмыстың іс қозгалды. Оның үстіне Сәтпаев, кезінде Алашорда үкіметтің сөзін сөйлеп, намысын жыртқан адам. Қызметтіңде, міне, осындай елеулі-елеулі кемшіліктері үшін Сәтпаевты орнынан алу жөнінде Бюро шешім қабылдады.

Мына тосын хабарды естігенде төбемнен жай түскендей болды. Мен Қаныш ағаны аса ірі геолог-галым, үйымдастыруыш ретінде білетінмін және аса зор құрметпен қарайтынмын. Енді, міне, күтпеген жерден орнынан алынды деп отыр.

Шаяхметов аз-кем үнсіз қалды. Қалай қарар екен деген ой болса керсік, иегін көтеріп, көзін қырын тастандай. Мен күдігімді жасырмадым.

— Күтпеген хабар екен, — дедім.

Ол естімеген кісідей:

— Орталық Комитеттің Бюросы ақылдаса келіп, өзіңізді республика Фылым академиясының президенттігіне ұсынуды жөн деп тапты. Сіз бұған қалай қарайсыз? — деп сұрады.

Мен жұлып алғандай:

— Сенім көрсеткендеріңіз үшін рақмет, бірақ мен бас тартамын, — дедім салған жерден.

Жұмакен менен мұндан «тоң» мінезді күтпесе керек. Салыңқы қабақпен өңгімеміз осымен біттідегендей ыңғайбайқатты. Мен үн-тұнсіз кабинеттен шығып кете бардым.

Арада скі ай откенде Орталық Комитетке шақыртып, Шаяхметовке апарды. Екеуміздің арамызда бұдан бұрын бұл тақырыпта әңгіме болмагандай сынай танытқан Жұмакен домбыраның құлақ күйін қайта келтіріп, баяғысын бастан-аяқ түгел

қайталап айтып жатқанда Орталық Комитеттің екінші хатшысы үстімізге кірді. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, Шаяхметовтың бағытына шаң жұқтырмай төрт қолымен бірдей қолдан отырды. Әңгіме үзап барып аяқталды, мен екеуінің уәжіне жығылдым. Жиырма күннен кейін Мәскеуге келдім. БК(б)П Орталық Комитеттің Фылым бөлімінің меңгерушісі А. А. Ждановпен арадағы сұхбатта тым ұзаққа созылды. Ол Сәтпаевты жерден алып, жерге салып жамандай отырып, маган құлақ сарсылтқандай ақыл айтты, гылым саласының нендей қыындықтары бар, неге назар аударып, қандай қателіктерден іргені аулақ сала жүрген мақұл дегенді жіпке тізгендей санап шығып, сактандырумен болды. Қазақ: «Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла» дейді. Әділін айтпасаң, сенің кіслігіңнен не пайдар. Ждановтың Қанексөн жайындағы ағат пікірлерінс өз топшылаударым мен тиянақты пікірімді қарсы қойып бақтым. Ол кез пікір қайшылығына назар аударудан горі үстемдігі жүріп түрған кісінің сөзі өктемдесу кезінде. Сонда да болса сыналап отырып, кейбір тұста пікірін өзгертуғс тырыстым. Пікір алмасу осыңғайда өрбіп, ұзақты құнғе үласқан-ды.

1952 жылы сәуір айының 16—17-сі күндері Қазақ КСР Фылым'академиясының жалпы жиналысының сессиясы болып өтті. Сессияның бірінші күні Қазақ КСР Фылым академиясының толық мүшелері М. П. Русаковтың жәндес А. К. Жұбановтың, сондай-ақ Қазақ КСР Фылым академиясының корреспондент мүшесі К. Жұмалиевтің атагынан айыру мөсслесін қардады.

Жоғарыда жазғанымдай, М. П. Русаков Қазақстан геология гылымының дамуына зор үлес қосқан адам. Оған: «КСР Одагына қарсы бағытталған әрекеттері үшін» деген айып тағылды. Жазықсөз жалага ұшырагандардың қандай қасірет шеккенін қайталап, еске салудың өзі де азап. Әдебиет пен онердің талмас тарландары А. К. Жұбанов пен К. Жұмалиев «Қазақ КСР Фылым академиясынан байланысын үзгені» үшін құғынга ұшырап, запа шекті.

Тарихқа төрсөлік айту қын. Бірақ шымбайға батқан күні кешегі зілзала жайлыш оз козқағасымды білдіре кету парыз. Оны бұған дейін — жоғары деңгейде тиісті адамдарға айтқанмын. Әлі де сол пікірімнен таймаймын. Қазақтың жоғарыда есімі

аталған азаматтарының айдың күні аманында тағдыр төлкегіне түсіне Орталық Комитет басшылары тікелей жауапты, бұл солардың нұсқауымен жасалған жөне оның идеология жөніндегі хатшысы М. Сужиковтың бақылауымен жүзеге асырылған шаралар еді. Екі елі ауызға төрт елі қақпак қойған, бір көзің бір көзіңде жау болған зар заманда мен былай деп едім деу, кеудем-соқтық боп шығар еді. Ол кезде әлі академиктікten ауылы алыс болатын және буырқанған ағынга қарсы қасқайып тұра алмағаным рас. Әйтсе де, оның жала екенінс, асыл азаматтардың жазықсыз екенінс күмәнім жоқ түгын, срте ме, кеш пе, өйтесір ақ-қарасы айырылып, әділестіз шешімнің бұзылатынына шек келтірмеп едім. Ақиқат — ағын суды да тоқтатады деген сөз рас, ақыры уақыт салған жараның емі табылды, ол әрине, оңайға түскен жоқ, аты аталған тамаша галымдарымыздың атақтары қайтарылып, «кір шалған»abyрой-беделін котердік. Таза алтынды тазартпас болар дегенге жығылсақ та, халық ара түскен әділ істің басы-қасында жүріп, істің барынша әділ әрі тез шешілуіне тікелей араласқанымды айтсам, артық ұпай жинағалы ұмтылып отыр деп ойламассыздар.

Жалпы, соғыстан кейінгі жылдары тек күйрекен қалаларды, селоларды қалпына келтіру, тұралаган шаруашылықтарды жолға қою сияқты іргелі істерді қолға алушмен бірге және бір зобалаңның шеті пықсып жана бастаган-ды. Ел ішін үрей билеп, жан-жагына үркес қараган жалтақ мінезден арыла алмаган. Қазақстанның сорпа бетінен шыгар жақсылары мен жайсандарайн — көрнекті мәдениет пен гылым қайраткерлерін тұн жамылып келіп, алдына салып айдал кету жалгасып жатыр еді. Тұтқындалып, ұзақ мерзімге кесілгендердің ішінде тарихшылар Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов бар еді. Сондай-ақ, кезіндегі «Тұлпардың жыры», «Жігер», «Наз еркесі» деп аталатын жыр жинақтарымен әдебист олемінің қасиетті табалдырығынан аттап, сын мен әдебиетті, фольклорды тануга жөнс оларды қалыптастырып, дамытуға айрықша үлес қосқан Есмагамбет Ысмайылов, белгілі драматург, Қазақ КСР-інің мемлекеттік Гимнінің тексін жазушылардың бірі, Абай тануышы Қайым Мұқаметханов үсталды. Қайым Абайдың әдеби мұраларын зерттесуде «үлтышылдық қателік» жібергенді үшін айыпталды.

Елді осындағы ес тұтар ақыл-ойын, көш бастар сиркеслерін

ұн-тұңсіз мәңгітіп жіберсс бір сөрі, аттанға ұран қостырып, құллі баспасоз олардың «ит терісін басына қаптап», қайдагы жоқты тантыды. Кеше ғана араларынан қыл өтпес дос-жар кіслер жүз көріспестей, ауыздарына келгенді құсты. Естіген кісінің жүзі ішyдамас жала, өсек-аяң өрттей қаулады. Ұлтшыл, жат елдің жансызы, революцияға дейінгі Қазақстан тарихын, фолклорды, қазақ әдебиеті тарихын зерттес мәселелерінде феодалдық дәүірді дәріптейді деп айыптаپ, үш үйіктасаң, туңсіне кіrmес сүмдықтарға барды. Бұл «жоқ болса берес алмайтын, бар болса көре алмайтын» қазақтың басындағы ахуал емес, барша халыққа ортақ нөубет еді. Асаудың арандауы смес, асауға тұсау салу еді. Еркіндікке жасалған тосқауыл еді. Тізгін ұстаган кісі қамшысын үйіріп, көрін төгіп отырса, тырп етіп көр. Әлде-кім сирақтан бүйрек шыгарып бұлгактап, бұлталактаса оны құрбандыққа шалып жіберу түк смес. Осылай мындарга бұгалақы салынады. Сосын қойдан жуас момақан қалыпта коңыр күй кеше береді. Біреудің айтқанымен жүріп, айдауына көнуден асқан бейшаралық бар ма. Міне, қатыгездіктің ең зоры осы. Халық осы зомбылыққа қондіге бастаган-ды.

Оны сол кезде-ақ түсінгенбіз, бірақ іштен тындық. Айгай-лап айтпақ қайда? Ойлаудың өзі үрей тудыратын. Бұл арада бас кеспек бар да, тіл кеспек жоқ деген сөз жүрмейтін. Соның бөрі тәртіп дегеннің аясында өрбіп, жүзеге асырылып жатты.

Әрине, тұтіні қисық шыққан үйде бересе қайдан болсын. Ол шаңырактың отагасының да ішкені ірің, жегені құм ғой. Ж. Шаяхметовке де оңай тимегені аян. Бірақ заман қыл көпірінен ол кісі жалғыз өтпеп еді, өзінен бұрын алдына талай-талай жақсы мен жайсанды салған-ды. Жұмсекенің ең үлкен қателігі де осында. Ұлттық интеллигенция, оның көш басында жүрген үркердей тобы обден зардал шекті. Заман азса, таяқ жуан тартар дегендей, М. Сужиков Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы бол түрган 1951—1954 жылдары оның бұл «оттеген-айлары» бұрынғыдан бетер тамырын терсін жайып, өрши түсті. Басқасын былай қойганда, халықтың өзі тудырып, өзімен бірге жасасқан озық үлгідегі эпостық жырлары ақыры өзіне «сор» бол шықты. Орталық Комитет ауыр мін тағып, түккес алғысыз етерліктей қаулы қабылдады. Онда осыған тікелей қатысы бар көптеген галым-

дардың, тарихшылардың, филологтардың, тіпті тұтас бір гылыми үйымдардың зерттеу жұмыстары жокқа шығарылды. Өткенде көксеу, озық дәстүрге ор қазу, ұлтшылдық сарынга үріну бар деп әшкереледі. Елді біріне-бірін айдалап салды. Оның бер жағында көркем әдебиетіміздің бастеке ұстар қаламгерлері мен олардың тандаулы туындыларын «соққыға» жықты.¹ Мөсслен, Мұхтар Әуезовтың Абай жайлы романы «тас-талқан» болды, 1953 жылы маусым айындагы бір нөмірінде «Казахстанская правда» газесті өзінің сала құлаш редакциялық мақаласында оны адам төзбес абын тілдеулерге барды. Газеттер мен журналдар тұрнақ астынан кір ізделп, түймедейді түйседей ғып көрсетуге тырысса, көпшілік бас қосқан жиындарда жөн-жосықсыз беттен алып, төске шапқандар, шаужайдан алып, аяқтан шалғандар жетіп артылатын. Артынан, жогарыда аталған «халық жауалары» табан астынан тұтқындалып, абақтыға айдалып жатты. Бұлтсыз құнгі найзагайдың зәре-күтті кетіргені сонша, М. Әуезов, А. Жұбанов жөне басқа да аяулы азаматтар тұған слін тастай қашып. Орталықтағы дос-жарандарын паналай тұруға мәжбүр болды. Байтал түгілі бас қайғы болған осындей дүрбесленде ел агалары аттанға ұран қосып қана отырганы, әрине, өкінішті-ақ еді.

Ешқашан өлмейтіндей көрінген Сталин дүниеден озғаннан кейін көп ұзамай арнасынан асып төгіліп, айналасындағы слідің апшысын қуырган асау өмір-өзен сабасына түсті. Қазақстан КП Орталық Комитеттің бірінші хатшылығына П. К. Пономаренко сайланды. Ол қазақ интelleгенциясына жасаган орынсыз озбырлығы үшін Шаяхмстов пен Сужиковты жүртшылық алдында ондырмай сойып салды.

«Кісі жоқ сыр алдырмас мақтанса да,

Қақпанға қасқыр түскен сақтанса да», — дегендей, уақыт салған жараны айтамын деп, біраз жерге барып қалдым білсем. Оган гафу отіне отырып, сессияға қайта оралайын.

Сәуір айының 17-сі күні тау-кен ісі мамандығым бойынша Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшелігіне оттім. Бірде бір қарсы дауыс болған жоқ. Қаныш Имантайұлы президенттікten жөне президиум мүшелігінен босатылғаннан кейін жасырын дауыспен мен ол кісінің орнына бірауыздан сайландым. Менің кандидатурамды ұсынған академик А. Бектұров-

тың пікірін С. Н. Покровский, Н. О. Базанова, К. П. Персидский сынды академиктер толық мақұлдап, ұсыныстары мен талаптілектерін алға тартты.

Ол кезде Фылым академиясында минеральдық ресурстар, физика-математика, биологиялық және медициналық, қоғамдық гылымдар деп аталатын төрт бөлімшес бар еді. Олар 19 гылыми-зерттеу институттарын, 9 секторды, астрономиялық обсерваторияны және ботаникалық бақты біріктіретін.

Орталық Комитет пен республика Министрлер Кеңесі Фылым академиясы жөнінен арнайы қаулы қабылдады. Онда гылыми зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру, аса маңызды теориялық мәселелерді талдау ісін тереңдесте түсу, өндіріспен байланысты ныгайту, гылыми кадрларды даярлау ісін үлгайту, гылыми мекемелердің материалдық-техникалық базасын ныгайту міндетін алға қойған-ды. Президиум институттардың қызметін жақсартып, жұмысын бақылау шарапарын белгілеп, кішігірім қосалқы буындарды жойды, барлық гылыми қызметкерлер аттестациядан өтті.

Президиум өзінің отырыстарын уақтылы өткізіп, гылыми мекемелердің, жекелеген галымдардың есебін тыңдауды дөстүрге айналдырыды. Әрине, септсрі тыңдалып қана қоймайтын, шешімін күткен келелі мәселелер байсалдылықпен талқылаңып, істің жолға қойылуына ықпал стетін, галымдардың нақты іспен шұғылдануына багыт-багдар беретін. Жұмыс жаңа арнага түсіп, қанат жая бастады. Өмірдің өзі талап еткендей, жекелеген институттар аса маңызды гылыми зерттеу салалары бойынша білікті кадрлармен ныгайтылды.

Менің Фылым академиясындагы қызметім құрмеуі мол, құрделі уақытпен түспа-түс келді. Галымдар Сталиннің сәбекстерін қалт жібермей, көз майын тауысқанша оқитын. Әсіресе, «Марксизм және тіл білімі мәселелері», «КСРО-дагы социализмның экономикалық проблемалары» деген сәбектері әркімнің басына жастанып оқитын «қасиетті кітабына» айналған-ды. Аты аталған өуелгі сәбек философияны, тарихи материализм мен тіл білімі теориясын дамытуға қосылған тың сөз ретінде бағаланды. Екіншісінің де құны қырық қаралық еді. Қаны жерге тамбай тұрган. «Тоқпагы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» дегендей, айтуы келісті мә әлде айттырушысы зор болды

ма, әйтеір бұз дүниеде осы сәбекке тең келер сүтсөнде жоқтай сипатталып, дәуір жаңалығы саналған-ды. Қысқасы, гылым олеміне, сан қырлы «асыл» дүние келіш қосылған-ды.

Оны, әрине, бүгін гой мысқылдан отырганымыз. Әйтпесе, ол кезде шаң жуытып көр... Құдай сақтасын... Қайта гылыми конференцияларда, жиналыштарда, сессияларда тауратқа табынғандай сөз асылып теріп айтып, жырға қосқандай мадақтайдынбыз. Сол заматта-ақ оқу орындарының партиялық-саяси ағарту жүйесінің бағдарламаларына қосылды. Одан қара таныған жан қалтарыс қалмады, кез-келген көсіп, кез-келген сала бойынша оқытылды. Ондайда, жасыратыны жоқ, науқан басталып кетсе, екпіні біраз жерге жететін. Партия органдарының нұсқауымын Гылым академиясының ондаган оқымыстылары шүгыл облыстарга шығып, аудан-ауданды араляп, иін тіреккен аудиторияларда, ертелі-кеш отіп жататын жиналыштарда сабак откізіп, обден-ақ сабылғаны бар. Қайда барса да, алдынан «ұлы көсемнің» данышпан ойлары шығатын. Әлбетте, өздері де аянып қалмайды, кеменгер «көсемнің» көрсегенділігін тынбай өңгімелеп, құлақтарына құяды.

... Сталин дүниеден қайтты. КОКП-ның XX съезі отті. Бәрі-бәрі пышак кескендей, сап тыылды. Атамыш сәбектер шырақ алып іздесең, таппайтын сирек дүниеге айналды.

Қалай десек те, біз оған көміл сендік. Тәнірігесенбесек, сенбесен шыгармыз, бірақ Сталингес құдайдан беттер табындық, имандай сенетінбіз. Тіпті жер аударылып, ит жеккенге айдалғандардың озі оған сенетін. Қыл арқан талша мойынга түскелі түрган, үңғысы үңірейіп, кеудеге оқ қадалғалы түрган сөтте де олар Сталиниң сәсімін аузынан тастанмайтын. Құдайдан соның амандығын тілеп, саулығы үшін садақа бсріп, жанын пиде стуге даяр еді.

Біз сондай бір алмагайып заманда осылай гұмыр кештік. Кара бастың қамын былай жиыстырып қойып, қогам үшін сәбек еттік. Ұстараның жүзінде түргандай құш-қайратыңы, ақыл-ойынды, білім мен білік — түгел сол ортақ іске жұмсалатын. Осылай жан-төнімден жұмыс істеу гана құдіктен сейілтіп, ертеңге деген ілгері үмітке жетелейтін. Қалай болғанда да бейнестің далага кетпесін біlestінбіз. Ол нотижесіз де емес еді.

Үміт пен құдік текстіреккен күндердес келіп жетті. Дүниені

дүр сілкінтекен КОКП ХХ съезі басталды. Коммунист ретінде, Хрущев жасаган баяндамага өрі қайран қалдым, өрі дән ризалықпен құлақ түрдім. Не дессніздс, жүрек жұтқандық еді бұл. Сталиннің өзі кетсе де көзі тірі жан ссріктегі бар, отыз жылдай табынумен келген халық бар. Тәусекел түбі — жел қайық отессің де кетесің деген осы. Миллиондардың бастан кешкен қасіртқайғысын, азап-мұнын, құгын-сүргінін ашып айтып, бар жұмбақты айдай өлемге жайып салды. Жазықсыз жапа шегіп, қысастықтан құса болғандар қаншама; аштықтан, аурудан, азаптаудан жарық дүниеден әділет таптай арманда кеткендер қаншама; оқ құшқан, орга тірідей көмілген, аязда үсіп, аптағы ыстықта шолдеп өлгендер қаншама. Айтары жоқ ауыр жылдардың ақиқатын айтқаны үшін дс, сырттай қауқайып жүргенмен іштен тынып, тірі оліктің құнін кешкен адамдардың арына араша түсіп, діліне қорған болғаны үшін де ХХ съездің тарихи маңызы зор еді. Ағаш өзегінен шіритіні сияқты, адам іш құса омірден азып-тозып бара жатыр еді. Соны сақтап қалу ісіне қатысып, съезде шындық үшін дауыс бергенім үшін іштей ризашылық сезімде боламын.

... Гылым академиясының ішкі өмірімен жетे танысып, институттардың жай-жапсарына қаныққан соң, КСРО Гылым академиясының президенті А. Н. Несмеяновке телефон шалдым. Александр Николаевичтің бір мүшсілдес үлкендердің бар еді, біраз үнсіз тыңдал алды да;

— Байқауымда телефонмен бітс қоятын шаруа емес екен. Мәскеуге келіп қайтсаңыз қайтеді, кең отырып ақылдасар едік, — деді.

Несмеянов белгілі химик-органикі, кейін Социалистік Еңбек Ері атанды, Мәскеу университетінің түлегі, сонда қафедра менгеріп, химия факультетінің деканы, үш-торт жыл ректоры болып, Гылым академиясының президенттігіне сайланған-ды. Жөне бұл жұмыстың үңғыл-шұңғылына дейін біледі. Мәні вице-президент И. В. Бардин скую үзақ тыңдал, істің мән-жайына қанығып алған соң:

— Бізді біргабан төніріге жақын деп арқаланып келіп отырысыз гой, — деді қуақыланып. — Қазақстанга бір топ ғалымдарды жіберсійік, істің барысымен танысып, сол жерде қолма-қол практикалық комек корсетсін. Бұган қалай қарайсыз?

— Орынды ұсыныс! — деп вице-президент қолдай сойлеп, менің ойымдағыны айтты.

Шынында да, олар қазақстандық галымдарға пайдалы кеңес беріп, іс жүзінде де үлкен көмек көрсетіп қайтты. Дәл осындай топ біздің институттарда болып, жергілікті оқымыстылармен қоян-қолтық араласа жүріп, бірге жұмыс жүргізгені бар. 1954 жылы 7-желтоқсанда комиссия төрагасы Ш. И. Агошков (қазір КСРО ГА-ның академигі) Қазақ КСР ГА-ның Президиумының мәжілісінде өзінің пайымдауларын ортага салды. Институттарымыздың қол жеткізіп отырган жетістіктеріне тоқтала келіп, зерттеу жұмыстарын жүргізу дегі елсулі-елсулі «әттеген-айларға» тоқталды. Әсіресе, материалдық-техникалық база-ның әлсіздігі, бірқатар институттарда галым докторларының саусақпен санарлықтай екендігі, тіпті кейбіреуінде емге табыл-майтындығы, философия және шет тілдері кафедраларының атымен жоқтығы атап отілді. Беделді комиссияның жасаган тұжырымына қарағанда республика Гылым академиясы бір жақты дамыған, тек геология гылымы төңірегінен айналсоқтап шықпаған. Бұл кемшіліктер КСРО ГА-ның гылыми қызметті үйлестіру жөніндегі Кеңестің XIV сессиясының мәжілісінде де орынды сыналды. Осы жолы орын алған олқылықтарды түзесту бағытында пәрменді шаралар белгіленді. Әсіресе, гылыми кадрларды даярлау ісіне айрықша дең қойылды.

1952 жыл. Қыркүйек айының соңғы қүндерінің бірінде Қазақстан К(б)П VI съезі болып өтті. Осы съезде мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшсі және БК(б)П XIX съезінде делегат болып сайландым.

Біздің еліміздің қоғамдық саяси өмірінде Коммунистік партияның әрбір съезінің орны бар. Қаралған мөсселелердің мөн-манзызы жағынан, қабылдаган қарапарларының алға қойған міндеттерінің ауқымдылығы жөнінен олар бірін бірі толықтырып, бірімен бірі сабактаса жалғасып жатады.

Партияның XIX съезі өз жұмысын сол жылы 5-қазанда бастады. Мен күн тәртібін қазбалап айтып жатпаймын, ол кезінде құлак құрышы қанатында жазылды. Тек сіздердің назарларыңызды мынаган аудара кесткенді жөн көріп отырмын. Съезді Молотов ашып, Маленков баяндама жасады. Вороши-

лов қорытынды сөз сөйледі. Стalin съезд жұмысына бар-жоғы екі-үш рет қана қатысып, ұзақ отырмай, келіп-кетіп жүрді. Шыны керек қой, ол кісі келген бетте елдің мінбедегі шешенде де, шешеннің сезінде де шаруасы жоқ, бар назар Stalinге ауатын. Әрбір қимылын, жүріс-тұрысын, отырысын қалт жібермей, багып отырганы. Сонда бір байқалғаны: жер-көкті жайлап кеткен оның генералиссимустық суретінің өмірдегі өз бейнесіне мұлде ұқсамайтындығы. «Бояушы бояушы дегенге сақалын бояпты» дегендесій, не суретшінің қателігі, не тіршіліктері болмыс-бітімінен гөрі портретіндегі бейнесін артық санаған барлық халықтың көсемінің ісі бүл. Ол бізге әбден қажып, қалжыраган кейіп танытты, реңінен ауру ма деп те қалдық.

Сталин төрге шыққан бойда өз орнына смес, Шаяхметовтың қасына барып отырган тұста қазақстандықтар бір көтерілін қалды. Шүйіркелесіп өңгіме-дүкен құрган сайын біз де желпініп, баласы атқа шапса, шешсі тақымын қысадының керімен «е, құдая, шүкір» десіп, демімізді ішке тартып отырдық. Үзіліске шыға салысымен жапа-тармагай келіп, Жұмакенді қане, ортага алайық. Тұс-тұстан:

- Көсеміміз ұлы Stalinмен ұзақ сөйлестіңіз...
- Ол кісі озі барып өңгімелесті гой...
- Не жайында сөз болды? — десіп, білуге ынтығып жатырмыз.

Жұмакене де жел бітіп қалыпты, бірден шешілс қоймай, тосып сойлеп, тұра айтпай, тұспалдаپ жеткізгендегі білгеніміз: ұлы көсемді республикадагы малдың жайы аландатады-мыс. Қазақ ұшін малын сұраганы — жанын сұрағаны. Ол соган мәз. Екі езуіміз екі құлаққа жеткен. Жұмакенің үстіне құлап кеткелі сөсемізді сала түсеміз. Хатшы да шірене сойлеп, тоқстерін айтты:

- Жер асты суға бай. Соны пайдаланып Қазақстанның шөлді жөнс жартылай шөлді аймақтарын мәдени алқапқа айналдыруға кенес берді.
- Ой, жарықтық-ай, бөрін біліп отыр екен гой, — деп қалды біресу тандайын қайта-қайта қагып.
- Сен де сөзді боле бердің гой, — деді скіншісі енді болмаса бөрінен құр қалатындаі қабақ шытып.

Елді екі дай етпейін деді ме, жоқ бары сол ма:

— Жемшөп мәселесін шешу үшін судан шөбін егуді мақұл көреді, — деп қысқа қайырды.

Біз көсемге мың жасасын деп тілеу тілеп тарастық. Ал, Сталинның өз даусын съезд жабылар алдында ғана естідік. Бұл соңғы рет естуіміз екен...

Съезден оралысымен жұмысқа білек сыбана кірістік. Ғылым академиясының жалпы жиналысында: «1952 жылғы жұмыстың қорытындысы және партияның XIX съезінің шешімдеріне сәйкес 1953 жылғы міндеттер туралы» баяндама жасадым. Онда республика ғылыми мекемелерінің қызметі сарапқа салынды. Оны тәптіштеп жату қажет бола қоймас, іздеңген ағайын «Қазақ КСР FA-ның хабаршысына» назар аударар, онда баяндама толық жарияланды.

«Тістің үгіткенін тіл білер» дейді халық. Сол айтқандай, академиядагы біраз жылғы қызмет оның бүге-шігесіне дейін білуге мәжбүр етті. Сондықтан институттар мен жекелеген галымдар жайында тоқтала кеткен, әрине, жөн-ақ болар еді. Оған көңіл жетсе де, жағдай көтермей отыр. Мен тізе қосып, жұмыс істеген үзенгілес іні-қарындастарыма, замандастарыма әрқашан алғыс сезіммен қараймын. Өкінішке орай, Орталық Комитеттің басшылары тарапынан, оны енді несіне жасырайын, кейбір галымдарға қысастық аз жасалған жоқ.

Бірде мені Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Шаяхметов шақыртты. Шақыртуынан баруым тез болды білем, келген бойда қабылдады. Обалы нешік, есен-саулық сұрасып, жылы қабақ танытты. Жұмакең тарих, әдебиет және тіл білімі институттарының галымдары қандай проблема төңірегінде жұмыс істеп жатқанынан хабардар етуді сұрады. Мен барын бардай, жоғын жоқтай ғыл қысқаша айтып бердім.

Хатшы көңілі толмаған сыңай байқатып:

— Ғылым академиясының тарихшылары жіберген қателіктерін түзетудің орнына не істей қояр дегендей, арқасын кеңге салып отыр. Тіл және әдебиет институтының галымдары да Орталық Комитеттің қаулысына жүрдім-бардың қарап, шабан орындауда, — деді.

Жағдай ауызды қу шөппен сүрткендей емес еді. Мен хатшыны иландыруға тырысып:

— Жұмаке, істің жайы соның басы-қасында жүрген маган

айқынырақ қой деймін. Қазір түгел сол олқылықтың орнын толтыру багытында жұмыс істеп жатырмыз. Төрт аяғынан тік түршіп кету үшін де уақыт керек шыгар, — дедім.

Хатшы әлгіндеңідей емес, сабасына түсіп, беті бері қарайын деді. Мен ойымды жалғастырдым.

— Орталық Комитеттің шешімі бойынша қазақ эпостары жөнінде пікір таласын өткізуге тиіспіз. Қаласаңыз, сол жиынга қатысып, елдің пікірін тыңдалап көрсөніз, — деп ұсыныс жасадым. Оған ол кісі бара алмайтындығын, іләжы болса, идеология жөніндегі хатшының қатысқанын макұл көрді.

Әңгіме осымен тамамдалғандай еді. Мен кетуге ынғайлана бергенімде, Шаяхметов сәл кідіре түр дегендей сыңгай танытты.

— Әуезов не істеп жүр қазір? — деп сұрады.

— Қандай шаруамен айналысып жүргенін біле алмадым, сірә жаңа роман жазып жатқан шыгар, — деп шынымды айттым.

Хатшы әңгімені әріден бастады.

— Профессор Бекмахановтың жайын, әрине, жақсы білесіз. Қазақ КСР-інің тарихын бүрмалап, елді адастыруға тырысты. Кенесары Қасымұлының қозғалысын дәріптеуге дайын барды. Міне, осындай әрекеттері үшін оны Кенестің әділ соты ұзак жылға бас бостандығынан айырды. Фылым академиясының корреспондент мүшесі Жұмалиев жәнс басқалар соның кебін киіп, жазасын алды. Сырт естіумше, Әуезов те сирақтан бүйрек шыгарып, бір басына ие бола алмай жүрген көрінеді. Баяғы әуенге басып, бұрынғы қателіктесрін қайталай бастапты. Қазақстаннан іргесін аулақ салып, біржола Мәскеуге көшіпті, — деді.

Ол бұған енді не айтар скенсің дегендей қабақ астынан түйіле қарап алды да, сөзін сабактады.

— Әуезовты академиктер құрамынан аластау керек, — деп берік байламын айтты. — Орталық Комитеттің ғылым бөлімі мен Орталық Комитеттің хатшысы Сужиков алған беттерінен қайтпай, шыгар да шыгардың астына алып отыр.

Көзім алақандай болғанын сезсе керек:

— Олармен өзіңіз сейлесіңіз, сонда көзіңіз жетеді, — деді ол.

Бұған таң қалмасқа, іштей қынжылмасқа не шара. Мен бұл шешімнің ағаттығына шүбәм жоқ еді. Ойымды іркіп қалмай, ашық айттым.

— Әуезов — дара тұлға. Ұлы жазушы. Галым, Кеңес одагының көрнекті мәдениет қайраткері. Ол қазақ халқының ғана емес, бүкіл елдің ортақ азаматы. Ол Мәскеу және Қазақ университеттерінің профессоры. Тамаша кадрлар даярлап беріп отырған үстаз.

— Мұның бәрі дұрыс. Мәселс пигылында, іс-харакеті жайлы болып отыр.

— Бізді тірі жан түсінбейді, — дедім хатшының пікірін өзгертуге тырысып. — Галымдар ғана емес, оның миллионданған оқырманы наразы болады. Оның бергі жағында Фылым академиясының жарғысында академиктен шығару жөнінде ереже жоқ. Академик — бұл өмірлік атақ.

— Жолдас Қонаев, Орталық Комитеттің һұсқауын орындау керек, — деп Шаяхметов қабақ шытып, мәселеңің ток етерін айттып салды.

Орталық Комитеттен салым сұға кетіп шықтым. Не істей керек? Жазықсыз жандар жөн-жосықсыз жапа шеге бермек пе? Оларға қорған болар жан табылмаганы ма? Қайда барып, кімге барып шағынарсын? Тыңдай қояр құлак бар ма?

Осындай ой жетегімен үйге келдім де, жолға жиналдым. Ертеңіне әй-шайға қарамастан Мәскеуғе үштym. Шешінген судан тайынбайды. Шаяхметовпен ақыры бетті ашып алдық. Жарылар бас жарылды. Мекіре балықтың басы тасқа тимей қайтпайды. Неде болса, жығылсам нардан жығылайын. Орталыққа барып, өз ойымды айтайын. Тым құрыса, қазақтың бір өр тұлғасы үшін кеудені «оққа» тоссам өкінбен.

Мәскеуге барған бетте КОКП Орталық Комитеттің гылым бөлімінен бір-ақ шықтым, болған жайды түгел баяндадым. Және өз пікірімді бүкпесіз алға тарттым. Әуезов жайлы позициямды ақыры қорғап шықтым. Осы әңгіме кейін, 1954 жылы Қазақстан жазушыларының съезінде сөз boldы. П. К. Пономаренко өз сөзінде арнайы тоқталып, менің аты-жөнімді атаған тұста, Орталық Комитеттің һұсқауын орындаудан бас тартып, Әуезовты қалай қорғап қалғанымды айтқанда және бұл істе зор принциптілік әрі табандылық танытты деген кездс жасыраты-

ны жоқ, қайран қалдым. Бұл әңгімені Пономаренко қайдан естіп жүр деген сұрақ қашан анық-қанығын білгенше мазала-ды. Әуезов жайында Пантелеимон Кондратьевичке тіс жарға-ным жоқ.

Кейін білдім, ол кісі бар жайга КОКП Орталық Комитеті-нің гылым бөлімінде істейтін жауапты қызметкерлерден қанышты. Жалпы, Пономаренко қазақтың белгілі жазушыларымен ты-ғызы байланыста болуга үмтүлатын. Оның Габиден Мұстафин, Габит Мұсірепов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов сынды қалам-герлерді қабылдаган кезде үзак өнгіме-дүкен құратын, тіпті кейбірде қатарынан бірнеше сағат отырып қалатынын өз көзім-мен талай көргенім бар. Понтелеимон Кондратьевичтің өзи қазақ халқының тарихын, тұрмыс-салтын, иғі дәстүрлеріне зер-салып, оқып-білуге құштар еді. Қазақ ақындары мен жазушы-ларының шығармаларына ден қойып, бал тамган тілі мен кес-телі сөзінс үйсініп отыратын. Сіздің халқыңыз сөзге ұста, сүйектен ою ойған зергердей деп, шын тебіренетін. Кабинетін-де болған сәттерімде оның столының үстінен қазақ қаламгер-лерінің бояуы кеппеген кітаптарын жиі көруші едім.

Пономаренконың мұндай ықыласы мен құрметі біздің зи-ялы қауымның ең таңдаулы өкілдерін қанаттандырып қана-қоймайтын, сонымен бірге жазушы ағайындар арасындағы кейбір түсініспеушіліктің тігісін жатқызып, үйымшылдықтарына ұйытқы болатын.

Жақсыдан шарапат деген осы.

1953 жылы қыркүйек айында Зуһра Шәріпқызы екеуміз Сочиде дем алып жатыр едік. Жылында зарықтырып барып жететін демалысты ың-шыңсыз өткізуге тырысатынбыз. Ол кезде бүгінгідей құндіз-түні тынбай көрсестін теледидар жоқ. Апыр-ай, осыны оқымасаң болмайды дейтін кітапқа зейін са-лып, күнделікті газет-журналдарды құр жібермейміз. Хрушев-тің Орталық Комитеттің пленумында жасаган, әрине, әлдене-ше бетке сыймай жататын баядамасын астын сызып оқып шыққанмын. Никита Сергеевич біздің республикадан айналып өтпейтін, ауыл шаруашылығы өндірісінде жіберген кемшілікте-рі үшін басшыларды өткір сынға алыпты. Алматыга оралған бетте үлкен Кеңес үстінен шықтым. Оған ауыл шаруашылығы

өндірісімен шұғылданатын гылыми зерттеу мекемелерінің басшылары, галымдар шақырылған скен.

Ж. Шаяхметов КОКП Орталық Комитеті Пленумының жұмысы мен одан кейін іле-шала откізілген кеңес туралы әңгімелей келіп, баяндамадагы сынга тоқталды.

Жайбарақаттық пен мастанушылық орын алған жерде іс оңға баспайды. Резерв іске қосылмайды, принципіздік етек алды.

Республика жылдар бойы ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту туралы бірдес-бір ұсыныс снгізген жоқ. Мінс, сол үшін республика откір сынга ұшырады.

Бірінші хатшы ойын осы ыңгайда тұжырымдай келіп, астық өндіруді басқа да егіншілік және мал шаруашылығы өнімдерін қалай арттыру жөнінде галымдардан ұсыныс беруді талап етті. Әлбетте, ешten кеш жақсы. Кеңес өрқайсымызға үлкен міндеттер жүктеді.

Сол жылдың 25—26 желтоқсанында Қазақ КСР Гылым академиясы жалпы жиналысының сессиясы өтті. Сессияда мен «КОКП Орталық Комитетінің қырқүйектегі пленумының шешімдеріне сәйкес Қазақ КСР ГА-ның кезектегі міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасадым. Сессияның қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісін оркендестуге байланысты нақты шаралар белгіленіп, өз ұсыныстарымызды Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының қарауына жібердік. Бір біз емес, республикамыздың барлық партия, кеңес және ауыл шаруашылығы органдарынан талай-талай құнды ұсыныстар түсken. Бірақ, кейін мәлім болғанындай, соның бәрі бірдей Орталық Комитетте қаралып, талқылаудан отпеген. Өдемі айту бар да оны тыңғылықты стіп орындау бар. Барлық уақытта басталған итіс аяғына жетебермейді. Өкінішіміз, осал тұсымымыз осы. Мәселе, 1955 жылдан бастап спістік жердің қолсемін 4—5 жыл ішінде 2,5 миллион гектарға дейін ұлгайту көзделген екен. КОКП Орталық Комитеті республиканың бүл ұсынысын қабылдамай таstadtы. Онымен қоймай тиісті қорытынды жасады. 1954 жылы ақпан айының алғашқы қүндерінің бірінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы өтіп, үйымдық мәселе қарады. Ауыл-селога басшылықты құлдыратып жібергені үшін Ж. А. Шаяхметов пен скінші хатшы

В. И. Афонов жұмыстарынан босатылды. Артынша өткен Қазақстан коммунистерінің VII съезі Орталық Комитеттің бірінші хатшылығына П. К. Пономаренконы, екінші хатшылығына Л. И. Брежnevті, хатшылары стіп Ф. К. Кәріпжанов пен Ы. Тәжиевті сайлады.

Пленум өдettегіден өзгеше өтті. Батыл шешімдер қабылдады. Астық өндіруді күрт арттыру үшін 1954—1955 жылдар ішінде бізге миллион гектар жаңа жерді игеру міндеттін қойды. Сайып келгенде, тың әпопеясы осылай басталған еді. Тек алгашқы екі жылда ұлан-байтақ республикага 360 мың механизатор, құрылышы, инженер-техникалық қызметкер, ауыл шаруашылығы мамандары келді. Кеңес үкіметі дәл сол жылдардағыдай мырзалақты ешқашан таныта қоймаған шығар. Ауыл шаруашылығы техникалары бірінен соң бірі ағылды да жатты.

Бүкіл сл бол көтеріліп, бір кісідей жұмылыш жатқан кезде, өрине, Академия ғалымдары одан шеттеп қалған жоқ-ты. Әмірбек Оспанов басқарған Қазақ КСР Ғылым академиясының Топырақ тану институтының ұжымымен тізе қоса отырып, тың жөнс тыңайған жерді игеру үшін алдын ала зерттеу жұмысын жүргізіп, бағытымызды айқындалап алатынбыз. Жер-ананың көпшілікке жұмбақ сырлары аз ба, ғалымдар егжей-тегжейлі талдаудан өткізіп, ғылыми негіздсүін жасайтын. Ғылым академиясынан ондаган экспедиция мен отрядтар республиканың шар тарabyна аттанып, иғі істердің басы-қасында болды. Орталық Комитетте қандай кеңес өтпесін, соның бәрінде де ғалымдардың пікірін тындалап, санарап отыратын. Біз өзіміздің үсіністарымыз бен ойларымызды өлденесше рет алға тарттық. Обалы нешік, П. К. Пономаренко мен Л. И. Брежневтің тарапынан қолдау тауып, барынша жүзеге асырылатын еді.

1954 жылдың жомарт күнін көшілігіміз үмита қоймаған болармыз. Тың көтсөру жоспары ойдагыдай орындалды. Тыңға түрен түскенге дейінгі жылдармен салыстырғанда астықты ондіру мен дайындау шүгүл артты. Республика қарыштап алға басты. Ширек миллиард пүт астық қамбага құйылды. Бұл 1951 жылғы рекордан екі жарым есе жогары көрсеткіш еді.

Алгаш танысқан сөттен бастап-ақ Понтелеймон Кондратьевичпен де, Леонид Ильичпен де ортақ тіл тауып, оймызыз бір жерден шығып отырды. Олар істің көзін білетін жөне елге

дұрыс багыт сілтей алатын. Партиялық жөнс мемлекеттік жұмыста обден ысылып, мол тәжірибес жинаған кісілер. Тыңдай билетін, тыңдата да алатын. Техникалық терсөн білімді практикалық іспен үштастырган жөнс үйретсө жүріп, үйренуден жа-лықпайтын жақсы қасиеттері бар тұғын.

Бір қолыңды скі ете алмай, мұрныңдан шаншылып жүрген қауырт құндердің бірінде Пономаренкога өтінішпен барып, Ғылым академиясына қол үшін беруді сұрадым. Сол құжатты құзырларыңызга толық үсінде кеткенді жөн көріп отырмын:

«Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы — 1954 жылдың 10 маусымы — П. К. Пономаренко жолдасқа.

Қазақ КСР Ғылым академиясының үйымдастырылуына сегіз жыл болғанына қарамастан, олі күнге дейін материалдық-техникалық базасын жасау мөселеі шешілген емес. Ғылым академиясының гылыми мекемелері кездейсок, сін бейімделмеген жайларға орналасқан жөнс мүлде тар. Институттардың көпшілігіндегі лабораториялық жабдықтардың жайғастырылуын есепке алғанда гылыми бір қызметкерге 2—3 мстр жұмыс орнынан келеді. Әсірссе, гылыми мекемелер осы заманғы гылыми жабдықтармен жараптандыру жағынан өтс-мөтс тапшылық көріп отыр.

Мұндай жағдайға үшірауының негізгі себебі Қазақ КСР Ғылым академиясына күрделі құрылышқа жөн гылыми жабдықтарды алуға қаржының мейлінше шектелуінде болып отыр. Сол себепті гылыми қызметкерлердің дені түрғын үймен қамтамасыз етілмеген. Жыл сайын күрделі құрылышқа болінетін қаржының тапшылығынан, сондай-ақ Қазақ КСР азаматтық жөн түрғын үй құрылыш министрлігіне қарасты құрылыш бас қармасының жүргізен жұмысының нашарлығынан Ғылым академиясының бас гимараты бойынша жұмыс көлемі 1949—1953 жылдар ішінде жалпы сметалық қунының бар-жогы 35 проценті ғана орындалды. Сонымен бірге гылыми жабдықтар сатып алуға болмашы қаржы бөлінеді, оның өзі жылдан-жылға азайып барады.

Соның салдарынан әрбір институтқа орта есеппен жылына жабдықтар сатып алуға 20—30 мың сомнан келеді, оның есессінс көптеген осы заманғы гылыми керек-жарапттардың біреуінің өзі ондаган, тіпті жүздеген мың сом түрады.

Бұл жағдай гылыми-зерттеу жұмыстарын өрістетуге кері өсерін тигізіп отыр, соның кесірінен халық шаруашылығы үшін маңызы бар проблемаларды талдаш шешу үзаққа созылады.

Қазақ КСР Гылым академиясының гылыми-зерттеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасын құшсайтумсн бірге олардың кейбіреулерінің штатын көбейтүгес мұқтаж. Сонымен бірге республика халық шаруашылығын одан әрі өркендейту жаңа мұнай, микробиология және математика сияқты институттарды үйімдастыруды талап етеді. Бұл институттарды құру КСРО Гылым академиясы, мұнай институты, сондай-ақ КСРО мұнай өнеркәсібі министрлігі тарапынан қолдау тауып отыр.

Осыған орай, КСР Одагы Министрлер Кеңесіне материалдық-техникалық базасын нығайту және Қазақ КСР Гылым академиясында үш институтты үйімдастыру туралы хаттың жобасын ұсына отырып, Қазақ КСР Гылым академиясының Президиумы Сізден КСРО үкіметіне бізге қажетті көмек көрсету жөнінде отініш білдіруді сүрайды».

Пантелеимон Кондратьевич меселімді қайтармай, отінішіме айрықша бір ықыласпен карады. Академия көп ұзамай қаржы жағынан және материалдық-техникалық тұргыдан едоуір көмек алғып, қол ұзартқан еді.

1954 жылдың қыркүйек айының алғашқы күндерінің бірінде Академияның жұмысы жайлы П. Пономаренко мен Л. Брежнев үшеуіміз кең отырып, ұзак өнгімелестік. Зады, сенімен бірдей барыңа сүйсініп, жогына қойінс білгсн басшыдан айналасың гой. Ондай азаматтар қай заманда да жоқ смес. Түсінбеген кісіге кешіріммен қараугаболар, бірақ түсініп тұрып түсінбейтін, біле тұрып жорта білмейтін аяр бастықтардан құдай сақтасын деп тіленіз. Ілгері басқан аяқты жіпсіз байлайтындар да, сол арқылы өз мортсбессін асырып, ұстемдігін арттырығысы келетіндер өр жерде-ақ тәбс көрсетіп қалатыны қандай өкінішті. Бір атам насыбайдан қалатын қайран коніл, олардың алдына барып шыққанда біржола құлазып, астан-кестен боп шыгады. Кісінің бесті қайтып, тауы шагылғаннан артық қасірет жоқ. Соны елей бермейміз, ескерс жүрмейміз. Адамдық қалыпты биік ұстау кімге де болса үлкен сын. Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасақ екен. Өмір өзегі де осы, азаматтық жол да осы.

Мақтансаң да жарасқандай, өз басым мұрат тұтқан мынадай бес сипатқа тоқтала кеткім келеді. Жастайымнан атқа міндім. Біреуден ілгері, біреуден кейін тірлік кештік. Жақсылыққа мастанбасқа, жамандыққа жасымасқа бел буып өстік. Кем-кетіксізбін деуден аулақпын. Барды смес, жоқты іздедік. Жоқ іздеген кісі бұрынғы жоғын табатын кезі болады. Меніңше, оны ойга тоқып қана қоймай, бойға сініре білуден асқан байлық бар деп білмеймін. Жогына жолықкан сайын көп нөрсеге қолың жете береді. Алысың жақын, жатың дос-жарға айналады.

Сол бес сипаттың бірі — біреуге тіл тигізуден сақтану. «Ақыл — дос, ашу — дүшпан» дегеннің мәні осы. Екіншісі — әдептілік. Қазақ әдептен аспай, кішілік көрсету арқылы кіслік танытқан. Үшіншісі — өзің өзгеге құдіктенбе, өзге өзіңе құдіктенбесін. Иман жиям дессен, пигылыңды таза ұста. Құпірліктен адасың. Төртіншісі не істесен де зеректікпен тындыра біл, аяғына жеткізе біл. Ырысың осы. Ал, ең соңғысы — өз басыңа тілемейтін істі, біреуге істеме. Қияннattan асқан қылмыс болмайды. Сақтансақ, осыдан сақтанайық.

Мен Пономаренко мен Брежневтің алдынан шыққанда үлкен ой жетегіне ілесіп едім. Әрине, бүгін түйіп отырған ой сол кезде осылай тұжырымдалып еді десем, өзімді де, өзгені де алдаған болар едім. Бұл менің бір ғасырдан астам гұмыр кешкен Бұқар жыраудың қарангы тұман түнге балаган сексеніне шыққан тұста өскелен үрпакқа айттар ақылым.

Содан ел тізгінің ұстаган екі бірдей арыстың алдынан арқаланып шықтым. Академиядагы ағайындарға жүзім жарқын бол барды. Олардың да көптен тырысқан шекесі жазылып, мен жеткізген жылы хабарға мәз болысты. Қуана білу, қуанта білуде бақыт. Әріптестерімнің көнілі өскеніне мен де марқайып қалдым: академиктердің, корреспондент-мүшелердің қосымша сайлауын өткізу жайындағы ұсынысым Орталық Комитеттің хатшыларынан қолдау тапты.

Оны Қытай Халық республикасы сапарынан оралысымен өткізуге шешім қабылдадық. Қытай-Кеңес достығы қайраткерлерінің делегация құрамымен іргелес елгс — Солтүстік батысы бізben шектесін жатқан жерге ұшуға жиналдым.

X

Одан бсрі қанша жыл өтті. Кеңес елінің мәдениет және ғылым қайраткерлерімен бір ай бойы халқының, саны мен жерінің көлемі жағынан дүние жүзіндегі аса ірі мемлекетті еркін аралағанбыз. 300 мың жылдық тарихы бар Қытай халқы жаратылыстану мен техника ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосқаны тарихтан белгілі. Ікілым заманда-ақ компас жасап, қағаз шығарып, оқ-дәріні пайдаланған, ең бастысы, кітап шығару ісінің тарихы осы елден басталады. Мұнда математика, астрономия, география ғылымдары, өсіресе Қытай медицинасы ерте заманнан белгілі. Дүниес жүзінде тұңғыш «Фармакология» осы елде жазылып, инемен емдеу әдісі сонау Сун доуірінен бастау алады. Қытай әдебиеті — әлемдегі ең көне әдебиеттердің бірі, поэтикалық ірі туынды, музика тарихы — «Жыр кітабы» («Шицзин») біздің заманымызға дейінгі 11—6 ғасырларды қамтиды. Ежелгі Қытай сөulet өнері еріксіз назар аудартады. Иргесі біздің заманымызға дейінгі 4—3 ғасырдан басталатын шығыстан батысқа қарай шамамен 4—5 мың шақырымға созылып жатқан Қытайдың ұлы қорғаны жайлы айтпай кетуге болмайды. Қамал император Цинь Ши-хуанди тұсында қайта қалпына келтіріліпті. Оның биіктігі 6,6 метр, ал кей жерлері 10 метрге дейін жетеді екен. Иргесіні 6,5 метр де, жоғары жағының ені 5,5 метр, яки екі машина еркін сыйғандай.

Біз осылай Қытай халқының көне мәдениетімен, оның әсем қалаларымен, ірі өндіріс орындарымен, білім ордаларымен, ғылыми орталықтарымен, талантты перзенттерімен жақынырақ танысып, сұхбат құрып, пікір алмастық. Ондағы ауыл шаруашылығы кооперативтері мен мемлекеттік шаруашылықтардың жұмысы назар аудартқандай еді. Эрине, уақыт шіркін өмірге көп түзетулер өнгізіп жатады той. Ол кездегі тіршілікті бүгінгі бет алыстарымен салыстыруға болмайды. Халықтың ертелі-кеш ерінбей-жалықпай сәбектенуі экономикасын да, мәдениеті мен ғылымын да құрт көтсөріп кетті. Бірқатар реформалар жасалды. 1978 жылдың өзінде-ақ экономикалық реформатуралы тарихи шешім қабылданғаны мәлім. Соңғы жылдары ол одан әрі дамытылды, экономикадағы өзгерістер құлаш жая бастады. Экономикада орталықтың ұстемдігінен ғөрі, жергілікті жерлердегі дербестік өріс алды. Қесіпорын өзін-өзі басқарып,

өндіріс қожалығына ие болды. Ауылдық жерлерде колективтік және жеке қожалықтар кең қанат жайды. Ең бастысы, жаңалықты қолдау бар да, оны іспен тиянактап, жүзеге асыру бар.

Делегация Қытай халық республикасының бесжылдығына арналған халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жиналышының салтанатты мәжілісіне қатысты. Бұл күнді жалпақ сл бол тойлады. Салтанат төрінде КХР төрағасы Мао Цзэ-дун, оның орынбасары Чжу Дэ, халық өкілдері Бүкілқытайлық жиналыштың тұрақты комитетінің төрағасы Лю Шаоци, Мемлекеттік Кеңестің премьері Чжоу Эньлай, сондай-ақ Н. С. Хрущев бас-қарған біздің үкімет делегациясының мүшелері отырды. Келесі күні Тянь-мынъ алаңында өткен халық азаттық армиясы өскерлерінің парады мен еңбекшілер шеруін тамашаладық. Парадты КХР Қорғаныс министрі Пынъ Дэхуэй қабылдады.

Сапар кезінде Қытайдың Солтүстік-шығыс, Оңтүстік және Орталық белгітерін арапап, о шеті мен бұ шеті 5000 шақырымдық жолды шарлай үштық. Сары, Шығыс-Қытай, Түстік-Қытай теңіздерін жағалай қоныс тепкен, Янцзы деп аталатын киелі өзенде сагалаған қалаларды, атап айтқанда: Пекин, Шэньянъ, Аньшань, Фушунь, Нанкин, Шанхай, Ханчжоу, Кантон, Ухань және Ханъкоу шаһарлар көп әсер қалдырды. Қытай Гылым академиясы үйінде Кеңес еліндегі тау-кен гылымының жетістіктері туралы лекция оқуға тұра келді. Ат шаптырым келетін зал ішінде ине шаншар орын болмады. Галымдар мүдделі болған алуан сұрақтарға жауап бердім. Сонымен бірге дәп осы тақырыпта Кантон мен Шеньянъ қалаларындағы гылыми мекемелерде лекция оқылды. Іле-шала осы лекцияларым Пекинде қытай тілінде жеке кітапша бол шықты.

Қытай көп үлтты мемлекет қой. Елуден астам үлт пен ұлсы мекендейді. Соның ішінде Шынжан үйгыр автономиялы ауданында түркі тілдес халықтар — қазақтар, үйгырлар, қыргыздар, саларлар жөне басқалар тұрады. Қытайдың осы аймағымен ертеден сауда байланысы дамыған екен. Бұрынғы Қызылжар (қазіргі Петропавл) мен Семей көпестері 19-ғасырда сауда керуенімен Қашқарияга жиі қатынап тұрган гой. Міне, осындаі саны жағынан аз халықтардың үл-қыздары оқитын үлттар институтында болып, Қазақстанның 30 жыл ішінде қол жеткіз-

ген табыстарын таразылай отырып, ел жайлары, оның тұрмыс-салты, дәстүрі туралы ұзак өңгімелеп бердім. Әлбетте, ұланғайыр жері, жер қайысқан халқы бар іргелі ел жайлары айта берсе өңгіме көл, мен оны осы сапардан оралысымен қағазга түсірдім. Кейін, 1955 жылы «Халықтық Қытайдағы отыз күн» деген атпен кітап бол жарық көрді.

Қытайдан келісімен Пономаренко мен Брежневке сәлем бере барып, алған әсерімді ортага салдым. Олар да үя тыңдал, кейбір мәселелер жөнінде тереңірек білуге үмтүліп, қайта-қайта сұрақ қойып отырды. Ал, 30 қарашада Қазақ КСР Фылым академиясы жалпы жиналышының сессиясын өткіздік. Жалпы жиналыш 13 толық, 17 корреспондент-мүшесе сайлады. Сөйтіп Фылым академиясының құрамы екі есс үлгайып, ірі оқымыстылармен толықтырылды. Оның құрамына мына кісілер енді: Ахмедсафин, Бок, Попов, Смирнов, Шөкин, Боев, Домбровский, Полосухин, Сызганов, Мұқанов, Тәжібаев, Пальгов.

Ал Күшев, Сергиев, Цефт, Стендер, Козловский, Захаров, Пентковский, Бальмонт, Бияшев, Жұматов, Бұланов, Клейнбок, Дарқанбаев, Добрунов, Аманжолов корреспондент-мүшелікке сайланды.

Қазақ КСР Фылым академиясының академик-хатшылығына А. П. Полосухин сайланып, Геология институтының директорлығына К. И. Сотпаев бекітілді. Сайлауды өткізуғының аса маңызды салаларын көрнекті оқымыстылармен, Фылым академиясының президиумын жас ғалымдармен толықтыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Министрлер Кеңесінің зор көмегі арқасында Фылым академиясының құрамына синтін гылыми мекемелердің тиімділігі едөүір артты. Республика экономикасы мен мәдениетін өркендештуғас маңызды роль атқарған бірқатар институттар мен лабораториялар үйімдастырылды. Академия ірі гылыми орталыққа айналып, Қазақстанның өндіріш күшін дамытуға сүбелі үлес қосты. Фылым академиясы өзге де гылыми мекемелермен бірге кешенді экспедициялық отрядтар үйімдастырып, шамамен 23 миллион гектар жердің егіске жарамдылығын айқындал берді.

1955 жыл табалдырықтан аттады. Наурыз айында Мәскеу-

де КСРО Жогарғы Қеңесінің сессиясы өз жұмысын бастаган-ды. Маган сессияда сөз сөйлеу үсінілді. Дайындалайын деп, Қазақ өкілеттігіне ертерек келгенмін. Өкілеттік орналасқан жер жұмаққа бергісіз еді. Арбат тоңғерегіндегі Трубников келте көшесіндегі № 10 жер үйде тұғын. Тиісті деректерді жинақтап, айттар ойымды қағазға түсіріп жатқанмын. Телефон бозек қағып:

— Сізді Пономаренко шақырып жатыр. Мүмкін болса, шұғыл келссеңіз, — деді.

Ол кісі Брежнев екеуі тұрақты өкілдің кабинетінде күтіп отыр екен. Ашық-жарқын амандастықтан соң Пономаренко:

— Не істеп жатырысыз? — деп сұрады.

— Сөз сөйлеуге дайындық жасап, мұрыннан шаншылып жатырмын, — дедім.

Олар жарыса құлді. Понтслаймон Кондратьевич мені ыңғайсыз сезінді деді ме, жайдары қалыптен:

— Әурес болмай-ақ қойыңыз, сөйлемейсіз. Ал, сәбекініз еш кетпесін, дайындаған дүниесізді келесі сессияға дейін сақтарсыз, — деп, әңгіме ауанын басқа арнага бұрды. — Біз сізге бір үсініс жасағалы отырмыз. Орталық Комитеттің бюросында біз Сізді республика Министрлер қеңесінің төрагалығына бескітіп, Қазақ КСР Гылым академиясының президенттігінен босатуга үсініс енгіздік. Республика Жогарғы Қеңесінің сессиясында жаңа қызметке тағайындау жайында үсініс жасаймыз. Бұган сіз қалай қарайсыз?

Мен:

— Орталық Комитеттің директиваларын орындауга озірмін, — дедім сөзбүйдага салынбай.

— Біз де солай болар деп күтіп едік, — деді Брежнев.

— Онда қазір КОКП Орталық Комитетінс барамыз, — деп берік байлам айтты Пономаренко, — Сізді Хрущевке таныстырамыз. Дайын отырыңыз, он минуттан кейін жүрсеміз.

Никита Сергеевич аса бір кішіпейілділікпен қарсы алды. Ол маган құтты болын айттып, табыс тілседі. Пономаренко мен Брежнев республикадагы істің жайын әңгімелеп, бірқатар кадр мәсслесін шешті. Шаруа бар-жогы жарты сагат көлемінде бітті. Бұл менің Хрущевпен бестпе-бст келіп, бірінші рст танысуым еді.

Хрущевтің қабылдауынан кейін Қазақ өкілеттігіне қайтып

келдік. Басқа жұмысқа ауысыума байланысты Гылым академиясының президенттігіне кімді сайлаган жөн? Осы мәселе төңірегінде ұзак отырдық. Брежнев жас физиктің есімін атады. Мен оған келісім бермей, Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың кандидатурасын ұсындым.

— Халық таныган адам. Ел жағдайын біледі. Фалымдар зор құрметпен қарайды. Жоңе осы академияның іргесін қалап, шаңырагын қотерген түнгыш президент. Іскер. Ойшыл, — деп өз ұсынысымнан қайтпай отырып алдым.

Пономаренко мен жағына шығып:

— Леонид Ильич райдан қайтып, ұсынған кандидатуранызды қайтып алғаныңыз жөн бедеймін. Дінмухамед Ахметұлы бізден гөрі ол кісіні көбірек біледі. Жақсылығын асырмай, жамандығын жасырмай айтып отыр. Осы тоқтамға келіссек қайтеді, — деді.

Леонид Ильич бірден келіс қоймай, Сәтпаев басшылық жасаган кезде Академиядагы аса ірі қаржы мен бюджет төңірегінде болған тәртіп бұзушылықты бетке ұстап отырып алды.

— Мың сом болса, макұл, ауыз жарымайтын ақша екен дер едік. Мемлекеттің бақандай бір миллион сом қаржысын заңсыз жұмсауга жол бергеніне көз жұма қарауга хақымыз жоқ. Басқа басқа ол Қазақ КСР Министрлер Консультативтік қаулысында тайға таңба басқандай айтылған. Республика галымдары мен жұртшылық бізді түсіне қояр ма екен? — деп салмақты бізге аудара бастады.

— Бұл арада Сәтпаев та сүттен ақ, судан таза деуден аулақпын. Бірақ қаржыға тікелей қатысы бар адамдар тиісті жасасын алды. Қаныш Имантайұлының кінөсі қол астындағы қызметкерлерге сеніп кеткендігінде. Жәнс одан бері қанша жыл өтті. Уақыт басқа. Откендергісін бетке салық етсө беруде келіспейтін сияқты, — дедім.

Обалы нс, Пантелеимон Кондратьевич:

— Әлем мойындаған кісіні үшсеміз додага салғанымыз қалай болды, — деп өнгімені шиырды.

Леонид Ильич:

— Бұл мәселе жөнінде Орталық Комитеттің бюросы нс дейді. Бюро қалай шешеді, солай болсын, — деді.

Бюро менің ұсынысымды мақұлдады, Қаныш Имантайұлы

Қазақ КСР Фылым академиясының президенттігіне қайта сайланды.

Осы бір оқиғаны еске ала отырып, оқырман назарын мынаған аудара кетер едім. Соңғы жылдардың көлемінде кейбір газеттер мен журналдарда жарияланған мақалаларда менің Қ. Сәтпаевқа деген көзқарасым онша дұрыс болмапты-мыс деген пікір ара-тұра шаң беріп қалады. Бұл түбірімен қате. Адам аласынан сөз аласы жаман. Сөз шаласынан үпай түгенденеп жүретін кейбіреулердің қаңқуы бұл. Мен Қаныш Имантайұлына әрқашан құрметпен қараган жанмын, сонына шырақ алып түсетіндей ол кісінің жақсылығынан басқа, жаманшылығын көрген емен. Қаншама жылдар бойы биік мінбеден сөз сойледім, соның бірде-бірінде ол кісі туралы артық сөз айтқан емес-пін. Сәтпаев орнынан алынып, Фылым академиясының президенттігіне кімді сайлаймыз деген кездे, менің атымды атап, ақ батасын берген сол кісі. Ал, нәсіп айдал мен Министрлер Қенесінің төрагалығына тағайындалысымен Қанекеңнің скінші рет президент болып сайлануына республика басшыларын дегеніме қалай көндіргенімді жогарыда шет жағасын айттып оттім. Ал, бұл қызметке келген соң да Қаныш Имантайұлына қолдау көрсестіп, ісінің ілгері басуына ықпал жасап отырдым. Бұл арада мен Фылым академиясының президенті бол жүргсінде Сәтпаев Геология институтын басқарды, арамыздан қыл өткен жоқ, әрдайым ақылдастып ағалы-інідей араласын тұрдық.

Қанекең қайтыс болғаннан кейін Министрлер Қенесі ол кісіні мөңгі есте қалдыру жонінде арнайы қаулы қабылдады. Халық алдында сіңірген енбекін ескерсе отырып, Қазақ КСР Фылым академиясының Геология институты, Жезқазган кен-металлургия комбинаты, Алматыдагы орталық кошелердің бірі, мектеп, совхоз Қ. И. Сәтпаевтың есімімен аталды. Бұдан басқа да шараларды жүзеге асыру белгіленді. Бір айта кетерлік жой, мұндай құрмет оған дейін Қенес есімінде аса көрнекті галымдардың бірде-біріне көрсестілмеген-ді. Сондықтан дара түлға, дарынды галымның есімін ұмыт қалдырып, құрмет көрсестілмегі деген бекер. Ол — ақиқаттан айналып отіп, аққа қара жагу. Дүниені бүтіндей де, бұлдіретін де — сөз. Ойланып айтпай, опық жемесек екен. Жақсылының есімін ардақтаган кісі, артынан сөз ілеспегенін де ойлар болар.

XI

1955 жылы 31-наурызда Алматыда республика Жоғары Қенесінің кезекті сессиясы ашылды. Оған Л. И. Брежнев қатыса алмады, Барвихада демалып жатқан. Пономаренко Орталық Комитет пен Ақсақалдар Қенесінің атынан мені Қазақ КСР Министрлер Қенесінің төрагасы етіп тагайындау туралы өуелі партиялық топтың, сосын Жоғары Қенес сессиясының қарапайына ұсынды. Жоғары Қенестің сессиясы бірауыздан мені республика Министрлер Қенесінің төрагалығына тагайындалды. Мен Қазақ республика құрылғалы бергі Министрлер Қенесінің сегізінші төрагасы екем.

Жаңа қызметке сол жылдың союір айының бірінен бастап кірістім. Осы сессияда бұрын Ақтөбе облыстық партия Комитетінің хатшысы болып істеген Ж. Тәшенов Қазақ КСР Жоғарғы Қенесі Президиумының төрагалығына сайланды.

Ол кездес Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республика Министрлер Қенесі бір шаңырақтың астына орналасқан еді. Бұл гимарат Қазақстанның астанасы Қызылордан Алматыга кошіп келгенен кейін, отызыншы жылдары Панфилов пен Бөгембай (бұрынғы Киров) көшслерінің қызылысына салынған-ды Батыс жақ қанатына Орталық Комитет, шығыс жақ болігіне Министрлер Қенесі мен Жоғарғы Қенестің Президиумы жайғасқан еді. Қазір бұл жайға Т. Жүргенов атындағы мемлекеттік театр және көркемөнер институты орналасқан.

Қызметке кіріспес бұрын Орталық Комитеттің бірінші хатшысы П. К. Пономаренкога кіріп, ақылдасып шықтым. Ол әдеттегі байсалды қалпын сақтай отырып:

— Құндслікті құйбің тірлік таусылмайды. Оған аландама. Мемлекеттік мәні зор ауқымды істерге, құрдслі мәсслелерге дең қойғаның жең. Әбден зерттеп, егжей-тегжейді талқылап алған соң, оны батыл шешуге тырыс. Сонда гана ісің онға басады, — деп кенес берді.

Ол мені Министрлер Қенесінің төрагасы отыратын кабинетке бастап барды. Төрага орынбасарлары мен бөлім бастықтары түгел жиналышп, күтіп отыр екен. Понтелейман Кондратьевич мені жүртқа таныстырып, табыс тіледі де, өзіне кетті.

Министрлер Қенесінің жауапты қызметкерлерінің көбісін

қызмет бабымен жақсы білестінмін. Бір -бірімізге кісі киіктенбей, бірден шүйіркелесіп, жұмыс жайына көштік. Бірінші орынбасар С. Ф. Николаев Украинадан келген, әлі бауыр басып, қоян-қолтық араласып кете қоймаган еді. Ауыл шаруашылығымен екі бірдей орынбасар — Көкшетау облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы М. Бейсебаев пен Қостанай облыстық атқару комитетінің бұрынғы төрагасы И. Г. Слажнев шұғылданатын. Карагандылық Р. М. Байгалиев өнеркөсіп жөніндегі орынбасар болатын. Құрылышқа Свердлов облыстық атқару комитеті төрагасының бұрынғы орынбасары М. И. Горбунов, ал мәдениет, гылым, денсаулық, оқу-агарту ісіне Т. Тәжібаев басшылық етті.

Алда ұлан-асыр міндеттер тұрды. Қуатты энергетикалық және индустримальы база ірі ауыл шаруашылығы өндірісін жасау үшін: мәдениет пен гылым деңгейін көтеріп, уақыт талабына сай жаңа қалалар салу үшін мен өз жұмысымды жаңа одақтық-республикалық министрліктерді үйымдастырудан және кейір министрліктер мен республикалық органдардың басшылығын нығайтудан бастауга тұра келді. Республика тұсті металлургия министрлігін үйымдастыру, міне, осы ойдың жемісі еді, бұл министрлік республика халық шаруашылығының осынау аса маңызды саласын жақсарту мәселелерін шешуге тиісті тұғын. Оған А. И. Самохвалов министр боп тағайындалды, оған дейін ол еліміздің тұсті металлургия министрлігін басқарған Балқаш кен-металлургия комбинатының директоры еді. Самохвалов сенімді ақтады, министрліктің аяғынан тік тұруына және оны білікті мамандармен нығайту жолында көп сәбек сінірді.

Іле-шала құрылыш-монтаж жұмыстары министрлігі үйымдастырылды. Уақыт ілгері озған сайын құрылыш ауқымы үлгая түсіп, мұндай министрлікті құру қажеттілігін өмірдің өзі тудырган-ды. Министрі стіп үйымдастырушылық таланттымен танылған инженер Кротов тағайындалды. Қысқа мерзім ішінде министрлік қанатын жайып, іргелі істердің үйткысы болды.

Сондай-ақ, Қазақстанның құллі геология қызметін біріктірген Геология министрлігі шаңырақ көтерді. Оған өз ісінің білігірі, Орталық Қазақстанда аса ірі геологиялық партияны басқарған А. С. Богатырев министр болып тағайындалды. Қалай дегенмен дес халық шаруашылығының бұл саласы біздің респуб-

ликамызыда кенже дамыган, анығырақ айтқанда, жете мән берілмеген іс. Сондықтан одақтық министрліктің көмегіне көбірек иек артуға тұра келді. Ломако, Якубовский, Антропов сияқты слімізге ісімен танымал болған министрлер Қазақстан геологиясының материалдық-техникалық базасын ныгайтуға жәрдемін аяған емес.

Кейінірек энергетика министрлігі өз алдына отау тікті. Ауылдан бастап ірі қалаларга дейін, шағын цехтан бастап алып завод, фабрикаларга дейін оның қызметінен өмір сүруі қынданай бастаған уақыт туган-ды. Бұл министрлікті үйымдастыруды Кенді Алтайдың энергетика жүйесін дамытуға айрықша үлес қосқан тамаша инженер Т. М. Батуров қолға алды. Совхоздар министрлігіне Көкшетеу облыстық партия комитетінің бұрынғы хатшысы Рогинец, Қаржы министрлігіне Мәскеудегі республика Министрлер Кеңесінің тұрақты өкілдігінде істеген Атамбаев келіп, тың серпін танытты. Жаңадан село құрылышы министрлігі құрылды. Бұлардан басқа республика ведомство-лары мен үйымдары тәжірибелі, іскер өрі сауатты басшылармен ныгайтылды.

Хрушевтің ұсынысы бойынша менің орынбасарлығыма және Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрагалығына Украина Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы хатшысы Л. Г. Мельников тагайындалды. Республика жоспарлау органдарын маман кадрлармен толықтыруда, сондай-ақ өзекті мәселелерді орнықты шешуде аз енбек сінірген жоқ.

Министрлер Кеңесінде қызмет істегенімде бір ай толмай жатып Орталық Комитеттің басшылығында өзгеріс болды. Пономаренко бірінші хатшылықтан босатылып, Польшага елші бол кетті. Қысқа мерзім ішінде біз аса бір сыйластықпен қызмет істестік. Ол біртога, айтқаның екі етпейтін жөнде өзгесе де талап қоя білетін. Ксез келгсін кісімен оңай тіл табысып, өзін қарапайым ұстайтын. Әңгімешіл кісі тұғын, зейін қоя тыңдаپ, басқаның ден қойғанын да қалайтын. Бос уақыттарында, үй-іші тірлікте Белоруссиядагы өткен күндерін сагынышпен сске алатын.

Понтелеймон Кондратьевич 1939 жылы қыркүйектен Батыс әскери округы әскери кеңесінің мүшесі. 1941—1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Батыс, Орталық, Брянск және 1-Белорус майдандары әскери Кеңестерінің мүшесі, 1942—1944 жылдары

Жоғарғы Бас командование ставкасы жаңындағы партизан қозғалысы Орталық штабының бастығы, генерал-лейтенант. Міне, сол соғыс жылдарындағы партизандық өмірді, оның қынқыстау күндерін, ер жүрек қарулас достары туралы жүрек сыйдатарлық оқигаларды көп айттар еді.

Өмірден көргеніде, көкейге түйгені де мол кісі. Жақсылармен қызметтес болып, мына жалған дүниеде ненің опа беріп, ненің опа бермейтінің әбден көзі жеткен. 1948—1953 жылдары БК/б/П Орталық Комитетінің хатшысы, 1950—1953 жылдары КСРО Дайындау министрі қызметтің қоса атқарған. И. В. Стalin жайында біз білмейтін әңгімелерді, өсіресе оның өзіне деген ықыласын, соншалықты сене білгенін төбірене еске алатын.

Неге екенін кім білген, ойтеуір Никита Сергеевичпен дөмтұзы жараспады. Гайбаттамайтын. Бірақ жүлдізы қарсы екенін салыңқы қабагынан сездіріп алатын. Бір жолы Мұхан телевизорға согып:

— Пәлі, сіздермен дастарқандас болудың соті түспей жүр еді. Понтелеймон Кондратьевичпен бірге үйден дәм татып қайтсаңыздар деген тілек бар, — деп әңгіме аяғын салмактай сөйледі.

Мұханмен отырудың өзі білім дариясынан сузындал, көусарына қанғандай әсер алатынбыз. Куана қабыл алғып, енді гана телефон тұтқасын орнына қоя бергендім сол еді, қонырау қайта безілдей женелді. Пономаренконың даусы естілді.

— Әуезовтің үйіне бірге барсақ қайтеді?

— Оған сөз бар ма!

— Онда келістік. Сіз маган сога кетерсіз, жарай ма?

Мен Пономаренконың кабинетінсі кіргенімде, «ВЧ»-мен сөйлесіп жатыр екен. Бір қызырап, бір сұрланып отырды. Тұтқаны қоя беріп:

— Хрушев қой сөйлескен, — деді үнжырғасы түсінкіреп. Көңіл күйінің күрт төмн түсіп кеткенінсі біліп отырмын. Ол да жасырмады.

— Хрущевпен жұмыс істеу күн откен сайын қындағап барады. Жоқ жерден ілік іздел, жүйкені тауысты, — деді. — Арамыздан ала мысықтың өткеніне біраз болды. Қарғыс атқан соғысқа дейін-ақ бүлініп біткен. Ол кездес Никита Киевте, мен Минскіде

қызмет істейтінбіз. Жиі қақтығысып қалатынбыз. Иненің ұшындаі бөртпес қасына келе жазылмас жарага айналды. Соғыс түсінда, сосын Мәскеудең бүл өрши түсті. Көп мәселеде пікіріміз қайшы келетін.

Ол ашыла сейлеп, осы жолы жегідей жеген ішкі зілді сыртқа шығарған. Понтелеймон Кондратьевичтің мына сөзі әлі жадымда.

— Қазақстанда жұмыс істеу қызықты әрі үлкен абырой, — деген еді ол. — Алыптың адымы да бөлек болады. Аса ірі мәселелерді шешуге тұра келеді. Жері қандай кең болса, елі де мәрт. Жатсынбайды, құшағы ашық. Бары болса кісі жесін дейтін пейілі кең халықпен, шаруаға икем адамдармен жұмыс істеу де бақыт қой. Бірақ бүл жерде қанша істейтінім бір құдайга, сосын Хрушевке ғана аян. Сізге де соның басшылығымен қызмет етпек керек. Есіңізде болсын, әсіре қызыл тез оңады. Ол — көрсекзызар. Көптеген мәселеде асығыстық жасап, арандатып кетеді. Байыппен шешуге, жанжақты ойлауга жоқ. Егер сіздің көтерген мәселенің, жанды пікір, пайдалы ұсынысыңыз оның ойынан шықпай жатса, онда жолы кесілді дей берініз. Ол ол ма, мұның ақыр аяғы басынызға таяқ бол тилюі гажап емес. Ол өзгенің пікірімен санасута жоқ, тізеге басады. Хрушев өзінен гөрі қабілстілеу, білігі де, білімі де артықтау адамды жынындай жск көрсді. Ол айналасындағы табанының бүрі бар, азұлы азаматтардан арыла бастады. Жергілікті жерлердегі, сондай-ақ орталықтагы ондай басшы қызметтегілерді орнынан алып, үні қайтып шықпайтындаі жерге жіберіп жатыр.

Жан баласына айтпас сырын маған актарғаны, әрине, сенгені шыгар. Бірақ несін жасырайын, Пономаренконың ұлы державаның бірінші басшысы туралы адамның аза бойы қаза тұратындаі теріс пікірі мені қайран қалдырган-ды. Сөйтсем, жаманды жаман деген өсек емес, шындық скеніне кейінрек көзім жетті.

Кеңседегі өңгіме осымен бітті де, біз Әусзовтың үйіне баруға сыртқа шықтық.

Мұхаңың дастарқанында Пономаренко екеумізден басқа Жазушылар одағының сол кездегі төрагасы Габиден Мұстафин жөнө екі-үш кісі болды, олардың кімдер екені есімде қалмапты. Әңгіме шиыршық атып, алуан тақырыптың басы шалынды.

Негізінен Мұхан мен Понтелеймон Кондратьевичтің арасында өрбіп, біз тиіп-қашып болмаса, сөзге араласпай, көбіне тыңдаушы ролін атқардық.

Мұхан «Абай жолы» романын қалай жазғанын, қандай қындықтарды бастаң кешіргенін, алдагы жоспары туралы айтып, құлақ құрышын бір қандырды. Әдебиет, өнер жайлы, ара-тұра экономика мәселесі, әлеуметтік жағдай сез стілді. Пономаренко жазушылардың қогамдық омірімізге қатысты толғамдарына, ұсыныс-пікірлерінс ынтақойыптыңдады. Республиканы дамыту жоспарларына, өсіресе, тың және тыңайған жерді игеру жөніндегі ойларына назар аударды.

Біз ұлы жазушының ықылас-пейілінс риза коңілмен түннің бір уағында тарқадық.

Пономаренконың Хрушевпен телефон арқылы сөйлескеніне санаулы гана күндер өткен-ді. Бірінші хатшының айтқаны айдай келді. Мен Понтелеймон Кондратьевичтің кабинетіндес аса бір манызды мәселе жөнінде ақылдастып отырганмын. Ол кісіге Молотов телефон соқты. Әңгіме қысқа қайырылды. Пономаренко отырган орындығына шалқая түсіп:

— Хрущев екеуміздің арамыздың қандай екенін айтқаным есінізде ме? Қазір Молотовпен сөйлескенмен кейін бәрі белгілі болды. Маган дипломатиялық жұмысқа аудыс деп қоярда-қоймай отыр. Польшага кестетін болды, — деді пәс даудыспен.

Сол жерде комекшісін шақырып алды:

— Мен Мәскеуге үшамын. Шұғыл самолет дайындаңыз, — деп тапсырды.

Комекшісі көп кешікпей қайта оралып, самолет түп-тура үш сагат ішінде үшуга даяр болатынын хабарлады. Пономаренко қалада бар Орталық Комитеттің бюро мүшелерін шақырып, озінің Мәскеуге жүргелі жатқанын жөнө басқа қызметкес аудықалы отырганын айтты. Біз де жолдан жығылмай, республика партия үйіміна сінірген сөбебінс алғыс айта келіп, жаңа жұмысында табысты болуга тілек білдірдік. Үш сагаттан соң мен оны аэропортқа жалғыз озім шыгарып салдым. Келгендейде, кеткенді де қораланып қарсы алдып, қораланып аттандыратын достүр жоқ. Сыбай сұлтан ғасандей, өзің барып, өзің қайтатын кез... Пономаренко ексуміздің арамыздагы сыйласық ол өле-өлгенше жалғасты.

Казақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына Л. И. Брежнев, екінші хатшылығына Новосібір обкомын басқарған И. Д. Яковлев сыйланды. Леонид Ильич пен, кайталаپ айтамын, қызметтес болған алғашқы құннен бастап бір-бірімізді қас-қабақтан танитын, және істің мүддесі үшін өз қозқарасымызды қорғап қала алатын, санаса да білстін сыйластықта гүмір кештік. Ол кісімен жұмыс істеу өте жеңіл еді. Жайдары мінезді, ешкімді алаламайтын туралының турашылдығы, алдына айқын мақсаттар қойып, соны ыждағатпен орындауга үмтүлатындығы, құдай берген үйымдастыруышылығы талантты даралап тұратын. Техник-жерге орналастыруши, инженер-металлург мамандығы бар Брежнев өнеркәсіп өндірісі мен құрылыш ісін жілікше шағатын. Ауыл шаруашылығы мәселе сіндегі де ешкімнен кем түспейтін. Біз біте қайнасып жұмыс істедік.

Уақыт ілгерілген сайын республика алдында тұрган келелі міндеттер көбсіе де, кеңі де түсті. 1954 жылға қараганда 1955 жылы тың жерді игеру кең қолемде жүргізілді. Егер, алғашқы жылы Қазақстанда 90 совхоз үйымдастырылса, 1955 жылы ең кемі 250 жаңа совхоз үйымдастыру міндеті қойылды. Тың көтеру ұлан-байтақ республиканың барлығындаға өріс алды. Шаруа бастан асып жатты.

Үйимдастырылатын совхоздар үшін сұңылғылар мен іске керде үйтқы болатын қабілеті мол директорларды таңдау қажет тұғын. Ондай бесаспап жандарды шарқ үроп іздесен де таппайтынсың. Бас агрономдыққа, сепші-бухгалтерлікке, жабдықтау ісіне, тіпті механизатор-жұмыскерлікке лайық жандар колға түссе бермейтін. Оларды оқытып, тәрбислеу, тәжірибе жинақтату ісі бір күннің шаруасы емес, жүйелі, жоспарлы жұмыс жүргізу арқылы қол жететін еді. Ешten-кеш жақсы. Қындыққа шыдамдылықпен тозе отырып, игі шараларды қатар жүзеге асырдық. Директорлыққа тағайындалған адам аудан басшыларымен бірге жаңадан шаңырақ котерстін шаруашылық үшін ірге тебер жер таңдайтын. Олар, шын мәнісінде, аңызақ жел ойнаган мидай далада пайда бола бастаушы еді. Сондықтан совхоздың алтын діңгегін орнатуға келген, үміт дүниссінен құдер үзбей, болашаққа сеніммен қараган жандар өмір сүру үшін тұрмыстың сұң бір қарабайыр, жабайы дессе болғандай тірлігін бастан откеруле-рінс тұра келген-ді. Үстін-үстін келіп жатқан техникалар, құрылыш

материалдары, құрама үйлер — адам үшін не қажет, соның бөрі темір жол станцияларында таубоп үйіліп жатты. Оларды тиісті жерлерге жедел жеткізу мәселе сі онсыз да мұрнынан шаншылып жүрген кісіге онайға түспейтін. Ондагы өр қыырдан келіп, сендей согылысып жүрген адамдардан жер қайысатын. Бұларды бөліп, діттеген жерге жеткізу — ол да үлкен шаруа. Азықтүлік, киім-кешек жөнс басқа да тауармен жабдықтап, саудасаттық үйымдастыру, олардың ауырып-сырқамауы үшін денсаулық пункттерін ашу, әрине, жанашырылған жүргізетін үйымдастыру жұмысын талап еттін. Жергілікті партия, кенес, шаруашылық органдары мұндай қарбалас сөттерде бел шешпей еңбек етті.

Баяғыда бабаларымыз оріс жаңартпас бұрын, конысын сайлап барып, көші-қонга кіріседі скен. Сол үздісті үстануга тырысып, ғылыми мекемелердің ақыл-кенесіне жүгініп отырдық. Шынында да совхоздар мен қалашықтардың құрылышы салынбас бұрын жер таңдалды, түрден салу үшін болашақ егістік жердің жарамдылығы айқындалды. Бұның бөрінс ғылыми тұрғыдан қарадық. Асығыс, сауатсыз шешім шаш етектен шығын әкслері аян және ондай фактілер орын алмай қалған жоқ. Барлық кенестерге, ауыл шаруашылығы министрлігінс, совхоздар министрлігінс жыртылатын жер мен жаңа совхоздардың құрылыш орнын таңдауга қатысты тайға таңба басқандай айқын нұсқау берілді. Осыған орай, әрине, табан төздірарлықтай талай-талай жол кездік. Әсіресс, Брежневпен бірге Солтүстік Казақстанды түгел шарлап шықтық десуге болады. Жұздеген, одан артық болмаса кем емес, адамдармен кездесіп, пікір алмастық. Олардың арасында жаңа қоныстанушылар да, көзі қарықты мамандарда, жер сімген механизаторлар. Вагондарда тұрып, станцияларда құні бойы аялдаган күндер аз болған жоқ. Облыс, аудан орталықтарында, болашақ совхозлардың дала қостарында қызу пікір алмасқан кенестерге қатысып, обком бюроларында, атқару комитеттерінің отырыстарында, аудандық партия комитеттерінің хатшылары, атқару комитеттерінің торагалары, совхоз директорлары мен мамандары бас қосқан кенестерде бір емес, олденеше рет сөз сейлеуге тұра келді. Кенестер қайда отпесін, оған кімдер қатыспасын — бәрінде де істің жайы, адам тағдыры, елдің тұрмысы сөз болатын. Өткір

сындар айтылатын, бірақ адам жанына тиستін, кісіні қорлайтын ауыр сөзден іргені аулак салатынбыз. Орын алған кемшілік сындалатын, оны түзетудің жолдары корсетілетін.

Халық: «Келісіп пішken тон келте болмайды» дейді. Көпшіліктің аты — көпшілік. Жұмыла кетсе, тау қопарғандай күш танытады. Басы қосылса, ақыл арнасы ағытылады. Сондықтан, біз қай істе де халыққа сүйендей, оларды айналып откен жеріміз жоқ. Тың игеруде шешімін күткен проблемалар жөнінде дікандармен, агрономдар, малшылармен, партия, кенес, шаруашылық органдарының басшыларымен, көсіподак, комсомол қызметкерлерімен, мұғалімдермен, дәрігерлермен, галымдармен, механизаторлармен кенесіп отырдық. Соның нәтижесінде 1954 жылы бүрінгі жылдармен салыстырганда астық 2,5 есе артық ондірілді, мұның өзі ауыл сәбеккерлерін жаңа жетістіктерге құлшындыра түсті.

Біз тыңды бүкіл ел боп котердік. Мен оны қайталаудан жалықпаймын. Жақсының жаксылығын айту — ізгі жанның нұрын тасытып қана қоймайды, адам мен адамды, үлт пен үлтты жақындастырудың дөнекері. Практикалық комек корсету үшін арқа апшысын куырган ақтүтек боранга, онтүстіктің аспан айналып жерге түскендей аптап ыстығына қарамастан одактық министрлер мен, олардың орынбасарлары: Бенедиктов, Бещев, Козуля, Кожевников, Корнесец, Кальченко, Гундобин, Гоциридзе және басқалары қыж-қыж қайнаган сәбектің қақ ортасында жүрстін еді. Арманшыл жастарымызды жігерлендіріп қана қоймай, үлкен міндетті мінсіз шешуге жұмылдыруға көп үлес қосқан БЛЖО Орталық Комитетінің хатшыларының, оның ішінде Шелепиннің, Тяжельниковтың атына жылы сөздер айту әбден лайық. Олар жиі келіп, замандастарының тыныс-тіршілігін өз көздерімен көріп, барына қуанып, жогына қол ұшын беруден аянбайтын. Тың игерушілерге көсіподактардың Бүкілодақтық Орталық Кеңесінің төрагасы В. Гришиннің де камқорлығы аз емес. Орталық Комитеттен, Министрлер Кеңесінен бастап барлық министрліктер мен ведомстволардың күнбе-күнгі назары тың тосінде болды. Бар мәсслені қолма-қол шешіп отырды.

Қай нәрсенің болмасын екі ұшы бар. Жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы, ақ пен қара, адалдық пен арам-

дық.. 1955 жыл үшін сүйініштен ғөрі күйініш басымдау болды. Ала жаздай бір тамшы тамбады. Қазақ жерін тұтастай құргакшылық жайлап, көптен күткен үміт дүниесін құрдымға жіберді. Аптап ыстық, аңызак жел үшін-қиырсыз ұлан даланың өкпесін сығып, тынысын байлап тастады. Көрер көзге дүркір еткөріліп, уыз дән байлаган егін курап бара жатты. Қайта-қайта септеп жүріп шыгарған астық орнына саргайған шөп қалды. Мұны қөрген кейбіреулердің үрсейі үшіп, тың жерінің сиқымына болса, жетіскен екенбіз деп, келген жагына қайқайып кетіп отырды. Ерік-жігері мол, ертеңінде деген сенімі бар жігіттер мен қыздар үақытша қыындыққа қасқайып қарсы тұрабілді.

Тың — кімнің кім скенін танытқан нагыз майдан даласы. Бір-бірімен еңбекте бәсекелесс жүріп, қыындықта демесу, куанышта сүйеу болды. Оқытушы да өздері еді, шәкірттері де оздері болды. Өйткені, басқа жақтан келіп біреулер үйреткен жок. Жокқа төзе жүріп бар жасады. Сондай слгс сын болған күндерде біздің тыңгерлесріміз КСРО Ауыл шаруашылығы министрі И. А. Бенедиктовтың шапағатын көп көрді. Ұзақ жылдар бойы Егіншілік халық комиссары, сосын ауыл шаруашылығы, совхоздар министрі қызметінде жүріп дала өмірін, оның ыстық-суығына бірдей төзген ол Қазақстанга жиі кслетін, келген сайын нақтылы көмек беретін. Республика экономикасын көтеруге ерекше еңбек сінірген осы азаматқа қазақстандықтар қарыздар десем, оны білетіндер менің бұл сөзімді теріске шыгара қоймас, сірә.

Ірі финансист, 1938 жылдан 1960 жылғадейін КСРО Қаржы министрі А. Г. Зверев Қазақстан экономикасының қалыптасып, қаз-қаз тұруына бірден-бір жанашыр болған кісі. Тұрасын айтсам, республика үшін ең ауыр күндері шыр-пыр боп, қаржыдан қыспай, иманды жолынан жығылмай, қолы жеткен жерге дейін телефон шалып, көмектескені бар. Министрдің «дабылынан» кейін Брежnev пен маған Хрущев, Булганин, Микоян, Первухин, Косыгин, Орталық Комитеттің басқа да хатшылары хабарласып, жылы қабак танытқан еді.

Құрғақшылықтың салдарынан көптеген шаруашылық тұқымсыз қалды. Республика совхоздарымен колхоздары мемлекетке бар-жогы 100 миллион пүт астық тапсырды. Тұқыммен шаруашылықтардың 72 проценті гана қамтамасыз стілгенді.

Қалғаны не істерге амал таппай, қолы жеткен жерге дейін алақан жайып барды. Іске тікелей араласуымызга тұра келді. Брежневпен бірге Мәскеуге үшіп келдік. Қарызға тұқым алмақпаз. Шыны керек қой, біздегі бір жаман өдет, ортақ тірлік үшін онсыз да кішірейіп келсөн, тұра өзің сұрайтында тұқыртатыны жанға бататын. Хрущев пен Булганин Үндістанда жүр еді. Саяси Бюрога Микоян басшылық етіп қалыпты. Көп сарсылтпай қабылдады. Біз республикадағы жагдайды түғел баяндалап бердік. Ол бізді мұқият тыңдалап болып:

— Бұл жайды Никита Сергеевичке баяндайық. Оның рұқсатынсыз бір түйір дән бере алмаймыз, — деді. Сосын сөл қабагын шытып, абыржисөйледі. — Түсінсем бүйірмасын, неге шаруашылықты тұқыммен қамтамасыз етіп алмай, астықты мемлекетке тапсырдыңыздар? Әуслі соны айтыңыздаршы.

— Бір шаруашылық скінші біреуі үшін тұқым себе алмайды, — деп тоқ етерін айттық.

Қысқа жауап көнілін орнықтырды білем, Микоян:

— Онда скі-үш күннен кейбін жауабын аласыздар, — деп қоштасты.

Брежnev Мәскеуден өрі өз шаруасымен Днепропетровскіге жүріп кетті. Мені екі күннен кейін КСРО Министрлер Кеңесінің Президиумына шақыртты. Микоян қойған сұрақ алдыман шықты. Мен тұжырымды пікірімді айттым.

Ақыры республикага жетпей жатқан тұқым берілді. Бірақ, төтенше бір жагдай болмаса, одан былайты жерде иектерің қышымасын деп ескертті. «Аузы қүйген үрлеп ішеді». Оның үстіне қызыл қырман сапырып отырып, көрінгенге алақан жайғанымыз үят-ты. Жүгерінің будан тұқымын алғанымыз болмаса, қайтып тұқым сұраган смесспіз.

Келер — 1956 жыл ағыл-тегіл, ак түйенің қарны жарылды. Тұқымдыққа алған қарыздан да құтылдық, мемлекет қамбасын да қарқ қылдық. Бір миллиард пүт астық жинап, республика абыройын бір көтеріп тастаңдық. Қуанышты құндердің бірінде А. И. Микоян арнайы телефон согып, диқандардың зор табысымен құттықтады. Ол кісінің өзіл-қалжыны ілесе жүретін әдеті:

— Keусен берестің жөндсрің. Миллиард алғандарың құдайдың арқасы, сосын менің арқам, — деп тұқым беруге септігі

тигенін айтып, бір күлдіріп алды.

Анастас Иванович сергек те сезімтал, ұлкенге де, кішіге де ілтипатпен қарайтын. Әсірессе, қарамагында ұзак жылдар бірге істейтіндерге қамқор боп отыратын ақсақалдық міnez бар еді. Оларды бағалай білстін, керек жерінде қолдан, қол ұшын беруден аянбайтын. Бірде маган телефон сокты.

— Әуелі астық жайы, ауыл шаруашылығының хал-ахуалы, слідің тіршілік-тынысы, қалай, соны айтсаңыз, — деді. Мен түгел баяндап бердім. Мүқият тындал болып:

— Тәңір жарылқасын, істің басы-қасында өзім жүргендей қанықтым. Енді бір өтінішім бар. Орындасан, айтамын, — деді өзіл-шыны аралас.

Мен дс қалжындал:

— Анастас Иванович, қазакта: «Көнілшекті қошамет қор етеді» деген сөз бар. Корпеме қарап көсілгенім жон. Үятқа қалмаспыш, — дедім.

— Мәтелің үнады, қайталап айтсаң жазып алар едім... Онда әңгіме былай: Сауда халық комиссариатында бұрын жауапты қызмет атқарған Якубович деген кісі болып еді. Жексе адамға табыну жылдарында істі болып, заңсыз жазага кесіліп кетіп еді. Ұзақ жыл арқалап, қазақ жеріне айдалған. Қазір акталып, Карагандыда тұрып жатқан корінеді. Соның қалай қалай екен, біліп бермес пе скенсіз? — деді.

Өтінішін орындал, Якубовичті іздеп таптық. Жұмысқа орналастырық.

КОКП ХХIII съезінде мен Орталық Комитеттің Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат болып сайландым. Микоян елден бұрын келіп, құтты болсаң айтып, баяғы мақалымды өзіме қайталап айттып:

— Шын жүректен, ағалық көңілмен құттықтаймын, — деді.
Анастас Иванович осында мінездес бай кісі еді.

XII

Мына бір оқиганы еске алмай кету мүмкін смес. 1955 жылы Советтік Қазақстан тарихында тұнғыш рет біздің республика-мызы Жогары халықаралық деңгейде аса мәртебелі қонақты қабылдады. Есімі дүниес жүзінен белгілі мемлекет қайраткерлерінің бірі Үндістанның премьер-министрі Джавахарлал Неруді қазақ жері құшақ жая қарсы алды. Неру сол кездес-ақ қогамдық-

саяси олемге таныла бастаган сүйікті қызы Индираны ерте келген еді. Леонид Ильич екеуміз барып аэропорттан құтіп алдық. Жер жүзінде саны жагынан да, тарихы жөнінен де, ұлы перзенттері санатынан да шоқтығы биік тұратын елдің аяулы азаматына көрсетілген құрметтің жөні мүлде белек болды. Адамдар көшеге сыймай кетті. Жолына төсделген гүл шоқта-рында есеп жоқ еді. Ел ықыласына риза болған Неру:

— Мейірім шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болу-дан асқан бақыт жоқ, — деді маган. — Бізде екі үқсастық бар смен. Бірі — қарапайымдылықтарыңыз қалай аumasа, жасыл желекке оранған Алматы біздің Кашмирмен егіздің сыңарын-дай ма деп қалдым. Фажап!

Сол күндері қазақстандықтар біздің республикамыздың экономикалық жагынан ныгайта отырып, өзіміздің ел ішінде қалай бедел жинай бастаса, халықаралық қөлемде де сондайabyroyiga бөлене түскенін түңгыш рет жете сезінген-ді.

Арада біршама уақыт салып Алматыға Бирманың басшысы У Ну келіп қайтты. Бұл жолы да Брежнев екеуміз қонақтың алдынан шығып, сл ықыласын ангарттық. Сол жылдары кімдер біздің киселі жеріміздің қасиетті топырагын баспасын, олар ең әуелі тыңның қалай игеріліп жатқанын құлшына сұрап, құмарта тыңдайтын. Дж. Неру де, У Ну да Кеңес слінде жүргізіліп жатқан кең ауқымды экономикалық және демографиялық шараларга халықаралық мүдделілік танытып отырғанын атап етіл еді...

Қаңтар айының 24—27-і күндері Қазақстан Компартиясының VIII съезі отіп, онда Орталық Комитеттің есебі тыңдалып, КОКП XX съезінің халық шаруашылығын өркендеді дің 1956—1960 жылдарға арналған алтыншы бесжылдық жөніндегі директиваларының жобасы талқыланды. Съезд республика халық шаруашылығының өркендеу барысын талдай отырып, партиялық үйімдастыру және идеологиялық жұмыстарына бага берді. Үлкен жиын келелі міндеттер жүктейді. Халық шаруашылығының бар саласын ілгері бастирудың сара жолын белгілеп берді. Өсіресс, 1956 жылы ең кемі I миллиард 500 миллион пүт астық өндіріп, мемлекетке кем дегендеге 600 млн. пүт астық сату міндеттін қойды. Бұл айтуга жеңіл болғанмен,

орындауы оңай түспейтін аманат еді.

Мен осы съездде Орталық Комитеттің жөнс бюро мүшесі, партияның ХХ съезінс делегат бол сайландым. Съезд Брежнев пен Яковлевке үлкен сенім көрсөтті. Леонид Ильич — бірінші, ал Иван Дмитриевич — екінші хатшылыққа сайланды.

КОКП ХХ съезі біздің партиямыз берін халқымыздың тарихында айрықша орын алды. Бұқіл өлем 1956 жылы ақпан айында Мәскеуге слендеп қулақ түрді. Біздерге — делегаттар үшін, әрине, тосын жағдай еді. Съездің жабық мәжілісіндегі Н. С. Хрущевтің «Жеке басқа табынуышылық жөнс оның зардаптары туралы» жасаган баяндамасын тыңдаганда оз құлагымызыга өзіміз сенбей, тобеден жай түскендей отырып қалдық. Біреуге ерте, біреуге кеш мәлім болғандай, Сталиннің қызметтің тексеру жөніндегі комиссияның қорытындыларын съездің күн төртібіне енгізу керек пе, жоқ падеген мәсслеге байланысты Орталық Комитеттің Президиум мүшелері қызыл кенірдектесіп, талай жерге барысыпты. Молотов, Каганович, Ворошилов, Маленков бір жақ. Сталинге смешегі үзіліп, жақсы коргендіктен шаң жуытпауга тырысты деген пікірдің жоні бір басқа. Олар үрпак санасына майдай сіңіп, құдайдай табынган жанды жерден алып, жерге салғаннан ешкімнің шекессі қыза қоймайды, қайта партияны, халықты өзімізге қарсы қойып аламыз, оны өшкөрелеудің зардабын КОКП көреді, туысқан маркстік-лениндік партияга киындық келтіреді деген уәж айтып, ұсынысқа қасқайып қарсы шығады. Алайда Хрущев алған бетінен қайтпайды. Булганин, Сабуров, Первухин, Кириченко, Суслов сияқты Президиум мүшелерінің қолдауына арқа сүйсген от дегенін орындаپ, КОКП Орталық Комитеттің хатшысы, академик П. Поспеловке комиссия жұмысын басқаруды тапсырады. Айтқандай, әусл баста атамыш баяндаманы Поспеловтың озі жасауга үйгарылған екен. Бірақ жемс-жемсге келгенде сценарий күрт өзгеріп шыға келеді, баяндаманы КОКП Орталық Комитеттің бірінші хатшысы жасады. Қалай болғанда да, бұл Хрущевтің козсіз ерлігі.

Есепті баяндама бойынша бізден Брежнев соз алды. Ал, Булганиннің баяндамасы бойынша мен сойледім. Съезд директиваларын қолдай отырып, мен оз созімді екі мәсслеге айрықша тоқталдым: біріншісі — тың жерді одан әрі игеру барысында оның қолемінс емес, егілген сіннің шығымдылығына мейлін-

ше мөн беру, екіншісі — Қаратай тұнған байлық көзі, ондагы ванадий кенін игеру.

Екінші мәселе бойынша съезден соң іле-шала Тевосяннан хат алдым. Ол қара металлургия министрлігі таяу арада Қаратай ванадий кенін өндіруді өркендештегі мәсслесін зерттеуді қолға алатындарын айттыпты.

Съездде мен КОКП Орталық Комитетінің мүшесі болдым. Брежнев Президиум мүшелігінс кандидат және Орталық Комитеттің хатшылығына сайланды. Алматыға қайтар алдында Л. И. Брежнев ексуміз «Мәскесу» қонақ үйіндегі 419-бөлмеде отырып, бір-бірімізге дос пигылдагы ақ тілек айттысып, қимай қоштастық. Сонау 1954 жылдан басталған біздің айнымас дос-тығымыз оның соңғы демі таусылғанша сыйластықпен жалғасты.

Съезден оралысымен республика Министрлер Қенесінің кеңсайтілген мәжілісін откізін, тың жерді игеру ісін жүйелі жүргізуға жаңа құрылыштар салуга және іргесі қаланған совхоздардағы салына бастаған құрылыштарды жалғастыруға ерекшес назар аударылды. Совхоздар министрі Рогинецтің, ауыл шаруашылығы министрі Мельниктің және оның бірінші орынбасары Познанскийдің баяндамалары тындалды. Министрлер Қенесі белгілеген шараптар мен қаулы Орталық Комитеттің бюросында толық қолдау тапты.

Казақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сөүір айындағы Пленумында И. Д. Яковлев бірінші, ал Журин екінші хатшы боп сайланды. Дәп осы тұста шетін мәселе төңірегінде көптен бері көңілді күпті гып жүрген ойды ортага сала кетсем деп едім. Атап айтқанда: «Мәскесудің үлттық кадрларға деген, сиң бастысы — республиканың бірінші басшысына деген сыңаржак шешімдері онсыз да сыздап жүрген жүректі тілім-тілім ететін. Біздер, соның ішінде орысы бар, украины бар — қазақстанның басшылар оңашада: орталық неге болашагынан үміт күтсерлік жергілікті басшыларды көзінс ілмей, республика Орталық Комитетінс «өз» адамдарын жіберуден танбайды деген сұрақты отыра қалып талқылайтынбыз. 20—30-жылдар болса, бір сөрі, ол уақыт басқа. Ал, революциядан кейін табаны қүректей қырық жыл отті. Содан бері бірде-бір лайықты адам болмаганы ма? Меніңше, кадр жоніндегі мұндаидай саясат ақылға да сыймай-

ды. Лениндік принципке де жат. Мәскеудің империялық өктес-
дігі демей, не дарсін буган. «Кімді койғымыз келсе, соны қоямыз.
Ал, сендер дауыс бер десе, ләппәй «құлдық» деп көл көтер-
деген сыңай байқатады. Бұл шымбайға батпайды емес, баталы-
Бірақ, амал қайсы. Айтқаның екі стпейсін. Өйткені, кез-келген
республика үшін ең жогары лауазымдағы қызметке Орталық
қана төрелік айтып, билік жүргізеді. Онсыз аттап баспа, бассан,
тағдырың қыл үстінде дей бер. Арқаңдан қагып отырып, сан-
далтып жіберуден тайынбайды. Мындар айылын жиып жүру
үшін бірлі-жарым қарсы келіп, дау шыгарғанды «құрбандыққа
шалып» жібереді. Сосын, екі елі ауызға, төрт елі қақпақ демей,
Орталықтың ақ дегені алғыс, қара дегені — қарғыс демей көр.
Мені, оқырман дұрыс түсінер деп ойлаймын, бұл өгіздей өкпе
емес, Мәскеудің ұлттық кадрды тәрбиелеп, өсіру ісіндегі нем-
құрайдылығы жайында көптен көкейде жүрген, кеш те болса
айтууга тиіс ойлар еді...

Сол жолғы пленумда мснің «Республика партия үйымда-
рының 1956 жылғы көктемгі егісті ойдағыдай откізу және рес-
публика совхоздары мен колхоздарында ауыл шаруашылығы
дақылдарынан жогары өнім алу жөніндегі міндеттері туралы»
баяндамам тыңдалды. Ол жылдары бессжылдықтың көтерер
жүгі, алға қойған мақсаты болатын. Және оның әрбір жылы
ауқымды да қауырт істермен ерекшеленетін. Алтыншы бес-
жылдықтың да осындаі міндеттері айқын белгіленді. Сол жолда
ұлken үйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Өнеркәсіп бірқа-
лыпты ыргақпен жұмыс істеді. Ирі өнеркәсіп орталықтары —
Қараганды, Шымкент, Өскемен, Алматы, Павлодар, Теміртау
қарышты қадаммен алга басты. Екібастұз, Ермак, Кентау, Руд-
ный, Шевченко /қазіргі Ақтау/, Степногорск сияқты алыптар-
дың қанат жаяр негіздері қаланды.

Маусым айының 10-ы күні Қазақстан Компартиясы Орта-
лық Комитетінің және бір пленумы өтіп, республикадагы тұр-
ғын үй құрылышының жәй-жапсары кеңінен соз етілді. Мен ба-
яндама жасадым.

Пленум қызы жұмыс істеп жатқан. Кағанович телефон
согып, мені сұрапты. Амандықтан соң:

— Тың жерді көрудің соті түсті. Ертең Қостанайға бара-
мын. Сонда кездесслік, — деді.

Мен бар шаруаны жиыстырып тастанап, Лазарь Моисеевичті қарсы алуға Қостанайга үшіп бардым.

Каганович мінген поезд Тобыл станциясына келіп аялданған. Бұрын-соңды жүздеспеген кісіңмен ойда-жоқта кездескелі тұрғанда адам ойы он саққа кестеді еken. Алып-ұшып барғанда қалай қарсы алады? Оның қаһарынан қаймықпайтын жан кемдекшім, мінезі қатал, сшкімге ішін бермейді деп естіміз. Кеңес үкіметінің басшы қызметіндес отырып үйренген кісі бетің бар, жүзін бар демейді, айтатынын тұра айтып, кессімді шешімін сол жерде жасайды. Сталиннің ең жақын серігі, есімі бүкіл елге мәшіхүр.

Мінс, осындай ой жетегімен діттеген жерге табан іліктірдік. Көңіл орнына түсті. Ол кісі бірінші рет көріп отырганына қарамастан мені сыралғы кісіден бетер қабылдады. Кездескен бойда ашық-жарқын өңгімелесіп, бірден озіне баурап алды.

Таңтеренгі асты Кагановичтің жеке вагонында бірге іштікте, женіл машинамен Ақмолага жүріп кеттік. Бара жатқан жолда Есілде, Атбасарда аялдалап, таяу жердегі совхоздардың етін жайын аралап көрді. Теніздей тербеліп, жайқала өскен астықты көріп қайран қалды. Дөн байлаган масақтарды аялай үстап, ерекше сүйсініс танытты.

Есілде тыңгерлер алдында соз сөйледі. Ойы анық, әрі қысқа, әрі нұсқа сөйледі. Пікірін ұғынықты жеткізстін сонша, сліді ерікесіз баурап алды. Диқандардан шагым көп түсті. Олар негізінен тұрмыстық жағдайға тіреліп жатты. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Бородин дөл сол кезде Алматыда жүрген. Каганович сөз соңында:

— Тұрмыстың сөні келіспей істің мәні болмайды. Оған жүрдім-бардым қарауга сшкімнің хақысы жоқ. Соңықтан осында айтылған бар проблеманың уактылы жәнс дұрыс шешілуін Конасев жолдасқа тапсырамын, — деді.

Айтылды — орындалуға тиіс. Ол — заң. Шыгарып салма сөз, іс аяғын құрдымға жіберу деген болмайды. Төртіп бар жерде жұмыс осылай жүрмек керек. Мен оны тапсырма деп қана қараганым жоқ, үлкен сенім деп қабылдадым. Берілген уодсін мінсіз орындау үшін облыс, аудан басшыларымын Есілге олдснеше рет барып қайтуға тұра келді. Жіптің үзіліп тұрған жерлерін қайта ширатып қайтып жүрдім.

Каганович Ақмолада төрт облыстың астық дайындау орындарының басшыларымен, теміржолшылармен кеңес өткізді. Оған көп адам қатысты. Құн тәртібінде 1956 жылғы астықты төкпей-шашпай тасымалдау мәселеі қаралды.

Кімге қалай әссер еткенін қайдам, бірақ меніңше, өте пайдалы әңгіме болды. Кеңес іскер жағдайда өтті. Ол туралы және Кагановичтің сөйлеген сөзі «Правда» газетіне ұсынылған-ды. Бірақ жарияланбады. Аң-таң қалдық. Қарағанды болат жолы мен екінші жолдың құрылыш жайымен танысқан соң, біз Қарағандыга үштық. Ол жерде Каганович көп кідірmedі. Обкомның бюро мүшелері мен Қарағанды көмір комбинатының басшыларының басын қосып, кеңес откізді. Кешкілік Алматының дәмі бүйірды. Қаламен танысты. Ауыл шаруашылығы институты мен Гылым академиясында болды. Сосын Яковлев-пен бірге Мәскеуге үшіп кетті. Ал, Кагановичтің Қазақстандағы сапары туралы Орталық баспасөз ләм-мім деп, ауыздарын ашса, бүйірмасын...

XIII

Ағылшындардың дәм-тұзы бүйірған екен. Мәскеуге келген жерде табан астынан Фурцева бастаған үкімет делегациясының құрамына енгізді. Қосіпшілер Одағының Құқілодактық Орталық Кеңесінің төрагысы Гришин, Белоруссия Министрлер Кеңесінің төрағасы Мазуров, медицина Гылым академиясының президенті Бакулев, Грузия Гылым академиясының президенті Мусхелишвили, «Известия» газетінің бас редакторы Қоржын-қосқаланың дайындалап, буынып-түйініп дайын отыр екен.

Шілденің 11-інде Англияга үшіп шықтық. Берлинде аз-кем аялдап, «ат шалдырық» та, Парижге мәндай тіредік. Бізді елші Виноградов қарсы алды. Айдай әлемге аты кеткен Луврді аралап, көркемөнер ләззатына көңіл тояттатқан қайталанбас бір құн болды. Пер-Лашез зиратына жерленген коммунарлар қабіріне ғұл шоқтарын қойдық. Келесі құні Лондонга табанымыз тиді. Жолсоқты боп қалғанымызды айтпай-ак түсінді ме, өлде ағылшындардың әдеті осы ма, бірер сағат дем алдырды да ағылшын парламентіне шақырды. Екінші құні біздің делегацияны премьер-министр Иден қабылдады. Сырбаз, сыпайы халық қой. Соган қарамастан құшақ жая қарсы алды. Екі сл арасын-

дагы парламенттік, экономикалық және мәдени байланыстарға қатысты мазмұнды өңгіме болды. Артынша сыртқы істер министрімен сұхбаттастық.

Әр кездесудің орны бөлек. Сөзден гөрі істің жайын көбірек күйттейтін елмен пікір алмасудың өзі бір ганибет. Өзінде жоқ, елінде, жерінде көрмек түгілі естіп білмесен сырларға қаныга-сын, жаңалықтарды естісін. Ағылшын сапарынан, ондағы іс-кер жандардан түйген ой осындаі. Оны көріп-бліп отырып, кезінде неге жүзеге асыруға мұрындық болмадыңыз деген сауал алдыннан шыгары анық. Орынды. Тұралаган ел революцияның от-жалынына оранып барып, жаңа арнага түскенше қанша уақыт өткені тарихтан аян. Елді үйістыру тіршілігі аз ауыртпалақ әкелген жоқ. Іле-шала аштық жайлап, індест өршіді... Қантаган «халық жауларымен» күрес басталды. Олардың асатынын асып, ататынын атқаніна, қол-аяғын кіссінде, бірін «ит жеккенге», бірін шөлді аймаққа сапрылыстырып айдағанша Отан собызы бүрк ете қалды.

Жиырма миллион азамат жер жастанды, қаламыз күйреп, ссломыз отқа оранды. Жауды жеңіп, жермен жексен болған қалаларды қалпына келтіріп, слід мекіндердің сілесін көтергенше, және бір зобалаң — «халық жауларының қалдықтарының» соңыңа шырақ алып түсу тагы басталды. Қойши, әйтеуір, қырсыққанда қымыран іридінің кері келді. Тек, заман беті беріде — алпысыншы жылдарға қарай түзелген жоқ па. Ел енді-енді тойып тамақ ішіп, үстінен бүтін киім кис бастаган-ды. Оны собыс жылдары болмаса, бұдан былайғы жерде тышқан тұмсығы қанап көрмеген мемлекетпен, отар слдерін теспей сорып келген Англиямен салыстыру немесе сондай неге жасамадыңдар дес кінөлау — үрінарга қара таптай жүрген кісінің тірлігі. Яғни аттыға еріп жаяудың таңы айырылыштының кебі бүл.

Содан кездесуден соң кездессуге барып, жүріп-тұруымыз жиілей түскен соң, екі топқа боліндік. Гришин бастаған бір тобы аса ірі онеркесіп орталығы — Уэльске, біздің топ Шотландияга аттанып, Глазго мен Эдинбургке келді. Ол жақтан қайтысымен басқа да жұмыстың бастан асып жатқанына қарамастан, ағылшындар Лондонның тарихи орындарын, оның ішінде екі гасырдан астам тарихы бар Британ музейін, он бірінші гасырдың аяқ шенінде салынған сарай-қорған, алты гасыр бойы

ағылшын корольдерінің резиденциясы, жұз жылдай сә басты түрмеге айналған, кейін музей болған Тауэрді аралатты. Кембриджді көрудің өзі бір ғанибет еді, онда ағылшынның белгілі ғалымдарымен кездесіп, И. Ньютон тұрган үйде болдық.

Англия сапары Королева Елизаветаның Букингем сарайында өткізген салтанатына қатысумен аяқталды. Королева жайған дастарханнан Англияның сорпа бетіне шыгарлары, слышілер, саясаткерлер, сондай-ақ біздің делегация мүшслері дәм татып, ығай мен сығайлардың талайымен танысадын сөті түсті. Ағылшын иғі жақсыларының ішінен аса көрнекті саяси қайраткерлер Уинстон Черчиллді көрдік. Оның егде тартып, екі аяғынан ғөрі қолындағы аса таяғына салмақ салып қалған шағы екен, мама қаздай ақырын жүріп, анық басады екен.

КСРО Жоғарғы Кенесі жүктеген шаруа тап-түйнақтай орындалды. Біз елге оралдық.

Ат баспаймын деген жерін екі рет басады деген рас екен. 1977 жылы ағылшындардың киелі табалдырығынан екінші рет аттаудың сөті түсті. Бұл жолы Ұлыбритания коммунистік партиясының 35-ші съезіне қатысуга КОКП делегациясын бастап келдім. Біздің елдің елшісі Луньков Лондонның мен көрмеген жерлерін аралатып, қаланың сыртына алып шықты.

Бұл өзі ағылшындардың тағдыры да, табигаты да бөлек халық қой. Ұлыбритания аралына құрылыштан «ауып» барған олардың ата-бабалары герман мифтері мен аңыздарын үрпақтан-үрпаққа ауызша жеткізген. Жалпы ағылшындардың ұлттық тілі 14-ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан деген пайымдаулар бар. Дүниеге «Гамлет», «Отелло», «Король Лир», «Макбет», «Ромео мен Джульєтта» сияқты пьесаларында тарихи шындықты шеберлікпен бейнелеген У. Шекспир, дүние жүзінде оқырманы көп «Робинзон Крузо» сынды романды қалдырган Д. Дсфо, талай-талай тарихи романның авторы В. Скотт, көркем өнерге құштар жандардың рухани қуатына айналған Ч. Диккенс, У. Теккереj, Б. Шоу текті қаламгері бар елдің тілі нәрлі, ойы қуатты гой қашанда. Олар елдіңabyroyын асқақтатып, атын шығарған бірде-бір перзентін назардан тыс қалдырмайды, үрпақтан-үрпаққа өнсеге етсі біледі.

У. Шекспирдің музей үйі тұрган Эйвондагы Стратфордта, Лондоннан қозықөш жердегі шағын қалада тұрып «Пигали-

ті, тікелсій Сізді, Никита Сергеевич, сендеруге рұқсат стініз. Бірақ алған қолым бергсөн дегенді де үмытпасақ еді, — дес активке қатысуышылардың аманатын мен де алға тарттым. — Қой шаруашылығын оркендетуге өзініз ықпалыңыз қажет болып отыр. Бізге Ертіс бойымсі, яки Зайсаннан Павлодарға дейін ондаган қой совхозын үйімдастыруға кеңшілік жасауды сұраймыз.

Хрушев ұсынысымды құп алды. Бірақ сиыныққа сілтсу іздейп, ылғи кейінгс қалдыра берген. Ақыры сиырқұйымшақтастып жіберді де, аяқсыз қалдырды.

Қонақ қедесіз болмайды. Никита Сергеевичтың құрметінс дастарқан жайылды. Оған бірінші хатшының шашбауын көтепін жүрген үлкен-кіші түгел қатысты. Ол кісі миллиардты жалғыз өзі жинап бара жатқандай коңлі тасып, бір серпіліп алды. Ертеңіне Хрушев мінгсөн самолетпен Журин, Тәшенов үшеуміз ілесіп, Қостанайга келіп түстік.

Бізді Мәскеуден қайтып оралған Яковлев, обкомның хатшысы Храмков және облыстық атқару комитетінің төрагасы Ботамиров қарсы алды. Хрушев сшқайдада бұрылмастан туралғын алқабына тартты. Александров, Павлов совхоздарының кісі бойындай бітік өскен егінін рақаттанып жүріп аралады. Қостанайдың ұшы-қызырыз даласын аймалай ескен ерке самал басы ауыр тартқан алтын масақты толқыта тербетеді. Шіркін, қылау жоқ-ая, қылау жоқ. Тап-таза. Соны көріп сүйсінді мес, жоқ тоқ көңіл тебірентті мес, өйтіеүір қалыңның ішіне бойлай сұғынып барып:

— Жақсылап тұрып суретке түсіріндерші, — деді ақсия құліп. — Мәскеуғе барған соң, тыңның «ата жауларының» бетінс басайын.

Фотожурналисттер Хрушевті жатып та түсірді, тұрып та түсірді. Егін алқабы бір сот фотостудияга айналғандай еді.

Ол бәріміздің қолымызды күшірлана қысып қоштасты да, поезга отырып, Мәскеуге жүріп кетті.

Үәде — құдай созі. Айтылды — орындау керек. Басқаша байлам болмауга керек. Қалайда миллиард пүт астық жинауға тиіспіз. Хрушев кеткен соң сл бір кісідій осыған жұмылды. Бұйырган ырыздықты токпей-шашпай жинауға бүкіл сл — Ксөс одагы боп атсалысты. Бар шаруасын былай жиып қойып,

ит арқасы қияннан келіп қол ұшын беру, әрине, пәлендей тиімді еді деп айта алмаймын. Бірақ басқаша істенү мүмкін емес, Наннан асқан қасиеттің, Наннан артық асылың бар ма! Онсыз өмірдің мәні де, соні де жоқ. Сондықтан жиын-теріннен студент те, жұмыскер де, зиялғы жұрт та шет қалған жоқ. Осылай стті деп, айыптаушылар да табылды. Сандырақ соз ол. Барыңды үқсата алмасаң, жоқ шіркін жеткізбес жұт. Бермесінді тартып алам деп шіренбейнк, құдай беріп тұрган нәсіптен айырылып қалмаудың амалын тап. Истің мәнісі осында, соны үгынбаган базбірсулер тойып отырып аузына келгенде айтады, сол шіркінді қарны шүршылдаң, көзі қараутып отырганда сөйлестер ме еді...

Егін орагы кезінде әрбір құн, әрбір сагат емес, әрбір минөт қымбат. Оны тиімді пайдаланбасаң, онбай, ұтыласың. Мұны елемесу, мұны ескермеу — шаш етектен шығынга ұрыну деген сөз. Бүкіл халық боп қолғабыс жасауга үмтүлатыны да сондықтан. Сол жылғы миллиардты жинауга Ресей, Украина, Татарстан, Башқұрstan, Грузия, Балтық жагалауындағы республикалардан адамдар шақырылды. Тіпті бауырлас социалистік слдер ықылас білдірді. Көршілес облыстардан 13 мың механизатор оз комбайндарымен келіп, күндіз-түні бірдей жұмыс істеді. Астық тасуға 90 мың жұқ машинасы қатысты, оның 60 мыңы одактас республикалардан еді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің хатшылары Николай Иванович Журин, Фазыл Көрілжанов, Ыбырайым Тәжиев, Құрманғали Оспанов, Қазақ КСР Жогарғы Кеңесі Президиумының торагасы Жұмабек Тәшенов, республика Министрлер Кеңесі торагасының орынбасарлары Мәсімхан Бейсебасов, Иван Гаврилович Слажнев, министрлер Григорий Андресевич Мельник пен Михаил Георгиевич Рогинец миллиард тағдары шешіліп жатқан, яки сін бір күйіп тұрган жерлерде болып, диқандармен бітс қайнасып жүрді.

Осылардың бөрі тағдырлас, табигаты жақын, өмірдің ыстық-суығын тен, котерісіп, жақсылығы мен жамандығына ортақ болған жолдастар еді. Жазмыштан озмыш бар ма, біразы дүни-еден қайтты. Тірісіне аман-саулық білдіру, әруақтарға салауат айту парыз гой. Жылы сөз жан семіртеді. Көргенімді, көңілге түйгенімді айта кетсейін. Кейінгі үрпақ зер сала жүрер.

Журин Николай Иванович — Қазақстанның байыргы партия

қызметкөрі. Орынборда туып, күллі гұмырын қазақ арасында откізген кісі. 1971 жылы зейнеткерлікке шыққан соң Мәскеуге көшті. Оған дейін жауапты қызметтерде болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшылығына сайланғанда дейін Қостанай обlastық партия комитетінің, Белагаш /кейін Бородулиха/ ауданының бірінші хатшысы, кейін Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары мен өлкелерінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Николай Иванович республикамыздың тың жөнсө тыңайған жерлерін игеруге көп күш жұмсап, өзінің үйымдастыруышылық қабілетін шындаій білген азамат.

Кәріпжанов Фазыл — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы, мамандығы — агроном.

Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы, сосын Қараганды обкомының скінші хатшысы, Орталық Комитеттің ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі болып істеді. Аз гана уақыт ауыл шаруашылығы министрі болды. Кейін Орталық Комитеттің хатшылығына, скінші хатшылығына сайланды. 1960 жылы тамызда Республика Жогарғы Кенесі Президиумының төрағасы қызметіндес жүрген кезінде дүниес салды. Алматыдағы 28 гвардияшы панфиловшылар атындағы демалыс паркіне жерленді. Тың көтеру ісіне белсенді үйымдастыруышылардың бірі.

Тәжиеев Ыбрайымды мен Балқаштан білемін. Ленинград политехникалық институтының жаңындағы жұмысшы факультетін бітірген соң қатардагы инженер, сосын Алматы орталық жылу электр станциясының құрылышын басқарды. Соғыстың алдында Қазақ КСР үй-жай шаруашылығы Халық комиссариатының оуслі орынбасары, сосын халық комиссары қызметінен Қазақ КСР Халық комиссарлары Кенесі төрағасының орынбасарлығына жоғарылатылды. Бұл қызметті ол республика мемлекеттік жоспарау комиссиясының төрагалығымен қоса атқарды. Кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы кезінде Беляевпен шығыса алмай Қазақстанның Мәскеудегі тұрақты өкілі қызметіне ауыстырылды.

Қалай десек те Ыбекен кейінгі үрпаққа үлгі болғандай гұмыр кешті. Байдың жалшылығынан қогамдық өмірдің талай

белестерінен өтті. Техникағының кандидаты, Қазақ КСР-ы мен КСРО Жоғарғы Қенесінің депутаты болып сайланды. Ауыр науқастан 1960 жылы қыркүйек айында дүниe салды. Мәскеудегі Новодевичье зиратына жерленді. Жайдары, жайсан ғұртіт еді. Қазақстанның өндіріс қуатының артуына көп еңбек сінірген, өз ісін жетік білетін, үйымдастыруышылық қабілеті мол азамат тұғын.

Партия өзінің ардагерлерінің бірі — Г. А. Мельникті құрметтей де, бағалай да білетін. Мен оны Орталық Комитеттің ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі кезінен — 1942 жылдан бері білетін едім. Ұзақ жылдар бойы республика Ауыл шаруашылығы министрі, сосын Министрлер Қенесінде менің бірінші орынбасарым болды. Бірқатар облыстардың партия үйымдарын басқарып, Орталық Комитеттің хатшылығына сайланған тұста да ауыл шаруашылығы өндірісін өркендешту ісіне айрықша үлес қости.

Иван Гаврилович Слажнев қаршадайынан өмір тауқыметтін көріп есken жөне бүкіл гұмырын партия жөне қенес қызметтіне бағыштаған кісі. Соғыс жылдарында Солтүстік Қазақстан облысында Майбалық, Суворов МТС-терінде директор, аудандық партия комитетінде хатшы, Қостанай облыстық атқару комитетті төрагасының орынбасары, сосын төрагасы, тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде республика Министрлер Қенесі төрагасының орынбасары, Дайындау министрі, Павлодар облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы — ол осындағы алуан салалы қызметте жүріп, Қазақстан экономикасының өркендеуіне елеулі еңбек сінірді.

Осында жылы лебізді қатарынан бірнеше жыл республика Ауыл шаруашылығы министрі қызметтін атқарған Г. Моториканың, Астық өнімдері министрі болған М. Дайыровтың атына да айттар едім.

Мен үшін бір жеңін қол, бір жағадан бас шыгарып, қажет кезінде істің мұддесі үшін өткір сындарга дейін барған, бірақ бір-біріміздің қадірімізге жетіп, қасиеттерімізге дақ түсірмей сыйласқан кешегі қызметтес жолдастарды еске түсіруден артық ганибет не бар. Оңаша қалған тұстарда ойга оралатын олардың қайрат-жігерін, көшіл мінездерін іскерліктері мен мақсаткерлігін түгел тізіп шығу мүмкін емес. Шындал келгенде, шығыс

оішылдарының бірі айтқандай, әрбір адам жазылмаған бір кітап қой. Сондықтан, өмір болса, олар жайлы айтарым алда деп білемін. Бұл соның алгашқы жолдары ғана. Қелпалсыну емес, осылардың қай-қайсысы да дара тұлғалар. Халық үшін деп, ұрандап жүргендердің көбісінен бұлардың артықшылығы — нақтылы ісімен үлес қоса білгендігінде. Іс мұддесі үшін, күй талғамай, қындыққа мойымай, уәж айтып, уақыт оздырмай күн жүріп, тұн қатып қызмет атқарды. Абырой жинайын, атақ алайын деп арқа еті — арша, борбай еті — борша болған жоқ, елімнің тамагы тоқ, көйлегі көк болсын, іргесі сөгілмей, бауыры бүтін болсын деді. Сол үшін де мен оларды алғыс сезіммен еске аламын.

... 1956 жылы астық жинау барысын радио мен мерзімді баспасөз көсіле жазып, кеңінен көрсетті. Мемлекетке тапсырылған алтын дән туралы «Правда» газеті бес күн сайын ақпар беріп тұрды. Қолда барды төкпей-шашпай жинап алу үшін не қажет, соның бөріне КСРО Министрлер Кеңесі айрықша мән беріп, шұғыл шешіп отырды. Бірдс Первуҳинге телефон соғып, жиын-терін барысын баяндадым.

— Қалай уәде берсек, мемлекетке астық тапсыру міндетін солай орындаладык.

Ол сезімді боліп:

— Тамаша срлік бұл. Диқандарга шын алғыс сезімімді жеткізіңіз!

— Михаил Георгиевич, құрғақ қасық ауыз жыртар дегендей, қазақстандықтар жоспардан тыс тағы да 400 миллион пүт астық бергелі жатқанда, жай алғыспен құтыла салмақсыз ба?

Министрлер Кеңесі төрагасының бірінші орынбасары екі сезге келмestен жайылып түсті.

— Қалауыңыз болсын, айтыңыз!

— Шаруашылық басшыларын былай қойғанда, аудандық атқару комитеттердің төрагалары тапса трактор мініп жүр, жогы жаяу-жалпылап, өлмestің күнін кешіп жүр. Женіл машинаға зоруміз. Соған қол үшін беріңіз.

— Канша керек? — деді жұлып алғандай.

— 250!

— Жақсы, қолымнан келгенді аянбаймын! — деп уәде берді.

Жеңіл машинаның қат екені белгілі. Оңайлықпен шешіле коймас, шешілсес де бүгін-сертен берсе салмас деп отырганда, он бес минуттай уақыт өтті ме, жоқ па, Первухин қайта қонырау шалды.

— Министрлер Қенесі тікелей аудандық атқару комитеттері үшін 214 жеңіл машина бөлді. Сүйіншілізге бергенім осы болсын, аз деп сөкпеніз, — деді.

Мәссле осылай жедел шешіліп жататын.

Совхоздар мен колхоздар сөзінде тұрды. Жоспар бойынша берілетін 600 миллион пүт орнына Отан қамбасына 1 миллиард пүт астық құйды. Республика Ленин орденімен наградталды. 130 адамға Социалистік Еңбек Ері атагы берілді. Қырықтан астам партия, қенес, комсомол қызметкерлері КСРО ордендері мен медальдарын алды.

Науқан ойдағыдай аяқталды. Бірақ дүбірге толы дала өмірі жалғасып жатты. Мен демалыс алып, Зуһра Шәріпқызы екеуміз Чехословакияга келдік. Прагада біздің елшіліктің адамдары мен чех достар құшақ жая қарсы алды. Аэропорттан тұра «Конев үйіне» тарттық. Саялы бақ ішіндегі қуыршактай өдемі жер үйді кезінде маршал Коневтің армиясы Чехословакияны неміс басқыншыларынан азат сткені үшін оған сыйға тартқан екен. Сол үйге тоқтап, аз-кем аялдаган соң, Карлово Варыға келіп, сән тәуір деген «Ричмонд» санаторийіне орналастық. Арқа-басты қенге салып, сиді ғана емін-еркін дем алғалы жатқан тұста Венгрия оқиғасы басталды. Мадияр слі қанга бөгіп жатқанда мазасызданбасқа, ойың онсаққа кетпей жаңың қалай жай тапсын... Ол кезде біздің сл бүйректен сирақ шыгарып, өлсізге тіс батырып, әділетсіздік таныта қояр деген ой үш үйықтасақ түсіңе кіре қоймайтын. Олай ойлаудың озі опасызыдышқа еді гой. Әділетті шешім жасап жатыр дедік, сойтіп жабулы қазан жабулы қүйінде қалды...

Чехословакиядан оралысымен тойға дайындалдық. КСРО Жогарғы Қенесі Президиумының торагасы келіп, республикага орден тапсырмак. Үш бірдей орыс революциясына қатысқан, скі мортес Қенес Одагының Батыры, Социалистік Еңбек Ері, маршал, қысқасы, атагы жер жарған К. Е. Ворошилов — шақырсан келмейтін қадірлі қонақ. Оған слдің ықыласы бөлек. Сондықтан ши шықпайтындағы өзірлік жұмысын жүргіздік.

Ол кісі 1957 жылдың қаңтар айының 13-ші жүлдэзында Алматыға келіп түсті. Келесі күні Орталық Комитет, Қазақ КСР Жоғарғы Қенесі және Министрлер Қеңесінің бірлескен мәжілісінде Қазақстан туына еліміздің ең жоғары наградасы — Ленин орденін қадады. Осыған орай Абай атындағы опера және балет театрының алдындағы аланда митинг өткізілді. Климент Ефремович алаңга жиналған мындаған алматылықтарға, республикамыздың түкпір-түкпірінен тойға келген сәбек озаттарын, партия, қенес, кәсіподақ және комсомол қызметкерлеріне құтты болсын айтып, зор табыс тіледі. Мен жауап сөз сөйлемдім. Ертеңінде республикамыздың бір төп сәбеккерлеріне ордендер мен медальдар, ал Яковлевке, Журинге, Тәшеновке және маған Ленин орденін тапсырды.

Дәл осы күні Н. С. Хрущев республикага орден тапсыргалы Фрунзеге /қазіргі Бішкек қаласы/ ұшып келген еді. Яковлев екіншінде бір туган қыргыз агайындардың қуанышына ортақтасқалы осында аттандық, Келе Никита Сергеевичке жолығып, республиканың жай-жапсарын баяндап бердік.

Қыргыз агайындардың даярлығы кісі таңғалғандай скен. Мырзалығымен қатар ақ пейілдерін алдымызға жайып салды. Салтанатты мәжілісті Раззақов ашып, Хрущев Ленин орденін тапсырды. Қыргыз сәбекшілерін қазақ халқының атынан құттықтау жолын мен жасадым.

Ақпан айының алғашқы күндерінің біріндес одактас республикалардың құқын көңейтүге байланысты мәселелеге орай мен Мәскеуде жүргенмін. Молотов шақырады деген хабар алдым. Республика астық дайындау жоспарына Қазақстан Тұтынушылар Одагының 1956 жылы сатып алған 3 миллион пүтті не үшін қости дегенді анақтамақ скен. Министрлер Қенесі осы мәселе бойынша Орталық Тұтынушылар Одагының отінішін қарауды Мемлекеттік бақылау комиссиясына тапсырган екен. Қазақстанның Мәскеудегі тұрақты өкілі Шәріпов екінші Молотовтың қабылдауына келдік. Дәлдікке үйренгені сонша, Вячеслав Михайлович не бір минутқа ерте, не бір минутқа кешікпей, айтқан уақытында кабинестінен шығып, бізбен келіп амандасты.

— Ішке кіріңіздер, Орталық Тұтынушылар Одагының отінішін қараймыз, — деді.

Артық сөзі жок. Мұқият тыңдал, қысқа түжырымдар жасап отырды. Үстамды. Сыртқозгестек парлауориес мес, қалай. Тура қарап, көзіңсін көзін алмайды. Соган қарамастан көзқарасында кісіні сыртқа теппей, баурап аларлықтай жылыштық бар.

Наразылық дау-дамайсыз шешіліп, ортақ байлада жасадық. Әңгіме бір жақты болған соң Вячеслав Михайлович:

— Елдің жағдайы қалай? — деп, созге тартты. Мен республикада жасалып жатқан иғі істер туралы, толғагы жеткен кейбір күрделі мәселелер төңірегіндегі іркілмей айтып бердім.

Ол бізді қабылдау бөлмесіне дейін шыгарып салып барып, жылды шыраймен қоштасты. Аса ірі саяси қайраткер Скрябинмен алғаш осылай жүздесіп, жақын танаасып едім.

1956 жылды темір жолдан шалгай жерде уақытша үйымдастырылған элеваторларға астық әжептөүір жиналған-ды. Оны тасымалдаутым ұзаққа созылып кетті де, мәселе КСРО Министрлер Кеңесіне дейін жетті. Оны Президиумда қарауга дейін барды. Мәжілісті Министрлер Кеңесінің төрагасы Н. А. Булғаниннің озі басқарды.

Николай Александровичті менің екініші рет коруім. Біріншісін жогарыда айттым. Ол кездегі Булғанин мен бұз жолғы Булғанинді салыстыруға болмайтын еді. Шыны керек, танымай қалдым. Семіздікті қой котереді деген рас екен. Жуастан жуан шықса, жалына қол салдырмай ма, қалай. Халық Комиссарлар Кеңесі төрагасының орынбасары, КСРО Қорғаныс Министрі қызыметі, сірә, озгертіп жіберсесс керек. Тым асқақ үстайды озін, сойлеп тұрган кісіні қақпайлап, қайта-қайта созін боледі, жи даудың котеріп, откемдік көрсетеді. Караганда оңменіңен отердей шақыраяды, сонысы есте қалыпты.

Астықты дер кезінде тасып алмайық дедік пе, жомарттың қолын жоқшылық байлайтын әдетті гой. Қолдың қысқалығынан, сиң бастысы, тасымал колігінің тапшылығынан «таяқ жеп» отырганымыз. Онымен санаасып жатқан Булғанин жок.

Ресейдің бірқатар облыстарының басшыларын, сондай-ақ мені жерден алып, жерге салмасы бар ма, тіпті.

— Егер астық тасуды сиді кешсүйлдетіп, бүлдіріп алсаңыз жақсылық күтпеніз. Біз бар наградаңызды сыпырып алып, жұмыстан босатамыз, — деп айбар да көрсөтті.

Мойнызыга су құйылып, үнжыргамыз түсіп кетсе керек, Микоян қасымызыга келіп, жайдары мінезден:

— Ордендеріңізге ешкім тиіспейді, қызметтеріңізден де алмайды, бірақ астықты тездестіп тасып алу керек, — деді.

Арқамыздан ауыр жүк түскендей сезіндік пе, әлем-жолем конілден айығып, жымия езу тартыстық. Әсте кісі қоңліне жылы сөзден артық см бар ма, шіркін. Анастас Иванович өзінің бір ауыз созімен аяқ астында арқаландырып жіберді. Сосын, біздің қындықтарымызды жақсы түсінетін ол. Со жолы астықты жеделдейтіп тасып алып, конілді бір демdedік.

XIV

1957 жылы сөуірде Орталық Комитеттің ақпан пленумының шешімін басшылыққа ала отырып, Қазақстанда сегіз террориялық өнсөркесіп жөне құрылыш басқармасы үйымдастырылды. Оған республика Халық шаруашылығы кеңесі басшылық етті. Атап айтқанда, олар Шығыс Қазақстан, Семей, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қараганды, Костанай және Солтүстік Қазақстан.

Халық шаруашылығы кеңестерін үйымдастыруды қысқа мерзім ішінде аяқтадық. Олардың жұмысымен танысу үшін Қарагандыга келіп, Халық шаруашылығы кеңессінің төрағасы Оникпен бірге істеп тұрған жөне салынып жатқан шахталардагы, бассейннің байыту фабрикаларындағы көмір өндірудің барысын бұгс-шігесінс дейін елекten өткіздік. Саран, Шахты, Абай қалаларындағы көсіпорындарда болып, коп жайды көзбен коріп қайттық. Атамыш қалалар кейін облыс қарамағына берілді.

Біз Қараганды металургиялық комбинаты мен Атасу кеніштерінің құрылышшыларына срекше кеңіл болдік. Металлургия алыбы Ұлы Отан соғысы жылдарында салынып, 1944 жылы бірінші мартен пешінен тұңғыш өнім алынған-ды. 1956-58 жылдары өрқайсысының жылдық қуаты 35 мың тоннадан 60 мың тоннага дейін артқан үш бірдей пеші қайта құрылды. Біз соның алғашқы күнінен басында болдық. Ал, Атасу — темір мен марганецке, полиметалл мен сирек металлга бай кен орны. Ол Қараганды металургия жөнс Ермак ферросплав заводтарын шикізатпен қамтамасыз еттін кеніштердің қайнар козі. Оны назардан тыс қалдыру ірі өндіріс орындарының тынысын

тарылтқандай сезінгенбіз. Содан Жезқазғандагы бірқатар жаңа шахталардың, байыту фабрикасының қалай салынып жатқаның барлап қана қоймай, тікелей комек көрсөтіп, Никольскіде жүзу бассейнінің құрылышын бастап бердік.

Мен үшін Балқашқа келіп-қайту, қайталап айтайын, зор қуаныш. Онда менің еңбек жолым басталды, инженер ретінде қалыптасып, үлкен омір мектебінен оттім. Порфирлі кеннің жаңа қорын табуга байланысты Коныраттагы кеніштер қайта құрылыш жатқан-ды. Заводта балқыту цехы, сондай-ақ түсті прокат пен вайирабас шыгаратын цехтың құрылышы қолга алынған-ды. Бұдан басқа да көптеген көсіпорындарды аралаңық. Қажетті жерінде ақыл-кенесімізді айттық, білікті мамандармен кең отырып, келелі мөсслелер тоңіргіндегі ақылдастық.

Өндіріс оміріне терендең бару қыын, ал оның үңгыл-шұңғылын обден түсініп алған соң, оқыган сайын құмарың артатын қызық кітаптай өзіне тарта береді, тарта береді. Біз осы жолы сегіз бірдей халық шаруашылығы кенесінен талай жұмбақтың жауабын тауып қайттық. Жоқ жерден кессе көлденендей шыққан қыындықтармен бетпесбет келдік. Өмірдің өзі мойындағандай, 1957 жылғы реформа шала туган баладай еді. Жерінә жеткізіп ойластырылмай, сиң бастысы, барымыз бен жогымыз таразыланбай, асығыс қолга алынған «шешім». Ақыр аяғы келіп бірімен бірі қан тамырдай байланысып жатқан өндіріс орындарының ара жігі ашылып, біртұтас техникалық желі үзілді. Өнеркөсіп салалары оз бетімен «отаутігіп», тұтін түтстіп кетті. Волюнтаристік әдіспен жүргізілген реформаның түйікқа тірслуі және мынадан анық көрінді. Жергілікті жерлерде өнеркөсіп пен құрылышқа басшылық жасау, үйлестіру қалай қынғы түссе, орталықта да сондай ауыртпалықты бастан кешіп жатты. Хрушевтің партияны өнеркөсіптік және селолық етіп екіге болуі, яки партия органдарын қайта құру өрексті қалай ақтасаң да ақылға сыймайтын, былық пен шылықтан басқа пайда бермеген бір гөп болды. Шаш етектен шығынга баттық. Халық қанша әуре-сарсанға түсті. Ертелі-кеш сабылып, не істерін білмей сенделумен жүрестін. Көші-қоңнан қолдары тимейтін. Ертең күнгірт істің ақыры қашанда осылай аяқталатын әдеті. Ең оқініштісі сол, жан баласы — не озық ойлы оқымысты, не өмір тәжірибесі мол партия қызметкөрі орнынан тұрып: «апыр-ай,

осымыз қалай болар екен?» деп күдік білдіруге жарамады, Орталық Комитеттің Пленумында Никита Сергеевичтің аузын багып, не айтса соган мақұл деп, қол көтеріп қана отырды. Бұл күнөдан, орине, мен озімді арашалап ала алмаймын. Білек сыбанып, тәусекелге бара алмаганымды мойындаудан басқа не шара. Арага жеті жыл салып барып, 1964 жылы астан-кестені шыққан тірлік қайта қалпына келтіріле бастады. КОКП Орталық Комитеті бірқатар батыл шешімдерге барды. Партия үйымдарының бірлігін сақтап, халық шаруашылығын сала бойынша басқару жүйесін қолга алды.

1957 жылы шілдеде әйеліміз ексуміз Қырымда демалыста жүргенбіз. Құтпеген жерден Мәскеуден телефон согылды. КОКП Орталық Комитетінің Пленумы отпек екен. Қырым облыстық партия комитетінің хатшысына хабарласып едім: «Өрт сөндіре-тіндей асықтыргандарына қараганда, шұғыл ұшып барғанымыз жон шыгар», — деді.

Біз мінген самолет суыт-хабар алған соң, скі сағаттан кейін Симферополь аэропортын артқа тастанап, заңгар көкке көтеріліп бара жатты.

Пленум сенбі күні басталып, түп-тура келесі сенбіде аяқталды.

Осылай деп дәл кесіп айта алмаймын, бірақ 1957 жылғы маусымда Молотов пен Маленков /кейін топқа «қосылгандар»/ Орталық Комитет Президиумының алдына Хрущевті орнынан алу мәсслесін қоюна оның XX съезде жасаған баяндамасы себеп болды ма деп ойлаймын. Никита Сергеевичтің тагдыры қыл үстінде түрганда Орталық Комитеттің Президиум мүшелері принципті позиция ұстанып, Пленум шақыруды талап етеді. Әйтпеген жагдайда, қандай аумалы-токпелі заманды бастан кешіреріміз белгісіз еді. Орталық Комитет Пленумының қаулысы мен Пленум жұмысы туралы қысқа ақпарат хабар сол жылғы 4-шілдеде баспасөзде жарияланды. Онда Маленковтың, Кагановичтің, Молотовтың жөнс оларға қосылған Шепиловтың антипартиялық тобының КОКП Орталық Комитетінің және Президиум мүшелігінен шыгарылғаны айтылған. Ал, бұл топқа Ворошилов пен Булганиннің қатысы болғаны туралы ләм деп, ауыз ашпады. Олар ештең болмагандай, бұрынғыша қызметтерін жалгастыра берді.

Әрине, тере берсе, үсак-түйек өңгімс аз емес. Соның ішінде мына бір жәй еріксіз еске оралады. Пленум жұмысы басталған бетте-ақ Н. Хрущев пен В. Молотов тістесіп қала берген. Никита Сергеевич: «Пленум жексенбі күні үзіліс жариялайды» деп хабарлаган кезде, Вячеслав Михайлович тарпа бас салып: «Пленум өз жұмысын жексенбіде де жалғастырады» деді. Дауды шешудің жалғыз жолы — дауысқа салу. Пленум мүшелерінің дені Хрущевтің ұсынысын қолдап, жексенбі күні мәжілісті тоқтата тұруға шешім қабылдады. Осының өзінен-ақ пленумга қатысуышылардың ыңгайын байқау қын смес еді. Антипартиялық топтың одан кейінгі немен тынганы слғс дс, сл көшін бастаган партияға да аян.

Сонда болса осы топқа қатысқандардың бірі — Г. Маленковтың кейінгі тағдыры туралы айта кетсейін. Қанша дегенмен, аттан түссе де азаматтығынан айырылмаган және социалистік құрылыш жолындағы ұлы идеяларға адалдығын сөзімен дс, ісімен де дәлелдеген-ді. Ол Пленумнан соң іле-шала КСРО Министрлер Кенесі төрағасының орынбасарлығынан — КСРО Энергетика министрі қызметінен алынып, Өскемен гидроэлектростанциясына директор етіп жіберді. Іскер адам қай жерде де неге қабілетті екенін көрсете ді гой. Мұнда келісімен бар тізгінді қолға алып, үршықша үйірді. Аз гана уақыт ішінде жұмысты жолға қойып үлгерді, станция жоспарын орындалп отырды. Қарамагындағы жұмысшылардың уақтылы талап-тілектеріне назар аударып, көпшілік құрметіне болсне бастады. Хрущевке бұл басқа қырынан жетеді. Несін айтасың, Маленков жұмысшылардың бетін өзіне қарату үшін олардың үйлериң қонаққа барып, той-томалақта бірге гүletіп, мол гып тойхана береді екен дегенді сстиді. Оны бұлай есіркейін деп, басқа жерге — Екібастұз жылу электр станциясына ауыстыртып жібереді. Ол онда директор боп жүргенде бақылау көбеймелес, азаймаганды.

Тіршілік бір қалыптан шыққандай ауанмен отіп жатса, оның қызығы да, мәні де болар ма. Маленков бос уақытында серуенде жүрін, партиялық билстін жогалтып алады. Оны мектеп оқушылары тауып алып, жергілікті милицияға апарып береді. Милиция пықсып жатқан шалага май құйып жібереді. Алды-артына қарамай қалалық партия комитетінен бір-ақ

шыгады. Әзіл суреткес үйірсек қыл қалам шеберлері жиі қолданатын бір сөз бар гой. Солар жазғандай, аргы жағы айтпаса да түсінікті. КОКП Жарғысы бойынша партиялық билетін жогалтқан кісіге ауыр жаза — КОКП қатарынан шыгарғанға дейінгі шара қолданылады. Жығылганга жұдырық дегендей, дәл осы кезде қалалық партия комитетіне тагы бір жағымсыз хабар түседі. Әлдебір өүесқой фотосуретші Маленковтың немересімен суретке түсіріп, оны көп данамен шыгарып, елгс сатыпты-мыс.

Міне, осының бөрі оған таяқ бол тиеді. Қатаң партиялық жаза беріледі. КОКП XXII съезіндегі Белоруссия Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Мазуров неге екенін кім білген, әйтеуір Маленковты бетің бар — жүзің бар демей, откір сынға алды. Сол сол-ақ екен, Екібастұз жылу электр станциясының бастауыш партия үйімі ақ-карасын ажыратып жатпастан тиісті қаулы алды. Фактіге жүгінелік. Сонымен, партия жиналышының мәжілісхатына зер салайық.

«Күн тәртібі:

КОКП мүшесі Г. М. Маленковтың дербесс ісі (Екібастұз жылу электр станциясының бастауыш партия үйімінің хатшысы К. Т. Чусоватин жолдас баяндайды).

— Съезд делегаты, Белоруссия Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Мазуров жолдас революциялық заңдылықтың бұзылуы мен билікті теріс пайдалану сырын аша келіп, Маленковтың тарапынан 1935—1936 жылдар тұсында жасалған зорлық-зомбылық деректерін келтірді. Партиялық құжаттарды айырбастау кезінде Маленков Бериямен бірге Белоруссияда өріс алған антипартиялық астырытын үйімінің барлығы туралы және оны республиканың партия және кеңес басшылары басқарады-мыс деген лақап таратады. Осы лақап негізінде Белоруссия Компартиясының күллі құрамының жартысы партиядан шыгарылды, коптеген партия және кеңес органдарының басшылары, шығармашылық интеллигенцияның екілдері тұтқындалып өлтірілді. Мазуров жолдасбылай деп мәлімдеді: Белоруссия коммунистері Маленковтың бұдан былайғы жерде партияда болуын лайықсыз деп есептейді...»

Жиналыш мынадай қаулы қабылдайды: «1. КОКП Орталық Комитетінде қызмет істеген тұста жасаган антипартиялығы, қиянаты, заңсыздығы мен фракциялық орекесті үшін

Г. М. Маленков жолдас КОКП қатарынан шығарылсын (бір ауыздан дауыс берді). 2. Г. М. Маленковты Екібастұз жылу электр станциясының директоры етіп қалдыру орынды деп есептелсін (8 адам жақтап, 7 адам қарсы дауыс берді)».

Осы жиналыштан соң көп ұзамай-ақ облыстық партия комитеті бюросының мәжілісі өтеді.

«Қазақстан Компартиясы Павлодар облыстық партия комитеті бюросының 1962 жылғы 19 сәуірдегі қаулысы.

Облыстық партия комитетінің 1962 жылғы 15 наурыздагы «Қазақстан КП Екібастұз қалалық партия комитетінің Г. М. Маленковты КОКП қатарынан шығару жөніндегі қаулысын қарап тексерген» қаулысы мынадай тармақпен толықтырылсын:

Тың өлкелік партия комитетінен, Қазақстан КП Орталық Комитетінен Г. М. Маленковты Социалистік Еңбек Ері атағынан, бүрын наградталған барлық ордендері мен медальдарынан айыру туралы КОКП Орталық Комитетіне және КСРО Жоғарғы Советінс үсіниспен кіру сұралсын.

Қазақстан КП облыстық партия комитетінің хатшысы И. Слажнев».

Г. Маленковтың Қазақстандагы мансап жолы, міне, осылай аяқталған еді. Бірде ол маган телефон соғып:

— Мені текке шырылдатып, әділетсіздіктің құрбаны етіп отыр, — деп мұнын шақты. Мұндайда не амал істегендейсің. Іштен тынганнан басқа еш қайран жоқ. Бұл арада ойын ережесін түсіне қою қын. Мәскеу өзі билеп-тостеді. Маленковты бізге қызметке жіберген де өзі, қайта шақыртып алған да өзі. Басқа-басқа, не Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетін, не үкіметін бар-ау, деген жоқ. Санаспақ түгілі, бір ауыз айтса, қане... Ол кезде бұл үйренишікті іске айналған.

XV

Қазан айының 1-і күні Қазақстан ауыл шаруашылығы Фылым академиясы ашылды. Бірақ гүмыры ұзақ болмады. КСРО үкіметінің шешімімен, аныгырақ айтқанда, Хрущевтің өзі жаптырып тасталды. Тек 1976 жылы ғана КОКП Орталық Коми-

теті мен КСРО Министрлер Қеңесінің «Ауыл шаруашылық гылымының тиімділігін одан әрі арттыру жәns оның өндіріспен байланысын нығайту шарапалары туралы» қаулысы қабылданғаннан кейін барып республикада ВАСХНИЛ-дің аймақтық Шығыс бөлімшесі шаңырақ көтерді. Оны 1979 жылдан ВАСХНИЛ-дің академигі К. Медеубеков басқарды.

Аграр-ғалымдардың осы жылдар ішінде республика ауыл шаруашылығын өркендестуде бірқатар гылыми проблемаларды ойдағыдай шешкенін атап айтқан жөн. Соның бірі — аңызды сақтай отырып, қыршуышты соқа мен топырақты баптау, яғни егіншіліктің топырақ қорғау жүйесін ауыл шаруашылығы өндірісінде кеңінен енгізуде Шортанды тәжірибе станциясының ғалымдары зор еңбек сінірді. Оны жасаган ғалымдар Лениндік сыйлықтың лауреаттары атанды. Сондай-ақ, өндіріске агротехникалық әдістерді снгізу бидайдан, жүгеріден, қант қызылшасынан және жемдік дақылдардан тұрақты өнім аудың негізгі көзіне айналды.

Қой шаруашылығын дамытуда асыл тұқымды қолтума мал санын көбейтуде, әсіресс, қазақтың биязы жұнді арқар мериносын шыгаруда ғалымдардың үлесі ерекше. 1976 жылы жылқының жаңа тұқымы — көшім жылқысы пайда болды. Оның орташа салмағы 480—495 килограмға жететін. Ал, қазақтың ақбас сиырьнан алынатын ет республикаға қыруар пайда әкелді. Сонымен бірге сүтті мол беретін жаңа тұқым — әулиеата сиыры ел арасына әрі тез, әрі кең тарады. Биязы жұнді қой В. А. Бальмонттың басшылығымен кейін Бесқарағай және Сұлукөл қойы деп екі типке бөлінген қазақтың солтүстік мериносы есімдері елімізге танымал ғалымдар К. Ү. Медеубеков, Ә. Е. Елеманов, М. Ә. Ермековтың тікелей қатысуымен дүниеге келді.

Республикада мұйізді қара мен қойдың шетелдік тұқымдарын өсіру жолға қойылды. Америка Құрама Штаттарынан сант-гертруд, Англиядан ғалловей деп аталатын етті сиырлар тұқымы әкелінді. Қазір ұлан-байтақ қазақ даласының шаруашылықтарынан ондаған мың «шет елдік» табынды көрер едіңіз. Олар ет ресурстарын толықтыра тұсуге мол мүмкіндік ашып отыр.

Мына бір оқиға жадымда қалыпты. 1957 жылы қараша айында Брежневтің қабылдауында болып, біраз отырып пікір алмастық. Әңгіме аягына таман:

— Кремльде қабылдау отпек, соган қатысуга қалайсың? — деп сұрады.

Менің ан-таң қалпымды аңгарды білем, мән-жайды түсін-діре бастады.

— Мәскеу кеңесіне қатысушы коммунистік және жұмысшы партияларының өкілдерінс Орталық Комитет түскі қонақасы бермек. Оған, өзің білесін, барлық слердің иғі жақсылары түгел қатысады. Ішінде бол.

— Шақырганга бармасаң, шақырганга зар боларсың деген. Баралық, — дедім.

Айтқан уақытта Зуһра ексуміз Кремльдің Владимиров залына келдік. Ығы-жығы. Мұнтаздай киініп, маңгаз жүрген кіслер. Сыпайылық сақтап, үнсіз бас изессіп қана отеді. Таныстан гөрі, бейтаныс жандар басымдау. Шақырылган қонақтар түгел жиналды-аудегендегенде, ішке Н.С. Хрущев пен Мао-Цзе-дун кірді. Олар табалдырықтан аттар-аттамастан орыстың ортагасырлық сөүлет өнерінің гажайып үлгісі Грановитая палатаның есігі айқара ашила берді. Ақ жамылган столдар қайысып-ак түр екен. Төрге Хрущев пен Мао-Цзе-дуннен басқа КОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшелері түгел жайгасты. Брежневтің зайыбы мен Зуһра үшеуміз Энвар Кожа мен Мехмет Шехтің қасынан орын алдық. Албания басшыларымен алғаш рет осылай таныстым.

Хрущев қонақтарға жылы лебіз білдірді де, жауап сөзді Мао-Цзе-дун сөйледі. Ел — скі ел басшыларының сөздерін ықылас қоя тыңдалап, жылы шырай танытып отырды. Әрине, әңгімс ішкен-жегендеге емсс, бұрын сыртынан гана естін-білген кісінмен жүздесіп, танысу, сұхбат құрып, сыр бөлісудің өзі бір ганибст қой. Қонақасыға келген 66 слдің коммунистік және жұмысшы партияларының бас хатшыларымен, төрагаларымен түгел болмаса да, біразымен танысудың сөті түсті. Ойда жоқ жерде осылай олжалы болды.

Мәскеуде көп кідірмей, Алматыға қайттым. КОКП Орталық Комитетінің кезекті пленумына дайындалып, астанага

қайта келудің жөні түсіп тұрган-ды. Үзіліс кезінде Яковлев скеумізді Хрущев шақырып жатыр деген хабар алдық. Ол Пленум алдында Президиум мүшелері жиналатын бөлмеде күтіп отыр екен. Салған жерден:

— Орталық Комитеттің Президиумы Николай Ильич Беляевті сіздерге қызметке жіберуге шешім қабылдады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің бірінші хатшылығына ұсынады, — деді. Төбесден жай түскендей болды. Мына тосын хабарды естіген Яковлев түгілі менің өзімнің құйқатамырым шымырлап кетті. Ондайда жазықсыз жапа шегіп тұрган кісіге тұра қарауга жүзің шыдамайды екен.

— Ал, Иван Дмитриевич ше? — деспін сасқанымнан.

Хрущев қабагын шытынқырап:

— Яковлев дейсіз бе? Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің екінші хатшысы болады, — деді нықтап.

Әңгіме, әрине, қабыса қоймады. Иван Дмитриевич түнегіріп, тілге келуден қалды. Мен болсам, айдаң құні аманында екі бірдей «қошқардың» ортасында ыңғайсызданып-ақ отырмын. Сөзді созғысы келмеді білем, Никита Сергеевич маган тіктей қарап:

— Пленумды үйымшылдықпен өткізу Сізге жүктеледі, — деді.

Осы әңгімеден кейін біз Свердлов залына қайта оралдық. Араға көп уақыт салмай және бір күтпеген жаңалыққа кез болдық. Мәселенің басқаша шешілуіне Яковлевтің озі тікелей араласты ма, өлде біреу ортаға кіресті ме, әйтеуір КОКП Орталық Комитеттің шешімі табан астынан өзгерді. Иван Дмитриевич Ульянов облыстық партия комитетінс бірінші хатшылыққа баратын боп шешілді. Соган байланысты Қазақстан партия үйымында бірқатар ауыс-құйістің шет-жағасы шықты. Қоршанов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшылығынан екінші хатшылыққа, ал осы қызметтегі Журин Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетін басқармаққа келісіпті. Қоріп отырсыздар, үш үйіктасаң түсіңе кіrmес тосын жайлар алдынан шыгады. Демек бар мәселе өрдайым байыппен шешілс бермейді. Өсірессе, сң жогарғы деңгейде...

Желтоқсанның 26-сы құні Қазақстан Компартиясы Орта-

лық Комитетінің пленумы өтті. Онда мәселені Мәскеу қалай шешсе, солай орындалды. Пленум жұмысын басынан аяғына дейін менің жүргізуіме тұра келді.

Әмір — өзен. Асып та, тасып та жатады. Сабасына түсіп, бір қалыппен де агады. Бірақ онда тоқтау жоқ. Қызмет бабында күрделі де жауапты тың жерлерді көтеруді жалғастыру: күріш, азықтық жүгері, мақта, картоп, жеміс-жидек өндіруді есслей түсу үшін жаңа суландыру жүйслерін игеру сияқты міндеттерді шешу қажет еді. Құрылыш пен өнеркәсіптің өз проблемалары және бар. Теміртауда Қараганды металлургиялық комбинатының, Ертіс — Қараганды каналының, Соколов-Сарыбай комбинатының құрылышын шапшаш қарқынмен салу, Қаратай фосфоритын тездестіп өндіру — кезек күттірмейтін іс еді. Түсті металлургияда жаңа қуаттарды іске қосу, Маңқыстау мұнай көздерін игеру жауапкершілігі және бар. Кадр — алтын қор, ол сөз жүзінде емес, іс жүзінде асу үшін жаңа жогары оқу орындары мен техникумдарды ашу міндеті түрді. Халық санының құрт өсуі сауда жүйссін, тұрмыс қажетін отсу объектілері мен медициналық мекемелерді қебейту қажеттігі артты.

Мінс, осылардың бөрі айтуга жеңіл болғанмен, талай-талай проблемаларды алға тартатын еді. Оның өзі Орталық Комитет, Министрлер Қынесі басшыларынан, жергілікті партия жөне кеңес органдарының жетекшілерінен батыл шешімдер жасауга, тынбай ізденуді, талмай сібектенуді талап еттін. Сондықтан бұның қай-қайсы болмасын, құнделікті бақылауда ұстап отыратынбыз. Орталық Комитеттің бюросының құн тәртібінен түспейтін және олардың бар-жоғы не істеп, не қойылғаны тұрақты түрде слектен өткізілетін-ді.

Басшы үшін таптырмас бір қасиет бар. Ол — сібекшілердің көңіл-күйін, тұрмыс-жайын, тіршілік-қамын тамыршыдай тап басып, біліп отыру. Онсыз ісің ілгері баспайды. Сондықтан Талдықорған облысына барып, қанша аудан бар — түгел аралап қайттым. Облыстық атқару комитетінің төрагасы Қамбаров пен бірге тек шаруашылықтың шешімін күткен мәселелерімен шүғылданбай, Панфилов ауданына барған жерде сл арасында дау тудырып жүрген, бірақ ісі қазақтың табигатына тән, тарихына дәлел болғандай сөулст өнірінің ең бір кемел де кесмест

туындысы — Жаркент мешітін қайта қалпына келтіруге шешім кабылдады.

Панфиловтан қайтар жолда қазақтың ұлы галымы, сегіз қырлы, бір сырлы азаматы — Шоқан Уәлихановтың жатқан жеріне төуел еттік. Оқырманга тарихтан белгілі, Шоқан 1865 жылы соғурда Алтынемесл жотасының стегіндегі Көшентоган деген жерде дүние салады. Кезінде құйғен кірпіштен құмбез түргызылса керек. Кейін сөулетші П. Зенковтың жобасы бойынша, Шоқанның басына қектас қойылады. Бірақ уақыт сүрлеуіне төтеп берсе алмай ма, жоқ басынан неше алапат заманды кешкен қазақ даласының қасірст үшқыны оны да шарпымай отпесе керек, әйтеір бұрынғыдан із дс қалмайды. Біз айналға қарап, мынадай ақылға келдік: Шоқан қазақтың мәндайына біткен жүлдyz, оның өлмес мұрасын өскелен үрпаққа ұсына отырып, ол жатқан жерді ары-бері өткен қазақ соқпай отпесе, әрүақ аттағандай болып жүрмессін, тым болмаса, төуел стіп қайтып жүрер қасиетті орынға айналсын деп, қектасын қалпына келтіруге байлам жасады. Қысқа мерзім ішінде ескерткіштің жобасы жасалды. Оны салуга 240 мың сом қаржы бөлдірттім. Шоқанның бейнесі бедерленген құлыптас 1958 жылы салынып бітті. Ол ашыларда мен арнайы келіп, тағы да төуел етіп, құран шыгартып қайттым.

1958 жыл — жемісті жыл болды. Республика мемлекетке 950 миллион пүт астық сатты. Мал шаруашылығын өркендестіп, одан алынатын өнімді арттыру жоспары артығымен орындалды. Өнеркөсіп жогары қарқынмас өркендеді. Халықтың түрғын үй жәнс оған түрмистық қызмет көрсету жағдайы ілгері жылжыды. Медициналық комек жақсады. Орал, Павлодар, Ақтобе, Қараганды, Кокшетау облыстары ауыл шаруашылығы ондірісінде қол жеткізген табыстары үшін Ленин орденімен наградталды. Яки әр жылдың жемісі осылай даралана түсті. Бұл бірдің емес, ынтымагы жарасқан біртұтас елдіңabyroйы еді.

Әр жылдың өз қызығы, өз қындығы бар. 1958 жылы Алматыда телестудия құрылышы аяқталып, қазақ теледидары өз хабарларын таратады. Мәдени өміріміздегі слеулі жаңалық қана емес, бір қадам болса да ілгерілсө еді бұл. Осы жылы 12 желтоқсанда қазақ әдебисті мен өнерінің Мәскеудегі

онқұндігі озінің үлттық өрнегімен, ішкі мазмұнымен ерекше есте қалды.

Декада — өнер бәйгісі, сан-қырлы шыгармашылық өмірдің сарапшысы ғана емес, үлттық келбетінді, болмыс-бітімінді, бар табиғатынды танытудың, салт-сананды, дәстүрінді, әдет-түрпінді насиҳаттаудың соны жолы. Сондықтан оған айрықша мән берілетін, тыңғылықты өзірліктер жасалатын. Онқұндік қарсаңында ақын, жазушыларымыздың ең үздік шыгармалары жарық көріп, театр ұжымдарының шеберлік шыңын танытар тамаша қойылымдары сахнага шыгарылатын. Жақсы кітап — жан азығы, олардың ел арасына кең тарапалуының қалай жағдай жасалса, спектакльдерді ел сыйынан өткізіп барып, жалпы халықтық иғлікке айналдыратын. Өнер адамдары үшін корермендер ықыласына боленуден асқан абырай жок. Әділ бағасын да айтатын солар. Меніңшे, ол жылдары театрға келетін жұртта қисап болмас еді, өсірсеке, жастар жағы — студенттер ынта қоятын. Ал, артистер келседі деген хабарды естіген бойда ауыл жұртты үлкен бір тойға баратындағы асыға күтіп, өзірлік үстінде жүретін. Әдебиет пен өнер онқұндіктеріне де сәл сондай күй кешер еді, қалай болар екен деп, бәйгесе қосар өнер шеберлерінен кем толқымайтын.

Мәскеу құшақ жая қарсы алды. Ришад Абдуллин қатысқан «Абай», Роза Жаманова дүлдүл мінез танытқан «Біржан — Сара» операларын, сондай-ақ Шәкен Айманов пен Хадиша Бекесева басты рольдерде ойнаган «Асауга тұсау» спектаклін жұртшылық қатарынан неше күн бойы тамашалаганын айтсаңыз. Орыс театры қойған «Джордано Бруно» спектаклі де осындай табыспен отті.

Онқұндікке қатысушылар үшін Үлкен театр, Кіші театр, академиялық көркем театры және Мәскеудің басқа да гажайып залдары болінді. Осы мерекені өткізу жөніндегі комиссияның тәрағасы ретінде мен Орталық теледидар арқылы сөйлеп, талғамы да, талабы да жогары мәскеулік көрермендерді шын ықласы пейілдері үшін алғыс айтып, қазақ өнерін тамашалауга шақырдым. Үлкен театрда откен қорытынды концертке Хрушев бастаган Президиум мүшелері қогадай жапырылып келді. Осы жолы Бибігүл Төлегенова талантқа тән өнер танытты.

Концерттен кейін артистер мен жазушылардың үлкен тобы Президиум мүшеслері отырган залга шақырылды. Қуаныш ақ қайнарсыз өтпейтін кез, Никита Сергеевич қазақстандықтарға дән риза болғанын және олардың қайталана бермейтін ғажайып бір көңіл күйге белегені үшін алғыс сезімін білдірді. Өнер шеберлері мемлекеттік және үкімет наградаларына ие болды, ал Аймановқа, Жамановага, Қуанышбаевқа, Серкебаевқа, Төлебаевқа, Харламовага 1959 жылы қаңтарда КСРО Халық артисі деген құрметті атақ берілді. Қара шаңырақ — Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры Ленин орденімен наградталды.

XVI

Әлбетте, өз съездің біздің қоғамдық өмірімізден алатын өз орны бар. Қаңтар айының 14—15-і күндері Қазақстан коммунистерінің кезектен тыс IX съезі өтті де, онда Беляевтің баяндамасы тыңдалды. Бесжылдық жоспардың тәрк етіліп, жетіжылдық жоспар жайы жан-жақты сөз болып, халық шаруашылығын өркендеді. 1959—1965 жылдарға арналған жобасы талқыланды.

Жеті жыл ішінде республикамыздың халық шаруашылығы қай деңгейге көтеріліп, қай ауқымда жұмыс жүргізілмек? Съезд, міне, сол жобаны мақұлладады. Атап айтқанда, қара және түсті металлургия саласында, энергетика, көмір, химия өндірісі бойынша, сондай-ақ тамақ, жәңіл және жергілікті өнеркәсіптің, қазба байлықтары мен мұнай дайындау жөніндегі ірі-ірі 240 кәсіпорынды салу көзделді. Ауыл-село және мәдени-тұрмыстық, тұрғын үй обьектілеріне барынша көңіл бөлінді.

Арага екі жеті салып Мәскеуде КОКП-ның XXI съезі ашылды. Ол өз жұмысын 27 қаңтарда Кремльдер сарайында бастады. Съездің басшы органдарын құру барысында мен Президиумга сайланым. Біздің республика партия үйімінің атынан Беляев сөз алды.

Съезд мақұлдаған жетіжылдық жоспар жер-жерден қолдау тапты. Соған қарамастан жетіжылдық жөспар толық жүзеге асырылған жоқ. Неге? Себептері кезінде егжей-тегжейлі талданды дей алмаймын, бірақ басты кемшіліктер Хрущев

орнынан алынған тұста ашық айтылды. Ал, табиги ресурсы мол Қазақстан халық шаруашылығының барша саласы бірқалыпты өркен жайды. Әрине, «әттеген-айсыз» емес еді.

Партия, кеңес органдарының жұмысымен танысу үшін шілденің аяқ шеніндес республикага Вьетнамның, халықаралық коммунистік және жұмысшы қозгалысының көрнекті қайраткері Хо Ши Мин келді. Беляев бұл кезде қалада жоқ еді, демалыста жүрген-ді. Қоріпжанов ексуміз қадірлі қонақты қарсы алып, оның жемісті жұмыс істеуінс жағдай туғыздық.

Сапар кезіндес Алматы облысы мен астананың көз тартар, көңіл қояр жерлерін аралап, бірқатар өнеркосіп орындарының, колхоз, совхоздардың, мәдени мекемелердің жұмысымен танысты. Қай уақытта болмасын оның көкейкесті сұраптарына ықыласпен жауап беріп отырдық. Қайтар алдында Хо Ши Мин Қазақстанмен жан-жақты танысуга мұрсат алғаны үшін алғыс сезімін білдірген көлемді хат жазып қалдырыды.

Оның шын аты — Нгуен Тат Тхань, тар жол, тайғақ кешуден өткен кісі. Англия, АҚШ және Францияда тұрып, Үндіқтай халықтарына тәуелсіздік талап еткен, революциялық қызметі үшін талай рет тұтқындалып, тар қапаста отырган, 1929 жылы сырттай өлім жазасына кесілді. Ол өмірінің соңына дейін Вьетнам тәуелсіздігі жолында және халық пен партияның бірлігі үшін, марксизм-ленинизм, пролетарлық интернационализм рухы негізінде халықаралық коммунистік қозгалысты нығайту үшін құрессіп келді.

Біз осында ер жүрек елдің ардақты ақсақалына барынша назар аударып, оның КСРО-га келу-кетуін, яки бар шығынын көтердік. Осында болған күндеріндес қаражаттан қысылмасын деп, сдоуір кеңес ақшасын бергенбіз. Бірақ, ізстеке найза бойламайтынын билетін Хо Ши Мин одан кок тиын жаратпай, кетеңіндес түгел қайтарды. Өте қарапайым, бауырмал және сонша дана қарт ұмытылмастай өссер қалдырыды.

...1959 жыл біз үшін онайга түспеді. Жер ана жомарттық танытқанымен, табигат тосқауылы алдымыздан шықты. Жиынгерін кезінде қалың қар басып салды. Бір миллионнан астам гектар жердің астығы қар астында қалды. Соган қарамастан республика Отан қамбасына 900 миллионның орнына 700 миллион пүт дән қүйды. КОКП Орталық Комитетінің желтоқсан айын-

да откен Пленумында Хрущев қырына ала сөйледі. Тырнақ астынан кір ізденген кісіге кемшілік табылады. Беляев скуемізді талай жерге апарып тастанды. Жығылганга — жұдырық. Оған Теміртаудагы ойгілі оқига — металлургиялық комбинат құрылышындағы жұмысшылардың ереуілі қосылды. Оны осылай демеске іләж жоқ. Бәрі түрмистық мөселслердің уақтылы шешілмеуі, ырың-жырыңға ұласудан басталған-ды. Ақыры кеп құрылышылар жұмысқа шықпай, жатып алған. Әлгі: ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман деген рас. Жел сөз онсызда лап еткелі түрган өртті үрлеп жіберген. Қөшілік көшеге көтөріле шығады. Ақылды ашу женеді. Ел ырқынан айрылып, жер мен көкті ортеп, дүкендер мен асханаларды тонап, кездескен милиция қызметкерлерін таяққа жыгады.

Жаманат жата ма, сол күні, сол сағаттарда-ақ хабар дүниенің төрт бұрышына тарап кетеді. Айдай әлем шулап жатса да, неге екенін кім білсін, Беляев мынқ етпейді. Сонау Мәскеу үдерес көтеріліп, Теміртауга төртіп орнату үшін КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Л. Брежнев шұғыл ұшып келді. Мен оқига болған жерге бірге бардым.

Сол күндердегі Леонид Ильичтің табандылығы таң қалдырды. Іркілмесстен қалың елдің ішіне кіріп кетіп, айылын жимай, әбден ашуга мініп алған жұртпен сөйлесіп, тіпті жанжал шығарып, жаға жыртысуға барғандардың өзін ақылга шақырып, қалай сабасына түсіруге үмтүлғанын өз көзіммен көріп, құлағыммас естідім. Асықпай, аptyқпай сліді тыңдады. Жарыса, жамырай сөйлегендерге, кейде, қызыл өңештеніп, қызына киіліккендерге тоқтау жасап, қатал, бірақ әділ сөзін айттып отырды. Ашу — дүшпан, ақыл — дос, ақылыңа ақыл қос деген осы. Жұрт орнымен айттылған сөзге құлақ асып, бірте-бірте жонге келе бастады.

Мен жоқ жерден Брежневкес үпай жинап берейін деп отырғаным жоқ. Істің жайы солай болды. Әрине, төртіп, сактаушы органдардың комегінсіз, бір озі жайғастырыды деуден аулақпын. Әйтеуір үш күн ішінде қала бұрынғы тіршілік ауанына кошіп, өмірін жалғастырып жатты. Артынша КОКП Орталық Комитеті Президиумының мәжілісі отіп, осы оқиғаның себептері талқыланды. Әркім-ақдемін ішкес тартқандай өнгімс болды. Президиумда Караганды облыстық партия Комитетінің бірінші

хатшысы Исаев пен Қазақ металлургия құрылышының директоры Вишневский партия қатарынан шыгарылып, қызметтерінен алынды. Беляев те құралақан қайтпады, кемшилігі «бетке басылды». Бұған ол бас шүлгып, «бұған да шүкір» дей қоймады. Жазықсыз таңылған жазадеп, қарсылық білдірді. Соган сәйкес КОКП Орталық Комитетінің Президиумы Теміртау туралы мәселеге қайта оралып, аса маңызды осынау құрылышқа басшылық жасауда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ірі-ірі кемшиліктерін жіліктеп берді. Ал Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында қалыптасқан келенсіз жағдайды Орталық Комитетінің Пленумында арнайы қарауды міндесттеді.

Әңгіме ауаны әрі қарай қалай өрбігелі тұрганы озінен-өзі түсінікті шыгар. Шашама шаң жүқтырмаймын деп, шалқақтаган, жал-құйрықтан қоса жүрдай болатынын осыдан-ақ түсінс бергейсіз.

Содан 1959 жылы 19-қаңтарда Қазақстан КП Орталық Комитетінің Пленумы өтті. Оған Л. Брежnev қатысты. Беляевтің сол жолы құр шықпаған жаны қалды-ау деймін. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінде, партиялық-үйымдастыру және идеологиялық жұмыстарға басшылық жасауда жіберген кемшиліктері үшін бетің бар, жүзің бар демей, ал кеп сынасын. Менің де мәндейымнан сипаган жоқ. Пленум Беляевті орнынан алды. Сол күні мен Орталық Комитеттің бірінші хатшылығына бірауыздан сайландым.

Қазақстан тарихында оның партия үйымын көптеген үлт өкілдері басқарғаны баршага аян. Грузин де болды, еврей де отырды, армян да басқарды. Атын атап, түсін түстей берсе, аз емес. Солардың көбі сырттан келгендер, Орталық «мандайынан шеरтіп жүріп» тандагандар. Ал, жергілікті үлттан мен бірінші хатшы болған үшінші адаммын. Бірінші боп, ел тізгінін С. Аргыншиев қолға алған скен. Колда бар деректерге сүйенсек, ол 1920 жылдың 8-маусымынан қыркүйектің 1-нے дейін отырыпты. Ал, екіншісі өздерінізге жогарыда айтқанымдай Ж. Шаяхметов еді.

КОКП Орталық Комитеті Беляевті Ставрополь өлкелік комитетінің хатшылығына сайлауга кесес беріпті.

Пленум Қазақстан КП Орталық Комитетінің скінші хат-

шысы етіп Ленинград қалалық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Радионовты сайлады да, осы қызметтегі Көріпжановты республика Жоғарғы Кеңесі Президиумының тәрағалығына. Тәшеновты Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің тәрағалығына үсынды.

Осындай ауыс-күйістен кейін республикалық партия активі откізіліп, онда мен: «Желтоқсан пленумының қорытындылары және республика партия үйымдарының міндеттері туралы» баяндама жасадым. Брежнев ұзақ сөз сөйлемді.

Леонид Ильичтің өзі айтар пікір бір басқа да, Пленум жайында, оның шешімдері туралы менің пайымдауларым бір басқа. Хрущев оны өз құлагымен естіп, толық мақулдады. Әңгіме соңынан ол:

— 1960 жылдың қаңтар айының соңына таман кеңес мемлекетінің бір топ қайраткерлері Америка Құрама Штаттарына барғалы жатыр. Сізді сол делегацияның құрамына қостық, — деп хабарлады.

Алыс сапар алдында көңіл шіркіннің алып-ұшып тұратын әдеті. Ойға опалмайтын жай жоқ. Есіме АҚШ-тың біздің еліміздегі елшісі Гарриманмен болған ұзак сұхбаттасуды еске алдым. Ол Алматыға келіп, Қазақстан өнеркәсібінің өркендеу жолынан, тың көтеру мөселесі төңіреғінде өзін қызықтырған көп сырға қаныққан. Ол қандай сұрақ қойmasын, түгел тиянақты жауап қайырып отырдым. Кетерде АҚШ-тың көрнекті қофам қайраткері:

— Қарағандыны бір көру арман еді. Өнеркәсіп орындарын, оның ішінде Теміртаудағы металлургия комбинатының құрылышын көріп, жұмысымен танысып қайтсам ба деп едім. Сондай-ақ Қазақстан Фылым академиясының геологиялық музейін көруге рұқсат етсеніз, — деп қолқа салды.

— Музейді қашан аралаймын десеніз де есік ашық. Ал, сіздей жоғары мөртебелі сыйлы қонақты Карагандының қабылдауға дайындығы бар ма, жоқ па?! Соны біліп барып, бір шешімге келсек, — дедім.

Қонақ кетісімен А. И. Микоянга телефон согып, Гарриманның отінішін жеткіздім. Ол кезде Қарағанды шт елдіктер үшін жұмбақ аймақ. Сыртынан тон пішіп жататындары болмаса ат ізін сала алмайды.



Шопанға нағрада тапсыру сөті. Оى жақта Нұрмұлда А. Әдабергенов. 1958 ж.


Рұмынитіға сапар. Солдаң онға қарай: Д. А. Конев, Ю. В. Андронов, Г. Георгиу-Деніп, Н. С. Хрущев. 1962 ж.





Жапонияның сыртқы істер министрі С. Абомен жүздескенде. 1984 ж.

Глазго қаласында. Шотландия. 1956 ж.





Алматы мақта-мата комбинатында Э. Герекен болған сөт. 1976 ж.

Кытайга барғанды. 1954 ж.





Балқаш ардагерлерімен жүзлесу.


А. Косыгиннің Қазақстанға келуі. 1963 ж.






КСРО Корғаныс министрі,
маршал А. А. Гречкомен бірге.


Шекарашылар арасында. 1969 ж.





АКШ президенті Дуайт Эйзенхауэрдің
қабылдауда болған кездे. 1960 ж.

Уругвай компартиясының кезекті съезі. Р. Арысменди (оң жағымда) мен В.
Тейтельбойм (сол жағымда). 1970 ж.






Біріккен Араб республикасының вице-президенті
А. Садатпен сұхбат. Каир. 1970 ж.


Франция президенті Ж. Помпидумен Байқоңырдағы кездесу. 1972 ж.





Кейсон Фомвихан бастаган Лаос делегациясын қабылдау. Алматы. 1976 ж.

Корей Халық Демократиялық республикасының президенті Ким Ир Сенмен келіссөз. Пхеньян.





Улдистаниң президенті Варахшера Ватката Гирине сөлем берсе барғанда.
Дели. 1973 ж.

Монголияга ресми сапар. Улан-Батор. 1947 ж.






Үндістан Компартиясы съезінде сойлеген кезімде түсірілген сурет.

Тодор Живковтың Қазақстанға келуі. 1977 ж.





Э. Шеварнадзе мен
Рица колінде. 1977 ж.



Эрих Хонекермен Медеу стадионында. 1979 ж.



Дж. Неру және Индира Гандимен бірге. Алматы. 1955 ж.

Біріккен Араб республикасының (Египет) президенті
Г. А. Насермен жүздескендс. Каир. 1970 ж.





Густав Гусакпен әңгіме. Прага. 1981 ж.

Куба елшісінің награда тапсыру сөті. Алматы. 1971 ж.





«Аврора»
крейсерінде.
Оң жақта
Г. Романов.

А. Гречко мен А. Елшевтің Алматыға келуі. 1975 ж.





КСРО халық артисі М. Ульяновиң әңгіме.

Олкелік музейде. Хабаровск. 1984 ж.





Иран шахы М. Р. Пехлевидің қабылдауы кезінде. Тегеран. 1968 ж.

Жапонияның премьер-министрі Ясухиро Накасонэмен кездесу. Токіо. 1984 ж.



Микоян екі сөзге келген жоқ:

— Қарағанды ма, әлде тағы басқа қандай облысқа барғысы келеді, рұхсат берे беріңіз, — деді.

Мен Гарриманга жалғасып, Қарағандының қадірлі қонақты қабылдауға әзір екенін хабарладым. — Ол жерден жеті қоян тапқандай қуанып, алғысын жаудырды. АҚШ сияқты іргелі елдің жүрт таныған азаматымен осылай танысып едім.

Бұдан бұрын да, 1959 жылы біздің слімізге келген бір топ американ губернаторларын қабылдағаным бар. Жұздесу барысында қызу пікір алмасу үзаққа созылған-ды. Американдықтарды негізінен тың жерді көтеру мәселесі қызықтырған еді. Қазақстан халық шаруашылығының осыншалықты қаулап өсүі үшін орасан мол қаржы жұмсалғаны анық, соның көздерін қайдан таптыңыздар деғен сауал төнірегінде бір-бірімен сабактас әлденеше сұрақтарға нақтылы жауап беруге тұра келді. Қысқасы, екі сағаттан астам уақыт ішінде республика өмірінен мейлінше мол мағлұмат беруге үмтүлдым. Сірә, екі жақты пайдалы әңгіме болды гой деғен ойдамын.

Америкаға 1960 жылғы қаңтардың соңы мен ақпанның басында барып қайттық. Жүрер алдында Хрущев қабылдап, өзінің АҚШ-та болған күндерін еске түсірді. Ол бізге ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, қала, сауда саласындағы қол жеткізген табыстарына зер салып, қыр-сырына қанығып қайтуға кеңес берді. Делегация құрамына: Ресейдің, Украинаның, Қазақстанның, Грузияның, Әзербайжанның Министрлер Кеңесінің төрагалары, еңбекшілер депутаттары Кеңесінің бірқатар облыстық атқару комитеттерінің төрагалары енді. Оларды Д. С. Полянский бастап барды.

Біздің делегациямызға үш бірдей міндет жүктеліп еді. Біріншіден, Хрущев айтқандай, халық шаруашылығының жогарыдағыдай салаларына, оның өркендеу жолдарына назар аудару. Екіншіден, Кеңес Одағы туралы американ халқының түсінігі мүлде басқа, сондықтан көзге шыққан сүйелді көрініп келген КСРО-ның бары қайсы, жоғы қайсы, деғенді салмақтай отырып, халық шаруашылығының барлық саласы бойынша және мәдени өміріндегі жетістіктерін АҚШ жүртшылығына таныстыру, Кеңес Одағының бейбіт сүйгіш сыртқы саясатын, кеңес-американ қатынасының одан әрі баянды етудің маңыздылығын

түсіндіру. Үшіншіден, Американың беделді мемлекет, саяси жөне қоғам қайраткерлерімен байланысты ныгайтып қана қоймай, олардың қатарын өсіре тұсу.

Ұшып келген күні бізді Нью-Йорк штатының губернаторы Нельсон Рокфеллер қаладагы өзінің резиденциясында қабылдады. Калалық басқарма жаңындағы арнап салынған зәулім үй екен. Жалпы, шет елдіктерді біз жұмыр басты пендеден гөрі періштедей көретін әдетіміз гой. Шық жұқтырмай жатамыз. Ал, айдарынан жел ссіп, аузымен ай білеген Рокфеллердің өзі шақырган қонақтарын күттіріп қойып, уәделі жерге кешігіп келіп жатса не дерсіз? Бізді былай қойғанда сәulet өнерінің нәзік ірімдеріне дейін терең түсінетін жан селт ете қоймас үйдің ішкі көрінісін «қызықтаганнан» басқа шаруа қалмап еді. Кеңес Одағынан келген қонақтарға көрсеткен қыры деуден аулақпын. Ондай ойдың қылаң бергенін аңғартқан адам арамыздан төбе көрсетіп те қалған. Бірақ, қашанда кешіріммен қарап, койдан жуас, қоңыр мінезбен жүрестін біздер жағдай солай болған шығар дей салдық. Соны сезді ме, әлде ағаттық жіберіш алғанына үяды ма, кешігіп келгеніне қайта-қайта кешірім сұрады.

Кездесу басталды. Жүрісі де, тұрысы да еріксіз сленг еткізгендей. Тәкаппар емес, маңгаз. Сыздану емес, сырбаз. Кіслігіне кішіпейілдігі көрік бергендей. Елгезек. Сымдай тартылған сұлу мүсін. Үстінде шымқай қара костюм. Миллиардермін деп шіренип отырған жоқ, қонақтың қас-қабағына қарап, әрқайсының көнілін аулады. Мезі болмасын дей ме, бір әңгімeden екінші әңгімеге женіл ауысады. Таусылмас тақырыптарды тандалап алған ба дейсіз.

Қайтар кезде біздің делегацияның мүшелерінің бірі Рокфеллерге мынадай сұрақ қойды:

— Алдағы президенттік сайлаудан өз кандидатураңызды неге алдыңыз?

Үстата қоятын Рокфеллер бар ма, жалтарма жауабы даяр тұр екен.

— АҚШ-тың ең ірі штаттарының бірі — Нью-Йорк штатын басқаруды тәнірім мәнің мәндайыма жазған. Құрметті мырзалар, дәп осы жерде мен талай шаруаны тындыруға тиіспін... — деді.

Жалтақтау жоқ. Сенімді сөйлейді. Ертсң күнім қалай болады демейді. Өзіне ешкімнің тісі батпайтынын біледі.

Біз оның тұлкі бұлаңға салып тұрганын іштей біліп тұрмыз. Шешінген судан тайынбайды. Президенттікке таласуға бел байлаған кісі орта жолда өздігінен райдан қайтпайды. Жығылса, нардан жығылайын дейді. Соқырға таяқ ұсташаңдай анық шаруа. Бар гәп — сайлау алдындағы қым-қуыт науқан барысында Рокфеллер мырзаның желі онынан тұра қоймады, оның саяси бағыт-багдары қолдау таппады. Тегінде, шындыққа тұра қарау үшін де азаматтық керек.

Америка — құлагы түрік сл. Сөз жатпайды. Казір айтқаның бірер сағатқа жетпей тасқа басылып, алдыңнан шыгады. Рокфеллер Кеңес өкіметінің экономикасының жоспарлау жүйесінің, білім беру мен денсаулық сақтау ісінің ілгері орлеу мәселесіне айрықша ден қойған-ды. Соны көшілік газеттер мойындап жазыпты. Миллиардер мырзаның басқа елдердегідей емес, дәп КСРО-да аталмыш салада ғана смес, басқа да қадау-қадау мәселе төңірегінде айтқан ойларын тілге тиек етіп-ти.

Сол күні біз бір қайран қалған көрініс — Біріккен Ұлттар Ұйымының көкпен таласқан зоулім сарайы. Ирессінде тұрып, ұшар басына қараған кісінің малақайы түскендей. Ист-ривердің мәр-мәр тас қапталған өсем жағасында тұрган бүл үй сөүлет өнерінің соны бір үлгісіндей өсер қалдырады.

Бізді осынау ғажайып гимарат алдында КСРО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы тұрақты өкілі А. А. Соболев пен Біріккен ұлттар үйымының Бас хатшысының орынбасары А. Ф. Добринин қарсы алды. Екеуіне ілесіп Бас Ассамблеляның мәжіліс залына ендік. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылтайшылары Ұйымның Жарғысын басшылыққа ала отырып, мұратты істерін соган негізденген. Ондагы мына жолдар: «Болашақ ұрпақты біздің өміріміздे скі рет адамзат баласын айтып жеткізуғе болмайтын қасіретке ұшыратқан согыс апатынан құтылу», «Тату-тәтті көршідсій, бір-бірімен бейбіт қатар өмір сұру...» деген жолдар еріксіз назар аудартады.

Кеңес Одағынан келген қонақтар сосын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Хаммаршельдтің кабинетіне көтерілдік. Бізді Бас хатшының орынбасары Эн드리 У Кордьс қабылда-

ды. Әңгімеміздің басты арқауы қарусыздану төңірегінде болды.

Шет елге жиі шыққан кісі жақсы біледі: күні бұрын қайда баратыныңды түгел хаттап қояды. Өз бетіңмен аттап шыға алмайсың. Біздің сапарымыздың жен-жобасы жасалған кезде 1959 жылы жазда Кеңес еліне келген губернаторлардың қай штаттан екені ескерілсө керек, сонда апаруга ыңғайлапты. Жалпы, жер көрген, ел таныган жақсы. Қайда апарса да, қашан апарса да ықыласты едік.

Сонымен, дәм-тұзы бұйырган екен, мына қалаларды арапап көрудің сөті түсті: Принстон мен Трентон (Нью-Джерси штаты), Филадельфия (Пенсильвания штаты), Чарлстон (Батыс Виргиния штаты), Майами, Орландо, Гейновил, Джексонвилл (Флорида штаты), Чикаго, Спрингфилд (Иллинойс штаты) Денвер, Боулдер, Форт-Коллинз, Колорадо Спрингс (Колорадо штаты), Бойси, Гампа, Колдуэлл, Эммет (Айдахо штаты), Солт-Лейк-Сити, Прово (Юта штаты), Бисмарк (Солтүстік Дакота штаты), Вашингтон.

Сый көрсетудің ең үлкені — иғі жақсыларымен жүздестіру деп білеттін американцықтар мемлекеттік хатшы Гертермен, АҚШ Жогары сотының төрағасы Уорренмен кездесудің орайын тапты. Гертердің қабылдау кезінде, ішіне кірсе шыққысыз мемлекеттік департамент үйінде күтпеген қуанышқа кенелдім. Енді сағынып, қайтқанша асығып жүргенде қазақтың мәндайына біткен бағындаи болған қайран Мұхтар Омарханұлы Әуезовты көріп, жерден жеті қоян тапқандай қуандым. Ол кісі де мәзмейрам. Мәдениет қайраткерлері тобымен осында жүр екен. Корған-білген далада қалды, сл жайын ансай әңгімелесіп, мауқымызды бастық.

Сапар соңында, ұмытпасам, ақпанның 18-і шығар деймін, АҚШ президенті Дуайт Эйзенхауэр бізбен кездесуге ықылас білдірген екен. Ақ үйде әңгіме-дүкен құрып, оның намысын жыртып, сөзін сөйлейтін республикандықтар партиясының символы — тұмсығын көтерген пілдің суреті бейнеленген белгіні бәрімізге бір-бірден сыйлады.

Американ губернаторларының КСРО-га, кеңес елінің мемлекет қайраткерлерінің АҚШ-қа келіп, етене араласуы біздің еліміз үшін асы пайдалы еді. Бұл: «бармасаң, келмесең жат боларсың» дегеннен гөрі, мұхиттың аргы бетіндегі дамыған

капиталистік елдің берерімізден, аларымыздың көптігі, үйретірімізден үйренеріміздің көптігі сол кездес-ақ анық тұғын. Оны іштей мойындап қайтатынбыз. Екі ел арасындағы достық байланысты одан әрі өрістетіп, ныгайта түсү үшін «КСРО — АҚШ» қоғамын құрудың қажеттігін атап көрсеттік. Қоғам құру арқылы АҚШ-тың іскер жандарымен, мәдени ортасымен тікелей байланыс жасап, қарым-қатынасты қүшешту — еңбекті үймадастыру, оған гылыми негіз беру, өндіріс технологиясын жетілдіре түсі сияқты кенже қалған салаларымыздың тынысын ашып, құлапын жазуға мүмкіндік әперетін еді.

Осы сапардан бері қанша жыл өтті. Кеңес-американ қарым-қатынасында ірі ілгерілеу, он өзгерістер бар. Біздің сол сапарымыздың үлкен істерге қозғау болғанын бүгін қанагаттандыралық сезіммен еске аламын. Бімырага келмейтін екі бірдей идеология теке-тірессіп, қоғамдық қайшылықтарға толы сол кезеңде КСРО мен АҚШ арасына біздің делегациямыз достық көпірінің негізін салуға айрықша ықпалы болған-ды.

АҚШ-тан қайтып оралысымен аялдамастан Алматыға шыттым. 1960 жылы 10 наурызда Қазақстан Компартиясының X съезі өз жұмысын бастамақ, соган Пленумда Орталық Комитеттің есебі тындалу көзделген. Бес жылда бір өтетін партия форумының ең басты құжатын талқылауга қатысу үлкен абырай гана емес, коммунистік парызым еді. Мен осы съезде Орталық Комитеттің бірінші хатшысы болып бірауыздан сайландым.

Съезд шешімі, кейінгі жылдары кейбіреу келемежге айналдырығысы келгендей емес, шын мөнінде, халық шешімі еді. Қол жетпеске үмтүлмадық. Жеті өлшеп бір-ақ рет кесіп-пішуғе тырыстық. Айтылды екен, ол орындалуға тиіс. Ол уақыттың ерекшелігі де осында еді. Мәсслен, X съезд шешімінсөйкес Соколов — Сарыбай комбинатының бірінші кезегі іске қосылды. Шілденің алғашқы құндерінің бірінде Қараганды металлургиялық комбинатта бірінші домна пеші өнім берс бастады. Республика өміріндегі осынау елсулі оқиғаға байланысты өткен митингіде қыстың қақаган аязына, шілденің аттап ыстығына қарамастан, қысқасы, қандай қыындық болмасын, оған қасқайып қарсы тұрган, сейтіп бүкіл ел бол асыга күткен алыптың алғашқы пешін пайдалануға берген құрылышыларды, монтажшыларды, ірі құрылышты іске қосушыларды шын жүректен

құттықтау құрметі менің үлесіме тиіді. Тамыз айында Бұқтырма су-электр станциясының бірінші агрегатының қуат беруі рәсімі өтті. Жыл аяғында Қараганды металлургиялық комбинатында бірінші кокс батареясы өнім бере бастады. Алматы — Фрунзе (казіргі Бішкек) — Ташкент автомагистралының құрылышы аяқталды.

Әрине, сол жылдардагы халық шаруашылығында қол жеткізген табыстарды жілкес тізгендей айтып шығу мүмкін емес және түгендеп жатудың қажеті де шамалы. Бірақ мәдени өмірімізде ұмытылmas құндердің бірі ретінде ел есінде қалған мына оқиғадан айналып етс алмас едім. Артына өлмес сөз, өшпес мұра қалдырган Абайга астана төрінен ескерткіш орнатылды. Абай — ұлы ақын, өзі айтқандай, сөз патшасы. Абай — ұлы композитор, талай-талай құлақтан кіріп бойды алған, әсем ән мен тәтті қүйлердің авторы. Абай ұлы философ, зерттеліп бітпеген даналық. Абай — Крылов, Пушкин, Лермонтовтың қазақша сөйлесткен ұлы аудармашы. Абайдың біз таныған бар қыры — бір-бір ескерткіш. Ашылмай жатқан, айтылмай жатқан сыры қаншама! Соны қазактың тұңғыш профессионал мүсіншісі Хакімжан Наурызбаев қола мүсінмен бейнелеп, гранит-пен әсемдеп өрді. Абай проспектісі мен Ленин проспектісінің қиылышындағы ғажайып тұлғаны көрген сайын исі қазактың бағына туган дарынмен, алла тыныштығын берсе, әлі талай-талай үрпақ жүздессеріне, жүздесіп қана қоймай, әулиедей табынарына шәк келтірмеймін. Абайдай асылымызды ардақтап, Алатая баурайынан алып бейнесін орнатуға аз да болса үлес қосқаныма халқымның алдындағы бір өтслеген ісім деп білемін.

...1960 жылы желтоқсан айында КСРО Жогарғы Консесінің кезекті сессиясы өтіп жатты. Үзіліс кезінде Косыгин қасыма келді. Қөп сөзге жоқ кісі гой.

— Хрущев сені мен Тәшеновты түскі дәмгес шақырады, — деді.

Ойымызда дәнене жоқ. Шақыруды құп алып, Хрущев түстенетін жерге бардық. Орталық Комитет Президиумының мүшелері түгслөсінде жиналышты. Не екенін қайдам, Никита Сергеевич озінде жоқ елгезектік танытып, Тәшеновқа қайта-қайта бұрылып, бірде қайдагы жоқ сұрақтар қойса, бірде:

— Мынадан ауыз тиіңіз, дәмдісі сірә, осы болар, — деп, алдындағы дәмнен асатады.

Қонақ қадірлі болса, үй иесінің құрак ұшатын әдеті шығар дедім де қойдым. Тәшенов бірінші хатшының мына ықыласын қалай қабылдағанын білмеймін, әйтеуір, секем ала қояр сезік байқатпады.

Түстік ас ішіліп, мәжіліс алдында әркім өзі шаруасымен жинала бастаган. Хрушев мені тоқтатып:

— Отыз-қырық минөттен соң маган келіп кестіңіз. Сіз қажетсіз, — деп ескертті.

Тәшеновті майлы ішектей айналдыру мен табан астында мені іздей қалуында бір гәп бар-ау деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмеп еді.

Айтқан уақытында Хрушевтің қабылдау бөлмесінс келдім. Кідірткен жоқ. Сол заматта қабылдады.

Никита Сергеевич тағы бір тосын мінез танытты. Тура айтуға бейім кісі, бұжолы түспалдап сөйлеп, әңгімсін алыстан орағытып бастады. Қазақстанга алғаш қалай барғаны туралы айтып, тыңцың қалай көтерілгенін еске алды. Ара-арасында оның бұл идеясына кімдердің қарсы тұрганын да іліп-шалды. Қазақстандықтардың тұнғыш миллиарды, игерілген жердің болашағы қандай болмақ дегенді де сөз арасына қыстыра кетті. Осы арада:

— Жаңа үйымдастырылып жатқан совхоздардың жайы нешік? Тың игерушілердің көңіл күйлері қалай? Адамдар тынды тастай қашып кетіп жатқан жоқ па? — деп, біріне-бірі қонсы қонбайтын сұрақтарды ііп әкеп, жол-жөнекей сұраумен болды. Менің жауабымды аягына дейін ден қойып тыңдаудан гөрі ол өз ойымен іштей арпалысып отыргандай көрінді. Бірінші хатшының тұлқі бұлаңға түсіү мені қайран қалдырып отыр еді. Түсінсем бүйірмасын. Күтпеген жерден түскі асқа шақырады. Оны өзге емес, Косыгин келіп хабарлайды. Жайшылықта Тәшеновке бүйрекі бұра бермейтін Хрушев жоқ жерден ілтипат көрсетіп, асты-үстіне түссе қалды. Мені онаша шақырып, ойқастап, орағыта сойлелеп отырганы енді мынау, мұнда не мән бар?!

Ойымды жинап үлгергеншс, Никита Сергеевич бұлталақтауды қойып, төтесінен кетті.

— Тәшеновты республика Министрлер Конгрессінің төрагалығынан босатыңыз, — деді.

Бұл мен күтпеген шешім еді. Никита Сергеевичке таңдана қарадым.

Ол жұмсақ орындыққа шалқая түсіп, күні бойы мен не айттым, сен не үктың дегендей, қабағын шытыңқырап, зілдене сөз сабактады.

— Тәшеновтің үстінен түскен арыз-шагым бастан асады. Шөптің басы жел тұрмаса қимылдай ма, тексеру олардың дұрыстығына көз жеткізді. Егжей-тегжейін партиялық үйымдастыру болімінен білуінгезге болады. Оған республика Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметі қындау тиіп жүр. Жеңіл-желпілеу жұмыс берініз, — деді.

Обалы не керек, Тәшенов Жоғары Кеңесте өз орнында отырган кісі еді. Оны Министрлер Кеңесіне аудиторы, мен айттар едім, агат шешім болды. Бұл кеудеге үрганмен бітеп шаруа емес. Алымы бар адам атқаратын ауқымды іс. Ол республика үкіметі атқаратын ең басты жұмыстарды қамти алмады. Оған Жұмекенің сыйымсыз мінезі, үстамсыздығы, менмендігі де тұрткі болды. Осының бәрі КОКП Орталық Комитетін Хрушевтің оны қызметтен алуға итермелеп еді.

— Үлкен бір республиканың Министрлер Кеңесін басқарған азаматты құлдыратып жіберудің қисыны келе қояр ма екен? Егер қарсы болмасаңыз, Семей облыстық атқару комитетінің төрагалығына ұсыналық, — дедім.

Хрушевті қисайған жағынан тұрғызу оңайға түспейтін.

— Шамасы келе қояр ма екен? — деп, тым көпсінген сыңай байқатты.

Мен де ұсынысымның жерде қалмас жағына бет түзедім. Соны байқады ма, Хрушев қолын бір-ақ сілтеп, өзің біл дегендей рай танытты.

Тәшеновты Семей облыстық атқару комитетіне жіберу мәселесі осылай оңайға түспеген-ді. Орталық Комитетің бюро-сында КОКП Орталық Комитетінің оқілі Тужиков республика Министрлер Кеңесінің, тікелей Тәшеновтің жұмысындағы кемшіліктерін қолмен үстатқандай жіліктеп, бұлтартпас дәлдермен айтып берді. Ол осы жолы орнынан алынды. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрагалығына Дәуленов тағайындалды.

Тәшенов ұсынған жұмысты қомсынып, одан үзілді-кесілді

бастартты. Ашугабулыққан ол кісі алды-артына қарамай ұшып шығып, одан жоғарылау қызметтен дәмелі бол, Мәскеуғе барды. Бірақ оның уәжіне құлақ асқан жан табыла қоймады білем. Қайта істі шильтырып алды. Мүйіз сұраймын деп жүріп, сақалдан айырылыпты дегендей, Шымкент облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасарлығына қолы әрек жетті. Сол қызметтен кейінірек зейнетті демалысқа шықты.

XVII

Қаңтардың 10-ы күні КОКП Орталық Комитетінің пленумы өтті. Еліміздің өмірлік мәні зор мәселе: «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жолындағы шаралар туралы» қаралды. Бір емес, бірнеше баяндама тындалды. РКФСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, Целиноград облыстық партия комитетінің хатшысы Соколов және мен баяндама жасадым. Әрине, әр республиканың, әр облыстың шешімін күткен келелі мәселелері бар еді. Біз негізінен соны арқау еттік... Олардың бірден күрмеуі шешіле қоюы негайбыл болғанмен, қогамдық пікір тудыру арқылы істің байыбына көз жеткізуге тырысатынбыз. Бұл пленумның бір артықшылығы осында еді...

...Күлпірып көктем келе жатты. Оңтүстік өңірде жер бусаңып, тіршілік тынысы ашыла бастаса, солтүстік облыстарда көк мұздың көбесі сөгіліп, сай-салага су жүгірген кез. Наурыз айының 9-ы күні Хрущев Новосібірден телефон соқты.

— Өкпе тұстарыңа келіп тұрып, соқпай кетуге болмады. Тың төсінен тос, — деді.

Келгенше қонақ үялатын, келген соң үй иесі үялатын әдеті гой. Хрущевтің республикаға табан іліктіруінен қайтқанга дейінгі әрбір сағат, минөтін есептеп, бағдарлама жасадық. 11 наурыз күні оны Қекшетау облысындағы Қиялды деп аталатын шағын станцияда қарсы алдық. Ол кісінің от ала жүрестін және онысын іскерлік деп санайтын қызық бір мінезі бар еді. Келе соган салды. Біз де алды-артына қаратпай «Кантемиров» совхозына ала жөнелдік. Бұл гвардияшы Кантемиров дивизиясының құрамында жауынгерлік міндеттін отеп қайтқан бір топ жауынгерлердің құшімен 1954 жылы құздес іргесі қаланған шаруашылық тұғын. Совхоз кеңесінде диқандармен өңгімс-дүкен құрып, Никита Сергеевичтің алдында азды-көпті есеп бердік. Совхоз

директоры Цапов деген азамат еді, «Кантемировтың» тұңғыш қадасы қағылған күннен осы ауылдың ыстық-сұғына бірдей төзіп келс жатқан-ды. Байқаймын, барын бардай көрсете біле-тін, істің ғана емес, сөздің ығытын да табатын жігіт бол шықты. Күні бойы қабагы салыңқы отырган Хрущевке қарап:

— Сіздің келуіңіз бізді тіпті қанаттандырып жіберді. Совхоз диқандары 1962 жылы мемлекетке астық өткізу жөнінен жеті жылдықтың тапсырмасын асыра орындастын болады, — деп бір түйіп тастап еді, Никита Сергеевичтің жүзіне қан жүгіріп, онсызда безек қағып, тыншу көрмейтін қос жанары ойнақшып, үшқын шаша бастады. Отырган жерінде қомпандалап:

— Міне, істің жайын білетін жігіт осылай ердің сөзін айттар болар, — деп бір серпіліп қалды.

Анау да қызылтану бол:

— Партия шешіміне, оның бас қолбасшысы, аса ардақты Никита Сергеевич, тікелей сіздің аманатынызға адалмыз! Орталық Комитеттің тапсырмасы мүлтіксіз орындалады деп көміл сендіремін, — деп және желпінді.

Сосын сөз тізгінін Хрущев өліп әкетіп, сөйлес берді дейсіз... Гәп неше сағат сөйлегенінде емес, не айтқанындағой. Соған тоқталайын... Астықтың шығымдылығын арттырудың жолда-ры қайсы? Сүбесіне қол батпайтын қой стідесіз бе, жоқ аппақ қардай сиыр сті керек пе — соның бәрін бағып семіртуудің әдісі бар ма? Қаймагы қарыс келетін сүтті, жесен аузыңдан дәмі кетпес кілегейді дайындау құпиялары қандай? Не көк құрақтай бітік балауса — жүгеріні қалай мол өсірмек керек? Тәтті түбір — қант қызылшасын мал азығы есебінде пайдалануға бола ма, болса оны дайындаудың тиімді көзі қайда? Сондай-ақ, азықтық бүршақты өндіруді қалай бастаган жон? Қара құмық пен тарыны егудің құпиясы бар, оларды өсіру сырына қанық жан емге табылмайды, сондықтан не істсөн керек? Қеріп отырсыз, тыңдаған кісінің құлагы сарсылғанын былай қойғанда, қанша мәселе-ленің басын шалып, ақыл — кенес айтқанының өзін аяғына дейін естігсінше, шыдамыңыз таусылып біткендей. Ол — ол ма? Әңгіме ауыл шаруашылығы тақырыбынан кілт қалашылықтардың құрылышын қалай салған мақұл, сәбекшілердің тұрмысын жаксартудың нендей жолы бар дегенге ойысты. Үйып тындалап отырмыз. Нұсқау үстіне нұсқау беріле бастады. Бұрын да ай-

тылған, басқа аудиторияларда кеше де осы мәселе сөз болған. Тұрғын үй, аурухана, балалар бақшасы, бөбекханалар, асхана — бәрі де шұғыл салынуға тиіс. Мұны басқа бірсө емес, ұлы держава саналатын елдің бірінші адамы айтып отыр. Екі стіп көр, қаржы қайда, құрылыш материалдарын кім береді, жұмысшы күші жете ме — соны ойлап, жүйкең жұқарып отырганда әлдебір шұғыл тапсырмасын ссти алмай қалсанған, не бетінді айтқандайсың. Орындалар-орындалмас — ол өз алдына бір мәселе, бірақ зейін қойып, бар ықыласыңмен ол кісіні тындауга тиіссің. Тындадық. Сөз аяғында бәріне табыс тіледі. Орнымыздан тұрып, ұзақ ду қол шапалақтады.

Кантемировшылар Хрушевпен осылай қоштасты.

Осы жолдарда бір кекесін бар-ау деген ойда қалмасын оқырман. Шыны осы.

12 наурыз күні Хрушевке ілесіп, Ақмолага — Тың өлкесінің ауыл шаруашылығы озаттарының кеңесіне келдік. Оган Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюромүшелері — Дәуленов, Шәріпов, Мацкевич, Соколов, сонымен бірге облыстық партия комитеттерінің төрагалары, республиканың көптеген министрліктері мен ведомстволарының басшылары қатысты. Салиқалы жиынга қатысу үшін Мәскеуден бірқатар жауапты қызметкерлер бар шаруасын жиып қойып, осында үшіп келді. Олар — КСРО Ауыл шаруашылығы министрі Ольшанский, КСРО Жоспарлау комитеті төрагасының орынбасары Лобанов, «Одақтық ауыл шаруашылығы техникасының» бастығы Кучумов, Қасіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитеттің төрагасы Зеленко, КОКП Орталық Комитетінің бөлім менгерушілері Ильичев пен Карпов, «Правданың» бас редакторы Сатюков, «Известияның» бас редакторы Аджубей, «Сельская жизнь» газетінің бас редакторы Поляков, Мемлекеттік Құрылыш Комитетінің төрагасы Гришманов, Сәулет және Құрылыш академиясының президенті Кучеренко.

Кеңесті ашу менің үлссіме тиді. Әрине, ондайда жолдан жығыласың ба, сыйлы қонақтардың атына жылы сөз лек-лекімен төгіліп жатты. Соколов баяндама жасады. Қостанайдан — Бородин, Солтүстік Қазақстаннан — Журин, Қекшетаудан — Новиков, Павлодардан — атқару Комитетінің төрагасы Жангозин сөз алды.

Тарихи құрғақ деректер көпшілікті қызықтыра бермейтіні рас. Осылардың ішінен академик Лысенконы бөле-жарып айта кетсем деп едім. Ол кезде оның басынан багы тайып, күні батып бара жатқан тұсы тұғын. Онан кейін іле-шала ВАСХНИЛ-дің академигі Кузьмин мен ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Байбурцян сөйлеп, Лысенконы бұрыш-бұрышқа тықсырып алған-ды.

Лысенко біліп айтса да, білмей айтса да, ерте егісті жақтайдын. Және дегенінен танбайтын. Бірақ тылсым табиғатқа жаңы жақын, жер анаға маңдай терін қалай төксе, солай емे де білген диқан қауымы оны қолдамады. Хрушевтің бүйрекі бұрып, Лысенконың пікірімен санасуга қанша шақырганмен дала академиктері табандылық көрсетті. Қызыл кеңірдектеспесе де, олар өз позициясын қорғап қалды. Қалай? Ең басты дәлел: Лысенко қазақтың сайын даласына тән ерекшелікті ескермеді, тыңцың егіншілік жүйесі мұны міндettі түрде талап етіп еді. Өмірдің өзі көрсеткендей, бізге Бараев басқарған Шортанды тәжірибе станциясы жеріне жеткізе зерттеген жер қыртысын қорғайтын жүйе керек тұғын. Оған егіс егудің мерзіміне, ылғалды сақтауға, жер жыртқан кезде қыртысын аударып тастамай, белгілі мөлшерді ұстануға, таза парды пайдалануға, тыңайтқышты жерге сіңіруге байланысты жұмыс комплексінен тұратын Бараевтың жаңалығы Терентий Мальцевтің зерттеуімен үндесіп жататын. Ол жер қыртысын аудармай жырту өдісін ұсынған-ды. Бұған Хрушев ләм деп, тіс жармады. Сүп-сүр боп, сазарды да отырды.

Ол кісіге құдай неғып сабыр берді десек, Хрушевтің тікелей нұсқауымен Алтай өлкесінен ауыл шаруашылығының маман ғалымдары Наливайко мен Чеканов (Алтай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты) арнайы шақыртылыпты. Олар өз сөздерінде азықтық ірі бүршакты өсіру, сондай-ақ құмық өндірісі жөнінде жинақталған тәжірибелі ортаға салып, өнгіме бағытын бұрып әкете барды.

Өндіріс озаттары — механизатор Довжик, малшы Самайбаев, жүгері өсіруші Жапаров, «Железнодорожный» совхозының директоры Франк, Қекшетау облысының аудандық партия комитетінің хатшысы Моргун және басқа да сөз сөйлегендер тың өңірінің астық шығымын арттыру, ет, сүт және озға де ауыл шаруашылығы өнімдерін қобейту мәселесінде бірқатар құнды

ұсыныстар жасады. Самайбаевтың сөзі көпшілікті еріксіз елең еткізіп еді. Сөз аяғын Никита Сергеевичке тіреп:

— Жылқы — мінсөң колік, ішсөң сусын, жесөң ет. Бал татыған қымызы жой сусын емес, дертке шипа, бойға қуат. Мейіздей еті қандай! Білем-білем қазысы, кесек-кесек жал мен жаясы, қатпар-қатпар қартасы ше?! Жатқан береке өрі арзан. Сол байлықтан көре көзге айырылып отырмыз. Қазір түсімізге кіретін халға жеттік, — деп еді, Хрушев іліп әкетті.

— Менің ескі досым Самайбаев дұрыс айтады. Жылқыны қанша өсірем десендер өсіріндер. Мына сайындалага сыйғанша өсіріндер, — деді мырзалығы үстап.

Әттен, айтуға келгенде, алдымызга жан салмаймыз. Бар мәселе — істе, оны үйымдастыруда. Мал — баққанға бітеді. Дайын асқа — тік қасық деп, тіс шүқып отырып, ақыл айту скінің бірінің қолынан келеді.

...Кеңестен кейін Хрушевке:

— Сіз күнде келіп жатқан жоқсыз. Оның үстіне мына Гришманов пен Кучеренко зәуінде бір болмаса қолға түсе бермейді. Олардың осында жүргенін пайдаланып, өлке құрылышыларының басын коссақ, шешілмей жатқан проблемаларымыздың жайын өндімелесек қайтеді? — дедім.

— Мұныңыз табылған ақыл, — деп ықыласпен келісім берді. Хрушев бұжолы да көсіле сөйледі. Тоқ етері былай: тың төсіндегі құрылыш баяғы ата-баба жолымен емес, бұғінгі заман талабынан шығатындаі өрі шапшаш, өрі индустримальды негізде жүргізілуге тиіс деген тұжырымға табан тіреп, сол жерде Гришманов пен Кучеренкога Маскевичпен бірге өлке орталықтары мен тың совхоздарында құрылыш қарқының күшайте түсу жөнінде қажетті ұсыныс жасауга тапсырма берді.

Бір елді — ашса — алақанында, жұмса — жұдырығында үстап тұрган сыйлы адам келіп жатқанда, шаруа үстіне шаруа қосылып, мұрныңан шанышласың гой. Сондай бір жұмысбасты бол жүрген тұста Хрушев:

— «Ақмола» деген сөз не мағына білдірсі? Орышаландаршы, — дейді.

Сол жерде республика Жогарғы Кеңесі Президиумының тәрагасы И. Шеріпов пысықтық көрсетіп: «Белая могила» деп аударады. Онсыз да ілік таппай отырган Хрушев сол жерде

қаланың атын өзгерту керек деп, тапсырма берді.

Мұны естіген мен төбес шашымды жұлғандай болып, Никита Сергеевичке Ақмоланың тарихын, оның «киелі жер» деген мағына білдіретінін қанша дәлслемейін, міз бақпай, айтқанынан қайтпады.

— Никита Сергеевич, — деймін пікірін өзгерту үшін, — бұл бір халықтың тарихы, үрпактан-үрпаққа қалдырган ескерткіші. Аққайрақ тастан тұргызған жатқан қорғаны. Гүндар дәуірінсін келе жатқан биік қамал. Ақмола 13—14 ғасырларда тұргызылған. Есіл өзенінің бойында керуен жолы өтетін кешу — Қараоткелді 5—6 ғасыр бойына сұлулыққа бөлеп тұрган күмбез. Бірақ қазақ бастан кешпеген тарих аз ба, 19-ғасырдың екінші жартысында қирап бітті. Ел есінде оның аты гана қалды. Енді содан да айырылғалы тұр.

Ол, жасырып керегі не, пікір таластыра қоятындаі терен білімді, сұңғыла ойлы кісі емес еді гой. Айттым — бітті, деп морт кететін-ді. Соган салып:

— Мола тарихы осымен тынды деп есептеңіз, қаланы Целиноград деп атын өзгерту керек, — деді.

Ендігі жерде сөз шығын қылудың өзі де қылмыс еді. Наурыздың 20-сы күні Ақмола қаласының атын Целиноград деп өзгерту жөнінде И. Шеріпов қол қойған жарлық жалпақ жүртқа жария боп кетті.

...Күрілышылармен откізген кеңес аяқталысымен біз Алматыга жүріп кеттік. Жолда әуслі Карагандыға аялдадық. Облыстық партия комитетінің бюро мүшелері тайлыш-тұяғы қалмай қарсы алды. Уақыт тығыз-таяң тұғын. Обкомның бірінші хатшысы Соломенцев облыстагы шаруаның жай-жапсары туралы Хрущевке қысқаша хабарлама жасады. Сол бойда біз атқа қондық. Мойынты — Шу темір жолымен түстікті бетке алдық.

Хрущев козін сығырайта түсіп:

— Бұл неге Мойынты-Шу деп атап-ған? — деп сұрады.

— Өзіңіз байқап отырған шыгарсыз, бұл республиканың Солтүстік облыстарын, Орталық Қазақстанды Оңтүстікпен жалғастырып жатқан магистрал. Ұзындығы — 438 шақырым. Халықтық қарапайым әдіспен салынған. 1946 жылдан бастап осы жолға мындаған колхозшы жыл сайын 2—6 айдан көмеккес

келіп, қолқабыс жасады. Оның соңғы бөлігі 1953 жылдың қазан айында падалануға берілді. Соның арқасында Сібір орманы мен Солтүстік Қазақстанның астығын, Караганды көмірі мен металын оңтүстік облыстарға тез тасымалдауға мүмкіндік алдық, — дедім.

Байқаймын, қабагы салыңқы, құлықсыздау тыңдалап отыр.

— Біз келе жатқан темір жол пайдалануға берілген Алматыдан Петропавлга дейін 755, Целиноградқа дейін 1746, ал Карагандыға дейін 2194 шақырымға қысқарды.

Менің жауабым оны қанағаттандырды ма, жоқ па, білмеймін. Бірақ Мойынты-Шу темір жолының қысқаша тарихы мөн-маңызы осындаид еді. Жол салушылар екі жақтан келіп Сарышаган станциясында түйіскен жерде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен үкімет атынан құрылышты-теміржолшыларды құттықтап, құміс қада қаққанмын. Оның қиын-қыстау құндерінде басы-қасында болғаным және бар. Сондықтан бұл магистрал маган ете ыстық. Әрине, Хрущевке мұның бірде-бірін айтқаным жоқ.

Белгіленген уақытта, Алматыға бара жатқан жолда Хрущев Жамбыл ауданының «Рославль» қой совхозына сокты. Солтүстік Тянь-Шаньның тап іргесіне қоныс тепкен шаруашылық. Отар станциясынан түп-тура жеті шақырым жерде. Ел басшысын көріп, сәлемдесуге жиналған жұртта қисап жоқ. Ауыл-аймақ тайлыш-тұяғы қалмай жиналышты. Даға табигаты бөлек қой. Малы иесіне, адамы жерінс тартады. Көңілдері дарқан, ниеті тұзу. Аңқылдан, актарыла сөйлейді. Өзіндей көреді. Жатсын деп, жатырқауды білмейді. Тегі басқа, тұбі бөлек демейді. Құшағын ашып, барын алдына тосады. Ауыл агалары шаруабаққан, сибекте үздік шықкан үркердей топты — шопандарды қарсы алуға шығарыпты. Қолдарында — нан, тұзы. Қара жолдың екі жақ бетінде отар-отар қой, үйір-үйір жылқы бытырай жайылып, жаңа тебінде келе жатқан көкті қуалайды. Сол күні аспан шайдай ашық еді. Көк шоқы, түйсө оркеш жоталар қонақтар ілгерілеген сайын ала қашып, үзай түседі. Осының бәрі Хрущевті айрықша сезімге бөлсесс керек. Айналасына сүйсіне қарап, табиға — ана салған суреттен көз алмайды.

Ол машинадан шыққан кездे әлгі үркердей топ ортага алып, әңгіме тиегін ағыта жөнелді. Хрущев сауал үстінен сауал

қояды. Шопандар қысылып-қымтырылу жоқ, білгенін айтып, мұдірер түсі болса директорына қарайды. Стерликовке де керегі осы ма:

— Мына жатқан жер бір кезде күла дүз еді. Нәйете азғана жыл ішінде 207 үй, мектеп, Мәдениет үйі, 12 қашар салдық. Шаруашылық таза пайдага шықты, — деп түйдек-түйдек цифрды ағыта жөнелді. Хрушев жогалтқанын тапқандай қуанып:

— Қазақстанда дәп осындай тасы өрге домалаган жүзденген совхоз болуға тиіс, — деді. Деді де маған естіп тұрсыз ба дегендей қадала қарады.

Никита Сергесевичке күтпеген жерден ой туар еді және сол жерде оны ұлы идеяга айналдырып жіберуге тырысатын. «Еттың игерейік!» деген ұран табан астында өмірге келген. Бұл аса маңызды проблема еді. Уақытша шешім деп еттің, сүттің және басқа да азық-түліктің бағасын көтерген. «Коммунизмге қарай алға басудың» мұндай жолы халықтың қағанағын қарқ, сағанагын сарқ ете қоймаган. Қайта «жарқын болашақа» деген үмітіне көлеңке түсіргендей еді. Әлгі ұранның мақсаты: әрбір жүз гектар шабындыққа шакқанда 75 центнер ет, ауыл шаруашылығының өзге өнімдеріне 16 центнерден өндіру көзделді. Әрине, бұл цифrlар көктен өзі түскен жоқ, әйтсс де кеңеске қатысқан облыс басшылары бір оқпен екі қоян алуға үмтүлған мұндай тосын өзгерістерге аса сақтықпен әрі құмәндانا сөз еткен. Олар мұны ілгері үміт дүниесі екенін, ал дәл қазіргі таңда арыстанның айға шапқаныңдай әрекет екенін емеурінмен білдірген. Жағдайды шиеленістіріп жібсемес үшін, кеңесті мынадай сөздермен: «Тың жерді игеруді қандай карқынмен қолға алсақ, ст және басқа да мал өнімдерін өндіруді арттыру үшін солай қолға алатын мезгіл жетті», — деп аяқтауға тұра келді.

Облыс басшыларынан бір айдан соң өз ұсыныстарын беруді сұрады. Оган Хрушев бірсүйе бүйірінен біз сүққандай ыршып түсті. Менің скіүштылау тұжырымыма келіспей, оны басты багдарлама ретінде қабылдауга мәжбүр етті. Өмірдің өзі көрсеткендей, асығыстық ағаттыққа соқтырады, іспен тиянақталмаган шешім қашанда аяқсыз қалады. Ет жөніндегі науқан да осының кебін киді. Меніңшс, Хрушевтің ең үлкен «әттеген-айларының» бірі алды-артын ойланбай, өзім білемдікке салынып, тізеге басатыны еді.

Келесі күні Хрушев Қазақстан галымдарымен кездесті. Жұздесу Фылым академиясының үйінде отті. Фылым академиясының президенті К. Сөтпаев Қазақстанның болжамды металлогенді картасы туралы егжей-тегжейлі әңгімелеп берді. Бұл карта республикадағы пайдалы қазба байлықтардың бір-қатар қөздерін белгілеуге мүмкіндік оперетін. Қазақ КСР Фылым академиясының академигі Бектұров Қаратай фосфоритін пайдалануға, ал академик Шоқыұлы аса ірі гидротехникалық және энергетикалық жүйслер жасауға байланысты ойларын ортага салды. Шын мәнісінде, Қапшагай жасанды теңізін жасау жарты миллионға жуық шол даланы көкорай шалғынға бөлеудің кепілі еді, істің нәтижесі де соны көрсетті.

20—21 наурыз қундарі Қазақстан ауыл шаруашылығы қызыметкерлерінің кеңесі болып отті. Үлкен жиын алдында Хрушев:

— Наливайко мен Чеканова қайда орналасып еді? — деп сұрады.

— Ол кіслерді Ақмолада тындалған соң, кеңеске шақырганымыз жоқ, — дедім.

— Бекер істегенсіздер. Қазір оздері қайда?

— Қайтып кеткен.

— Со-лай ма? Онда шұғыл шақырттырыңыз. Алтай асып кетсе де алдыртыңыз, — деді булыға сөйлеп.

— Тым асығыстық болмай ма?

— Жоқ. Ирі бүршак өсіру жөніндегі олардың тәжірибесі — таптыртпайтын өнеге.

Олар сол күні Алматыға үшyп келді.

Абай атынdagы опера және балст тсатрында ауыл шаруашылығының маңдай алдылары мен үйимдастырушылары бас қосты. Бұрынғысынша үйренген жолмен жүріп, әуслі облыс басшылары мен еңбек озаттары, сосын Хрушев ұзақ сөз сөйле-ді. Одан бері отыз жылдан астам уақыт отті, не айтқанын мазмұндаң жатудың қызығы да бола қойmas. Бірақ сол кеңестің екі сөтін еске ала кеткім келеді. Оның бірі — Жогары Кеңес Президиумының, Министрлер Кеңесі мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Н. С. Хрушевтің есімін Қазақстан өндіріш күштерін көтерудегі сіңірген еңбекі үшін республиканың Құрметті алтын кітабына енгізу туралы қаулысын оқыдым.

Екіншісі — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Жоғары Кеңес Президиумының тапсыруымен Хрущевке «Тың және тыңайған жерді игергін үшін» медалын тапсырдым. Хрущев балаша қуанды. Тебіренгені сонша, мені қапсыра құшақтап, өмірі істемеген тірлігін көрсөтті. Ел алақандары қызарғанша дүйлдата қол соқты. Бәлкім, бұғінгі өмір парқымен таразыласақ, оның әлгі қылышы маган пәлендей абырой әпермес еді, бірақ болған іс болды, бояуы сінді...

Түстен кейін Хрущев поезбен Мәскеуге аттанды. Мен оны Ақтөбеге дейін шығарып салдым. Жол ұзақ. Ондайда әркім көрген-білгенін әңгімелеп, өткенін еске алып, уақыт оздыратын әдеті. Никита Сергеевич кісі зеріктіре қоймайтын әңгімелілігі бар. Оның жатқан вагонына жиналған бойда сол кісіге құлақ түреміз. Обалы нешік, Хрущев біздің республиканың өмірін өте жақсы білетін. Қазақстанның бұрынғы басшыларының қызметінен де хабарсыз емес екен. Скворцовқа, Шаяхметовке, Оңдасыновқа мінездеме бере келіп, олардың қызметі туралы тым құрыса бір ауыз жылы сөз айтса қане!? Хрущев түніліп отыр скен деп, қазақтың үлкен қогам қайраткерлерін жоққа шығарасың ба және қанына тартпағанның қары сынбас па:

— Сонда ең басты кемшілігі неде деп білесіз? — деп жұмсақта сұрап едім:

— Сталин не айтса, соны гана орындалп отырды. Республика халық шаруашылығын өркендестуге қатысты Сталиннің алдына бірде-бір мәселе қойған жок, — деді. Сосын қынжыла сөзін сабақтады: — Тынды ертерек көтеруге де болатын еді. Оған не Мәскеуде, не Қазақстанда тірі жан бас көтермей, шықпа жаңым, шықпа деп жатты.

Оның Сталин туралы КОКП XX съезінә дайындық жайында ұзақ сонар әңгімесін жалықпай тындадық.

— Әділет жолы — қыын жол, — деді Никита Сергеевич қызына сөйлеп. — Қандай қияннattар жасалғанына өзге түгілі өзінді сендіру оңайға түспеген уақыт. Сталин елдің жаны мен қанына айналып кеткені сонша, жеке басқа табынушылық туралы баяндама жасау бірден шешілмеді, ішкі талас, тартыс күшейді. Басқа-басқа Орталық Комитет Президиумының

мүшелерінің бетін бері қарату қашама күшке тұсті. Сталиннің серіктестері — Молотов, Каганович, Ворошилов, Микоян (мен Анастас Ивановичтің есімін атағанда шалқамнан түсे жазадым) баяндаманы жасатпаймыз деп, табандап отырып алды.

Хрущев сөз арасында Сталиннің кейінгі әйелі жайлышының лсбіз білдіріп, онымен өнеркәсіп академиясында бірге оқығанын, екеуі де партком мүшесі болғанын еске алды. Әйелге тән сынықта жайдары мінезі, пандығы жок, қарапайымдылығын аузынан сұы құрығанша айтып, Сталинге әйелі арқылы жол тапқанын да жасырмады. Ол әскери қайраткер, Азамат соғысы жылдарында Қызыл Армия бөлімдерін басқарып, Краснов пен Деникиннің әскерлерін, махношилар мен петлюрашыларды, ақ поляктар мен врангельшілдерді талқандаган И. Э. Якир туралы, онымен бір аулада қалай бірге тұрганын сыр қып айтып отырды.

Хрущев Алматыға келген кездे Якирдің ұлымын деп, бір кісі оның қабылдауында болғаны бар. Өзі Қазақстанда тұрады екен. Оған дейін Никита Сергеевичс хат жазыпты. Оның мұнда келуін пайдаланып, жұзбе-жұз отырып, ұзақ әңгімелесті. Ол кеткен бойда:

— Жақсыдан қалған коз ғой. Мені сагалап келіпті. Пәтер беріп, жұмысқа орналастырсаң қайтеді? — деді.

Мен Хрущевтің өтінішін скі стпей, Якирдің басына баспа на, жаңына жайлышты тауып бердім. Бірақ, кейінірек ол өзінің Якирдің баласы емес, алыстан қосылатын туысы скенін айтып маған хат жазып жіберілті.

Өмір деген осы, қара басының қамы үшін періштені де, жолдан тайдырудан тайынбайтын пенделерсіз болмайды.

Хрущев Югославияга барып қайтқан-ды. Сапары жайлышы, Югослав жөнекалықаралық жұмысшы қозгалысының көрнекті қайраткері Броз Тито туралы, онымен достық қарым-қатынасты қалай қалпына келтіргенін ұзақ әңгімелей келіп:

— Стalin алған бетінен қайтпайтын тоңмойын еді. Соның салқыны скі ел арасындағы қарым-қатынасқа әсер етпей қалмады. Титога өз қолымен Социалистік Еңбек Ері атагын беріп, артынша қайтып көрместей теріс айналды. Мен айттар едім, Броз Тито да ерекше мінезді адам. Тілін тапсан, онымен ымырага келуге болады. Стalin оның алдында кішірейгісі келмей, мұлде

теріс бағыт үстанды, қырын қабақ болуымыз осыдан, — деп, Сталингө деген кектің үшін мұнда да ангартып еді.

Келесі күні біз мінген поезд Түркістан станциясына қарай бест түзеп келс жатты. Вагон терезесінен Ахмед Яссайи мавзолейінің құнгас шағылысқан күмбездері алақанга салғандай көрінс бастады. Хрушев мұндай гажайыпты көремін деп ойламаса керек. Көзі түскен бойда:

— Мынау негылган гимарат? — деп, тандана сұрады.

— Бұл қазақ халқының көне мәдениеті тарихында ерекше орны бар архитектуралық ескерткіш, — деп түсіндіре бастадым.

— 12 ғасырда Кожа Ахмед Яссайи деген ұлы ақын әрі философ өмір сүрген. Текті кісі болыпты. Экесі Ирбаним от ауызды, орақ тілді шешен болса керек. Бізге жеткен аңыздарға қарасақ, Қарашаш деген анасы да қара жаяу кісі смес дейді. Ахмед жастайынан жетім қалып, жоқшылықтың тақсіретін шегеді. Өмірдің ашы зардаптарын тартқан бала қөрген-білгсінін көкірекке түйіп өседі. Ол кездे мына сіз келе жатқан қала Яссы деп аталаипты. Ахмед 1166—67 жылы дүниес салып, шагын мавзолейге жерленеді. Кейін мұсылман қауымы тәуеп ететін етіп, дүға оқитын қасиетті орынға айналады. Бұл скінші Мекке атанған жер. Кейінрек ақын жерленген қабір басына үлкен мавзолей салынады. Мына көрія отырган ескерткіш соның бүгінгі жүрнагы.

— Оны кім салдырган? — Байқаймын, Никита Сергеевич бұрынғыдан бетер күмарта түскен сыңай ангартады.

Ақсақ Темірді естуініз бар шыгар. 14-ғасырдың аяқ шені мен 15-ғасырдың басында соның әмірімен орнатылған күмбез екен. Ел арасына Ахмед Яссайдың «Даналақ жайындары кітабы» кеңінен мәлім. Кіл төрт тармақты өлеңнен тұрады. Ақын бала қүннен бастап алпыс үшкедейінгі өмірін баян стеді. Темір Шейх жырларына, оның құдіретті қүшіне обден ықыласы ауып, Яссы қаласына келген жерде, дүға оқығаннан соң осы мавзолейді салуға әмір етіпти.

Хрушев маган жақындаі түсіп, өңгімеге дең қоя түсті. Мен де асықпадым. Білгенімді түгел алға тарттым.

— Өзіңіз білесіз. Ақсақ Темір мен оның ст жақындары басқарған елдердің біріндес де мұндай ескерткіш жоқ. Оның ықыласын оятқан өлгі кітапта қазақ халқының сжелгі мәдени-

етіне, тарихы мен этнографиясына, әдебиеті мен өнерінс, тіпті экономикасына қатысты фактілерді көздестіруге болады. Ақынның тегін адам емес сценін білген. Екіншіден, бұл исі мұсылманға киелі жер екенін білген ол өз абырой-атағын да ұмытпаган.

— Мавзолейдің нендей ерекшелігі бар? — деп мен күтпесген және бір сауал қойылды.

— Егер сенсеміз, бұл Орта Азия мен Қазақстанда тендерсі жоқ зәулім күмбез. Ішінде мешіт, ақын мавзолейі, Үлкен жөнс Кіші Ақсарай, кітапхана, ас үй, қоймалар, қазандық бар. Үлкен жөнс Кіші Ақсарайда мемлекеттік мәселелер шешілсе, кітапхана діні агарту орталығы болған. Ал, мавзолейде сонау 16-ғасырдан бастап қазақтың атақты үлдары жерлесніп келген. Мысалы, қазақ халқының бірігіне, Жонғар шапқыншылығын тойтарып, елдің слідігін сақтауга үйтқы болған Абылай хан осында жатыр. Абылай хас батыр гана емес, даналығымен дараланған тұлға. Кореген кісі болған. Өз халқының біртұтастығы мен жерінің бүтіндігін ойлаған ол Россия боданы болуға бірінші боп қол қойған достық пейілін өзініз тарихтан білесіз.

Хрушев сыр білдірмеуге тырысып, ептеп бас изеп мақұлдаган болады.

— Айтқандай, — дедім оның назарын аудара түскім келіп, — қазақтың ұлы демократ-ағартушысы, тұңғыш галымы Шоқан Уәлиханов осы Абылай ханның шөбересі боп келеді.

Хрушев менің сөл ұзақтау болса да ықыласпен айтқан әңгімеме дең қойғанын мынадан білдім. Ол сол гана езу тартып:

— Мен қазақтың бір ханы жерленген мүрдесі шығыр деп ойладап едім. Сіздердің тарихшыларының жоқ жерден дау тудырып, қызыл кенірдек боп жатады да, срікіз осындаі ойга жетелейді. Енді кімнің кім екенін түсіндім, — деді ағынан жарылып.

Сөті түскен жерде айтып қалмасан, орайы келе бермейді гой, Кенесары көтерілісі туралы даудың қайдан шыққанын шет жагалап түсіндіре келіп, оның осы Абылай ханның нәмересі екенін таратып айтып бердім.

Поезд ілгері жылжыды. Біздің әңгімеміз одан өрі жалгасты.

— Никита Сергеевич, қазақ талай-талай аласапыранды бастан кешкен халық. Ол ұзақ тарих.

— Оны білгеннен зиян көрмей отырмын. Қысылмай айта беріңіз.

— Мені дұрыс түсінгенізге рақмет! Біз есебімізді алдып, бүтіндігімізді ойластырудың мезгілі туып отыр. Оған жағдай туғыза бастаганың үшін сл риза. Бір кездері қазақ халқының астанасы Орынбор болғанын өзініз білсіз. Сосын Ақмешіт — қазіргі Қызылорда қаласы. 1929 жылдан бастап Алматыга көшірілген еді. Қысқа мерзім ішінде үш рет қоныс аударыпты. Ал, миллионнан астам қазақ бытырап жүр. Солардың көбі Орынбор, Астрахань, Омбы, Новосібір облыстарында, тіпті Қытай мен Монголияда тұрып жатыр.

Ол қарқылдалап кеп күлді. Әлден уақытта барып:

— Қазақтар әлі күнгес дейін көшіп-қонуын қоймаган ба? — деп кекесін сұрақты қолдансан тартты. Мен тамагыма тас тұрып қалғандай тығылдым да қалдым. Соны сезді мс ол:

— Халықтың бір елден бір елге ауысуы — бұл ұжымдастырудың қателіктері. Мұндай күбылды Украина да орын алды. Халық күштеп колективтедіруден қашып, бас сауғалар пана іздел кеткені рас, — деді.

Мен жат жерлік боп кеткен ағайынга іздеу салып, жоқшы болар кез келді дегенге иіп әкеле жатыр едім. Ол соны сезгендей:

— Біраз отырдық білем. Демалайық, — деп орнынан тұрды.

Мен қоштасып, поезд соңына тіркелген оз вагоныма қарай кеттім.

Көмекшім Әбдірашитов ексуміз Хрущевпен болған әңімені ой елегінен қайта өткізіп, оның ұсыныстарынан, нұсқауларынан, пікір-тұжырымдарынан түйін жасадық. Котере алмас шоқпарды белгс қыстырмайық деп, колдан келстіндерін бөлек жұптауга тырыстық. Соның озі де аз смес екен. Қадау мәселе ретінде республикага қой шаруашылығын оркендешу және азықтық өндірісті ұлғайту идеясын Министрлер Кеңесіне ұсынуға рұқсат бергені әлі есімде.

Қызылордада бізді обком хатшысы Тоқтамысов қарсы алды. Кім болса да барын корсеткісі келеді. Аймақтың алға тартары — ақ күріш. Қонаққа соның жайын баяндап шықты. Хрущев те табан астынан ұсыныс жасады. Маган:

— КОКП Орталық Комитетінің қарауына Қазақстанда күріш егуді өркендету туралы ұсныныс снгізініз, — деді.

Көріп отырсыздар, біздің бұл сапарымыз жағасы жайлауына кетіп, емін-еркін жүретін қыдырысқа ұш қайнаса сорпасы қосылмайтын, поезд ішінде де жұмыс бір сагатқа да тоқтап көрген жоқ.

Бірде Хрушев:

— Дінмұхамед Ахметұлы, біз осы Қазақстан көлемінде қанша шақырым жол жүрдік? — деп сұрады.

— Петропавлдан Алматыға дейін 1800 шақырымнан асып жығылады. Санай барініз, Алматыдан Ақтөбеге дейін және 2300 шақырым. Сонда бас-аяғы 4000 шақырымнан асыпты. Бұган Ресейдің шекарасына дейінгі 8—10 сағаттық жолды қосыңыз, — дедім.

Ол қарқылдан күліп алды да:

— Қазақстанның тарихын жақсырақ менгеру керек екен. Бұл жерлерде үлкен халық мекен сткен-ау, сіро. Әйтпесе, осыншама ұлангайыр жерді қалай жайлауы мүмкін, — деп ішкі ойын жасыра алмай, ашық айтып салды.

Мен бұган да тәубе дедім. Мойындаудың өзі де үлкен ерлік қой.

Біз келіп-кетуі бар — барлығы он ұш күн Хрушевпен бірге болыштыз. Осы уақыт ішінде республиканы өркендістүге қатысты талай-талай мәсслені шештік. Оны тізіп шығуга уақыт шіркін ұмыттырып та жіберді. Біразы әлі жадымда. Кейде ол кісі ақкөңілділікпен қалай айтып қалғанын білмейтін, сонда да болса ауыздан шыққан әр сөзінс мән беріп, қолдан келгенін аяқсыз қалдырмауга тырыстық. Оның Батыс Қазақстанда мұнай көздерін барлау, Қостанай облысындагы Лисаков қазба байлығын, Қаратай фосфоритін игеру жөніндегі ақыл-кеңестеріне дең қойып, шұғыл жүзеге асыруға үмтүлдық. Тың өнірінде шаңырақ көтерген жаңа совхоздарды сумен қамтамасыз ету, жаңа оқу орындарын ашу және басқа да мәселелер ойдағыдай шешіліп отырды.

Он ұш күн! Қат-қабат шаруага толы сағаттар артта қалып, қоштасар сөт те таяп келе жатыр еді. Шалқар станциясынан өткеннен кейін Никита Сергеевич мені өзінс шақырды. Бірге

отырып шай іштік. Өткен күндерге талдау жасап, түйінді сөзін айтуды да ұмытпады.

— Сіз бен біздің тізе қосып істейтін ең басты шаруамыз — тың, игеруді аяғына дейін жеткізу. Сол жұмысты бірінші кізеккес қойғаныңызды қалар едім. Отан Қазақстаннан мол астық, ең негізгісі бидай жәнс мал өнімдерін алуғатиіс, — деп бір сөт үнсіз ойга шомды да сөзін жалгастырды — Тың игеруді тым кеш қолға алдық. Ең үлкен қателігіміз осында. Мұны неге қайталап айта береді деменіз. Өйткені, бұл кешірілмес қателік. Оган Сталин ғана емес, Скворцов та, Шаяхметов те, Ондасынов та кінәлі. Олардың қателігін біз бен сіз қайталамауға тиіспіз. Сосын, КСРО геология министрі мен байланыссаңыз. Республикада геологиялық барлау жұмыстарын барынша жандандыру керек. Маган берілген ақпарат қарағанда, қазірдің өзінде-ак Қазақстанда металлургияны дамытудың, көмір және тыңайтыш дайындау үшін шикізат өндірудің сенімді де келешегі мол базасы деп есептеуге болады. Целиноград пен Алматыда қабылданған шешімдердің орындалу барысын маган хабарлап тұрыңыз.

23 наурызда Ақтөбеге келіп жеттік. Хрущевпен қоштасар сөт келді. Мен қолын алып тұрып:

— Республикаға келгеніңіз үшін, үлкен үйымдастыру жұмыстарын жүргізгеніңіз үшін, қолдап, көмек бергеніңіз үшін көп рақмет! — дедім.

Ол қолымды қайта-қайта қысып:

— Шын ықыласты қабылдауларыңыз үшін дән ризамын, қазақтардың қонақжайлышының көрдім, жер көрдім, ел көрдім. Бөрінен де барымыз қайсы, жогымыз не дегенді өз көзіммен көріп қайттым. Соган жағдай жасаганыңыз үшін рақмет, — деді.

Поездбаяу жылжып бара жатты. Ол төрсөзден, біз сырттан қол бұлғасып, тагы да қоштастық. Бірінші хатшы Орынборга, содан әрі Мәскеуге жол тартты.

Араға бір жылдан сол ғана астам уақыт салып Хрущевпен Алматыда тагы кездестік. Республиканың қырық жылдық тойына қатысуга шақырганбыз. Осы оқигаға байланысты салтанат 1961 жылдың 24 маусымында басталды. Кейінгес қалдыра-қалдыра жеткен жеріміз осы. Хрущев өні-міне деп, біраз сүйретпегес

салды. Ең ақыры мерзім 22 маусым болсын деді, сол күні Алматыға келіп тұсті.

Қонақ күтуден қын шаруа бар десе, бөсім бар берстін. Еліңің шетіне аяқ іліктірісімен көзі тұздс, конілі төрде болатын қонақтың мін тақпай кесткеніңе не жетісін. Никита Сергеевичті самолеттен түскеннен аяқ-қолын жерге тигізбедік. Аэропорттан резиденцияға дейін қанша жер, соның бөрінде де ондаган мың халық Хрушевтің жолын тосып, құшақ жая қарсы алып жатты. Салтанатты жиын басталғанға дейін биік таудагы Есік көлінде болып, жасыл жесек жамылған сая бақтарын аралап, жұпар ауасымен дем алды. Республика Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесін аралап, еңбеккер халықтың иглікті істепрімсін танысты...

Той басталды. Лұпіл қаққан жүректер. От шашқан жанарлар. Бал-бұл жанған куанышты жүздер... Қотеріңкі қонілдер. Хрушев сөйлеп, тойға арналған баяндаманы мен жасадым. Одақтас республикалардан, Румыния, Болгария, Монголиядан келген қонақтар құттықтау лебізін білдіріп — бөрі ойдагыдай өтіп жатты.

Түстен кейін Орталық стадионға жиналдық. Сөулетшілер Қапанов пен Косовтың жобасы бойынша бұл гимарат 1958 жылы салынып біткен, қырық жылдықтың митингісі осында өтпек.

Алматы ыстықтан өртеніп тұрган. Жиналған жүрттақисап жоқ, стадионның аузы-мұрнынан шыгады. Қонақтар отыратын жер бөлек, бөгде кісі тұмсық сұга қоятындағы тессік жоқ. Коргаушы да бар, қорған болатында жағдай бар. Қалай, қайдан кіргенін білмеймін, бірбейбақ алқын-жұлқын жетіп келін, тұра Хрушевке барды. Не айтқанын қайдам, Никита Сергеевич моншага түсіп шыққандай парт боп ашуға мініп алыпты. Қытығына тиген әлгі өйслдің айтқан шагымы да ауыз тұщырық дүниес болмай шықты. Соның өшін кімнен аларын білмей, үринарга қара таптай тұрган ол:

— Мына стадионың неше орынға лайықталған? — деді қатыңқы үнмен.

— Отыз бес мыңға жетіп жыгылады, — дедім сұрақтың сырына онша мән берсе қоймай.

— Яй-яй, сілтеген-ақ екенсіндер. Ал, Алматының халқы қанша?

— Жеті жұз мың.

— Сегіз миллион халық тұратын Мәскеудегі Лужникиді көріңіз де мынаны қараңыз. Жер мен көктей, — деді де табан астынан жалт бүрып, басқа мәселеге ойысты. — Менің сөзім радиодан берілे ме?

— Әлбетте! Қенес Одагының барлық радиостанциялары бір мезгілде жұмыс істеуге тиіс, — дедім мен.

— Өшіріп тастаңыздар! — деді қызырақтап. — Тек осы стадионга ғана естілетіндей болсын.

Хрущев қалай айтты, біз солай істедік. Ол сөз сөйлеп, сөзінің қорытындысында Қазақстан еңбекшілерін мерейлі тоймен құттықтай келіп;

— КОКП XXII съезін жаңа табыстармен қарсы алып, капиталистердің «әкесін танытайдық» — деді.

Митинг мерекелік концертпен жалгасты.

Кешкілік Министрлер Қенессінің Демалыс үйінде қонақсы берілді. Өзің куаныштан асып-төгіліп, біржагы қысылғаннан асып-сасып жүргенде, естен шыға қоймас, бірақ әлі күнге дейін аң-таң қалдыратын бір оқига болды. Сталиннің жеке басқа та-бынушылығын әбден әшкерелегеннен кейін оның есімін ауызға алудан қалғанбыз. Басқаша не істегендейсіз? XX съездің шешімі, тиісті қарары бар. Біздің міндеттіміз партия директивасын мінсіз орындау. Одан басқа жол жоқ. Болған да смес. Өз басым мұны батыл да аса ірі шешім ретінде қабылдағанмын. Шынында да Сталиннің сөзін сөйлеп, сойылын соққандардың төрт көзі түгел отырганда бұл жүрек жүтқандық еді. Бұдан артық тең таппадым. Ал, күтпеген осы қадамына Никита Сергеевичтің өзі екі ойлы ма? Мүмкін. Адам аласы ішінде. Солай демеске не шара. Менің бұлай ойлауыма мына бір оқига еріксіз итермелейді.

Қонақасыга бір жарым мындаидай адам қатысты. Шет елдік қонақтар да аз смес еді. Жиынның беташар сөзін мен айттым. Артық ауыз соз жоқ. Мына мазмұнда өрбіді:

— Біз данқты data — Қазақстанның қырық жылдығын ерекше жағдайда атап өтіп отырмыз. Қол жеткізген табыстар барышылық. Республика елсулі жетістіктерге жетсе ол, ең алдымен, үлттық саясатты сара жолмен жүргізін отырган партияның арқасы. Онда, құрметті Никита Сергеевич, тікелей Сіздің

де үлесініз бар, — деп осы бағытта ой өрбіте бастаган едім. Кенет Хрущев сөзімді бөліп:

— Сіз неге Сталин туралы еш нөрсө айтпайсыз, — деді шүқшия түсіп. — Сталин — халықтар достығын басты үйымдастыруши. Оны ұмытуға болмайды. Оны есте сактау керек.

Мен құлаққағысты естімеген адамдай, өзімнің ойымдағыны түгел айтып біттім. Бірақ, жоқ жерден Хрущевтің бүйректен сирақ шыгарғаны ойлантпай қалмады. Мұнысы несі? — деймін іштей. — Қагытқаны ма, қалжыны ма? Әлдс, сынап көргісі келгені ме? Қалай болғанда да орынсыз, елдің бірінші басшысына лайық қылық емес. Жоқ, бар шыны сол шыгар? Ойнап айтса да, ойлап айтса да, ол өз арына сын. Мен ақылдан сабыр артық дегенге жүгініп Сталин туралы ләм-мим деп тіс жарғаным жоқ.

Хрущевтің үнжырғасы түсіп кетті. Қабагы ашылмай, сыйдаған жарадан бетер тырсыып отырды. Ақыры, қонақасының аяғын тоспай қайтып кетті. Біз оны резиденцияға дейін шыгарып салдық. Бірақ кстер алдында оның көңілін көтеріп, бетін бері қараттық. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша ең күрметті қонаққа ат мінгіздік. Шіркін ат болғанда қандай! Луговой жылқы заводынан арнайы алдыртқан ақылтеке еді. Жұзіктің көзінен өткендей сұлуды көргенде Никита Сергеевич әйслі үл тапқаннан бетер қуанды.

Қайтарда Шәріпов екеуміз Хрущевті ортага алып, машинаның артқы жағына жайгастық та, көмекші офицер алдына отырды. Мінген бойда Никита Сергеевич офицерге:

— Атты менің поезыммен Мәскүге жөнелттіріңіз, вагон-гаражга салыңыз, — деді пысықтап.

— Вагон гаражда ат үшін орын жоқ, — деп, офицер қарсылық білдірді.

Арада үш, ары кстес бес минут уақыт өткенде Хрущев әлгі офицерге тапсырмасын қайталап айтты да:

— Сіз мені түсіндіңіз бе? — деп сұрады.

Анау да алған бетінен қайтпайтын не ожет, не қырсығы қырық есеккес жүк болғандай қыңыр — скінің бірі шыгар дедік, сазарып отырып алды.

Резиденцияға келіп жеттік. Хрущев машинадан түсе бас салғалы тұргандай:

— Сіздің не білгеніңіз бар? Маган қарсылық білдіретіндегі қандай қақыңыз бар? Министрлер Кеңесінің төрагасы мына мен бе, әлде сіз бе? Өүелі осыны айтыңызы, — дейді булығып.

Ұрысқан кісіде не береке қалғандай, ашуға мінген оны сыртынан табалағандай қарап тұруға адамның жүзі шыдамайды екен. Оның үстіне көзі үясынан шығып кетердей аларып алыпты. Көрін төгіп тұр. Оның мең басқан жалпақтау беті мен қолағаштай мұрны орт сөндіргендегі қызыарып кетіпті. Әке-көкеп деп жүріп, әрен сабасына түсіріп, жатар орнына жайғастырдым.

Атты тұнделетіп болса да вагон-гаражға апарып салдық. Офицер босқа шыжбалақтап жүр екен. Түлен-екең тұртпесе, тұнде қоян жорта ма дегендей, оның қызба мінезіне қызулық қосылған екен. Вагоннан бір емес, екі ат сыйып кететіндегі орын бар боп шықты.

Таңтерен Хрушевке келіп, кешегі мінгізген аттың паспортын тапсырдым. Кешегідей емес, жынынан айырылған бақсыдай, сабырды жолдас етіп, салмақты қүйіне түсіпті. Со бойда аэропортқа жетіш, самолетке отырғызық. Алып лайнер Мәскеуге мандай түзеді.

Республика өмірі өзінің бір қалыпты тіршілігімен тыныстап жатты.

XVIII

Әйел — ана! Әйел — адал жар! Әйел — қогам қайраткері, өнер шебері! Әйел — еңбеккер! — Осылай жалғастыра беруге бармын. Бірақ -М. Горькийдегі тауып айта алмасым анық. Шынында да: «Әлемнің мақтан тұтарының бәрі анадан туған. Күнсіз гүл шешек жармайды, махаббатсыз бақыт болмайды. Ал, әйелсіз махаббат жоқ, анасыз ақын да, батыр да болмақ емес». Мен Қазақстан әйелдерінің шілдеде өткен 1 съезіне осындаған ой жетегімен келіп. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің құттықтау хатын оқып беріп, сөз сөйледім. Съездің шақырылуының өзі республикада әйелдердің алатын орны, атқаратын ролі ерекше екенін көрсетіп берді. Мен оларға — үлкен-кішісіне түгел құрметпен қараймын. Партия, кеңес, кәсіподақ саласында өзінің ақыл-парасатымен, іскерлігімен, ізеттілігімен көзге түскендеріне үнемі қолдау көрсетіп отыруға ықыласты едім.

Араға үш ай салып Қазақстан коммунистерінің XI съезінс жиналдық. Әділ сөзінді айтып, ойынды іркілмей жеткізетін ең үлкен және ең беделді мінбс — осы съезд мінбесі. Есепті баян-дамада, делегаттардың сөйлеген сөздерінде неге назар аударылды дегенде, мен айттар едім, ең алдымен шаруашылық міндеттерді шешудегі, кадр мәселесіндегі, партиялық үйымдастыру және идеологиялық жұмыстардагы олқылықтарымыз өткір сынга алынды. Бұл беттен алып, төске шабу деген сөз емес, қайта орнымен, жөнімен айтылған әділ сын істің ілгері басуына жол ашатын еді. Сонымен бірге Қазақстан есеп беріліп отырған мерзім аралығында экономикада, ғылымда және мәдениестте елеулі табыстарға жетті. Бес жыл ішінде төрт жүзден астам ірі өнеркәсіп орындары мен цехтар іске қосылды, тың игерілгелі ірге көтерген колхоздар мен совхоздар Отан қамбасына үш жарым миллиард пүт астық құйды. Партия үйымдары ныгая түсті.

Съезд мені Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына қайта сайлады. Мен үшін партия, халық сенімінен асқан абырайлы іс жоқ еді.

Әрине, кейінгі жастар жағы болмаса, КОКП XXII съезі өткен жылдарда көзі ашық, көңіл ояу азаматтар оның материалдарымен жақсы таныс. Сондыктан, күңкіл сөзге құмар кейбіреулердің құлағына алтын сырға ілс қсткім келеді. Қалай десе де, Мәскеудің бізге көзі түзу тұғын. Делегаттарымызды «Мәскеу» қонақ үйіне орналастырганның өзі әжептоғар әңгіме еді. Менің Бас хатшымен арадагы сыйластығыма қарай итере салатын. Оған етіміз үйренген. Әйтпесе, өуелгі кездері осы ел республиканың экономикалық потенциалына неге қарамайды деп, күйіп-пісуден тайынбайтынбыз. Сосын, партия қызметкерлері осындай келелі жиындарда кімнің бірінші, кімнің кейін сойлеғенін есепке алып, сол арқылы Орталықтың оларға деген қөзқарасын айқындалп отыратын «ауруы» бар еді. Ал, осы съезде Брежнев маган жетінші бол сөз берді. Сол кезде әлгі «пысықтардың» не деп сайраганын естісөн, өзің үласың...

Съезд жұмысы жүріп жатқан кезде бір күн үзіліс алдық. Біз тоқтаған қонақ үйге комекшім Әбдірашитов келіп:

— Съезд делегаттары Сталиннің осы мандағы саяжайына барып қайтуға жиналышп жатыр, — деп хабар жеткізді.

— Жақсыны көрмек үшін, барсақ барайық, — дедім. Машина шақыртып, көпшілік жиналған жерге келдік.

Сталиннің бұл саяжайы орналасқан жері де, оның табиғаты да бөлек. Кешегі ел басына құн туған соғыс жылдарында, онан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру тұсында ол осы үйде тұрып, осы үйде дүние салды. Сырттай естіп, көз алдымызға елестеткендей смес, КСРО сияқты ұлы державаны жатқызып, тұрғызған «әмірші» тұрган саяжай сияқты деуге келмейді, жұпныны. Шап-шагын. Қөз алдарқату үшін-ау дедім, тұнық көк баяумен сырланыпты. Бізді кезекші майор қарсы алды. Көшеге шығатын есік жагынан кірмей, қызметшөлерге арналған есіктен келдік. Үйдің ішкі үлкен есігіне алып баратын, былай қарасан, екі кісі айналып өте алмайтын тар, бірақ ашы ішкестей созылған ұзын дәлізбен жүріп отырып, есік пен төрі сдоуір кен ауыз бөлмесе кірдік. Сол жақ бүйірде киім ілгіш тұр. Маршалдың шекспені, плащ және тон ілініпті. Киім ілгіштің үстіндегі жагында ескі малақай, жұқа құлақшын жатыр. Тонның етегін ала жамау-жамау пима көзге шалынады.

Майор есік ашып, біз үлкен болмегс ендік.

— Бұл болмс, — деді ол, — әрі асхана, әрі жұмыс кабинеті. Сталин осында мәжіліс откізіп, осында тамақтанатын, осында үйықтап, жұртты қабылдайтын.

Бөлме қабыргалары жұқа тақтайшалармен қапталыпты. Ұзын да үлкен стол тұр. Шагын столдар да болса керек, қабыргаға жағалай орындықтар қойылыпты. Бұрыш жагында былгарымен тысталған диван тұр. Сталин осында жатып дүниеден озыпты, жарықтық. Біз диван түбінде бір сөт үн-тұңсіз тұрып, әруакқа тәуеп еттік. Бөлме терезесінен айнала жүзімдік отыргызылған аядай гана аула көзге түседі. Үйден шығып, сәл-пәл ілгері озып едік, алдымыздан шагын үй кезікті.

— Сталиннің кызы тұрган үй, үлкен саяжай салынғанша, Иосиф Виссарионовичтің озі тұрган, — деді майор.

Экскурсия аяқталды. Бірақ одан түйген ой көп еді...

Мәскеуден оралысымен XXII съездің шешімдерін жүзеге асыруга жұмыла кірістік. Қарашаның 15—16 күндері КОКП Орталық Комитетті Ташкентте Орта Азия республикаларының, Әзіrbайжан мен Қазақстанның ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің аймақтық кеңесін шақырды. Кеңесте Хру-

щев әрбір гектардан ең кемі 25 центнерден қоза жинау міндетін қойды. Республикалардың Орталық Комитеттерінің хатшылары, совхоз директорлары, колхоз төрағалары, өндіріс озаттары ұсынысты толық қолдады. Маган сөз кезегі келген тұста:

— Оңтүстік аймақ бойынша әр гектардан 28—30 центнерге дейін мақта алуға міндеттеме аламыз, ал Солтүстік аймақ бойынша 25 центнерден төмен болады. Айналып келгенде, Шымкент облысы аталмыш көрсеткіштен кем өнім бермейді, — дедім.

Хрущевке бұл ұсыныс ұнамады.

— Жоқ. Солтүстік аудандар берестін мақта 25 центнерден кем түспеуге тиіс, — деп отырып алды.

— Никита Сергеевич, ол мүмкін емес. Сіз айтып отырган көлемде мақта беруге ол аудандардың климат жағдайы көтермейді, — деп дәлслеуге тырыстым.

Маган бұл аудандардың жағдайы бессенеден белгілі. Мақталақты сан рет кес-кестеп жүріп, өз көзіммен көргенмін. Әрине, көргенді күштеген жеңетін заман еді гой...

Партия жетекшісі өзінің қызмет саласындағы бар істі бүгешігесіне дейін білуге тиіс. Бұл менің бұлжымас өмір қагидам осы. Бұл жағынан өзгеге кешіріммен қарасам да, өзімс жеңілдік жасап көрген емеспін. Сондықтан республиканы аралауға шыққанда істің жайын көріп, біліп қайтудан гөрі, білікті мамандармен, галымдармен, мол тәжірибе жинақтаған адамдармен сөйлесіп, олардың сөзінен нәр, ісінен тәлім алуым мен үшін әлдеқайда маңызды еді. Сірø да, мұның өзі мен қабылдаған шешімдерге сұжып жақсы тірек өрі демеу еді. Ұзак жылдар бойы мен ауыл шаруашылығын жсте менгеруге мүмкіндік оперстін іспен шұғылданып келдім. Астық, мақта, қант қызылшасын дайындау жөнінде өкіл болудың сан рет сөті түсті... Халық тәжіриbesі — барша білімнің қайнар көзі. Өмір сол қайнардан сусындауға талай-талай мәжбүр етті. Оған өкінбеймін.

Карсы кслгенді қай басшы тәуір көрсіді дейсіз. Оның үстіне бір слді сұрап тұрган адам сенің ол срекелігінді оңайлықпен көтере қоймайды. Және сагат сайын қырық құбылып отыратын Хрущевтің қаһарына іліктім дегенше, иманынды үйіруге шама келтіртпейді.

Никита Сергеевич әдестте морт кететін. Неге екенін білмейдім, бұл жолы алыстан орагытып, шымшып, тістеніп сөйледі.

— Алға қойылған міндетті жүрттың бөрі дұрыс түсініп отыр. Ал, Қонаев өз пікірінен қайтар емес. Мына мен — Хрущев, орта цифр дегенді мойындағым келмейді. Сонда қалай, болғаны? Жалпы, Қазақстанда мақта өндірісін дұрыстап тәртіпке салу керек,— деп қыр көресте бастады.

Сол кезде залдан мақта жайын жақсы білестін біреу орнынан тұрып, Хрущевті кие жарып:

— Қонаевтың айтып отырганы дұрыс,— деді бар даусымен айгайлап.— Шымкент облысының Солтүстік аудандары (Түркістан тобы) ондай көлемде мақта бере алмайды. Оның ұсынысымен келіскең жон.

Хрущев қайтып ауыз ашпады. Колын бір-ақ сілтеді де орнына сылқ етіп отыра кетті. Біздің керілдесуіміз осылай аяқталды. Бірақ, бұл ізсіз қалмап еді...

Хрущев қараша айының 21—22-сіне Тың өлкесінің ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесін өткізуі белгіледі. Ол мені Ташкенттегі резиденцияга шақыртып алғып:

— Целиноградтагы кеңесті ың-шыңсыз өткізу керек. Жалпақ жүртқа жария студің қажеті шамалы, — деді. Ішіне құлта сақтаган кісі қанша жылы шырай байқатқысы келгенмен не қабагы ашылмайды, не созі қабыспайтын өдті. Тура қарай алмайды. Козі тайқып кете береді. Даусында өктемдік бар.

— Ауыл шаруашылығы өндірісінің озаттарымен өлкені одан өрі өркендетудің жолдары туралы ақылдасамын. Сондықтан жол жөнекей кездесу үйимдастыру деген болмасын. Халықты өүре-сарсаңға салмаңыз. Алматыға согып, ыргалып жырғалып жүргүрге уақыт көтермейді. Тура Целиноградқа тартамыз.

— Онда кеңеске республиканың батыс және шығыс облыстарының партия комитеттерінің хатшылары мен атқару комитеттерінің төрагаларын шақыралық.

— Қарагандылықтарды үмітпаңыз,— деді ол.

Ташкенттен таңертен шығып кеттік. Шымкент пен Жамбыл облыстарының үстінен оттік. Екі облыстың басшылары кездесеміз бе деп өрекест жасап коріп еді. Жолатпады. Целиноградқа дейін скі адам: мені мен теміржолдың бастығы гана кіріп-шығып, шаруа жайын сойлесіп тұрдық. Ақмола жеріне табаны тиғенде олке басшылары мен облыс тұргындары қарсы

алды. Конақ үйге түспей, түйікта тұрган өз вагонында жатып жүрді.

Тұстен кейін Ижевск совхозына, құс фермасын аралап көрдік. Өзін қолапайсыздау салған екен. Құрылыш материалдарын жөн-жосықсыз пайдаланыпты. Соны байқап қалған Хрушев жатып кеп ашуласын. Оның арқасы үстеган кісідей бұлқан-талқан болғанын екінші рет көруім. Сол жерде тұргандарга түгел үрсип, біразының жер-жебіріне жетті. Содан совхоз клу-бындагы жұмысшылармән болған жиналыста өзіне-өзі келе алмай өуреге тұсті. Қайтар жолда машина ішіндес маган:

— Соколовты (олкелік партия комитетінің бірінші хатшысы тұғын) Мәскеуге қайтарыңыз, олкені тұралатпаса, жолға қоя алмас,— деді.

Сол күні біз оны, ол бізді мазалаган жоқ.

21-қарашада кеңес өз жұмысын бастады. Оған өндіріс озаттары, шаруашылық басшылары, партия, кеңес қызметкерлері, галымдар қатысты. Кеңесті ашарда:

— Тың өлкесі! Отан алдында борыштар. Мемлекестке астық тапсыру жоспары орындалмады. Осының өзінсін-ақ тиісті қорытынды жасауга болады,— деп ой сабактай бастап едім, Хрушев сөзімді беліп, орнынан тұрды да:

— Сіз сылап-сипамаңыз,— деп дүрсे қоя берді.— Өлкे басшыларына қатаң талап қоймайсыз. Бетімен кеткені сонша, олар шімірікпестен жоспарды тұралатты, өз қызметтерін ақтамай отыр. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жемшөп дайындау жоспарын орындау талабы байқалмайды.

Мен тілімді тістеген күйі отырдым да қалдым. Хрушев сол киіп-жарған күйі сөзін жалғастырып өкетті.

— Тың,— біздің Отанымыздың жаңа даңқты тарихы. Тың — товарлы астық өндірісі жөніндегі ірі астық базасы. Тыңды игерудің бірінші кезеңінде, біз қысқа мерзім ішінде миллион-даган гектар жерді жыртып, астық өндіруді шүгыл арттырық. Қазір екінші кезеңде, егіншілік мөденистін арттыру міндеті тұр. Жылдан-жылга онімнің шығымдылығын өсіре түсуге тиіспіз. Астық, мал онімдерін күрт кобейту керек,— деп залда отыргандарга барлай қарады. Жүрт ықыласын байқап алғып, одан әрі сөйлем кетті.— Қазақстан жыл сайын бір миллиард, ал, өлкө жеті жұз миллион пүтттан астық тапсыруға міндетті. Бұған дейін пәтуаласқанымыздай, стті әрбір жұз гектар аңызға шак-

қанда жетпіс бес центнерден, басқа пайдаланылатын жердің жүз гектарына он алты центнерден ондіру қажет. Берік жемшөп қорын жасау керек. Колхоздар мен совхоздар қажетті алдыңғы қатарлы техникалармен жарақтанбайынша, ірі жөндеу базасы болмайынша ілгері баспаймыз.

Әрине, айтып отырган сөздерінің жаны бар еді. Жыртылған жердің көлемімен смес, егіншілік мәдениетін арттыру арқылы, одан алынатын түсім есебінен мол астық жиналық дегені де құлаққа қонатын. Бірақ, құргак үмітпен, берсөн де бересін, бермесөн де бересін деп, тізеге салғаннан миллиардтар алынбайтыны анық. Қыста ылгал жабу, жерді жырту, түкым себу, оны құтіп-баптау, тіпті төкпей-шашпай жинап алу — қанша тер төгуді қажет етеді. Оган ауа райы сай келсе құба-құп. Өкінішке орай, адамның дегені алдыңнан шықпай, сәбегің еш, тұзың сор болатын жылдар аз ба... Оны ескеріп жатқан Хрушев жоқ. Тіпті осы кеңесте Шортанды институтына, оның директоры А. И. Бараевтың атына өткір сын айтқанда, араша түсер амал таппай дал болды. Әділ сынга — құлдық. Ал орынсыз жазғырудан жаның күйгенде қоярга жер таппайды скенсін. Оның бар жазығы — қуанышылықты дағаның ауыспалы егіс танабында таза пар қолдануды, дөнді дақылдар егісін қысқа мерзімде аяқтауды, топырақты жер мен су эрозиясынан коргауды ұсынганы. Бұл Хрушевтің үмітін ақтамайды, өйткені тыңың бестен бір бөлігі жыл сайын тынығуга тиіс, еш нөрсө ондірмейді. Мұны Никита Сергеевич қабылдагысы келмейді. Сойтіп отырып егіншілік мәдениетін арттыру керек деп өситет айтады. Ал, Бараев болса, өз ұсынысын жүзеге асыруды талап етеді. Табигатты, оның аяулы перзенті — Жерді жалған миллиардтардың құрбаны студен сақтап қалғысы келеді. Оган Хрушев көнбейді, тіпті ашуга булығатынды шыгарды.

Үш жылдан кейін осы оқига күтпеген жерден қайта көтерілді. Талас-тартыстың әбден шарықтау шегіне жеткен тұсы осы болар. Хрушевтің Шортандыдагы институтқа келіп, Бараевтың басшылығымен жасалған жерді баптау жоне түкым себуде жетілдірілген жүйені іске асыратын машиналарды өз көзімен көріп, галымдармен әңгімелескені әлі есімде. Техникаларды атақты механизатор, ұмытпасам, Гаврилюк болар, жілікше шағып, түгел түсіндіріп берді. Қолында жер сұгаратын шланг бар еді. Сол жерде өлденені жууга тұра келді білем, соган қарай

енде оқтала бергенде, шлангідегі су атылып кетіп, Никита Сергеевичті малмандай қылды. Анау кірпік қағып та үлгермеді. Бір ауыз сөз де айтпады. Асықпай техниканы, егін даласын көріп шықты. Ал, оның есесіне Бараевпен оңеші жыртылғанша айғайласып, аузына келгенді құсты. Оны Шортандыға алап барып қайтқан кісіге үзілді-кесілді:

— Бараевтың көзін құртыңыз! — деп, машинага отырды да алды-артына қарамай тартып кетті.

Біріншінің сөзі — зан. Алайда, оны орнынан алу біраз уақыт сүйретпеге салынды: тексеру комиссиясы құрылды, өртүрлі құжаттар әзірленді... Сейтіп, ол балапан басымен, тұрымтай түсімен дегендей, жұмыс түгілі басымен өлек боп жүрді. Оның орнына басқа бір кісі келді. Соган қарамастан Бараев осы маңдан үзай қоймаған-ды. Дөл осы кезде КОКП Орталық Комитетінің қазан айындағы пленумы өтіп, Хрущев орнынан алынды. Академик Бараевтың жұлдызы жарық екен, тың игеру жолындағы ғылыми іздесістерін жеміспен жалғастырды.

XIX

1961 — Тың өлкесі үшін, сыпайылап айтсақ, өте ауыр жыл болды. Себеп дейсіз гой? Өлкес басшылары Хрущевкс арқа сүйеп алғаны сонша өз білгендерін істеп бақты. Мамандардың пікірімен санаспай көктемгі егіс уақытын бұзып, сүдігректерудің жоспарын орындаамады. Көктемде жер айдау көлемі жосықсыз үлғайып кетті. Тұқым себу кешеуілдеді. Жыгылғанға жұдырық дегендей, ала жаздай бір тамшы тамбай, құргақшылық қысып берді. Шығасына иесі басшы деген, міне, осы. Сейтіп, өлкес жер сипап қалды. Хрущев кімнің мандайынан сипасын, Соколовты орнынан босатып, сандалтып жіберді.

1962 жыл келді. Қаңтардың 12-сіндегі мен слуге толдым. Бұл — адам өміріндегі үлкен бір белес қой. Іштей шүкір дедім. Бақыт құсының маган оңайлықпен қонбаганын білем. Адам болсам, азамат болсам дедім. Пір болсам, пайғамбар болсам деген ойга желік берген смеспін. Адал сибекті жолдас еттім. Еңсемді көтерткен де, слуге танытқан да сол сибек. Сүйенгенім де сол, сүйініш тапқаным да сол. Қазақ: «Елу — қарттықтың

алды, жастықтың соңы», — дейді. Соның ішінде: «Елу — ердің жасы» дегенге жыгыламын.

Сол күндері Железнодорожник «Горный воздух» деген санаторийде Зуһра ексуміз демалып жатқанбыз. Ставрополь өлкесінің партия комитетінің бірінші хатшысы Ф. Д. Кулаков сүйінші сұрады.

— Федор Дмитриевич, қазақ сүйіншіге, көрімдікке, базарлық жомарт келсіді. Қалауын береді.

Қалауынды айт,— дедім.

— Отанымыздың ең жогары наградасы — Ленин орденімен наградталдыңыз. Соны айтып, қуантқалы келдім. Қалауым — сіздің куанышыңызға ортақ болғаным,— деді ол.

Сөз тапқанга қолқа жоқ деген осы.

Қайтар уақыт таяған. Шаруа бастаң асады. Республикаға Қараганды — Теміртау, Павлодар — Екібастұз, Жамбыл — Қаратай, Қостанай — Лисаков, Маңқыстау, Шығыс Қазақстан және басқа да өнеркәсіпті аудандарды өркендестуге мол күрделі қаржы бөлінген-ді. Қазақстан ауыр, жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында жаңа өнімдер шыгаруды қолға ала бастаған. Тұсті металл, шойын, болат, қаңылтыр, минералды тыңайтыш өндірісі арта түскен. Республиканың экономикалық картасынан ондаган жаңа қалаларды, совхоздарды темір жол магистральдарын, электр жүйслерін, элеваторды, алып заводтар мен фабрикаларды көруге болатын еді. Осы екпінді төмендегі алмай, қарқынмен жалғастыру міндеті түрді алда.

Біз ізгілік, иғілік үшін күрессек те өмір кіл жақсылықтан түрмайды. Өмір — ак пен қараның, қайғы мен қуаныштың, сүйініш пен қүйіншітің текетірессуімен қызық, қақтығысумен мәнді. Ескі мен жаңаның қатар жүретіні де содан, ал ексуінің кейде тастай батып, судай сіңіп бір-бірімен жымдастып кеткенін көргенде, еріксіз жага үстайсыз. Одан асқан құлқілі жағдай болмас. Әрине, бүгінгі көзбен қарасақ, құлқі шақыратыны рас, ал ол кезде мұны ұлы идея ретінде ұсынғандар өздерін қалай сезінгенін білсеңіздер. Қалаіда жүзеге асыру үшін жан таласқаның қайтерсіздер.

Бұл негілган жұмбақ философия дерсіз? Айтайын. Бірде, Павлодар облыстық партия комитетінің бюросы, несін айтасын, Павлодар қаласын Хрущевоград деп өзгертуге шешім

қабылдапты деген хабар алдым. Менің естуімше, бұл идея сол кезде осы облыста бірінші хатшы болып тұрган Слајневтеп шығыпты. Не істеу керек? Хрушев болса айдарынан жел сеіп түр. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарап үлгергені мынау.

Павлодарға телефон шалдым. Ығатын жан көрмедім. Құпініп отыр.

— Ондай шешім қабылдағанымыз рас! — дейді үлкен іс тындырып тастагандай.

— Құжаттарыңды «жогары» жаққа жібердіндер ме?

— Бүгін-ертең деп отырмыз.

— Онда былай, жабулы қазан жабулы қүйіндес қалсын

— Оны қалай түсінсек скен?

— «Тоқтат!» деген сөзді басқаша түсінудің қажеті бола қоймас.

— Елдін бәрі құлақтанып үлгерді. Тіпті Хрушевтің көмекшісіне дейін біледі.

— Мейлі, Өзі естісе де әңгімсі осымен догаралық.

Осылай Павлодарды Хрушевоград деп атая жөніндегі шешімге тосқауыл қойылып еді.

Сөз арасындағы әңгіме гой бұл. Одан маңыздырақ тақырыпқа ойысайын. 1962 жылы қоқтемде Хрушев Пицундага үлкен кеңес өткізді. Оған Ресей, Украина, Қазақстан, Қазақстанның тың өлкесінің басшылары қатысты. Жұмыс істеуге бар жағдай жасалыпты. Мені Воронов, Подгорный жатқан резиденцияга орналастырды да, біздің республикадан барған делегация (Дәүленов, Мацкевич, Козлов, Соколов және т. б.). Беріяның Гаградагы саяжайына тоқтады.

Кеңес алдында Хрушевке жолығып, шешімін күткен бірқатар мәсслелер жонінде кең отырып сөйлескенмін. Негізінен ауыл шаруашылық органдарының құрылышы туралы ортақ пікірге келіп, көп шаруаның ойдагыдай тынганына тоқ көнілмен кеңеске барғанмын.

Кеңесті Хрушевтің өзі ашты. А. И. Микоян қатысып отырды. Сол жерде Бірінші хатшы селолық-аудандық партия комитеттерін таратып, ауданарапың ондірістік басқармалар құру жөнінде мәселе котерді. Апыр-ау, күні кеше гана пәтуага келіп кеткен жоқ па едік. Енді мынасы нессі даймін аң-таң қалып.

Байқаймын, жұрт солай қарай ауып барады. Амал жоқ, орнынан тұрып, сөз сүрадым. Жасырмадым, қайта үйымдастыруға қарсы екенімді айта келіп, өз ұсынысымды жасадым.

— Егер бұрынғы құрылым қалайда өзгереді деген тоқтамга келсек, онда өр бір ауданың өз басқармасы болғаны жөн,— дедім.

Хрушев бұган келіспеді. Келіспегені былай тұрсын, өзімді талай жерге апарып таstadtы.

Кеңестен оралысымен ауыл шаруашылығы мен партия органдарын қайта құруды жедел қолға алдық. Біз, айтпады, көптеген аудандарда өндірістік басқармаларды сақтап қалдық. Қалай болғанда да, осы бір аласапыран уақытты бастап кешкендер өлдекайда жақсы сезінеді деп білемін. Хрушевтің қайта құруы еш нәтиже бермегі. Қошіп-қонумен, жұмыс іздеп сабылумен уақыт оздырып, қара шығынга баттық. Бөрінен де мұның кесірі қара халыққа тигенін айтпай кетуге болмайды.

Шілденің 9-ы күні Хрушевтің секретариатынан телефон соғып, менің Румынияға баратын партия-үкімет делегациясына енгсінімді жөнс 14-шілдеден қалмай Мәскеуге келуімді сесертті. Делегация құрамында мыналар бар еді. Гришин — кәсіподактардың Бүкілодақтық Орталық Кеңесінің төрагасы, Андропов — КОКП Орталық Комитетінің бөлім меншерушісі. Кузнецов — Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары. Ельдарова — Дағыстан Жогарғы Кеңесі Президиумының төрбасы, Бодюл — Молдавия Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы. Делегацияны Хрушев бастап барды.

Мәскеуден поезден шығып, Кишиневке кеп аялдадық. Жүзімнің жеті атасын осірстін сл гой. Молдава дагы атагы жер жарып тұрган шарап заводын аралатып, жер асты қоймасынан ең жогарғы сапалы «домінен» ауыз тигізді. Сол күні түстен кейін Румыния шекарасына қарай жол тарттық.

Әулі Яссыға келіп тоқтадық. Жергілікті окімет басшылары қарсы алып, вокзал маңындағы алаңға жиналған жұрт алдында Хрушев соз сөйлемді. Бухарестте Георгиу-Деж бастаган Румыния Компартиясы Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелері түгел алдымыздан шықты. Содан талай слді мекенді,

қалаларды аралап, тарихи орындарды көрдік. Тарихқа жүгінсек, 1940 жылы қыркүйекте Король II тақтан тайдырылып, оның баласы Михай Король болды. Сол Михай тұрган үйді көрдік. 50 мыңнан астам адам бас қосқан ірі заводта Хрущев пен Георгиу-Деж сөз сөйлемеді. Біз елге қайтарда румындар қонақасы берді. Жанжалдың неден басталғанын білмейміз, әйтеуір Хрущев пен Георгиу-Деж ұзақ көрілдесті. Басында социалистік елдер арасындағы өзара тиімді көмек көрсету проблемаларын кеңінен сөз етіп отырган. Әрине, Никита Сергеевич отырган жерде жүгері өсіру мәселесі сөз болмаса, ішken асы бойына сіңбейтін әдеті. Бір ши шықса, сол жүгеріден кетті мес дедік. Аузымызды жинап алғанша Н. Чаушеску алқын-жұлқын жүгіріп келіп:

— Бізді қалай сынағысы келсе, солай сынасын, тек жүгері егу жөнінен кінә арта алмайды. Оны түсініп жатқан Хрущев жоқ,— деді ренішін жасыра алмай.

Содан дау таң атқанша созылды. Қонақасы откен залдан тұра аэропортқа барып, 25-шілдеде Мәскеуге үшіп кеттік.

1962 жыл, жогарыда айтқанымдай, республика үшін жөне мен үшін де жүйке жүқартқан қының жыл болды. Румыниядан қайтып келісімен Орталық Комитеттің пленумын откізіп, астық жинау мен жемшөп өзірлеудің барысын қарадық. Құргақшылық түгел жайлап алған-ды. Әсірссе, астықты облыстардың еңсесін көтертпеді. Ең басты шаруа — жер бетінде шыққаның төкпей-шашпай жинап алу, сосын келесі жылға қам жасау. Істің мұндай түйікқа тірелуіне Мәскеудін, оның ішінде Хрущевтің кінәсы аз емес. Бұған кадр мәселесіндегі ауыс-күйісті қоссақ, аяқ-қолымызды біржола матап тастаған-ды.

Бір жолы Хрущев телефон согып, әй-шай жоқ:

— Сізге ашығын айтайын, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы өлсіз, дұрысы — дәрменсіз басшы, нашар үйымдастыруши болып шықты. Оны дереу орнынан алып, КОКП Орталық Комитеттің қарауына жіберіңіз,— деді.

Орталық Комитеттің бюро мүшелерін жинап, Хрущевтің нұсқауын қалай сстідім, солай жеткіздім. Родионов қызметінен

босатылып, Мәскеуге жіберілді. Бұл осымен тынса жақсы еді. Артынша Министрлер Кеңесінің төрагасы Дәуленов қызметтен кетті. Ол бұл қызметке Тәшеновтен кейін тағайындалғанды. Соғысқа дейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің 3-ші және 2-ші хатшысы. 1939—1944 жылдары Башқұртстанға кетіп, сонда совхоз директоры бол істеді. Орталық Комитеттің шақыруымен қайта келіп, Талдықорған облыстық жер басқармасының бастығы, сосын Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрагасы, Министрлер Кеңесі жаңындағы су шаруашылығы бас басқармасының бастығы, Семей облыстық партия комитеттің бірінші хатшысы сияқты лауазымды қызметтер атқарды. Жасыратыны жоқ, биік мансапты жігіттің жігіті көтереді. Баққа да бап керек, тәубе керек. Сәлкен соны көтере алмады. Лайықсыз мінездер көрсеткені үшін Орталық Комитеттің бюросы оны орнынан алды. Министрлер Кеңесі төрагалығына Алматы облыстық партия комитеттің бірінші хатшысы М. Бейсебаев тағайындалды.

Оқырман, сірә да, Хрущев екеуміздің арамыздың шиеленісіп бара жатқанын аңгарып отырган шыгар деймін. Мен оны табиғи нәрсе фой деп есептеймін. Партиялық тәртіп — қатаң категория. Коммунист рстінде мен оны партияны мызғымас бірліктे үстайтын негізгі күшке, күре тамырға балайтынмын. Сонымен бірге кез келген коммунист кез келген басшыға, мейлі ол қандай лауазымда болмасын, оған өз пікірін ашық айтуга, келіспсуге, қарсылық білдіруге толық ұқы бар. Мен бұған дейін және қазір де осылай деп есептеймін.

Хрущевке бір емес, әлденеше рет қарсы дау айттым. Оның көзқарасын үнемі және барлық мәселе жөнінен қолдадым деп ойлаймын. Көп жағдайда ойымыз бір жерден шықпай жататын. Онымен пікір таластыруга барғанмен, тартысуға жоқ едім. Жасын да, жолын да сыйлайтынмын. Бслгілі бір мәселе жөнінен көзін жеткізуге тырысатынмын, кейде оның сөті түскенмен, көбіне айтқаным тындар құлақты таптай жататын. Біз республикада өлкелер құру жөніне келгенде маңдай тіресіп қалдық. Сол күннен бастап арамыз суи бастады.

Жалпы, алауыздықтан бойды аулақ салғанға не жетсін? «Алтау ала болса, ауыздагы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген рас. Бірақ, айтпасаң сөздің атасы өледі деген және

бар. Біреу біліп айтады, біреу тауып айттым деп қауып айтады. Содан барып, дау-дамай өрбиді. Біздің алауыздығымыз соз қутан кісінің емес, істің мұддесінен, елдің, қазақ деген халықтың тағдыры, табиғатынан туған талас еді. Соны қысқаша баяндай кетейін.

Халық шаруашылығын басқару ісін жақсарту үшін, жаңа облыстар үйымдастыру қажет деп есептедім. Соған орай, Торгай облысын ашуды ұсындым. Оған мынадай дәлслім бар тұғын. Мәселен, Костанайдан Торгайға дейін жер аяғы кең кезде жеті жүз шақырым. Қыстың козі қырауда бұл арага барып-келу ақыреттің ақыреті. Қарым-қатынас жайы осылай болғанда, нақтылы басшылық туралы қандай әңгіме болмақ? Бар құжатты қаттап алып, арнайы Хрущевке бардым. Қазіргі кіріс-шығыспен, облыс ашылғандагы кіріс-шығысты қатар қойып:

— Торгай облысын үйымдастырайык, әлеуметтік түрғыдан да, экономикалық жағынан да пайдалы,— дедім.

Хрущев ұсынысты қабылдамады.

— Солтүстік Қазақстанның ірі-ірі астықты аудандарын қалай басқаруды ойланармыз,— деп шыгарып салды.

Таласудан пайда шамалы, көп ұзамай оның хатын алдық. Хаттың нобайы былай: таяуда Конев менің қабылдауымда болып, басқару жүйесін жетілдіру үшін басқаларды большектеу есебінен жаңа облыс үйымдастыруды талап етеді. Ал мен тың облыстар жөнінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросын үйымдастыруды жөне оны Целиноградта орналастыруды ұсынамын. Ондай шешім, сөз жоқ, қабылданды. Бюро торағасы етіп Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы Соколовты сонда жібердік.

Бұл, орине, әңгіменің бір үзігі гана. Мұның астарында не жатқанын кейін білдім.

Арада біраз уақыт өткен, Хрущев хабарласты.

— Мен тың облыстары жөніндегі Бюроны таратып, оның орнына құрамында бес облыс бар Тың олkesін құруга шешім қабылдадым,— деді.

Мен одан:

— Ол өлкө екі жақты багыныштылықта бола ма? — деп сүрадым.

Хрущев қоштап жауап берді.

— Бұл түбірімен қате, Никита Сергеевич, біз жерді не үшін кесіп-пішіп жатырмыз?

— Сіз жете түсінбеген сияқтысыз,— деп сөз артын сиырқұйымшақтатып жіберді. Телефонның үні өшті.

Тың өлкесі құрылды. Артынша Мәскеуде осы әңгіме одан әрі жалгасты.

— Мынадай ұсыныс бар,— деді Никита Сергеевич.— Қарағанды облысын Тың өлкесіне қоссақ деп едік.

Мәслихат Хрущевтің кабинетінде өтіп жатты. Оған Микоян, Козлов, Брежнев, Косыгин, Первухин және басқалар қатысып отырган-ды. Мен салған жерден Хрущевке:

— Бұлай етуге жол беруге болмайды,— деп қарсылық білдірдім.— Егер Қарағанды бассейнің өлке құрамына қоссақ, онда астықтан біржола айырылдық дей беріңіз. Өлке астықпен айналысуын қояды...

Хрущев менің ойымды аяқтатпай:

— Өнеркәсіпсіз тыңды көтере алмаймыз,— деді ол.— Сіз тагы да жете түсінбей отырысыз... Біз Қарағандыны капиталистеге беріп жатқанымыз жоқ қой. Қонаев қарсылығын қайтып алуға тиіс.

Дәл осы кезде Микоян менің жыртысымды жыртып, өз байламын айтты. Байқауымда, Хрущевпен ет жақын адамдай емін-еркін сөйлеседі екен.

— Босқа күйіп-піспе, Никита Сергеевич, сенікі дұрыс емес. Егер Қарағандыны тыңгерлерге берсек, күні ертең өзіміз өлке басшыларын көмірмен айналысуға мәжбүр етеміз, ал астық скінші қатарға ысырылады. Тың өлкесі көмір емес, астық өндіру үшін құрылып отыр деп ойлаймын.

Осы тәрелікке тоқтадық. Қарағанды өлке қарауына берілмей, бұрынғы қалпында қалды. Мен Микоянга шын жүректен шыққан алғыс сезімімді білдірдім.

Бірнеше айдан соң Хрущевпен және сойлестім.

— Міне, көрдіңіз бе, Тың өлкесі өзін-өзі қалай ақтап отыр! Қазақстанда тагы осындаи екі өлке үйымдастырсақ, оған қалай қарайсыз? Тегінде, Қазақстан халық шаруашылығын өлкелік басқаруга көшетін мезгіл жетті. Ал, болашақта республикааралық шекара жойылатын болады.

Хрущевтің бір өдеті — мәселені жогары жақта пісіріп алып,

шешімін бір-ақ айтады. Көңіл түссе, ақылдақан болады, ал шекесі тырысып отыrsa, алды-артына қаратпай, тізеге салып-ақ жібереді. Бұл жолғысы да соның кебі. Республикада Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан өлкелері құрылды. Шығыс Қазақстан өлкесі туралы ұсыныс дайындалып жатты...

Істің қалай, қайда ауан алып бара жатқанын кейінірек түсіндім. Дәл осы тұста құрамына Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қыргызстан және Қазақстанның Шымкент облысы басшылары енген Орта Азия бюросы құрылды. Хрушевтің құллі жымықы ойы осыдан кейін тайга таңбасқандай айқын бол еді. Ол болашақта республика арасындағы шекараларды жою жөніндегі өз идеясын қалайда тезірек жүзеге асырмак. Рас, оның наиза бойламас арам құлығын кеште болса түсіндік. Енді не іstemек керек бізге? Мәселе осында.

Хрушев те қара жаяу кісі смес. Өзінің шыңырау түбінен жүргізген сүмдық саясатының шет жағасын менің жетс үгіна бастиғанымды үнемі қарсы келетінімнен сезбеді деп айта алмаймын. Бір келесе, кедерің қайдан келетінін ол да түсінген. Сонда болса, кісі қолымен от көссуден танбады. Бір кездеске-німізде Хрушев былай деді.

— Маңышлақ түбегін Түркменстанга беру қажет.

— Неге?

— Түркмендердің тәжірибесі мол. Олар Маңышлақ мұнайын тезірек игереді. Шолді және жартылай шолді аймаққа әбден бейімделген, олардың геологиялық барлау үйымдары өлдсөйінде мықты.

— Сіз біздің мүмкіндігізді дұрыс багаламайды скенсіз. Біздің мұнайшыларымыз да, геологиялық барлау үйымдарымыз да ешкімнен кем түспейді. Оның үстіне осы шешім жүзеге асқандай болса, тарих Сіз бен бізді ешқашан кешірмейді.

Ол ыршып түсті. Бір қызырып, бір сұрланды.

— Бір халықтың гана мұддесін көздемсіз. Бүкіл Кеңес одагына мұнай керек. Және орасан мол мұнай қажет. Сондықтан барлау жұмыстарын құшайтken жөн.

Ол біраз үнсіз отырып, маган мынаны ескертті:

— Қазақстанда болған кезімде мен бұл мәселе жөнінде, сізге айтқанмын. Сіз естісепті де естімегендей болғансыз. Жагдайды түсініп тұрып, түсінгіз келмейді. Еш негізсіз қарсылық білдіріш отырысыз.

Маган шегінер жер қалмады. Табан тірейтін, өз сөзімнің дұрыстығына коз жеткізетін бір-ақ кісі бар еді.

— Менің уәжім дәлелсіз десеңіз, геология министрі Сидеренкомен сөйлесіп көріңіз,— дедім.

Ол телефон тұтқасын көтеріп, Сидеренкомен байланысты. Менің бағыма қарай геология министрімен екеуміздің ойымыз бір жерден шықты. Оның саңқылдаган даусын мен де анық естіп отырдым.

— Никита Сергеевич, Қазақстанда геологиялық қызметтің мықтылығына еш күмәнің болмасын. Қазактар Манғышлақты жылдамырақ игереді, оған тәжірибе де жетеді. Оның бср жағында тубек таяу арада Ақтөбे және Гурьев темір жолымен жалғасады. Мұның өзі Манғышлақ мұнайын игерудің тезде-те түседі,— деді.

Хрущев «түсінікті» деді де, телефон тұтқасын сылқ еткізіп қоя салды. Сосын маган қарап:

— Біз өлі де ойланайық,— деді.— Әл-әзір Қазақстан мен Түркіменстан шекарасын бұзбай тұра тұралық.

Осыдан кейін Маңқыстау мәсслесіне ол қайтып оралмады. Бірақ Хрущевпен арадагы әңгіменің шарықтау шегі әлі алда еді.

1962 жылы желтоқсан айының орта түсінде Қазақстан өнер шеберлері Кремльдің съезддер сарайында концерт беретін болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшелері — Бейсебаев, Шәріпов, Юсупов және басқалары түгел Мәскеуде жүрген. Мен Хрущевке телефон согып, концертке шақырдым. Ол скі сөзге келмей:

— Міндепті түрде барамын, Мұмкін, Кремльге, маган келін кетерсіз,— деді.

Мен жиырма минот ішінде сонда болдым. Хрущевтің кабинетіне кірсем, Микоян отыр екен. Аман-саулық сұрасқан соң, Хрущев:

— Концертке КОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшелері түгел қатысады,— деді.

— Біздің өнер шеберлеріне көрсеткен зор құрмет деп біле-міз. Рақмет! — деп мен де дардай боп қалдым.

— Мәскеуде жүрген Бюро мүшелерінізді түгел шақыруды ұмытпассыз. Концерттсін кейін кездесіп, әңгімелесудің жөні келін тұр.

— Жақсы.

— Маган бұғін Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Юсупов келіп кетті,— деді маган көз қызығын секем бір конілмен тастап, созіп сабактады.— Ол мақта өсіретін аудандарды Өзбекстанга беру туралы мәселе қойып отыр. Меніңше, оте құнды пікір.

Тәбсінен жәй түскендей, үнсіз отырып қалдым. Ол менің тарапымнан «нс жоқ, нс мақұл» деген сөз шықпаган соң:

— Ол аудандарды Өзбекстанга беру шөл даланы игеруді тездетіп, мақта өндірісін ұлгайта түседі,— деді.— Юсуповтың дәлелі де көкейге қонады: өзбектердің ұсынысын қолдаймыз. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пікірін білсек деп едік.

Мандайдан біреу періп жібергендей күй кешіл, ойым он саққа кетті. «Бұ қалай болғаны?» — дес ойладым.— Осы бұғін гана Юсуповпен кездесіп, сөйлесіп едім. Ондай ойдың үшқынын да білдірген жоқ. Сол екі арада ессебін тауып... идеясын өткізбек қой? Мәссленің байыбына бармай, егжей-тегжейлі таразылап алмай, ағайынды скі елдің тағдырын, оның гасырлар бойы қалыптасқан шекарасын шешпек пе? Жоқ, бұлай ел тағдырымен ойнауга болмайды... Сондагы мақсаты нс? Алдыартын ойламай осылай мәселе шеше ме кісі? Оган асығатындаи не көрінді».

Өзімді сабырға шақырып, әдептен аттап кестпуге тырыстым. Әйтсе де, ойымдагыны іркіп қала алмадым.

— Мен Юсупов ұсынып отырган ұсыныстың пайдалылығын өз халқыма дәлелде берес алмаймын. Біріншіден, біз тың игеруде әлдекайда бай тәжірибе жинақтадық, екіншіден, шөл даланы игеруді бастаган да біздің республика. Оган тек мақтадың шығымдылығы жөнінен гана смес, сонымен бірге басқада онім түрлерінен аса жогары көрсектішке қол жеткізген. «Мактарал» совхозы дәлел. Техника мен қаражат беріңіз, мақта өндірісін арттыру үшін қолдан келгеннің бөрін жасаймыз. Ең бастысы, Оңтүстік Қазақстан республикадагы тұргылықты халықтың ең тығыз орналасқан жері. Біз отпен ойнап отырмыз: республикалардың арасындағы қарым-қатынас шиселенісп кестеі мүмкін.

Өкінішті-ақ! Менің айтқан уәждерім Хрущевке мұлдем

ұнамады. Өйткені, ол әлдеқашан өз байламын жасап қойғанды. Осы арада Микоян сөзге араласты. Ол үшін бірдей мақта өсіретін ауданды Өзбекстанга беру жөнінде Хрущевті қолдай келіп:

— Юсупов жазған хаттағы сң басты мәселес осы,— деді.

Хрущев әңгімені шырып:

— Өлкелік партия комитеті хатшысының ұсынысын кешкілік КОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшелері мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшелері бас қосқан жердс шешеміз. Мен осы мәселені қарап, шешуді ұсынамын. Ал, сіз өзініздің бюро мүшелеріңізбен тагы да ақылдасыңыз,— деді.

— Егер КОКП Орталық Комитетінің Президиумы беру керек деп шешсе, амал жоқ, шешімді орындайтын боламыз, бірақ өз басым мәселенің бұлай шешілуіне үзілді-кесілді қарсымын,— деп жауап берді.

Концертке дейін Бейсебаспен, Шәріповпен сөйлесіп, болған жайды бүкпесіз ортага салдым. Олар: «Қарсылықтың түбі жақсылыққа апарып сокпайды. Атағыш аудандарды беруге келісу керек» деп кеңес берді.

Концерт жайына қалды. Құлагым шыңылдан, басым мензен. Сахнада не болып жатыр, көріп те отырганым жоқ, естіп те жарытпадым.

Үзіліс кезіндес Хрущев әңгімені қайта көтерді. Ол маған Юсупов жазған хатты ұсынып жатып:

— Аманатты орындау үшін тапсырамын,— деді. Онымен қоймай, Юсуповты жер-көкке сыйғызбай мақтады.— Іске мемлекеттік тұргыдан қараган мұндай азаматтарға барынша қолдау көрссту керсек!

Біз қасірет арқалап шықтық...

Егер Хрущевке өлкелерді үйімдастыруда, республиканың мақта өсіретін аудандарын Өзбекстанга, ал Маңыстауды Түрікменстанга беруде неге қарсы шыққанымның себебін ашып айтсам, ол былай: біріншіден, отіңнен ет кесіп алғандай азапты тірлік, ата-бабаңың кір жуып, кіндік қаны тамған жерін кім қигандай. Мен республикадагы істің нақтылы жағдайын, өзгеден гөрі кобірек білетін едім. Мен отірік-шыны аралас ақпарлардан смес, құнделікті өмірде қоян-қолтық араласып, оз кө

зіммен көріп жүргендіктен жақсырақ білемін. Қазақтың ежелгі жерін бауырлас елге берсең де мұндай шешімге біздің халқы-мыздың наразылығын еріксіз тұтызған болар еді. Және солай болды да. Ол үшін партияға, оның Орталық Комитетіне, тікелей Хрущевке, осы жолдардың авторына да слідің өкпесі қара қазандай еді. Ол сываттың өлі күнге дейін орны толган жоқ. Әрине, одан бері қанша жыл өтті. Ендігі әңгіме ақталғандай әсер қалдыруы мүмкін. Сондықтан бұл арада арымның тазалығына гана қуәдармын. Хрущев «тақтан» тайғаннан ксійін барып және мениң талабым бойынша Өзбекстаннан скі совхоз, 500 мың қой және ертеректе өткен жерлерден басқа аудандар кері қайтарылды.

...Біз бетімізбен жер басып шыққан күннің өртөндегі Алматыға қайтуға жиналып жатқанымда Козлов телефон согып:

— Желтоқсанның 25-шіе Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумын белгілеуді сұраймын. Пленум жұмысына қатысуға ықыластымын,— деді.

— Жақсы. Сіз айтқан күні пленум шақырылады,— деп қысқа жауап қайырды.

Менің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығынан босатылатыным айдан анық тұғын. Ол үшін пәлендей сезімталдықтың немесе көріпкелділіктің қажетті жоқ еді. Хрущевпен арадагы «қақтығыстар» обден пісіп жетілген-ді.

Желтоқсанның 24-і күні Козлов Алматыға үшіп келді. Жылы шыраймен қарсы алып, төс түйістіріп амандастық. Жол бойына келісінің мөнісі жайында ауыз ашпады. Сірө, әр нәрсе өз уақытында деген болар. Аздап демалып алып, Орталық Комитетке келді. Ертсінгі өтстін пленумның жұмыс тәртібін ретке келтіре бастады.

— КОКП Орталық Комитетінің Президиумы,— деді ол, — Қонаев жолдасты республика Министрлер Кеңесі Төрагасы ретінде пайдалануды тиімді деп санайды. Бірінші хатшылыққа Юсуповты, ал екіншіге — Соломенцевті ұсынады. Біздің ұсынысымызды қолдауды сұраймын.

Козловтың бар айтқаны осы.

Мен еш өкпес-назсыз, шын созімді алга тарттым.

— Аты аталған жолдастардың кандидатураларын пленумда қолдаймын. Ал, мені жаңа қызметке тағайындауға қатысты айтарым, үзілді-кесілді қарсымын. Мені республика Гылым академиясының қарамагына, тау-кен институтына жіберуді сұраймын.

Козлов менімен келіспей:

— Мұндай шамшыл мінездің не қажеті бар? — деді ол. — Біз сізге аса жауапты орынды ұсынып отырмыз, ал сіз болсаныз бас тартасыз. Хрущевпен егеспегенізді қалар едім.

Осыны айтты да Козлов Юсупов пен Соломенцевті шақырып алып, түскі тамаққа бірге кетті. Мен пленум материалдарын қарап шықпақ боп қалып қойдым. Іле-шала «ВЧ» қоңыраулата жөнелді. Тұтқасын көтеріп ем, арғы жақтан Хрущевтің даусы естілді.

— Козловпен кездестіңіз бе? — деп сұрады.

— Иә, кездестік.

— Сіздің жаңа қызметіңіз жайында айтылды ма?

— Айтылды. Бірақ, ол ұсыныска мен келісімімді бергенім жок.

— Неге?

Мен бас тартуымның бар себебі мен дәлелін қолмен қойғандай ғып айтып шықтым. Сірі, бұлтартпастай ғып жеткіздім білем, ол:

— Министрлер Кеңесі төрагасы қызметінде сіз әлдеқайда көп пайда әкеледі деп білсміз, — деді.

Мен қарсылық білдіре бастап едім, Хрущев:

— Біз өз шешімімізді өзгертпейміз! Әңгіме осымен бітті... — деп телефон тұтқасын қоя салды.

Пленум Козловтың ұсынысын мақұлладады. 1962 жылы желтоқсанның 26-сы күні мені Министрлер Кеңесінің төрагасы етіп тағайында туралы жарлық шықты. Сөйтін, мен екінші рет осы қызметтің ыстық-суығына бірдей төзуіме тұра келді. М. Бейсебаев менің бірінші орынбасарым боп тағайындалды. С. Ниязбеков Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшылығына, ал Соломенцевтың орнына — Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына Банинков ұсынылды.

Бейсебаев барынша адал, коммунистер ісіне шын берілген

азамат еді. Партия, кеңес жұмысында айтарлықтай тәжірибе жинақтаған кісі. Ол өз қызметін Орталық Комитеттің бірінші хатшысының көмекшілігінен бастады. Зейнетті демалысқа Министрлер Кеңесі төрағалығынан шыққан-ды. Сондай-ақ Ниязбековты жүртшылық жақсы біледі, бүкіл гұмырын халық игілігіне сарп еткен аяулы азаматтардың бірі. Зейнеткерлікке дейін республика Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасы болды.

Сонымен араға үш жыл уақыт салып Министрлер Кеңесіне қайта оралдым. Мұнда қаралып, шешілген көптеген мәселелер маған жақсы таныс. Аппаратты әрі айқын, әрі жедел, әрі тәртіп-пен жұмыс істету — өз міндестімді осы бағытқа негізделдім. Қарамағымдағылар мені түсініп қана қойған жоқ, сонымен бірге үнемі қолдап, қуаттап отырды. Іс басқарушы Д. А. Сырцов — байырғы коммунист, өз ісін жетік білетін адам, ол ішкі жағдайга талдау жасай келіш, аппараттың барлық буындарындағы жұмыстарға бақылауды қүшейтудің қажеттігін тиянақтап берді.

Министрлер Кеңесінің аппаратында халық шаруашылығы кеңесі мен облыстық атқару комитеттерінің басшыларымен өткен кеңесте мен бағдарламамды айқындал берген баяндама жасадым. Қай салада болмасын іске қосылған қуаттарды толық игеруді, артта қалушы кәсіпорындарды тезірек қатарға тартуды, өнім сапасы үшін батыл қадамдар жасауды талап еттім. Қазақ: біткен іске сыншы көп дегенді текке айтпаган. Кім қай қызметте болмасын, кейін соны еске алғанда тау қопарғандай әсерде жүресін, сен сияқты ешкім қызмет істемегендей желлініп отырасын. Оның тек елге аян, сарапшын да сол халық. Сондықтан, еңбеккер елді дұрыс жолға бағыттай білгенімізді айтсам, оны жүрт сөлекст көрмес деймін.

Наурыз айының 3-і күні алтыншы сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайландым. Сессияда Министрлер Кеңесінің төрағалығына қайта тағайндалдым.

XX

Әр жылдың өз ауыртпалығы, өз жақсылығы бар. 1963 жыл

қырын келді. Құргақшылық солтүстік астықты облыстарды да «құшағына» алды. Қыс аяғы ұзаққа созылып, көктемгі егіс әрі кеш, әрі сылбыр басталды. Жаз ортасы болса да шыққан егіннің жайы көңіл көншітпейді. Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Юсупов демалыста жүрген. Косыгин телефон соқты.

— Кезекті бесжылдық жоспар жасау міндегі түр, — деді ол мән-жайды түсіндіріп. Үлкен міндегі. Бел шешіп, жұмыс істе-мейінше бітпейтінін өзіңіз білесіз. Сондықтан маган республиканың өндіргіш күшін мейлінше тиімді пайдалану үшін неге назар аударуым керек, соны өз көзіммен көріп қайту аса қажет болып отыр. Қысқасы, мені сонда күтіңіз.

Мен Косыгинді Қостанайдан күтіп алдым. Самолет інірде ұшып келді. Келесі күні обкомның бірінші хатшысы Бородин мен бірге Рудныйға барып Соколов-Сарыбай комбинатын араладық. Комбинат директоры Сандригайло Косыгинге кеніштерді, фабрикалардың жықпыл-жықпылына дейін көрсетті. Комбинат Магнитогорск комбинатына шикізат дайындастын негізгі базага айналып үлгерген-ді. Истің жайына Косыгин дән риза болды. Бір байқаганым, Алексей Николаевич қай нәрсеге де байыппен қарауга, әбден салмақтап алып, көз жеткізбейінше байлам жасауга асықпайды екен. Қсес өткізіп, онда Бородиннің баяндамасын тыңдады. Жұмысшылардың, өндірісорындары басшыларының талап-тілектеріне дән қойды. Артынан сол бойынша маган, халық шаруашылығы кеңесінің басшыларына, өзінің қасына еріп келген москвалықтарға шегелеп тапсырма берді. Олар мыналар еді: Жетіген асбест комбинатының жогары сапалы өнімдерін тезірек игеру, Лисаков құрылышын жеделдстіп, солитті темір кенін игеру, Качар магнитті кенінің көзін барлауды барынша шапшандата түсу. Костюмдік маталар комбинатымен, химиялық талшықтар заводымен, тігін фабрикасымен танысқан кезде ол талай мәселелерді нақтылы шешіп берді.

Сол күні кешке қарай Целиноградқа ұшып шықтық. Моцкевич қарсы алды. Бүкіл өнірді мендеген құргақшылықты көріп Алексей Николаевич қатты қапаланып: «Биыл мемлекетке астық тапсыру дегенді сөз студен қалып түр екенбіз-ау» деді. Целиноградты аралап, «Казахсельмаш» заводында болған соң, Целиноград, Петропавл және Қекшетауда бір қатар жеңіл

және тамақ өнеркәсібі құрылыштарын бесжылдық жоспарға енгізуге үәде берді. Келесі күні Павлодарға ксліп түскен бетте обкомның хатшысы Слажнев бізді бірден егінжайға алып барды. Үйтқыған жел таза бидай өскен егіндікті топырақпен коміп, көрер көзге жантүршігер суреттің күесі еткен. Косыгин жер қыртысының эрозияға ұшырауын тұңғыш рет көріп тұрган беті екен.

— Бұдан құтылудың қандай жолы бар? — дес сұрады.

— Бұл — апат. Ол оңайлықпен қалпына келмейді. Жерді баптайтын және түқымды себуде жетілдірілген жүйені іске асыру үшін машиналардың жаңа түрібар. Соны көптен шыгару керек, — дедім.

— Қолымнан келгенінше тілектеріңізді қанагаттандырамын.

Ол кісі оңайшылықпен үәде бермейді. Берсе, орындаитына күмәніміз жоқ еді.

Қараганды — Ертіс каналының, Павлодар трактор және химия заводтарының құрылыштары, Ермак ферросплав-хром заводы мен жылу станциясын жобалау және кенситу — Косыгин талқылап, бір қорытындыға келген шаруалардың біrsып-расы осылар. Сол жолы Екібастұзды сліміздің аса ірі жылу-энергетикалық ауданына айналдыру жайында ол өз пайымдауларын ортага салған-ды. Қазір оның жүзеге асырылғанының күесі болып отырмыз.

Косыгин Павлодардан шығып Қарагандыны, сосын Балқашты, Жезқазғанды, Өскеменді — түгел аралап, әрбір минөтін тиімді пайдаланып отырды. Мен осы сапарда нагыз істің адамы екеніне көзім жетті, ол кісі жайындағы бұрыннан қалыптасқан пікірімнің орныға түсkenіне қуандым. Оған даген құрметімнің жөні бөлек еді. Қараганды обкомында көмір бассейнін, Саран, Абай, Шахты қалаларын дамыту, Теміртауды аралаганда металлургия комбинатының химия, резина-техникалық өнеркәсіп объектілерінің құрылышын тездешу мәселесі кеңінен әңгіме болған кездес халық шаруашылығының бар саласынан жай хабардар гана емес, соны терен де жан-жақты мәңгеруге үмтүла-тындығы, өзгелердің пікіріне құлақ аса білстіндігі айрықша әссер қалдырыды. Созуар кісі әмес, бірақ ойын анық та дәл жеткізеді. Баз біреулер сияқты мәселені кейінгес қалдырмайды, сол

жерде, істің басы-қасында нақтылы шешетіндігі көбімізге сабак болғандай еді. Мынау соның бір гана мысалы.

Балқаш жүртшылығы барын көрсетіп, жоғын алға тартты. Тұрмыс қажетін өтеу жөнс сауда орындарын, тіпті ботаникалық бағын мақтан стіп, түгел көрсетіп жатты. Бірақ ауыз сумен қамтамасыз ету жагы кемшін еді. Олар осы мәселені шешіп беруді сұрады. Тіпті су құбырының дайын жобасын да алдымызға жайып салды. Косыгин аз-кем ойланып түрді да:

— Дінмұхамед Ахметұлы, сіз қаражат козін іздестіріңіз. Ал, мен қалага слу шақырымдық су құбырын бөлуді мойныма алайын, — деді.

Арада көп уақыт өтпей-ақ су құбыры тартылып, пайдалаңуга берілді. Балқаш халқы түшү су ішे бастады. Өскеменге барған сапарында шығысқазақстандықтарға жібек маталары комбинатын салып беруге уәде берді.

Қатарынан өлденесше күн облыстан облысқа, қаладан қалага, бір көсіпорыннан екінші бір көсіпорынга бару, айналасы ат шаптырым келестін комбинаттарды, заводтарды, фабрикаларды аралау, мамандармен, еңбек адамдарымен пікірлесу, күрделі мәселелерді жете зерделеп, орнықты пікір, орынды шешімдер жасау — оңай шаруа емес, мынау деген жігітті сүрінс құлататын жұмыс. Сондықтан бір күнді демалысқа арнауды лайық көрдік.

Күн жексенібі еді. Алматыдан алпыс шақырым жердегі, Тянь-Шань сілемдерінің жазықтау тосінде жатқан Есік көлінс бардық. Көлге үлкен сөскеде келгенбіз. Бұл 1963 жылдың 7-шілдесі еді. Айнала көкорай шалғын, жайқалған ағаш, шешек атқан гүл. Көбелек куган бала-шага. Когілдір айдынға шомылған, қайықпен серуен құрган үлкен-кіші, жігіт-желен... Күн шайдай ашық тұғын. Косыгин табигаттың таңгажайып көріністерінс құмарта қарап, жұпар ауасын қомағайлана жұтып дегендей, ерекше көңілдес болды. Ара тұра: «Мынау жер жоннаты гой!» дес, сүйсінс мақтап қояды. Біз озеннің аргы жагасына барып, жайланаип отырмақ болғанбыз. Алексей Николаевич Алексей деген немерессін алдыртқан-ды. Енді жинала бастаған едік, карасам, құлақ тұндырар бір ашы гүріл сстілді, таудан қаракүрсітіп бір сұмдық құлдилап келеді. Сел екенінс құмәнім жок. Тасқын лақ стіп көлгес де құйылып ұлгерді. Үңілсен түбі көрініп жататын мөп-мөлдір су табан астында лайланаип,

тап бірсү астынан от жағып жатқандай, бұлк-бұлк қайнай бастады. Тасқынның қатты келіп үрганы сонша, асау толқындар шапишип аспанға атылды. Қайықтар шайқатылып, кейбіреуі төңкерліп түсіп жатты. У-шу, астан-кестен тірлік тауды жаңғырықтырып ала жөнелді...

— Жолдагы көпірді жұлып кетпесе жарап еді, тездетіп қайтайық, — дедім абыржып.

Косыгин тұрган орнынан тапжылар емес. Тура мұз бол қатып қалған сияқты.

— Әрбір секунд қымбат. Тажалдан ажалсыз гана құтылады. Бірақ шұғыл құтқару жұмысын үйымдастырмаса болмас, — деймін асықтырып...

Біз қалай көпірден өттік, солай түйдек-түйдек қой тастарды домалатқан тасқын кеп көпірді жұлып әкетті. Қан-сөл жоқ, келе іске кірістік. Бүкіл қала аяғынан тік тұрды. Кейін мәлім болғанындей, санаулы минөттар ішінде Есік көлінс алты миллион текіш мстрге жуық тасты-лай су құлапты. Тау төсінде жүзіктің көзіндег молдіреп жатқан көлде бір қасық таза су қалмаған. Жағасындағы бірқатар үйлер қирап, ең өкініштің сол, ондаған адам құрбан болды. Тапа-тал түсте, шайдай ашық аспан аясында осындағы сұмдықтар бола береді деп кім ойлаган. Есік көлінің жогары жағындағы Жарсан көлінс мұзарттар құлап, содан лықсыған су жөл-жөнекей тау-тасты, лай-батпақты ағызып қуатты селге айналса керсек.

Бұл Алматы үшін таңсық емес. 1921 жылдан 1982 жылға дейін республикада бір емес, бес рет адам айтқысыз сел басу қауپі тонген екен. Соның үшесүі Алматының өзін алқымга алыпты. Есіктегі ссл — мен көрген скінші апат. Бірінші жолы, әлі есімде, 1921 жылы шілденің сегізінен тоғызына қараған түнде болды.

Марқұм әжем елгезек кісі сді, таң атар-атпастан мсні жұлқылап оятып, ссл жүріп өткен жерлерді апарып көрсетті. Сау-тамтық қалдырмапты. Кіші Алматы өзенінің бойымен қаланың құнгей тұсына қарай баса көктепті. Бас арықтан төмсен — осы құнгі К. Маркс, Пушкин, Красин, Ленин, Фурманов көшелерін жылан жалағандай, тып-типыл гып кеткен екен. Әр жерде үйден-үйдей қой тастар шашылып қалыпты. Аяқ алып жүре алмайтын қара батпақ. Сол кезде Іле Алатауынан бастау

алатын Жетісудагы өзен атаулы арнасынан асып төгіліп жатты.

Селден сақтану күн төртібінің өзекті мәсслесі ретінде мемлекеттік мәнгс ис бола бастағаны айтпай-ақ түсінікті еді. Сондықтан Қазақстанда республика Министрлер Кеңесі жа-нынан құрылыш және селден сақтау құрылыштарын пайдала-нуға беру жөніндегі басқарма үйымдастырылды.

Косыгин кең ойлы экономист, іскер, қatal да ұқыпты еді. Алматыда болған үш күн ішінде қаншама іс тындырды. Мені, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы мен халық шаруашылығы кеңесінің басшыларын, министрлерді, ірі қоғапорындардың жетекшілерін тындалп, Қазақстанның сегізінші бесжылдық жоспарының жобасын қарады. Жобада біздің көптеген ұсы-ныстарымыз ескерілді. Ол кісінің Қазақстанга келу сапарының қорытындысына орай откізілген республикалық кеңесте ұзак сөз сөйледі. Мәскеуге жүрер алдында Косыгинге, КСРО Ми-нистрлер Кеңесі іс басқарушысының орынбасары Смирнюко-вқа және басқа қасына ерген серіктестеріне өр түрлі мәселелер жөнінен 103 хат жолданды. Мәскеуге бара салысымен ондагы ұсыныстар шүгыл түрде қаралып, 98 хат бойынша қолдау көрс-тіліп, он жауп қайтарылды. Оның іскерлігін осыдан-ақ ангаруга болатын еді.

Мен ол кісіні Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі тө-рагасының орынбасары кезімнен жақсы білетінмін. Әлденеше рет қабылдауында болдым. Қай кезде де іздеген дүниен қасқал-дақтың қанындағы қат бол тұратын өдті гой. Республика жеңіл өнеркөсібіне жабдықтау мен шикізат ауадай қажет болды. Бармаган жер, баспаған тау қалмады. Содан Алексей Никола-евичке өтініш жасадым. Екі созге келмей, тілегімізді қанағат-тандырды. Сойтіп, көктен іздегеніміз жерден табылғандай қолымыздың ұзарғаны бар. Дәл осындаі жагдай транспорт мәсслесімен шүгылданған тұста алдыннан шықты. Семей — Қызылкол (Малиновое озеро) арасындағы теміржол тармагын (Павлодар мен Семейді жалғастыратын) бастауга көмектесті. Кейінрек бұл құрылыш тоқтап қалды. Қашан барма, қай уақыт-та сөйлеспе — есігі ашық, алды кең. Артық созі жоқ. Біртога. Жер козгалса қозгалмайтын сабырлы. Сырбаз. Мемлекет қайраткері, слдің экономикасын бүгс-шігесіне дейін білетін ірі тұлға менің есімдес осындаі ізгі қасиеттерімен қалып қойды.

1963 жылы ауыл шаруашылық өнімдері ауыз жарытпады. Орта есеппен әр гектардан 4,4 центнер астық әрен җиналды. «Ойда өліз өлсе, қырда бұғының мүйізі сырқырайды» дегендей, стекте егін шықпай құтымызды қашыrsa, қырдағы төрт түлік малдың жайы да беймаза құйге түсірген. Құргақшылықтан мал өрісі құйіп кетіп, қатты састырды. Қыс түспей жатып аяғымен жайылатын мал қолға қарап қалды. Абай айтқандай, қыс қыстауың — қып-қызыл ол бір пөлсөнің орайы және келмей өлекке түстік. Қарашаның соны, желтоқсан түгел, тіпті 1964 жылдың қантарында оңтүстік пен батыс облыстарда сықырлаған саршұнақ аяз бір қысса, балақтан кіріп, бастан бірақ шыгатын қара сұық, бст қаратпас қарлы боран, күндіз-түні соқты да тұрды. Тігерге тұяқ қалмай, ақсүйек болама деген қауіп шырт үйқыдан оятатын. Бірақ төрт түлік түгсл қазақтың қолында, одан артық мал жайын білетін кім бар! Бір құдайға, сосын, малсак елдің өзіне аманат дедік. Тілеуіміз оң екен. Со жылы көп шығын бермей шықтық.

1963—1964 жылғы мал қыстату шаруашылық басшыларына, партия, кеңес қызметкерлерінс үлкен сабақ болды. Мал шаруашылығын одан өрі өркендету жөнінде шаралар белгілесніп, Одақ басшыларына баяндады. Біздің отінішіміз бойынша КСРО Министрлер Кеңесі «Қазақ КСР-ында қой шаруашылығын өркендету үшін шөл және жартылай шөлейтті жайылымдарды игеру туралы» қаулы қабылдады. Соған орай мал шаруашылығының материалдық-техникалық базасын жасау үшін, шопандардың мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсарта түсу үшін мол қаржы бөлінді. Малшылардың көптеген мұқтажын шешүгे мұрындық болған бүл құжат өлі күнге дейін мәнін жойған жоқ. Осы жылдар шопандардың балалары үшін, олардың терең білім алуы үшін көптеп мектеп-интернаттар салынды. Әрине, бір қауымен іс бітпейді. Ата көсібіміздің ауыртпалығын арқалап жүрген шопан, сиырши, жылқышы, түйсіші еңбегі өділ бағасын алып отыр, олар мәдени-тұрмыстық жағдайы уақыт талабына сай шешіліп жатыр дей алмаймын. Жапан дүзде жалғыз үй өмір сүрудің өзі, айлап-жылдап сл бестін көрмей, қогамдық ортадан жырақ жүруі — тендерсі жоқ ерлік. Оны басқаша сипаттауга болмайды. Бірақ бүл ерліктің астарында

қаншама бейнет, қаншама қындық жатыр. Соны жеңілдетер, тұрмысын жақсартар жолдарды іздеуді күн тәртібінен түсірмесек иғі. Елдің тоқтығы үшін тер төккен дала ерлерінің жоқшысы болу — кімге де болса парыз.

* * *

Бесжылдықтың тәртінші жылы мәреге жақында п келе жатты. Тәрт жыл көп мәселе жөнінен көңілгө түйткіл тудырып, басқаша көзбен қарауга мәжбүр ете бастанған-ды. Халық шаруашылығы кеңестерін үйымдастыру, партия органдарын қайта құрып, оны өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы комитеттеріне бөлу — қате шешім екендігі айна-қатесіз дәлелденді. Барлық жерде, бар деңгейде Хрушевті жер табандатып жамандауға көшті.

Министрлер Кеңесінің жұмыс жоспарында Оңтүстік Қазақстан өлкелік атқару комитетінің есебін тындау кезекте тұрған. Осыған орай мән-жайды өз көзіммен көріп қайту үшін жолға шықтым. Өлкес атқару комитетінің төрагасы Морозов, халық шаруашылығы кеңесінің төрагасы Береза, Бас жол басқармасының бастығы Гончаров төртеуіміз жұмысты Арадан бастадық. Машинамен бар облысты дерлік шарлап шықтық. Қазалы, Жосалы, Қызылорда, Шиелі, Жаңақорғанга бардық. Қызылорда облыстық атқару комитетінде откен кеңесте неше күнгі жұмысымызды қорытындылай келіп, Жосалы — Қызылорда асфальт жолын салуға шешім қабылдадық. Облыстағы жол құрылышының беташары еді.

Шымкент қоғапорындарымен жітеп танысып, қорғасын, пресс-автомат, химиялық дәрі-дәрмек заводтарының, цемент және тоқыма комбинаттарының, шұлық фабрикасының өндірістегі осал тұстарын анықтап, бірқатар проблемаларын табан астында шешіп беріп отырдық. Арқага аяздай батып жүрген бір шаруа — Қожа Ахмед Яссаяу мавзолейін қайта қалпына келтіру, Түркістан қаласын көркейте түсу еді. Қысқа жіп байлауға келгенмен, күрмеуге келмей жүрген. Осы жолы соның орайы келгендей. Әйтсе де, аяқ аттапас кедергісіз ойдағын орындалған ба?

Қайда, кіммен кездеспейік, қай-қайсысы да әсірссе, еңбекші ұжымдары өлкелер мен өндірістік басқармаларды, халық шаруашылығы кеңестерін жоюды ұсынумен болды. Мен мұн-

дай наразылықтарды Қазақстанның оңтүстігіне қайта барған сапарымда сан рет естуіме тұра келді. Қаратай фосфоритінің базасында ірі-ірі химия қосіпорындарын салу міндепті тұрган, құрылыш басына Орталық Комитеттің химия өнеркәсібіне жетекшілік ететін хатшысы Демичев пен КСРО Министрлер Кеңесі төрагасының орынбасары Дымщиң арнайы ат басын тіреген. Юсупов екеуміз оларды осы жерден қарсы алдық. Одан әрі Шымкент пен Жамбыл бардық. Келген қонақтың сынай жүретін, ақыл айта жүретін әдеті. Оған етіміз үйренген. Бізге қажеті құргақ сөз смес, нақтылы көмек. Дәметестініміз сол. Сүрай білуге де машиқтанып алғанбыз. Бұл жолы да олар мырзалақ көрсетіп, қосымша қаржы, жабдық және басқа да материалдық көмектерін беріп кетті. Карт Қаратай етегінен бұрынғы Шолактаудың орнына Қаратай, Бұркітті қыстагының орнына Жаңатас қалалары қанат жая бастады. Индер мен Алга тың серпін, жаңа қуатпен өркендей тусты.

...Орақ науқанына жаппай кіріскенше, демалып қайтуға рұқсат алып, Болгарияға, Кара теңіздің тап іргесіндегі Варнага тоқтадық. Біз қайтар шамада Д. Ф. Устинов келді. Болгария Компартиясы Орталық Комитеттің бірінші хатшысы әрі Министрлер Кеңесінің төрагасы Тодор Живков түскілік дәмге шақырып, жылпы болгар халқының тарихын, біз отырган үйдің болгар патшасы Бористікі екенін айттып, қонақжай міnez танытты. Әңгіме Тодорда емес, басқа бір оқига есте қалыпты. Живковтен кайтып қонақ үйге келсек, алдымыздан қайғылы хабар шықты. Варна портына жақын манда пароход ішінде Морис Торез дүние салыпты. Ол 1924 жылдан өмірінің акыр аяғына дейін француз Компартиясы Орталық Комитеттің мүшесі, ал 1930 жылдан 1964 жылға дейін ФКП Бас хатшысы, кейін төрагасы болған, өмір бойы отаршылдыққа қарсы қүресіп, ұлт-азаттық қозғалысты қолдаган, табанды интернационалист адам. Біз бір топ кісі теңіз портына барып, оның жесірінен көңіл айттық. Марқұмның Францияның ұлттық жалауы жабылған мәйіті кеме капитанының каютасына қойылыпты. Біз француздың ұлы перзенті, халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері Морис Торездің алдында азаматтық соңғы парызымызды өтедік.

Онсызда жіпсіз байланып отырганмын, Софиядан Мәске-

уге бір күн кешігіп үштық. Мәскеуге түсісімен Алматыға тартым. Солтүстік облыстарда қызу науқан — егін орағы басталғалы тұрган. Шілденің соңғы күндері осылай еріксіз асықтырған.

... Тамызда Хрушевтің тагы да жолы түсіп, Қазақстанга келді. Біз оны әдеттегідей үйренген поезынан елең-алаңда Қостанайда қарсы алдық. Ол шаруасын егін даласынан бастады. «Станционный» деген совхоздың жайқалған егінін көріп, балаша мәз болды. Совхоз директоры Климов деген мол тәжірибе жинақтаган, істің көзін білетін жігіт еді. Никита Сергеевич күдігін жасыра алмай:

— Астықтың ең тәуір жеріне алып кеп тұрган жоқсыздар ма? — деді. Бородин солай айтарын сезіп тұргандай:

— О, не дегеніңіз, Никита Сергеевич, Қостанай даласының қай бұрышына барсаңыз да, бітік егіннің үстінен шығасыз. Қайта, орта қол деген жерді көріп тұрсыз, — деп жер бере сөйледі.

Никита Сергеевич аттап басқан сайын:

— Төкпей-шашпай дер кезінде жинап алу үшін не қажет, соның бәрін жасау керек, — дегенді қайталаусын болды. Соның арасында жергілікті басшылардың атына бірсызыра ескертпелер жасады. Тың игеруге қарсы болғандардың да құлагы шулады. Арада он жыл өтсе де өзінің оппоненттерін кешіре алмаған жайы бар. Тілден бал да, зор де тамады. Нысанага мені де алып үлгерді.

— Сіз ауданарапық өндірістік басқармаларды үйимдастыруға қарсы болып едіңіз. Таза парга да қарсы шықтыңыз. Біз сізді қолдаган жоқпыш. Қане, кімдікі дұрыс бол шықты, айтынышы? — деп көзі шатынап, танауы делдип кетті.

Қазакта: «Көргенді коргенсіз женеді» деген бар. Онымен тәжікелесіп жатпадым. Пицундалагы кеңесті ұмытпапты. Сондагы ессін енді қайтарып отыр. Бұл — бір. Екіншіден, қолы үзын кісінің қоразы жұмыртқа тауып тұрганда, менің сөз жарыстырып жатқанымды тірі жан түсінс қоймас еді. Үндемеген үйдегі пәледен құтылады. Бірақ, дөл осы мәсследе кімнің дұрыс, кімнің бұрыс айтқанына уақыт өзі төрсөші болатынына күмөнім жок еді.

Хрушев осылай біраз жер тепсініп алып, Целиноградқа асықты. Есіл станциясында олдебір ағылшын баспағерімен бірге

ашық машинага ауысты. Атыз аралық тар жолмен жүріп, әр жерде тоқтап, егінжайды аралап көрді. Шет сл журналистерінің қалай-қалай орагытып сұрақ қоятынын өздерініз білесіздер. Жанды жерден үстайды. Хрушев сөт сайын:

— Тың адам танымастай өзгерді, жалпы тың эпопеясы — нагыз ерлік дастаны. Естерінізде мс, біз тың жерді игеруге кіріскең кездес, — деді скіпіндеп, буржуазиялық баспасоз қайдағы жоқ қиял, кезектегі «большевиктік» айла деп тантыды. Кеңес өкіметі экономикасын тығырыққа апарып тірегелі отыр деді. Бірақ өмір бүл болжамды толық жоққа шыгарды. Қазақстан сліміздің астықты аймақтарының біріне айналды.

Хрушев не айтса да, періште өумін деп тұрган кез. Дұрысы да — дұрыс, бұрысы да — дұрыс. Қазақ оны аузы қисық болса да бай ұлы сөйлесін деп баяғыда айтса, текке айтпаган екен.

Кешкес қарай Целиноградта болдық. Келесі күні таңертсөн тыңғерлер Сарайында партия-шаруашылық активінің кеңесін өткіздік. Кеңес Хрушевтің сөз сөйлеуімен басталды. Обком хатындары мен шаруашылық басшылары құралақан клемпесті, өлкө астық тапсыру жоспарын орындауды деген нық сенім білдіріп, диқан қауымының қажырлы сәбесін қанағаттандырап алғы сезіммен баяндады. Кеңестен кейін Бурабайға жүріп кеттік. Хрушев екі-үш күн сәнін-еркін демалып, қармақ салып, аң ауламақ. «Табан» демалыс базасына өксіліп орналастырган соң, біз өз жайымызбен кеттік.

Бар шаруа бір жақты болған соң, Брежневке телефон согып, астық жинау барысынан хабардар еттім. Ақмоладағы кеңестің қорытындысына ризашылық білдірді. Ең сонында Хрушевтің «қызылсыраганын» айтып, скі күн ың-шыңсыз демалғысы келетінін хабарладым. Леонид Ильич асықпай тыңдалап алып барып:

— Никита Сергеевичтің той тойлап жүргуге уақыты жоқ шыгар. Ол бүгін Қыргызстанға үшуга тиіс. Ол жақта кідірмессен Мәскеуге оралады, — деді.

Айтқандай-ақ, аузымызды жиып алғанша Хрушев шақырып жатыр деген хабар алдык. Біз келгенімізше, ол сақадай сай отыр екен. Оның Бурабай курортында демалуына байланысты үйымдастырылған шаралар жайына қалды. Конілі пәс. Жалғыз Хрушевтің гана емес, қасына ерген ыгай мен сығайдың түгел

қабагы түсіп кетіпті. Жантыныштықты кім жек көрсін, күтпеген жерден жылы тәсектен сұрып алғандай, құты қашып кетіпті. Бірінші хатшы Целиноград арқылы Қыргызстанға ұшып кетті. Одан әрі — Мәскеу, сосын демалыс... Сөйтіп, жүргендे қазан айы келіп жетті.

XXII

Қараша айының онынан Мәскеуде жүргем. Республика құқын арттырып, оларға берілетін өкілдіктің үлгайту мәселесі жөнінен құжат дайындалып жатқан. Соның оуресімен ертелікеш сарсылып отырганбыз. Бас қатып, бір қолды екі ете алмай шапқылап жүргендеге, кенет... Иә, күтпеген жерден КОКП Орталық Комитетінің кезектен тыс пленумы өтеді деген хабар алдық. Неге? Сонша асығыс өткізетіндеге не себеп? Құн тәртібі ше? Жан баласы білсеші. Тек Полянский телефон шалып, аса маңызды өзгерістер болады дей келіп:

— Егер керек боп жатсан, Орталық Комитеттің Президиумына шақыртармыз. Болмаса — нәтижесін ести жатарсың,— деді.

Бұл жұмбактың сырын айтпай-ақ түсіндім. Хрущев «тағынан» таяды-аудеп топшыладым. Орталық Комитеттің мүшелері — бізге, Полянский айтқандай, хабар болмай, тырп етпеуді тапсырған. Тағатсыз күткен хабар да жетті. Пленум сағат он жетіде басталады деп ескертті.

Казір, құн құргатпай шығып жатқан мемуарлық әдебистердің арқасында Кремльде Пленумның қалай өткенін, онда тартыстың қалай өрбігенін қолмен қойғандай, минөт-минөтіне дейін шағып айтуға болады. Кезінде пленум жұмысын баспасөз жетерліктеістік жазды. Мен өзгенің елегінен өткен фактілерге сүйенгім келмейді. Козбен көрген — анық, құлақпен естіген — танық, яки не көрдім, соны қағазға түсіре көткенім жөн гой деймін.

Сонымен, пленум өз жұмысын бастайтын сәт те келіп жетті. Президиум столына бірінші боп Брежнев өтіп бара жатты. Мен дереке түсіне қойдым. Демек, ол — бірінші хатшы. Бізде мәртебелі топты жасы үлкен, жолы үлкен кісі емес, дәрежесі

биік өкім бастайды. Солай қалыптасқан. Соған біздің де стіміз үйренген. Қанга сіңген, әбден қалыптастып алған дәстүр. Сол әдетпен келіп Леонид Ильич пленумды ашып, созді Сусловқа ұсынды. Ол барынша батыл сөйлемеді. Пленумға КОКП Орталық Комитетті Президиумының Хрущевті Орталық Комитеттің бірінші хатшылығынан босату туралы ұсынысын баяндап берді. Михаил Андреевич Орталық Комитеттің мүшслері Хрущевтің қызметіне қатысты сұрақтар қойды және оған қанагаттандырарлық жауап алды. Хрущев оз өтініші бойынша Пленумда сөз сөйлеген жоқ.

Пленум бір ауыздан Хрущевті КОКП Орталық Комитеттің бірінші хатшылығынан босатып, оның орнына Л. И. Брежневті сайлады. Пленум А. Н. Косыгинді КСРО Министрлер Қенесі төрагалығына тағайындауды ұсынды.

Біздерге — Орталық Комитеттің мүшслерінс, КОКП Орталық Комитетті Пленумының шешімдерін шұғыл түрде әрбір партия үйымына, әрбір коммунистке жеткізуді тапсырды. Мен қазан айының 16-күні таңертенгі 10-да Орал облысының, күнізгі сағат 3-те Гурьев облысының, кешкі сағат 8-де Ақтөбе облысының активінде болған жайды түгел баяндап бердім. Әзарлық коммунистер тарапынан пленум шешімдері толық іакүлдау және қолдау тапты.

Абай айтқандай, өмірдің алды — ыстық, арты — сұық. Қорі қойдың жасындағы жас қалғанда ақ сөйлеп, әділін айтқан жақсы. Хрущев — тегін адам емес. Дегбірсіз, бірақ, күмәнсыз талант іесі. Ол туралы айтқан кезде, бүкіл слідің және біздің республикалыздың игілігінс айналған аса маңызды шешімдер қабылданада оның сіңірген сөбесін естен скі слі шыгармауга тиіспіз. Ұның тың әпопеясына, партияның XX съездіндегі баяндамасына және Сталиннің жеке басына табынуышылықты әшкерегейнс байланысты әрі азamat, әрі коммунист ретіндегі батыл адамдары жарқын мысал бола алады. Хрущев Қазақстанга зор іқылас аудара отырып, республика экономикасын өркендептеге ікелей қатысы бар бірқатар ірі мәселелерді шешуде үнемі олдау көрсстіп отырды. Ол Қазақстанга алты рет келіп-қайтты. Еліміздің басшыларының келіп-кетуінен зиян көрген жерініз жоқ. Кез-келген мәселе, мейлі қосымша техникалар алатын олсақ та, не жауынгерлерді егін жинауга жұмылдыру қажет

болсада — бәрі өрі тез, өрі оңай шешілетін. Бірінші «мақұл» деді ме, онда көңіл орнында, бар шаруа майдан қыл сүрғандай мінсіз орындалды дей бер. Әділсті керек, Хрушев жі телефон согатын, біздің жоқ-жітігімізді жақсы білетін және барынтастымен кол үшін беретін.

Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін түяқ жоқ. Хрушев те кемшіліктен кенде емес еді. Оның қызметін зерттеушілер айтып жүргеніндей, еліміздің экономикасын оркендетуге зияны аз тимеген ірі-ірі қателіктер мен агаттықтар жіберді. Олар сонымен бірге мынаны атап көрсетеді: Хрушев өр мінезді, шоқтығы биік, талантты адамдарды мұлде суқаны сүймейтін еді дейді. Үзенгілесуден қашып, ондай кісілерді айналасында ұстамауга үмтүлатын. Аты аңызга айналған қолбасшы, маршал Жуковты қалай-қалай толкекке салғанын гана ескес алайықшы. Жалғыз Жуков пен солай болса жақсы. Осындай бір оқига ұмытылмастай есте қалыпты.

1961 жылы «Правда» газетінің кезекті бір санында Қарағанды халық шаруашылығы кеңесінің төрагасы Братченконың мақаласы жарияланды. Одак пен республика Мемлекеттік Жоспарлау комиссиясын откір сынға ғалып, халық шаруашылығы кеңесінің жұмысын жақсарта түсу жөнінде ескертпелер мен ұсыныстар жасапты. Материалды оқып бола бергенім сол еді, Хрушев телефон соқты.

— Братченконың мақаласын оқыдыңыз ба?

— Оқыдым.

— Принципті мәселелер қойылыпты. Сірә да, мақала авторы жоспарлау органдарының жұмысындағы кемістіктерді жақсы біледі-ау дедім. Республика мемлекеттік жоспарлау комиссиясының төрагасы Мельниковты орнынан босатып, оған төмендеу қызмет беріңіз. Братченконы Министрлер Кеңесі төрагасының орынбасарлығына және Мемлекеттік Жоспарлау комиссиясының төрагалығына тагайынданыз. Ал, Мельниковты қандай жұмысқа жібергенізді маган айтарсыз,— деді.

Әңгіменің аужайын байқап отырған да шыгарсыз. Мынау қалай болар екен деп, санағып жатқан жоқ, қарсы дау айту — далага атылған оқ. Құлак аспасын білдім де:

— Ертең жауабын берсміз,— дедім.

Қолынан келгеннің бәрі бірдей қонышынан баса бермейді.

Мельниковпен іштәй десіп, жұз шайыспақ түглі, сен десіп көрмеген сыйлас кісі. Меніңш, ол жанын салып жұмыс істейтін. Оны Карагандыдан білемін. Согыс жылдарында Караганды обкомының бірінші хатшысы бол істеді. Донбасс неміс басқыншыларынан азат етілген соң Украинаға қайта шақыртылған-ды.

Қылышынан қан тамып тұрган бірінші хатшының өмірін одан басқа қалай айтуга болады, орындамауга шама жоқ. Мен Мельниковты шақырттым. Ауыр, ауыр да болса айтпауга болмады.

— Сіздің бұдан былайғы қызметтіңіз жайында ақылдасайын деп едім.

Ол мені бірден түсінді.

— Сіз, сірә мені басқа жұмысқа ауыстыру туралы Орталық Комитеттен тапсырма алған боларсыз?

Мен жүзімді төмен салдым. Мельников желдің қайдан тұрғанын айтпай-ақ анғарса керек.

— «Біріншінің» маган сенбейтінін озім де білемін,— деді үзілген ойын жалғап.— Мен Украинада скінші хатшы бол Хрушевте істедім. Ол Мәскеуге ауысқаннан кейін мені Украина Компартиясы Орталық Комитеттің бірінші хатшылығына ұсынғаны да бар. Арамыздан қыл отпейтін. Әйтсе де соңғы жылдары атаң демей, анаң демей арамыз сүи бастанды. Себебін дәл қазір айтып жатудың қажеті де жоқ. Сталин қайтыс болған соң, Украинада мені қызметтен алып тастап, дипломатиялық жұмысқа жіберді. Содан менің Қазақстанга скінші рет қайта оралуыма тұра келді. Қысқаша бар тарихы осы.

Мельниковтың келісімімен Тау-кен техникалық инспекциясының бастығы етіп тағайындалдық. Братченко жогарыдағы айтылған қызметке жогарылатылды. Хрушевпен байланысып, нұсқаудың орындалғанын хабарладым. Ол бет-аузы бұл етпестен: «Шешім дұрыс қабылданған скен» деді.

Хрушев қайтыс болғаннан соң барып Мельниковты Мәскеуге жұмысқа шақырды. Кейінірек, жауапты қызметтес жүріп, дүниеден отті. Оның қызметтегі ауыс-күйісі туралы тарих бір кездері П. К. Пономаренкомен болған ексуара өңгімсі еріксіз еске түсірді. Пантелеимон Кондратьевич: «Хрушев өз бетімен ойлап, пікір айтатын, озінен сөл-пол артықтау жан баласын жақтыртайтын» дегені айна қатесіз алдыннан шықты.

Басқа бір мысал. Хрущевтің жеке меншік мал үстaugа тыйым салуы ауыл-село еңбеккерлерінің ашу-ызасын туғызды. Хрущевтің бағытын сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Беляев мінсіз жүзеге асырды. Тіпті шық жуытпауга тырысты. Республикалардың табиғи және экономикалық мүмкіндіктері, жергілікті халықтың үлттық психологиясы, тіршілік-тынысы ескерілмеді. Белден басқаны сонша, партия-шаруашылық активінде сөйлеген сөзінде жеке меншік мал үстaugа мұлде тыйым салынын деп, нұсқау берді. Солтүстік Қазақстан облысындағы Совет аудандық партия комитетінің хатшысы Филиппенконы бір сиыр үстаганы үшін жер-жебіріне жетіп, қызметтен босатуды талап етті.

Хрущев адам төзгісіз беймаза еді, артық қылам деп, тыртық қылатын кезі аз болмайтын. Оның еслулі кемістігінің бірі — көрс көзгестайқып шығып, жалт беріп кетстін мінсіз, біреудің үсінісін түкке алғысыз тып, жоққа шыгара салатындығы. Оған мұлде қарсы келуге болмайды, нұсқауы екі етілмеуге тиіс. Рас, жақсы сөз — жан семіртеді. Бірақ, көзінше құлс сөйлеп, көпшік қойғанды жаңы сүйстін. Екі соз арасына есімін қосып айтсан, мадақтап, мақтай түссен, төбессі көкке жеткендей, балбұл жанып, дүниеге сыймай отырар еді. Ал, қарамагындағыларды сынаған кезде, даусын орынсыз котеріп, арқасы бар адамдай қызыбаланып, қалай айғайға басқанын сезбей қалатын. Алды-артын ойлап алмай, бар мәсслені табан астында шеше салғысы кеп, дегбірі кетстін. Менің байқауымша, ол талап қоя білуді дөрекілікпен, мәсслені жедел шешуді асығыстықпен шатастырып алатын.

Никита Сергеевич саяси омірден — мына дүниеде болмаған кісідей зым-зия жогалып кетті. Біздес бұл, окінішке орай үрдіске айналган.

XXIII

Казан айында откен КОКП Орталық Комитетінің Пленумынан соң, араларынан ала жіп откендей республиканың облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшылары түгел дерлік Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші



Л. Н. Брежнев мен бірге.
Тамыз, 1972 ж.

Атақты шоған Ж. Куанышбасек қонаққа бағандада.





Республикага награда тансыру рәсімі.





Кабинетімдегі
Қазақстан
карғасы айдында.


М. Горбачев мен бірге Ақмола қаласындагы Бұқілодақтық астық шаруашылығы
тылыми-зерттеу институтында болған кезіміз. 1985 ж.





Коңырат музейінде.
Мангистау облысында





Алжир президенті
Х. Бумеден.
Каірлар дақырау
ортастығының анығын
салтанаты. 1966 ж.





Л. Брежнев пен А. Подгорныйдың Қазақстанда келүі. 1966 ж.

Ақтөбе облысын аралаган күндерден. 1966 ж.





Озаттармен жүздесу





Н. А. Тихоновпен бірге.

Жазуны Е. Мұсревовқа Алтын жүлдым тапсыру кезі.





Кокшын жерінің астықты алқабында.

М. Горбачевтің Ақмолага келуі. 1985 ж.





Мәдениет қайраткерлерінің бір тобымен кездескендегі.





шарғиляны-панфиловшылар атындағы сая-бактагы «Даңқ» мемориалының ашу сөті. Ту сырткымызда тұрган батыр Б. Момышұлы. 1975 ж.

Назарбаевмен аң аулай барғанды.





Конырат жұпар тұлар.

Немерे інім Диармен бірге. Қыркүйек. 1991 ж.





Шының Қазақстан облысында
Шымкент облысында





Ақын Жамбыл аудында

Абайға төу сту





Байқадам тұрғындарымен сұхбат. Жамбыл облысы.

Н. Головацкиймен «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының шаруашылығын арадағанда.



хатшысына тоң қабақ таныта бастады. Тізе қосып тірлік жасамаған жерде жұмыс оңа ма? Халық шаруашылығының бар саласына мұның кеселі тимей қалған жоқ. Басы піспеген жерде керегар пікірлер көбейеді. Солақай шешімдер қабылданады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында осындай жағдай қалыптасты. Оның бірінші хатшысы бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығармақ түгілі, не бюро мүшелерімен, не обком хатшыларымен, не министрліктер мен ведомство басшыларымен тіл табыса алмады. Дау-дамай кобейіп, жұмысынан береке кетті. Әсірессе, Соломенцевпен екеуінің арасы адам төзгісіз жағдайға жетті.

Караша айында Орта Азия республикалары өздерінің қырық жылдық тойларын атап отті. Өзбекстанга Л. И. Брежнев, Тәжікстанга А. И. Микоян, Түркіменстанға А. Н. Косягин келді. Одақтас республикалардың қуанышына ортақтасуға Қазақстан делегацияларын Ташкентке Юсупов, Душанбеге Соломенцев, Ашхабатқа мен бастап бардым.

Юсупов Ташкенттен салы суға кестіп оралды. Болған жайды қынжыла отырып баяндады. Брежнев кездескен жерде:

— Байқауымда, Қазақстанда сізді тірі жан қолдамайды. КОКП Орталық Комитетінс үстіңізден келіп түсіп жатқан арыз-шагымда есеп жоқ. Мұндай жағдайда осыншалықты жауапты қызметті атқару ақылға сыймайды,— деп, өз қолымен өтінішін жазуға кеңес беріпті.

Юсупов бірінші хатшының кеңесін құп алғанын Орталық Комитетте хабарлама жасады. Біз оның шешімін мақұлладық.

Дәл осының алдында гана Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы М. С. Соломенцев өзөзіл жолға түсіп, абырайын төғіп алғаны бар. Сыпайылап айтқанда, иессі бар «гүлді» үземін деп, «үрлых» үстінде үсталыпты. Брежневпен байланысып, болған жайды баяндап, Соломенцевті КОКП Орталық Комитетінің қарауына шақыртып алуды сұрадым. Леонид Ильич мән-жайға қаныққан соң:

— Егер ол тек қана бір келіншектің көңілін жөндеп аулай алмаган болса, онда одан социализм зиян шегсे қоймас. Біз оны басқа бір облысқа жұмысқа жіберсөміз, — деді.

Осы әңгімеден кейін Соломенцевті Мәскеуге шақыртып әкетті, содан қайтып біздін жолымыз түйіскен смес.

1964 жылдың қараша айының соңғы күндерінің бірінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің барлық бюро мүшелерін, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрагасының орынбасарларын Мәскеуге шақыртты. Бірінші хатшының өзі қабылдады. Ол Юсуповтың қызметтен кеткелі жатқанын хабарлап, Қазақстан партия үйімінің алдында тұрган міндеттерге тоқталды. Созінің соңында сұхбаттасуға қатысып отыргандарға:

— Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына кімді үсынасыздар? — деп сұрады.

Бірінші боп Юсупов орнынан көтеріліп, бірінші хатшылыққа КОКП Орталық Комитетінің Президиумы мүшелерінің бірін жіберуді, сол арқылы Қазақстан партия үйімін ныгайтуды үсынды. Брежнев шу дегенмен қарсы болып:

— Жергілікті жерге, оның үлттық кадрларына ондай сенімсіздік көрсетуге хақымыз жоқ. Бірінші хатшы республиканың өз ішінен сайлануға тиіс,— деп әңгіменің басын ашып берді. Қалған бюро мүшелері мен төрага орынбасарлары түгел менің кандидатурамды қолдады. Леонид Ильич:

— КОКП Орталық Комитеті үсынылып отырган кандидатураға еш қарсылық білдірмейді. Онда пленум откізуғе тыңғылықты өзірлік жасаңыздар, қай күні откізіледі, хабарын қосымша айтамыз,— деді.

Біз Брежневкес ықыласпен қабылдап, жылы қабақ танытып, ізгі ақыл-кеңес, жана шырлық тілекестік білдіргені үшін алғыс айттық. Ал, Юсупов жонінде Леонид Ильич: «Оның бұдан былайғы жұмысы туралы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті шешсін» деді. Желтоқсанның 2-сі күні Брежнев телефон согып, Пленумга КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Титовтың қатысатынын, оны желтоқсанның 7-сі күнге белгілеу керектігін хабарлады.

Титов желтоқсанның 5-і күні кешкілік үшіп келді. Ертеңіне таңертең пленумды откізу төртібі мен Юсуповты отініші бойынша босатылатыны жонінде ақылдастық. Сол жерде обком хатшыларымен нікірлесіп сдік, олар оре түрегелді. Біз ондай шешіммен келіс алмаймыз, оны орнынан алу туралы мәселені Пленумда талқылаймыз деп отырып алды. Әріне,

көптің аты — көп, бірақ мәсслені шиеленістірғеннен не үтпақ-пыз, оданда мұны обком хатшыларының қатысуымен Орталық Комитеттің бюросында талқыладап, қорытындысын пленумға хабарлауды жөн көрдік.

Желтоқсанның 6-сы күні түстен кейін бюро шақырылды. Мәжілісті Титов жүргізіп отырды. Барлық обком хатшылары, әсіресе Неклюдов, Бородин, Бектұрганов, Банников, Қоспановтар Юсуповты ашы сынға алғып, елеулі кемшіліктегі үшін орнынан босатуды жөне партия жұмысының маңынан жүргізбеуді ұсынды. Орталық Комитеттің бюросы осындаш шешім қабылдап, обком хатшыларының пікірімен келісті. Бюро шешімін пленумға баяндауды С. Ниязбековкс тапсырды. Келесі күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы маган тағы да зор сенім көрсетіп, бір ауыздан бірінші хатшылыққа сайлады.

Біз жарты жылдай Орталық Комитеттің скінші хатшысынан жұмыс істедік. Кейін, КОКП Орталық Комитетінің ұсынысымен бұл қызметке КОКП Орталық Комитетінің хатшысы В. Г. Титов сайланды. Юсупов Орал облыстық атқару комитетінің тәрагалығына жіберілді, бірақ жұмысында береке болмай, Тамак өнеркәсібі министрлігіне ауыстырылды. Сол жерден зейнетті демалысқа шықты.

XXIV

КОКП Орталық Комитетінің қазан және қараша пленумдарының қорытындыларын талқылай келе Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелері партиялық жұмыстың түрі мен әдісін жетілдіруге, мәдени жөне шаруашылық құрылыш міндеттерін шешуге, үйымдастырушылық жұмыстарын күшейтуге дайын екендіктерін білдірді. Қараша пленумының қаулысана сәйкес селолық аудандық партия комитеттері қалпына келтірілді. Өлкелік органдар шаруашылық және мәдени құрылышқа басшылықты жақсартуға ықпал ете алмады, жалпы өзін-өзі актамады. Сондықтан Тың, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан өлкелері, сондай-ақ халық шаруашылығы кеңестері таратылды. Өнеркәсіпті халық шаруашылығы кеңестері арқылы басқаруға көшу ақыр аяғынадейін ойластырылмаган мәселе екенін өмірдің өзі долелдеп берді.

Жаңабесжылдық басталды, оның алғашқы — 1965 жыл өтө

ауыр тиді. Соган қарамастан өнеркәсіп пен құрылым саласында бірқатар ірі-ірі өзекті міндеттерді шешудің орайы келді. Соның ішінде, оқырман назарын мынаган аударап едім: Қызылордада аса ірі целлюлоза-картон комбинаты мен жылу электр станциясы іске қосылды. Соның арқасында республикада буып-түйетін материал шыгару қолга алынды. Қостанай облысында Жетіген асбест комбинатының бірінші кезегі пайдалануға берілді. Жылдың орта тұсына қарай Өзен мұнай-газ кен орнының бірінші кезектегі объектілерінің құрылышы аяқталды. Мұның өзі республика өміріндегі зор оқиға болды. Маңқыстаудың тұңғыш мұнайы алынды, оның мәні туралы КОКП XXIII съезінің мінбесін айтылған-ды. Маңқыстаудың Өзендергі алғашқы мұнайы Гурьев мұнай өндеу заводына жөнелтілді. Пайдалы қазба байлықтардың орасан мол қорларын анықтаудың арқасында республикамыздың игерілмеген шөлді аудандары ірі өнеркәсіп тобына айналды. Бұл жерде біздің еліміздегі шапшаң нейтронды бірінші электр станциясы жұмыс істейді. Осы аймақтың қақортасынан әсем қала бой котерді. Ол әуелі осында айдалып келіп, өмір сүрген украин кобзары Шевченконың атымен, ал қазір Ақтау деп аталады.

Наурыздың 10—12-сі күндері Қазақстан коммунистерінің XII съезі өтіп, онда жеті жыл ішінде республикамыз жүріп өткен жолға талдау жасалды. Шынымен, осы бір үзак та күрделі жылдар бізге не берді? Кең-байтақ республикамыздың картасына зерсалған кісі осы заманғы 20 қаланың бой көтергенін көрер еді. Жеті жүзден астам ірі-ірі өнеркәсіп орындары, бес жүздің үстінде цех іске қосылды. Бұлардың қай-қайсысында да біздің еліміздің алуан ұлт өкілдерінің қолтаңбалары бар. Тек ауыр өнеркәсіптің өзі гана 700 түрлі жаңа өнім шыгарабастады. Жетіжүлдіқ Қазақстан халық шаруашылығының индустриялық жолмен шапшаң қарқынмен дамуының сапалық жаңа кезеңі болып табылды. Жеті жыл ішінде Қазақстанның экономикалық потенциалы екі ссе артты, ал өнеркәсібі республика іргс көтергелі бергі жылдарды есептегендеге өнімді әлдеқайда көп берді. Жоспарды мерзімінен бұрын орындағаны үшін Балқаш және Жезқазған кен-металлургия комбинаттары Ленин орденімен, Соколов-Сарыбай кен-байту комбинаты, Ақтөбе химия комбинаты, Караганды синтетикалық каучук заводы,

Ертіс көмір бассейні, Қараганды ет комбинаты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Қазақстан коммунистерінің сиң үлкен форумы сиңбекшілердің материалдық тұрмыс жағдайы жақсара түскенін атап көрсетті. 1965 жылы 1958 жылмен салыстырганда орташа айлық жалақы 28 процентке есті. 1965 жылы 450 мың адам жаңа пәтерге көшіп, қоныстойын жасады. Съезд республикамыздың табысқа жетуі — партияның үлттық саясатының, КСРО халықтарының туысқандық достығы мен өзара көмегінің нығаюның тікелей жемісі деп бағалады.

Мен съезден кейінгі бірінші пленумда бірінші хатшылыққа, В. Г. Титов екінші хатшылыққа бір ауыздан сайландық. Титов партиялық жөнс мемлекесттік жұмыстарда мол тәжірибе жинақтаған тамаша азamat еді.

* * *

Күрметті оқушым! Сіздердің асыл уақыттарыңызды откен уақыттың өмірлік ескерткіштеріне еріксіз назар аударуымның, яки фактілерді тізіп шығуымның ең басты мәнісі — онда сл үшін, Отаны үшін қалтқысыз қызмет еткен сиңбекші халықтың мәндай тері жатыр. Ол жай гана тарих емес, адамдардың тағдыры, болашаққа қалдырган асыл мұрасы. Олардың жасампаз еңбегінен сіздердің де хабардар болғандарыңыз сол үрпаққа деген құрметтеріңіз дес білемін.

... 1966 жылы 29 наурызда КОКП XXIII съезі жұмысын бастады. Қазақстанның 204 делегат қатысты. Пленумда мені КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшслігіне кандидат етіп сайлады. Съезд шешімінсөйкес республикамыздың алуан салалы индустріясы сенімді де бірқалыпты дамыды, ол сліміздің ең ірі экономикалық аймақтарының біріне айналды, оның ролі мен мәні жылдан-жылга арта түсті. Осы жылы бір миллиард пүттән астам астық жиналды. Науқан кезінде бірқатар облыстарды аралады, өз козіммен диқан қауымының уақытпен санаспай құндіз-түні бірдей жұмыла сиңбек еткенін көрдім. Астық өндірісін үлгайтуда жөнс экономиканы көтерудегі басқа да корсектіштерге қол жеткізгендері үшін Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтобе, Алматы облыстары Ленин орденімен наградталды. Су шаруашылығын өркендісту жөнс суармалы жерлерді пайдалануды жақсарту жонінде қабылдаған ше-

шімнің дүрыстығын уақыт дәлелдеп берді. Қызылорда облысында күріш егісін жолға қоюға, сондай-ақ Шымкент облысында, Алматы облысының Ақдала алағында, Талдықорған облысының Қаратал ауданында және басқа да аймақтарда күріш егісі кең қанат жайды. Сөйтін, Қазақстан қант қызылшасын, мақта, темекі сияқты, техникалық дақылдар жөніндегі аса маңызды базаға айналды. Жұзім, бақша шаруашылығы ойдағыдай өркенеді.

Сайып келгенде, қазақ даласы экономикалық жағынанғана емес, мәдени салада да ілгерілеп, құлашын жаза бастады. Одақ көлемінен тысқары жерлерге де танылып, қарым-қатынасты қүшайте түсті. 1966 жылдан бастап, қысқа мерзім аралығында үш бірдей мұсылман елдерінің — Алжирдің, Иранның, Египеттің қасиетті жерлерін басып, дәмін татудың сөті түсті.

Караша айының соңы болатын. Брежnev хабарласып, партия үкімет делегациясын басқарып баруды ұсынды. Діні бір, ділі бір елдерге бармаганда қайда барасың. Куана келістім. Әуелі Алжирге сапар шектік. Делегация құрамына — КСРО Сыртқы істер министрінің орынбасары Малик, КОКП Орталық Комитетінің жауапты қызметкері Кабашкин, Кеңес одағының маршалы Москаленко, флот адмиралы Сергеев енді.

Біз Мәскеудегі Шереметьев — 2 аэропортынан үштық. Үш сағаттан кейін Парижге таяу жердегі Бурж аэропортына келіп қонды. КСРО-ның Франциядағы елшісі Зорин жылы шыраймен қарсы алды. Сол күні Парижде қонып, келесі күні Алжирге аттандық. Жерорта теңізі үстімен қалықтап барып, кілт бұрылған самолет Дар әл-Беид («Ақ үй» деген магынада) аэропортына мәндай түзеді. Бізді елші Пегов және жергілікті үкімет адамдары күтіп алды. Аэропортта аз-кем дем алып, қалага бардық. Мәндай алды қонақ үй — «Сан-Жоржга» (Әулие Георг) тоқтадық. Мені мәндайшасында: «Мұнда генерал Эйзенхауэр тұрған және осында соғыс жылдарында Жерорта теңізі жөнінен маңызды шешімдер қабылдаган» деген жазуы бар бөлмеге орналастырды. Қонақ үйдің терезесінен сиқырлы көк теңіздің гажайып көріністері алақанға салғандай анық көрінеді.

Алжир — арабша аралдар деген үгымды білдіреді, елдің аты астана атымен аталады. Жерорта теңізінің батыс бөлігіне орналасқан. Ол әкімшілік жағынан он бес уалаятқа, уалаят

округке бөлінген. Негізгі халқы — алжирліктер, олар арабтардан және тілі мен мәдениеті соларға отс жақын беберлерден құралады, дін жөнінен — мұсылман-сұнниттер. Алжир қаласы — алтын қақпа саналады, жылына алты мыңдай кеме қабылда-са, оның аэропортына 35 мың самолет үшіп, қонады. Алжирде минералдық шикізат қоры мол, мұнай, табиғи газ, темір, қорғасын, мырыш, фосфорит, сынап өндіріледі. Жұзім жинау, шарап ашыту, жөнінен Африкада оған теңессер ел жоқ, ал бидай, арпа өндіру, зойтүн майын алу жагынан екінші орын алады. Кеңес Одағының қомсігімен салынған мұнай және газ институты, тоқыма техникумы, сахара байлығын зерттейтін ғылыми институт бар. Сахараның солтүстік және шығыс аудандарында дүниежүзілік маңызы бар мұнай мен табиғи газ қорлары жа-тыр. Біз Алжирмен таныстықты дәл осы Сахарадан бастадық. Мұнай өндіретін Хасси Мессаудта болып, Мзаба, Лагуат, Медеа, Блида, ірі өндіріс орталығы Оран қалаларын араладық. Жалпы, алжирліктер ауыр қасіретті бастаң кешірген халық қой. Осман империясынан кейін француздар, испандықтар, итальяндар және басқа да европалықтар бұл слі ондаган жылдар талан-таражга салып келді. Үлт азаттық құресс жолында слуін-ші жылдардың аяқ кезінде бір жарым миллион адамынан ай-ырылып, скі миллион адам тұтқын лағерлері мен қапас түрмелерде отырды, 9 мың қыстақ отқа оранған. Бірақ ер жүрек халық француз үкіметіне өз тәуелсіздігін табандылықпен мойыннатқан. Революциялық Кеңестің төрагасы және Қорғаныс Министрі Х. Бумедъенмен арадагы біздің әңгімеміздің өзекті тақырыбы осы болды. Қоштасарда мен оған сліден арнағы апарған қазақтың шапанын иығына ілдім. Сол күні Алжир Демократиялық республикасының Сыртқы істер министрі А. Бутафликпен жүздестік.

Біз Алжирде санаулы күндер гана болдық, бірақ скі елге бірдей пайдалы көп іс тындырық.

1968 жылы қантарда КСРО Жогарғы Кеңесі Президиумының тапсырмасымен Иранға сліміздің парламенттік делегациясын бастап барған күндерім өлі есімде.

1935 жылға дейін Персия атап келген, солтүстік түсінен Түркіменстанмен шектессетін, 1971 жылғы Иран мемлекетінің 2500 жылдығын тойлаган іргелі мұсылман слі ғой. Қаңтар-

дың 16-сы күні Иранның астанасы Тегеранға ұшып келдік. Сенатор Д. Шариф Имами жөне басқа да ресми адамдар бар ықылас-ынтасымен қарсы алды. Біздің келу құрметімізге дастархан жайып, өйі көрсесті. Дастархан басында премьер-министрі Әмір Аббас Ховейдпен, Иранның Кенес Одағымен мәдени байланыс қоғамы басқармасының төрагасы, сенатор, генерал Амонолла Джаханбанимен таныстым. Қабылдау кезінде бізге мынадай бағдарлама ұсынды 1) Тегеранмен жөне оның әсем төнірегімен, тарихи айтулы орындарымен танысу; 2) Реза Пехлеви шаһтың мавзолейіндегі болу; 3) Шаһтың қабылдауында болу; 4) Меджлис төрагасына сөлем беру; 5) Сенатта сөз сөйлеу.

1925 жылы 31-қазанда 5-мәджлис Каджер оuletін тақтан түсті деп хабарлап, желтоқсанның 12-сіндегі Құрылтай жиналысы Сейд Зия-әд-Диннің тұсында өскери министр болған Реза-ханды Реза-шаш Пехлеви деген атпен Иранның шаһы деп жариялаган екен. Содан 1941 жылғы қыркүйектің 16-сына дейін дәурен сүріпті. Сырттан келген сыйлы қонақтар Тегеранға келсе, слмен таныстырын, мінс, осы Реза-шаш Пехлевидің мазарат-мавзолейінен бастайтын көрінеді. Сол дәстүрден біз де аттап кетпей, Тегеранның шең жағындағы Рес деген жерге салынған мазаратты көрдік. Бұл — кислі жер саналады-мыс, үш мың жыл бұрын ежелгі Иранның астанасы осы жерде тұрган дейді. Ел бірінші Петрдің қандай насыт кісі болғанын, бойының ұзындығы скі метр төрт сантиметр болғанын жақсы біледі гой. Реза-шаш орыс патшасынан скі-ақ сантиметр аласа екен. Атақ-абыройдан кенде болмаган, алган ордендерінде есеп жоқ, жиган қару-жарағын айтып тауыса алмайсыз.

Сәскеге қарай Реза-шаһтың мұрагері, оз еркімен тақтан кеткенде әкесінің орнына отырган Мұхаммед Реза Пехлеви шаһтың қабылдауына келдік. Ниаваран сарайындағы шаһтың ордасы көздің жауын алады, сыртын көріп сүйсініп жүрген біз, ішін көргенде тіпті қайран қалдық. Алтынмен апталып, күміспен күптелген орданы тұңғыш көруім. Кірсе шыққысыз деп, сірө, осындаид үлде мен бұлдеге оранған жерді айтатын шыгар. Шаш менімен бір сағаттай әңгімелесіп, әуелі өзі елдің ішкі жағдайы, Ирандагы ақ революция туралы баяндады. Жалпы, Иранда жүргізілген ресми реформаның мазмұны оның «Ақ революция» деген кітабында түгел баяндалған. Мен одан ха-

бардар едім. Реза-шах Чехословакиядағы оқиға туралы сұрап, сыр тартқан ыңғай байқатты. КСРО-ның сондагы елшісі ексүміз мәссленің мән-жайын егжей-тегжейлі түсіндіріп бердік. Ол парламенттік делегацияның келуін құптай отырып, өзара экономикалық байланыс туралы ойларын ортага салды.

Делегация басшысы ретінде сенатта сөз сойлеудің орайы келді. Тегеранның барлық газеттері сойлеген сөзімді түгел жариялады. Онда терезесі тең, өзара сыйластық, ұлттық тәуелсіздік, бір-бірінің ішкі ісіне қол сұқпау принциптері негізінде кеңес-иран қарым-қатынасын ныгайтуға мүдделі екендігімді білдірдім.

Әлбетте, біздің әрқайсымыз кезінде қызыға оқыған «Кәлила және Димнаны» тудырган парсылар туралы, талай-талай рубай, газелдерін жатка білестін Рудаки, атақты «Шаһнаманы» қалдырган Фирдауси, «ақындар патшасы» атанған Үнсүри, ұлы философ, ақын әрі ғалым Омар Һаям, Сағди, Лахути слі жайында ұзақ әңгімелсуге болады. Оның соuletі, музыкасы, театры, жалпы көркеменері мен экономикасы, одст-гүрпі, салт дәстүрін Исфахан, Шираз, Абадан шаһарларын аралап, парсы шығанағындағы Харк аралын тамашалаган тұста конілге тоқи жүрген, қуана көріп, сүйсінс тындаған шақ аз болған жоқ.

Дәл осындай рухани ләззатты Египетке барғай сапардан да алып қайтқаным бар. Бұл 1970 жылдың қантары түгын. Сегізінші бесжылдықтың шешуші жылы еді. КСРО Жогарғы Кеңесі Президиумының тапсырмасымен парламенттік делегацияны басқарып бару — Кеңес Одагы сияқты ұлы державаның аманатын арқалап бару деген сөз, ол зор жауапкерлік жүктейтін айрықша сенім еді. Мен жүзден астам ұлт және ұлыстың атынан барып, қазақ деген халықтың кім екенін, қандай ел екенін танытып қайтатыным, мені асқақ сезімге бөлейтін. Бұдан асқанabyroй, бұдан асқан бақыт болмайтын. Қазақ бол туганың үшін де тәубес дейтін сөттер аз смес еді.

Каирге келген күннің ертеңінде Біріккен Араб республикасының заң шыгарушы жогарғы органды — Ұлттық жиналысының жұмысымен таныстық. Оның қызметі жайында саяси экономия докторы, Египеттің, күллі араб шығысының, экономикалық проблемалары жөнінде жазылған көптеген еңбектердің авторы Лябиб Шүкейр Ұлттық жиналыстың төрағасы ре-

тінде жан-жақты өңгімелеп берді. Біз Кеңес Одағының тікелей көмегімен салынған Египеттің басты кәсіпорындары — Асуан гидротехникалық жүйесінде, Хелуандагы металлургиялық комбинатта, сондай-ақ Александриядагы кеме верфін, Махалла-әл-Кубрадагы тоқыма комбинатында, Ат-Таһирдегі жаңадан игерілген жерлерді көрдік. Әрине, адамзат дамуының алтын бесігі болған ежелгі Египет тарихы, оның бүгінгі келбеті жайында коп нәрсе көкейде сайрап жатыр. Оны қозі ашық өкірман менен кем білмейді. Сондықтан, араб халқының аяулы перзенті Гамаль Абдель Насермен қалай кездескенім туралы айтып, өңгімені шырысам деймін.

Бұл қантардың 19-ы күні Каир уақытымен күндізгі сағат екі болатын. КСРО-ның сондагы елшісі Виноградов екеумізді көптен күткен қимас жандарын көргендей қуанып қарсы алды. Ұзын бойлы, қыр мұрын, кең мандай, ңұрлы жүзді, қысқа бұйра да буырыл шашты, қыық мұрт, қыр қабақты, сымдай тартылған сымбатты кісі қос қолдан ұзақ амандасты. Қасын кере құлғенде мойылдай тұнық қос жанары от шашып, шуақты жүзінен нұр тамғандай. Біз бір-бірімізді аудармашысыз ұғынысып, ықылас-пейілімізді өз тілімізде, ол — арабша, мен — қазақша жеткіздім. Елші маған: «Сіздердің тілдеріңізде үқастық бар-ау, бірден тіл табысып кеттіңіздер» деп сұрады. Мен оған: «Ұғысқан жүрек-терге тіл кедері болмайды, біздің дініміз бен діліміз бір» дедім.

Насер сөздің түбін түсіріп сойлейтін кісі екен. Өте зерек. Ойын қарапайым да анық жеткізеді. Соган орай мүқияттыңдай да біледі, жөнімсін пікір таластыра да біледі. Бір сағаттан астам уақыт ішінде көп мәсселс төңірсегіндес ой алмасылды. Бұл әдеттегі протокол үшін қажетті сыпайы, сырғытпа сөз емес, сыйлас-тықтан туган сыр еді. Оның: «Біз бейбіт өмір тілейміз, бірақ тыныштықтың ауылы алыс бол түр. Біз согысқа лағност дейміз, бірақ согыс өрті анталап, қоршап түр. Қандай қыындық болсада қасқайып қарсы түруга бармыз, әділетті қоргауга қай халықтың болса да құқы бар» деген сөзі өлі күнге дейін жадымда жатта-лып қалыпты. Сан рет слідің қанды шенғел қолының қасірестін бастан кешірғен халқына 1953 жылы маусымда тәуелсіздіктің тәтті дәмін таттырган Гамаль Абдель Насер тарихта тенденсі жоқ ерліктер жасады. Оның рухы әділет үшін, тәуелсіздік үшін ұмтылған халқымен мәнгі бірге жасайды.

Әр заманның өз әні, өз сөні бар. Рухани байлықтың анасы — еңбек, ел зейнеттеп гөрі бейнетке бейім болды, мешеу қалған ел экономикасын көтерудің қараеті көбірек аландатты. 1964 жылдан 1986 жыл аралығында, мен зейнетті демалысқа шыққанша, Қазақстан коммунистерінің бес бірдей съезі өтіпті. Соның қай-қайсысында да кезекті бесжылдықта халық шаруашылығын өркендетудің негізгі қорытындылары шыгарылып отырды. Республиканың табыстары таразыланды, экономиканы дамытудағы орын алған олқылықтар мен қателіктер сараланып, мейлінше әділ бағасын беруге үмтүлдық. Мен қызметтеп кеткелі біраз жыл болды, өткен жылдарга барынша сын көзben қарауга, «әттеген-айларымызды» көбірек екшеп, барымыз бен жоғымызды елкен өткізген сайын мына бір байламга табан тірек беремін, ел еңбекке жұмылды. Әркім шыққан тауым биік болсын деп, жеке-дара шаппады. Кол ұстасып, тізе қосып жұмыс істеді. Елдің дәүлеті ассын, бағы тасысын деді. Сол арқылы тұрмыс жақартуға күш салды. Меніңше, еңбектері еш кетпепті. Оны мына деректерге қарап-ақ анғаруга болады.

Қазақ даласында үлан-гайыр жер кемде-кем. Бір өзіне Ұлыбритания, Франция, Германия федеративтік республикасы, Испания, Австрия, Голландия және Дания сияқты іргелі елдерді тұтас алғанда, емін-еркін сыйып кетседі. Сол кең-байтақ өлке отыз жыл ішінде өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және мәдениеті өркен жайған республикаға айналды.

Бұган дейін де шет-жағасын айтқанмын, Қазақстан түсті, сирек және пайдалы металл өндіріс жөнінен слімізде елеулі үлес салмағы бар. Олар Өскемен қорғасын-мырыш және титанмагний комбинатының, Балқаш пен Жезқазған кен-металлургия, Лениногор мен Атысай полиметалл комбинаттарының, Зырянның қорғасын, Павлодардың алюминий, Шымкенттің қорғасын, Ертістің металлургиялық-химия заводтарының үйымшыл ұжымдарының жемісті еңбектерінің арқасында еселеңе түсті. Осы жылдар беделінде қара металлургия қарқынмен дамыды: Соколов-Сарыбай және Лисаков кен байыту комбинаттары Урал мен Қазақстан металлургиясының аса ірі базасына айналды. Еліміздегі ең қуатты ақ қаңылтыр цехы бар

Қараганды металлургиялық комбинатының тұтас кешенінің құрылышы аяқталды. Ермак ферросплав заводы іске қосылып, толық қуатымен жұмыс істей бастады.

Машина жасау және металл өндесу саласы нығая түсті. Павлодардың трактор, Целиноградтың ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, Өскеменнің, Қарагандының, Петропавлдың, Оралдың, Шымкенттің, Алматының заводтары пайдалануға берілді. Прибор жасайтын, әнергетикалық және автомобиль өнеркәсібінің, химия, мұнай, құрылым жол тәссу машиналарын жасайтын заводтардың шыгарған өнімдері кеңінен мәлім. Республика ірі отын-әнергетикалық өнеркәсіп орталығы ретінде танымал. Жұзден астам көмір және мұнай көздері ашылды. Қараганды мен Екібастұз көмір бассейндері жогары қарқынмен орken жайды. Көмір өндіру 1955 жылы бар-жогы 28 миллион тонна болса, бұл көрсеткіш 1986 жылы 130—132 миллион тоннага жетті. Бұдан бұрын айтқанымдай, 1965 жылы шілдеде Маңқыстаудың бір эшелон мұнайы тұнғыш рет өндесуге жіберілсе, 1976 жылы ақпанда Қазақстан Компартиясының XI өткізу міндеттің жүз миллион тонна мұнай өндірілгені туралы айтылды. Республиканың әнергетикалық шаруашылығы шапшаң қарқынмен есті. Екібастұздың бірден-бір отын-әнергетикалық кешені жасалды. Болашақта Екібастұзда жалпы қуаты 20 миллион киловаттық жылу электр станциясы бой котермек. Электр қуаты 1955 жылы 14,5 миллион киловат болса, 1986 жылы ол 85 миллион киловатт-сагатқа жетті. Қазақстан бүмен жылыту жүйесі бойынша алдыңғы орында, химия саласында да көш бастап келеді. Шымкент пен Жамбыл өндірістік бірлестіктері іске қосылғалы бері біздің өліміз сары фосфор өндіру жөнінен дүниесінде бірінші орынга шықты.

Қазақстан — жергілікті, женіл, тамақ және сұт өнеркәсібінің өсу деңгейімен өзінің экономикалық қуатының қай деңгейде екенін көрсеткен республика. Алматы мақта-мата комбинаты, Қостанайдың костюмдік маталар, Өскеменнің жібек маталары комбинаттары, Көкшетауда ленталық фабрика, көптеген қалалар мен аудан орталықтарында тігін және тоқыма фабрикалары шаңырақ көтерді. Семей, Шымкент, Алматы — халық тұтынатын тауар өндіретін аса ірі орталық саналып отыр. Автомобиль, өуе қатынасы, темір жол транспортты өркен жайды.

Барлық облыс орталықтарында осы заманғы әуе лайнерлерін қабылдайтын аэропорттар жұмыс істейді.

Халық жұмыла көтергсін жүк, міне, осындай. Мақтануга лайық іс тындырса, неге паш етпеске! Мынадай мысалдарға және жүгіне кеткім келеді.

Бірінші: Қазақстан өзінің 60 жылдық торқалы тойы тойланатын жылы өнеркәсіп өнімдерін 1920 жылмен салыстырганда 875 есе көп өндірді. Тек тогызыншы бесжылдықта 365 жаңа кәсіпорнын; цех және өндіріс орындары іске қосылды. Қазір Қазақстан — еліміздің ірі өндіріс аймагы, оның ролі мен маңызы жыл санап арта түсстін болады. Ол өнеркәсіптің кез келгсін саласының аса күрделі міндеттерін шеше алатын дөрежеде, тек қарапайым сибек адамдарының қолымен жасалған бар иғлікті тиімді пайдалана отырып, өнеркәсіп өндірісін дамыту ісін тиісті арнасына дұрыс бағыттай білсек иғі.

Екінші: Ауыл шаруашылығы тың игерген және одан кейінгі жылдарда құрт көтерілді. 1954—1979 жылдар ішінде Қазақстанда 290 миллион тоннага жуық астық, басқа да ауыл шаруашылық өнімдері дайындалыпты. Республикамыздың астық сатуда үлес салмағы едәүір өсті. Мемлекетке неғұрлым жоғары сапалы астықты мол беруде қолдан келгеннің бөрін жасадық. Әсіресе, 1979 жылы ұлы жеңіс деп айтуга лайық табысқа кенелдік. Тың игергелі бергі 25 жыл ішінде аса мол өнім жинаған жыл болды. Сол жылы 34.533.7 миллион тонна астық өндіріліп, мемлекетке 1 миллиард 262 миллион пүт немесе 20678 миллион тонна дән откізілді. Тогызыншы бесжылдық, шын мәнінде, астықтан тау тұргызған жылдар еді. Отан қамбасына жыл сайын орта есеппен 81 миллион тоннадан немесе бір миллиард пүттән алтын дән құйылыпты. Жоспар 233 миллион пүтқа артығымен орындалды. Тек осы қосымша откізілген астық тың әпопеясы басталғалы бергі Қазақстанның мемлекетке откізген бар астығынан үш есе асып түседі екен.

Бір жолы Алматыда откен көкөніс осірушілердің кеңесі кезінде «Алматы» колхозының торагасы Л. Манько қабылдауыма келіп, Қапшагай сүйн пайдаланудың арқасында Кербұлақтағы үй орнындағы жерден қалай мол өнім алып отырғанын айтты. Шаруа жайын білстін адамның әнгімесінде бір нәр барын ішім сезіп отыр. Бос жатқан маң даланы неге игермеске,

алақандай жерден алынған дүниені олжа көргеннен гөрі, түгел көдеге асырсақ, мына астана халқы көкөніске қарқ болмас па еді?! Осы идеяны обкомның бірінші хатшысы А. Аскarovқа айтып, Кербұлақ алабын игерумен шындалап айналысады тапсырдым. Бұл дер кезінде жасалған сәтті қадам болды. Арада біраз жыл өтті. Қазір Кербұлақ алабындағы шаруашылықтар миллионнан астам тұргыны бар астананы ерте пісетін картофельмен, пияз және басқа да бау-бақшалық дақылдармен қамтамасыз етеді.

Үшінші: республикада 1936 жылы не бәрі 16 жоғары және 83 орта арнаулы оқу орындары бар екен. 1980 жылы жоғары оқу орны — 55-ке, оның ішінде, скі университет бар, орта арнаулы оқу орны — 231-ге жетті. Студенттер қаласының қатарына Қарағанды, Жамбыл, Целиноград, Шымкент, Семей қалалары қосылды. Ауылдарда, аудан орталықтарында, қалаларда жұздең жаңа мектептер, бала бақшалар, ауруханалар мен емханалар, мәдени ағарту орталықтары бой көтсөрді. 1978 жыл — ұмытылmas жылдардың бірі. Алматыда бүкіл дүние жүзі деңсаулық сақтау үйымдарының халықаралық конференциясы өтті, оған 134 елдің өкілдері қатысты.

Төртінші: 1973 жылдың басында-ақ республика әлемнің ондаған іргелі елдерімен байланыс жүйесін жолға қойған-ды. Социалистік ынтымақтастық елдермен тығыз қарым-қатынас орната келіп, оныншы бессжылдықта шығарған өнімдерімізді халықаралық көрмелер мен жәрменкелерде кеңінен көрсетуге мүмкіндік алдық. Бұл шаралар экономикалық өзара көмек елдері жүйссімен жүзеге асырылса, республика бірқатар Азия және Африка елдеріне гылыми-техникалық ықпал жасап, медициналық көмек көрсесті. Қазақстандагы әлеуметтік-экономикалық жаңару — шет елдіктердің ерекше ықыласын аудара бастады. Социалистік ынтымақтастық елдердің партия-үкімет делегациялары, Европа, Азия, Африка, Солтүстік және Латын Америкасының парламенттік делегациялары жиі-жиі ат ізін салатын болды. Польшаның, Монголияның, Болгарияның, Герман демократиялық республикасының, Лаостың, Эфиопияның және өзге де елдердің басшылары тұңғыш рет Алматы та-балдырығынан аттады — Қазақстанды патшалық Ресейдің шалғай түкпірінде жатқан мсірсеу ел деп санап келген олар жүзден

астам ұлт, ұлыстармен бірге қоян-қолтық енбек етіп, бір семьяның баласында тату-тәтті өмір сүріп жатқан қазақ халқының өскен, өркендереген ел екеніне, оның шалқардаласының гүлдене түскенін өз көздерімен көріп аттанатын.

Бұлар — дос сүйініп, дүшпан күйінетін іргелі істеріміздің бір парасы ғана...

XXVI

Қазақтан сөз қалған ба! Ертеректе бір ақынымыз:
«Дүние деген ұшқан құс,
Байқай алмай қаласын,
Басыңдан шарлап өткенін», — деген скен.

Сол айтқандай, өмір деген бес күндік екен, аққан жұлдыздай зу етіп өте шығыпты. Бұл арада басыңдан бақ ауса, алпыс құн тасыған дария алты құнгे жетпей таусылады деп, өкініп отырғаным жоқ. Ел аман, жұрт тынышта, басың аман, бауырың бүтін кезде зейнеткер болу, әрине, асарын асап, жасарын жасаған адам үшін қанагат тұтқандай абырой гой. Арқа-басыңды қенге салып, емін-еркін дем алғанға не жетсін. Ат үстінде жүріп ағайынмен қоян-қолтық араласа алмадық. Зоуінде бір бара қалсақ, от ала келгендей қайтуға асыгатынбыз. Жора-жолдастар да, дос-жарандар да қолға түсіре алмай, қапыда жүретін. Ендігі омірді солармен бірге өткізудің соті түскендей еді...

Бақсақ, адамның дегені бола бермейді скен...

Дүрбелен қасталды. Бұйығы жатыр, үйқылы-ояу жүреді деп ұлттық санага салқын қабак, салғырт көңілмен қарнымыз ашып жүргенде намысқа қамшы басты. Атанаң ұлы — ер жігітке арту-артубел келетіні, бел асам деп білек сыйбанған сын шақта оқтап қатты сөз келеді скен. Сол желтоқсанда осыған анық қоз жетті. Бүгін соған да шүкір десушілер көп. Ал оны сол кезде қалай-қалай теріс айналдырып, кімдерді есекке теріс мінгізбедік. Тіпті, үш үйықтаса түсіңс кірмес жала жабылды. Абай айтқандай, қосқан аты алдында келсе, күрессе түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып үстаса, есі шығып бір қуанатын ақконділ қазақты үлтшыл деп қап-қара күйені шімірікпестен жага салды. Оған кең қолтық

қазақ алдыңа жайған дастарқаным, адал асым үрсын демеді, құдайдан тапсын деді де, іштен тынды, әліптің артын күтті.

Әрине, ел басына осындай күн туып жатқанда, менің пәлен деп таусылуым білмestіk болар еді. Бірақ желтоқсан оқиғасының кілтін іздең, тобықтай түйінін жасауға үмтүлғандар қайырылып келіп, қармақты маган салудан танбады. Баспасөз, бұқаралық ақпарат жарғақ құлағы жастыққа тимей мені жерден алып, жерге салудан жалақпады. Республикадагы қандай да болмасын келенсіз көрініс пен кем-кетікті бір менің басыма үйіп төкті. Бұған дейінгі слдің, сәбекші халықтың, оның зиялы қауымы жасаған игілік құмга сіңген судан бетер жоққа шыгарылды. Айналып келгенде, өзбек ағайындарға жасалған қақпанды Қазақстанға, оның бұрынды Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысына айнала құра бастады.

Жалғанда жалғыздық жаман екен. Ертелі-кеш тыным болмайтын телефондар сап тыйылды. Күні кеше гана құрдай жорғалап, алдыңнан қия өтпей, қисынсыз жерден қиялай келіп сәлем беруге құштар «әріптестерім», мені пір тұтып, ұстаз санаган қайран «шәкіртсұмактарым» біздің үйді айналып өтегінді шыгарды. Тіпті базбіреулері аттанға үран қосып, онсыз да лап еткелі түрган шаланы үрлеуге асықты.

Ондайда ой жүйрік. Сан-саққа алып қаша береді. Жанның тәттілігіне емес, жылдар бойы мысқылдан жиған абырайдың шынымен-ақ батпандап шығып бара жатқандығы жанға батады екен. Әлгі бір аңызда айттылатын жәйт еске оралады. Мархабаты мол патша ашу үстінде өзінің қарамағындағы қызметкерлерінің бірін жазықсыздан жазықсыз өлім жазасына бұйырыпты дейді. Бір күнгі жарық дүние кімге болса да қымбатқой. Соны қимай бара жатқан әлгі пақыр:

— Әй, патша, менің айыбым менің ғұмырыммен бітеді. Ал, сенің айыбың мен өлген соң басталса керек, — депті. Патша созден жығылып, құлына кешірім жасаған екен. Сол айтқандай, менің айыбым басталатындаі кімге қиянат жасап, кімді жылатқандай едім дегенді ойлаумен болдым. «Апыр-ай, — деймін өзіммен өзім онаша қалған тұста, — ашық айтсам да ашынып, ауыр айтпаушы едім. Ақыл тезін алға салғандай күн кештім-ау деп жүргенде, бұ қалай? Досы жоқпен сырласып, досы көппен сыйластым деп жүргенім бекер болғаны ма? Мен

алтын басты азаматтармен үзенгілесіп, үлкен іс тындырып жүрдім десsem, қара бастың қамын кешкен кеудемсоқ пендлердің ортасында өзімді өзім алдап, арбауга түскен екенмін гой. Жарқылдаганның бәрі алтын емес скендігін, жалпақтаганның бәрі жанашыр еместігін ажырата білетін сияқты едім. Сонда біреудің көз алдындағы сабанын көріп, оз көзімнің алдындағы дөнбекті көрмегенім бе? Мейлі гой, кіл жақсыны жинау жоқ, көп ішінде, күріш арқасында су ішіп жүрген күрмек болмай тұрмас. Уа, шіркін! Абай жарықтық:

Жаман дос — көлеңке,
Басынды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсын.
Басынды бұлт шалса,
Іздеп таба алмайсын, —

деп тап басып айтқан екен гой. Мейлі, пәлесі жүгар деген пенделік шыгар. Оған өкінбен!

Ең бастысы, сол күндері өмір жолымды ой слегінен өткізген тұста жоғары қарап оқ атпағаныма көзім жетті. Жалған дүниеде үш арсыз тірліктен: арзан құлқіден, бойкүйез үйқыдан, жсніл олжадан бойымды аулақ салғаныма іштей тоубе дедім. Ақылы қысқа, ойы келте жанды дос санап, сырымды ашқан жерім жоқ. Соған қуандым. Дүниеде жаман адамның айтак болғанынан ауыр азап жоқ шыгар. Солардан іргені аулақ салғаным ауыр күндердегі азапты ойлардан тез сергуіме себеп болды.

Сосын, шын жанашырыз, тілеуқор інісіз еместігім ертерек се жигізып, ерекше қанат бітірді. Тындаій білген құлаққа:

«Досың емес тойдагы табақтасын,
Бас бүтінде отырар мадақтасып.
Досың сол, кім қол берсе, қамынды ойлап,
Басына күн туганда, сорың қайнап», — дегенді жадына тоқыганын қалар ем. Мен бұл арада қызметтің алтын белдігін тағынғанша өз жанынды жеп, тыныш отырганың жақсы дегенді айтудан аулақпын. Әңгіме — жан дос, адал іні, ер азамат сен құрдымға батып бара жатқан тұста танылады. Жан азабын, оның ашы айтайын сол гана есітеді, сол гана түсінеді. Осы арада мына бір аңызга, аңыз да болса, ақиқаттан артық әділ сөзге жүтіне кеткім келеді.

Қазакты Абылай, қалмақты Қалдан билеген заман екен. Айдарынан жел есіп, айбарынан жер тітіркенген Қалдан Абылайға қыр көрсетіп, өз ықтиярымен берілсін деп, ең жақын уәзірінің туган атасын елшілікке жіберіпті-міс. Ыға қоятын Абылай қайда, өкпеге қиса да олімге жібермейтін елшісін елтіріп, Қалданған тұратын жерін айтсын деп хабар жолдайды. Қанына қарайған Қалдан қазақ ханының мына қорлығына шыдай алмай, жер қайысқан өскерін жорыққа аттандырады. Ол кезде батырга жүгінетін заман. Сап түзеген өскер алдында Абылайдың алпыстан асқан өкіл атасы жекпе-жек кезінде жаудың жеті бірдей сен түр, мен атайын дейтін қызыл көз батырын жер жастандырады. Бірақ ант ауып, осы шайқаста қалмақ женсіді. Абылай бастаган жұз сарбазды Қалданға тірідей алып бармаққа ала жөнелді. Қалмақ хантойшысы қазақ ханын сынамақ болады. Үйіндегі төсенішті түгел шыгартып, құр қара жерді қалдырады. Ондагы ойы хан қара жерге отырап ма екен, жоқ па скен, слінс қадірі болса қасына ерткендері құрмет көрсетер, корсетпесе соны қөрейін дейді. Хан тағдыры қыл үстінде тұрган сындарлы шақ скен бұл.

Содан сегіз қалмақ төрт кісімен Абылайды мейманасы асып-тасып отырган Қалданның алдына алып келеді. Келсе, үй іші жылан жалағандай, отырайын десе ызды қара жер, түрегеп тұрайын десе хан аты бар. Ол не отырудың, не отырмаудың жөнін таппай тұрганда қасына ерген кісілердің бірі үстіндегі жібек шапанын шешіп, Абылай ханының астына төсепті. Оган ол үш серігімен жайгасыпты.

Қысқасы, Абылайдың қанын мойнына жүктегісі келмеген Қалдан мына бір текстілікті, ел иссінсеген құрметті көрген хантойши қазақ ханын жұз кісісімен аман-есен елге қайтарады. Жолда: «Хан ием, бұрын ат табылса тон табылмай, тон табылса қару-жараққа зәру боп, қолын қысқа гып келгсін өкіл атаң ел сенбес ерлік жасады. Ауыр сотте арым жаным садагасы, деген сарбаздарының көзсіз батырлық көрсесті. Солардың қайсысы на көңіліңіз толып, қайсысын жақсы көріп келесіз?» — деп сұрапты бірі. Сонда Абылай хан: «Бәріңе де дән ризамын. Дегенмен қөңілімнің төрін бір адамға ұсынып отырмын. Ол Қалданға таба қылмай, қысылшаң шақта қадіріме жетіп, жібек шапаның

астыма төсеп қасиетімді асырган Ембет батырдан артық адам жоқ», — депті.

Міне, Абылай атамыз айтқандай, басыма бұлт төнген қынқыстау күндерде қанаты қайырылған қартты қанаттандырган бір Азамат болды. Ол — Олжас Сүлейменов! Кім қалай қабылдайды, ол жағын білмеймін, бірақ кешегі бірінші хатшының намысын жыртысты демеймін, қашанда ақиқатты, шындықты жаңы сүйетін, адалдықты жырлайтын ақын өділ сөзін айтты. Ол үстіндегі жібек шапанын емес, ар алдындағы Азаматтың сөзін айтты деп білем. Бәлкім, бір кездері «Аз и Я» пышаққа түсіп, Олжас құғын-сүргінге ұшыраған тұстағы менің аз-кем шапагатымның есесін қайтару емес, солай деп ойлаган болса, ондай жымысқы ойдың жетесгінс ілескен кейбір ағайынның адасқаны. Мен «Аз и Я»-ның авторын емес, тар маңдай қазактың багына құдай берген табиги талантқа қорған болуга үмтүлдым. Ол үшін өкінбеймін. Бірдің емес, бүкіл елдің сөзін сөйлер артық туган ақындары бар ел бақытты!

Әлбетте, көпкіс топырак шашудан аулақпын. Қабырғаңды қайыстыргандай қасіретті күндерде халқым қанатының астына алды. Улkenі бар, кішісі бар — бәрі сәлемін ұзбей, сәті түскен жерде ықыласын танытып, жабырқаган көнілге жұбаныш болар сөзін айтты. Қара халықтан асып қадіріне жетер ешкім жоқ па дедім. Мен бұлт сейіліп, аспанымызға күн нұры сөүле шаша бастаған бүгінгідей шуақты күндері баршаңызға алғыс сезіммен ықылас білдіре кеткенді жөн көріл отырмын.

Рас, мен де жұмыр басты, екі аяқты пенденін. Өткен күндерге ой жүгіртіп, әрбір қадамымды таразыға салған жайым бар. Шығысданалығы: басқыштың төменінен бір-бірлеп басып қана жоғары шығуға болады дейді. Мен биікке осылай көтерілдім. Баз біреулердің:

Жанашырың болмаса

Жатпен жалғыз жүрмсіз.

Қостаушының болмаса,

Біле тұрып, білменіз, —

деген сөзіне иланған емеспін, иландыргым да келмейді. Бәлкім, белгілі мөлшерде бұл жерде бұл «гимнгс» айналса, оған қоғамдық құрылысты құрбандыққа шатып, жеке адамдарды — қолында мөр, билік бар басшыларды сырт айналып өтіңіз деп айтудан аулақпын.

Тезек төре үрлық қылган бір топ жігітті дарға асқалы жатқанда Кебекбай деген би топ ішінен сұрырылып:

— Дат! Ау, төре, менің бір сұрагым бар, — депті.

— Айт.

— Айтсам, су басынан тұна ма, өлде аяғынан тұна ма! — деп сұрапты.

— Аяғынан су тұнатын ба еді, басынан тұнады да! — деп жекіді Тезек. Сонда Кебекбай:

— Олай болса, төрелігіңе құлдық, елдің төрессі бола тұрып алдымен үрлықты өзің жасайсың. Елде үрлық-қарлық тыйылсын десен, алдымен жазаны өзіңден бастау керек, — деген екен.

Жөн сөзге тоқтамау арсыздық.

Мен өзіме қatal сын көзben қарауга үмтылдым. Өзімнің өмір жолыма өкінбессем де, халық сенген, партия аманат еткен қызмет мінсіз болды дей алмаймын. Шарифатта: жақсылық жасағанда да өзіне жасайды, жамандық жасағанда да өзіне жасайды дейтін қагида бар. Сол айтқандай, кім абырайсыз болғысы келеді, кім ар алдында адал болғысы келмейді. Жаңылыспайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болса, төрткілдүние түгелдей шаттыққа кенелмес пе еді, ішкені алдында, ішпегені артында дегендей, үлде мен бұлдеге оранып отырmas па еді. Менің ылғи да мынадай қорытынды тоқтау жасататын: ел басшылары еркеше жағдайда болды. Құдай-ау, саяжай дейсіз бе, самолет, машина дейсіз бс, тіпті үстінізден шыбын үшірмауга бар күзет дейсіз бе — бәрі бар. Ал мұның бір гана өтемі бар еді, ол — халық үшін қалтқысыз сәбек ету. Сол жұмыстың нәтижесі қандай, ол өз алдына дербес әңгімс. Ал күнің тапжылмастан, кейде табан тоздыргандай он алты — он сегіз сағат жұмыс істейтінбіз. Социализмнің бір женісі — сегіз сағаттық жұмыс күні десек, конституциялық құқымызга қарамастан таңын атысы, күннің батысы демей, қашан сол күнгі шаруа бір жақты балмайынша, үйге қайтпайтынбыз. Оның үстінс күн сайын ағылып келіп жататын почтаны оку, қат-қабат құжаттарды қарап, тиісті нұсқау беру, дамылсыз соғылатын «ВЧ» арқылы сөйлессу» осының бәрі бір кісіні сүрінс құлатарлықтай шаруа еді.

Басқалай жұмыс істсу мүмкін смес. Әбден қалып алғанымыз сонша, байлаулы баспақтай шыға алмай, шыр айналып

жүргеніміз. Саясаттың жөні бір бөлек, ал күн сайын, сағат сайын әлденеше рет оралып отыруға тұра келстін республикадағы әлеуметтік жағдай, мәдени өмір, экономикалық ахуал соган мәжбүр ететін.

Қазақстан қандай республика екені өздерінізге мәлім. Атырау мен Алтай, Қаратай мен Қостанай даласына дейін созылып жатқан ұлан-байтақ жерді жылына бір рет аралап шығу, әлдекімдер айтып жүргендей, бой жазып, сийіл құру смес. Аудан-ауданда болу, шаруашылықтарды, заводтар мен фабрикаларды, құрылыштар мен гылыми орталықтарды көрү.., ондагы қарапайым колхозшылармен, шопандармен, диқан-механизаторлармен, жұмыскерлермен, галымдармен жүздесу, пікір алмасу, талап-тілектерін тыңдау, кейбір зәрү мөселелер жөніндегі ақылдасу.., әр түрлі деңгейде өтестін кеңестерде, активтерде, пленумдарда сөз сойлеу... уақытты гана қажет етпейді, сонымен бірге қайрат-жігерді, талмай ізденуді, оқып-үйренуді талап етеді. Бұган Орталық Комитеттің Пленумдарына баяндама дайындауды, бюроға басшылық жасауды, Саяси Бюроның мәжілістеріне қатысады қосыныз, колхозшылардың, жазушылардың, комсомолдың, мұғалімдердің, әйелдердің... съездерінде сөз сөйлесу, жер-жерден келіп жататын ұсыныс-пікірлерді, өтініштерді быттай қойғанда, арыз-шагымдар қанша қол байлады. Қатардағы жұмыскерден бастап министрге дейінгі дәрежедегі адамдарды қабылдау, алдыңа келген ұлken-кішіні мүқияттыңда, қолдан келгенше тілегін қанагаттандыру үлкен жауапкершілік смес деп кім айтқандай. Зады, республика деңгейінде ең соңғы мандай тірдейтін жері өзің екенін білесің, соңғы үміті де сенсің. Сондықтан алдыңа келген жан риза бол шықпай, сенің ішкен асың бойға сіңуі, тіпті бір нөрсе тындырдым деудің өзі үят.

Міне, осындай қат-қабат шаруага қарамай шетелдік делегацияларды қабылдауга, журналистермен сұхбаттасуға уақыт табуға тырысасың. Әрине, жіпке тізгендей бөрін санап шығу мүмкін смес. Бұл бірінші хатшының күнделікті тыныс-тіршілігі, өмір ағымындағы іс-харекеті. Жөне бір күн бір күнге үқсамайтын. Тіпті шет елге делегация құрамында не оны басқарып баруға тұра келген тұстың өзіндегі әр сапар сайын жаңа міндет, мүлде жауапты міндет арқалап аттанатынсың. Қалай дегенмен әр елдің салты басқа, иті қара қасқа... Жан-жақты хабардар

болып бармасаң, үңғыл-шұңғылын біліп бармасаң, көктен тұс-кендей көзді жұмып жүре алмайсың гой...

Енді сол бір асау ағыс кілт тоқтап, құлазыған далада жалғыз қалғандай күй кескен күнге де жеттік. Буырқанған өмір саптыылғандай... Әуелгі кезде мына ию-қиу боп жататын дүние шынымен-ақ бұрауы үміт қалған сагаттың тоқтаганындаі көрінген... Біздің де көкорай көктеміздің, жайқалған жазымыздың отіп, саргайған күзіміздің аязды қыспен астасып бара жатқаны осы шыгар деп, тағдырдың маңдайға жазғанынан артыққа енді тәуекел жасай қоймайтынымды іштей мойындағандаймын. О, дүние-ай, десейші!..

Осы кітапты жазуға отырған күннен бастап және бір өмір арнасы ашылды. Үрланып өтіл жатқан уақыт шіркін жетпейтінді шыгарды. Бұрауы үміт қалған сагаттарға жан бітіп, қылдай тілдерінен тіршілік үні қайта естілді. Дүние қыраулы қыспен бітпейді екен. Сақылдаған сары аязда да өмір тоқтамайды екен. Көктемінің қайтып оралмасын білсең де үміт дүниесі ертеңгі күнге асықтырып, ойдағы көмескі тартқан сөулелерге нәр бергендей еңсенді көтеріп, айналана серги қарайсың ба, қалай. Қалам ұстаган ағайындар айтатын шабыт шіркіннің ақ бозы маган да жолдас болғандай ма, қалай... Шылбырын ұстатьп, өткен өмірге қозғау салдырғандай қамшылай ма, қалай... Неде болса, тәуекелге бел байлладым. Атың жүріп тұрган кезде ылғи бәйгіден келетіндегі сезінетін әдетің. Енді бақ емес, бап шабады. Жиһаз орнына кітап жинаған ем жастайымнан. Оның рәтін елу жылдан астам серік болған жан жарым Зұhra Шәріпқызы көрді. Обалы нешік, әдебиетті жаңындай сүйетін, өнердің тылсым сырларына зейін қоятын. Және оқығанын айтып отырудан жалықпайтын. Ол кісі дүние салғалы озім сығырайып ұзақты күн ермек стетінді шыгарып ем, осы естелікті жазу барысында оным көдеге жарады. Өзімнің архивтерімді, бұрынғы-соңғы жазбаларымды, кітаптарымды, озім жайлы жазылған очерктер мен мақалаларды, әңгіме-сұхбаттарды, керек десеніз, кейінгі жылдардағы көрпес астынан ши жүгіртіп, күйс жагуга ұмтылған дүниелерді де қайта қарап, ой слегінен өткізуі әдетке айналдырдым. Бұл тірліктің де өз ләззаты, өз меҳнаты бар екен...

...Қай кезде де Орталық Комитет, үкімет қаулыдан кенде болған емес. Уақыт талап сткен және ел көдесіне асарлық ондай құжаттардың талайы қолдан шықты. Бірақ оның орындалу жағына ұттылаумыз. «Шала молда шарқ етер, төңіркті қарқ етерден» аса алмай жүрміз. Салғырттық салқыны мендең алған. Сен салар да, мен салар, атқа жемді кім салардың кебі шалгайдан тартып, жеткен жеріміз осы. Тегінде «жігіттің сөзі өлгенше өзі өлсін» дейтін дөрежеге көтөрілмейінше, істсे берске, созде пәтуа болмайды.

...1972 жыл соуір айында КОКП Орталық Комитетінің «Партиялық құжаттарды айырбастау туралы» қаулысына сойкес Алматы қаласындағы Совет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Кенес Аухадиев маган партия билстін тапсырды. Кенес өмір жолын қарапайым еңбектен бастап, комсомол жұмысында ысылған жігіт. Кейін партия, Совет қызметінде істеді. Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы, астана-лық облыстың партия үйімін басқарды, ал 1985 жылы қыркүйек айынан шаруашылық жұмысқа ауысты.

Партия билетін айырбастау еріккеннің срмегі емес, коммунистердің қатарын алаяқтардан, мансапқорлардан, маскунемдерден, алыспатарлардан, жатып ішер кер жалқаулардан, ұрықарылардан, партияның мұратты ісін қара басының пайдасына пайдаланып, қогамдық мұддені мансұқ стушілерден арылтып, мейлінше тазарту еді. Сөз жоқ, бұл ігі шара-тұғын. Бірақ біз оны қалай, қандай дөрежеде жүргіздік? Ол әрбір коммунистке, әрбір партия үйіміна сын болғандай еді. Өкінішке орай, қасқыр терісін жамылғандар қай кездегідей жауын-шашиның арасынан өтіп кетіп, жеме-жемге келгенде партиялылығын бетпердеғып үстады. Әрине, жау кеткен соң қылышынды тасқа шап дегеннің кері келіп отырган тұста мұны айттың не, айтпадың не.

Маган сол жолы № 00000011 билет табыс етілді. Бұрын қалай оны киелі санасам, бұдан былайғы жерде дс қастерлеп үстаймын. Журналистер менімен жиі әңгімелеседі. Әр түрлі партия құрылышып, әр қалай ағым пайда бола бастаган тұста: «Сіз оңшылдарды жақтайсыз ба, жоқ солшылдардың позициясын

мақұлдайсыз ба?» Болмаса центристер жағындастырылған да?» деген сұрақты кесе-көлденең тартады.

Менің жауабым айқын деймін оларға. Оңшыл, солшыл, центрист дейсіндер ме, жоқ басқа қандай партияң бар, олардың ешқайсысында шаруам жоқ. Қазақшалап айтқанда, алты аласы, бесс бересім жоқ. Мен — коммунистпін! Лсниндік ізгі мұраттарды ғана жақтаймын. Сол жолда аяңбай тер төктім, ешкімнің ала жібін аттаганым жоқ, гайбат сөзден бойынды аулак салдым. Иманым жолдас болса, ендігі оздырар шаруа осы.

XXVII

...1972 жылдың тамызы әлі есімде. Аттан түспей, үйқы көрмеген күндер көбсістің науқан кезі. Қостанайда жүр едім. Мәскеуден Л. И. Брежнев телефон соқты. Әдеттегісінше амандауқ-саулық сұрап, ара-арасында әзіл-қалжынымен тұздықтай сөйледі де:

— Қарсы болмасан, өз көзіммен өсірген астығынды көріп қайтқалы отырмын, — деді.

Кеңесті Көкшетауда өткізуді жөн деп шештік. Леонид Ильичті сонда қарсы алдық. Бұл қара қошқыл бұлттың жер бауырлап жатып алатын кезі. Жаңбыр шелектеп құйып түрган. Аэропорт маңындағы көз жетер жердегі егін көкорай шалғыннан бетер жайқалып жатқан. Брежнев самолеттен шығып, айналасына маңғаздана ұзақ қарап алып:

— Мен қайда алып келдің, Димаш-ау? Мынауың астық емес, шабындық қой, — деді.

Мен де жуып-шайып жатырмын.

— О жағына саспаңыз. Бәрі ойдағыдай болады. Бүйірган ырыздық қашпайды жөне несібесіз смеспіз, — дедім.

— Тіліңмен бал ішкізгендейсің, — деп әзілдеді ол, — бірақ биыл жағдай мәз емес. Алақанымызды жайып капиталистердің алдына тагы баратын болдық.

Брежнев кеңесті дүрілдетіп өткізді. Елдің ынта-ықыласы да бөлек еді. Кейбіреулердің, сарандық танытқаны үшін шаңын қағып та алды. Облыстық партия комитеттері хатшыларында арық айтып семіз шығуга үмтүлган құлық та жоқ емес-ті. Қазір аузын қу шөппен сұрткендей сынай танытса, кейін жиын-терін аяқталып, есеп-қисабы түгел жасалған тұста, міне, көрдіңіздер ме, біз қалай жұмыс істедік дсп, бөркі қазандай боп шыга

келмек. Оны бас хатшы бір кісідей білседі. Қыспаққа алып, қақпайлап отырганы содан. Леонид Ильичтің ауырлап айтқа-нына да, қалжыңмен түспалдап сөйлегенің де хатшылар түсі-ністікпен қарайтын. Бұл жолы да оны риза еткендей ықылас танытқан. Кеңес бітісімен Мәскеуге телефон сөғып, Косыгин-мен сөйлесті. Қабагы ашылған, жайдары қалыпта:

— Қазақтар ерлеп тұр. Мемлекетке биыл бір миллиард пүт астық тапсыруға міндеттемс қабылдады...

Алексей Николаевич аргы жақтан қостай бастады білем, Леонид Ильич:

— Сол бәрекелді дегенді мен де аяп қалып жатқаным жок,— деп күлді.

Қонақасы — қазақтың бөлінбесған еншісі гой. Жолға шығар алдында жайылған дастарқан үстінде Брежнев аса көңілді отырды. Ол кісінің көңілі көтеріңкі болса, қалған жүрттың қалай сезінетінін іштерініз біледі гой. Сөз реті келген соң, айта кетейін, тегінде Леонид Ильич оқтау жүтқандай сазарып, қабагынан қар жауып отыратын адамдардың санатынан емес еді. Қайта өзіл-қалжыңы қатар жүрестін. Реті келген жерде өзі жайлы, өзінің әріптестері туралы қаймагы бұзылмаган анекдоттарды айтып, елді қыран құлкігे батыратын.

Ол Көкшес жерінде бір таулік болып, котеріңкі көңілмен Алтайға аттанды. Аттанып бара жатып:

— Сендер оңай құтылдыңдар. Бара оларға қамшы басатын шығармын,— деп бір күлдіріп алды.

* * *

Бақанас — Алматы облысындағы Балқаш ауданының орталығы. Астанадан тұп-тура скі жұз шақырым. Әрине, арқа-басы кең адам үшін бұл ат арытып, тон тоздыра қоятын жер емес. Ал, бір қолын екі ете алмай, әрбір минөтін қасқалдақтың қанынан бетер қастерлесп, қайтсем тиімді пайдаланам деп жүрген кісіге ит арқасы қиянмен бірдей. Маган бір емес, бірнеше рет зор сенім көрсетіп, республика Жогары Кеңесіне депутат етіп сайлаган тұста мен осы екінші жағдайды бастан кешіп едім. Соган қарамастан осынау ырысы арылмаган, ынтымагы жарасқан, халықтың қасиеті дарыған, слідің салт-санасы, дәстүрі сақталған жерге сөлем беріп қайтуға асық едім. Әлі де сол әдет, сол мінез бар. Ат ізін салмай кету айып сияқты. Оның үстінен қазақ

аманатқа адал болған. Бұрын іспен әжеттерін өтесем, енді сөз жәрдемімді гана алға саламын.

Бақанасқа барған сайын олардың мүктаждары, өсіресе ауданның әлеуметтік, экономикалық мөсслелерін шешуге үмтыйлатынын. Жаңа совхоздар үйымдастыру, мәдени жөнс түрмистық обьектілерді салу — қысқасы, аудан өмірінің өзекті проблемаларын ақылдаса отырып қолга алатынбыз. Бір жолы облыс басшылары бар, арнайы шақырылған білікті мамандар бар — түгел Кербұлаққа жиналдық. Гасырлар бойы тузырап жатқан, аңызақ жедің отінде ақ шагылға оранып жатқан кең алапты игеру мәселе сі күн тәртібіне қойылды. Күн откен сайын қанатын жайып, халқының саны күрт осіп келе жатқан Алматыны пиязбен, картоппен жөнө басқа да көкөніспен қамтама-сыз сту шешімін күткен іс еді.

Кашанда келісіп пішкен тон келте болмайды гой. Ұшықыры жоқ тың алапты игеруді біржола қолға алу жөнінде берік байлам жасалды. Ол үшін қаладагы жобалау үйымдары мен су шаруашылығы құрылышшыларын, сондай-ақ құрделі істің құрмеуін шешуге қатысты дейтін мекемслерді түгел жұмылдыру қажет деп табылды. Ортақ мұддеге олар бір кісідей жұмылды. Әрине, біреулер ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс бірінші хатшы айтқан соң, қогадай жапырылмай қайтсын дер. Жоқ. Бұл өмір талабы еді. Оны үлкен де, кіші де дұрыс түсінді. Жаңа совхоздарды үйымдастыруға іргелес шаруашылықтар араласып қазактың қәделі жолы — жылу беруі, Кербұлақты игеру барысында Қапшагай тенізін пайдаланбай-ақ, жер асты су көздерін іздестіру жұмыстарының жүргізілуі елдің ықылас — ынтасын айтпай-ақ аңгартқандай еді.

Кербұлақ алабын игеру жөнінде шешімнің дұрыстығы мен дер шагында қолға алынғандығын өмірдің өзі дәлелдеді. Одан бері қанша жыл отті. Қазір онда шаңырақ қотерген шаруашылықтар миллионнан астам тұргыны бар астана халқын ерте пісстін картоппен, пиязбен, қауын-қарбызбен жабдықтап отыр. Ол ол ма, Кербұлақтың бала түгілі басқамыз да тамсанып жейтін сотасы қандай! Баданадай-баданадай жүгерісі — берекелі астық, құнарлы азық.

... Оразамызды газет, журналдармен ашатын өдестіміз. Радио не айтар екен деп, құлақты түрік үстаймыз. Әрине, мерзімді

баспасөзде жарияланғандарды көз майынды тауысқандай түгел оку, теледидар және радиодан берілгөн хабарды сарсылып отырып тындау мүмкін емес. Ад, республика экономикасына, әлеуметтік, мәдени өмірге қатысты орынды ұсыныс, проблемаларды назардан тыс қалдырмай және дер кезінде қолдау көрсету жазылмаған қағидаға айналған-ды. Кәсіпорындар, колхоз, совхоздар қол жеткізген табыстары туралы рапорт беріп, алдағы атқарар межелі істері жөнінде ойларын ортаға салып жатса, ол жалған ұраншылдық емес еді, алдамшы ақпараттар емес еді. Онда әңбек адамдарының мандай тери, ақыл-ойы, ізденис іздері жататын. Рас, көп ішінде көзбояушылық болмады дей алмаймын. Даңқ пен дақпырт жетегіндес амалын тауып, алғы сапқа арам жолмен ұмтылушилар шаң бермей қалған жоқ. Бірақ бір қарын майды бір құмалак шірітіпті деп, көпке топырақ шаша беру тағы келіспейтін сияқты. Ондай келеңсіз көріністер бұқаралық ақпарат құралдарының өткір сыйнына ұшыраған тұста арқасын қагып, кешіріммен қараган тұс, әй қайдам, болмаган сияқты. Бірақ газеттер, ашығын айту керек, өрісін түске дейін тауысып алған жалқау малышдай таптаурын болған тақырыптардан айналып шықпайтын, сыңаржақ сындардан аспайтын. Мәселен, бастаудың екпіндеп бастап, аяқтауга келгенде ашы ішкестей созылған құрылыштар, құрделі құрылыштагы өсіресе, мәдени объектілер жөніндегі кешеуілдеу үсті-үстіне жазылыш жататын.

Мұның өзі істік ілгері жылжына тұрткі болудан гөрі ондагы жүрттың жүйкесіне тиіп, ығыр стетін. Истің мөн-жайына жете көз жеткізіп, себебі, сырь ашылмаған сындардың осындай кері өсерін көргенде еріксіз қынжыласын.

Орынды сын ойлантпай қоймайды. Құрылыш саласындағы «эттеген-айларымызға» талдау жасай келіп, соңғы бір сөзімде сол дерптің диагнозын тап басып қойып та бергенім бар. Халық шаруашылығының басқа салаларына қараганда ең ақсаулы жұмыс осы құрделі құрылыштың тоңірсігінсін көбірек төбе көрсететін. Ол екінің бірінсі көзге шыққан сүйелдей айқын байқалатын. Орталық Комитеттің аппаратымен болған бір кесесте осы салаға тікелей жауапты қызметкерлерге өткір сын айтуға тұра келгені бар. Бұның болім менгерушісінде, хатшыға да тікелей қатысы бар еді. Жалпы, жұмыстың үлкен-кішісі болмайды. Ине сабак-

таган ісмерден үй салып жатқан құрылышыға дейін қойылатын бір-ақ талаптар. Ол — жауапкершілік. Ал, оған бас-көз боп жүрген адамдарга екі есс артық жауапкершілік жүктеледі. Біріншіден, ол адам істің үңғыл-шұңғылына дейін зерделсітін маман болуга керек, екіншіден, оған көсіп иелеріне козін тауып бағыт берсе алатын үйымдастырушылық қабілест қажет. Онсыз шаруашылықты жүргізу, экономиканы өрге бастырам деу айға найза білсегенмен тең. Біздің кадр іріктеудегі қателіктеріміз де осында еді. Ягни таразы басын тең үстарлықтай азаматтар қолга көп түсс бермәді. Оны дер кезінде көзді шүқып айтпасақта, аңгары бар кісіге жетерліктей гып түсіндіргенбіз. Дерт соны жүре тындаудан, немқұрайдылықтан асқынады. Алдын алмаған аурудың ақыры немен тынганын уақыт корсетіп беріп отыр. Ал кеселге кесел жамалып жатса, онда қайранда қалған алып кеменің айдынга оңайлықпен шыға қоюы скіталай-ау...

* * *

Халық: «Дұздесгіні үйде болжама» дейді. Бөрін өз көзінмен көріп, конілмен тоқығанға не жетсін! Оған екі қолды төрт сте алмай жатасың. Қат-қабат. Қауырт. Соның ішінде жаңа пайда болған экономикалық аудандардың оркендетуге қатысты мәселелер мені шырт үйқыдан оятатын. Кереку өнірі мен Батыс Қазақстан атырабының мол байлығын игеру, онда алып құрылыштарға даңғыл жол ашу Қазақстанның гана смес, бүкіл елдің жанар-жагар май жөнсे энергетикалық проблемаларын шешу деген сөз еді. Истің басы-қасында болып, мон-жаймен түгел танысу үшін Павлодарға ұшып бардым. Облыстық партия комитетінің хатшысы Буровпен кең отырып, бар мәселенің бүгегшісін дейін талдадық. Сөз жоқ, Екібастұз — көмір қоры жөнінен Қарағандыдан кем түспейтін алып. Оның күт қойнауында жатқан қоңыр көмірді 1876 жылы тапқан Қосым Пішенбаев деген кісі. Он саусагынан онер тамган, зергер кісі екен. Кен козі табылғаннан соң арага жиырма жыл салып барлау жұмысы жүргізіледі, алғашқы ашылған шахта қазақ ісмерінің атымен аталады. Мінс, содан бері бұл көмір қабаты шындал қолға алынбай келс жатқан-ды. Әйтпесе көмір қабатының қалындығы жағынан бүкіл дүниес жүзінде тендересі жоқ түмба байлық. Көмір қабаты өрі таяз, өрі қалың. Сондықтан 600 метрге дейінгі терендікте ашық өдіспен ондіруге болады, мұның өзі экономи-

калық жагынан оте тиімді еді. Соган орай роторлы экскаваторлар құрастыру, жылдық өндірістік қуаты 56 миллион тонналық разрездер, қуаты 4—5 миллион квт ГРЭС-тер салу міндеті түрган-ды. Бұған Павлодар трактор, алюминий, химия заводтарының құрылыштарын қоссақ, бұл бір күннің жөне бір республиканың көтере кояр жүгі емес еді.

Осыларды ойга жұптап, Павлодардан Гурьевке барым. Мұнай мен газ көздерін барлап жатқан геологиялық экспедицияның жұмысымен жете таныстым. Гурьевтегі, Ақтау мен Өзендері мұнай өндійтін жөне химия заводтарын өркендетудің жоспарын жасадық.

Алда түрган асқаралы міндет маган айқын еді. Бұл, сайып келгенде, қазақ халқының ертеңінс даңғыл жол ашып қана қоймайтын, онымен еншілес елдің ортақ мұддесі болғандай оте ауқымды, аса қажетті мәсселе тұғын. Ал, оны жогары жақ — орталық қалай қабылдайды? Бәрекелді, үлкен игілікті шаруаға мұрындық болыпсын, қолдайық, қолдан келген комегімізді берейік десе, жақсы. Олай болмаса, неше күннен бергі табан тоздырудын, үйқысыз тұндерді откізуудің бәрі зая кеткені гой. Мейлі, нартөүекел деп әүслі Брежневке, сосын Косыгинге көрген-білгенімді, қекейге түйгенімді түгелдей алдарына жайып салдым. Обалы нешік, ұсыныстарым қолдау тауып, Гурьев пен Павлодар облыстарының көспорындары комақты материалдық көмек алып, қолдарын үзартқандай болды. Бірақ жаңа-Маңғышлақ облысын ашу жөніндегі әңгімеге келгенде, біздің пікірлеріміз көпкес дейін бір жерден шыға қоймады. Екесін де:

— Әуелі Жезқазган облысын ашып алсаңыз да, тақияңызға тар келмес,— деді.

— Мәсселе оның көп, не аздығында емес, қажеттілігінде. Жаңа игеріліп жатқан аудандардың экономикасын құрт котеруде болып отыр. Халықтың тұрмысы, мәдениеті соган мәжбүр стін отыр.

— Біздікі көтерс алмас шоқпарды белінде қыстырма дегендік. Сенімді болсан, онда тізгінді өзінде үстіттық.

— Мені алға салып, үлкен аманатпен аттандырып отырған жөне күдігінен үміті мол халыққа сенсемін,— дедім.

Республикада, мінс осылай 19-шы облыс — Манғышлақ шаңырақ котерген еді.

1973 жылы қоңыркүзде, жиын-терін жүріп жарқаншақта Брежнев телефон шалды. Аман-саулықтан соң:

— Хабар-ошарсыз кеткенің қараганда жағдайларың оңша мәз емес-ау, деп біз де тартыншақтап отырымыз,— деді.

— Леонид Ильич, қазақ ауыр істен емес, ауыр сөзден қорықкан.

— Соған қараганда менің сөзімнің жаны болды гой. Шыныңды айтшы, астық өндіруден және оны дайындаудан жоспар орындала ма, қалай?

Семіз айтып, арық шыгудан асқан ұят жоқ. Екі сөзді болғанша, жиын-теріннің нәтижесіне қарап байлам айтпаққа бекініп:

— Тамыз айының соңғы бескүндігін дейін мұрсат берсөн-із, не бар, не жоқ дегенді ашып айтайын,— дедім.

Брежнев тауы шагылгандай:

— Жәр-ай-ды, тірі жанга ол да алыс емес,— деп, көңілсіздеу келісімін берді.

Айналдырган жиырма күннің ішінде мен астықты облыстарды тегіс аралап, облыс, аудан басшыларымен жүзdestім, көптеген шаруашылықтың жетекшілерімен, механизатор-дикандармен пікірлестім. Астық жайы осы сапардан кейін алақанға салғандай болды. Қостанай, Целиноград, Көкшетау облыстарының тасы өрге домалап түрекен, қамбаға түскен астығының өзі көрер көзді сүйсінгендей. Олар: «Қанша үрасаныз да береміз» — деп, желлініп те алган кезі болды.

Бас хатшыға үәделі күні телефон соқтым.

— Қазақстан 1 миллиард пүт астық үшін үмтүліп отыр,— деп мән-жайды баяндай бастап едім, жерден жеті қоян тапқандай қуанып:

— Онда ерлеғелі түр екенсіндер? — деді, алғысын үстін-үстін жаудырып.— Былай стсек, қалай қарайсың? Облыстардың, ірі аудандар мен шаруашылықтардың басшыларын, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өндірістерінің озаттарын, құрылышыларды, зиялыштар өкілдерін жинасаң. Халықтар Достығы орденін өз қолыммен тапсырайын.

Бұл орденмен республика 1972 жылы наградталған-ды. Соны тапсырудың сәті енді түскендей. Шынында да, бірінен соң бірі сабактасып жататын науқандық жұмыстармен шаршаган

елдің сөзесін бір көтеріп тастанытын қуанышты сагатты біз асыға құттік.

Тамызың 27-сі құні Алматы сәбекшілері Брежневті қүшак жая қарсы алды. Орден тапсыру салтанатының алдында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде кеңес откізді. Мол астық үшін, өнеркөсіп орындарының игілікті жұмысы үшін Леонид Ильич мактау айтып, мөртебемізді бір көтеріп таставды. Оның сессіне қосылған ондірістік қуаттарды нашар игеріп, экономикалық көрсеткіштерді құлдыратып жіберген Караганды, Шымкент, Павлодар облыстары қатты сынға ұшырады. Өнеркөсіп жөне олсуметтік-тұрмыстық құрылыштарға бөлінген қаржыларды дер мезгіліндеги ғерменені үшін республика Орталық Комитетінің, Министрлер Кеңесінің басшылары тиісті сыйбагасын алды. Ол кездес айтылған әрбір сын слесусіз қалмайтын, артынша тиісті шарапалар белгіленіп, орын алған кемшіліктерді дер кезінде түзетуге тырысатын. Әрине, жогарыдан айтылды екен деп, орынсыз бас шұлгуга да бара бермесек керек. Со жолы біздің тарапымыздан да біркатор өкпе-наз, орынды ұсыныстар айтылды. Леонид Ильич те, оның қасына еріп келген Нұриев, Золотухин жөне басқалар тиісті жауаптарын берді.

Келесі құні салтанатты жағдайда Ленин атындағы Сарайда республикага Халықтар Достығы ордені тапсырылды. Брежнев өз созіндес КСРО құрылғалы Қазақстанның жүріп өткен даңқты жолдарын атап оте келіп, партияның экономикалық жөне олсуметтік бағдарламасын орындау жолында республика жүртшылығы қарқын танытып, іскерлікпен күреседі деп сенім білдірді.

Казақстанға берілген Отанымыздың сұжығы үшінші наградасын қабылдап тұрып, КОКП Орталық Комитетінс, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумына, Министрлер Кеңесінс біздің республика сәбекшілерінің сәбесін жоғары бағалаганы үшін алғыс сезімімді білдірдім.

Әрине, бұл жолдар осыдан жиырма жыл бұрынғы оміріміздің тыныс-тіршілігін, күллі рухын, болмыс-бітімін, жұмыс стилін айқын танытараты анық. Сондықтан да мен бар жайды сол уақыттың үнімен, сол уақыттың лебімен қағазга қаз-қалпында түсіруге үмтіліп отырганымды байқаган шыгарсыздар.

Казақстан сәбеккерлері созіндес тұрды. Алған міндеттеме-

сін абыройлы аяқтады. Жоғарыда айтып өткенімдей, Брежневтің сынынан дұрыс қорытынды шыгардық, өнеркәсіп орындары батыл қадамдар жасап, жылдық жоспарын мерзімінен бұрын — желтоқсанның 26-ында орындалды. Құрылышылар да жұмыстарын жақсартып, үмтұлышы танытты.

Қазан айының аяқ шені жиын-теріннің нагыз күйіп тұрган кезі. Көкше жерін аралап, ертелі-кеш диқандар ортасында жүргем. Черненко телефон соқты.

— Ташкентте мақта өсіретін республика басшыларының кеңесі откелі жатыр. Оған Леонид Ильич қатыспақ. Соган сіздің де барғаныңызды жөн деп шешті.

— Басқа да шаруа бар шыгар?

— Өзбекстанга Халықтар Достығы ордені тапсырылады.

Сол жерде Шымкент облыстық партия комитетінің хатшысы Ливенцовқа хабарласып, мен барғанша Сарыагаш, Кедес, Сайрам, Түркістан және Алғабас аудандарының партия комитеттері хатшыларын облыс орталығына шақыруды тапсырдым. Бас хатшы біздің жұзімізді көру үшін кеңес откізгелі отырмаганы белгілі. Ақ алтын — астықтан кем мәселе смес. Сондықтан мақтамен айналысатын осы бес аудан не бермек дегенді анықтап алып барып, жиынга қатысу. Малақайынды аспанға ата қоярлықтай мақта шамалы еді, бірақ аудан басшылары жоспар орындалады деп сендірді.

Белгіленген уақытта Ташкент аэропортына үшіп келдік. Өзбек ағайындар үшін ақ түйснің қарны жарылған күн еді. Қаланы жайнатып тастапты. Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қыргызстан, Өзірбайжан басшыларымын бірге Брежневті қарсы алдық. Кеңесте өрбір республика биыл қанша мақта тапсыратынын мөлімдеп, халық шаруашылығы жоспарының орындалу барысын баяндады. Екінші күні Брежнев ұзақ сөз сөйлеп, Өзбекстанга Халықтар Достығы орденін тапсырды. Обалы не керек, Леонид Ильичтің бізге — қазақ халқына деген көңілі бөлек еді. Ол өз сөзіндес: «Менің туган Қазақстаным 300 мың тонна мақта сатуға міндеттенді. Мұнымен бірге қазақстандықтардың мемлекетке кем дегендес 1 миллиард пүт астық беруге міндеттенненсін есте үстау керек!» деді. Мұның өзі республика диқандарына айрықша шабыт берген-ді. Жөне олар сөздерінде тұрды.

Жыл он екі айда бір келестін демалыстың реті Қазан тойынан соң келді. Зайыбымыз скеуміз Есентүктегі Калинин атындағы санаторийден орын алып, бұйыртса, еш нөрсеге алан-дамай емделейік деп, арқа-басты кенге салып жатқанбыз. Құдай оны қош көрмепті. Он бес күн отті мә, жоқ па, артынан хабар жетті. Қалайда қарашаның 24-і күні Мәскеуге жету көрек, партия үкімет делегациясы құрамында Үндістанга баратын болыппын. Айтқандай-ақ 25-і күні Брежневпен, Громыкомен бірге Ташкентке үшіп келіп, 26-ында Дели қайдасың деп тарташып отырдық.

Үндістан! Аса қөрнекті саяси қайраткер, ұлт-азаттық қозғалыс лидерлерінің бірі, бейбітшілік жолындағы жалындық құрессер, әлсұметтік тенсіздік пен ұлттық сзгіге қарсы қайтпас қайсаңыз танытқан азамат, Ксес Одагының адал досы Джавахарлал Нерудің елі.

Дели! 1947 жылы тамыздың 15-інде үш түсті ұлттық туды Қызыл фортқа қадаган, сөйтіп он жеті жыл бойы тәуселсіз Үнді слінің көшін бастаган Нерудің сүйікті астанасы. Халқының бақыты үшін тेң токсан сондай құрессер жанның сүйікті қызы Индира Ганди үнді халқына тән ашық жарқын көңілмен, сөнсалтанатымен, ән-жырымен қарсы алды. Аэропортқа жиналған елде есеп жоқ еді. Премьер-министр қош келіпсіздер деген шын ықыласты сөз айтты. Брежнев те жолдан жығылмай, қонақ қедесін жасады. Және екі ел басшыларының келіссөздері аса бір ың-шыңсыз шешіліп отырды. 1971 жылы тамыз айында бейбітшілік, достық және ынтымақтастық туралы Совет-Үнді шартынан кейінгі екі жақты достық қарым-қатынасты дамытуға қосылған аса маңызды үлес болды. Біздің делегациямызды Үндістан Президенті қабылдады. Достық үйінде үнді жүртшылығы өкілдерімсін смен-жарқын әңгіме откізілді.

Қарашаның 30-ы күні Мәскеуге оралдық.

XXVIII

1974 жылы көкек айының он бесінде Қазақ КСР Ғылым Академиясының президентін сайлау болып отті. Халқымыздың аяулы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтан кейінгі осынау киелі орынга отыратын үшінші адам кім деген сауал ғылым төнірегінде жүрген талай азаматтың көңілін күпті еткен.

..Қаныштың ғылымдагы, мәдени ортамыздагы, әлсұмет-
10-3302

тік, қогамдық өмірдегі орны қалай бөлек болса, ол кісі мен үшінде сиң қымбат адам. Ол жайында бұған дейінгі тарауларда шет жагалап айтып оттім. Тек мына жайга назар аудара кеткенді жөн көрдім. Елдің ықыласынан асқан сый жок. Қаныш Имантайұлының қадір-қасиетін, азаматтық тұлғасын, адамгершілігін, занғар галымдығын жогары бағалаган халқы оның мөңгі есте қалдыру жолынан жығылған жок.

Мінс осындай дара тұлға бастаган іргелі істерді абыраймен жалғастырып, республика гылымына тың серпін туғызы кімге де болса оңайға түспесі анық. Сондай ауыр міндет Шөкин Шапық Шөкіұлына жүктелді. Ол, шын мөнісінде, энергетика саласында өзіндік орны бар галым еді. Техника гылымдарының докторы, Іле өзенінің сұы мен энергетикалық қорын комплексті түрдес пайдалану мәселеін зерттең, Капшагай бөгені мен су-электр станциясының, Ертіс-Қараганды каналының құрылсын салу ісіне үлкен үлес кости. Ұзақ жылдар бойы Энергетика институтын басқарып, 1964—1967 жылдар аралығында Ғылым академиясының президенті болды. Өз өтініші бойынша босатылды. Артынша президенттікке Сотпаевтың шәкірттерінің бірі Шаһмардан Есенов сайланды. Рас, оған ол оңайлыққа түскен жок. Оның бір артықшылығы пайдалы қазыналар саласындағы білікті маман еді, сибекте ысылған-ды. Қазақ кен-металлургия институтының геологиялық барлау факультетін бітірісімен сибек жолын Жезді жерінде геологиялық барлау экспедициясының қатардагы геологынан бастаган-ды. Ол бас инженерлігіне дейінгі жолдан өтіп, республика Геология министрі қызметі, Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасарлығына дейін өсті. Маңқыстаудың онтүстігіндегі аса мол мұнайлыш-газдың қорын, Жетібай, Өзен сияқты мұнай көзін ашуға қатысқаны үшін оған бір топ галымдармен бірге Лениндік сыйлық берілген-ди. Қазақ КСР Геология министрі боп тағайындалуына байланысты жеті жылдан соң галымдар оны президенттікten босатты. Кейін В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтында кафедра менгерушісі боп үстаздық қызметке ауысты.

Міне, ендігі жол кімдікі деген сауал өрбір галымға ой салғандай. Әрине, ол орынга галымдығы шұбо келтірмейтін, үйымдастырушылық қабілетін мойыннатқан жан-жақты аза-

матты, ең бастысы үлкен адамгершілік қасиеті бар оқымысты лайық қой. Ондай бетке ұстар маңдай алды жігіттер, шүкір, барышылық еді. Бірақ сртең өкініп жүрмestтей, жеті өлшеп барып, бір байламға келуді мақұл көргенбіз. Сөйтіп жүргенде он адам — сорпа бетіне шыгар дейтін қазактың көрнекті галымдарынан Орталық Комитетке ұсыныс түсіпті. Онда менің туган інім — техника галымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Гылым академиясының академигі Асқар Мендиахметұлын президенттікке ұсынады. Бұган не десріз? Бұдан артық қолайсыз жай болар ма? Истің жайы айдарынан жел ескен дуалы ауызды галымдар ойлагандай шешілсе аяғымен смес, аузымен жүрстін ағайындар табасына қалмасыма кім кепіл? Өмірдің өзі дәлелдегендей, кейін тырнак астынан кір іздеушілер шімірікпестен бетке салық еткенін қайтерсіз. Эйтсе де, адалдықтың туы ақ қой қашанда. Менің Асқардың галымдығына, іскерлігіне, таланттына зәредей де күмөнім жоқ. Соган қарамастан мен шу дегеннен үзілді-кесілді бас тарттым. Оның кандидатурасын КОКП Орталық Комитетінің гылым болімі мен КСРО Гылым академиясының президиумы қолдап шықты. Оған да келісім берmedім. Мәсселе бұлардан да жогары дсңгейде Л. И. Брежnevтің өзінде қаралды. Оған М. А. Суслов, А. П. Кириленко, жалпы болімнің менгерушісі К. У. Черненко, гылым белімінің менгерушісі С. П. Трапезников және осы жолдардың авторы қатысты: бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, қатысып отырғандар ұсынысты түгел қолдады. Леонид Ильич: «Сен оның жолын байлама. Туган інің болғанына ол кінөлі смес қой», — деді.

Асқар Қонаев осылай Қазақ КСР Гылым академиясының президенттігіне сайланды. Ол осы қызметте он екі жылдан астам уақыт отырды, бір смес, үш сайлауда бірдей Гылым академиясының галымдарынан қызу қолдау тапты. Оған екі мәрте КСРО Мемлекеттік сыйлығы мен Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ол әуелі КСРО Гылым академиясының корреспондент-мүшесі, сосын академигі болып сайланды.

Пайғамбар жасынан өлдекашан асқан ақсақалға әділ сөз гана жарасқан. Бүйрекім бүрып бұра тартсам, өзге түгілі өз қадіріме жеттім дегенім бескөр. Сондықтан осы жерде және бір шындықтың үшін шығара кеткенді жөн көріп отырмын. Ха-

лықта бір мақал бар: «күйе_ күйдірмесс де күйслейді» дейді. Оған Қазақстан Коммунистік партиясының XVI съезінде ашысын айтылды. Орнымен, жөнімен айтылса, құлдық. Тән жарасы жазылады, ал жазықсыз естіген сөз жайдан бетер жанды жарапайды. Асқар сол кездे дөл осындай күйде жүрді. Намыстан өртөнген ол қызметтен босануга өтініш берді. Тілегі қанағаттандырылды.

Президенттік ауыр да абыройлы міндет, табигаты болек дарын иесі, Лениндік сыйлықтың лауреаты М. А. Айтқожинге жүктелді. Бірақ, сүм ажал оны арамыздан тым срте алып кетті.

Қазақ — малжанды халық. Табигатындағы жарасымды бір мінез-құлыққа зер сала қарасақ, төрт түлік малынан да байқалады. Мәсселен, сл ішінде бота қалжың деген сөз бар. Жас бота бір-бірімен ойнаганда ерке баладай қылықтанады. Ауыздарын маймандатып, енді болмаса опырып тістеп алатында ыңғай байқатады. Жануар, ол еркелігін иесіне де жасайды. Шыбықтай бұралған тізсімен қагып қалатын да әдеті бар... Сөйтіп жеңіл ойынға, қалжыңға шақырады. Қазақтың «бота қалжың» деген сөзі осыдан өрбісе керек....

Леонид Ильич екеуміздің арамызда, мінс сондай «бота қалжың» — зілсіз әзіл бола берстін.

Бір жолы:

— Монголдармен төскейде малың, төсекте басың түйіспесе де іргелес сл, обалы нешік, кешегі қының-қыстау заман түсінда барған ағайындарына да ала көз болған жері жоқ шығар. Тауда ресми сапармен барып қайтудың орайы келін отыр. Бірге баруга қалайсыз? — деді ол.

— Елден жырақ кеткен ағайынга кеш те болса жоқшы ретінде алып барайын деген ниестіңізге риза көнілден басқа айтарым жоқ, — дедім.

Әңгіме осымен тамамдалған. Мойын бүргезбас шаруамен жүргендес партия-үкімет делегациясының құрамында Монголияга барасын деген хабар жетті. 1974 жылы қарашада Брежнев, Громыко, Үсіболов жөнс осы жолдардың авторы бар делегация жолға жиналдық. Брежнєвтің көмекшісімен Іркітте (Иркутск) жолыгатын боп келістік. Мен бір күн бұрын үшып келдім. Облыстық партия комитетінің хатшысы Банников қарсы

алып, Байкал көлінс барып қайтуға үсініс жасады. Ол бұрын Қазақстанда қызмет істеп, қазақтармен тонның ішкі бауындай араласып кеткен жігіт еді.

Әлбетте, Байкал айтса таусылмайтын жыр гой. Өзі сынаптаі мөп-мөлдір-ау, шіркін! Қырық метр терендікке дейін айнаға салғандай көрінеді. Тұпсіз терен. Найза бойламайды деген қазақи үгым бүйім емес, 1620 мстрден маңдай қайтады. Ал, тұщылығына пара-пар келетін жер бетінен кол таппайсыз. Әулие қонған жер ме дерсіз, өсімдіктің 600 түрі өседі екен, сол көз тұнатын сұлұлық гажайып көрмессінен сүр мергенге қимас жануарлардың 1200 түрі бар десе, біреу иланар, біреу иланбас, сіро. Бірақ экологиялық апат сол табигат тәнірісін де айналып отпепті...

Біз скінші күні Ұлан-Баторға ұшып шықтық. Ол кезде Цedenбалдың дүрілдеп тұрган шагы. Барған күні келіссөз жүргізілді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан мен монгол-кеңес достық қогамына Халықтар Достығы орденін тапсырдым. Ұлы халық хуралының Президиумы біздің делегацияның барлық мүшесін Сухэ-Батор орденімен наградтады. Біз оны елге қайтар күні алдық.

Бұл арада мен өз отандастарым туралы бір ауыз айта кеткенім артық емес-аудаймін. Мұндағы ағайындардың елден жырак кетуіне: 18-ғасырдың басындағы «Ақтабан шұбырынды, алқа-көл сұлама» деген атпен тарихқа мәлім апат, біздің слімізді ор жылдары жайлаган аштық зұламаттар себеп болып еді. Ондағы 60 мыңдан астам ағайынның дені Баян-Өлгей автономиялы аймагында тұрады. Аймақтагы отыздан астам мектепте, училищеде қазақ балалары ана тілінде білім алады.

...Егер қолым қалт еткен тұстарда күнделік жүргізгендей болсам, өрине, көңілсіздеу дүние бол шыгар ма еді. Өміріңнің ең қызық шагы, қымбат уақыттарың мәжілістерде, кеңестерде, жол үстінде откен сияқты көрінеді де тұрады. Әлбетте қандай жиынга қатыспа, ол қандай дөрежеде отпесін, елдің қамы, соның келелі мәселелері гой. Бірақ нақты істен горі, ондай бас қосулар күн сайын, ай сайын, жыл сайын қайталанып жатады. Одан арқаңнан ауыр жүк түскендей риза көңілмен шығатын да, қабагыңнан қар жаугандай тұнеріп, сіркен су котермей қайтатын да кез аз болмайды. Мәсслен, 1974 жылы Солтүстік Қа-

зақстаннан қайтып оралғаннан ксійн төсек тартып жатып қалуға тұра келді. Шығыс халқы жүректі патшага, өкпені үөзірге теңейді, сол жүрек патша сыр беріп, екі ай азабын арқалаған жай бар. Әрине, оны әлділей беруге дәтің жетпейді. Беймаза тірлік қамытын киіп, өмір көшіне қайта ілесіп кете бардық. Тағы да пленум, съезд, конференция...

...Әрине, ұмытылmas құндер, бүкіл халықтық тойлар аз болған жоқ. Ол дарақылықтан, даңғазалықтан емес. Еңбегін емген елдің еңсесін көтеру, өзі жасаган істің иглігін көріп, қуаныш ету. Ел алдында есеп беріп, ертеңгі қүнге меже белгілеу. Республика мен Қазақстан Компартиясының елу жылдығын тойлау қазақ жерінің ғана емес, бүкіл елдің, Одактың ұланасыр қуанышына ұласты. Мөскөуден Л. И. Брежнев арнайы келді. 1970 жылы тамыздың 28-і құні Алматыдағы В. И. Ленин сарайында сөз сөйлеп, артынан республикаға Қазан революциясы орденін тапсырды. Бұл республикаға берілген ең үлкен екінші сый, скінші орден еді. Сол тұста Қазақстан өнеркәсіп өнімдерін шығару жөнінен сліміз бойынша ұшінші орынга көтерілгсін-ді. Араға үш жыл салып Леонид Ильич Алматыға жөне келіп қайтты. Бұ жолы КСРО-ның 50 жылдығына орай Қазақстанға берілген Халықтар Достығы орденін құрметпен тапсырған-ды.

1974 жылы ақпан айында тың жәнс тыңайған жерді игергенімізге 20 жыл толды. Сайып келгенде, бұл кеңес халқының жасампаз еңбегінің, мұратты істерінің үлкен тарихындағы жарқын беттер. Ол кезде өз бетімізбен білек сыбанып, мұндай айтулы құндерді атап өтс алмайтын «жалтақ» кезіміз. Ұсыныс біздің тарапымыздан жасалса да, Орталық кесімді сөзін айтады. Ал, олардан нұсқау болса, сөз жоқ, екі етілмейді. Жиырма жылдықты бүкілодақтық шара ретінде откізуге өмір алдық. Салтанатты мәжіліске қазақстандықтардан өзге Батыс Сібір, Урал, Орта Еділ бойының ірі-ірі астықты облыстарының, Орта Азия республикаларының, Татар және Башқұрт автономия республикаларының басшыларын шақырдық. КОКП Орталық Комитетінің жауапты қызметкерлерінің үлкен тобына, КСРО Министрлер Кеңесінің ауыл шаруашылығымен тікелей айналысатын азаматтарына арнайы шақыру жіберілді.

Салтанатты мәжіліске санаулы құндер қалғанда Кулаков

телефон соқты. Кейін қалай қайтыс болғаны жұмбақ күйінде қалған Федор Давыдович ол кезде КОКП Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы еді.

Ол әңгімені өріден бастады.

— Елімізде ауыл шаруашылығын өндірістік негізге көшіріп жатқаны бөрімізге белгілі. Өнімділігі өлде қайда жогары техникалармен жарақтандыру ісі кең қанат жайып отыр. Жерді суландыру да ойдағыданай өрістеуде. Өкінішке орай, өтсін қайтару қарқыны төмен.

Хатшының кімнің багына тас лақтыргалы алыстан орагыта сейлеп отырганын түсіне алмадым. Бірақ аягына дейін асықпай тыңдал, әліптің артын күттім.

— Біз жогары өнімді сібекті үйымдастыруды қсінен енгізу негізінде жоспарды қамтамасыз етіп қана қоймай, — деп хатши ақыл айта бастады, — сліміздің совхоздары мен колхоздарында ауыл және мал шаруашылығының өнімін едәуір көбейтуді қамтамасыз стуғе тиіспіз. КОКП Орталық Комитеті мәжіліске қатысушылардың назарын, мінс, осы мөселелерге аудартады. Сондықтан оған қатысушылардың қатары көбейс түспек. Дайындықтарыңыз қалай?

— Жаман болмауга тиіс.

— Жақсылап дайындалыңыздар. Баяндаманы Леонид Ильинчің өзі жасайды.

Наурызының 13-күні КОКП Орталық Комитетінің жауапты қызметкерлерінің үлкен тобын бастап Брежнев ұшып келді. Келесі күні одақтас республикалар мен облыс басшыларын қабылдап, әңгіме өткізді.

Әр тойдың қайталанбас қуанышы, таусылмас қызығы бар. Одан алар әсер, түйсер пікір, қанаттанар ой қанша. Жан-жақтан шақырылған қонақтармен бірге кең-байтақ республикамыздың ауыл шаруашылығы өндірісінің озаттары мен мамандары, партия, кеңес, комсомол органдарының жауапты қызметкерлері, қогамдық үйымдардың оқілдері 1974 жылы наурызының 15-і күні Ленин сарайына жиналды. Салтанатты жиынга қатысушылардың жалпы саны 3 мыңнан асyp жыгылатын. Можілісті ашу маған жүктелді. Л. И. Брежнев озінің баяндамасында тыңгерлердің сібегін жогары бағалай келіп, ауыл шаруашылығы онімдерін одан өрі арттыру жолында ұлан-байтақ сліміз-

дін әрбір аймагы мен облысы алдында тұрган міндепті айқынданап берді. Тап осы мәжілісте колхоздар мен совхоздардың ішкі тіршілігіне орынсыз араласып, өкімшілік қысым көрсетуге үзілдікесілді тыйым салу керектігі, шаруашылықтың тарапынан жасалып жататын бастауларға қолдау көрсетіп отыру мәселесі көтерілді.

Шығыс халықтарында мынаңдай даналық бар: әрбір істің езіне лайық мезгілі болады, ал мезгілсіз іс көңілдегідей болып шықпайды.

Бұл сөзге зер салып, мән берген кісі көп сырды үгар еді. Әсіресе, шаруа жайын көбірек күйттеген жанга соқырга таяқ ұстатқандай сөз.

Уақыт шіркін үшкыр гой. Бір жыл бір күнгідей болмай өте шықты. 1974 жылы диқандар үшін қалай оңайға түспесе, биыл да бетімен от басқандай күй кешкен. «Көктемнің бір күні жылға азық» дейтін диқан жаз шығып, күн қызығы жер апшысын қыура бастаган тұста: «Апыр-ай, қай кездे қапы жіберіп алдық» деп, егін шығымының қарын аштыргандай хал-жайын көріп, бармақ тістегендей болған. Әр облыс, әр аудан, әр ауыл өздері егетін дақылдың бабын біледі, жер сырын әбден үгынған. Ертеңгі күнді былай қойғанда ендігі жылғы алты ай жазыңын қандай болатынын, ал малсақ жандар таңертең қойдың қорада құлагын қагуы мен қойдың өруінен, иттің танауын желге төсеуінен, жылқының дамылсыз пысқыруынан немесе жер тарауынан ауа райын багдарлап, алақанға салғандай айтып отыратын қазақты қапы қалдырган жыл еді, бұл. Атырау мен Алтай мына жағы Костанайдың салған төсектей жалпақ даласына дейін құрғакшылық бой жаздырмады. Бір смес, қатарынан екі-үш жылға созылған табигаттың рақымсыздығынан астық өндіру өткен бесжылдықтың деңгейінде қалып қойды. Сол жылдары қыс та қырын келді. Семіздің майын, арықтың қанын сорамын дейтін қодуілгі шұнақ аяз шыдап бақ дегендей, сақылдап тұрып алды. Обалы нешік, ата көсіптің қыр-сырына қанық малшы қауымның арқасында, қытымыр қыстан түйсөрек майын жармай шықты. Өнеркөсіп, құрделі құрылғыс саласында, өлеуметтік мәселелерді шешуде республиканың шоқтығы биік тұрды. Қазақстан коммунистерінің XIV съезінде дейінгі бес жылдың белестері

осындағы қындығы мен қызықшылығын, жақсылығы мен «әттеген-айын» алға тартқан-ды.

Съезд 4—6 ақпан аралығында өдettегісій Ленин сарайында өтті. Қазақстан партия үйымдарынан сайланған 218 делегат Мәскеуге КОКП XXV съезіне жиналдық. Съезде делегаттар атынан мен мінбеке көтерілдім.

XXIV съезде өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі Қазақстанда 1940 жылмен салыстырганда 19 есс үлгайғанын тұлға тиек ет-сек, осы съезд тұсында бұл көрсеткіш 30 есеге дейін ости. Бесжылдықта 31 миллиард сомның күрделі қаржысы игеріліп, соны жабдықтармен жаракталған 365 ірі көсіпорын мән цехіске қосылды. Кенес Одағындағы көлемі жагынан төртінші көмір ошағы — Екібастұзда көмір өндіру скі есс артты. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің орташа жылдық мөлшері 14 процент үлгайды. Екі рет миллиард пүт астық жиналды.

Мен өз сөзімде республика сәбеккерлері қол жеткізген осындағы нақты істерді тілге тиек ете отырып, шешімін күткен мынадай озекті мәсслелерге жүртшылық назарын аударттым. Оны қайталап айтпасқа, тарих беттерін қайыра ашпасқа болмайтын кезенде ғұмыр кешін отырғанда кейінгі үрпақ қаперінс іліктіре кеткенім жөн шыгар. Ең бастысы, біз қала мен ауыл өмірінде алшақтық болмасын, тұрмыстық, олсуметтік тенденция қол жеткізейік деп үрандалап келгсініміз рас. Осы мақсат жолында біршама ілгерілеу болғанын жоққа шыгару да қиянат. Әйтседе ауылдагы, өсіресе шалгай аудандардагы сл тұрмысы, тіпті төмсін еді. Әсіресе, малшылардың жай-күйі жанга бататын. Сондықтан оны көтерудің төтс жолы — жаңа индустриялық-агаралық комплекстерді өркендешу. Бұл өнеркәсіп құрылышы мен село құрылышын жедел дамыту мәсслелерін бірінші кезекке шыгаратын. Күрделі қаржыны мейліншестімді пайдалануға міндеттейтін еді. Екінші бір проблема — Целиноград өндірістік бірлестігі, Павлодар трактор заводы сияқты ауыл шаруашылығы техникаларын жөңс басқа да өнеркәсіп онімдерін шыгаратын өндіріс орындарын салуға жол ашу. Үшінші — мелиорацияны көтеру, тек сол гана астық пен басқа дақылдардан тұрақты тұрдс мол онім алуға кепілдік береді, берік жемшоп базасын жасау мәсслесін бүтіндей шешеді. Төртінші — Араг тағдыры, ол сол кезде-ақ арқага аяздай бататын. Бесінші — жер асты

су қорларын пайдалану, ал осындай қадау-қадау мәссле қай кезде дс, қандай жиын болмаса да көксіден кетпей, көшілік талқысына түсіп отырды. Бірақ...

...1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін ұрынарға қара таппай, тырнақ астынан кір іздсүшілер маган орнатылған бюст пен ол түрган алаң жайында әр түрлі алып қашты әңгімеге барды. Ол кезде 1979 жылы Зуһра Шөріпқызы екеуміз демалыста жүрген жерімізде екі мөрте Социалистік Еңбек Ері ретінде Алматыда маган жедел түрдес (өрт сөндіргендей алашапқын болған деу келіңкірейді) бюст орнатылды деген хабарды естідік. Рас, екі мөрте Еңбек Еріне, Қснес Одагының Батырына ондай құрмет көрсітілестін тәртіптің бары бар. Бірақ соншалықты асығыстық жасай қоярлықтай не күн туды? Күн ілгері келісін, ақылдасып шешсе болмас па еді деген ойлар мазалады да қойды.

Бақсақ былай болыпты. Кейбір «жанашырлар» біз демалыстан қайтқанда «қайран қалдырып, шексіз қуанышқа бөлсемек» екен. Бірақ олар «кетпеннің басын бассаң, сабы маңдайыңа тиеді» деген халық даналығын ойлай қоймаса керек.

Бұл тақырыпқа қайта оралып жатпас үшін мен мынаны айта кетер едім: Қазақстанның ігілігі мен абыроны үшін сіңірген азды-көпті сәбсігім осыншалықты құрметкे лайық деп бағаланса — мен шексіз бақыттымын! Демек, халқыма қажет болғаным, ісімнің пайдалы болғаны.

Тоқсанның үшінс келсе де кеменгерліктен танбаган Бұқар жыраудың Абылайға айтқан арнауында:

Екі қара көзді алар,
Ауыздагы сөзді алар,
Бұтындағы бесзді алар,
Бетіндегі нұрды алар,
Бойындағы шырды алар,
Аузындағы тісті алар,
Қолындағы істі алар,

Өлмегендес нең қалар, —дегеніндей, 1980 жылы Брежневтің жетпіс бестен асып, сексенге қараган шагы еді. Соган қарамай Қазақстанның 60 жылдық тойына шақыруымызды қуана қарсы алды, республикага Ленин орденін тапсырды. Эрине,

бұрынғыдай емес еді. Қайраты қайтып, қажыры кеміген. Оның үстіне сырқат мендеп, сыр беріп жүрген тұсы болатын. Сөйтсө де белгіленген багдарламаны толықтай жүзеге асырды. Ленин ескерткішінс, Даңқ алаңына гүл шоқтарын қойып, өндіріс орындарын аралады. Қосіпорындарда, құрылыш аландарында, тұрмыстық қызмет көрсету саласында болды. Қай жерде болмасын, слмен емел-жақын әңгімелесіп, ой бөлісін, пікір алмасты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндег өткізгендекенесте де сөйлеушілердің ұсыныс-пікірлеріңде айрықша ден қойып, оның аяқсыз қалмауына назар аударған-ды. Сол күндердің бірінде үйден дәм татуга шақырдым.

— Бәсе, Зуһраның қолынан шай ішпей кетеміз бе, мына Димаш сараң болған ба деп ойлап ем. Қайыра келер күн енді алыстай берер. Қарттық деген құдайы қонақ күндердің күні болғанда бсл бүгілтіп өзіңде де жетер, — деді әдettегі әзілің басып.

— Сөз сыңайыңызға қараганда, сіз қарттықты біржола мойындағансыз ба, қалай?

— Уақыт бәрін мойыннатады, Димаш!

Салқын ауа, самал желді сая бақта отырып Леонид Ильич Зуһра Шөріпқызы дайындаған дәмді сүйсіне жеп, көңіл хошы көтерінкі отырды. Кешкілік «Қазақфильм» киностудиясы түсірген деректі фильмді көріп тамашалады. Соңынан алғысын айта келіп:

— Туган жерімс келгендей бір жасап қалдым гой, — деді ризашылықпен.

Бұл Леонид Ильичтің Алматыға соңғы келуі еді. Осы сапар оның қасына Гришин, Романов, Щербицкий, Элиев, Машеров, Рашидов, Соломенцев, Бодюл, Үсібалиев, Расулов және басқалар еріп жүрді. Олардың арасында Горбачев те бар еді.

...Тагы бір той туралы баяндай кестейін. Біз Мәскеу түбінде гі Барвиҳада демалып жатқанбыз. Леонид Ильич телефон сокты.

— Қазақтар айтатын бір сөз бар еді. Ту... уһ, табан астында ұмытып...

— Қазақта даналық сөз аз емес. Бәрін жадында ұстау қын шыгар.

— Жок, ол сөздің жөні болек.. Е...: сіндіссіме түсті: «Тоқсан

деген көрсійін деген жасым ба еді, талқан жейін деген асым ба еді». Сол айтқандай...

— Тоқсанның әлі аулы алыс емес пе. Леонид Ильич! Жетпіс бестің жоні болсек шыгар.

— Онда соны бірге тойлайық, — деді.

Бұрынғы бұрынғы ма, бұл жолғы дастарқанның жөні болек. Ішпей-жемей көзің тояды. Үлде мен бұлдасға оранған бекзат, той, сл иссінс қайтсем қолпаш сөз айтып, назарға ілігем деп айналсақтап жүрген үлкен-кіші. Сырт қарасан, оқтау жұтқандай тәқаппар, паң... Үлкен Кремльдер сарайының Георгиев залинда өткен тойға сліміздің иғі жақсылары түгел қатысыпты. Тойға М. Суслов төрагалық етті. Төрага деуден гөрі асабалық жасады десу жон шыгар. Сөз алған кісілердің, көбі «Леонид Ильич» деген есімнен гөрі «ұлы», «дана», тіпті «көсsem» дегенді жиі қайталап, қолпаш созге комді де тастады. Өкінішке орай, солардың талаіы бүгін басқаша сайрап жүр, дүние жалған деген осы.

XXIX

Қай халықты алмаңыз. Өз салты, өз дәстүрі бар. Ал, бір емес, ондаган ұлт пен ұлыс енші бөліспеген ағайынды адамдардай бір женін қол, бір жағадан бас шыгарып, тату-тәтті гүмүр кешіп жатқан жерде, ор халық озінің ұлттық тіліне, діліне, дінінс қамқор бола түсken сайын мереке көп болмақ. Жәнс оған шүбесіз сенемін. Соның бөрі: мейлі ол саяси, не мемлекеттік, иә халықтық, иә болмаса діни мерекелер — адамзаттың бірлігіне, келешек үрпактың бақытына, ізгілікті төрбиссіне қызмет стүі керек. Бұл арада дін туралы мерекенің ашығын айту керек, жоні болсек. Рас, біз оған қырын қарап келдік. Біздер — коммунистер шетімізден атеистер едік, идеялық нанымдарымыз — материалистік көзқарас басқаға бас ұргызбады. Бүгін мынаны мойындаймын: діни мерекелер — халықты рухани өсірудің, имандылыққа төрбислеудің, ізгілік қасиеттерге баулудың иғі шарапалары бұл.

Жоғарыда арнайы токталып өткенімдей, менің Жұмабай атам Меккеге барып қайтқан, қажы болған кісі. Жастайынан діндар, өле-өлгенше құдай жолын ақ жол деп кеткен. Өз өкем Кеңес өкіметінің тірлігінс белсендеп араласқан: екі тілге — орысшага да, қазақшага да жорға болған, бірақ мұсылмандық жолы-

нан жаңылмаған кісі. Шешем де шариат жолын ұстанып, бес уақыт намазын ұзбей, жұма намазын қаза жібермей, мешітке барып тұрған-ды. Эйелім Зуһра Шәріпқызы ескіше хат танып, әкемнің көрген-білгенін, сстігенін қағазға түсіріп, жазғандарын төте жазудан осы құнгі қаріпке көшірумен шұғылданған жан. Коммунистік партияның белді қайраткері дінге қарсы «жорық» бет қаратпай тұрған шақта аузынан алласы түспей, діндар жандармен қалай бір шаңырақтың астында тұрып, бір табақтан ас ішіп жүр деген сұрап тууы ғажап смес қой. Айтарым: коммунистер дінге қарсы «жорық» ашқан емес, дінді бұрмалаушылармен және дін арқылы өзінің жат пиғылын жүзеге асыруышылармен күресіп келді. Ал, күресушілердің асыра сілтеу әрекеттері үшін партияға, оның мүшелеріне қыйе жагу келіс-пейді.

Қазір тұс-тұстан: оң жақтан да, сол жақтан да кенірдегін кетпендей гып, өңештері жыртылғанша: «тоқырау» кезінде той-томалақтан көз ашпайтын, не көп дақпырт пен дарақылық көп деп, байбалам салушылар табылды. Иә, сл жұмыс та істейтін, еңбек еткен кісі оның зейнетін де көретін. Бейнеті сіңген рахатын неге сезінбеске? Біздің заманымызда «алтау араз болса ауыздагы кетеді, төртеу тату болса, төбедегі келеді», дегенді берік ұстандық. Қойы қоралас, қазан-ошағы аралас ағайын арасында араздық деген жоқ еді. Таудагы Карабахта да, Бакуде де, Тбилисиде де қой үстіне бозторгай жұмыртқалаған дәүрсін еді, жүздеген мың босқын жылы үясын бұзып, скі қолын төбесіне қойып, беті ауған жаққа лаққан жоқ. Базбіреулер: әкімшіл-әміршіл үкіметтің шырмауынан шыға алмай жылдар бойы ішінен тынып келген зілзала деп өткенге итере салғысы келеді. Мұлдем олай емес. Ел ортақ мақсат, ортақ мұдде үшін — балалары мен қыздарының ертеңгі жарқын болашағы үшін құресті. Ынтымақтасып қана, қол үстасып, тізе қосып қана сол мақсатқа жетсі алатынына көздері жеткен-ді. Сондықтан да әрбір мереке, әрбір той халықтардың бірлігіне, татулығына қызмет сту мұддесін қоятын. Және ол өз жемісін бермеді деп кім айта алғандай. Бірі етек, бірі жен болмай ежелден ел бірлігі сақталмаган. Тагы да Бұхарга жүгінелік. Ол:

Адамзаттың баласы,
Атадан алтау тумас па?

Атадан алтау туғанмен,
Оның ішінде біреуі арыстан болмас па!

Осы тұста сөл-пәл шегініс жасауға тұра келіп отыр. Соңғы жылдары, айтары жоқ, тамаша мереке — наурыз тойымен қайта табыстық. Бұл — күн мен тұннің теңесетін күні, көктен нұрлы шуақ төгіліп, жер-ананың жасанатын тұсы, актілеулі адамдардың ілгрері күнге үлкен ұмітпен қарап, тіршілік жасауга ұмтылатын шағы. Ел бірлігіне сын болғандай мерекеде татулықтың тамаша үлгісі көрініс табатын. Ән-жыр айтылатын, би биленіп, күй төгілетін. Іште шер, көңілде мұң қалмайтын.

Бала күнімізде екі жеті бойы, ұмытпасам, наурыз айының алғашқы он күндігі өтісімен-ақ мәре-сәре болатынбыз. Көктемнің ерке самалың желпіген қаз-үйрек жарыса үшса, ашық аспан төсінде тырналар тыраулар еді де, екі күннің бірінде — дақ күндері елдің ошагынан қазан түспейтін, ауыздан дәмі кетпес наурыз көже үлестіретін. Ішкендері алдында, ішпегені артында дегендей, шара-шара көжені өздері ішкенімен қоймай, табақтабақ қып үйлеріне алып кетіп жататын. Жеті түрлі дәм қосылған, оның үстіне соғымнан арнайы сақталған мүшелері қосылатын жарықтық наурыз көже көзден бұлбұл ұшып барып, бүгін ырыс-берекедей қайта оралды. Діни аңыз бойынша, наурыз айының он бірі Мұхаммед пайғамбардың туған күні. Соған сәйкес 1926 жылдан кейін жаңа жыл есебіндегі ұлыстың ұлы күні атаусыз қалып қойғаны жасырын емес. Енді соны қалай тойлап жүрміз? Алқалы жиында, баспасөзде ара-тұрабұл мәселе көтеріліп қалады. Жалпы, той — қазына десек те, той — тоқтықта скенін ұмытпаганымыз жөн. Оны өткізуудің баршамызга ортақ үлгісін ойластыратын мезгіл жетті. Неге скенін білмеймін, тегінде, ұлан-байтақ республиканы жер жағдайына, табиғи ерекшелігінс, яғни көктем бір жерде ерте, бір жерде кеш шығуга байланнысты дегенгे саяды, әйтеуір наурызды әр облыс, әр аудан, әр ауыл, тіпті әр мексемс әр кезде тойлап жатады. Ал, іргелес қыргыз, өзбек, тәжік, түркмен агайындар бүкіл ел боп бір күнде атап отеді. Дұрысы осы. Оны арсыздың тойы — алты күн дегендей, созбақта салу жараспас. Ең бастысы, оның тәрбислік мөнінс, рухани тағылымына айрықша зер салса, көне дәстүріміздің болмысы ашила түсер мс еді.

Мәселен, 1982 жылы Қазақстанның Ресейге қосылғанына

250 жыл толуы қалай тойланғанын еске алайықшы. Әрине, бүгінгі уақыт көзімен қарасақ, бұл пікір кейбіреудің қытығына тиері де хак. Әңгіме Ресейге біздің өз еркімізben қосылдық па, жоқ па дегенді таразылау туралы емес. Тіпті оның отарлау саясаты жайында да сөз еткелі отырганым жоқ. Мәселе мина-да: бұқаралық ақпарат құралдары, республиканың барлық идеологиялық активі той өткенге дейін қаншама уақыт жүрт-шылық арасында орасан зор жұмыстар жүргізді. Жан-жақты түсіндіріп, ол әркімнің асыға күткен мерекесіне айналды. Оның салтанатты жиынына сліміздің түкпір-түкпірінен қаншама делегациялар келді. Әрине, оны санап жату бұл арада артық шыгар. Кейінгі жастар болмаса, сол жылдардың ыстық-суығын бастан кешкен ағайындар қуанышына да ортақ болған-ды. Сол кездегі Мәскеу қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі Гришин күттіктау сөз сөйлеп, республикага берілген Ленин орденін тапсырды. Сосын, мән тарихи оқигаға байланысты оның сыр-сипатын ашып, 250 жыл бойына еншілес болған екі елдің ежел-ден қалыптасқан дәстүрін, экономикада, қогамдық-саяси және мәдени өмірде қол жеткізген ортақ табыстарын жан-жақты ашып корсетуге үмтүлдым. Екі сл арасындағы достық көпірі (біреулер бұган мұлде басқаша көзбен қарайтыны сонша адам-ның жаны түршігеді) Киевтік Русь, Дмитрий Донской, Иван Грозный, Бірінші Петр тұсынан салынған адал нист, кіршікіз таза көнілмен жасалған дүниенің тамыры терсөңгे кетеді. Халық пен халық, ұлт пен ұлт, ұлыс пен ұлыс бір-бірінің жақсылығын көре білгенде гана ынтымагы артады, достық деген сөз шын мөнге ие болады. Пигылы теріс, нисті бұзық адам гана қасың-дагысын қарақтайды. «Орыстан жолдасың болса, жанында ай-балтан болсын» дегенді тырнақ астынан кір іздел, оз көленке-сінен озі қорқатын адам гана қагида санайды. Қара басының қамын күйттеген кісі басқаның бақытты болғанын қаламайды. Қайырымы жоқтың қадірі болмайды. Ресейдің иманды, ізгілік-ті ісін, өсіресе, халқымыздың «ақтабан шұбырынды, алқақөл сұлама» тұсында көрген азабынан соң оның сенімді қорған, айнымас одактас екендігіне ешкім шұбә келтірмесе керек еді. Тек Ресей гана, егер Шоқан сөзімен айтсақ: «нақты көмек көрсетіп, қамқор бола алатын еді». Сыйлаганның құлы бола

Білген қазақ орыс халқымен терезесі тен кісідей дәурен кешті, ұстасқан қолдары жүрек жылуымен мәңгі ажыраспасы да анық.

Той қанатын кең жайғаны сонша, егер әсерлеп айтсақ, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін қуаныш құшагына бөленді. Әр ауданда, ор ауылда думанга ұласты. Сол жерде қанша үлттың өкілі тұрса, сонша елдің дастархан мәзірі жасалып, өн-жыры қалықтады, биі биленіп, салт-дәстүрі жарқырап көрінді. Ал, Алматыдағы салтанаттың жөні мұлде бөлек болды десем, сол кездегі осы бір жарқын мерекені тамашалаган үлкен-кіші жоққа шыгармас деп ойлаймын. Маусым айының 12-сі күні ақшар Алатаудың жасыл желең жамылған стегіндегі Медеу стадионына жан-жақтан жиылған 12 мың өнер шеберлері, спорт майталмандары, әуесқой өнерпаздар, сайдың тасындағы іріктелген өнер тарландары, талантты таңдай қақтыргандай студенттер мен оқушылар, тіпті тілі бал үйліршіндер гажайып сахнага айналдырып жіберді. Мұндай үлан-асыр достық тойы, бірінебірі үқсамайтын сөн-салтанат басқа да одактас республикаларда өтті. Соның бірқатарына қатысып, слынтымағының күөсі болып, ықыласын арқалап қайтқан жай бар. Грузия, Әзіrbайжан, Армения, Украина, Өзбекстан жері, олардың сибекшіл халқы рухани бірліктің шын мәніндегі жарқын көрінісін танытқандай әсерге бөлеген еді.

...Жетіпсінші жылдардагы аса маңызды саяси шаралардың бірі — Азия мен Африка елдері жазушыларының Алматыда өткен 5-ші конференциясы. Үлттық тәуслісіздік, бейбітшілік, ынтымак пен прогресс үшін, империализм мен неоколониализмге қарсы құрес — екі құрлық жазушыларының бас қосуы, міне, осындағы өміршеш де өзекті тақырыптар төңірегінде пікір алmasып, ой толгауды дәстүрге айналдырганды.

...Ташкентте тұсауын кескен халықаралық мәслихат Каирде, Бейрутте жалғасқан. Халқымыздың таңдаулы қalamгерлері: Габит Мұсрепов, Әбділда Тәжібаев, Жұбан Молдагалиев, Зейнолла Қабдолов, Мұхаметжан Қаратасев қатысқан Ташкент жиынына Мұхтар Әуезов бастап барып, сол жолы өзбек, қыргыз, тәжік, түрікмен ағайындардың атынан Мұхаң сөз сейлекен еді. Оның тесріде кесек ойлары, слдік әңгімесі 37 елден келген

бар қонақты қайран қалдырды деп, кейін сүйсіне ескес алатын еді сапарлас болған жігіттер.

Міне, сол бір алқалы жыны Алматыда отіп, оны Египеттің дүние жүзі таныған жазушысы Юсуф Сибай ашты. Ол кісімен мен бұрыннан таныс едім. Каирге барған жерде Египст ұлттық демократиялық партиясы Орталық Комитеті хатшысының қабылдауында бірге болып, ұзақ әңгімелескенім бар. Ол кезде, ұмытпасам, Египст араб республикасының мөдениет министрі, «Лотос» журналының бас редакторы болатын. Сондай-ақ, 1958 жылы Ташкентте Азия мен Африка елдері жазушыларының ассоциациясы құрылып, халықаралық ынтымақ үйымының бас хатшысы болп сыйланған-ды. Ертеректе жазған «Елестер» әңгімелер жинағы мен «Әзірейілдер мұрагері» деген романын оқығаным бар еді. Соны айттым. Бейбітшіліктің Жолио-Кюри атындағы алтын медалын алған, сонысымен құттықтадым. Ол риза көңілмен қабыл алып, қазақтың тарихы жайында көптеген сауалдар қойды. Мен бұғынгі қазақ деген халықтың тарихы орта гасырдың сонау ықылым замандарынан — алты жүзінші жылдының бірінші жартысынан бастау алатының, солтүстіктегі Алтай тауы, онтүстіктегі Гоби шөлі, батысы — Шу, Таластың екі арасы тұрақты атамекені екенін әңгімеледім.

— Демек, 1500 жылдық тарихы бар екен гой, — деп қайран қалды.

— Мен тарихшы емеспін, бірақ өз халқымның тарихын 1500 жылмен шектегім келмейді. Бұл өлі зерттелмей, зерделенбей жатқан өлем. Бір білетінім: туымыз — «Алтын бөрі бас», ұранымыз — «Көкбөрі». Бұл ту 535 жылы Ергенекінде көтеріліп, «Бөрі басы» деп ұран шақырыпты. Ол он тогызыныш гасырга дейін халықпен бірге жасасты.

Мен Сүйінбай жырын бала жастан жаттап есken жанмын. Эрине, уақыт откен сайын ұмытыла бастайды гой. Содан жадымда қалған екі шумағын созімे демесу жасадым. Аудармашының ілеспе аударма жасай алмаганына қарамастан айтып шықтым.

«Бөрі басы» — ұраным,
Бөрілі менің байрагым!
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым.
Бөрілі байрақ астында,

Бәгелін көрген жан емен

Бәрідей жортып жүргендс

Бөлініп қалған жан емен, —

деп аяқтай бергенде Юсуф-Сибай:

— Сіз сл басшысы гана емес, үлкен ақын екенсіз гой, — деп балаша қуанып, қолымды қысты.

— Жоқ, мен ақын емесспін, — дедім ол сабасына түскен сөтте — мениң халқым ақын. Шыгарған жырын, өн-күйін жадына тоқи білғен, тоқығанын үрпақ бойына сіңіре білғен.

Ол сол-пәл ойланып отырды да:

— Айтыңызшы, қазақтардың араб графикасы — төте жазудан латын қарпіне, сосын, осы құнгі кириллицаға көшүіне не себеп? — деп, тосын сұрақ қойды.

— Юсуф мырза, бір кездесуде бәрін біліп алмақсыз ба, қонаққа да бірдеме қалдырсаңыз қайтеді, — деп өзілге бүрдым.

Рас, бұл сұрақ жауапсыз қалған жоқ. Алматыга келген бетте біз тағы да жүздесіп, ескі таныстарша үзак өнгімс-дүкен құрдық.

— Толық жауабын ала алмаған сұрагымды мойныңызға қарыз ету құно болар, — деді өзілдеп.

— Менің жауабым сізді соншалықты қанагаттандыра қоймасын ескеріп әңгімені кейінге қалдырғаным рас еді. Міне, енді соның реті бүгін келіп отыр. Уақыт тауып оқудың сөті түссе, осы кітаптан біздің халқымыз жайлы мол мәлімет аласыз, — деп мен Юсуфке Ермұхан Бекмахановтың: «Қазақстан 19 гасырдың 20—40 жылдарында» деген кітабын тарту еттім. Өздеріңізге белгілі, бұл кітап кезінде «қатты сынға ұшырап» содан бері көзден бұлбұл үшқан. Бір ожетке жарап деп, көзімнің қараышығындаи сақтап жүруші см, қадірлі қаламгерге бүйірған екен.

XXX

Ақын Қадыр Мырзалиев:

— Жұмыс!

Жұмыс!

Тисе оның шарапаты,

Жазылады жаныңың жарақаты.

Ләzzәты болады қалжыраудың,

Шаршаудың да болады рахаты! —

деп айтқандай, көзін тырнап ашқалы енбектен қол үзбей, соның ыстық-сұғына бірдей төзген адамға жазаның ең үлкені — жұмыссыз қалдыру. Нәйеті бірер жетіге елден ұзап шығып, шет жерге сапарлап кеткен кезде де елдің жайы естен екі елі шықпайды. Жыртығынды жамайтындаи жоғынды іздестіре, сұрастыра бастайсың. Қыбын тауып, бір әжетіне жарап шаруана тындырып қайтсам дейсің. Оның орайы кейде келіп, кейде келмей жатады. Тым болмаса үлгі тұтар ісін үйренін қайтуға үмтүласың, бір көдеге асырап жолын іздел, шарқ үрасың...

КОКП Орталық Комитетінің, КСРО Жоғарғы Кеңесінің тапсырмасымен жоғарыда аталған елдерден басқа да талай жердің топырағын басып, тұз-дәмін татуға тура келді. Соның ішінде Ургвай, Италия, Үндістан, Корея бар.

Жалпы, жер көріп, ел танығанға нс жетсін. Жат-жүртты аралау арқылы, салыстыру арқылы өзінің бар-жоғынды біле-сің, қадір-қасиетіңе жетсін. Құмарта қарап, қызыға аралап жүріп тойымсыз көз көңілге нәз іздейді. Шаршаганың да, шалдыққаның да қарамайсың. Үміт ілгері жетелеп, үлкен жортуылға, алыс сапарға алып шыгады. Ургвай сапары сондай әсер қалдырып еді. Ургвай Компартиясының съезінے қатысу үшін 1970 жылдың соңына таман жол азабын аз көрмедік. Оңтүстік Американың түстік шығысындағы Монтевидеога жету қалай қын болса, қайту одан да ауыр соқты. Оңтүстік шығысын Атлант сияқты алып мұхиттың асау толқындары шаятын суптропикалық ел. Карапыл тәбелер жиі ұшырасады, көз жет-пес жазық даласы біздің елдің арқа төсін еске түсіреді. Қысы-жазы ұшар басын ақша қар басып жататын Алатауга, қойнауына бір енсең, онайлықпен шығара қоймас қатпарлы Қаратаяуга, баурайынан апай төсіне дайын жасыл желекке оранып жатар асқақ Алтайга әбден көзі үйренген казаққа биіктігі 500 метрден әрең асатын бүл елдің тауы жатаган жоталар сияқты көрінген. Мен бөгде елдің бағын аласартудан аулақпын. Әркімнің өз жері құт. 16—17 гасырларда осында ұдере көшіп, біржола қоныс тепкен испандықтардың үрпагы — негізгі халқы. Ара-тұра метистер, негрлер мен мулаттар тәбс көрсетіп қалады. Сол жылдары олар бүкіл халықтың 10 проценттейі гана еді.

Осы сапарда ұмытылмас өсер қалдырган киелі орын — Сервантес ескерткіші. Қола мүсін қасында ұлы жазушының өлмес кейіпкерлері Дон Кихот пен Санчо Панса, хирург үйелменінде дүниеге келіп, жоқшылықпен күн кеше жүріп Мадридте оқыған Сервантес нағыз шыгармашылық шагында қалам құдірстінен гөрі айлақ жагалап, сауда-саттықпен айналысады. Бір емес, үш рет түрмеге жабылады. Әлемге әйгілі «Дон Кихот» романының бірінші бөлімі осы түрмеде отырганда жазылады. Испан әдебиетінің жаңа дауірін ашқан романды мен де тұщына оқыған едім. Ол қазақ тілінде 1952 жылы аударылып, әлденеше рет қайта басылды. Оның өлер алдында ғана жазып біткен «Персилес пен Сигизмунданың жиһангездігі» деген шыгармасы да бас алмай оқитын дүние.

Әлбетте, Колумбтың ескерткіші мен дүние жүзіне түгел танымал Мадрид көркем галереясы жайлы айтпай кету қиянат. Олар оқырманга соншама таныс. Генуялық әйгілі теңізші бір емес, төрт рет өлімге бас тігіп, тарихи маңызы бар жаңа географиялық мағлұматтар қалдыру адам ақылы жетпес ерлік сияқты көрінеді. Енді сол бір таңгажайып жанның ескерткішін ұлы саяхатшыға деген құрмет тұргысынан ғана емес, оны өлмес өнер туындысы дәрежесін дейін көтеріп, мәңгілік стіп жасауы, ол елдің рухани оскендігінің кепілі сияқты көрінеді. Галереяны аралаган тұста көрсermen көкейін өсемдік әлемінің нұры кернеп еді, ел игіліктің, оның рухани қазынасының алтын қорын жасарлық әл-қуат бар мадеген сан адуан сұрақ еріксіз мазалап еді. Мені де Алматының еңесі биік, оқшау тұсына осындай сәulet сарайын салып, барын бардай гып ұсынар тым болмаса музей ашсақ деген арман билеп берестін-ді. Ол арманга халқымның қолы жеткенінде де шүкір.

Монтевидеода съезд жұмысын жүргізіп жатқан күндерде Уругвай Компартиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы Родней Арисмендимен, Чили Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы Володей Тейтельбоиммен жақынырақ таныстым. Съездө сойлеген сөзімді делегаттар жылы қабыл алды. Шын мөнісінде, партияның XX съезі Уругвай тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі болды. Өзінің негізін 1920 жылы VIII съезде қалаган Компартия 1955 жылдан партия жұмысын қайта құруды қолға алғалы бергі ілгері істердің

қорытындысын шығарып, халық бірлігі майданын құру қажет деген шешімге келді. Бұл келесі жылы ақпан айында жүзеге асырылды.

Сонымен кайтар жол оңайға түспеді. Уругвай астанасынан Рио-Де-Жонейрога, одан Лас Пальмаска (Канар аралы) жеттік. Сосын Мадридте іш көгергендей ұзақ аялдаپ, Париже табан іліктірдік. Аргы жағында Мәскеудің төбесі көрініп тұрғандай, көңілді бір демдедік.

...Мен бұған дейін Кеңес Одағы партия-үкімет делегациясының құрамында Үндістанда болғанымды шет жағалап айтқанмын. Ал, 1972 жылғы бұл сапарда КОКП делегациясын басқарып, Компартия съезіне қатысуыма тұра келді. Бос уақытта біздер Агро қаласына барып, екі шақырым жердегі, Жамна өзенінің жағасындағы үнді мұсылмандарының сөүлет өнерінің гажайып үлгісі — Тәж-Махалды тамашаладық. Ол Қожа Ахмет Яссайи мавзолейін еріксіз ескес түсіреді. Бір қалыптан шыққан деуден аулақпын. Бірақ өрнектерінде, архитектуралық құрылымында үқастық байқалғандай. Тәж-Махал — парсы шебері Исаның жобасымен жасалыпты. Мұны 20 мың жұмысшы 22 жыл бойы салған екен. Шіркін қандай күш, қаншалықты төзім. Өнер ақыл-ойды, шеберлікті ғана қажет етпейді, ол адам баласы ғана шыдас берерлік төзімділік пен қайраттылықтың жемісімен мөңгілікке қалмак. Ұлы Монголдар өuletінің билеушісі Шаһ-Жахан 38 жасында дүниеден озған жары Мұмтаз-Махалдың өсистін осылай орындал, өшпестей белгі соққан. Бес күмбезден тұратын, төрт мұнаралы, биіктігі 75 метр келетін мазар төрт ғасырдан бері осы елдің аялы алақанымен қаз қалпын сақтағаны қайран қалдырады. Біз жоқты армандаپ, барды талқандап жатқанда өткенге құрметпен қарай біletін елдің елдігі осынысымен де танылады екен-ау деген оймен аттанған едім.

Ат баспаймын деген жерін скі рет басады. Бір қалыпты өмір жок. Дүниенің түсек дейін киіз, түстен кейін мүйіз болуы өп-сөтте. Үнді жеріне қайыра келемін деген үш үйіктаса түске кірмеген жай. Тұз-дәм тартты. Мінс, Араб теңізінің жағалауына қоныс тепкен Kochin қаласын бетке алып келе жатқалы қанша сагат. Бангопорадан айлақты қала Kochинге дейін 500 шақырым. Үндістанның оңтүстігіндегі айнадай жолдың апшысын қуыра жүйткіген женіл машинада тәулік бойы тоқтау жоқ.

Тамылжыған табиғат, тарихи орындар сөркісіз баурап, еріксіз еліттіреді. Ишке сұғынган сайын ынтық дүние ықылас аударта түседі. Соның бірі барып маңдай тірейтін қаламыздан қозы көш жердегі атақты саяхатшы Васко да Гама зираты. 1497—1498 жылдары үш кемеден Құралған флотилиямен Европадан ит арқасы қияндағы Оңтүстік Африканы айналып етіп Үндістанга баратын теңіз жолын ашқан португалиялық саяхатшыға (1502—03 жылдары екінші рет саяхат жасаган) тәуәп ету оны тек тарихтан гана білетін қазақ үшін бір міндет еді. Әруақ риза болмай тірі байымас дейтін қазақтың жолы солай.

Съезде жиырма екі коммунистік және жұмысшы партиялардың өкілі сөз алып, өздерінің үнді коммунистерімен ынтымактастығын билдірді. Екі ел компартияларының айнымас белгісі ретінде біздің делегация В. И. Лениннің портретін сыйга тартты. Үнді коммунистерінің үлкен форумының соңғы күнінде Kochinde съезд делегаттарының қатысуымен 300 мың кіслік митинг болып отті. Артынша Гоа аралын аралап, брахманизм мен индуизмнің теңдесі жоқ үш тәңірісінің бірі Шиваға соғылған алып храмды көрудің сәті түсті. Содан Гоа аралынан Бомбейге үшіп, сол жерде сапарды аяқтап, Мәскеуге оралдық.

...Италия сапарының жөні бөлек. 1971 жылы осы елдің коммунистік партиясы өзінің 50 жылдың мүшслойын тойлайтын болды да, мен КОКП делегациясын басқарып бардым.

Қазақта: «Кеп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген бар. Сол айтқандай: ұлылықты, жердің кендігімен, таудың биіктігімен, теңіздің терендігімен өлшемеу керек. Тіпті ел байлығы да, жер асты қазынасы да таразы басын тарта алмайды. Елдің елдігін танытатын да, тарихын жасайтын да, артына өшпес із, өлмес мұра қалдырган ұлы перзенттері. Ұлылықтың теңдесі жоқ өлшемі дс осы. Дүнис жүзіндегі прогресшіл адамзат баласы үшін ортақ есімге айналған: католик шіркеуіне қарсылық көрсетті деп отқа өртелген ұлы философ Дж. Бруноны, еркін ойлы Дж. Ваниниді, ұзак жылдар бойы абақтыда азап шеккен, «Күн қаласының» авторы Томмазо Кампанелланы, ұлы галым Галилео Галилейді, Лаура деген қызды бір-ак рет көріп, ғұмыр бойы гашық болған, соны гана жырлап откен ақын Ф. Петрарканы, әлі күнгे дейін қолдан қолга тимей жүрген «Спартак» романын дүниеге әкелген Р. Джованьолиді, қайта

өркендеу дәүірінің өкілдері Микеланджелоны, Леонардо да Винчиді, Рафаэльді, Тицианды, операның тұңғыш классигі, 17 ғасырдағы Венеция опера мектебінің негізін салушы К. Монтовердиді, ұлы скрипкашы Н. Паганиниді, ұлы композиторлар Дж. Россини мен Дж. Вердиді, сахна шебері Э. Дузені берген итальян халқын қалай ұлы халық демеске! Бір Римнің өзі сөүлет өнерінің таусылмас дастаны, жазылып бітпеген жыры емес пе!

Сол әсемдік әлемінің кіндігінс айналган Римнің 20 мыңдан астам адам жиналган Спорт сарайында өткен салтанатты мәжілісте сөз сөйлеу құрметіне ие болды. Италия Коммунистік партиясының төрағасы Луиджи Лонго қала сыртындағы саяжайына алып барып, арнайы қонақ етті. Әрине, жетпістен асқан, өмірдің ауырталығын аз арқаламаган, бүкіл саналы ғұмырын Италияның еңбекші халқының бақыты жолындағы құреске бағыштаған халықаралық коммунистік қозғалыстың қайраткерімен еңбекші отырып, ашық сырласу әрі қызық, әрі пайдалы еді. Қөргені де, көңілге түйгені де мол жан Владимир Ильич Ленинмен қалай кездескенін соншалықты ықыласпен сүйсіне әңгімеледі. Испанияда интернационалдық бригадада бас инспектор, 1943—45 жылдары Италиядың қозғалыс кезінде партизан отрядын басқарған тұстағы ерліктерін естубір ганибет еді.

Мұндай сұхбат партия ардагерлерімен, жас коммунистермен, көсіподак белсендерімен өтті. Шыны керек, олармен шынайы әңгімелер болды, тіпті пікір таластырған тұстарымыз да жоқ смес. Қай жерде, қандай денгейде сөйлеспейік, зілсіз әзіл, бүкпесіз ой бөлісүмен ұзақ отырып қалатынбыз. Әсіресе Италия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бас хатшысы Энрико Берлингүэрмен жұздесудің орны бөлек еді. Жаңа тұрпаттағы саяси қайраткер Италияның мұддесімен шектеліп қалмай, құлашын кеңге сермен, халықаралық мәселелер жайында ұзақ ой толғаганы бар. Пікірін ашық айтатын, қызу қанды, сонысына орай әділ де турашыл мінезі үнады.

Европаның онтүстік бөлігіндегі тағдыры қым-қигаш, тарихы мол мемлекеттің бар шежіресін игеру де, игергенінді қаз-қалпында жеткізу де қыын. Жерорта теңізі жағалауында жатқан, теріскейі Ион теңізінс, күнгейі Адрият теңізінс мәндай ті-

рейтін мәрттігі мен тәуекелі басым елге деген ықылас Ватикан, Флоренция, Болонье, Лукка, Пиза қалаларын аралаган күндер әсте ұмытылар ма!

...1978 жылдың бас жағында Кореяға (КХДР) партия-үкімет делегациясын басқарып барудың және бір орайы келді. Бізді сл басшысы Ким Ир Сен өз резиденциясында қабылдады. Екеуміздің арамыздағы сыйайы әңгімеден соң мен оған Ленин орденін тапсырдым. Еліміздің ең жоғары орденімен ол 1972 жылы алпысқа толуына байланысты наградталған-ды. Ештеп кеш жақсы деген осы.

Сапарымыздың негізгі бөлігі Кореяның вице-президенті Пак Сен Чермен арадағы келісімге арналды. Жат елде қонақтың жолы жінішкес болып, арқа-басынды кенге сала алмай, ізеттеп аттай алмай қысылып-қымтырылатын әдетін. Сосын, әр слдің салты басқа, иті қара қасқа дегендей, көруге, білуге келген қонақ аз отырып, көп сынайтын әдеті. Әдептен озбадық. Пхеньянда Халық Армиясы жауынгерлеріне, Азаттық монументіне ғұлдесте қойдық, қаланың тарихи орындарын аралап, Солтүстік Хванхэ провинциясының осы жерге бармасаң болмайды дейтін жерлерін көрумен шектелдік.

Халқымыз: «Малың барда ел таны, атың барда жер таны» дейді. Оған елге аға болғанмен, қара басыңца билігің жүрмейтін тұс аз емес. Соған қарамастан ел тануга, жер көруге үмтүлдік. Қайда бармайын қазақ деген халықтың атын арқаланып, соның абыройын асқақ ұстауга үмтүлдік. Ондай халықтың барын білсе, бөркіміз қазандай боп, тәбеміз көккес жеткендей қуандық. Жер бетінде ондай ұлттың барын білмей, саган көңіл жықпастықпен қараган тұста салың суга кетіп, жүнің жығылып-ақ қалатын. Ондай сөтте еліңнің ертеңі, болашағы қабырғана бата тұсер еді, қара басыңың қадір-қасиетінен гөрі халқыңың мәртебесінің биік болар соны жолдарды шарқ ұра іздей түсесін...

Елдің үлкен-кішісі болмайды. Халқының азды-көбіне қарап емес, қайталап айтсам, тарихта алар орнымен бағаланса керек. Жүрген жерімде сол елдің дәстүріне, ұлы перзенттері қалдырыған өшпес мұраларга, өнеге болар өнерінс, өміршең ізгі мұраттарына зер салдым. Содан гибрат алдым, ол менің жүрек түкпірімде сақталар сыр, оны халқыммен болісер күн туса, қоспасыз

түгел айтып берермін деген үміт үстінде жүрмін. Сондықтан ел жақсыларымен жүздесудегі әңгімелерді құдайдың құргақ сөзін қимайтын сарандай там-тұмдаپ айтып, атусті шолып, қысқа баяндап отырмын.

XXXI

1982 жыл, қараша айы. Ұмытпасам, 10-ы.

Алматы күзі — кербез қыздың сыланғанындаі ең бір көркем шагы. Көгілдір айдында керіліп жүзген акқұдың жалпак табанындаі жапырактардың мың құлпырып барып, төгілер тұсы. Тағиғаттың қайталанбас, қайталанса да қадіріне біріміз жетіп, біріміз жесте бермейтін көркем көрінісін қызықтап, қоңыр салқын ауасымен тыныстаудың өзі бір ганибет қой. Оның үстінен бұл күннің қысқарып, түннің үзарған тұсы. Кешке қарай қала сыртына шығып, сейіл құрып кеткен кездे КОКП Орталық Комитетінің жалпы·бөлім бастығы Боголюбов шарқ ұрып іздейті. Қемекшілерінің бірі:

— Бізге сенсөніз, шаруанды айта беріңіз, — деп жөн сүрайды.

— Шұғыл Мәскеуге жетсін. Саяси Бюроның мәжілісі күтіп отыр, — деп әңгімені келтесінен қайырса керек.

Дүниеде белгісіздік жаман. Әкесі өлтіргенді дс естіретін еді, Боголюбовтың мына тосын хабарына қайран қалып, қашан Мәскеуге, Кремльге жеткенше ойым он саққа кетті. Содан ис керек, сол күні айтқан уақытта Кремльдің табалдырығынан аттап, мәжіліс алдында Саяси Бюро мүшелері жиналатын жерге келдім. Бәрі бір кісідей бас қосыпты. Тек мені күтіп отыр екен. Дерсу мәжіліс залына кірдік. Жол-жөнекей Шербицкийден:

— Табан астында не бол қалды? — деп сүрадым.

Ол сүп-сүр қалпында:

— Сіз бен біз күткендеріден бетер оқига бол түр, — деді.

Мәжілісті Ю. В. Андропов ашып, Леонид Ильичтің қайтыс болғанын хабарлады. Төбеден жай түскендей болды. Саяси Бюро мүшелері ләм-лим деп тіс жаруга жарамады. Бірнеше минет бойына үшқан шыбынның ызыны білінерліктей үнсіздік билеп, әркім өз ойымен арпалысып кестіп сді...

Брежневпен жиырма сегіз жыл қызметтес болдым. Бажай-лап қараган кісіге бұл аз уақыт емес. Қын да қызықты қундер отті. Бірақ төтті ауыздың дәмін кестіріп, іштей дескен емеспіз. Пікір қайшылығы кезінде принципті позициямында тұра билдік. Бір-бірімізді сол үшін де құрметтеп, терезесі тен кіслерше сыйласып оттік. Соңғы рет біз 1982 жылы ақпан айында Кремльде, Саяси Бюроның мәжілісі залында жүздескен едік. Маган үшінші мәртебе Социалистік Еңбек Ері атағының берілуіне байланысты Ленин ордені мен Орақ пен Балға Алтын жүлдізының тапсырган-ды.

Құлаққа үрган тানадай тыныштықты Черненконың сөзі бұзган-ды. Ол өзінің әдеттегінше демігे тұрып, қарлығынды үнімен:

— Аза тұтып отыра беруге уақыт тар. Біз КОКП Орталық Комитеттің Бас хатшылығына сайланатын адамның кім болатынын шүгыл шешуіміз керек, — деді. Сосын жан-жагына бұл ұсынысъима қалай қарап едініздер дегендей, барлай қарап алды да: — Мен КОКП Орталық Комитеттің Бас хатшылығына — деп мәлімдеді ол, — Юрий Владимирович Андроповты ұсынамын.

Тіс жарған жан болмады. Бәрі де ұсынысқа үнсіз келісіп, іштей қолдаган-ды.

Қарашаның 12-сі күні КОКП Орталық Комитеттің кезектен тыс Пленумы болып отті. Андропов Бас хатшылыққа бірауыздан сайланды. Мен ол кісіні 1962 жылдан білетінмін. Хрушевтың Румынияга барған сапарында бірге жүріп, бірге тұрдық. Ол кездес Юрий Владимирович Орталық Комитетте бөлім менгерушісі тұғын. Артық созі, асылық мінезі жоқ, сыпайы адам еді, марқұм. Мемлекеттік қауіпсіздік Комитеттің торагасы, КОКП Орталық Комитеттің хатшысы кезінде дес біздің сыйластығымыз артып, шешімін күткен ортақ мәселелердің ауқымы ұлғая түсken-ді. Ұзбей байланысып тұрдық. Ашық пікірлесіп отырдық. Бас хатшы қызметінен котерілген тұста да ол Қазақстанга айрықша ден қойып, республиканың мөн-манызын жетсе сезінген-ді.

Біз жі хат жазысып тұрдық. Ол маган жолдаган бір хатында: «Қазақстанның ұлан-асыр астығы — бұл республика еңбекшілерінің гана емес, сонымен біздің көп үлтты Отанымыз-

дың барлық халықтарының орынды мақтанаши» деп, атап өткені бар. Ол қазақ жеріне әлденеше келін қайтпақ бол оқталған-ды. Колы тимей, қап, келесі жолы болмаса деп жүрестін. Оған тұз-дәм тартпаса қыын екен. Қауіпсіздік Комитетінің тәрағасы қызметінде жүрген кезеңде самолетке мініп тұрып, траптан кері қайтқан да уақыты болды.

Бас хатшы боп сайланған күннен біздің арамыздан қыл өтпестей жақындық өріс алды. Алдың ала келіскеңіміздей, мен айына екі рет республикадағы бар жағдайды баяндап отырдым. Әлбетте, сыйлас сырлас жандардың жеке кездескен тұстарын, Саяси Бюородагы пікір алмасуларды бұл арада айтып жату артық шыгар. Қызметтің өз заңы, өз тәртібі бар. Оны бұра тартуға ешкімнің хақысы жоқ.

Юрий Владимирович бүгін шешілтін мәсслені ешқашан ертеңге қалдырмайтын, жеті өлшеп барып, бір-ақ кесуге, шұбыртпа сөзі жоқ, қысқа да нұсқа сөйлер еді.

Оның осындай табандылығының арқасында Қазақстандағылымы дамытуға қатысты бірқатар жобаны шешудің және ірі-ірі кәсіпорындардың біразын соны техникалармен жабдықтаудың сәті тұсті. Ол кезде өнеркәсіп орындары мен ғылыми мекемелер үшін осы заманғы техникаларды сатып алуға валюта табу — көктегі айға үмітсіз қол созумен бірдей еді. Соған қарамастан Андропов менің месселімді қайтармай, Алматыда Батыс елдердің аты шулы фирмаларының біздің слімізде өңіміз түгілі үш үйіктасақ түсімізге кірмейтін озық үлгідегі су жаңа техникаларының көрмесі отіп жатқан, соны түгел алып қалуға қыруар валюта бергізді.

Желтоқсан айында КОКП Орталық Комитетінің пленумы өтті. Оnda 1984 жылға халық шаруашылығының жоспары қаралды. Юрий Владимирович Пленумда халық шаруашылығының барлық саласы бойынша еңбек өнімділігін жоспардан тыс бір процентке көтеріп, өнімнің өзіндік құнын жарты процентке азайту міндеттін қойды. Бұл, шын мәнінде, уақыт талабынан туындалған іргелі ұсыныс еді. Оны Пленум бір ауыздан қалай макұлдаса, жергілікті партия үйімдары, құллі еңбекші халық солай қолдап, жұмыла іске кірісті.

Андропов, айтары жоқ, аса ірі мемлекет қайраткері еді. Оның басшылығымен біздің еліміз барлық бағытта экономика-

лық жөнс өлсүметтік жагынан сеніммен алға басты. Ел аяғын тартып басып, етек-жесін жинақтай бастаған. Оны қаталдың деуден ғорі, талапты құшайте түсө еді деп білген жөн. Өкінішке орай, жарық дүниеден татар талқаны таусылған екен, ажал арамыздан тым ерте алып кетті. Ол бар-жогы екі жылдай ғана уақыт КОКП Орталық Комитетін басқарды, КСРО Жогарғы Кеңесі Президиумының Төрагасы болды. Қысқа мерзім ішінде Саяси Бюроның жұмысын жандандырып, жаңа арнага салып кетті. Онда қандай мәселе қаралмасын, бәрі баспасөзде жарияланатын жагдайга жетті. Шын демократиялық леп басталып жариялыштың алғашқы беттері ашылған-ды.

Ол жогары буындары кадр мәселе сінегінде жаңа көзбен қаралған сдоуір өзгерістер жасады. Гайдар Әлиевті Әзіrbайжаннан алып келіп, Саяси Бюро мүшелігінде сайлады, КСРО Министрлер Кеңесі Төрагасының бірінші орынбасарлығына тагайындалды Соломенцов Саяси Бюро мүшелігінде отіп, КОКП Орталық Комитеті жаңындары партиялық бақылау комитетінің төрагалығына ауысты. Воротников РКФСР Министрлер Кеңесінің төрагасы болып тагайындалды және Саяси Бюро мүшелігінде кандидаттыққа, ал Лигачев пен Рыжков Орталық Комитеттің нің гылым болімінің меншерушілігінде бескітілді.

«Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін түяқ жоқ». Андроповтың когамдық қызметтің әділдік тезіне салсақ, оның жұмысын дагы «оттеген-айларды», атап айтқанда, кемшиліктер мен қателіктің дәрежесінде айналып отуге болмайды. Мәселе, уақыт деген қата төреші кімнің кім екенің анықтап берді. Айдай әлем құлағдағы болғанындей, 1956 жылғы Венгрия трагедиясына қатысы барлығына күмән қалмады, ол кездे Юрий Владимирович сол слоганда сліші тұғын. Онан кейін 1968 жылы Чехословакияга, 1979 жылы Ауганстан жерінде оскер кіргізу жөніндегі шешімнің қабылдауына қатысқан басты тұлғалардың бірі. «Күйрдақтың әкесін түйсө сойғанда көрсөрсің» дегендегі, ол сиң үлкен қателіктерді Мемлекеттік қауіпсіздік Комитетінің төрагасы бол, айдарына жеңел есіп тұрган шағында жіберді. Кісі тағдыры немікүрайдылықты көтермейді. Ол барынша қырагылықты, барынша серектікті, қажет десеніз қайырымдылық пен сезімталдықты қаже етеді. Әркімнің құдайлдан үміті бар. Үміт соулесін сөндірмсуг

ұмтылсақ иғі. Әкінішке орай, жалған ақпараттарға малданған Андропов біздің зиялы қауымызың көптеген адаптацияларын, мәдениетіміз бен өнеріміздің көрнекті қайраткерлерін орынсыз кудалап, сүргінгес салды.

Мәдениет пен өнердің жекелеген қайраткерлерін елден аластау және оларды азаматтық құқынан айыруды Саяси Бюро да оның одақтағас республикаларды қызмет істейтін мүшелерінің қатысуының шешіп отырды. Сондыктан талқыланған мәселелер бойынша өз пікірімізді айта алмай, шеттең қалатынбыз. Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті жүргізген ақылга да, адамгершілікке де сыймайтын өлті «шаралар» Қазақстан зиялдары арасында абыржу тұгызып, керек десеңіз үрейге бой алдырыған тұстарынан хабарсыз емесспін.

Бірде Қазақ КСР Гылым академиясының академигі Ш. Ибрагимовтың былай дегені бар. Ол еліміздің танымал физиктерімен тонның ішкі бауындай араласып тұратын.

— Академик Сахаровты Горькийге жер аудару — ақылга сыймайды. Бұл бір гана менің пікірім емес.

Артынша КСРО Министрлер Конгресінің сол кездегі торағасы Коғыгиннің қабылдауында болып, барған шаруамды бітірген соң:

— Алексей Николаевич, алды-артына қаратпай туган жерінен, елінен аласталып жатқандарға, «жүйкес ауруын емдейтін ауруханаларға» еріксіз жатқызылғандарға, Андроповтың ақпараттарына қалай қарайсыз? — деп сұрадым.

Сөзге сараң А. Н. Коғыгин:

— Өзіңіз қалай дейсіз? — деп қарсы сұрақ қойды.

— Сені түсіне алмадым.

— Онда осының бөрін Бас хатшыға барып айттыңыз.

Леонид Ильичпен болған өңгімеге мен көнілді күпті стксен жайды түгелдей жайып салдым. Брежнев үнсіз тыңдал, үзак уақыт бойы жүмған аузын ашпай, сазарды да отырды. Әрине, құдайдай сенген адамы туралы ойда жоқ жерде одан кем түспейтін сыйластығы бар кісі келіп, тобеден қойып қалғандай гып өңгіме, өңгіме болғанда кімге де болса жайлы тимейтін мәселелер төтесінен қойылса, не істегендей еді. Ол озін-озі келді білем, әдеттегі сабырлы қалпын сақтап, айналасына шола қарап алды да:

— Жә, сіздіңше не істей керек? Андропов қара аспанды төндіріп, несін айтасың, олар тұнық суды лайлас бітті дейді. Бұлдіріп жатыр. Бітеу жара сыздал жарылғалы түр. Халық толку үстінде, — деді.

Біздің әңгімеміз осымен тәмамдалды.

Ақпанның 9-ы күні сұық хабар естідік. Андропов дүниеден қайтыпты. Сол күні Саяси Бюро жиналды. Тағы да КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшылығына кімді сайлаймыз де-ген нән сұрақ кесе-көлденесң түрді. Өмір деген осы, бүгін бар, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп өмір-өзен ағысын тоқтатпайды. Тіршіліктің ертеңгі құнгі қамы қара жабылып отырып та шешіледі. Сондықтан өлімге қайғыра да білу керек, сергек те қараган жөн.

Саяси Бюро мүшесі, Министрлер Кеңесінің төрагасы Н. А. Тихонов сөз алып:

— КОКП Орталық Комитетінің Пленумына Константин Устинович Черненконың кандидатурасын ұсынуды жөн деп білемін. Және бұл ұсыныс сіздердің тараптарыныздан қолдау табады деген ойдамын, — деді.

Сені еріксіз қол көтеруге мәжбүр етстін кессімді сөз осылай айтылады. Тырп еткізбес, тұл байлас байлам бұл.

Қалай болғанда да Черненконы КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы етіп сайлауымыз бәріміздің ортақ қателігіміз еді. Ол ісіне мыгым, не тапсырсаң да тап-түйнектай гып орындастын, қандай құжат болмасын, оны инсінің козінен өткендей гып әрлеп, әдемілеп дайындаиды, қыз жиган жүктей гып қаттайды, қажет десең арналы жолга салып жіберіп, оның орындауын көз жазбай қадағалайды. Қысқасы, тақуа кісі. Бірақ, жер хабар қылмасын, топ бастауга да, топ ішінде сөз бастаугада жок, мынадай ұлы державаның көп ұлтты, алуан салалы алып слідің серке ағасы десуге лайық жарамды кісі емес еді. Соны іштей сезінетін, бірақ партиялық этикет деген кедергіден аттап отс алмай, Саяси Бюро мүшелері іштен тынып, ләм-лим деп тіс жармады. Бәрі қара жамылғандай бастарын жерден көтермеді. Кімнің ішінде қандай ит өліп жатқанын бір құдай білсін, әйтесу-ір Тихонов ұсынған кісінің болым-бітімі, мәдени және білім деңгейі, парасат-пайымы дүниесінде жүзі сүйсініп те, күйініп те қарайтын мемлекеттің бірінші адамы осындай болу керек деген

талаптан төмөн жатқанын бәрі білетін. Бәріміз біліп отырып, білмейтін кісідей үндемедік. Үндемей отырып, қол көтердік. Міне, ең ұлксен қателігіміз де осында. Ақтала алмайтын, акта-луға да болмайтын окініш бүл. Жазғырса жауап таппайтын олқы тұсымыз осы. Гөп Константин Устиновичте қана емес, бар мәселе — елдің тағдыры сеніп тапсырылған азаматтардың әділдіктен айналып откендігінде болып отыр.

Біреулер: «Черненко тізгінді бос үстады» деп жүр, одан гөрі: «Ол тізгінді үстаган жоқ» десу жонірек сескілді. Оның кезінде, шыны керек, елдің не ішкі, не сыртқы жағдайына қатысты бірде бір ірі мәселе қаралмады. Қым-қигаш саясат дейсіз бе, әлде қоржынның екі басы бірдей бола бермейтін халықаралық жайды айтасыз ба — мұның қай-қайсысында да ілгері басқан аяқ кері кете бастиган-ды. Оның бұған мойны жар бермегі деп қиянатқа барудан аулақпын, құдайдың басқа салғаны шыгар, асқынған аурудың азабымен арпатысып жүргенде, іләжсыздан мемлекет шаруасы жайына қалды.

Кімге де болса, қыр-сыры қашаннан жұмбақ боп кесе жатқан Орталық Комитеттің билігін Горбачев бірте-бірте қолына ала бастиды. Тегінде жан баласына онайлықпен сыр алдыра қоймайтын Андроповтың тұсында-ақ Михаил Сергеевич өзінің қара жаяу кісі емес екенін аңgartқан-ды. Ал, өз басымен қайғы боп жүрген Черненконың кезінде ол тіпті де айдарынан жеслесе бастиган-ды. Оны Кремльдің ішіндегілер гана емес, былайғы жүрт та анық байқай бастиган еді. Горбачев бірінші болуга асықпады, аptyқпады. Ақырын жүріп, анық басты. Әліятің артын күтіп, не істессе де, қалай істессе де салқынқандылықпен, сабырмен істеді. Ол скесуініңде көрі қойдың жасында жастары қалғанда кезіккен кеселден ұзаққа бармайтынын, мендеген дерптің алмай тынбайтынын билетін. Бәріміз де жұмыр басты пандеміз, ол біріншіліктен үмітсіз еді десек, ақылга сыймас та еді. Қалай болғанда да ішкі дайындықсыз емес-ті, ұлксен ойлардың жетегінде жүргені анық.

Өмір деген қызық. Тағдырың қыл үстіндес тұрып та сртсөнге үмітпен қарайсың. Қеудесін өрөн сүйретіп, жанына батқан аурудан қайтсем арыламын деп, уайым шегіп жүрсе де Черненко ең бік мансаптан бас тартпады. Сөүір айның 11-і күні откен КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында ол КСРО Жоғары

Кеңесі Президиумының төрағалығына, бір гажабы, тагы да бірауыздан сайланды. Бірақ тағдыр оның ыстық-сұғына төзіп, сүйінішін көруді жазбапты. Көп ұзамай дүниес салды...

XXXII

Тыңның құдірстін мойындау үшін бір үзім нанга зар боп, көрінгенге телміріп, алақан жаюдың керсегі жоқ шыгар. Тәнірім оның бетін аулақ қылсын. Жоқтық, тапшылық дегеннің өлі де ашы дәмін тата жүрсек те, аштық деген ауыр «індесттің» дертіңс бізден көп шалдыққан, соның бізден көп құрбаны болған халық кемде-кем. Кайталап айтайын, ашықкан жүрттың құп боп ісініп, баудай түсіп өліп жатқанын оз көзіммен көріп, аза бойым қаза түрган, түсіме кірген сүмдықтан жылдар бойы шошып оянып, зардабын шеккен адамның бірімін. Қарын тоқта, көніл орнында түрганда тіл шіркінде сүйск болмайды. Демократияның, жариялыштықтың жөні осы екендеп, жолсыздыққа бой алдырып алатын түс аз кездеспейді. Өткенде саралап, салмақтап айтса бір жөн. Қаралау басым. Сөйтіп, жүректі жарапап алып жүрміз. Түспалдаپ отырганым жоқ, турасын айтсан: тың котे-ру — сондай қасіретке жол бермсүдің, қайғыға ұшырамаудың кепілі. Қазак

«Алтын, күміс, тас екен,

Арпа, бидай ас екен» — деп бекер айтпаган. Соны үқпай, соның байыбына жетпей желіге сойлекендегес іштен тынасың да қоясың. Тарихқа терен үңілген кісі біледі. В. И. Ленин Ұлы Қазан жеңісінен кейін іле-іншалада тусырап жатқан ұшан-теңіз жерлер аз емес, сің өуслі соны игеру арқылы аштықтан арып-ашқан елді аман алып қалудың қамына кірісті. 1920 жылы желтоқсан айында Кеңестердің Бүкіл Ресейлік 8 съезінде Урал өзенінен бастап оңтүстікке қарай кең көсіліп жатқан құла дүзді көтеру мәселесін алға тартты. Сол жылдары тыңның алғашқы ақшаңқан шатырлары Есіл бойына, оның Арқа самалынан бурала билеген ақсесулі айдын жеріне тігілді. БК(б)П XV съезінің шешіміне сәйкес 1928 жылы қазіргі Қостанай жөне Солтүстік Қазақстан облыстарының үшқан құстың қанаты талғандай ұшы-қырысyz маңдаласында ірі-ірі 19 совхоз шаңырақ көтерді. Атақты «Федоров», «Қарабалық», «Қостанай», «Чистов» сияқ-

ты совхоздар тыңның алғашқы қарлыгаштары. Эйттес де, мұның бәрі үлкен «шабуыл» алдындағы байқау іспетті еді.

Қазақстандагы жөнс сліміздің басқа жерлеріндегі тың игеру ісі КОКП Орталық Комитетінің ақпани-наурыз пленумынан кейін қызу басталды. Шу деп тың көтерген екі жылдың ішінде 360 мыңдан астам механизатор, құрылышшылар, инженерлер, техниктер, ауыл шаруашылығының мамандары келді. Астықты аудандар деп саналған буынды жерлерге қуатты техникалар, ауадай қажетті жабдықтар, құрылыш материалдары шоғырланырылды. Фалым-агрономдар да қол кусырып, қарап отырган жоқ, іп жатқан жерге «ен салды». Түрленнің түсі қанша тағатсыздандыра құттірседе, қанжығаға байлар оңай олжа болмады. Тұңғыш тың игерушілерді балагынан кірген сұық жел қойын-қонышын аралап, дірдек қактырып қана қоймай, сақылдаган сары аязда бүрсендеп, бірде аш-бірде тоқ күндерді, барлықтан гөрі жоқ-жұтаң тірлікті бастан откеруге мәжбүр етті.

Қыындықсыз іс тынбайды. Оған срдің ері срлікпен төтсп береді. Ал, ерік-жігері жоқ, рухы томен, қарақан басының амандағын құйттеген баз біреулер келген ізімен кері қайтып та жатты. Бірін-бірі білмейтін, бауыр баса қоймаган көп арасында адам ойламаган тосын оқигалар да болмай қалған жоқ. Құріш арқасында құрмек су ішеді дегендей, бейнесткеш, адал сәбегін емғен азаматтардың абырайын арамдықпен пайдаланған жатып ішер жалқаулар, жылпостар да төбе көрсітіп қалатын. Жасырып-жабатыны жоқ, тыңға адалдық жібін аттаған алаяқтар, кісі қанын мойнына жүктеген ар-намыс дегенінен ада болған қылмыскерлер, кісінің коз жасын саудага салып, пайда та-буғабейімделген сүм, сүркиялар аз жиналған жоқ. Десек те, жамандықты жақсылық, қараулықты адалдық, жалғанды шындық женғен жемісті күндер басталды. Адамдардың достық, жолдастық сезімі, бауырластығы мен ынтымақтастығы үстем болды. Он екіде бір гүлі ашылмаган, өмірге құштар, онерге өүес, сәбеккес үмтүлған жаны таза жас жігіттер мен қыздар тыңның тірегіне айналды.

Мен 17-наурызда Ленин атындағы Сарайга тың жөнс тыңайған жерді игерудің 30 жылдық тойына жиналған жүрт алдында осындағы мөселелерді баяндамамның өзегін еткенім бар. Эрине, тың туралы, олі түгел айтылып біткен жоқ. Ол

таусылмайтын шежіре. Онда ұлы дүбірге үлес қосқан әрбір азаматтың қын да қызықты тағдыры, маржан боп төгілген мандай тері жатыр. Сондықтан сол бір құдіретті күшті мынадай деректермен жинақтап, сомдап берсем деймін.

Тың көтерілгелі бергі жылдар ішінде республика тогыз дүркін мемлекетке миллиард пүттән астам, бес рет 900 миллион пүттән жогары астық тапсырды. Отыз жылда артық-кемі жоқ 600 миллион тонна астық өндіріліп, оның 348 миллион тоннасы Отан қамбасына құйылды. Тың көтерілгенге дейінгі уақытпен салыстырганда орташа жылдық астық сату 9 есеге артты. Осынау ұлан-гайыр іс мал шаруашылығына да иғі өсерін тиғізбей қалған жоқ. Ірі қараның қандай түрі болмасын, осы кезеңде скі есс, ст жөнс сүт дайындау 5 есс, құс етін сату 50 есс өсті. «Мал өсірсөң — қой өсір» дегендесі, қой шаруашылығының ірі товарлы өндірісі жасалды, үйір-үйір жылқы, келе-келе түйс өсіру қолга алынды. Талпақ танау — шошқа да шет қалған жоқ.

Құрделі құрылыш кең қанат жайды. Алып заводтар мен фабрикалар бой көтерді. Қағажу қала беретін ауыл құрылышына айырықша мән берілді. Тың көтере бастан жылдар ішінде бөлінген қаражатқа шаққанда оған жеті есе көп қаржы жұмсалды. Республикада 1940 жылы 194 совхоз болса, 1984 жылы оның саны екі мыңдан асып түсті.

Тың игеру шаш стектен шығын өкелді деп сырттан тон пішушілер бар. Ашып айтайын, бұл жаңсақ пікір. Рас, оған қыруар қаржы жұмсалды. Ал, оның есессіне бұл шығын өлдекешан жөне артығымен отелді. Тың игерудің отыз жылдығы қарсанында сліміз бір миллиардан астам таза пайда тапты.

Жер — ана! Орынды айтылған теңсу. Оған алаган қол емес, аялы алақан керек. Баптай білсөң одан жомарт, одан мырза не бар! Сондықтан жердің азып-тозуына жол бермседің барлық шаралары жүзеге асырылды.

Ел қадірлесе — еңбесгін сауган ерлерді құрметтесін. Біз мақтан стіп қана қоймай, озат тәжірибесін онеге тұтқан коммунистер ауылдық жерлерде де аз емес. Олар — К. Мендәлиев, А. Ермоленко, С. Галащук, Х. Нұргалиев, В. Курлов, П. Филиппенко, Г. Барков. Н. Пономарев, Г. Карпюк, В. Довгаль, Б. Климов, Е. Шайкин, К. Тұргымбаев, С. Золотарев, И. Горбенко, Д. Брусник, Б. Жангалов жөнс басқалар. Қазақстан тыңы

өндірістің талай талантты жетекшілерін, істің козін білестін үйымдастырушыларды, сібіс тарландарын тәрбиелеп шығарды. Ашқан жаңалықтары омірден оз орнын тапқан қаншамағалым халық ықыласына болсанді. Әрине, уақытқа мәңгі ілесіп оту мүмкін емес. Олардың көбісі қазір жоқ, бірақ республиканың ерлік шежіресінде есімдері қалды. Бұдан асқан абырой болмақ емес. Мәсслен, А. Довжик, Ж. Демесев, А. Ысқақов, М. Николенко, В. Маркович, В. Шубин, З. Тамшыбаева, С. Ергалиев, К. Тоқасев, В. Чамчиян, Н. Құрапов, И. Жангоразов, Д. Бурбах, Н. Әшімбаев, Кан Де Хан, И. Миллер, Б. Нұртазин, Н. Әлімписев, К. Әбдігұлов, А. Наҳманович, Н. Голик, А. Ример, К. Дөненбаева, Б. Кітапбаев сынды азаматтар тұңғыш тың игеріп, ауыл экономикасының орғасасына ондаган жылдар бойы үлес қосқан, өмірден көргені де, кокейге түйгендері де мол ардагерлер.

Қазақ: «Көп түкірсе — көл» дейді. «Жұмыла котерген — жүк женіл» деген және бір нақыл бар. Тың сөз болған жерде, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін осы екі мақалға сыйғызып едім. Бұған Асан қайғы айтқан мына сөзді: «Бақыт қайда бара-сың? Ынтымагы жарасқан слғе барам» дегенді қос. Жаңғырта түссем, тыңды түлету, ауыл экономикасын котеру сол бірліктің жемісі. Халық шаруашылығының басқа саласындағыдай, тың төсінде тілі де, діні де болек ондаган үлттың оқілі бір жағадан бас, бір женін қол шыгарға жүріп сібіс етті. Үлт пен үлт, ұлыс пен ұлыс боп болінуден алауыз, алакөз болған облыс, аудан түгілі шағын ауылды көргенім жоқ. Кайта жаны мен жаны үгүйсін, жүрек қалауын тапқан жастар семья құрып, шаңырақ көтеріп жатты. Өйткені, олардың мақсаты бір, міндеттері ортақ еді. Колхоздар мен совхоздарды, шагын фермалар мен болімшелерді басқарған азаматтар да, олар басқарған шаруашылықтардагы адамдар да алуан үлттан тұратын. Жұмыс нәтижелері де жаман болған емес.

Талдықорған облысының Панфилов ауданындағы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозын бір емес, бірнеше ондаган жылдар бойы скі мәрте Социалистік Еңбек Ері Н. Н. Головацкий басқарып келеді. Оның үлтты — поляк. Сан қырлы шаруашылықтың адам таңгалгандай тірліктерін айтып тауысу қын. Сырт естіген кісіге тек ертегілерде гана кездессетін гажайыптар-

дай көрінүі мүмкін. Сондықтан оны көзбен кору керек. Өзіміз армандастын жұмақ десек, бұл да оны көз алдыңызға толық елестетпес еді. Мінс, адамдардың қолынан, татулық деген қызыры қонган жерде осындай кереметтер жасалады. Колхозда қазақтардан басқа орыс та бар, үйгыр да бар. Білек сыйбанып, мандай терін төккен сібеккөрлер арасынан україндарды, татарларды, немістерді, дүнгандарды, өзіrbайжандарды, корсайлерді көптеп көресіз. Табыс та соларда, байлық та соларда. Жер асты және жер үсті су көздерін тиімді пайдаланудың арқасында, жоғары агротехникалық және жолға қойылған зооветеринарлық қызметтің негізінде бау-бақша, мал өнімдерін өндіруде көлкөсір пайда тауып отыр.

Осы колхоздан түп-тура он скі шақырым жерде С. М. Киров атындағы колхоз мекен тепкен. Колхоздың төрагасы — есімі республикаға танымал Ибрағимжан Қожахметов. Табигаты таза, көшіл, үлкенмен дс, кішімен де тіл табыса біледі. Көпүлтты колхозшылардың оған деген ықыласы бөлек. Мінс, осындай үйымшыл үлкен ауыл жүгері өндіруден, мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудан биік межелерге құлаш сермен келеді.

Павлодар облысындағы «Казақстанның 30 жылдығы» колхозы сібеккөрлерінің иғлікті істері жайында айтпай кетуге болмайды. Шаруашылыққа білікті мамандар, ісмер жандар гана жиналмаган. Соларды арналы істерге дұрыс бағыттаپ, үйыстыра білестін басшы да қажет еді. Неміс жігіті Я. Геринг, мінс, сондай жігіт боп шыққан еді. Ол слді көтерді, сл оны көтерді. Ол Социалистік Еңбек Ері атагын алды. Не істесс де жеті өлшеп барып, бір-ақ рет кесуге, озім шешем деп, өктемдік көрсетпей, қогамдасып, ақылга салып батыл қадамдар жасайтын жақсы қасиетін жүрт өлі де айтып отырады. Ол шаруашылық ісін гылыми негіздей білді. Республикаға белгілі галымдармен қоян қолтық арапасты. Әсірессе, гылым докторы С. Мұхамеджановтың кеңсімен жер асты суларын орнымен пайдаланып, колхозды аса ірі шаруашылыққа айналдырган-ды.

Мұндай сүбелі табыстарға қол жеткізген көп үлтты үжымдардың бірі — колхоз құрылышының ардагері И. П. Цой басқарған құс өсіретін Көкшетау өндірістік бірлестігі. Бұлар астық шығымдылығын жақсартып, одан түсетін өнімнің жоға-

ры болуы жөнінен, құс етін мол өндіруден үлгі көрсетті. Ал, Кекше жерінде курорттар аз емсіс өздерінізге аян. Соган бал татыған қымызды қалай дайындастынын әңгіме студің өзі бір ғанибет.

Қостанайдың шалғай түкпірінде жатқан «Буревестник» совхозын ұзак жылдар бойы Козлов басқарды. Облыс орталығына дейін 286 шақырымға сымдай тартылып жатқан асфальт жол, ауыл шаруашылығын машиналарын жөндейтін механика-ландырылган шеберхана, электр станциясын, астық қабылдау пунктін салдырыды. Қалага бергісіз селода тұрмыс қажетін отейтін комбинат, орта мектеп, кітапхана, Мәдениет үйі, балалар бақшасы — адамдардың өмір сүруіне бар жағдай жасалған. Тұрмысы түзелген кісінің көнілі жай. Еңбекке деген құлшынысының жөні бөлек болады. Отан қамбасына 5 миллион пүт астық құйып, бір жылдары құллі республиканы қайран қалдырганы бар. Достық деген биік шаңырақтың өскен-онген үрпактары онан кейін де абыройын аласартып көрген емес. Мал шаруашылығындағы табысын облыс түгел мақтан тұтады. Совхоз қазір сол бір тамаша азamat есімімен аталады.

Жоғарыда аты аталған ауыл-сслолардың бөрін өз аягыммен аралап, өз көзіммін көрген жерлер. Сол шаруашылықты басқарған ауыл агаларын гана емес, оның көптеген сібек озаттарымен талай жүздесіп, бүкпесіз әңгімс-дүксін құрган күндер өткен. Және бұл есімдердің қатарын жүздеген кісілердің аты-жөнімен толықтырар едім. Оған көнілім жеткенмен кітап көлемі көтере бермейді гой. Сондықтан олар біз назардан тыс қалып, қойыпныз деп, ренжімесс скен. Көптен үлкен емспін, мың қайтара кешірім өтінемін.

Сонда да болса, торт еңбек ардагеріне айрықша тоқтала кеткенді макұл көріп отырмын. Олар — Нұрмолда Алдабергенов, Ыбырай Жақасев, Жазылбек Куанышбаев, Смагұл Шабдарбаев. Шынымды айтайын, бұл торт кісіні халқымыздың төрт бойтерегіндей көремін, ол кісілердің слінің шетіне аяқ іліктірсем, соқпай өтпейтімін, сөлем бермей кетпейтімін. Қай-қайсысымен әңгімелессу — жан семіртіп, рухынды біктететүсітін. Бір-біріне үқсамайтын тұлғалар, бірақ бірін-бірі толықтырып тұратын, қазақ деген халықтың ақсақалдары қандай болды

дегендес, осы тортсүін атар едім. Қарапайым, бірақ кіслігі жогары, мінезге бай еді. «Көп жасағаннан сұрама, копті көргенінсін сұра» деген нақылды мойынсұнақ, өмірден түйген тәжірибесі мол, аңғарымпаздығы, адалдығы мен әділдігі туа біткен осы кіслергс арқа сүйсуге болатын еді. Даналықты сырттан емес, іштен іздей бермейтін, жаттың таңсығына тамсанып, өзіміздің асылымыздан айырылып қалатын әдеттен арыла алмай жүргесініз жасырын емес. Сол асылдың сынығы да, сибек деген ұлы мектептің төрт арысы да осылар.

Нұрмолда жастайынан өмірдің бар тауқыметін көрген адам. Ес біліп, етек жапқаннан жалшылықпен күні откен. Кісі есігінде жүріп, оқи алмаган. Бірақ жаратылсы болек ол екі қолына жалынып оседі. 1927—30 жылдары Түркістан — Сібір тәсір жолының құрылышына қатысады, сосын «Жана талап» деген колхозга кіреді. Сонда әуслі бригадир, артынша — бір жылдан соң торагалығына сайланады.

Ол кісі от кешкен адам. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысады. Әңгіме арасында: «Колхоз бастықтарына брон бар емес пе еді?» десен, жарықтық: «ой, тәйірі, барға телміртіп, жоқпен бірге жылатқан кенес окіметінے жан пида демей, елден нем артық еді» деп отыратын. Соғыстан оралған бетте бұрын өзі басқарған шаруашылықты қолға алды. Еңістен салса, төске озған тұлпар еді гой. Бұрынғы Сталин атындагы колхозды, кейін «ХХ партсьезд» деп аталған колхозды да дүркіретіп, торткүл әлемге түгел танытты. Артта қалған Карл Маркс атындагы колхоздың тізгінің үстаган түста да өзінің іскер басшы екенін долелде берген еді. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері жайында Сабит Мұқановтың «Алдабергенов туралы аңыз» деген өлеңмен жазылған әңгімессін оқыған адам көп сырға қаныгады. Ал колхоз құрылышының гажайып тіршілігі жайында оның өзі де «Сталин атындагы колхоз» (1958 ж.) деген кітап жазған кісі.

...Нұрекенің ауылышына барған сайын ағасы бардың жагасы бар деген сөздің қадір-қасиетіне жетіп қайтушы едім. Қызмет бабымен емес, агалы-інідей сырласып, қоңылдегіні ортага салар едік. Өкінішке орай, тәтті тірлік, тату өмірді ажал айырып, арманда қалдыратын әдсті. Нұрекен туган жерінің алтын қақпасы — Талдықорған облысының Мұқыр ауылышына кірер жолдагы

биік алаңға жерленді. Қазір де осы жолмен арлы-берлі өтүімс тұра келеді. Баарда да, қайтарда да осынау аяулы жанга тәзым стіп, онымен өткізген тамаша күндерімді еске түсіремін.

Ыбырай екі өмірді көрген — Қазан революциясына дейінгі жоқ-жітікті де, одан кейінгі қындығы мен қызығы араласып, алмасып келген дәуірді де бастан откерген ардагер. Жақсы көріп, жақын тұтқан азаматым. Әлденеше рет отының басында болып, дастарханынан дәм таттым, озімен онаша сұхбат құрдым. 1964 жылы «Жас үрпаққа сөлем хат» жолдағаннан кейін оның жолын қуып, иті бастамасын ілгері апарған жақаевшылармен кездесіп, Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы республикалық Жақаев мектебінің жұмысымен танысқаным бар.

Задында, Қадыр ақын:

«Бір үзім нан — қолда кестпен ойнатқан,

Бір үзім нан — шымга соқа бойлатқан, — деп жырлагандай, Ыбырай ақсақал жер мен нан қадірін адам мен ар қасиетін жанымен үққан, бастан кешкенінс бақылмын деп бас имеген, қайта өмірдің нәрін, тіршіліктің тынысын еңбектен, тек адап еңбектен іздеген адам. «Қызыл Ту» колхозының ол басқарған звеносы 20 гектар егістің әр гектарынан (бір жыл смес, жиырма бес жыл бойы!) 80—90 центнер, ал 5 гектарлық тәжірибе участекісінің әр гектарынан 171 центнерден күріш алып, бүкіл слді таң қалдырган-ды. Бұл жерін, слін сүйгендірдің гана қолынан келстін іс! Елі де оның сибесін жогары бағалады, екі мәртес Социалистік Еңбек Ері атагы берілді.

Екінші тың саналған қой шаруашылығы — ата кәсібіміз деп ардақ тұтсақ та, оның әлі де шешілмеген моселесі көп. Алты ай жаз анызак жәл, аптап ыстық отінде жүрсе де Абай атамыз айтатын: «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды... көрі құдан қыс келіп, әлек салса да» жапан тұздес жалғыз үй отырса да төзімді жолдасткен шопандардың жоні болек. Жазекен бірде:

— Үкімет бізден төл сұрайды — береміз, ет сұрайды — алады, жүн сұрайды — жоқ демейміз, қаракол елтірісін сұрайды — макұл дейміз. Ертеректе сүт, май, бринзе, сұраушы еді, әл-әзір оны қойып түр, оған да шүкір. Сонда сен маган мынаны түсіндірші, осы үкіметтің бізді жарылқайтын құні бола ма? Алаган қолым береген демеуші ме еді? — деді.

Бұған уәж айту қын еді. Бірақ жанға батып жүрген, ойды

он саққа алып қашып жүрген, толғагы жеткен мәселе тұғын. Сол тұста қарттарды алмастырар, олардың ақ таяғын аманатқа алар кім бар бізде деген сауал да кесе-көлденең тұрган. Шұбартаулықтардың бастамасы кең қанат жаюына, қой шаруашылығын өндірістік негізге көшіруге осындай ойлар түрткі болғанды. Игі істерді іліп әкетушілер табылғанымен осы құндер қолдау көрсетіп, жағдай жасаушылар азайып кеткен жоқ па?!

Жазакең мыңғыртып мал өсірген шопан гана смес, өз саласының ой-шүқырын көре білетін, слінің, жұртының жоқжітігін бүтінде, бар-жогын түгендей жүретін кісі еді. Ауылда туып-өскемен, бесс-алты жылдай кірпіш заводында жұмыс істеп, көп ішінде ысылған жағдайы бар. Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында (бұрынғы Коктерек ауданы) оуслі Көктеректе, кейін Айдарлы совхозында ага шопан болып істеді. 1947 жылы ор жұз саулықтан орта есеппен 130 қозы, 86 процент бірінші сорт қаракөл елтірісін алғаны үшін омырауына Алтын Жүлдyz тақса, 1958 жылы екінші рет Социалистік Еңбек Ері атанды. 1967 жылы дербес зейнеткерлікке шықса да, ата көсіптен штеп кетпей, Жазылбек мектебінің өмірімен бітс қайнасып, қатардан қалмай жүрді. Талай тарлан сібеккесерді тәрбиследі.

Мен ол кісімен жій жүздесіп жүрдім. Койшыбайы мен Тойшыбайының шілдеханасына да, тұсау кессеріне де шақырды. Жазакең: «Димашжан, енді сұндег тойына келіп, кейін окуга түсуіне ақ батанды берсең, қартайғанда көрген күл шашар егізім ессеңгенде аузынан тастамай айта жүрер, мен де бұ жалғаннан армансызыбын деп кетермін, — дегені бар. Сойткен, қайран Жазекемнің скі ұлын сртіп Алматыға арнайы келіпті. Тілегі орындалды. Тіпті олардың жайлы пәтер алуына да жәрдемім тиді.

Елі үшін жарты гасырдан астам бел шешпей, мандай терін төккен қарапайым, бірақ қадірлі қарттан бір нәрсс аяп қалуга кімнің дәті жеткендей. Жақсымызды қадір тұтпай жаманнан арыла алмаймыз.

Мен социалистік шаруашылықты үйымдастырушылардың, халықты ұжымдық сібеккес жұмылдырушылардың бірі Смагұл Шабдарбаевтың есімін құрметпен еске алып отырамын. Ол көнснің козі, бірақ көкірек козі ояу кісі еді. Ертеңгे срекше

ұмітпен қарайтын. Дәулетті де сөүлестті түрмис үшін күресс білді, елді соган үндей алатын. Көптің тілін гана емес, мұқта жын түсінетін. Алматы облысының Молотов атындағы, кейін «Жетісу» колхозын қалыптастырып қана қоймай, іргелі шару ашылықта айналдырыды. Ол колхоз құрылышының ардагері гана емес, үлкен инженерлік құрылыштың үйымдастырушысы. Алматы облысының түстік аудандары мен ауылдарын электр қуатымен қамтамасыз студе зор сөбек сінірді. «Өкінештік оқ жонар» дегендегі, оның ұлы Аманкелді Шабдарбаев алтын, слгезек, іскер жігіт бол өсті.

XXXIII

...Қазан айының орта түсіна қарай КСРО Жогарғы Кеңесі Одақ кеңесінің төрагасы Л. Н. Толкунов телефон согып:

— Жапонияга сліміздің парламенттік делегациясының барып қайтатын жоні келіп тұр. Оны сіздің бастап барғаныңызды қалап отырмыз. Соган ықылас берсеңіз. 21-қазаннан кешікпей Мәскеуде болсаңыз, — деді. Мен келісімімді беріп, Зуһра Шоріпқызы екеуміз айтқан уақытында астанада болдық.

Делегация құрамына — Латвия КСРО Жогары Кеңесі Президиумының төрагасы П. Страутманс, КОКП Орталық Комитеті Бас хатшысының көмекшісі А. Александрбов, Молдавияның атақты опера әншісі М. Биешу, Бүкілодақтық машина жасау ғылыми зерттеу институтының ғылым жөнсі техника жөніндегі комиссиясының төрагасы И. Глебов, СОКП Орталық Комитетінің жаупты қызметкері В. Загладин, Сахалин облысынан комплексті докерлер бригадасының бригадирі П. Костюченко, КСРО Жогарғы Кеңесінің транспорт жөні байланыс жөніндегі комиссиясының мүшсісі В. Пастернак енді. Өзі туган інімдей болған жөнсі қолы шипалы дәрігер Ахат Әминұлы Мулюков пен менің көмекшілерім бізben бірге болды.

Әлемге «Таң шапагы слі» деген атпен мәшіүр болған Жапонияны бір көріп қайту кімгे де қол жетпес арман. Тынық мұхиттың батыс болігіндегі торт мыңға жуық аралды алып жатқан ел гой. Нәйті жарты гасыргатолар-толмас уақыт ішінде озінің экономикасымен дүниені аузына қаратып отырса, қалай қайран қалмассыз. Бұл слмен бір иықтасса Америка Құрама Штаттары иықтасар. Ішкі тұтыну колемі жағынан жан басына шаққанда АҚШ-тан кош ілгері кетті. Әлемдік ондірістің 12 процентке жуығы Жапонияның үлесіне тише, мұның өзі

оның қандай деңгейге көтерілгенінің қуәсі. Кеме, автомобиль, трактор, метал өндегу жабдықтарын, тұрмыстық электротехникаларды, роботтар шыгару жөнінен дүниес жүзінде бірінші орын алады. Балық аулаудан да алдына түсер ел жоқ.

Жапониядан көріп қайтарымыз да, үйренип қайтарымыз да аз емес еді. Қазанның 24-і күні таңертең Хабаровскіге келіп тоқтадық. Өлкеслік партия комитетінің хатшысы. А. Черный қарсы алғып, Амур өзенінің оң жағалауына орналасқан қаланың көрікті жерлерін аралатып, ірі өндіріс орындарымен таныстыруды. Ертеңіне сағат 11-де Жапонияның халықаралық аэропорты Ханэдаға келіп түстік. Жоғары заң шығарушы органды — екі палаталы парламент, соның процедуралық комиссияларының төрагалары — өкілдер палатасынан Итиро Одзава, Кенесшілер палатасынан Канамэ Эндо, жапон-кенес достығының парламенттік ассоциациясының төрагасы Иосио Сакараути, Жапония Сыртқы істер министрлігінің өкілдері. КСРО-ның сондағы слішісі А. Я. Павлов күтіп алды. Келесі күні түстен кейін Жапония парламентінің Кенесшілер палатасының төрагасы Мицуо Кимура, үшінші күні сыртқы істер министрі С. Абә қабылдаған түста біздің әңгімеміздің озекті тақырыбы — қенес-жапон қарым-қатынасын нығайту туралы бол отырды. С. Абә өйелі екеуі біздің құрметтімізге жайған дастархан басында сөз алмасып, тілек білдірістік. Премьер-министр Ясухиро Накасонэмен арадагы әңгіме де өзара түсіністік жағдайда етті. Ол өз сөзінің түйінді түсында КСРО-га территориялық даудың шетін шыгарды. Біз оған екі сліді жауастыруға емес, достастыруға келгені мізді, «солтүстік территория» туралы әңгімeden ғөрі, ендігі жерде алыс-берісті, қарым-қатынасты құшайтс түсуге үмтүлышп отырганымызды айттық. Соның белгісі ретінде Накасонеге қазақтың шапанын жаптый. Ол бізден ондай сый күтпесс кепек. Менің: «Қазақ халқы шапанды сұ сыйлы, қадір тұтқан адамының иығына іледі» деген созімे ризаболып, шапан қатты ұнаса керек, екі күннен кейін мен одан алғыс хат, сыйға фотоаппарат алдым.

Жапонияда алты бірдей саяси партия бар. Соның ішінде жұмысшы табының кейбір топтарынан, шаруалар мен интеллигентциядан құралаган, 1945 жылы ірге қалаган Социалистік партияның ықпалы едөуір. Ол парламенттегі депутаттарының

саны жағынан алдыңғы орындарда, оның бағдарламасы Жапонияны бейтарап ел ету, дүние жүзінде байбітшілікті нығайту сияқты демократиялық талаптармен негізделген. Коммунистік партиямен елдегі демократиялық қозғалысты басқарады. КСРО мен Жапония арасындағы ынтымақтастық үшін күресіп жүрген партия және сол бағытта жұмысты қүшсіту міндепті тұрған-ды. А. М. Александров, В. В. Загладин үшесуміздің Жапония социалистік партиясы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Масацуги Исибаси бастаған жетекшілерімен өңгімеміз осы орайда өрбіді.

11 миллион 700 мың адам тұратын Токиодан соң, Жапонияның ежелгі астанасы — Киотода, сонымен бірге Осака, Нагоя қалаларын тамашаладық. Дзамэ қаласында болған кезімізде осы күндері дүние жүзіне «Ниссан» фирмасы шыгарған жәніл машинасы тарамаган жер кемде кем және Жапонияның негізі автомобиль құрастыратын бес ірі заводтарының бірін өз кезімізбен көріп, сүйсініп қайттық. 30-қазанда Токиога қайта оралып, КСРО Жоғары Кеңесінің делегациясы құрметіне біздің елшілік қонақасы берді, оған екі палатаның да төрагалары — К. Фукунага мен М. Кимура, сыртқы істер министрі С. Абэ, сондай-ақ парламент депутаттары, іскер және мәдени органдарынан беделді кісілері қатысты.

Жеті күндік сапар туралы жерғілікті газеттер жарыса жазды. «Киодо Цусин» телеграф агенттігі менен интервью алып, осы ресми сапар туралы, екі сл арасындағы қарым-қатынасты өрістету мәсслелері төңірегінде пікірімді білді. Мәскеуге қайтып оралысымен КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросына, оның Бас хатшысы К. Черненкоға түгел баяндап бердім. Сапар кезіндегі жемісті жұмысымыз толық мақұлданды.

Осылай соңғы рет шет елдік сапардан оралдым. Жапония — мен үшін он жетінші ел еді. Кайталап, айтайын, қай елде болмайын, соның бәрінде де Қазақстан туралы, халқымның мінезі, табигаты, асыл қасиеттері мен адамгершілік рухы туралы, салт-санасы, әдст-тәртібі туралы, өскеслен мәденисті мен ғылымы жайлы айтудан жалықпаушы едім. Менімен кездескен саяси қайраткерлер, жазушылар, галымдар, әртүрлі мамандық ишелері, өсіреле мұсылман елдеріндес Қазақстан туралы білуге құштар еді. Мұхтар Әүезовтің, Габит Мұсреповтың, Сабит

Мұқановтың, Габиден Мұстафиннің, Әбдіжәміл Нұрпейісовтың, Олжас Сүлейменовтың шығармалары арқылы біздің халқымыз бер жеріміз туралы бұрыннан хабардар жүртшылықта Қазақстан жайлар айтабастасам, айырықша ықыласпен ден қоятындайтын.

Бұған мен төбем көкке жеткендей қуанатынын.

XXXIV

1985 жылы наурыз айында К. У. Черненко дүниеден қайтты.

Бас хатшы сайлаудың рәсімі айна қатесіз қайталанды. Біз үнжыргамыз түсіп, Саяси Бюро залына өттетін қабылдау бөлмесіне жиналдық. Үн жоқ, түн жоқ. Бас изесіп қана ишара жасаймыз. Бір-бірімізben амандасқанымыз да сол, «қабыргамыз қайысып» көніл айтқанымыз да сол. Төрт көзіміз түгел жиналдық-ау деғенде, үйреншікті орнымызға барып жайгастық. А. А. Громуко ыргалып барып, орнынан тұрды. Әдеттеңінше тамағын кенеп алды. Маңғаз қалпы. Бәрімізге бір-бір көз тоқтатып алыш, КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшылығына М. С. Горбачевті ұсынды.

Бұл жолы мәжіліс залынан үнсіз қалған тірі пендені көрмегім. Бәрі бірауыздан мақұлдан сөйлемді. Мен де қалысқан жоқпын, Горбачевтің кандидатурасын қолдадым. Сол жерде шешім қабылданды. Саяси Бюроның атынан Андрей Андреевич КОКП Орталық Комитетінің Пленумына ұсыныс жасайтын болды. Наурыздың 11-і күні Орталық Комитеттің пленумында М. С. Горбачев бірауыздан Бас хатшы болп сайланды. Жапырыла кеп құттықтадық. Жайнақ қагып аса бір кішіпейілдікпен қабыл алды. Содан сәүір айында КОКП Орталық Комитетінің кезекті пленумына жиналдық. Горбачевтің өз аузынан біздің қоғамдық өміріміздің бар саласы бойынша сліміздің экономикалық және әлеуметтік дамын жеделдегудің сапалық жаңа міндеттері туралы бағыт-бағдар болғандай сөзін естідік. Ол — қайта құру деп аталды. Сәйтіп, қайткен күнде де біздің өмірімізді сол бір ұмытылmas сәүір күндерінен бастайтын болдық. Сол Пленумда скі адам срекиңе қуанышқа кенелді. Е. К. Лигачев пен Н. И. Рыжков Саяси Бюро мүшслігіне сайланды.

Бір сілкінсек, шындаң сілкінетін кез келген-ді. Желпінешелпіне жеткен жерімізді шамалаганбыз. Қайта құру — барды жоққа шығару емес, жоқты жасау, жаңару. Жоқты жасау үшін

де, жаңару үшін де бұрынғыдан да жақсы жұмыс істей керек. Мамырда іле-шала Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумын өткізіп, елді осыған үндедік және Қазақстан коммунистерінің кезекті XVI съезін шақыруға пәтуа жасадық. Республикада аудандық, қалалық, облыстық партия үйімдарының есеп беру сайлау конференциялары жаппай өте бастады. Мен Лениногорга келдім. Съезд алдындағы еңбекшілердің көңіл күйін, жұмысқа деген ынта-ықыласына барлаужасадым. Әрине, сәуір самалының әсері болмай қалған жоқ еді. Ел еңсесі көтеріңкі тұғын. Қалалық конференцияда сөз сойладім, өзекті мосселелер төңірегінде ой қозғап, алда тұрган міндеттерге назар аударттым.

Өздеріңзеге белгілі, Қазақстан Компартиясының XVI съезі мен үшін ең соңғы съезд болды. Орталық Комитеттің есепті баяндамасын жасагалы мінбеге көтеріліп бара жатқан тұста съезд делегаттары республиканың 800 мың коммунистерінің атынан Қазақстанның табыстарын зорabyroймен және асқан мақтаныш сезіммен қабыл алатынына күмәнім болған жоқ. Сонымен бірге олар өздерінің қайта құру ісін барлық жерде бірдей батыл әрі мақсаткерлікпен жүзеге асыруға дайын екендіктерін білдіретініне сенімді едім. Мен бұған дейін жіберген, біздің қателіктерімізбен, олқылықтарымызбен және шалагай-лықтарымызбен қазақстандықтардың ымырасыз құрессетінің көміл пейіл едім. Мінбеге көтеріліп бара жатқан тұста коммунистердің белгілі бір бөлігі баяндамаға біржакты қарамайтынын білдім. Мінбеге көтеріліп бара жатып барынша қанат жайған, экономикалық жағынан қуатты, сөн-салтанаты келіскең, мәденисті өсken, дәстүрі қалыптасқан ұлан-байтақ республиканы ойыма елестеттім және де Қазақстанның миллиондаган адал ниетті еңбеккерлсрі осынауигі өзгерістерге айқын көз жеткізіп отырганын, менің қазіргі толқу үстінде тұрган шын көңіліме ортақ болады деген үміт үстінде едім. Мен мінбеге көтеріліп тұрып та ой жетегінде болдым: біздер, еңбек және партия ардагерлері талай-талай қуаныш пен қыындыкты бастан кештік, бірақ жастар — сендерге қуатты да гүлденген республиканы қалдырып барамыз; оны көздерінің қарашығындай сақтазыздар, сендердің құрыш білек, сом жүректерінің құдіретімен

бұрынғыдан да жайнай түссін, құлпырып, қуатты бола түссін...

Есепті баяндаманы түгелдей мазмұндан шығу міндетті болмас, бірақ кейбір мәселелер жөніндегі деректерді келтіре кетсем, соның өзі-ақ республика еңбекшілерінің бесс жылғы жұмысынан хабардар етеді деп білемін. Экономикалық және әлеуметтік дамуымыздың жарқын көрінісі — он бірінші бесжылдықта 400-ден астам кәсіпорындар мен өндіріс ошақтары салынды. Еліміз үшін Павлодар — Екібастұз, Қаратай — Жамбыл, Маңқыстау территориялық-өндірістік кешендердің ролі мен маңызы бұрынғыданда арта түсті. Бесжылдық сөргес жетер түста еңбек өнімділігі ерекше қарқынмен артты. Ғылыми-техникалық прогресс мәселесі бойынша сактық қорын үнемдеу проблемасына баса қоңыл болінді. Сактық қорының технологиясын қолданудың, қалдықтарды зая жібермеудің арқасында өнімнің жалпы көлемінің 13 процентті өндірілді. Мәселен бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бесжылдықтарды қоса есептегендеге қанша өнім шыгарылса, он бірінші бесжылдықта шамамен соншама өнім шыгарылды. Ресpubлика экономикасын өркендетуге 50 миллиард сомдай күрделі қаржы жұмсалыпты, бұл оныншы бесжылдыққа қарағанда 15 процент көп. Негізгі қор үштен бір есе кобейді. Бір бесжылдықта республика экономикасы мен мәдениетінің материалдық-техникалық базасының тап осылай өсіу бұрын-сонды болған емес. 32 миллион шаршы метр түрғын үй салынды, ягни бұл Қазақстан халқының бестен бірі қоныс тойын жасады деген сөз.

Рас, үлкен істерде үлкен қателіктер болмай түрмайды. Оны мойындау арқылы гана ісің ілгері жылжиды. Шық жуытпау — шын жанашырық емес, жұмыс іstemеген адамда гана мін болмайды, ол сынды да көтере алмайды. Сондықтан «әттеген-айларымыз» аяққа оралғы болмай қалған жоқ. Халық шаруашылығының бірқатар саласы негізгі қорды нашар игерді. Жекелеген кәсіпорындарда техникалық-экономикалық көрсеткіштер мен шыгарған өнімдерінің сапасы томен еді. Ресpubлика бірсыныра ауыл шаруашылығы өнімдерін, өсірсеке, астық өндіру және дайындау жөніндегі тапсырмаларды қамтамасыз ете алмады. Бұган ауа райының қолайсыздығы гана емес, сонымен бірге экономикамыздың аграрлық секторындағы біздің шалағайлықтарымыз да себеп бол жатты. Соган қарамастан он

бірінші бесжылдықта 63 миллион тонна астық тапсырылды, дайындалған дәннің 83 проценті қатты өрі күшті, бағалы сортарынан тұратын еді.

Екінші мәселе бойынша баяндама жасаган Қазақ КСР Министрлер Қенесінің төрагасы Н. Назарбаев республика Гылым академиясын жөнс оның басшылығын, сондай-ақ қала үшін зор мәні бар Алматыдагы бірқатар құрылыш объектілерін жөнсіз сынады. Ол тарихи музейді жөнс басқа да олеуметтік-тұрмыс объектілері қала үшін қажеті жоқ, мол қаржы босқа шашылды дегенді айтты. Осыған орай мен мына бір жайды атап айттар едім. Кетпеннің басын баспа, бассаң сабы өзіңе тиседі дегендей, оның тарапынан айтылған сын-ескертпелердің көбісі Назарбаевтың тікелей өз қызметіне багыштауга болар еді. Өйткені, ол 1978 жылдан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі, бес жыл бойына Орталық Комитеттің онеркөсіп жөніндегі хатшысы, ал кейінгісі жыл — Қазақ КСР Министрлер Қенесінің төрагасы болды. Әрине, егер білмесстікпен, қызыбалықпен сынаса, онда бір басқа, ал Назарбаев үкімет басшысы гой? Өзінен өзі: Министрлер Қенесі қайда қарап отырган деген орынды сұрақ тумай ма? Ол неге бұл мәселені бұрын көтермеген? Мұндай көзқарасты түсінс қою қын еді.

Орталық Комитеттің есепті баяндамасында республика Гылым академиясының қызметінс оң бага берілген-ді. Академияның жұмысында, сөз жоқ, кемшіліктер мен шалалықтар бар, әйтсе де оның қызметін тұтастай алып қарап, әділ бағала-сақ, Қазақ КСР Гылым академиясы біздің еліміздегі ірі Гылыми орталықтардың бірінс айналды жөнс Қенес гылымының оркендеуіне еслеулі үлес қости деп айтуга болады. Академия галымдары бірқатар перспективалық күрделі жөнс қолданбалы зерттеулерді дамыту, олардың тиімділігі мен сапасын арттыру, өндіріспен творчестволық байланыстарды нығайту жонінде едәүір жұмыс жүргізді. Республиканың минералды шикізат қорларын кешенді түрдес пайдалану багытындағы зерттеулері кең қанат жайды. Зерттеліп бітіп, халық шаруашылығына енгізілген енбектердің саны жағынан жоне олардың экономикалық тиімділігі отken бесжылдыққа қараганда 2,1 ессе асып түсті. Тұңғыш рет Қазақ КСР Гылым академиясының гылыми мекемслері талдап жасагандары шест елдерге шыгарыла бастады, олардың лицен-

зиялары, шарттары коммерциялық жолмен жүзеге асырылды. Ол жұмыстардың сапасының жогары екендігі соншалық, әлемдік деңгейге сай деп бағаланып отыр.

Қарағандыда академияның Орталық Қазақстан бөлімшесі құрылды. Батыс Қазақстан бөлімшесін ашуға нақтылы дайындық жұмыстары жүргізілді. Болашақта Шығыс және Оңтүстік Қазақстанда осындай бөлімшелер шаңырақ көтермек. Сейсмология, география, молекулярылы биология және биохимия, үйгыртану және басқа да жаңа институттар ашылды. Қазақстан галымдарының сәбектері жогары бағаланды, — бірсеуі Ленин-дік, алтауы Мемлекеттік сыйлық алса, 24-і Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына, ексуі КСРО Министрлер Конгресінің сыйлығына ие болды. Академия құрамы 19 академикпен және 51 корреспондент-мүшесімен толықты. Мінс, осының барлығы Қазақ КСР Ғылым академиясы галымдарының оныншы және он бірінші бессжылдық көлемінде атқарған жұмыстары бүрынғы жылдармен салыстырганда әлдеқайда ауқымды, әлдеқайда сүбелі болды деген тұжырым жасатады.

Орталық Комитеттің сабебі — ұжымдық сәбек, сондықтан оған қандай баға берілсе де бұл бірінші хатшыға ғана қатысты емес, Орталық Комитеттің мүшелеріне түгел ортақ. Сөз сөйлеген делегаттар баяндамага: «мәні терсін, принципті және өзара сынға құрылған» деп баға берді. Әлбетте, ел ішінде алабөтен ойы бар кісілер дс жоқ емес еді. Сын семсерін (Әуелбековтің сөзін айтып отырмын) түп-тұра менің тобемде «жаландатқан» да болды. Шоптің басы жел тұрмаса қимылдамайды, бәлкім, оның сөзінде жан жоқ демеймін. Тек мені секем алдыратыны: осы Әуелбеков Қазақстан Компартиясының өткен XV съезінде, тіпті таяуда ғана, Орталық Комитеттің соңғы пленумдарының бірінде мені жер-көкке сыйғызбай мақтаганы сонша, өзімді қоярга жер таппай қысылғаным бар... Бір рет болса мейлі гой... Енді келіп, былай сөйлесіді. Сонда қалай?... Шын мәнісінде, ол өз пікірін жағдайға қарай озгертуіп отырады. Тап күнбагыс секілді, күн қалай ауса, бестін солай беретін. Дәлірек айтқанда — мұндай адамдар жел ығын жетік біледі.

Халық дана гой. Айтпайды. Айтса қалып айтады. Бір тұста: халық су алатын қайнарга таслақтырма, деп сскертеді. Оны көбіміз тұсіне бермейміз, тұсінсек те мән бермейміз. Орталық

Комитеттің идеология жоніндегі хатшысы Камалиденовтың съезде сөйлеген сөзі соның көбін келтірді. Ол озінше «интернационалист» болғысы келіп, жогары оқу орындарында қай үлттан қанша бала оқиды дегенниң есебін шыгарып, процентке шақты. Сөйттес, жергілікті үлттан студенттер көп екен. Соган «жармасы», университет пен институттардың басшыларын жатып кеп жазғырмасы бар ма. Бірақ, мұнысы өзіне таяқ бол тиң. Қазақстан жүртшылығы оның қайнарга лақтырган қара тасын өзіне қарай атты.

Есімі аталған кісілер, орине, елдің бетін қайтсем өзіме қаратамын десп, барын салғандағысы. Анығырақ айтқанда, КОКП Орталық Комитетіндегілердің көзінс түсу, қараңыз, біз қандай жүрек жүтқан батырмыз, жалтақтауды, жалтаруды білмейміз, бәрін бетке айтамыз, назарларыңыздан тыс қалып жүрмейік дегендегіс...

Оны іш сезеді. Алты күн аш қалсан да атанды сыйла дегенді айтқың-ақ келеді. Оған өздері болғандай өзсурей сөйлеп, ойқастай өтіп, өктем мінез көрсетсе, не амал. Олай еркінсүі жайдан-жай емес. Маган қарсы шабуыл өлдекашан — съезге дейін-ақ «жогарыдан» басталған. Орталық партиялық басылымдардың «бас көтерін», тырнақ астынан кір іздең, түс-түстен анталай жаза бастаганынан көп сырды айтпай-ақ аңғарғанмын. Мыналардың бір бүйірден қосыла кетуі сол шабуылдың жалғасы. Жел беріп отырса, демімізге піссе қалатын әдетіміз гой. Бұл «майдан» бір ай, бір жыл емес, табаны күрексте он сегіз айға созылды. «Қорыққанга — қос көрінедінің» кері емес пе дерсіз? Жоқ, бұл менің ішкі күдігім емес, соқырга таяқ ұстатқандай ақиқат еді. Тіпті, оны мұхиттың аргы бетіндегі (дәп жат жүрттан сүйесу күткен жоқ едім) американ ғалымы Марта Брилл Олкотт 1987 жылы шыққан «Қазақтар» деп аталатын монографиясында тайга таңба басқандай жазады.

Калай десек те, Қазақстан коммунистерінің XVI съезі іскер жағдайда өтті жәнс республика омірінде слеулі кезең болды. Әлгіндеңідей беттен алып, төске шапқан әрекеттерге қарамастан мән съезде Орталық Комитеттің мүшелігінс, ал бірінші пленумда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің бірінші хатшылығына сайландым. 1700 делегаттың тек екінші гана «Қарсы» дауыс беріпті...

Съезд жұмысы «Правда» газетіндес біржакты жазылды. Есеп берліп отырган кезенде істелеген жұмыс жайлы тым құрыса бірауыз жылы сөзырымга табылсайшы, ал теріс жағына келгенде, дәлелсіз сындарды көсліткенде — есіктегіні төрге қарай сыйырыпты. Мен оған таң қалғаным жок. Мәскеудегі Ескі аланда отыргандардың қандай «шындық» күтія отырганын өзім де білстімін. Қазақ ондайда құдайдан тапсын деген-нен басқа не айтқандай.

* * *

Тонды өртсөуге болмайды. Елдің бірлігі үшін, жақсы тұрмысы үшін аянбай жұмыс істсөу керек. Ертелі-кеш бір кететінің анық. Ақыры кетеді екем деп сүйекке таңба болар іске баруга болмайды. Қанында жок қасиетке бой алдырмаган лазым. Талқаны таусылатынын білген кісі дүниесден үмітін үзсе, өмірдің мөні бола ма. Осындаі ойлар мені қайраттандырып, қанаттандырып отыра尔 еді. Республика партияның XXVII съезінс дайындық жасап жатты. Соның өрбір қадамын, күнделікті тынысын тамыршыдай тап басып, тізгінді мықтап үстап отыруға үмтүлдым. Рас, мен съезге делегат болып сайланғанмын. Мен үшін соңғы съезд екенінс іштей бекінгенмін. Алпыс — дер шағың, жетпіс — мәр шагың десек, те, базардан қайтар жасқа келгенінді мойында масқа болмайды. Қадірің барда, кішіге қостатып, соларға жол берген де жон.

Мен делегат ретіндес осымен қатарынан тогыз съезге қатысуым еді. Мынадай фактыны екесе алудың озі де бір ганибет. XIX съезге жай делегат ретіндес қатыссам, XX съезде мандат комиссиясының құрамына сидім, ал қалған съезддерде түгел президиумга және Орталық Комитеттің мүшелігіне сайланып-пын. XXVII съездсө мен Саяси Бюроның құрамына бесінші рет сайландым.

Съезд — копшіліктің ақыл-ойы, парасат-пайымы тогысатын, ол обден слектен өтіп, слге бағыт-багдар бол жетеді. Кім болмасын, бір кісі атқара салар жиын смес, көптің ісі. Саяси Бюро мүшелері, оған кандидаттар шет слдерден келген қонақтарды қарсы алып, съезд күндері соның қас-қабагына қарап, қайтар кезде шыгарып салғанга дейінгі тірлікті мойындарына алған-ды. Мениң еншімс Румынияның президенті Н. Чаушеску тиді. Талай күн дәмдес болдық.

Адам — жылқы мінезді. Мінсізбіз деуден аулақпыз. Бірақ құдай сүймес қырықтан, қызырлықтан сақтасын. Конакты өулиедей күтетін қазақтың маңдайындағы нөсібі гой. Оны одан бөле алмайсыз. Сол пейілді Чаушескуге де көрсеттік. Шынымды айтайын, сол күндері ол маган онша үнай қоймады. Қашан болмасын бірдемеге қөнілі толмай отырады, табан астынан кілт етіп, шекесі тырыса қалады. Кіржиіп, кіно тагады, кісімсігенде жер-кокке сыймай, танауын көтеріп, озін сонша менмен үстайды. Ертсілі-кеш дастархан басына отырып, бірге тамақ ішкен кезде алдына қойған дәмнен шұқып алмайды. Ол үшін арнайы бекітілген рұмын даяшысы тек өздерінің тагамдарын өкеліп қойғанда барып икемге келеді. Ыдыс-аяғы түгел өздерінікі. Тіпті қара суга дейін Румыниядан арнайы алдырылған. Меніңше, құдайдан қорықпаганның тажалы қасына ілесс жүреді деген осы... Ол съездің аяқталуына қарамай сліне ерте қайтып кетті.

Съезд алға қойған келелі міндеттердің бірі — Батыс жөнс Онтүстік Қазакстанда қуатты мұнай-газ кешенін жасап, 1985 жылмен салыстырганда республикада мұнай мен газ өндіруді екі ссс арттыру. Мен партияның XXIII съезінде-ақ Қазақстан мұнай-газ өндірісі жөнінен сліміздегі ең ірі аудандардың бірі болады дегенді айтқанмен, арага өлденеше жыл салып, сол созімнің дұрыстығын уақыт дәлелдеп берді. Мұнымен бірге көмір өндіру жөнс энергетика жонінен тың қуаттарды игеру қажеттілігі туды, жаңа кеніштерді, байыту фабрикаларын, қара жөнс түсті metallurgияда, машина жасау, химия өнеркәсібінің маңызды объектілерін пайдалануга беру міндеттері күн тәртібіне қойылды. Согыстан кейінгі торт бірдей бесжылдықта қаншама өнеркәсіп ошактары салынса, 12 бесжылдық ішінде сондай көлемде өндіріс орны қанат жаюга тиіс.

Жоспарланған міндет іспен тиянақталса иғі. Сөзбүйдага салынбай, шұғыл қолға алу олардың материалдық-техникалық негізін жасау — үлкен үйымдастыру жұмыстарын өзінен өзі сұранып тұрган жайы бар еді. Менің батыс облысқа шұғыл жүріп кетүім, мінс, осында қауырт шаруага тікелей байланысты болды. Партия қызметкері ең әуслі осы істің басы-қасында жүрген сәбеккөр слідің коніл күйін байқап, олар атқармақ шаруаның маңызын жесте түсіндіруге міндетті. Қай жерде не бар, — не жок, қолбайлау болатын осал буындар қайсы, бірінші

кезекте неге назар аудару керек, ел тізгінің ұстаган басшы азаматтарды қай арнага бағыттаған мақұл. Міне, осындай көкейкесті сауалдарга өз көзіңмен көріп барып, жауап алғанда гана, көңіл орнына түсепті анық. Бұл сенімсіздік емес, сергектікке бастау. Осы орайда Теніз кен көзін бүгес-шігссіне дейін та-ныстым. Оның дүрілдеп тұрган кезі. Кеңес елі түгелі, дүние жүзі кірпік қақпай қадағалай бастаган. Қазақстан геологтары ашқан ірі жаңалыққа, оны игеруге шст слдік фирмалардың көмейі босай бастаган. Ал, біз озара экономикалық комек елдерімен істі бастап та кеткенбіз. Венгриядан мадьяр агайындар тұргын үй кешенін пайдалануға беріп, бау-шуын жинастырып та үлгергенді. Әрине, қасықтап үлес қосып, шеміштеп сыбага алғысы келестіндердің санына есеп жетпейтін. Ал, ауыртпалықты тен-дей көтеріп тиесілі сыбагасына келгенде сұганақтық көрсетпей, біздің қалауымызға қалдырыган қосіпорындар мен үйим-дардың өзінің ұзын-ыргасы жүз слуден асатын.

Теніздің кіндік тамыры Құлсарыда жатыр. Құлсарының бетін бері қаратсақ, Теніздің си байлығы смін-еркін игерілді деп есептеуге болады. Гурьев облыстық партия комитетінің бюро-сында басты назар міне, осыған аударылды. Ең бастысы, қарапайым еңбек адамдарының жағдайын жасамайынша, алда тұрган міндетті мінсіз бітіремін деу бекер. Алдымен басына баспана, өрине, ол жүгін буып-түйіп отырған, бүгін бар, ертең жоқ кісіге смес, осында тұрақтап жұмыс істейтін, тері төгілген жерге болашақ үрпагымның кіндік қаны тамады, өмірлік меке-ни болады деп, белді бекем байлаган адамға арналған дұрыс жай керек, сосын құнделікті тұрмысқа не керек, бәрін жаса, сосын жұмыс сұра. Міне, жергілікті оқімет органдарынан осы талап етілді. Сосын, Құлсары темір жол жүйесін жетілдіру мәселесіне байланысты құрылыш базасын жасауға бар күш жұмылдырылды.

Гурьевтен тура Каражанға үштық. Мұнда талай шаруа-ның басы қайырылған. Газ ондіріліп, ондірілген газ Орынбор заводына ішеккес су жүгірткендей кен оңеш құбырмен түгел жөнелтіліп жатқан. Облысбасшыларының төрт көзі түгел жәнс мұнайшылары бар, газ ондірушілер бар — борінің басын қосып, КОКП Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің Каражанды жедел игеру жөніндегі қаулысының орындалу бары-

сын талқыладық. Мәжілісте маңдайдан сипай қоятындаи әңгіме болған жоқ. КСРО газ өнеркәсібі министрінің атына өткір сындар айтылды. Бөрлі станциясындагы еңбекшілердің тұрмыстық жағдайы көрген кісінің ғана смес, естіген жаннның аза бойын қаза түргызғандай отс нашар еді. Демек, министрлікке құдайдың тегін газы керек те, оны ондіріп жатқан жұмысшылардың өмірі ойлантпайтын болғаны гой? Сонда осы игліктің бәрі кім үшін? Не үшін? Мәселені бүйірден қоймайынша, әрине, бізде қозгала қою қыын. Оның үстіне, негізгі жұмыс құші осы жерден, осы өнірден, сондықтан олардың тағдырына біздің немкетті қарауга да хакымыз жоқ. Біз осы жолы министрліктің есебінен мұнайлы аудандарды облыс орталықтарымын байланыстыратын бетондалған асфальт жол құрылышын қүшейте түсіді талап еттік. Ал, құрылышын жүргізуді Қазақ КСР автомобиль жолдары министрлігіне жүктелді.

Оралдан кейін біздің жолымыз Целиноградқа түсті. Мұнда жүртшылық көп біле бермейтін, бірақ ерекше мәні бар Шұбаркөл кен көзін игеруді тездесту мақсатымын оны Қараганды қемір бірлестігінің қарамагына беруді шештік. Шіркіннің қомірі бөлек-ау, бөлек! Ондай жогары сапалы қоңыр қемірді аяқ жетер жерден табу қыын, көп кешікпей Шұбаркөл қомірі ашиқ әдіспен қазыла бастады.

Алматыга қайтар жолда Жезқазган облысына ат шалдыра кетудің жөні келді. Өте сирек ұшырасатын металл ондірілуге тиісті жаңа кен көзін игеру көптен ойда жүрген-ді. Ол Жогарғы және Төменгі Қайрақты дсп аталағын жер. Бұл жер маган жақсы таныс. Оның қолга түсе бермейтін кенін халық қедесіне асырудың қажеттілігін өзімнің докторлық диссертациямда кеңінен көрсетіп, ұсынысымды жасаганмын.

Ауыл шаруашылығы саласында сол тұстагы слеулі оқигалардың бірі — М. С. Горбачевтің қатысуымен Целиноградта откен партия-шаруашылық активінің кеңесі. Аты жүріп тұрган кісінің айдыны биік болады. Горбачевтің ауыздықпен алысып, түкірігі жерге түсеп тұрган шагы. Кісімен жүре сөйлесіп, анаумынау сөзге құлақ аса қоймай, мінез байқатып қалып жүрген түсы. Ексуміз ст бауырымыз елжіressіп, шүйіркелесіп әңгімелесе қойғанымыз жоқ, бірақ қабақ түзу, өзімізді әдеттегі жолдастық сыйластықтың шенберінде үстадық білем. Әрине бір ызгар

барын, сырт көз сыншы гой, жүрт аңгармай қалмапты. Сол жылы Қазақстанның айдыны асып абырайры көтерілді. Мемлекетке бір миллиард пүттән астам астық тапсырып, диқан қауымы тагы бір ерлекен.

Мол астық біздер үшін, тек қазақстандықтарға гана емес, баршага — қашанда зор қуаныш, айрықша мақтаныш еді. Отан алдындағы борышың абыраймен орындалғандай, жүзің жарқын, айналаңа қанагаттанған сезіммен қарайтынмын. Сондай коңл құй үстіндегі отырып, әуслі Горбачевтен, сосын Лигачевтен сүйінші сүрадым. Екесінен де бір ауыз жылы сөз сстісем, қанс... Мен елдің қуанышын баяндадым, ал, олар біз міндетті тірліктеі селқос қабыл алды. Бұган қайран қалмаганда қайтерсіз. Іштен тыңдық та жылы жауып қойдық. Малақайын аспанға атып, алдымға түсіп алып жүгірмеді деп отырганым жоқ. Бұган дейін бірде бір рет мал құлагы саңырау болған смес. Әңгіме күн демей, тұн демей, не үйқы, не құлқі көрмей жұмыс істеген дала еңбеккерлеріне, комбайншыларға, басқа республикадан көмекке келген үлкен-кішігे беретін бір жапырак құттықтауында смес. Оган зөру ешкім жоқ. Бар мәселе: моральдық дем беруде, болмашы қызметің алғысын аямай, рақметін жаудыратын ағайындардың, мына бүгінгідей ақ түйсінің қарны ақтарылып жатқанда соншама халықтың алты ай жазғы адаптацияның қалдыру ақылга да, адамгершілікке де сыймайды. Тәнірі жарылқасын деген жылы сөзді айтту, сайып келгенде, кез-келген басшының тактикасы мен стратегиясы. Кісі сибетін көре білмегенмен әділдікті құтуге де болмайды.

Сөз реті келіп отырган соң айтайын, 1987—90 жылдары республика даласы егінгес бітіп қалды. Соны жинап ала алмай, рәсөю қылды. Мұндай жагдайды біздер, ендігі жерде бұрынғы басшылар көз алдымызға елестете алмадық. Бұл жылдары сл құйзелтін, қол байлардай не кездейсоқ бақытсыздық, не сұмдық апат бола қойған жок! Сонда қалаї? Бұны неге сайгандаймыз? Зады, мұндай жагдайды оскери тілде: «оскер тізгінінен айырылу» дейді. Меніңше, дәнді басын котерс алмай жатып қалған астықты жылдары, осіресс ең астықты 1990 жылы дәп осылай «тізгінен айырылды».

Аудандық, облыстық, партия комитеттері, Орталық Комитет астық жинаудан іс жүзіндегі шеттестілді, ал Кенес органдары

демократиялық ұран тастаудан өзге, ауыл-селога инсін жасуында болса да көмек корсете алмады.

Мен өткенді дәріпте, бүгінгігे топырак шашудан аулактын. Ал, орнымен, уақтылы жасалмаған тірлікті көргенде, бейғамдық пен берсекесіздік етекке оралғы бол отырганын білгенде, соның бәрі арқаңа аяzdай батады. Қанша айтқанмен, осы елдің, осы жердің перзентіміз деп, бүкіл саналы өмірінді халық ісіне арнап, ыстық-сұығына бірдей тозген сон, ойланбай отыра алмайды екенсің, Сол 1986 жылы несімен есте қалды дегендес, бесжылдықтың бірінші жылында жоспар тек күрделі құрылыштың артта қалып қойғанын ескермегендес, барлық негізгі көрсеткіштер бойынша орындалды.

XXXV

Уақыт ілгері озған сайын, откен өмір соқпақтары алыстай түсіп, бірте-бірте ұмытыла бастайды скен. Артыңа бұрылып, етекке көз салсан, өзгерген онірді, жасарған даланы, жаңарған қаланы коресің. Көрген сайын көңілге көп сұраптар үзлайды: «Япыр-ай, баяғыда мына жерде не бар еді?» — деп, есіңе өлдепелдерді түсіруге үмтүласың. Көрдіңіз бе, уақыттан да құдыретті күш бар, ол — адамдардың жасампаз сәбесі.

Заман тыныш болса, адам мұраты — өсіп-ону. Көсеген көгеріп, көрпен үлгайсын деген ақ батаның мәні де осында. Сондықтан оған күнбес-күн мәдени түрмистық жағдай тұгызбай болмайды. Ең өзекті проблема да осыдан туындал, осыдан өрбиді. Колхоздар мен совхоздардың, аудандар мен облыс орталықтарын, тоқсан жолдың торабы — астанамызды заман талағына сай көркейту міндесті тұрды. Оны ойдагыдай жүзеге асыра алдық білем. Кез-келген одақтас республикамен салыстырып көріңіз, бір сүйем болса да бұл жагынан биік тұрмыз. Қайталап айтайын, шалғай ауылдар, аудандардың бұл саладағы өкпесі болса, ол орынды, бір «әттеген-айымыз» болса, содан кетті месдеген ой мазалайды. Сонда да болса назардан тыс қалдырмауға тырыстық. Оған Ыргыз, Коргалжын, Балқаш, Абай, күрті және басқа да аудан орталықтарының келбесті күс. Облыс орталықтары түбірімен өзгерді.

Республика астанасы — Алматы бұрын қалай еді, қазір ше, дегенді менен ғөрі осы қаланың байыргы тұрғындарынан иә елуінші жылдардан кейін сексенінші жылдардың жуан ортасында келіп көрген кісіден сұраган жөн шығар. Десе де, бұған дейін айтқанымдай, астана Қызылордадан кошірілген тұста Алматыда 48 (кейбір деректер бойынша 45) мыңның үстінде адам тұрыпты. Бірлі-жарым екі қабатты үйлер болмаса, дені жер үйлср екен. Патшалық Ресей үшін жер сілкініп тұратын (сейсмикалық) аудан ретінде гана мәлім болған. Сөйтіп, көзден таса, көңілден жырақ қалған. Шынында да 1887 және 1910 жылғы екі апат алып келген қасіретті бастаң кешірген кісі түгілі, естіген жанның аза бойы қаза тұрады. Табигат дүлейі дүрліктіріп қана қоймай, қаланы жермен жексен стіпті. Соңғысында 600 үй, 120-дан астам оқу, сауда орындарын, қогамдық гимараттарды түгсл қиратыпты. Тек ағаш үйлер гана шыдас беріпті. Жалпы, Алматыда шамалы дүмпүлер жиі болып тұрады, шамамен жылына 200 рет жер сілкінеді екен. Оған етіміз үйреніп кеткені сонша, жер сілкінеді-ау дегенді слен қыла бермейміз. Оның бер жагында ертеректе Кіші жәнс Үлкен Алматы озенінің арнасымен төмен қарай топан су жиі ағып, слідің апшысын қуыратын қатер және бар еді. Мәсслен, 1887, 1921 (бұл жайында шет жагалап жогарыда жазылды), 1956 және 1963 жылдары осындағы тасқындар халықты қатты састырган. Бұл қаүіп-қатерден алматылықтар Медсу шатқалында жасалған тоқсауыл бөгеттен кейін барып құтылды. Ол жайында кен-ірек тоқталатын түс келеді.

Қырық жыл қыргын болса да ажалды өлер дегендей, соншама тілсіз жаулардан аман қалған бірқатар гимараттар бар. Соның бірі талантты архитектор А. П. Зенковтың көзі — көп күмбезді собор, оның биіктігі 54 метр. Қалада бесс мешіт бар еді, олар — үйгыр, дүнган, озбек, қазақ және шала қазақ, бесеуі бесс түрлі, біріне-бірі үқсамайтын, архитектуралық ерекшеліктерімен оқшауланып тұратын. Содан осы құнгі мешіт қана қалды. Құдай қаласа, жаңадан үлкен мешіт салынғалы талап жасалып жатыр. Дін мұсылман баласының зият тұтар қасиетті гибадат-қанасының ел рухын көтеруге зор үлесі болары анық.

Алматыда Кафедральды собордан басқа Покров, Никольск, Троицк, София жәнс Архиерей шіркеулерінің, осы құнгі Фур-

манов көшесінің бойына орналасқан шагын шіркеудің коңыраулары жарыса согылған кездे айнала түгел күнірек тұргандай, тұла бойың тітіркенстін.

Кіші Алматы өзенінің екі жақ жағалауы, Бас арықтан жоғарырақ қалың арасы түгел қаланың ығай мен сығайларының саяжайы еді. Түкті төбесе қарсы бетте, өзеннің он жақ бетінде генерал-губернатор Колпаковскийдің о шеті мен бүшеті ат шаптырым келетін саяжайын көргөн кісі тандай қақпай отпейтін. Жер сілкінің кезінде құр орны гана қалды. Кейін оған слідің тілін, жердің бабын тапқан, жаналыққа жаңы құштар, барды үқсата білген Медсү Пұсырмановтың жаз жайлауына айналды. Қазір бұл жерде әлемге әйгілі «Медеу» мұз айдыны — спорт кешені мен мұндалайды. Одан томенірек — осы күнгі қалалық көңестің демалыс үйлері тұрган жерде сол кезде де қала басшылары мен би-манаптарының игілігінде болатын.

1854 жылы негізін қалаган қалада кейінірек байланыс болімшесі ашылды, ал 1868 жылдан Жетісү губерниясының облыстық басқармасы мен басқа да әкімшілік мекемелері жайгаса бастады. 1921 жылы қалага өзінің Алматы деген байыргы аты қайтып берілді. Қызылордадан республика астанасының көшірілуінс орай қалада тұргын үй жөнө тұрмыс қажетін отсу обьектілерін, оку орындарының гимараттарын, аурухана, онеркөсіп көсіпорындарын, әкімшілік үйлерін салу көң қанат жайды. Осы күнгі Үкімет үйі мен Орталық телеграф тұрган жер Әскери алан деп аталатын, қақ ортасында Әскери собор бар еді.

Жасырып жабары жоқ, біздің қогамдық құрылыштың әуслігі тұсында жақсы мен жаманды айыра алмай, әр қылыш асыра сілтеулерге үрініп, коп білместіктерді жіберіп алдық қой. Әсірессе, атенистер мен жоғары шенді басшылар коненің козін, жақсының созін, тіпті өздерін түп-тамырымен жойып жіберуден шімірікпеді. Ата-баба онегесіне тоқсауыл қойды. Салтанамаизды, одет-гүрпымызды, қастерлі дәстүрімізді ескінің сарқыннагы деп, тамырына балта шапты. Ұлттық кім, оюорнек, ісмерлік, көсіптік қолөнерге тыйым салынды. Ең қасиетті орын — мешіттер қиратылды. Дін адамдары кудаланды. Соның салдарынан кейін үйгыр театрына берілген татар мешітінен басқасы түгелдей, оның ішінде Пішпек жөнс Гостино-ворский кошелеріндегі еврейлердің гибадатханасы қас пен көздің

арасында тып-типыл болды. Сөйтіп сл кәдесіне өлі де аса беретін әдемі гимараттар ягни соулст онерінің тамаша үлгілері көзден бұл-бұл үшты. Кафедральды соборды, Никольск және Троицк шіркеулеріне көз алартып, құл-талқанын шыгарғысы кеп кіжінгендер аз болмаса керек.

Алматы шаһарында не көп — жайма базар көп еді, олар бұрыш сайын кезігетін. Бірінде жогың скіншісінен табылатын, елит арқасы қияннан сабылып жүрмейтін, өздеріне үйреншікті жерден іздегенін тауып, қалаганын алатын. Оны да құдай қос көрmedі, түгелге жуық жаптырып таstadtы, Ал, бұtkіl біr көшe демейін, біrақ көшe сайын көзге оқшау корінетін, еңесі биік, стек-жені кен дербес үйлері, қала коркінс сон, ажарына ор берестін көпестердің талай кірсе шыққысыз дүкендерін төбетобе үйіндігей айналдырып жіберді. Эрине, кезіндегі келте саясаттың кесірінен кейін талай рет бармақ тістеп, санымызды соқтық кой. Соныңдігі үрпақ қайтalamаса, откеннің өкініштерінен сабақ ала жүрссе, одан үтылmasа, сіро.

Казақстанның 20 жылдығына Алматыда Мәдениет үйі пайдалануга берілді. Торқаты тойға арналған салтанатты жиналысты жүртшылық Пролетар көшесіндегі осынау осем гимаратта өткізді, осылай жаңа өмірдің жақсы нышандары елді қуанышқа белсін баstadtы. Согыс орті өлемді шарпып, жанымызды шүберекке түйіп отырган жылдары біз Алматыға біржола көшіп келген едік. Арага қаншама уақыт салып оралған адамга қандай өзгеріс болмасын, бірден козге түседі. Сөулестің Простаковтың жобасы бойынша салынған опера және балет театры пайдалануга беріліпті. Ф. Э. Дзержинский атындағы клубта эвакуациямен келген Мәскеу кеңесінің театры орналасыпты, А. Корнейчуктың «Майдан» спектаклі тұнғыш рет осында қойылды. Мәдениет үйінде «Мосфильм» мен «Ленфильмнің» біріккен киностудиясы «Иван Грозный» (1-сериясы), «Котовский», «Біздің қаланың жігіті», «Шапқыншылар», «Аутком хатшысы», «Актриса», «Күт мені», «Ол Отаның қоргайды» көркем ленталарын көрсете баstagан-ды. «Ленфильмде» 1938 жылы «Аманкелді», 1940 жылы «Райхан» фильмдері қойылып, оган қазақтың тамаша онершеберлері Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзаков, Қапан Бадыров қатысты. Қызмет бабымен согыс жылдарында

Алматыда талай сұбектенген Ксес мәденистінің белгілі қайраткерлері Завадский, Мордвинов, Марецкая, Черкасов, Блинов, Андреев және киностудия директоры Кивомен жиі кездесіп, сұхбаттасудың талай сөті түсіп еді. Согыстан кейінгі жылдары да арамыздағы сыйластық үзілғен смес.

Ақын ойынан шымыр, ақын толғанысынан терсөң не бар, мен жырын құмартып өқитын шайыр бір олсінде:

«О бастан-ақ анам — Дала, өкем менің — Күн екен, Осы мені ата-анамнан боліп алған кім екен? — деп, туган жердің қасиетін бойына дарытып өскенін қалай ардақ тұтса, менің де мақтан етіп, жырга қосар жерім кіндік қаным тамган Алматы. Ол сондай ыстық, сондай қымбат! Туган жерден аянбасқа әркім-ақ бар. Мен екі ессе, керек дессөңіз неше мөрте болса да міндеттімін. Ол менің туып-өскен жерім гана смес, барша қазақтың, осы сліді Отаным деп білестін әрбір азаматтың астанасы. Сондықтан да мен оның ғүлденуінс, есіп-оркендеуінс жан-төніммен кірестім. Сөulet өнерінің соны мүмкіндіктері мен ажары ашылып, айшықты келбеті танылғандай гажайып ансамбльдер халқымыздың си-таңбасы, паспорты еді. Нен бар дегендеге бірде бар, бірде жоқ малыңның санын, дөніннің салмагын айта алғандайсын ба? Халқымның рухын танытар, болмыс-бітімін көрсетер, бір белгі осы ма деп ойлап едім. Ол ойым орындалды ма, жоқ па, оған озің көу, оқырманым.

Іргелі жұмысты қала ортасынан бастадық. Тамыры семіп, бұтақтары қураган ағаштарды қырқып, саз кірпіштен салынған ескі үйлерді бұздық. Олардың орнына көп пәтерлі бірнеше қабатты үйлер, «Қазақстан», «Алматы», «Жетісу», «Алатау», «Отрап», «Достық» сияқты қонақ үйлері, «Астаналық», «Береке», «Меркелік», Орталық әмбебап, «Россия», «Москва», «Қазақстан» сияқты дүкендерін, М. Әүзев атындағы қазақ академиялық драма театры, балалар мен жасөспірімдер, Ю. Лермонтов атындағы орыс драма театры, Ленин атындағы сарайы, Октябрьдің 50 жылдығы атындағы спорт сарайы, Сақина сарайы, Цирк үйі, «Целинный», «Арман», «Байқоңыр», «Қазақстан», «Алатау», «Сарыарқа» кинотеатрлары, «Есік», «Алматы», «Жетісу» сияқты ресторандары, Қазақ КСР Орталық музейі, Т. Шевченко атындағы өнер музейі, Орталық

Комитеттің үйі мен Ленин атындагы, Республика алаңы салынды. Бұған С. Пушкин, А. Чехов атындагы көпшілік кітапханалары мен ондаган кітап дүкендерін, телес және радио үйін, Баспа үйін, газеттер мен журналдар үйін, баспаханаларды, Қазақ университеті қалашығын және басқа да мәдени ошақтарын қосыныз.

1961 жылы Алматыга Н. С. Хрущев келгсн кезде жалын-жалпайып жүріп тұргын үйлерге қаражат сұрадық. Ол: «Қаражат берсейік, бірақ жергілікті материалдары пайдаланыңыздар, дербес үйлер мен үш-төрт пәтерлі екі қабатты үйлер салындар» деген нұсқауын алға тартты. Жогарыда аталған гимараттардың біразы содан жырымдап жүріп салынған еді, ондай шектесулер бергі кезеңде де болмай қалған жок. Бірақ, барды базарлауга, елдің ертеңгі күні үялмай көрсстер, үрпактан-үрпакқа мақтан стіп айта жүрер соулет орындарын халық қодесіне асыруға үмтүлдік. Бір күнгі күйкі тірліктің алданышынан мың жылдық үлттық белгі артық-ау деген ой жене беруші еді. Онымды айыптаған күндерге де шыдас бердік, сауаты бар, салауаты мол үрпак соны түсінес, үміттің акталғаны. Тек оны аялай білер, сызат түсірмей келсешекке аманат сте білер алақан көрсек.

Бұл жерде 1955—1985 жылдар аралығанда пайда болған оқтай түзу өрі жасыл желеқ жамылған кең кошелерді, проспектілерді, гүлзарлар мен саябактарды, аландарды санап жату артық болар. Көпшілік жиі бас қосып, әңгіме-дүксен құрып отыратын өсем аландарға орнатылған қөсеміміз В. И. Ленинге, ұлы ақын Абайға, ойшыл ғалым Шоқанға, батыр Аманкелдіге, комиссар Әліби Жангелдинге, революция сарбаздарына, бүкіл-одақтық аксақал М. И. Калининге, жыр алыбы Жамбылға, ұлы суреткер М. Әуезовке, революционер Тоқаш Бокинге, қолбасшы В. И. Панфиловкс және озге де халық қадірлелеген аяулы азаматтарға орнатылған ескерткіштер қаншама.

1960 жылдан бастап өнеркәсіп, олесуметтік-мәдени және түрмистық, әкімшілік, тұргын үйлер бірінен соң бірі бой көтерді. Ал, осынау өзекті мәсслелерді шешуге қалалық аутком төр-агалары Е. Дүйсенов, К. Аухадиев, З. Нұрқаділов, инженерлер — В. Л. Лебедихин, Ш. Х. Бекболатов, қазақ транспорт құрылышының бастығы М. Т. Қазыбеков, тәжірибелі құрылышшылар Краснинский, Байсенов, И. Л. Кузякин, Крашков, Алматы үй

құрылышы комбинатының ұзақ жылдар бойы бас директоры болған Л. Новак өз әл-қадірлерінше үлес қосты. Қала құрылышының өркендеуінс белгілі сөuletшілер мен инженерлер құрылышшылар — Ю. Г. Ротушный, Л. Ухобытов, Т. Басснов, Р. А. Сейдалин, М. Мендиқұлов, А. С. Кепперов, В. З. Кацев, Хван, Ким До Сен, А. А. Лепик, И. О. Белоцерковский, А. Қапанов, К. Ш. Монтажаев, О. Ж. Баймұрзаев, Ергалиев сынды азаматтардың сибебі өлшесіз. Олардың шыгармашылық іздесіністерінің нәтижесінде бүкіл елдің мақтанышы — «Медсу» мұз айдыны, 800 орынды концерт залы бар Пионерлер сарайы, сөuletші З. Мұстафинаның жобасымен салынған Алматы мақтамата комбинатының Мәдениет үйі, Достық үйі, «Арасан» моншасы, Орта Азия мен Казақстандагы ең бір үздік үлгіде салынған Орталық кок базар, бірінші Алматының теміржол вокзалы, аэропорт, скі бірдей сиыслі автовокзал елдің ерекшесін қоятын көрікті жерлері.

Қазан революциясының 50 жылдығы қарсаңында «Даңқ мемориалы» ашылды. 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябагында мәңгі алау жағылды. Тамаша монументтің авторлары скульптор А. Артамович пен Б. Андрющенко еді. Осындай талантты жастарымыз «Самал», «Ақсай», «Алмагұл», «Айнабұлақ», «Орбита» кіші аудандарының өзіндік келбетін жасаганын орынды мақтан стүге болады.

Осылардың кай-қайсын алмаңыз, тым мақтанып кеткендей көрінсем де, айтпасқа амалым жоқ, менің белгілі молшерде, тіпті сынық сүйем болса да үлесім бар еді. Олардың жобалашуынан бастап, құрылышы жүріп жатқан тұста, ең ақыр аяғы біткенгс дейін назардан тыс қалдырмай, үнемі қадагалап отырудан жалықпауши едім. Өкінішке орай, соулст өнсерінде өзіндік бет-бейнесі боларлықтай В. И. Ленин музейі (Фурманов атындағы көше бойында), үш залды Спорт сарайы (Ленин атындағы проспектіде), қаланың батыс болігіндегі мың кісілік аурухана құрылышын аяқтатудың орайы келмеді. Мен зейнетті демалысқа шығып кеттім.

Алматы — егеменді Қазақстан Республикасының астанасы. Қазір кез-келген деңгейдегі мемлекеттік қайраткерлердің қысылмай-қымтырылмай қабылдан, үялмай корсетсер жайы жетеді. Сондай-ақ мәдениет және гылым саласында қанша

адам қатыспасын, халықаралық жиындар өткізуге базасы, шүкір, толық жетеді. Оның орналасқан жері де бөлек. Ақ басты Алатау, оның мәңгі жасыл шыршалары, көкпен таласқан қарағайлар сілемдері, ақ қайынды беткейлері қандай! Көркіне көз тоймайды, тау іші толы — жеміс-жидек, аң-құс. Жазы жайма шуақ, қысы әрі қысқа, әрі жайлыш. Көктемі көкорай, көңіл шуагын көкке көтергендей әдемі. Күзді сары ала жапыраққа оранып, алтын шапақ астына алады. Әттең, желсіз — тымырсық күндер аз болмайды. Көктөбе сияқты «жер ортасынан» көз тастаған кісі қала үстін зілдей басып жатқан қап-қара ыстық көріп, көңілі секем алатыны жасырын емсс...

Міне, осындай сымбатты қала, келбеті келіскен таулы аймақ, әрдайым тілсіз жаудың «тырнағына» ілініп тұрды. 1921 жылы бар-жогы алты сағат ішінде үйдег-үйдег тастар мен жентек-жентек құм аралас 7 миллион текше метр су құлдилап ағыпты. Бұдан кейінгі селдердің сипаты мүлде бөлек. Бір тас, бір мұз бол біткен шындар шілденің аптаңы мен бусанып, еріген қар етекке қарай өңмендей жөнеледі. Оған шелектеп жауган жаңбыр сүй қосылады. Содан табандығы толқып жатқан көл көтөріліп, арнасынан асады. Жол жөнекей таудан құлап, сарқырап ағып жататын шағын өзендер бұырқана, дoldана түседі. Осылай асау апат ауыздық бермей, шамамен секундына он метр шапшандықпен ағады. Жол-жөнекей нөн ағаштарды түбірімен қопарып, қой тастарды допша домалатып, жарды бұзып, жағалауды сипырып-сирып, айналасын ақ шандак етеді. Бұған не шыдас бергендей еді.

Республика Министрлер Кеңесі төрагасының орынбасары кезімде қызмет бабымен осы бір аса маңызды проблемамен тікелей айналысусыма тұра келді. Бөгөт құрылышының әлденеше жобасы жасалды. Ақыры тауды қопару арқылы асау арнаны бекітуге бел байладық. Оны селден қорғау жөніндегі қазақ бас басқармасы жасады. Қопарғыш салмағының озі 5291 тонна еді. Жер сілкінтер осындай қуатты күш биіктігі 60 метрден 100 метрге дейінгі бөгетті түрғызбақ. Жоба бекітілді. КСРО Фылым академиясының Президиумының шешімі мақұлданды. Әйтсе де күмәнданып, көлсеккесінен үркіп жүргендер аз смес еді. Олардың да сөзінде жан бар тұғын. Адам айтқысыз мол заряд-

пен тап қала іргесінсөн қопарылыс жасау дүниесі бұрын-сонды болмаган құбылыс, оның қалага зардабы тиуі гажап емес дегенді бетке үстайды. Сондықтан екі дай пікір болмас үшін, соңғы сөзді республика үкіметі айтуға тиіс. Бірақ мұндада ортақ ойга тоқтам жасай алмай, екі жарылды. Қопарылыс жұмыстары жөнінен жинақтаган тәжірибем бар, топшылауымыздан да кеміс жоқ, демек «тау қопаруда» зоредей де залал шекпесімізге сенімді сідім. Оны жобалау жөнсептесімізде жаңа сапалы аяқтауга академик М. Лаврентьев жасады. Біз екеуміз бастан-аяқ тагы да қарап шығып, сол болса да ауытқу жіберіп алмаудың бар кепілдігін жасадық. Күндіз-түні отырып есептедік, «есептесімдік, жаңа сапалы аяқтауга» деген күдікті түгел сараладық.

Қопарылыс мінсіз өтеді — біз осындаған берік байламга келдік. Орта машина жасау министрі Е. П. Славскийге телефон согып ем, ол пышақ кесті нікірін айтты:

— Ешкімді тындаама, егер қажет десең, мен саган кепілдік берейін. Кешеуілдестпей қопарылыс жасау керек, — деді.

М. А. Лаврентьев пен Е. П. Славский арқаландырып қана қойған жоқ, нық шешім жасатуға зор сенім де үялатып еді. Батыл кірестім. Үкімет комиссиясының екі ойлы боп жүрген мүшелерін бұлтартпас дәлелдермен бестін бері қараттым. Еліміздің ойгілі галымдары М. А. Лаврентьев, Н. А. Садовский, Н. В. Мельников, С. А. Христианович жөнс жоба авторлары түгел маган қолдау корсетіп, бір тоқтамга — қопарылысты жасауга келістік. Қопарылысты жасаушылардың басшыларымын, үкімет комиссиясының мүшелерімен торт козіміз түгел зарядтардың орналасуына дейін мүқият қарап шықтық. Қазан айының 21-і күні күндізгі сағат 11-де Алатаудың кокірегі — «қарсайырылып» бір шөкім қара бүлт бүрк етіп көккө ойнап шыға келді. Дәл сол кезде мен Үкімет үйінде отыр сідім.

Екі қайтара соққан жер дүмпуі сезілді. Қопарылыс болған жерден 1200 метрге дейінгі қашықтықтагы тұрган үйлердің сылагы түскені болмаса, ешбір залал шеккен жоқ. Екі шақырымнан аргы жерде әус толқыны мүлде байқалмады.

1967 жылы соуірдің 14-і күні қопарылыс жөнс қайталанды. Бұл жолы сол жақ бүйірдегі кок тірсеген шың қолмен қойғандай бөгет үстінде жатты. Осылай көңілді алаң еткен сел қаупінен арылдық.

Богет бір емес, екі рет ауыр сынга төтеп берді. 1973 жылы шілденің 15-і мен 16-сы күндері Алатаудың ішкі қойнауынан дүниені құнірентіп, асау сел лап берді. Ол теңіз деңгейінен 3300 метр биіктікте жатқан Түйықсу озенінен құлаган екпіні қатты тасты судың көлемі 3,5—4 миллион текше метр еді. Богет оған міз бақпады. Біз 1975 жылы басталып, 1980 жылы аяқталған Үлкен Алматы өзеніне bogет орнату арқылы астананың батыс болігін қатер-қауіптен құтқардық... Бұдан шығатын қорытынды: республика кез-келген істі орындай алатын білікті жөн техникалық мамандардан кеңде смес, тек оларды орнымен пайдалана білсек иғі.

XXXVI

Халқымыздың онерінс тамсанып, тандай қақпаган адам кемде-кем. Қазақтар жөнінде Ресейде алғашқы монографиялық еңбек жазған, орыс географиялық қогамының негізін қалаушылардың бірі Алексей Иракльевич Левшин: «Қазақ халқының... бойынан біз поэзия мен музыканың бұлагын көреміз... Қазақ қауымы адамның ақын және музыкант бол туатындығының жаңа бір дәлелі болып отыр» деп жазған скен. Сол айтқандай, мен бала жастан ауыз әдебистінің үлгілеріне, ән мен жырға құлақ түріп естім. «Кобыланды», «Алпамыс», «Козы Қорпеш — Баян сұлу», «Қызы Жібек» жырларын таңға дейін тындаудан жалықпаушы едік. Қазақта аты аңызға айналған әрісі Сыпыра жыраумен берісі Сүйінбай, Жамбылгадейінгіұлы көшке құлақ құрышын қандыруға тырыстық. Асан Қайғы, Шалқиіз, Қазтуған, Бұқар, Мәйкөт, Базар билай деген скен дегенді жиі естітінбіз, естіген сайын: «Уа, шіркін, айтқан-ак скен» деп тамсанған қариялардың қайталап айтқанын іштей қалап отыратынбыз. Жамбылдың окшесін басқан Шашубай, Нартай, Кенсін, Ұмбетолі, сокілді халық ақындарын көзіміз корді, кестелі созін, кемел ойын құлагымыз естіді.

VIII—IX ғасырда омір сүрген Қорқыт бабадан кейінгі мың жыл қыл қобyz тілін тістеп қалды, содан XIX ғасырда Ықылас қайта тірілтті немесе «Ақсақ құланды» сөйлесткен Кетбұғыдан кейін арага сан жылдарды салып Құрмангазы келді деген

пікірді ара-тұра естіп қалам. Музыка зерттеушілерімен пікір таластырудан аулақпын, Корқыт пен Үңғылас, Кетбұғы мен Құрмангазы арасы бізге жұмбақ болса, жұмбақ шыгар, зерттелмей, зерделенбей жатса жатқан шыгар, бірақ онер коші үзілмек смес. Өмір бар жерде, халық гүмір кешкен слде онер де омір сүреді, халықпен бірге жасайды. Біз Құрмангазының екі жұздей күйін, Тәттімбеттің бармагына қырық түрлі күй ілінсе, соны түгел тындадық дей алман. Беріде — ат жалын тартып мінген шақта Әүлөткерей, Дина, Байжігіт, Сүгір, Тоқа, Сейтек күйлесріне, Ақан серінің, Біржан салдың, Жаяу Мұса, Абай, Кененнің өндерінен ықылас қойдық. Нор алдық. Менің бақытым — исі қазактың иғі жақсылары бас түйістірген Алматыда туып өсқенім. Одан кейін Мәскеу барып оқып, өн мен күйдің шүрайлы тесі Коныратқа келіп жұмыс істегенім. Қозімдітырнап ашқалы іргемде кітапхана, үй алдында театр болды. Музей аралап, ашылған корме болса, оны құр жібермедім. Қолымнан кітап түспеді. Осы күнгі екінші Алматы вокзалынан өрі қарай Баум багына дейін ит тұмсығы батпас ну болатын. Сиырды оріске айдал салып, аз гана уақ малды сонда жаятынбыз. Қойдың кезегі жоқ. Бірақ өр тұстан қозы, лагын, бұзауын айдал келген балалардың бір мезгіл бас қосатын жері осы. Солардың өңгімессі көбіне бейтіден кімнің аты келді, Қажымұқан кіммен белдестьі, қай ақын кіммен айттысты дегенді пысықтап жатар еді. Ол кезде Алматыға астананың қоныс аударып, театр деген таңсық дүниеге қызыға құмартып, қуана көрстін көзіміз. Өнерге деген інқор көңіл осылай оянып, осылай орбіген-ді. Содан бері неше жыл біздің халқымыздың арасынан талай талант қанаттанып шықлады, мен солардың қай-қайсымен де әлденеше рет жұздесіп, сұхбат құрган адаммын. Сыйлас қана смес, сырлас болғаным бар. Өмір болса, ол бір өз алдына бір кітап-ау деп ойларымды соган жұптап жүрген жайым бар. Сондықтан бүтінгі соз оның беташары деп есептеп, қысқа қайыра кеткелі отырмын.

1936 жылы қыркүйектің 6-ында Кеңес Одағының бір топ онер шеберлерінен КСРО халық артисі деген ең жогары атақ берілді. Атагы жер жарып тұрган В. И. Немирович-Данченко, Б. В. Шукин, Е. П. Корзачина-Александровская, А. В. Неждановалардың сапында біздің Гүлбаярам Байсейітова да жарқестіп, жұлдызы жанды. Құлөш скеумізде бір жылдың толіміз, бір

қаланың тай-құлындағы тебісіп өскен перзентіміз. Әкесі Жасын деген кісі де онші болған, қиссаларды таңға айтатын. Құләш Бейсова (қызыңындеғі фамилиясы) сол қаннан дарыған онердің үшпағына шыққандарын. Жеті жылдық мектепті таусып, қазак педагогикалық институтында оқыды.

Оқыды дегеннен гөрі ән қанатында жүрді. Шіркін, Құләштің әнін тыңдал, үнің құлақ қойған жаңда не арман дейтін уақыт, отызыншы жылдар еді гой. Тұңғыш ашылған драма театр труппасынан 1933 жылы музыкалық студияга ауысқан тұста ол бар қырынан танылды. М. Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясында Айманның, Е. Брусиловский-дің «Қызы Жібек» операсында Жібек, «Ер Тарғында» Ақжұніс, М. Толбаевтың «Біржан-Сарасында» Сара боп ойнаганын көріп, мың құбылған үнін тындаган құндер, сірә, ұмытылар ма! А. В. Нежданова айтса айтқандай, «чудо!» еді гой!

Бұл сөзге Габит аксақал қазақша балама таппагандықтан емес, орысша тенеуге соншама мән-магына сыйып тұргандықтан қаз-қалпында алса керек. Мен сондай сиқырлы онер иесі деп Шара — Шын аты Гүлшара Жиенқұлованы айттар едім. Ол да Алматының қызы, түйдей құрдас едік. Ондай мың бұралған биші енді туар, бірақ бұған дейін кездестірген емесспін.

Шара башқұртша да билейтін, грузинше де билейтін. Ол билемеген би жок. Арабша, үндіше, қытайша, озбекше билессе де сол елдің нақышын тап басып, ішкі жан сұлулығын аша білетін. Кейде оны татар, бірдес монгол, тіпті украин ба деп шатастырып алғандай едік. Сойтсек, би құдіретін жетік менгерген Шарамыз чуваш та, индонезиялық та боп кете береді екен. Бұл дарының гана қолынан келседі. Шара сол дарын қыздарымыздың бірі еді.

Мен Шәкен Аймановпен стінен ет кесіп беруге бар дос едім. Жарқылдал кеп табысып, қимай айырылысатынбыз. Әзіл-қалжыны алдына салып, ән-жырын қанжыгасына байлап жүрестін, баяғының не серісіне, не салына үқсамайтын, үлкенге де, кішіге де сүйкімі мол, бір туар дара тұлға еді. Ол актерлік өнерінің табаны құректей жиырма жылдын М. Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрында откізді. Қазақ саяхасы Шәкендей шеберлердің арқасында рухани алтын қорымызға айналған талай қойылымды көрестті. Маган соның ішінде «Асауга

тұсау» қатты ұнап еді, ондагы Айманов ойнаган Петруччио сәңсүйікті кейіпкеріме айналып еді. Ол кино өнерінде де озінің өшпес ізін қалдырыды. «Қазақфильм» енді соның атымен атала-ды. Айтуға ауыр сөз. Қимагандықтан смес, сагынышы мол күндердің алыстап бара жатқаны жан ауыртады. Шөкен ексуміз соңғы рет Мәскеуде «Қазақстан» қонақ үйінде кездестік. Кешкі дөмді бірге іштік. Ол маган шығармашылық ойларымен ортақ-тастырып, алда істейтін жоспарымен таныстырып еді. Бізбен А. Михалков-Кончаловский бірге отырып, дәм-тұздас болды. Қазақстан оқілдегінің кино залынан сәңсоңғы, бірақ шоқтығы биік «Атаманның ақыры» фильмін көрін, бір жасап қалып едік. Сөйтсек... Сұнқардың соңғы шырқауы екен. Мандайга сыймай кетті гой.

Таланттар көші кімдерден басталды дегендес, сахна өнерінің саңлақтары — Қалыбек Куанышбаев, Елубай Өмірзаков, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Серке Кожам-құлов, Камал Қармысов, Қапан Бадыров, Шолпан Жандарбекова, Нұрмұхан Жанторин, Үйдірыс Ногайбаев, Хадиша Бекесева, Собира Майқанова, Фарида Шөріпова, Валентина Харламова, Евгений Диордисев, Бикен Римова, Асанолі Әшімов, Әнуарбек Молдабековтардың есімі аталды. Бұл санатты опералық сахна шеберлері Бибігүл Толегенованаң, Ермек Серкебаевтың, ағайынды Ришат пен Мұсілім Абдуллиндердің, Роза Жамановалар толықтыра түседі. Бибігүл салған «Гауһартас» пен «Бұлбұлдың» жөні болек. Роза Багланованаң күмістей сыңғырлаган үні естіген құлақтың құрышын қандырап еді.

Бұлардың оқшесін басып және бір үркердей топ шықты. Олар — Х. Қалиламбекова, Р. Жұбатырова, Н. Каражігітов, Х. Есімов, Н. Нұсіпжанов, С. Тыныштыгұлова, қазақ опера және симфониялық музыкасының осуіне Ахмет Жұбановтың, Евгений Брусиловскийдің, Латиф Хамидидің, Газиза Жұбанованаң, Еркегали Рахмадиевтің, сондай-ақ ұлттық хорсография-мыздың қалыптасуына Болат Аюхановтың қосқан үлесі қомақты.

Коркемөнер ішінен оз басым соулет және бейнелсеу өнеріне ерекше ықылас қоямын. Қыл қаламның тылсым құдіретін мойындарқан Әбілхан Қастесев ақсақалды, оның омір мектебін, шығармашылық жолын жогары бағалау орынды гой деймін. Ол

қазақ кеңес бейнелсу өнерінің негізін салушылардың бірі. Кешегі жалшы бала өнердің дара бозына айналды. Мыңдан астам көркем туынды қалдырыды. Мен Қ. Телжановтың, С. Мәмбейевтің, М. Кенбасеттың, Г. Исмайлованың, А. Галымбасеваның, мүсіншілер Х. Наурызбаевтың, Т. Досмагамбетовтың, Е. Мергеновтың шыгармаларымен гана смес, олардың өздерімен талай пікір алмасып, ой боліскен кездерім болды.

Казақ жазушыларының қоғамын көзбес-көз сөйлесіп, олардың еңбектеріне дең қойып отыру бала құннен бойға сіңген әдсті еді. Мұхтар Әуезов, Габит Мұсрепов, Габиден Мұстафин, Сәбит Мұқанов мен үшін бір төбе. Әбділда Төжібаев, Жұбан Молдагалиев, Хамит Ергалиев, Халижан Бекхожин, Әбу Сәрсенбаев, Мұқагали Мақатасев, Гафу Қайырбеков, Қадыр Мырзалиев, Фариза Оңгарсынова, Мәриям Хакімжанова, Тұрсынхан Әбдірахманова жазған жырлар халықтың рухани қазынасына айналды, олардың поэзиясын сүйіп оқытын оқырмандар саны, мен айттар едім, уақыт өткен сайын қобейе түспек. Ол санатқа орыс жазушылары И. Шуховтың, Дм. Снегиннің, И. Шеголихиннің, М. Симашконың шыгармаларын қосуга лайық. Мен И. Есенберлинді, Т. Ахтановты, бөле-жара айтсам, кезінде олардың заманымыздың откір де көкейтесті проблемаларын көрсеткен шыгармаларымен, тарихи тақырыптағы толғамдарымен танысқаным бар. Ілиястың «Алмас қылыш», «Алтын құс», «Жанталас» романдарын, Тахаудың «Боран» повесін, атып өтүгे болады.

Есенберлин ексуміздің арамызда аса бір достық пейіл сртеден қалыптасқан еді. Оны Орталық Комитетте нұсқаушы бол істеп жүрген кезінен білетінмін. Артық сөзі жок, жібектей мінезі бар кісі еді. Шыгармашылықпен айналыса жүріп, опера театрының, кейін Жамбыл атындағы филармонияның директорлығын атқарды. Жазықсыз жалага үрініп, біраз уақыт істі болды. Тұрмедин шыққан бойда ешқайда бұрылмастан, тіпті үйіне де соқастан, салып отырып маган келіпті. Ол кезде Министрлер Кеңесіндемін. Бар мұнын шагып, жайын айтты. Басқа басқа, дәп қаламгерден киянат, жазушыдан жалғандық шыгады деп ойламаймын. Рухы биік адамның жаны да таза, ділі де таза. Иманын жолdas сте білгендер гана халық көкейіндегі

ойды айтады, соган лайық туынды береді. Мен оның өтініштегін скі еткенім жок. Қолдан келгеннің бөрін жасауга тырыстым. Жабырқап қайтқан көнілдің коз түрткі болмас жағын ойладым. Оның қаламынан қандай туындылар шыққанын менен де жақсы білесіздер. Обаты нешік, жаңа шыққан кітабының сүйінші данасын (бөрі сөйтүте тырысатын еді, қазір гой солардың көбісі үй айналып өтетін) әксліп тұрды. Мен жазуға қайраттандырса да, атақ алуына араласым болған смес, оған халық іздең жүрген тарихи туындылары даңғыл жол ашып берді. Бәлкім, көркемдік сапасы «па, шіркін-ай» дегізбес, бірақ біздің халқымыздың аргы-бергі тарихын бүгінгі үрпаққа жинақтап, жүйелеп беруде маңызы зор болғандығына ешкім дауайта қоймас деймін.

Ол қайтыс боларынан біраз жыл бұрын маган «Мұхитты жарып өткен қайық» («Лодка, переплывшая оксан») деген романының қолжазбасын әкеп берді. Мұқият оқып шықтым. Оқырман ретіндес өз пікірімді білдіріп, бірқатар сын-ескертпеде айттым. Бірақ:

— Ілесе, сізге шығармашаңылық табыс тілесп, тілектес көнілде жүрген оқырманыңызбын. Менің мына ұсыныстарыма тек сол түргыдан гана қараңыз, — деген ескерткенім бар. Есенберлин күп алып:

— Қайта қараган сайын шығарма ширай түседі. Мына пікірлеріңіз соган қамшы болғалы тұр, — деген еді. Ал сол шығармасы Есенберлиннің не тірі кезінде, не дүниеден қайтқан соң көзіме түспеді. Соган не себеп болды екен деген ой жій мазалайды. Елге ауадай қажет роман еді...

Мен үшін Олжас пен Мұхтардың (Шахановты айтам) орны бөлек. Халқы да солай қадірлайді. Ақындығын азаматтығы, азаматтығын ақындығы көтерген, елдің сөзін сөйлеп, жоғын жоқтаган, дауласуга бар, бірақ жауласуга жоқ, осындаидай үлдары бар, осындаидай ақындары бар халықта не арман бар!

Музыка — адамзаттың өмбебап тілі гой. Ол біздің жан дүниемізді байытып, рухымызды көтеретін, асыл сәзімдерге төрбиелейтін, өсірессе, үлттық сана-салттымызға баулитын сиқырлы күш. Мен Нұргиса Тілендисевтің шығармаларын тындаған сайын осындаидай ойга қалам. Оған бірінен-бірін боліп қарапаға болмайтын, бірін-бірі толықтырып, байыта түсстін үш бірдей

онер қонған. Ол — өуслі композитор, дүниеге қазақтың көзімен қарап, қазақша ойлайтын және сол үндес жазатын композитор. Екіншіден, ол — дәүлессер күйші. Оның қолдары буынсыз бишідей, домбыра пернелерін қуалап, қос ішегін ілген сайын жүректің нөзік қылдары мың сан сезімге оранады. Өз шыгарма-сына қалай талғаммен қараса, өзгенің күйлеріне сондай сергек қарайды. Алалау жоқ. Өнерге адад. Үшіншіден, ол — асқан дирижер. Осы онері үшінде ол КСРО халық артисі атагын алды. Таланттың қашанда алды жарық, жолы тар. Нұргисага қай кездес де атақ алу оңайга түспеген. Бұ жолы да солай болды. Мөскеуден КСРО Композиторлар одагының қырық жылдан бергі бірінші хатшысы Т. Н. Хренниковтың, жолы түсіп, Алматыға келіпті. Екі үш күн астана омірімен, оның музыка әлемімен танысып, кімнің кім екенін көзі жеткен ол жерден жеті қоян тапқандай қуанып:

— Мен әлі оз көзіме озім сенбей келіп отырмын. Ол тұнып түрган музыка, это — явление! — деді.

Мен әңгіменің кім туралы болып отырганын ішім сезіп отыр. Маган таңдана қарап:

— Сіз, сірә оны білстін шыгарсыз. Ондай тума талантты танымаяуыңыз мүмкін емес, — деп және бір қойды.

— Тихон Николаевич, қазақ таланттардан кенде емес екенін көзіңіз әбден жеткенін білем. Бірақ, соган қарамастан, оларға озінс лайықты бағасын беруге келгенде тым сараң емессіздер мес? — дедім.

— Жоқ, мен Тілсендиев үшін қайда, кімге бару керек болса, одан тайынбаймын! Оның құрган этнографиялық «Отырар сазы» оркестрі қазақ музыкасын халықпен жалғастыратын алтын көпір.

— Ондай болса келістік. Жолдан қайтып жүрген біздің ұсынысымызды озіңіз аягына жеткізерсіз деп ойтаймын.

— Оган дау бар ма?

Сол жылы 1 Май қарсаңында Нұргиса көптен күткен қуанышын тойлады.

Жүзден жүйрік, мыңдан тұлпар деген осы. Халқы оны еркелесте білсе, ол халқын өн-күймен тербесте, тебіренте біледі. Шынында да, құбылыс! Маган Кенжебек Күмісбеков жазған күйлер үнайды. Оның да музыкасынан ұлттық бояу, осем ыргақ

таңғы самалдай еседі. Кешегі Сыдық Мұхамеджановтың сазда-ры жүрекке жылы, жанга жайлыштың созылғанын. Шөмші Қалдаяқов, Ескендір Хасанғалиев, Әссет Бейссеуов — үшесеуден де сл ішіндегі асылдың сынықтары. Кейінгі толқын ішінен Төлеген Мұхамеджанов пен Жоламан Тұрсынбасовтың шыгармашылығы назар аудартады. Хорменистер Анатолий Молодовтың өзіміз өгейсітіп жүрген хор онерін өркендетуге аз сәбек сіңірген жок. Жалпы, бір жердің дөм-тұзы слдің бірлігін сактап қана қоймайды, бірін-бірі рухани байытады, бірінсі бірі қарап оседі; шыгармашылық ішкі бәсеке тудыруының өзі де баяны бар іс. Осы жылдар ішінде Қазақстанда тұратын үйгыр, озбек, татар ағайындардың, көрдің, неміс, дүңган, шешен, ингуш халықтарының мәденисті өркен жайды. Оған композиторлар — КСРО қалық артисі, үйгыр К. Қожамияров пен дүңган Б. Баяхуновтың шыгармашылығы дәлел.

«Көргені жақсы — кош бастар» дейді халық. Үлкен мән бар. Өнерге, білімге, ізгілікке үмтүлсақ қана көсеге көгеріп, көрпе үлгаймақ. Сонда гана озге жүртпен тен сойлесіп, терезе теңестіреміз. Құр мақтан, босқа мал шашпақтан құтыламыз. Бұл орайда Әлібек Дінішевтің есімін болс жарып айту макұл. Оның үні мұхиттың аргы-бергі бетінен түгел таныс. Роза Рымбасова қаршадайынан топты жарып шығып еді. Сол сүйкімді қалпы. Жәния Әубекірова европалық үлгідегі өнер — күй сандықтан төрткүл жүртты түгел тамсандырыды. Олардың тобын осылай тарата айттып, тамсана сойлей берруге болады. Әншілер М. Жұнісова, Н. Үсембаева, скрипкашылар А. Мұсаходжасева мен С. Биссенғалиева, пионистка Г. Қадырбекова, балетмейстер Р. Бапов, «Гүлдер» эстрадалық ансамблінің алғашқы коркемдік жетекшісі және үйімдастырушысы Г. Галиева және басқа да шыгармашылық жастаңдардың оқілдерің жылы лебізге өбден лайық. Олар Европа, Азия және Африка қалаларын шарлап, қазақ деген слді танытқан, соның гажайып онерін насиҳаттап, сл құрметтіне бөлсөніп жүргендер.

Бармасаң, келмесең жат боларсың деген бар. Өнер үй-ішінің гана ләззаты емес, жалпақ жүртқа ортақ қазына гой. Майкөт ақынның есімі исі қазақ баласына жақсы таныс. От ауызды, орақ тілді ақын Құлмамбетпен айтысып қайтқан соң, Қарататудың теріскей етегіндегі сл ағасы Сапақ биге сәлем бере

барып, Жетісуды түгел аралап қайтқанын, елі де, жері де бай екенін, ұлken-кішісі түгел өнерлі болатынын айтады.

— Ел-жүрткымның кедейлігі бетке шіркеу болды. Құлмамбет слінің байлығына, мен жерімнің байлығына сүйендім, — деп Қаратауды мақтап ала жөнеледі. Ұзақ тебіреніп барып тоқтаған тұста Сапақ:

— Мына жырынды естіген жүрт ішпей-жемей тойғандай скен. Бірақ, дүниенің бар қызығы байлықта смес. Бақыт — қолға қонған құс, ұшады да кетеді. Байлық — қолға ұстаган тұз, ериді де біtedі. Дүниенің қызығы — сіз бен біз, — деген екен. Сол айтқандай, басқа жүртпен араласу татулықтың гана белгісі емес, салт-санасын, дәстүрін бірін-бірі танытудың, барына сүйініп, жоғына сүйеніш болудың жолы. Одақтас республикаларға барып, олардың бізге келіп, бауырлас халықтардың әдебиеті мен өнерінің онқұндіктерін өткізу дәстүрі соган дәнекер еді. Мәскеу мен Ленинградтың: КСРО Үлкен театры, Кіші театры, Г. Товстоногов басқарған Үлкен драма театр, Сатира театры, «Современник», Москенестің театры, Г. Вахтангов атындағы театр, Таганкадағы театр, Мәскеу көркем академиялық театры сияқты өнер ордаларының Алматыда гастрольде болуы, ал біздің өнер шеберлеріміз бен қаламгерлеріміздің, композиторлар мен суретшілеріміздің, сәулетшілер мен мұсіншілердің одак көлеміндегі ұлken-кіші республикаларды аралауы қандай ганибет, ойына ой қосып, шабытпен оралатын.

Мен өткенсінде жіберсем, өнер саласында елеулі-слеулі іс тындырылыпты. Тек соңғы жылдарда Арқалықта, Жезқазганда, Шевченкода, Теміртауда, Талдықорғанда, Кокшетауда театrlар ашылып, филармониялар жұмыс істей бастаған скен. Қазақ КСР Мемлекеттік өнер музейінің, Суретшілер одағының көрме залының кең сарайлары салынып, пайдалануга берілді. Шымкентте суретшілер үйі, Алматыда Баспа үйі салынып, «Жалын», «Өнер» баспалары ашылды. Қазақ Кеңес энциклопедиясының Бас редакциясы құрылып, он сік томдық «Қазақ совет энциклопедиясын» жөне көптеген басылымдарды шығарды. Қазақтың ұлттық музикалық аспаптар музейін үйімдас-тыру, оған бұрынғы офицерлер үйінен жай беру, ол республика жүртшылығының сүйікті орны гана емес, шет елдерден күн құргатпай келіп-кетіп жататын қонақтардың арнасын ат басын

тірер орталығына айналды. Әрине, бітірер іс көп сді, оған борі ойлагандай бола ма. Алматыда неміс, ұғыры және корей театрларының құрылыштарын бітіре алмай кеттім.

Осының айтпаса болмайды дейтін мәселе аз емес. Соның бірі — ортамызға қайта оралған Шәкірім Құдайбердиевтің, Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың және Жүсіпбек Аймауытовтың артында қалдырыған мол мұрасы. Сөз жоқ, олар бірегей таланттар, ұлы қайраткерлер, қазақ әдебиетінің көш басшылары. Бұл мәселені бұдан әлдеқайда ертерек шешуге болмайтын ба еді деген орынды сұрақ туады. Әбден мүмкін еді. Егер Қазақстан жұртшылығы директивалық органдардың алдына мұны батылырақ және табанды түрде қойған болса, шынында да, тап осылай кешеуілдемес еді. Әйтсе де, ештен кеш жақсы. Осының өзінде қаншалықты құшке түскені, іс дүрыс шешімін тапқанга дейін мүлде қарама-қайшы бага беріліп, елеулі түрде қарсылықтар жасалып келгені белгілі.

XXXVII

Бүгінгі таңда экологияға байланысты мәселе өте орынды көтеріліп отыр. Республикада Арал теңізі мен Балқаш көлін сақтау жөнінде штаб жұмыс істейді. Ал «Невада-Семей» қозғалысы Семей полигонында ядролық жарылыштар жасауға тыбым салуда зор жұмыстар жүргізді. Орталықтың өктемдігіне тоқтау жасалды. Зардап шеккен аудандардың халқына материалдық өтемдер төлеу көзделуде. Оны қазақтың белгілі ақыны Олжас Сүлейменов басқарды.

Ағайын, жалпақ жүрт жапа шеккен, шырт үйқысынан оятқан ең бір өзекті мәселеден зейнетті демалыста жүр екенмін деп шет қалуым, сірө да келіспес. Маган жауап берсөң де бересің, бермесөң де бересің деп жатқан ешкім жоқ. Бұл арада ар-ождан мазалайды, пәленбай жыл осы елді басқарған адамсың, сенің де қатысың бар, жалт беруге қақың жоқ дейді. Бұл қазақстандықтарды ғана емес, осы республикамен шектес следерді түгел толғандырып отырган жай. Олар менен:

— Қазақстанның қақ ортасынан стіңсен ст кесіп алғандай

жерінді өскери полигонға айналдырып жатқанда сіз не істедіңіз? Азамат ретінде ішкі айғай атой салу керек еді гой, не ойладыңыз? Орталық қалай ғана КСРО Министрлер Кеңесінің не Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросының алдынан отіп, рүқсат сұрамады? — деп коңілдегі жүрген сұрақтарының басын ашып алғысы келеді. Байқауымда, бүгінгі үрпак күдікпен қарап қоймайды, көп жайға тандана қарайды...

Мен ол күндерді ұмыта қойғаным жоқ. Министрлер Кеңесі тәрагасының орынбасары едім. Истің жай-жапсарын алақанға салғандай түп-түгел білемін дей алмаймын, бірақ хабарсыз емеспін. Менің білетінім: қандай тапсырма болмасын, бәрі жоғарыдан — Мәскеуден беріледі. Тұлкі бұлаң жоқ. Мына аудандағы пәлен деген жер, көлемі сонша метр, мынадай мерзімге дейін түгеннің қарамағына болінсін дейді. Ол талқыланбайды, тап-түйнактай орындалады. Біздің қолымыздан келетіні: ол өнірдегі ауылды, қыстақты, шопандар күздеуі мен қыстауын айтқан уақытына дейін түп-түгел көшіріп, жерді босаттырып береміз. Оған қайран қалугаболмайды. Қазақ жерін өскери мақсат үшін алу туралы қаулыға тікелей Сталиннің өзі қол қойса, мұнысы қалай деуге ол кездे кімнің батылы жеткендей еді. Мұндайда жан баласы, кім болса ол болсын, жұмған аузын ашуга күкі жоқ. Оған дейін де солай болды, одан кейін — біраз жылға дейін сол тәртіп қатаң сақталды. Қылышынан қан тамып тұрган заманда сен өйтпедің деу — қақаган аязда жылы үйде отырып күннің күйіп тұрганы-ай деп, жейдесін шешкен кісінің тірлігімен бірдей іс. Семей полигонының жайы осылай. Орал мен өзге өнірдегі полигондар да онымен тағдырлас. Рас, бірінен соң бірін жарып жатқан тұста полигон басшылары біздің конференцияларымызға қатысып, тіпті Орталық Комитеттің озіне келіп, истің барысы жайлы баяндап беретін. Төбе шашың тік тұратында хабар айттылмайтын, қайта онан келетін пайда болмаса, кесір жоқ деп иландыратын. Жалған айтты деп ойламаймын. Меніңше, сол кездегі мамандардың өресі де сол шама болар, қазақ жерінде адам айтқысыз «өскери ойын» бастауын бастап, ойын түбінен от шығарып алатындарына көздері анық жетпеді-ау, сірә.

Семей полигоны аяғынан тік тұрган кезде тұңғыш сынақ Лаврентий Берияның тікелей басшылығымен өткені енді ғана

аян болып отыр. Ол атусті полигонға соғып тұрган, бірақ онымен республиканың бірде-бір басшысы жүздеспегені анық.

Республика жүртшылығын мазалайтын ендігі бір мәселе — атомнан кем түспес қатер — оның қалдықтары. Асқан жауап-көршілікпен мәлімдеймін: мен республика территориясында атом қалдықтарын көму туралы бірде бір актыға кол қойған емеспін. Онда Қазақстан ондай қауіп-қатерден дін аман болғаны гой? Мен үзілді-кессілді байлам жасаудан аулақпын. Әскери ведомство, өсіреке, соңғы жылдары көп мәселеңі сырт көзден жасырып, өз ішінде гана шешіп отырды, қай территорияға өктемдігі жүреді, сол жерде олар ешкіммен санаспайтын. Айтпақшы, бүкіл елде атом электр станцияларын салу кең өріс алған тұста Орта машина жасау министрлігінің тарапынан мені біраз қыспаққа алғаны бар. Олар осы орайдагы станциялардың бірқатарын Қазақстан жеріне, оның ішінде Жамбыл облысына қалайда орналастыру керек деп отырып алды. Онсыз да химия заводының қолқанды атқан пісі мен ысы талай дауасыз дерпті ушықтырып жатқанда, бұл бір жагынан қосылса ел не күйде қалмақ? Пәледен машайық қашып құтылыпты-мыс, мен де алған беттен қайтпадым. Ақыры, атом станциясынан іргемізді аулақ салдық.

ххх

Арал — бір бүгін гана өңгімс болып отырған жоқ. Оның тағдырына араша сұрап, шырылдагалы қай заман! Теніз тартылды деген сөз, оның айналасындағы ел-жүрттың гана смес — бүткіл елдің, қажет десе күллі қасіретінің басталғаны. Тың төсін түгелдей түз басады, астық шықпайды. Ал, нан жоқ жерде өмір бар дегенге тірі жанды иландырып көрініз...

Арал мен шүгілдаган ең өзекті жөнене ең күрделі проблемалардың бірі тұғын. Қайталап айтамын, онымен жиырма жыл бойына шүгілданым. Әуелде қайда бармайын, кімге бармайын тауым шағылып жүрді. Бірақ бастаган шаруаны орта жолда қалдыру өдестімде жоқ еді.

«... Арал проблемасын, оған құятын өзендер сүнн молайту проблемасын да қарайтын мезгіл жетті» деп мәлімдедім. Сен бұзылғандай көрінді. Әуслі Өзбекстан мен КСРО Су шаруашылығы министрлігінің басшылары қолдаубайқатты. Бірақ нақты шешім жасалмады. Партияның XXVI съезінде Арал теңізі бір-

жола құрып біткелі түр деп, дабыл қақтым. Сосын барып, одақ басшылары бұл мәселеге сергек қарай бастанды. Теніз деңгейін сақтап қалу үшін Сібір өзендерінің екі процент сүйн бөлуге шешім қабылдады. Мұның өзі Қостанай, Ақтөбс және Қызылорда облыстарының территориясында бау-бақша және мал өнімдерін өндіруге мол мүмкіндік аштын еді. Алайда, сөз аяғы құрдымға кетті. Қайта құрудың «қаһармандары» Сібір сүйнан бір тамшы татырмаймыз деп байбалам салды. Ақыры, Орталық не Қазақстанмен, не Орта Азия республикаларымен ақылдас-пай-ақ қабылдаган шешімді тас қаптырды.

Соңғы жылдары журналистер Аралдың тартылуының салдарынан залал шеккен экологиялық апаттар жайында жарғақ құлагы жастыққа тимей жазып жатыр. Оны сақтап қалу жөнінде Комитет құрылды. Осы проблемага арналған өр деңгейдегі конференциялар, симпозиумдар, мәжілістер өткізілді. Эйтседе ықпалды іс жоқ. Пора-пора сөз күйінде қалып қойып отыр. Алдагы кезде одан және бірдеме шыға қояр десу кын. Рас, келісіп пішкен тон келтес болмайды. Ауруортак, бірге сидемесе, асқындырып алатыны да анық. Бірақ, сінің сұлкені және барынша тиімдісі – Сібірдің екі өзенінен ішнәра су бөлу туралы жобага қайта оралу. Меніңше, соган күш салмайынша, көзіміз ашылмайды. Оған имандай сениңіз.

Балқаш туралы қабылданған шешімнің дұрыстығында дау жоқ. Қапшагай теңізінің сүй 13–13,5 миллиард текшіс метр көлемінде сақталуга тиіс. Балқаш қауіптен арылды, тек соңғы 1,5 жыл көлемінде оның сүй бір метр көтерілді. Ал, оны осы қалпында ұстап, сүйнің тазалығын сактау үшін айналасын-дагы өнеркәсіп орындарына қалдықты тастауга тыйым салу керек, сондай-ақ суды үнемдеп пайдалану қажет.

Ал, Үлкен Алматы тоганы жайында не айтуға болады? Оны сан-саққа жүгіртудің қажеті сіндігі жерде ешкімге тиімді бола қоймас. Ол іс жүзінде экономикалық тиімділігі мол жәнс берері алда екенін дәлелдеді гой деп ойлаймын. Тоган құрылысын жобалық тапсырма бойынша аягына дейін жеткізу керек. Оның мандаі тірерйтін жерінс көконіс өсірстін бірнеше совхоздар үйымдастырган жөн. Алматыны азық-түлікпен қамтама-сыз стүгс, сөз жоқ, пайдасы тиеді.

Қазір өзің құрметпен қарайтын кісіге арнап жылы сөз айтуды да артық санайтын заман, соган қарамастан, мен мынаны атап өткім келеді: халық шаруашылығының барша саласын өркендестуде, халықтың мәденисті мен тұрмысын өсіруде біз КОКП Орталық Комитетінен, Қеңес үкіметінен, барлық туысқан республикалардан, сондай-ақ, әрине, еліміздің бірінші басшысынан бага жетпес көмек алып отырдық.

Брежнев, қайталаپ айтайды, республикага айрықша көңіл бөлді. Партияның XX съезінде КОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшелігіне кандидат және Орталық Комитеттің хатшылығына сайланғаннан кейін де Брежнев республикамен байланысын үзбеді. Мәскеуде қызмет істеп жүрген тұста Қазақстанга сегіз рет келіп қайтты. Келген сайын партия активімен, халық шаруашылығының әр түрлі саласындағы еңбеккерлермен кездессіп, қай жерде болмасын істің мән-жайымен жесте танысып отырды, маңызды міндеттерді шешуде республикага ақыл-кеңесімен де, пайдалы ісімен де көмектесті. 1980 жылы соңғы рет келген кезде Леонид Ильич менің отінішіме орай Алматыға метро салуга келісімін беріп, оны жобалауга және құрылышын салуга тапсырма берді. Онымен маршал А. А. Гречко бірге жүретін, біз Андрей Антоновичпен «Байқоңырда» Шарль де Голлды, Жорж Помпидуды қарсы алғанымыз бар. Бір жолы Брежнев Саяси Бюро мүшелерімен, мүшелікке кандидаттармен бірге Байқоңырга келген социалистік елдердің басшыларымен бас қости.

Фарыш сұнқарларының біздің жерден аттанып, біздің байтақ даламыздың төсінде қарсы алатынымызды орынды мақтан еттік. Қыран баптап ұшырган құсбегі алғанына емес, салғанына моз болса біз атымыздың олемге жайылғанына риза едік. Бірақ, «Байқоңыр» космодромының бар шығыны одақтас республикаларға ортақ еді, жұмыла көтергеннің арқасында гылым мен техниканың бұрын-сонды адамзат баласы естіп көрмеген жаңалықтарына олем күә болды. Космос багдарламаларын жүзеге асыру, «Байқоңырдан» космос корабльдерін ұшыру гылым зерттеу ісінде, космонавтиканы өркендестуде және еліміздің, республикамыздың халық шаруашылығының көптеген саласына байланысты мәселелерде орасан зор пайdasы болды және бола бермелек.

Әңгімс Брежнев туралы болып отыр гой, ол Қазақстанның өндіргіш күшін котеруде қомақты ұлес қосқаны еш талас тудырмайды. Ашық айтайын, оның атына айтылған сын ескертпелердің бәрі бірдей орынды, бәрі бірдей өділ емес. Сөзім дәлелді болу үшін оған кеңірек тоқтала кестейін.

Леонид Ильич сөзді орнымен, тауып айтқанды жақсы көретін. Отырган жері әзіл-қалжыңсыз болмайтын. Айналасындағылармен емін-еркін отырып, ашық-жарқын сейлесетін. Соган қарамастан оте сақ адам еді, көмекшілерінс, қызмет бабымен жиірек араласатын кісілерге сыр алдырмайтын, не алыстатып, не тым жақыннатып жібермейтін. Әлдекім онымен тонның ішкі бауындаі араласып жүріп, біржола қолтығының астына кіріп алуға үмтүлгандай болса, ондайлар тез-ақ сырттап қалатын. Бірде, ұмытпасам, 1965 жылдың басында Ескі алаңдагы Орталық Комитетке келіп, Леонид Ильичке сөлем беруге кірдім. Оның қабагы қатулы скен. Бас изесіп амандасты да, телефонмен әңгімесін жалгастыра берді. Әлдекімге ашуланып, ауырлау сөздер айтып таstadtы. Мен естімеген адамдай отыра бердім. Ол әңгімесін келте қайырып; телефон тұтқасын сылқ сткізіп таastай салды. Мен сыпайылық сақтап:

— «Бастық бажылдаپ ұрысса — көрінгенге таба болар, ал, ұндеңей түнерсс — үрэй алар» деген көңе мөтсл есінізде шыгар. Зады, кең болсаңыз кем болмайсыз, — дедім.

Сабасына түсті білем, сіссін көтеріңкіреп, әлгі әңгіменің мөнісін айтты.

— Сабырга шақырганыңа рақмет! Өмір бірқалыпты бола ма, — дедіол ауыр құрсініп. — Айналанда инснің көзінен өтетін жагымпаз, арзан тірлік үшін ардан безген немесе көктен түскендей кокірсін көтеріп, өзін кеменгер санайтын, бірақ куыс күде адамдар қаптап жүрсе, қалай гана қарап отыра аласын. Дәп қазір Сусловқа сондай пасықтың бірін алды-артына қаратпай куып жіберуді ұсындым. Сіз оны білмейсіз, ондайларды білмегеніңіз де жақсы. Бір кезде Хрущевтің қарамагында болған. Сол енді, мен нессін айтасын, Хрущевтің бар баяндамасын жазып беріп, ылғы ақылымды айтып отыратынын, слід басқаруына септігім тиді деп, жар сала мақтанатын корінеді. Қайдагы бір Бурлацкий деген...

Іле басқа әңгімеге көшіп кетті. Жөнс мен де әлгі осімғс

пәлендей мән берс қойғаным жоқ. Брежнев өзінің күнбес-күнгі қызметінде жәнс ол жасырын смес — мәскеулік ат төбеліндей адамдарға арқа сүйеп, соларга обден сеніп кеткен-ді. Оның коптеген кемшіліктерінің, агат істерінің, олқылықтарының басым бөлігін солардың арына жүктеу керек. Брежневтің сол уақыттагы абырой-беделінің асып тұрганын ескерген олар оны басқа біреумен алмастыру керек-ау дегенді ойлагысы да келмеді. Ол қай жағынан болса да әлгі ат тобеліндей адамдардың ойынан шығатын еді.

Леонид Ильич өмірінің соңғы жылдарында ауруы асқынyp, өз міндестін толық атқаруга мүлде шамасы жоқ тұғын. Мінс, сондықтан да жогарыдагы топқа имандай сенді. Олардың сліміздің ішкі өміріне де, хатықаралық сыртқы істерге де қатысты дайындалған ұсыныстары мен шараларын созғе келмей мақұлдан отырды.

Орталық Комитеттің болім бастықтары мен салалық хатшыларының үлесіне аз жауапкершілік жүктелмеуге тиіс деп есептеймін. Сонда да болса, жәнс оны мойындау керек, Саяси Бюроның жәнс Бас хатшының берген нұсқауларында мін жоқ еді. Өкінішке орай, Орталық Комитеттің тарапынан бақылаудың (өсірессе, соңғы жылдары) нашарлаганынан Орталық Комитет пен Министрлер Кенесінің коптеген жақсы да обден негізделген қаулылары орындалмай, аяқсыз қалды. Мәселен, «Қара топырақты аймақ туралы» қаулы дәп сондай күй кешті. Бұл қаулыда бәрі қолмен қойғандай көрстілген-ді, тек ал да орындаій бер. Оған амал не, құ шөппен ауыз сұртумен тындырыды. Сейтін отырып, бар кінәны Брежневке итере салды. Ал, Орталық Комитеттің тікелей ауыл шаруашылығымен айналысқан бөлімдері мен хатшылары, сондай-ақ РКФСР-дің басшылары сүттен ақ, судан таза бол шыға келді.

Брежнев пен Хрущевтің қызметіндегі ең слеулі кемшілік — кадрлар іріктеу мен орналастыруда, өсірессе, мемлекеттік жәнс партия жұмысының жогары деңгейіндегі қызметке тагайындау мен босатуда деп білем. Республикаға, облыстарға, басшы қызметке жергілікті жердің экономикасынан, халқының мәдениеті мен дәстүрінен мүлде бейхабар адамдарды жіберу тіпті орынсyz еді. Негізінен бұл мәсселелер ықтиятызыз шешіліп отырды, тізеге салудегеніңіз түп-тура КОКП Орталық Комите-

тінің аппаратында тамыр жайды. Мысалы, маган Шелепиндің үшін жұмыстан алып, сосын зейнетті демалысқа жібергенін түсінсем бұйырмасын. Біз оны сліміздің комсомолецтері мен жастарының сл таныған жетекшісі ретіндес білетінбіз. Ол студент-жастардың құрылыш отрядтарын құрудың инициаторы, сондай отрядтар тек біздің республикамыздың өзінде гана тың совхоздарын салу жөнінде көп іс тындырыды. Шелепиннің өзі республикага жіе келін, Қазақстан комсомолының жұмысына белсенді араласты. Сонымен бірге КСРО қауіпсіздік комитетінің төрагасы ретіндес сл игілігі үшін аз сәбек сінірген жоқ. Әлі есімде, ол КОКП Орталық Комитетінде істеп жүргендес әрқашан өз ісіне ықтиялты қарап, мәсслені жедел және дұрыс шешетін. Жауапкершіліктен қашпайтын. Оны біресе көсіподақ жұмысына, бірсек сәбек ресурстары жөніндегі комитет төрагасының орынбасарлығына жіберуі, сосын зейнетті демалысқа «шыгуына» байланысты... орнынан алынуы маган олі күнгесдейін жұмбақ. Жел сөзге дауа жоқ.

Өсек-аяң қашанда алдыңды орагытып жүрстін әдеті. Алайда Шелепиннің білек сыбанып, жұмыс істейтін шағында қогамдық сибектен не үшін тайдырып жіберу себебін тірі жан түсіндіре алмайды. Қызық!

Менің ойымша, Саяси Бюро мүшсі, КСРО Министрлер
Кеңесі төрагасының бірінші орынбасары Д. С. Полянскийдің де-
қызметтен кетуі қалай түсініксіз болса, солай жөнсіз еді. Ол
жергілікті жердегі басшылардың кобімен қоян-қолтық арала-
сып жұмыс істеді, бұл менің гана пікірім емес — өз міндестін ой-
дагыдай атқарды. Кім екенін ашып айта алмаймын жөне біре-
удің араласуының істелді дегенге илану қыын, Полянскийден
құтылмай болмайды деп, ойтеур біресу Брежневке сыйырлап,
Полянскийді жылдыстатып жібергені анық.

Енді мәселеңе скінші қырынан келейік. Бұл Орталық Комитеттің «жолдамасымен» республика Орталық Комитеттерінің, олкелік жөнс облыстық партия комитеттерінің хатшылығына келгендер туралы. Ашығын айту керек, журналист ағайындар айтып жүргендей, «көлімсектер» сиң жогары лауазымда отырып алғып шоپ басын сындырмайтыны қайран калдырады. Сосын, озі жіберген адамын Орталық Комитеттің өзі қызметтесін босаттырып, Мәскеуге қайта шақырттырып алды-

рады. Атышұлы Соломенцевпен, Родионовпен, Соколовпен, Коломийцпен және басқа да «ныгайтуға жіберлгендермен» жағдай тап осылай болды.

Брежнев дүниеден қайтқан соң, осірессе, қайта қуру қалай басталды, солай құлагын шулатты-ай кеп. Соның ішінде оны әдебиет пен өнердің кейбір қайраткерлерін жазықсыз елден аластап, шет жерге қуылды деп жазғырады. Мен бұл жайлыштарда шетпұшпақтап айттым. Соны түйіндегі кетейін. Әділесттен аттауга болмайды, олардың қыр соңынан қалмай, қудалауға ұшыратқан басты айыпкер, әлбетте, Брежнев емес. Ол анық. Бұл арада даудың басын Қауіпсіздік комитетінен іздеген жөн. Оның басшылары құлаш-құлаш ақпар жазады, аяғы жеткен жерге ауызекіде айтады. Жай жазбайды. Түңілдіріп жазады. Айтса — тондіріп айтады. «Біздің сліміз үшін олардың қызметінен келетін залал» бастан асатынын дөлелдейді. Жөнсүлтартпастай стіп дөлелдейді. Ақырағаяғы, аластамаса болмайтын стіп шығарады. Брежнев чекистерге құдайдай сенеді, сенгендіктен жарлыққа қол қояды. Оның бар қателігі де осында. Сенгіштігінен таяқтың бір ұшы өзінсө келіп тиіп отыр.

Қазір жариялыштың заманы. Брежневті жер табандатып жамандап жатыр. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай. Әруақ еді деп құдайдан қорқып, ұттын ойлап жатқантіріп ендесні көрmedім. 1968 жылы Чехословакияга, сосын 1979 жылы Ауганстанга әскер кіргізуға неге келісімін берді деп сөгеді. Рас, ол келісімін беруін берді, бірақ осындаш шешім қабылдауга итермелеп, керек дессеніз, мәжбүр еткен күш, құдіретті күш болғанын неге ұмытамыз. Ол күш — бесенеден белгілі — мөскеуілік топ, және баспасөзде олардың аты-жоні түгел тайға таңба басқандай жазылды.

Іә, кезіндегі жанбаласы естімеген құпия шараптар Брежневтің сүйегінсө таңба салғандай әсер қалдырады. Алайда, оның халықаралық қызметін тек колесңке жагынан кору тым орынсыз болар еді. Бүкіл әлем халықаралық шисленісті сауықтыру процесін ілгері апарудагы Брежневтің ролін болса жарып көрсетеді. Шынында да, Хельсинкідегі тарихи келісімді алыңыз, болмаса стратегиялық шабуыл қаруларын шектеу туралы АҚШ-пен келісім шарт ше? Санай береск, бұл тізімді жалғастыра бергендей-ақпаз.

Мен Брежневтің қызметінс бага беру барысында біздің республикага деген оның көзқарасын негізге алдым. Ал, ол жағынан таразыласақ, айрықша ықыласы мен қатаң талабы тен түсіп жататын. Мен оның мемлекеттік тұргыдан келетін парасаттылығын осыдан-ақ танығандай едім.

Оқырман алдында ағымыздан жарылган екенбіз, ішектің қырындысына дейін айтайын. Біз астанадан тым шалгай жерде жүріп жаттық, сейтіп Мәскеуде болып жатқан көптеген оқигалардан, ең алдымен халықаралық мәселелерге байланысты жайлардан хабарсыз қалып жүрдік, бұл біздің бұрынғы Саяси Бюро мүшелерінің кіносі смес, дөлірек айтқанда, соры еді...»

Бас хатшының тікелей басшылығымен қабылданған КОКП XXIII—XXVI съездерінің шешімдерінде ешқандай ши болған жоқ. Партия да, халық та толық мақұлдады. Халықаралық жүртшылық үшін де срекше мәні бар еді. Бүкіл ел жатпай-тұрмай жұмыс істеді. Қол жеткізген табыстар да аз смес. Еңбек слеусіз қалған жоқ, ел алғыс та алды, кеуделеріне ордендер де тақты. Әрине, елдің бәрінс бірдей жагу қынын. Базбіреулер үкімет наградаларын Брежнев онды-солды шашып, қадірін кетіріп жіберді деп кінәлайды. Өз омырауын да үмітқан жоқ дейді. Онысы рас. Бірақ, бас изеп, құлдық ұра беруде келіспес. Леонид Ильич оларды сұрап алмаганы, озін-өзі наградтамаганы бессенеден белгілі. Боленің бәрі айналасындағылардан. Қайтсек жағынамыз деп құрдай жоргалап, осал жерін іздейтін. Жоқ жерден жеслу тауып, награда ұсынатын. Өзге смес, соны топ іргесіндегі елдің тізгінін ұстап отырган Саяси Бюро мүшелері, басқаша айтқанда, мәскеулік топ билеп-тостеп, ойына келгенін істейтін. Оган Леонид Ильич ләм демейді, тіпті не бергелі жатырсындар деп сұрамайды, қанша берсесң де, қандайын берсесң де қарсылық жасамады. Оның қателігі де осында. Бір гажабы, Брежnev мына «жұлдыздар» халық алдында сінірген сәбебім үшін берет деп, озінс озі иланатын. Алданғаннан малданған жаман.

Брежнев қайтыс болды, әйтсе де наградтау, бірін-бірі хан көтеру жалгасып жатты. Саяси Бюроның талай мүшесі сыбагасынан құр қалған жоқ. К. У. Черненконың омырауына Алтын жұлдыздың қалай қадалғаны өлі сімдес. Ойламаган жерден М. С. Горбачев телефон согып:

— Константин Устинович жоғарғы наградага лайық деп Саяси Бюро мүшелері бір кісідей қолдап отыр. Сіз қалай қарайсыз? — деп сұрады.

— Егер елдің бәрі екі қолын бірдей көтеріп жатса, мен неге қарсы болмақпын?!

— Біздің пікіріміздің бір жерден шығатынына құмәнім жок еді. Рақмет!

Михаил Сергеевичтің неге елдің алдына түсіп, елпектеп жүргенін сонда-ақ түсінгендей едік.

Леонид Ильич біздің республиканың кадрларына қалай қамқор көзбен караса, солай қатаң талап қоя білді. Ол осында істеп жүрген кезде-ақ Орталық Комитеттің пленумдарында, бюрова жұмысындағы кемшілігі үшін басшыларды «қуырып жейтін», бірақ біржола есептен шыгарып тастамайтын. Шектен шыққан ілуде біреу болмаса, қызметтөн алып тастауға келісімін бере бермейтін. Бірде республикалық активте Брежнев Қарағанды облысындағы (бұрынғы шекара бойынша) Коңырат аудандық партия комитетінің хатиысын, өсіріңкіреп айтсак, тас-талқан гып сынады. Ертеңіне облыстық партия комитетінің бірінші хатышы Яковлев келіп:

— Леонид Ильич, Коңырат аукомының хатиысы бәрімізді ұятқа қалдырыды. Оны орнынан алып, басқа біреуді сыйласақ деген ұсынысым бар еді,— дейді.

— Не үшін аласыз?— деп аң-таң болады Брежнєв.

— Кеше өлтірс сынадыңыз ғой...

— Соған бола ма?

— Иә!

— Онда былай, қарап жүрген адам қателік жібермейді. Оның кемінілігін тауып сынаган екенбіз, демек ол жұмыс істейтін адам. Ал, бүгін сынаган кісіні өртсөн орнынан лактырып тастай берсек, кім бізге жақсысын береді. Одан да айтылған сыннан қорытынды шыгарсын, олқылықтарының орнын толтырысын. Ұақыт берейік. Өзін неге қабілесті скенін көрсестін. Ал, болмай жатса, жөн басқа. Онда өз обалы өзіне,— деп Яковлевті ұялтқанын өз көзімізбен көріп, құлагымызбен сстіген едік. Мұндай мысал жетіп артылады.

Брежневтің жұмыс стиліне сипаттама берсе отырып, КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюроның мәжілістерін откізу тәрті-

бін баяндап берсем деймін. Саяси Бюро мәжілістері байсанбі күндері отетін. Әдетте түстен кейін, кейде таңертеңгі сағат 10-да басталатын. Мәжіліс басталар алдында Саяси Бюро мүшелері түгел «қабылдау» бөлмесіне жиналадар еді, сосын, Бас хатшы бастаган бөріміз қаздай тізіліп, ұлксын залга беттейміз. Бұл кезде мәжіліске шақырылғандар, оның ішінде Саяси Бюро мүшслігіне кандидаттар төрт козі түгел іште отырады. Мәжілісті ашарда Саяси Бюро мүшелерінен:

— Күн төртібі бойынша кімде қандай ұсыныс, ескертпе бар? — деп сұрап еді Леонид Ильич.

Талқылауга ілуде біреу болмаса, қосымша мәселе өтсірек енгізілетін. Келелі проблемалар, өсірессе, халық шаруашылығы жоспарына, қаржыға қатысты мәсслелер республика оқілдерінің қатысуымен Министрлер Консесінде, Жоспарлау Комитетінде егжей-тегжей талданып, зерттелгеніне қарамастан кейде екі күн бойы қаралатын. Ондайда мәжіліске қатысушылар тегіс сөйлейтін. Уақытқа шектесу болмайтын, бірақ өркім өз ойын тұжырымдап жеткізуге тырысатын. Жекелеген мәсслелер бойынша, өсірессе, талас тудырган, даулы пікір айтылған жағдайда қайта қарап, зерттеуге жіберестін немесе арнайы комиссия құратын. Қаралған мәсслелерді төрагалық еткен Бас хатшы қорытындылайтын. Республикалардан сайланған Саяси Бюро мүшелері мен мүшелікке кандидаттар барлық мәжіліске бірдей шақырыла бермейтін, бірақ халық шаруашылығы, жоспары, қаржы мәсслесі қаралған кездес міндетті түрдес қатысатын. Ал, халықаралық мәсслелер, өскери проблемалар, мәсслен, 1968 жылғы Чехословакиядагы оқигалар туралы немесе Ауганстанға өскер енгізу жөнінде, сонымен бірге Саяси Бюро мүшелері мен кандидаттарын, Орталық органдардың басшыларын наградтау сияқты әңгімеден біз зоғандың бір — орайы келгенде қатыспасақ, кобіне шет қалатын едік. Артынан қабылданған шешім хабардар етілестін, тіпті құлагдар стпейтін кезі жиірек болатын.

Мәжілісте, жогарыда атап откенимдей, пікір алмасу сркін өтетін. Саяси Бюроның әрбір мүшесі белгілі бір бағыт үшін өз қарауындағы міндеттердің орындалуына жауап беретін. Саяси Бюро мүшесі ретінде, менің тікелей қатысым болса да, республикадагы әлеуметтік-экономикалық жағдайға жәнс халық шаруашылығы жоспарының орындалуына жауапты едім. Мем-

лекеттік жоспарлау Комитеті, Министрлер Қенесі, Орталық Комитеттің бөлімдері обден ойластырып, тап-түйнектай гып дайындаған жөне алдын ала Саяси Бюро мүшелерінің келісімі алынған кадр мәселеңі тоқтаусыз, яки төртіп бойыншес, талқылаусыз шешілетін. Мәжіліс үстінде не сұзбе, не ірімшік, ио шұжық қосқан нан мен шай әкеліп береді, ал мәжіліс тым созылып кеткен жағдайда үзіліс жарияланатын да, бәріміз бірге барып іргедегі бөлмеден тамақтанатынбыз.

Брежневтің тұсында Саяси Бюро мәжілістерін откізу төртібі қалай болса, Андропов пен Черненконың кезінде солай сақталды. Тек Горбачев бірлі-жарым өзгеріс енгізді. Ол мәжіліс басталар алдында сүт пісірім уақыттай ұзақ сөз сөйлеп, талқыланатын мәселеңдер жонінде озінің пікірін алдын ала айтЫП алатын. Мұның өзі аяқ-қолынды «байлап» тастаганмен бірдей әрекет еді. Бас хатшы қалай қарай жүрсем, сен бүйректен сирак шыгармай, ноқтаулы бұзаудай солай қарай жүр деген емесурін. Қысқасы, еркін пікір алмастырудың бір айла-шарғысы. Оның ұсынысы мұлтіксіз орындалуға тиіс. Горбачевтің жөне бір «жаналығы» — сөйлеп тұрган кісіге киіп-жарып, жарыса сөйлейді, болмаса тоқтатып қойып, ұзақ косіліп кетеді. Ал, оның сөзінің қаншалықты дөмібарлығына өздерініздің де көздеріңіз жеткен шыгар.

Өмір қызық қой. Өз тұзстулерін қалай енгізгенін байқамай да қаласыз. Мен білстін Горбачев Бас хатшы Горбачевке мұлде үқсамайтын. Ставрополь өлкелік партия комитеттің бірінші хатшысы кезінде аса кішіпейіл, елгезек, үлкенге инабатпен, кішіге құрметпен қарайтын сияқты еді. Мен Қырымга барып дем алған сайын срінбестен Минералсуларына келіп, құшақ жая қарсы алатын, срінбестен Минералсуларына келіп, қимай шыгарып салатын.

Дүниес кезек деген осы.

Брежнев қайтыс болғалы табаны күректей тогыз жыл отіпті. Аз уақыт емес. Осы жылдар ішінде КОКП Орталық Комитеттің Бас хатшысы бол үшінші адам істеді. Партия, қенес жөне шаруашылық органдарының қызметі ойдагыдан үйымдастырылса, Брежнев заманында орын алған олқылықтар мен кемшиліктерді жолға қойып, жаңа табыстарға қол жеткізгендей уақыт қой бұл.

Өкінішкес орай, мұның ауылы алыс-ау.

Қазір сл басқарған «бұрынғылардың» көбісі естелік жазып жүр. Соның бәрі міндестті түрде Брежнєвтің қызметін «өз бағасын» беріп кетеді. Саяси Бюроның бұрынғы мүшелерінің бірі аузы-басы қисаймай Леонид Ильинчіті жігерсіз, қорқақ деуден тайынбапты. Бұған не дерсіз? Егер Брежнєв батыл шешімдерге бармайтын тартыншақ, қолсөкесінен үрейленіп жүрестін қорқақ болса, онда қалай Хрушевті орнына алуды ың-шыңсыз үйымдастырып, қолмен қойғандай гып басқаруы мүмкін? Өздеріңіз білесіз, айданы асып, айбары тасып тұрган Хрушевтің құдыресті мен беделі бір гана біздің слде емес, айдай олемге жүріп тұрган шақ. 1964 жылы қазан айында откен пленумда М. Суслов сөз сөйлеп тұрган кезде өлдекім залдан:

— Сідер бұрын қайда қалғансыздар? — деп дауыс көтерді.

Брежнєв бұрылышп тұрып Хрушевке қарады да:

— Бұған оруақтармен айқасу өлдескайда жсңіл болды, — деді нығырлап. Никита Сергесевич тілін тістеген күйі қып-қызыл бол отырып қалды.

Олі арыстаннан тірі тышқан артықтың кебі мс, өйтепеүір ұлы кош ұзап кеткен соң, аяқтары коктен салбырап түскендей, көсемсіп сөйлейтін шешенсұмақтар қаптап кетті. Көрмей, білмей жазған кісі ақ сөйлеп, әділдігін айта алады дегенге күмәнім бар. Сондай естелікті «Огонек» журналына Егорычев жазыпты. КОКП Орталық Комитетінде сойлесген сөзі туралы айтады. Дәл сол пленумда мен де қатысқанмын. Егорычевтің не айтып, не қойғаны тайга таңба басқандай әлі күнгес дейін жадымда. Ол Мәскеу қорғанысы қанагаттандырмайды, онымен тірі жан айналысып жүрген жоқ деп мәлімдеді. Ал онан кейін шығып сөйлесген жолдастар: астана қорғанысын тап іргесінен емес, Киыр Шығыстан, Киыр Солтүстіктен, сліміздің онтүстік және батыс шекараларынан бастау керек дегенді шегелеп тұрып айтты. Бірақ Егорычев бұл сөздердің мәнісін түсінбеді. Брежнєв оның созінің бұрыстығын атап оте отырып, Мәскеу қала-лық партия комитетінің хатшысы округ Әскери кеңесінің мүшесі бөла тұрып, қанша шақырса да әскери кеңестің мәжілісіне бірде-бір рет қатыспаганын хабарлады. Сол пленумда слдің бәрі Егорычевтің тым қызбалыққа салынып, қызыл сөздің жетегінде кетіп қалғанын сыйнаган еді. Ол мына мақаласында мен

орынсыз сөйлеп, жонсіз пікірлер айттым демейді. Өзін күнөдан пәк адамдай сезінеді, онысын озгелерге аударып салып, өзі сытылып шыққан. Мен Брежневті барлық уақытта қолдап келгенімді («Огонектегі» макалада осындай «айып» тагады) жоққа шыгармаймын, бірақ Егорычев Брежневтің шашбауын котеру жөнінен алдына жан салмаган жөнс астанадагы аузыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген мақтауын жеткізстін адам болғанын қалай ұмытып қалғанына таңым бар.

Біреудің мінінің бір слі артығы бар деген осы шыгар, сірø.

XXXVIII

Бұған дейінгі тарауларда Брежневтің айналасындағы Саяси Бюро мүшелерінің бірлі-жарымына мінездеме беріп кеттім. Енді «тоқырау» заманында да, сонымен бірге Андропов пен Горбачевтің тұсында да қызмет істеген Саяси Бюро мүшелері туралы тоқталсам деп едім. Соның бірі М. А. Суслов, Ол ұзак жылдар бойы және үздіксіз еліміздің идеология мәселеесімен шүғылданды. Қазір баспасөз шімірікпестен: «сүр кардинал» деп жүр. Біздің бар әдебиетіміз бен онеріміз, қогамдық гылым мен мерзімді баспасөз соның ашса алақанында, жұмса жұдырығында еді.

Суслов маган мұлгуді білмейтін қырагы сарбаздай өсер қалдыратын. Ресми идеологияга қайши келеді-ау дейтін коркем шыгарма не гылыми сәбек жарияланбайтын, кинофильм немесе спектакль көрсетілмейтін; сәбекші бұқараның санаына салқыны тимес үшін қия бастыртпайтын. Одактас республикалардагы жергілікті баспаларга дейін сол кісінің құзырында болатын. М. Суловтың тістеген жерінен тастай қататын көзқарасының арқасында Олжас Сүлейменовты қозғе шыққан сүйелден бетер қыла жаздадық. «Жазушы» баспасынан оның «Аз и Я» кітабы шықты. Ел талап алып, таласа оқыды. Өрсі жеткен де риза, жетпеген де мәз. Бұрын Олжасты дауылпаз ақын деп таныған жүрт, сінді ойшыл-галым деп үқты. Бөрі дүрыс. Жөніде солай еді. Өкінішке орай, Мәскеу жер астынан жік шықты, скі құлагы тік шықты деп, дүрлігіп сала берді. Көптеген белгілі орыс оқымыстылары мен галымдары ақ-қарасын айырып жатпастан кітапты үлтшылдық сарындағы сәбек деп жариялад жіберді. «Москва», «Молодая гвардия», «Звезда», «Русская литература» жөнс өзге де басылымдар Олжас Сүлейменовты

жерден алып, жерге салды. Ел құлагы — слу. Кремль хабардар, біз де құлагдармыз. Сын айтылған сайын, мін тағылған сайын оны қорғаушылардан гөрі қызықтаушы, құмартушы көп болатын әдеті. Кітапты шарқ үркіп іздесушілер саны күн өткен сайын мыңдап өссе түсті. Мен де оқыдым, оқыған сайын сусыным қаңғандай, жоғым табылғандай өсерде отырдым. Іштей сүйсініп қана қоймай, талантқа тамсанып, тонті болдым. Сосын ойладым: Олжасты үрсып-үрсып қояр, бүркүлдап қайнап сабасына түсер дедім. Әдебиеттің айналасында қызыл кснірдектесу бүл бір емес, болған жөн бола берер деп, слей қоймадым.

Бір жолы Қазақстанда жаңа баспа ашу жөнінде алдынан өтейін деп, Сусловқа келдім. Байқаймын, қабагы салыңқы, менің өңгімемді құлагына да қыстыратын түрі жоқ, мен не деймін, домбырам не дейдінін кері, ақыры шыдамады білем, сөзімді бөліп:

— Димаш Ахметұлы,—деді түнерс түсін (жер хабар қылмасын, тұнжырап отыратын еді гой) — сіздің республикада ашықтан-ашық орыстарға қарсы жөнс үлтышылдық бағытта Сүлейменов дегеннің кітабы шығыпты.

— Ио, шықты, мен оны оқып, дөн ри...

— Сөзге қонақ беріңіз... — Суслов менің айтпагымды алдынан орагытып кетті. — Кітапта тарихи деректер бүрмаланған, автор «Игорь полкі туралы соз» — ұлы ескерткішті тәжікеге салады. Корғаныс министрлігі барлық оскери кітапханалардан ол кітапты алып таставды. Жөнс оте дүрыс істеді деп ойлаймын. Кітапты қарап, авторды тәртіпке шақырыңыз жөнс кінелі адамдарға тиісті жазасын беріңіз! Екіншілей дәндемейтін болсын.

Мен мән-жайды түсіндіріп, өз пікірімді айтуга оқтала беріп сідім, Суслов бст бактырмады.

— Орталық Комитеттің анықтамасы мынау,— деп алдында жатқан жуан папканы сүк саусагымен шүкүп тұрып көрсетті. — Галымдардың хаттары, рецензиялар...

Одан әрі соз жарыстырып жатудан пайда шамалы. Сусловтан шығып, Брежнев отырган кабинетке бет алдым. Біз ұзак отырып сөйлестік. Әлбетте, республика жағдайын, оның өзекті проблемаларын тігісін жатқыза айтып барып, өңгіме аяғын «Аз и Я» кітабына әкеліп тіредім.

— Өзінізге қолқа сала келдім. Коп өтінішімнің бірі демес-

сіз. Азаматтың, ақынның тағдыры шешілгелі түр. Сүлейменовтың мына кітабын оқып шығып, пікірінізді білдірсөніз деп келдім.

Брежнев бас изеп:

— Қалдырып кет, қол тисс оқырмын,— деді.

Мен Мәскеуден арқаны пірге сүйеп аттандым.

Суслов қарап жататын ба еді. Қолы ұзын. Отты қалай көссеймін дессе; өз еркі. Бар каналды қосып, айғайға сүрсөн салдырыпты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы С. Н. Имашев:

— Сүлейменовтың кітабын КОКП Орталық Комитетінің үш бірдей (насихат және үгіт, мәденист және гылым, жогары оқу орындары) бөлімі қатысатын кесесте талқылау жоспарландып отыр,— деп баяндады.

Әрине, бұл кесестің арты немен тынатыны бессенеден белгілі. Сондықтан, қапыда қалмау керек. Калайда қазақтың құдай берген ақын ұлы — Олжас үшін күрестес болмайды. Әйтпесе, басынан сырық, желкесінен тоқпақ кетпейді. Мен осыған бел байладым. Тәуекел деп отырганда қабылдауыма Сүлейменовтың өзі келді.

— Димеке,— деді ол. — Мен сізге «Ашықхат» оқелдім. Оны Орталық Комитеттің барлық бюро мүшелерінде көбейттіріп беруінізді отінсемін.

Мен хатпен мүқият танысып шықтым. Олжас акталмапты, азаматша қорғаныпты. Сол жерде Леонид Ильичке телефон согып:

— Өткен жолғы отінішім бойынша хабарласып отырмын. Сүлейменовтың кітабын оқудың орайы келді ме екен?— деп сүрадым.

— Оқыганда қандай! — деді Брежнев. — Ұзыннан да, көлденеңінен де оқыдым. Коз ойнек салып та оқыдым. Бірақ иненің жасуында үлтышылдықты көрmedім, тіпті исін сезбедім. Кім өзі түймедейді түйедей гып жүрген?

— Ал, Михаил Андреевич болса...

— Бұл арада Михаил Андреевичтің не қатысы бар? Өздерін-ақ тындыратын шаруа гой.

— Мың да бір рақмет, сізге, Леонид Ильич! — дедім куанышым қойныма сыймай.

Одан өрі өрине, қайдан құлақ шыгарса да, қазаншының өзеркі гой... Біз Орталық Комитеттің бюросын шақырдық. Әлде кімдерді сілкілеп алдық, кейбір еулерін томпештеп тे жібердік. Ал Олжас Сүлейменовке:

— Біз сенс жаңа жырлар, жақсы поэмалар күтеміз. Жолың болсын! — деп, ақ батамды бердім.

Арада жарты жыл өтті. Олжас Омарұлы Қазақстан Компартиясының XV съезіндегі Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Бірқыдыру уақыттан кейін ол:

— Шынымен-ақ менің басымашырмау салғысы келін еді, — деп мойындағы.

Жақсының артынан соз среді. А. Я. Пельше құрметпен еске алуғалайық адам еді. 1915 жылдан партия мүшесі. РСДЖП жергілікті комитеттерінің тапсырмаларымен революциялық үгіт жөнен насихат жұмысын жүргізіп, 1917 жылғы акпан революциясына қатысып, Казан революциясын өзірлеуге жөнен оны жүзеге асыруға белсендеген араласқан. Тарихши. Латвия КСР Фылым академиясының корреспондент-мүшесі. 1933—1937 жылдары Қазақстанда жұмыс істеді. Қара Ертіс совхоздарында саяси болімдер бастығы қызметтерінде болды. Арвид Яновичтің осы тұстагы өмірінен деректер беретін құжаттар Қазақстан архивтерінде сактаулы екеніне күмән келтірмеймін. Ол қазақ халқын, оның қонақжайлышын, кісіге деген мейірбандығын жиесек алып, республика өмірінен хабардар болып отыратын.

А. Я. Пельше 1966 жылдың соуір айынан бастап КОКП Орталық Комитеттің жаңындағы партиялық бақылау комитетінің төрагасы. Ол басқарған тұстарда Комитет сліміздің партия өміріне қатысты көп мәселелерді әділ шешіп отырды. Адалдық, принциптілік, кісілік жөнсебілімділік Арвид Яновичке тән қасиеттер еді. Оның бітім-болмысы, бар табигаты істеп жүрген қызметіне сый тұғын. Біз оған зор құрметпен қарайтынбыз. Өмірде бірқалыпты бол жүру өркімнің мандайына жаза бермеген қасиет қой.

Лигачев пен Соломенцев туралы бірдеме десудің өзі батпаң жүк көтергеннен ауыр. Егор Кузьмич КОКП Орталық Комитетінің партиялық-үйымдастыру болімінің мәңгерушісі бол тағай-

ындалғаннан кейін таныстым. Онымен республикадағы кадр мөсслесі, атап айтқанда, Н. Назарбаевты Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің торагалығына тағайындау кезіндегі бірлесіп шестік. Ол өз төңірегіне кіл жақсылығы қара басынан аспайтын, көптеген кадр мөсслесі шешуге келгенде әділдіктен айналып ете беретін адамдарды жинады. Ол — Могильниченко, Мищенко және басқалар. Ал, Лигачев Орталық Комитеттің хатшылығына және Саяси Бюроның мүшелігіне сайланғаннан кейін күрт өзгерді. Қазақтың «жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас» деген мөтәлін еріксіз еске түсіретін. Жеңімсін сөлем беретіндегі шыгарды. Оган кірудің озі ақырет болды, қашан көрсөн жау шапқандай қапылып жүретін, қашан барма, мұрнынан шаншылып отыратын.

«Жаманның жамандығын айт — Құты қашсын» дегелі отырганым жоқ. Жұрт анығын, ақиқатын білс жүрсін деген ой. Әйтпесе, ұзында кеткен ошім, қысқада кеткен кегім жоқ. Тек, оның өзінен басқаны қозіне ғұмайтін кеудемсоқтығы мен шамашарқына қарамай корінген «кеменің» қүйрығынан ұстайтын ұрыншактығын коргенде айдалада жүріп біз үялатынбыз. Лигачев Орталық Комитеттің хатшысы ретінде кадр саясатымен айналысты. Бірді бірге соқты. Сосын идеология мөсслесі жүктілді. Бұны да үшпаққа шыгара алмады. Ең ақыры ауыл шаруашылығы ондірісімен шүгілданды. Бірін қудалап, бірін қуартқаннан басқа не тындырганы оздерінізге белгілі, қысқасы, Лигачев қай саламен айналыспасын сол жерде жұмыс ақсан жатты. Ягни басы жетпес орынга аяғын салды. Оган мысалды алыстан іздемей-ақ қойыңыз. Лигачев білек сыйбанып кіріскен ішімдікке қарсы құрестің немен тынганын еске алсақ та жетеді. Күллі әл шаш етектен шығынга батты. Самогон қайнату, нашақорлық, іске улану сияқты айайы тірліктер жайлап кетті.

Лигачев естелік жазып, онда К. Черненко қайтыс болғаннан кейін Гришин Орталық Комитеттің Бас хатшысы болуга жанталасып, өкіметті қалайда басып алудың қамын жасады деген айып тағады. Шыгармасына орынсыз «шытырман сюжет» қосуын түсінбедім. Мен Саяси Бюроның мүшесі ретінде Гришин партияның бірінші басшысы болғысы келіп, сол үшін төңірегіне «сыбайластарын» жинаңты-мыс деген хабарды естігеп емеспін.

Лигачевтің бір срімен жер тіреп, бір срімен көк тіреп жүргендей көрінің көрер козге гана. Оның әліптің артын күтпейтін сабырсыздығы мен асығыстығынан көп мәселе атұсташешіліп, арты дауга айналып жататын. Лигачев пен оның қарамагындагылардың жұмыс стилі мен әдісі, меніңшес, сың котермейтін және уақыт талабына сай келмейтін. Қырынан алған адамдар туралы түсken «домалақ» арыздарға көктен іздеңдері жерден табылғандай жата жармасып, індесте тексеретін Қалайда «абыройын аяқ асты стіп, беделден жүрдай қылатын материалдарды». жіпке тізіп отыратын. Тырнақ астынан кіріздел, аш арыстандай ыңғыранып отыратын. Егор Кузьмичтің бір іні ішінде екенін, тіпті мінезінің бір үрттығын өз басымнаң кешпесsem, айтпаган да болар едім. Қай шырагына қоленек болғанымды білмеймін, қараптан қарап жүріп аузын айга білеі баставады. Ол қайта құруды бест перде етті. Төртіп орнатып жатқандай қара борандатты, слдін бөрінс көрін төкті. Тура айтқанда астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырды. Ал шын мәнінде мұның астарында бұлан қүйрек тірлік жатыр еді. Ол бара жатқаның бағтасын, келе жатқаның кетпенін қоймаган, қара басының қамы үшін кімді де болса күрбандыққа шала салатын үждансыздарды қанатының астына алып, корған болды. Мысалы, Османходжаевты аузы-басы қисаймай: «Ол нағыз коммунист, Өзбекстан партия үйіміндеги еттаныған басшы. Қайтың құрудың бірден-бір қаһарманы» деп жер-кокке сыйғызбай мақтаганын өз құлагыммен естіген едім. Сөйтіп, шық жуытпаі жүрген «қаһарманы» істі болып, басына бұлт үйірілген түсті. Лигачев жалт беріп, басқаша сайрай баставады. Осыдан-ақ оның кім екенін топшылай беріңіз.

М. Соломенцев туралы өнгіме айтыла бастанаса, жерге түкір мейтін қазақ кемде-кем. Халық арасында: «Жақсыны жақсы деген мақтау емес, жаманды жаман дессен, болмайды есек: деген бар. Мені оқырман дүрыс түсінер деп ойлаймын. Қартағанда соз қуалаган жақсы емес және ешкімде алынбай жүргеі кеск, тимей жүрген есsem жоқ. Бар жайды біле жүрсін деген оғана.

Зады, оділестке шолдеген халықпаз гой. Кезінде айта ал май, тілімізді тістегеніміз рас. Бірақ Соломенцев жайындағы тікірімде бұкпе болған емес. Оны озі де біледі. Ол — 1959—196

жылдары Қараганды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, сосын, 1964 жылғы дейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің скінші хатшысы. Онан кейін Қазақстаннан қалай ел бетінс қарагысыз бол кеткенін бұған дейінгі тараулардың біріндес айтқанмын. Республикада жоғары дәрежелі қызметте жүріп, жасыратыны жоқ, бетін жел қагып, маңдайын күн шалса, қане?! Елдің экономикасын, мәденистің көтеруге, өсірсек, үлттық кадрларды төрбисеп, өсіруге келгенде ауыз тұшырылық еш норсес тындырмай кетті. Өзекті проблемаларды зерттеп, зерделеуді былай қойғанда, бір норсеге қолы тиіп кетсе болды, содан сокем алып, үлтшылдықтың сарынын сезгендей үркес қашып жүрестін. Оны Горбачевтің арнайы тапсырmasымен Алматыга келгенде, ақыры бір бүйіріне құлта сақтап жүргенін дәлелдеп берді. Қанды кобік жұтқызынан 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын сабасына түсіргелі келдім деп, саптыаяқтың сабынан қарап, ушықтырып, қара бауырлығын корсетті. Қанын торсыққа байлап келгені сонша, бүкіл бір халықты үлтшыл деген айып таққан КОКП Орталық Комитетінің атышулы қаулысының ең басты авторының бірі болды. Ақыры асқақтаган амалшыдан аяңдаган адалдық озды. М. Соломенцев қара жермен тең болды.

Кімнің басы кімнің қанжыгасында жүр дейсін. Бірақ кімнің қайда, не істеп жүргені алақанга салғандай көрінеді гой. Менің байқауымда ол РКФСР Министрлер Кеңесінің төрагасы бол талай жыл коңілі көкте жүрді. Бірақ бұрау басын сындырыды дегенге сенбеймін. Оган Ресей қара топырақты аймагын игеру ісі күо. Аймақты игеруге қисапсыз қаражат болінді. Ол жердің жарығын бітегендей қомпайып жүргені болмаса, сртенінен үміт күткен жерді иссіз қалдырыды. Қанырап бос қалған орыс деревнілары азып-тозғаннан басқа еш пайда кормеді.

... Жақсылығы баршаның бөріне бірдей болған Первухиннің, Славскийдің, Ломаконың, Тевосянның есімдерін ықыласпен еске алар едім. Олар республика экономикасының оркендеуіне қолдау жасап, зор көмек корсетті. Қай-қайсысымен болса да сыйлас та сырлас болдым. Первухин КСРО Министрлер Кеңесі төрагасының бірінші орынбасары ретінде Карагату фосфоритінің базасы негізінде Қазақстанның онтүстігінен ірі хи-

мия өнеркөсібін салуга барынша ат салысты. Ол көмір қазу, мұнай өндіру мен өңдеу ісіне, жылу жоне су электр станцияларының салынуына әрдайым қол үшін берін отырды. Ал, Шевченко, Степногорск, Өскемен қалаларында орта машина жасау ісіне Славскийдің, тұсті металлургия саласындағы көптеген заводтардың, байыту фабрикаларының іске қосылуына және қайта жабдықталуына Ломаконың зор үлесі бар. Республика қара металлургияның қалыптасуына Тевоянның комегі аз болған жок. Ақтөбе ферросплав заводының, Жезқазган марганаец кенішінің, Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатының, құрылышынан бастап, оның іске қосылуына дейін жанашып, Караганды металлургиялық комбинатының жобаланып, құрылышы басталуына, Ақтау кенішінің игерілуіне дейін баскөз болған азамат. Ол осы өндіріс орындарына жиі келетін, бағалы үсіністарын, орынды сын-ескертпелерін ортага салып отыратын. Бірде ол:

— Завод салынып жатқан жер неге Самарқант деп аталаады? Басқаша атауга болмай ма? — деп сұрады.

Тевоянның тілсін Оңдасыновқа айттым. Ол кісі «Кұлақ асқандай үсініс екен» деді. Артынша ол Теміртаудеп аталды.

1955 жылдың екінші жартысында Мәскеуге барған бетте Кремльде Тевоянга бардым. Ол КСРО Министрлер Кеңесі төрагасының орынбасары еді. 1950—1953 жылдары қара металлургия халық комиссарлығын қоса атқарған-ды. 1918 жылдан КОКП мүшесі, азамат согысына қатысып, бүкіл гұмырын социалистік құрылышқа бағыштаган Иван Федорович:

— Менің Жапонияга елші бол баруымды қалап отыр. Жас жер ортасына жеткенде үйренген тірлікті өзгертіп, басқа сала-да жұмыс істеу, өрине, оңайға түспес. Амал не, партия айтты, орындауга міндеттіміз, — деп сөзін сабактаган-ды. — Бір-бірімізді көптен білеміз, қадірімізге де жеттік. Егер мүмкін бол жатса, қол үшін бергенізді қалар едім. Казакстан Компартиясы Орталық Комитетінің бүрінгі бірінші хатшысы Левон Мирзоян, иә, қазақтар оны Мырзажан деп кеткен еді. Ол кісі 1938 жылдың жазықсыз құдаланып, қайтыс болғанын озініз де білесіз. Сол кісінің әйслі менің туган әпкем тұғын. Балалары менің қолымда төрбисленді. Ендігі бір арман — сол балалардың анасы жатқан жерді табу. Соган қол үшін берсеңіз.

Мен келс іздесу салдым. Мирзоян үсталысымен төртіп «сақшылары» ойелінде апарып абақтыға жабады. Кейін қатты ауырып, Қызылорда облысында жүрген жеріндеге қайтыс болады. Кайда жерленген, оқінішке орай, онысы беймөлім күйінде қалды. Мен Иван Федоровичке хабарласып, мән-жайды айттым. Ол кісі ауыр күрсініп: «Жазылмас жара жалғыз біздің басымызда емес. Белгісіз мұрдаслерді іздеңдер мындарап саналады» деді.

Республика халық шаруашылығы мен материалдық-техникалық жабдықтауды оркандестуде КСРО Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің төрагасы Н. К. Байбаковтың, КСРО Министрлер Кеңесі төрагасының орынбасары В. Э. Дымщицтің жөнс КСРО Қаржы министрі В. Ф. Гарбузовтың елсулі роль атқарғанын айтпай кетуге болмайды.

Ширек гасыр! Аз уақыт емес. Осынша жыл бірінші хатшы бол істеген кезде Орталық Комитеттің бюро мүшелерімен бірге республикамыздың әлеуметтік-экономикалық осіп-оркендеуіне байланысты коптеген күрделі проблемаларды шештік. Кадрлар қатарының нығаюына күш салдық. Саяси шындалу мектебінен өткен, үйимдастыру қабілесті мол талай жастар жогарылатылды. Партия, кеңес, гылыми және шаруашылық жұмыстарына мындаған коммунистер жіберілді. Олардың көбісі олі құнғе дейін жемісті сибек студе. Қазір республикада кез-келген жауапты жұмысты орындауга қабілесті ондаган, керек десеніз, жүздеген осындай басшы азаматтар бар. Біздің тірекіміз және үлкен істердің үйткышы солар. Осы жылдар ішінде менімен қоян-қолтық араласып, қай істе де озінің комегі мен қолдауын корсеткен Орталық Комитеттің мүшелері мен бюро мүшелерін алғыс сезіммен еске аламын. Олар — Казақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы және басқа да жауапты қызметтер атқарған. В. Титов, В. Мессяң, А. Коркин.

Байкен Әшімұлы ұзақ жылдар бойы Казақ КСР Министрлер Кеңесін басқарды. Өмірдің ыстық-сұғыны бірдей бастан откерген азамат партия және кеңес жұмысында жауапты қызметтер атқарды. 1961—1970 жылдарда Караганды облатко-мының төрагасы, сосын Караганды, Талдықорған облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшысы болды. Ол қандай

қызметте істемесін, оз өл-қадірінше міндестін адал атқарды. Қазақ КСР Жогарғы Кеңесі Президиумының төрағалығынан зейнетті демалысқа шықты.

Мен Саттар Нұрмашұлы Имашевқа идеолог ретінде құрметпен қарайтынмын. Ол облыстық партия комитетінің нұсқаушылығынан олкелік партия комитетінің хатшысына дейінгі тамаша мектептен отті. Өмір адамға аз сын тоспайды. Саттар соның бәрінен мұдірмей, парасатты да байсалды азамат ретінде танылды. 1965 жылдан 1979 жылға дейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болды. Оның сан қырлы жұмысы білімді, іскерлікті гана емес, сонымен бірге үлкен үйымдастыруышылық қабілетті қажет етсін. Ол бұл жағынан да абырайлы еді. Қазақ халқының, сондай-ақ республикада тұратын өзге де үлттар мен ұлыстардың мәденистін одан әрі котеруде талай ойлы ұсыныстар енгізін, соны батыл жүзеге асыруға үмтүліп отырды. Имашев Қазақ КСР Жогары Кеңесі Президиумының төрағалығы қызметіне аса бір құлшыныспен кірісіп, жаңа қырынан таныла бастаган тұста дүниесден қайтты.

Жогарыда атап откесімдей, аса жауапты партия жөнін кеңес жұмыстарындағы басшылық орындарға жүздеген азаматтар жогарылатылды. Солардың бірі Н. Назарбаев.

1968 жылы Караганды облыстық партия комитетінің хатшысы Н. Банников Иркутскіге қызметке ауысты да, оның орнына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша бірінші хатшылыққа В. Акулинцев сайланды. Кейін салалық хатшылыққа жергілікті үлттан сайлауга үйгарым жасалды. Орталық Комитеттің партия органдары боліміне тиісті нұсқау бердім. Коп кешікпей бұл орынга Теміртау қалалық партия комитетінде, сосын Қараганды металлургиялық комбинациянда партком хатшысы бол істеген Н. Назарбаевтың кандидатуасы ұсынылды. Оның анкетасында Қараганды металлургиялық заводының жаңындағы жогары техникалық оку орнын жөні КОКП Орталық Комитетінің жаңындағы жогары партия мектебін бітіргендігі көрсетіліпті. Дербес партия жөні шаруашылық жұмыстарда болмапты. Оған қалалық партия комитеті дүрыс мінездеме беріпті.

Мен жас коммунистің бұдан былайғы тағдырына қамқор

болуды ойлап, Орталық Комитеттің бюросында оның кандидатурасын қолдадым. Қарагандыға келген бір сапарымда Акулинцевпен, Досмұхамедовпен және Назарбаевпен бірге Карқаралыға бардым. Сол жолы мен Н. Назарбаевпен жақынырақ таныстым. Мойындаум керек, ол маган үнады. Ал, уақыты келді-ау деген тұста, оны Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің өнеркәсіп жөніндегі хатшылығына үсындым.

Әрине, Орталық Комитеттің хатшысы болып істей оған женіл тимеді. Әуелгі кезде ол өзінің алдында тұрган міндеттерді айқын елестете қойған жоқ еді. Ал, ауыл шаруашылығынан мүлде бейхабар тұғын. Сондықтан күнделікті көмекке зору еді, мен оған қолұшын беріп тұрдым. Содан бірте-бірте халық шаруашылығын жоспарлау, қаржыландыру, өнеркәсіп және ауылшаруашылығы өндірісі саласында республиканың алдында тұрган бюджет пен міндеттерді жасау сияқты өмір университетінен өтсө бағтады. Назарбаевтың сұңбасты артықшылығы оның қылышылдан жастығы, алғырлығы мен лапылдан жайратжігері еді. Өзіміздің орнымызды басатындардың қамын біз ойламасақ, кім ойлауга тиіс. Сондықтан да Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрагасы Б. Әшімулы Қазақ КСР Жогарғы Кеңесі Президиумының төрагалығына сайланған кезде мен Назарбаевты үкімет басшылығына үсындым. Орталық Комитеттің бюро мүшслерінің бәрі бірдей оның кандидатурасын қолдай қоймады, әйтсе де мен өз дегенімді орындалтай қоймадым.

Республика Министрлер Кеңесіндегі жұмыс оған барлық уақытта майдан қыл суыргандай болған жоқ. Бұл жерде де кем-кетігін түзетіп, жол көрсетуге тұра келді. Ол оның өзі үшін де, Министрлер Кеңесінің жұмысын жақсарту үшін де істелетін. Бұны айту арқылы болмайтын жерден багамды арттырып, өткенді қазбалагын келіп отырган жоқ. Тап бүгінгідей ай сайын күрт төмендеп бара жатқан халықтың мүшкіл жағдайында, экономиканың құлдырап, Кеңес Одагының ыдырау қаупі төніп тұрган тұста мен адал конілмен Назарбаевқа қызметтіндегі табыс тілегім келеді. Сонымен бірге Қазақстанның Президенті міндеттінде ол қыындықтарды жеңеді және ауыр дағдарыстан тезірек шыгудың жолын табады деп сенемін.

Біздің республиканың игілігі жолында жемісті еңбек еткен адамдардың есімін атап оту — тек ол азаматтарға гана емес,

сондай-ақ олармен бірге істеген көпшілікке деген құрмет деп білемін. Атап айтқанда, кезінде облыстық партия үйымдарын басқарған хатшылар: Морозов, Кручинин, Демиденко, Әуелбеков, Құсайынов, Неклюдов, Милкин, Рамазанов, Аухадиев, Жақыпов, Сағдиев және басқалар. Солардың бірқатарына дербес, бірақ қысқаша тоқтала кеткенді мақұл көріп отырын.

Бектурганов Хасан Шаяхметұлы — Ұлы Отан соғысының отты жылдарын бастап кешіп, партия, кеңес қызметінде жауапты жұмыстар атқарды. Ақтөбе, Қызылорда және Жамбыл облыстық партия үйымдарын басқарды. Ол тың көтеруде белсенді үйымдастыруышылардың бірі болды.

Протозанов Александр Константинович — 1969 жылдан бастап қатарынан он төрт жыл Шығыс Қазақстан обкомының бірінші хатшысы, облыс өндірғіш күшін өркестетуге зор үлес қосты.

Аскаров Асанбай — 1944 жылдан КОКП мүшесі, 1942 жылдан Ұлы Отан соғысына қатысып, туган жерінә жеңіспен оралған майдангер. Әуселі Фрунзе педагогика училищесін, кейін КОКП Орталық Комитетінің жаңындағы партия мектебін бітіріп, комсомол қызметінде шындалған азамат. Соңан кейінгі бүкіл саналы омірін кеңес жұмысына, партия өміріне арнаған Жамбыл, Алматы және Шымкент облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшысы бол істеген жылдарда ол өзінің үйымдастыруышылық талантын танытты. Шымкент облысының экономикалық өркендердесін, мәдени омірінің көтерілуіне елеулі үлес қосты.

Ливенцов Василий Андреевичтің мамандығы агроном еді. Көпшілікпен тіл табыса білстін және жергілікті халықтың үлттық кадрларын тәрбиелеуге барынша атсалысты. 1935 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институтын бітірген соң, жиырма жылдай партия және кеңес органдарында қызмет істеп, үлкен өмір мектебінен отті. Шымкент, Ақтөбе облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшысы ретінде аталмыш облыстардың халық шаруашылығының өрге басуына ықпалы болды.

Ықсанов Мұстахым Біләлұлы — инженер-гидротехник. Қызылорда облыстық партия комитетін басқарған жылдары ауыл шаруашылығын суландыру және күріш сияқты дақылдан мол өнім алу ісінде айрықша іскерлік танытты. 1966—1970

жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, 1971—75 жылдары Орталық Комитеттің өнеркәсіп жөніндегі хатшылығы сияқты жауапты қызметтерде істеп, зейнетті демалысқа шыққанға дейін Орал облыстық партия үйімін басқарды.

Әлбетте, бұл тізімді соза беруге болар еді. Олардың осынау өмірбаяндық деректерінің өзі көп сырды аңғартса керек. Қысқа маглұматта сол азаматтардың халық үшін төккен мандай терлері, мазасыз күндері сайрап жатқандай көрінеді. Бір ғана Қостанай облысында табаны құректей жиырма жыл істеген А. Бородин, ұзақ жылдар бойы Ақжайық бойындағы алуан салалы шаруашылығы, әлеуметтік-экономикалық құрылымы бар Орал облысын басқарған III. Қоспанов туралы айтылатын жылы лебіздер де осыған саяды.

Мол тәжірибе жинақтаған, көпті көрген алдыңғы буын мен қажыр-қайраты, ақыл ойы, өмірге деген құштарлығы, халқына деген қалтқысыз қөнілі бар жастолқынның сабақтастығын сақтау — қоғамдық өміріміздің белгілі бір достүрінің қалыптастып, өзінің табиғи жолымен дамуының, яки иғі істеріміздің жаңа қарқынмен өркендеп, ізгі жаңалықтарымен толыса түсүінің кепілі. Облыстық, қалалық партия комитеттерінің хатшылары халық депутаттары кеңестерінің төрағаларымен толықтырып отырдық. Сондай-ақ ірі шаруашылықтарға, өндіріс орындарына алға қойған міндеттерді дұрыс өрі мінсіз орындайтын, еңбекте ысылған, өмір тәжірибесі бар жастарды жіберу дәстүрі өзінің баянды жемісін берді. Солардың ішінен облатком төрағалары — Үкібаев, Никулин, Қайыраев, Болатбаев, Досмагамбетов, Қашаганов, Төуkenов, Жұмабеков жөне басқаларды, ал аудандық партия комитетінің хатшылары — Әкімжанов, Синельников, Парий, Асанов, Минасов, Федякин, Брагин, Пивоваров, Шевченко, Гноева, Арзиев, Бижанов, Шабатов, Назарбеков, Төлебеков, Ысқақов, Батталханов және көптеген азаматтар ауызға оралады. Республика халық шаруашылығын өркендедүде, астық жинау науқанында, жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруде Орта Азия әскери округтарының қолбасшылары болған Лушев пен Лобов, Кеңес Одағының Батыры С. Нұрмамбетов, генерал Ганеев көмектерін аямаушы еді. Есімі аталған жолдастар айғай-шусызы-ақ, абыр-сабырсыз-ақ тамаша же-

тістіктерге қол жеткізін, жұмыс істеуге қалыпты жағдай туғыза білсөтін. Біз өзара түсіністік жағдайында, бір женен қол, бір жағадан бас шыгарып жұмыс істедік. Ұлтаралық қатынастарға байланысты ешқашан проблема туып көрген емес. Өйткені интернационализм рухында өмір сұруге, кім қай үлттың болмасын, ол ең алдымен өзге үлттың өкіліне құрметпен қарауға тәрбиеленіп өскен-ді. Біздің жұмысымыздың өзегі де осында еді. Және оны ешқашан күн тәртібінен түсіріп көрген емеспіз.

Әрбір минөт аудайдай қажет бол жататын шақ аз болмайды. Республиканың ұлан-байтақ жерді алып жатқаны былай тұрсын, жұдырықтай жүрекten тарайтын мындаған қан тамырларын қөз алдыңызға елестетіп көріңізші, сондай қым-қиғаш тамырларды тап басып, оның құнделікті тынысын қадағалап қана қоймай, бағыттап отыру оңай болмаса керсک. Сондықтан Орталық Комитеттің белім бастықтарынан күн сайын аса қажет ақпарат хабарлар, жедел ақпартар алып, ізін сұytпай танысып отыратынмын. Оларға арқа сүйемей, көміл істі ілгері жүргізу мүмкін де емес. Осы орайда мен екі адамды боле-жарып айттар едім. Оның бірі — Х. Әбдірашитов, бұрынғы комсомол қызметкері, ұзак жылдар бойы менің көмекшім болп істеді, ал кейін Орталық Комитеттің жалпы белімін басқарды. Осы жерден зейнетті демалысқа шықты. Ол өтс адал және тәртіптің адамы еді. Екіншісі — жиырма екі жыл көмекшім болған Д. Бекежанов. Екі айтқызбайтын. Ол өз ісін жетік білетін, өсіреле ауыл шаруашылығы өндірісін бақайшығына дейін шагатын. Оның бұл саладан көмегі көп еді. Қанша жыл бірге істедік, бірақ Дүйсестайдың ала жіпті аттаған жерін көрген емеспін. Кейін оны беймәлім «былықтары» үшін айыптап, «жазага кесті». Дәлелденбесген «қылмысы» үшін жапа шегіп оралған ол өзінің адальғына елдің көзін жеткізді, бірақ сүм ажал оны қармагына мезгілсіз ілді.

Орталық Комитеттің аппаратында бірге істеген қызметкерлерден ұйымдық-партия белімінің менгерушісі К. Сұлтановты, ауыл шаруашылығы белімінің менгерушісі — Бурлаковты, әкімшілік органдар белімінің менгерушісі — Шаловты, сондай-ақ Рыбниковты, Климовты ерекше атап өткім келеді. Бұлардың бәрі кейін де одан да жаупты жұмыстарға жогарылатылды. Ал, Ким, Байсейітов, Бутин, Елубасев, Қарынбаев, Кур-

ганов, Ибрагимов, Жиенбаев, Едігенов, Царев, Иванов сынды министрлер, сондай-ақ азаматтық авиация мен теміржол транспортының басшылары Жұмағали Омаров, Рымбек Тұрғанбаев, Нигмет Есенгарин, тұрмыс қажетін өтеу саласында Конопенко, Чернышева, Кисановтар мақсаткерлікпен жөне баянды жұмыстар істеді.

Мен бұл топтан үш адамның есімін іркіп қалдым. Олар — Илияс Омаров, Төлеген Тәжібаев, Леонид Гончаров. Біріне бірі ұқсамайтын үш тұлға. Халық айырықша құрметтейтін, ісімен де, сөзімен де өнеге болған аялы азаматтар.

Илияс екеуміз түйдей құрдас едік. Оны 1942 жылдан бері білетінмін. Ол кезде Қазак КСР Сауда халкомының орынбасары тұғын. Табиғаты бөлек адам еді, өнерді сүйетін, ақынжанды, ашық-жарқын кісі. Ертеректе, сол отызыншы жылдары Орта Азия жоспарлау-экономика институтын тауысып, Қызылорда да сауда техникумын басқарған. Өзі бұл салаға біздің халқымыз өлі де болса тұмсық батыра алмай, шеттеп жүр гой. Тегінде, Ілекенді сауда саласының алғашқы үйымдастырушыларының бірі десек, артық байлам болмас. Ол өзінің үйымдастырушылық қабілетінің арқасында, ел басына күн туып тұрган жылдары республиканың Сауда халық комиссары қызметін атқарып, артынша Қазак КСР Халкомкеңесі төрағасының орынбасарлығына көтерілді, кейін партия қызметіне ауысып, Шығыс Қазақстан облыстық партия үйімінә жетекшілік етті. Оның республика Мәдениет министрі ретіндегі енбегі өз алдына бір белес. Жаны таза, рухы биік зиялыштарымыздың бірі, қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің тарихы мен келелі проблемалары туралы жазған публицистикалық, әдеби-сын еңбектері біздің модени өміріміздің алтын қорына енестіні еш күмән келтірмейді.

Төлеген Тәжібаев қазақтың белгілі галымы, үлкен қоғам қайраткері еді. Ол кісімен Халық комиссарлар кеңесіне қызметке ауысып келген тұста таныстым. Бірден бауыр басып кеттік. Ол кезде Халық агарту комиссары еді. Кейін қызметтес болдық. Соғыстың қүйіп тұрган уақыты, мұрнымыздан шаншылып жатамыз. Соған қарамастан ел тағдыры, халқымыздың болашағы, оның ертеңгі үрпағы жайындағы ортақ әңгімелі таусылmas еді. Төкен қазақтан тұңғыш шаққан дипломат, республиканың алғашқы сыртқы істер министрі, ол ұзақ жылдар бойы

қазақ мемлекеттік университетін басқарып, оның қалыптасып, қанат жаюына зор үлес қосты. Мен Ғылым академиясында істеп жүрген кезде, ұмытпасам, 1954 жылы қазақ КСР Ғылым академиясының академигі болып сайланды. Тәжібаев қоғамдық, мемлекеттік қызметті зор ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ұштастыра білген оқымысты. Психология саласындағы зерттеулері қазақ топырагында осы ілімнің дамуына, оның дүрыс қалыптасуына илгі ықпалы тиді.

Леонид Борисович Гончаров мұқалмас жігердің адамы еді. Қазақстан автомобиль жолдарының ұзындығы жағынан Одакта үшінші орын алса, онда осы азаматтың сіңірген еңбегі аз емес. Ол республика Автомобиль жолдары құрылыш министрі ретінде іскерлік, үлкен ұйымдастырушылық қабілет танытып еді.

Қазақстан — жастар республикасы. Мұнда тұратын халықтың жартысынан көбі 35 жасқа дейінгілер. Республика экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің құллі қалыптасу тарихы комсомолдар мен жастардың даңқты істерімен тікелей байланысты. Оны осы жолдардың авторы өз тәжірибесінен дәлел келтіре алады. Сол дәстүрді жалғастыра отырып Қазақстан лениншіл коммунистік жастар одағының Орталық Комитеті ұлан-ғайыр жұмыстар жүргізді. Республика жастарының жалынды жетекшілері Куаныш Сұлтанов, Серік Әбдірахмановтың іскер басшылығын замандастары орынды мақтан етеді. Қазақстан жастарына, сондай-ақ кадр мәселелеріне қатысты аса маңызды талай проблемаларды шешуге белсене араласып, құнды ұсыныстар жасап отырды. Қазақстан әйелдерінің тамаша істерін қашанда ілтипатпен еске алып отырамын. Әуслі ауданда, кейін Орал обкомында хатшы бол істеген, Қазақ КСР Жоғарғы Кенесі Президиумы тәрағасының орынбасары, сосын ұзақ жылдар бойы республика Әлеуметтік қамсыздандыру министрі болған инженер З. С. Омарованаң елге сіңірген еңбектері аз емес.

Ірі өндіріс ошактарында өздерінің білімін, іскерлігін көрсеткен, ягни сыннан өткен өндіріс қолбасшылары — Мәуленқұлов, Құленов, Қобдабергенов, Ізбасханов, Ақбиев, Жақсыбаев, Садықов, Тәкежанов, Ұрымов, Ешпанов, Немешев, Симаков, Вартанян, Гребенюк және басқалардың ісі кейінгі жастарға үлкен өнеге. Республика мұнай өнеркәсібін өркендетуге

инженер С. Өтебаевтың, Караганды көмір бассейнінің қанат жаюына инженер Сергазиннің, жас кадрларды тәрбислеу ісінде Караганды политехникалық институтының ректоры болған Қазақ КСР FA академигі А. Сагыновтың қосқан үлестері қомақты.

Әлбетте, уақыт озған сайын ел таныган бар азаматтың есімін жадында сактау мүмкін емес екен. Сондықтан мен неге ұмыт қалдым екен деген өкпе болса, ағайын, алдын ала гафу өтінемін. Мен бір өзі құллі ел мақтан етіп оқыр дастанга лайық, азаматтармен істес болдым. Олардың азаматтық келбеті, ұмытылmas істері өмірмен, халықпен бірге жасайды. Халыққа жасаган қалтқысыз еңбектің бір кереметі де осында.

Күріш арқасында құрмек су ішеді деген рас. Жауапты жұмыстарға тагайындау барысында қателік болмай қалған жок. Республикалық жөнс облыстық партия, кенес органдарының басшылары арасында аузы епті болғанымен, бұтынан борсық өткізген құлар, қара басының қамын жеп, бүйенін майлагандар, мансаптың буына пісіп, елдің қамын, шаруа жайын ұмытқандар болды. Біздің өмірімізде нартөусекелге бел байлап, батыл шешімдер жасайтын, қажет дессеніз, аса құрделі әрі жауапты істерге бас тігуге баратын тұстар аз кездеспейді. Сондай кездерде әлгі адамдар аузына құм құйылғандай, шықпа жаным шықпа деп үнсіз отырып, әліптің артын күтеді, сиң орісі бөгелектеген аттай бас изеп, не айтсаң да «лөппай» десден тайынбайтын. Кеш тे болса коз жетті, ол адамдар жан ауыртып жұмыс істеуге, бас қатырып ұзақ ойлауға жок. Бітсу жара сияқты. Оларды үя бөріктеу жандар еді деп, сыпайылап айтқаннан гөрі, қалбырга салған сынаптай еді деу лайық. Ұстатпайды. Тасбақаның аузынан шөп алады. Өз пікірі жок, өзгеснің ойын малданудан тайынбайды. Өзінен жоғарыға бестегеден биік, жусаннан алласа. Ал төмендегілердің табанын тіліп, тұз қүюға бар. Және ондайлардың аузы салулы келеді. Жогары дөрежелі қызметтес жүріп, сыпыраның ішінде отырады. Шен алып, шекпен киюден кенде қалмайды. Сондай адамдардың жүлдзызы жанған өкілдері О. С. Мирошхин мен С. Мұқашев.

Кадрларды басшылық жұмыстарға ұсынарда олардың іс-керлік және адамгершілік қасиеттері барынша сараланып, жетес зерделенс бермеді. Соның біразы Орталық Комитеттің бюро-сында менімен ұзақ уақыт қызметтес болды. Былайша айтқан-

да, кемседегінің жаны бір дегендей, жұмыс істедік. Соған қарастаң мен қалай зейнетті демалысқа шықтым, солай олар өткен күндерден іргесін аулақ салып, аттанга ұран қосты. Бұрынғы атаулыны қосыла қаралады. Олар екі таудың шүйгінін аңсаган киіктің аш қалатынын білмеді. Бәрінен де халық су алған қайнарға тас лақтырды, одан әрі де талай үрпақ сусындастынын түсінбесді. Өз мақсаттарына жетуі үшін аққа қара жағудан тайынбады, бұған дайын істелгендерді түгелдей жоққа шығаруға тырысып, сыңаржақ бағалауга дейін барды, кем-ке-тікке келгенде түймедейді түйедей стіп көрсетуге ұмтылды. Мениң халық алдындағы азды-көпті қызметімді сынаган кездे ол адамдар мені өні түгілі түсінде көрмеген кісідей сыңай байқатты. «Қоғамдық пікір» тудыру үшін өткенді додага салып, бөрі тигс қойдай қылды, откеннің арбасы алысқа бармайды деп үқты, бірақ сол арбаның кешегі ислерінің бірі өздері скендерін естен шығарып алган еді. Ондай адамдар туралы Лев Толстой: «Барлық уақытта сүттен ақ, судан таза болғысы келестін пендeler — ең қорқынышты адамдар. Олар өздерін күнөдан пәк қып көрсету үшін жазықсыз жандарды, әулис-әмбисіні, тіпті құдайдың озін жазғырудан тайынбайды» деген екен. Шынтуайтына келгенде, олар обал, сауап дегенді білмейді.

Солардың бірі З. Камалиденов сді. Сөзінс қарауыл қоятын жігіт. Айтқаны ісіне сәйкес келмейді. Казақ: «Атқа отырса атасын да танымайды» деп осындаіларды айтқан. Олардың алган беттен қайтпас табандылығы, кемшілікке ымырасызыдығы көрер көзге гана. Камалиденов Орталық Комитеттің хатшысы ретінде республикада идеологиялық жәнс төрбис жұмыстарын жақсартуға қатысты бірде-бір ұсыныс жасамай-ақ кетті. Оның айналып келіп айта беретін бар шаруасы — біреуді орнынан алып, орнына қоюмен шектелстін. Және оның көбісі біздің зияяларымыздың беткес шығар қаймақтары болатын. Жасырағыны жоқ, мен оның талаптарын қолдаган смеспін. Мен зейнетті демалысқа қалай кеттім, Камалиденов солай өз дегенін түгелге жуық жүзеге асырды. Ол жайында кейін кеңірек тоқтalamын.

Камалиденовтың үртyn алып, мұртына жалғап жүргенін жүртшылық бірден білді, ол «денсаулығына байланысты» жү-

мыстап босатылып, 52 жасында «зейнетті» демалысқа шыгарылды.

М. Мендібаевты жауапты қызметкес жогарылатуымыз, оны толық мойындаймын, Орталық Комитет бюросының өррекел қате шешімі болды. Ол біраз уақыт Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы бол істеді, алайда облыстық және астананың экономикалық өркендеуіне іс жүзінде ешқандай үлес қосқан жоқ. Қайта керісінше бол шықты. Облыс бүрынғы қол жеткізген көрсеткіштерінен көре қозғалыста бастады. Экономикасы құрт төмендеп кетті. Ол, негізінен кадрларды бүйе тигендей қылды. Қырына алғандарын шетінен қызметтөн қуып, қебісінің үстінен қылмысты іс қозгатты. Сойтіп, талай адал коммунистер өпербақан хатшының «сойылына жығылды». Жалпы, жараптау оңай, ал жараны жазу қын. Жөн-жосықсыз жапа шеккендердің азаматтық құқы қайтарылды. Бірақ азаматтардың сагы сынды, рухы түсті. Мысқалдап жинаған абырайын айрандай төкті. Ел-жұрт алдында жерге қаратты, бала-шагасының алдында беделін түсірді. Сол жүрек сыздатқан жылдардың отсуін немен қайтарғандаймыз. Асығыс шешім, ағат қадам адамдарга қанша қиянат, қандай қасірет өкелді. Үрандап бастап, ұрда-жық шешімдерден ел зардан шегіп жатады, соны ойлай бермейміз. Мендібаев басшылық жасаган кезеңді жұрт «кіші 37—і» деуі, сірө, тегін емес. Ал, оны Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің екінші хатшысы стіп сайлау одан да сорақы қателік болды. Ол, өрине, мен зейнетті демалысқа кеткеннен кейінгі «жаңалық» скенін еске сала кеткім келеді. Орталық Комитеттің бюросы Мендібаевтың шілдеде мұз қатыратын мінсезін, жауапты партиялық міндетті алып жүргүре қабілестіз скенін тез түсініп, екінші хатшылықтан босатты.

Танауын көтерген тасқа согылар деген осы болар, сірө.

XXXIX

Партия жұмысында жогары да жауапты қызметте жүріп, оны оқырман дүрыс түсінер деп ойлаймын, ешқашан осыншалықты үлан-байтақ жері бар, байлығы бастан асатын және таңқы жер жарып тұрган Қазақстанды, оның көп үлтты халқын

жалғыз билейін дегенді ойлап та көрген емеспін және ондай жеңіл ойга өзімді жіберген де емеспін. Шүкір, шыққан тауым биік болды. Омырауга таққаным да бір басыма жетерлік еді. Атақ та алысқа кетті. Ел ішіндегі абыройым да баршылық тұғын. Соған қарамастан, табыстан бас айналған жоқ. Тұла бойымдағы бар қасиетті сақтап қалуға тырыстым. Құнделікті өмірде де, жұмыста да сол үш қасиетке арқа сүйедім. Олар — қарапайымдылық, адалдық, табандылық. Екі нәрсені, «Ақылдан сабыр артық, тенденсі жоқ байлық — қанағат» деген шығыс даналығын жадымда үстадым. Қандай жағдай болмасын, сабыр сақтап, мейлінше қайырымды болуға үмтүлдым. Ал, шектен тыс жұмсақтық пен ақ жүректік талай басыма таяқ боп тиді.

Партия мен халықтың маган зор жауапкершілік жүктеп отырғанын жөне Қазақстанның өндіріш күшін көтеруде, халықтың тұрмысын жақсартуда тиісті үйымдастырушылық, орындаушылық қарымтасы болады деп, сеніммен күтстінін мен өрдайым терең созінетін едім. Бұл міндеттерді ойдағыдай шешу үшін партия маган: билік, құқ жөнс міндет берді. Осы үшсөi батыл қадамдар жасауга, өз борышымды адал да абыройлы атқаруга бекем бел байлattы. Бұған дейін де айтқанмын жөнс өлі де қайталап айтамын: мен үшін партия сенімінен, халқымның сенімінен асқан бақыт жоқ. Қандай қындықтар кезікпесін, қайыспауга, мойымауга тырысып, сл сенімін ақтауга міндетті болдым.

Менің алға қойған сұңбасты мақсатым — адамдарга жанашыр болу, қол үшін беру. Мен бірде-бір адамның, мейлі ол кім болсын, қай үлттан болмасын, месселін қайтарып көрген емеспін. Үміттің аяқ асты болғанынан артық қорлық жоқ. Жердің үстімен келіп, астымен қайтқаннан асқан азап болмайды. Жақсылығынды адамға жаса, сол үшін елдің сенген тізгінін үстап отырсың. Құнде жұмысқа келс жатқанда осы ой жетелеп кеп табалдырықтан аттаттыратын. Әлбестте, орбір жеке істі өзім қарап, үңғыл-шұңғылына баруши едім десsem, адам алдында да, құдай алдында да күнөшар боламын. Ондай өтініш, шагым, талап-тілек жүздеп саналатын, бір қолды екі етсең де түгел танысып шыгу мүмкін емес. Мен аппараттагы адамдарға кәміл сенетінмін, шектен тыс сол сенімді басқаша қабылдан алатындар да төбе көрсетіп қалатын. Олар күдік тудырмastaй ақпарат

хабарлар мен құжаттарды алдыңа әкеліп қойғанда сенбеске іләжін қалмайтын. Бұл — бір. Сосын көптеген арызшагымдар бойынша Орталық Комитеттің бюросы, хатышлар алқасы, партиялық комиссия, сөз жок, дұрыс та әділ шешімдер қабылданап жатады. Маган келіп түскен хаттарға қараганда, ол адамдар әлі күнге дейін оны ұмыта қоймапты.

Алып-қашпа сөзде ауыздық болмайды. Сондықтан көрпе астынан ши жүгіртіп отыратын өсекшілер мен асынды ішіп, көрпенді тіліп кететін арызқойларды суқаным сүймейді. Арқасынан аяз өткен кісілер түсінеді. Ондайларға кешіріммен қарауға болмайтын.

Су төгілмес жорға да сүрінеді гой. Мінсіз едім демеймін. Мен де ет пен сүйектен жарапғам. Бірақ барлық мәселеге әділ төреші болуға, таразы басын тең ұстауға тырыстым. Жан бала-сына «сен» деп жекіріп иә дауыс көтеріп көрген емеспін. Үлкенге ізетпен, кішіге құрметпен қарадым. Аз сөйлем, көп тындау әдетім. Әсіреле, алдыңа мұң-мұқтажын айтуга келген жанды түгел тындап алып, істің байыбына барып, әңгімені шыратын едім. Және осыған сабактас бір мәселе — аса ірі әрі құрделі мәселелерді шешуге келгенде асықпайтынмын. Көмекшілеріме: «Мына қағаз жата тұрсын. Ертең бұдан да ақылдырақ болады» дейтінмін. Оған дейін өзің де он ойланып, мың толғанасың. Асықпай, ақылга салып шешкен іс баянды болмақ.

Даналық халықта. Олардың ортасында жі болып, айтар тілегіне, қоятын талабына құлақ ассан, өзінді өмір мектебінен дәріс алып қайтқандай сезінесің. Жұмысшылармен, гылыми қызметкерлермен, өнер мен әдебиет қайраткерлерімен, сонымен бірге партия, кеңес қызметкерлерімен әрбір жүздесуім осындағы ой қоржының арқалатып қайтаратын.

Бұған дейін шет жағалап айтып өттім. Жыл сайын Қазақстанның барлық облыстарын аралаган сапарда өнеркәсіп кәсіпорындарының, құрылыш үйімдарының, совхоздардың, гылыми мекемелердің ұжымдарымен кездескен сайын, олардың тұрмысымен танысқан сайын, біз қайда кетіп бара жатырмыз, олжамыз қайсы, олқылықтарымыз неде дегенді саралауға, сабакты түйіндер жасауға мүмкіндік алатынмын. Сол сапарларда медициналық мекемелерде, гылыми-зерттеу институттарында, оқу орындарында болуды естен шыгарған емен. Дүкендерге

соқпай, базарларды араламай кетпейтін едім. Республиканың бірінші басшысы келе жатқанда ондағылар өздерінің жерге қарап қалмас қамын мықтап ойлай білетін және дүкендерге самсатып қоюға ұмтылатын. Оны білмейді емессін, көзің де көріп тұр, көнілің де жетіп тұр. Ақиқатын адамдардан сұрайсың. Бұлтаққа салмайды. Тура айтады. Сөйтін кемшілік сырын іздейсің. Өзің қай жерден кемшілік жібергенінді білесің. Ойла на жүресің. Сол арқылы республика тынысын танисың.

Қай шаруаны қолға алмайын, аягына дейін жеткізу және айтқан уақытында орындау бала жастан сүйекке сінген әдет еді. Мемлекеттік деңгейдегі маңызды шараптар қай күнге, қай сағатқа белгіленсе, сол уақытта өткізетінмін. Бұған істелетіп жұмыс ешқашан ертеңде қалып қөрген емес.

Шаруашылық, ғылым, мемлекеттік және партиялық жұмыста мол тәжірибе жинақтаған маган біздің еліміздің көрнекті партия және мемлекет қайраткерлерімен бірге қызметтес болу, жүздесіп, сұхбат құру әрі женіл, әрі қызықты еді. Өзіндегі барды өзгемен бөлісудің, өзгеден өзінің үйрене жүргенің қандай ганибет. Білсем деген талап қай жастағы, қандай дәрежедегі адамға таптырмас қасиет. Отken жылдар менің өмірімде ұмытылmas іздер қалдырыды. Ол республика экономикасын, ғылымы мен мәдениетін өркендетуде саналуан әрі күрделі мәселе-лерді шешкен қыын да қызықты жылдар еді. Қазақстанды Одақтан боліп қараған емеспіз, бүкіл ел мұддесі тұрғысынан, біртұтас ортақ жоспар бойынша қанат жайды. Барлық республикалармен шаруашылық байланыста өркендеу халықтар арасындағы достықты одан әрі нығайта түсуге мүмкіндік берді. Ұлттық саясатты дұрыс жүзеге асыру Қазақстан экономикасының, оның ғылымы мен мәдениетінің бірқалыпты дамуы үшін бар жағдайды туғызды.

Менің қызметім — партия үйымын Скворцов, Борков, Шаяхметов, Пономаренко, Брежнев, Яковлев, Беляев, Юсупов баскарған жылдармен тұспа-тұс келді. Бұлардың қай-қайсысы да белгілі бір іздер қалдырыды. Олардың қызметінде «па, шіркін-ай!» дейтін де, «қап, әттеген-ай!» дейтін де сөттер болды. Мен өзімнің осындағы ауыр да абырайлы жолдардан откенім үшін де тағдырға ризамын.

1986 жылы жиын-терін бітісімен Зухра Шәріпқызы екеуміз Кисловодскіге демалуға кеттік.

Біз демалып жатқан кезде Саяси Бюро еліміздің 1987 жылғы халық шаруашылығына өркендету жоспарын қарады. Мұндай жағдайда, әдетте, Саяси Бюро мүшелері түгел қатысатын. Тіпті олар демалыста болмаса жол сапарда жүрсе де жоспар талқылауга міндетті түрде шақырылатын. Маған, осылай дегенім дұрысырақ шығар, белгісіз себептермен бұл мәжіліске қатысадын сәті түспеді.

Мәскеуде өткен салтанатты жиында баяндамашы Лигачев Қазақстанның өндірісте және астық дайындаудагы табыстары туралы тіс жармайды. Республика диқандары көптен күткен миллиард пүт астық бермегендей оны айналып өтіпті. Тек Қостанай мен Көкшетау облыстары жоспарын орындағанын гана ауызга алған. Онда да бұл табысқа олар М. Горбачев болып қайтқаннан кейін қол жеткізіп отыр деген емеурін білдіреді.

Орталық басылымдар көпе-көренеу үнсіз қалды. Әшейінде ауыз жаппайтын, тойда өлең таппайтынның кебі келді. Экономикадагы, мәдениетіміздегі көптеген иғі істеріміз туралы, республика еңбекшілерінің әл-ауқатының өсуі жөнінде, халық шаруашылығы жоспарының қалай орындалып жатқаны жайында иманды ауыздары сылп етсе қане. Әлбетте, мұның бәрі тегін-нен-тегін емес еді. «Үнсіз іштен шалуда» үлкен мән жатқан. Алтын жағаның сөгілгенін айтпай-ак түсінгенмін. Мұның өзі бұған дейін де зейнетті демалысқа кетуге кезеңін жүрген ойымды біржола нықтап берді. Оның үстіне, жас болса келді. Жетпіс — мәр шағың, одан өтіп, 75-ке толғанмын. Оның 42 жылын Министрлер Қенесі мен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде істеген екенмін. Білген кісіге шүкіршілік жасағандай тіршілік еді.

Қараша айының екінші жартысында КСРО Жоғарғы Қеңесінің сессиясы өтіп, соган қатыстым. Горбачевпен кездесіп, екеуміз үзак отырып әңгімелестік. Қалай бастап, не айтуды өмір үйретті гой. Барымызды асырмай, жоғымызды жасырмай алдына жайдым. Шешімін күткен проблемалар да жетіп артылатын. Оның да көбесін сөктім. Ал, айран сүрай келген кісі, сірә, шелегін жасырмаса керсек. Өкпемді де айттым. Горбачев-

тен шыққан кезде зейнетті демалысқа кетуге біржола бел байладым. Кейінгі бір сөйлескенімде өз шешімімді айттып ем: «Әзір тұра тұрсаңызы. Тым болмаса Үндістанга барып қайтайын. Сосын шеше жатармыз» деп жылы жауып қойды. Ол қайтып оралған бойда мен Мәскеуге үштүм. Одан арғы жагы өздерінізге аян. Ал, ол екеуміздің арамыз қалай болғанын бұған дейінгі тарауларда таратып айттым гой деймін. Тек оған қосарым: Горбачев маган өрдайым жақсы әсер қалдыратын. КОКП Орталық Комитетінің хатшылығына, Саяси Бюро мүшелігіне сайланғанда да арамыз майлы қасықтай болатын. Мен 70-ке толғанда 1982 жылы Саяси Бюро мүшелерінің құттықтауының сыртында өз атынан мынадай телеграмма жолдағаны бар:

«Қымбатты Дінмұхамед Ахметұлы!

Зор құрметті сезіммен және шын жүректен Сізді жетпіс жасқа толуыңызбен және Отанымыздың жаңа тамаша награда-сымен құттықтаймын!

Бүгін Сізге ақсан үйымдастыруши және басшы екенізді, біздің партиямыз беріліп қызмет студің үлгісін көрсетіп отырғаныңызды әділетті түрде және бар дауыспен жар сала айтқым келеді. Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің зор жетістіктері және гүлдене түсін соның дәлелі. Қазақстанның миллиард пүт астығы республика жағдайында КОКП-ның аграрлық саясатының, Леонид Ильинчтің ақыл-кеңестері мен нұсқауларының қалай көзін тауып, табандылықпен және шыгармашылықпен жүзеге асырылып жатқандығының жарқын көрінісі.

Сізге, қымбатты Дінмұхамед Ахметұлы, шын жүректен жақсы денсаулық пен бақыт, КОКП XXVI съезінің ишешімдерін орындауда жаңа шыгармашылық құш-қайрат және зор табыс тілеймін.

Қолыңызды қатты қысып, құшақтап сүйемін.

М. Горбачев».

Ісің оңалғанша, итіңе қол арта түр деген осы. Әйтпесе, арамыздан ала мысық өтіп кете қоярлықтай үш-төрт жылдың көлемінде ешиңдерсе бола қойған жоқ. Қараптан-қарап жүріп нілдей бұзылды. Сірө, Мәскеуге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «екіжүзді» бюро мүшелерінің тарапынан «хан»

сыртынан жұдырық көрсетулер болмай қалмаса керек. Бір кебісті бір кебіске сұқпаса, қазақ қарап отыра ала ма?

Горбачевке кісі өкпелеп болмайды. Неге дейсіз гой?

КСРО Министрлер Кеңесінің төрагасы кезіндегі Н. И Рыжков ол не айтса, соны бұлжытпай орындаған отырды. Әсіресе экономикалық саясатта Горбачев тізгіндегі қалай бұргысы келсе, божы үстаган Николай Иванович солай тартты. Яғни үкімет не істесе де президентпен келісіп барып, соның шешімімен іске асыруға тырысты. Алайда, елдегі жағдай күрт өзгеріп, жалпақ жұртқа жария стілген жоспар жарамсыз бол шықты. Бұган кім жауап беруге тиіс? Қалай болғанда да біреу халық алдында «алша мойным талша» десу керек қой. Ол кім? Жемс-жемге келгенде, бар кінәні Н. Рыжковтың мойнына итерс салды. Онсызда ері мойнына кетіп отырган ел аясын ба, түс-түстан келіп, тұтс-тұтесін шыгарды. Айтылмаган соз, таңылмаган кінә қалмады. Сөйтіп, айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылды. Президент не көрсе де премьер-министрмен бірге көріп, жауапкершілікті тен қөтеру керек еді. Бірақ Михаил Сергеевич беделден айырылғанша, бел омыртқам қайырылсын деп, қайқайып шыға келді. Үкіметті жерден алып, жерге салып жатқанда да ол лөм-мим десмегі. Осының өзі-ақ М. Горбачевтің жатып атары мен принципеіздігін көрсетеді.

Горбачев командасын түгел жаңартты. Қайта құру ісін бірге бастаған өзінің бар жақтастарын біртіндеп-біртіндеп жылыштатып жіберді. Жөн-жосықсыз басшылық құрамды та-зарту, өмірдің өзі көрсектендей, бүкіл елді үлттық апатқа апа-рып соқтырды. Горбачевтің ең жақын серіктері — Шевернадзе, Яковлев, Шаталин, Петраков және басқалары әр түрлі себептермен іргесін аулақ салды. Біздің ойымызша, олардың сырт ай-налуының басты себебі — Михаил Сергеевичтің ішкі саясатты жүргізуегі принципеіздігі, тайланқтығы яки табанының бүрі жоқтығы, қысқа күнде қырық құбылатын жаңсақ байладары.

Ол өзінің партиялас жолдастарының кобімен әрі тез, әрі өкінішсіз-ақ қоштасты. Қатарынан бірнеше жыл жұп жазбай, ескегін бірге есікен Е. Лигачев қайықтан қалай түсіп қалғанын білмей де қалды. Оны қөптеген газеттер, радио мен теледидар сан-саққа жүгіртіп, асауга құрық салғандай шыңғыртты. Тіпті өлі жараның бетін тырнап, былық-шылыққа шатыстырып бақ-

са да Горбачев шүйдесін көрсектен қүйі бозеріп отырып алды. Бұл күл болмасаң, бұл бол дегенінің белгісі еді.

Горбачевтің тарарапынан дәп осындай ішмерездікті мен де бастан кештім. Жалған арызды желеу етіп, КОКП Орталық Комитетінің құрамынан шыгарды. Еңбегінді бұлдамайсың гой. Бірақ адамгершілік жолдан жығылмаган жөн еді. Ұзақ жылғы қызметімді білс түрып (тым болмаса жогарыда келтірілген телеграмманы еске түсірслік), Горбачев мәнін атыма бір ауыз жылы сөз айтуга жарамады. Қерісінше, кетер қызды керіп қал дегендей, зейнетті демалысқа шыққан бойда көрінгенге аузына келгенді құсуга жол ашып берді. Балақтагы бит басқа шықты. «Тас түссе талайынан» деген, көніл жүдеп, жаным жадап мен қалдым. Қазір соның бөрі сап тиылды. Өтіріктің өрісі тар деген осы. Лагып сойлесгендердің айтқандары далада қалды. Халық актың қайсы, қараның қайсы екенін ажыратып, орын-орнына қойды. Шындық женді! Сол үшін де, айналайын халқыма ризамын. Су ішсем де, суан ішсем де халқыммен бірге болғанымба бақыттымын!

1986 жылы желтоқсанның 11-і күнгі Саяси Бюроның мәжілісінде зейнетті демалысқа шыгуыма байланысты мені қызметтен босату туралы шешім қабылдады. Ал, желтоқсанның он алтысында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. Оны өзім ашып, КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Г. Разумовскийге сөз бердім. Ол менің зейнетті демалысқа шыгуыма байланысты Саяси Бюроның шешімін оқып беріп, маган тілегін айттып, ыстық ықыласын білдірді. Орталық Комитеттің бірінші хатшылығына Г. Колбинді сайлады. Пленум жұмысының сонына қарай мен оған қатысушыларға бір женінен қол, бір жағадан бас шыгарып істеген жұмыстары үшін, өз алғыс-сезімімді жеткізіп, табыс тіледім. Орталық Комитеттің мүшелері құрмет көрсетіп, мені ду қол шапалақтау үстінде шыгарып салды. Разумовский Пионерлер сарайын, В. И. Ленин атындағы сарайды, халық шаруашылығы жетістіктері көрмесін аралады. Ұақыттың тапшылығына байланысты көрменің бас павильонын көруге гана мұршасы келді. Сағат бірде Мәскеуғе үшіп кетті. Орталық Комитеттің хатшысы кеткен соң, Разумовскийді шыгарып салуга аэропортқа келген Орталық Комитеттің бюро мүшелерімен тұгел қоштасып, үйге қайттым.

Желтоқсанның он жетісі күні сағат 11-де маган Қазақстан

Компартиясы Орталық Комитеттің екінші хатшысы О. С. Мирошхин телефон соқты. Орталық Комитетке келуімді өтінді.

— Жайшылық па? Мен зейнетті демалыстамын гой, — деп едім, ол:

— Алаңға бір топ жастар жиналды. Олар кеше өткен Орталық Комитеттің пленумының шешімін дұрыстап түсіндіріп беруді талап етеді. Жиналгандардың алдында сөйлеп, істің мән-жайын түсіндіріп берсеңіз дұрыс болар еді, — деп жауап берді.

— Жақсы, — деп жәнс мынаны сұрадым. — Колбин келісе ме бұған?

Мирошхин телефон тұтқасын Колбинге берді. Ол Орталық Комитетке келіп, жастар алдында сөйлесуімді өтінді. Мен келісімінді бердім. Табан астынан жиналышып, айтқан жерге бардым. Бірінші хатшының кабинетіне кірсем, Бюро мүшелері түгел жиналышып, алаңға жиналгандарга не істеу керектігін ақылдасып отыр екен. Колбин екі адамға: Назарбаев пен Камалиденовке жастар алдында сөйлесуді ұсынды. Маган сіз былай етсеніз қайтеді деген тапсырма болмады. Колбиннің кабинетінде бақандай екі сагаттай тапжылмай отырдым. Тіпті мениң сөз сөйлесуім туралы әңгіме көтерілген жоқ. Сосын Колбин Мәскеусімен байланысып, әлде кіммен сөйлессе бастанды. Әңгімесінс кедергі болмайық деп, Мирошхиннен басқамыз сыртқа шығып кеттік. Араға аз-кем уақыт салып, Колбин барлық бюро мүшелерін жинап, оларға қосып мені де шақырды. Кірген бойда ол маган:

— Сіз боссыз, дем ала беріңіз. Біз өзіміз-ақ тиісті шара қолданып, тәртіпке келтіреміз, — деді.

Мен шыгар алдында Мирошхинен:

— Не үшін шақыртты, неге сойлестпедіңіздер? — деп сұрадым.

Ол былай деп жауап берді:

— Ақылдаса келіп, сізге алаңға шығып сөйлеуініздің қажеті бола қоймас деп шештік.

1987 жылы маусым айында Мәскеуде өткен КОКП Орталық Комитеттің пленумында маган алаңға шығып, сөз сөйлесуге рұқсат етпегенін Мирошхин тагы да растады.

Күндізгі сағат бір шамасында Орталық Комитеттен оралдым. Дәл сол кезде Горбачев телефон шалып:

— Жастардың бұлай алаңға шыгуын немен түсіндіруге болады? — деп сұрады.

— Қазір республика басшылары Орталық Комитетке жиналып, кеңесіп жатыр. — дедім. — Олар сізге баяндайтын болар.

— Бұны кімдер үйымдастыруы мүмкін?

— Маган үйымдастырушылар белгісіз.

— Жақсы біз реттеп, шара қолданамыз. Төртін орнатамыз.

Горбачевтің соңғы сөзі осы. Ал, белгілі ақын Мұхтар Шахановтың комиссиясының деректері бойынша 1986 жылы 17-желтоқсанда жастарды үрып-согу тәулік соңына қарай басталып, ол желтоқсанның 18-і күні де жалгасқан.

Әйтсе де арада біраз уақыт откен соң Колбин сөз сойлесген жерінде аузы-басы қисаймай мені алаңға жиналғандар алдында сойлеуден үзілді-кесілдібас тартты деп, айыптаусен болды. Сөз жоқ, шыбығы шырпылмай, қылауына қыл түспей тұрган адам бет-аузы бұлк етпестен отірік айтады деп кім ойласын, ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің барлық мүшелерін, құллі коммунистерді және республика еңбекшілерін түгел иландыруға үмтүлды. Сөйтіп, оның мені жамандаган жалған сөзі үзын слдің үйірінс, қыска слдің қырыны кетті. Ел алдындағы менің беделімді түсіру арқылы өз үпайын түгендеуге үмтүлды. Қара қылды как жарған өділ болып корінудің адам айтқысыз китүркүларына барды. Ең бастысы, аңқау елге арамза молдан бетер жүртшылықты адастырып бақты. Бірак, уақыт кімнің кім екенін көрсөт берді. Кейін анық көз жеткізгеніміздей, Алматыдагы желтоқсан оқиғасы ешкімнің арандатуынсыз болған және одан үлтшылдық ауылы алыс жатыр еді. Мен имандай сенетін бір жай — жастар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына республикада жанбаласына белгісіз және беделі шамалы біреудің сайлануына қарсы шықты, одан басқа зәредей бөтсен ой болған жоқ оларда.

Менің естуімше, республиканың бірде-бір басшысы алаңға шыққан жастарға пленумның мөн-жайын дұрыстап түсіндіріп бермеген. Оның орнына олар «мұздай қаруланған» милицияны, өскерді қарсы қойып, жиналғандарды аяусыз жазалаган. Қашама студенттер мен жұмысшылар жазықсыз жапа шекті. Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің мөліметінс қараг-

анда, оқиғага қатысқаны үшін немесе оларды қолдағаны үшін бірнеше мындаған студенттер оқу орындарынан шығарылған, көбісі оқуды тастап кеткен. Комсомолдар мен коммунистердің қалың тобына жазалау сипатындағы шаралар қолданылған.

Енді бәрі алақанға салғандай жағдайды бақылат, тәртіпке келтіру міндепті жүктелген жауапты адамдардың шалагайлығынан халық қандай қасіретке душар болды. Қыршын жастардың төгілген қаны үшін, он екіде бір ғұлі ашылмаган жұзедеген қыздар мен жігіттерді жазықсыздан жазықсыз соққыға жығып, тұтқындалғаны үшін кім жауап беруге тиіс? Бұл сұрау белгісін талай адамның тұсынабаттитып қоюға болады. Әңгіме мынада: «мұздай қаруланған» милицияны қаптат деген кім, өскерді тек деген кім, қақаган аязды құні су шаш деген кім, адам түғлі арыстанға шапқандай қабаган иттерге талат деген кім, жүзі айбалтадан бетер саперлік күректер мен бет-жүзіне қарамай сабандар деген кім?.. Кім осының боріне өмір берген, кім жоқ жерден ылаң салып, айбарын асыргысы келген? Әрине, төменнен емес, жогарыдан скені және даусыз. Бірақ ол кім? Гәп осында. Сол «құнаңарларды» Орталық Комитеттің Колбин бастаган басшылары жатпай-тұрмай шырақ алып іздеді, жайдан-жай іздейген жоқ, бар кінәні соган аудара салып, өздері жауапкершіліктен дін аман құтылып кеткісі келді.

Ешқандай қатысым болмағанына қарамастан «Алматы оқиғасын» басты үйымдастырушылардың бірі деп мені нысанға алды. Түп етектен шап беріп ұстаудың не бір айла-шарғысы жасалды. Алақанына түкіріп қойып «Әп, бәлем, қолға бір түсерсің» деп, емкесіңдердің бірі Колбиннің өзі. Оқиғаның өршіп, осыншалықты бслең алуына ең басты себеп Қонаевтың алаңға барып, жастар алдында сойлемеуінсін дегенгс иск артумен болды. Жиналыс сайын қайталауының бір сырьы осында еді. Тек бұл ғана емес, республика партия үйымының өмірінде орын алған қандай келенсіз құбылыс болса, соның бәрін жиып-теріп өкеп, тек менің соқабасыма үйіп-төгугет тырысты. Бірши шықса, тап осы жерден шыгар деп үміттенді.

Жогарыда айтқанымдай, 11-желтоқсанда Саяси Бюро мәнің зейнетті десмалысқа кестіүм туралы шешім қабылдады. Дәл осы күндері мен Алматыда едім. Соган қарамастан Колбин өтірікті шындаі, шынды құдай ұргандай гып бөспесі бар ма. Оның

айтуына қараганда, мен Саяси Бюородан Қазақстанға қалайда Орталық Комитеттің бірінші хатшылыгына үлтү орыс адамды ұсынуды және оны тек республикадан тысқары жерден алып баруды сұраппын. Бұл мүлде шындыққа жанааспайды. Колбин-нің кезекті өтіріктерінің бірі. Оны Гейдар Әлиев «Комсомольская правда» газетіне берген сұхбатында толық растап берді. 1987 жылдың басында КОКП Орталық Комитетінің пленумы өтті. Оған мен қатысқаным жоқ, әйтсе де зейнетті демалысқа шыгуыма байланысты Саяси Бюро мүшесі міндептінен босату туралы шешім қабылданды. Келесі, маусым айындағы пленумда Горбачевқа түскен біржакты және ақылға қонбайтын жөнсіз айыптаулардан кейін мен КОКП Орталық Комитетінің құрамынан шыгарылдым. Ал, бізде қалай болды дейсіз ғой? Колбин бастаған топ барын салды. Шала байлап жібермей көңілдері көншімеді. Пленум шешімінс: Қазақстан Компартіясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы бол істеген кезде елеулі кемшіліктері үшін Орталық Комитеттің құрамынан шыгарылсын деп көрсетті. Онысына да макұл. Ұзындағы өшін, қысқадагы кегін қайтарсын-ақ. Бірақ, олар мұнымен де тынбады. КОКП Орталық Комитетінің атышулы: «Қазақ республикалық партия үйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жұмысы туралы» қаулысын бетке ұстап, ілік табар жерге түгел жармасты. Менің қызметімде іштартушылықтың өркен жайғаны, ұжымдық шешімнің болмағаны, сыйбайлостиқтың орныққаны айтылады. Төңірегіне кіл қызмет бабын теріс пайдаланған әлдекімдерді жинап алған деп кінәлады.

Аталмыш қаулы қалай қабылданды? Оның кім дайындағанында емес, тінті қалай өзірленгенінде смес, өңгімс — қаулыға тайга таңба басқандай ғып жазылған кемшіліктердің орын алғаны рас па, рас болса, себебі неде дегенді неге сұрамайды? Неге айыпталушыны айналып отеді? Адам хұқы жөнінде аузымыз көпіріп айтқанда желдей ссіп, ешкімге дес бермейміз. Ал, кісі тағдыры таразыға, халық талқысына түскелі жатқанда оны аттап өтіп, ойына не келсе, соны жазады. Басқасын былай қойғанда адамгершілік жолы неге аяқ асты болады? Мен қара басымды арашалагалы айтып отырғаным жоқ, қалың елдің көшін бастаған азамат ретінде «мынау қалай?» дегенді сұрау

жөн емес пе еді. Тіпті мен кінәлі-ақ болайын, бірақ бүкіл халықтың, қазақтың не жазығы бар? Соны түсіне алмай-ақ қойдым. Ары ойлап, бері ойлап шегіне шыға алмадым. Басты тауға да, тасқа да соқтық, бірақ уақыт емшігे төрелігін қалдырып, әліптің артын тостым.

Сайып келгенде, қаулыда бұлтарптайтындағы бірде-бір факты, бірде-бір нақты мысал жоқ. Көпке топырақ шашу, жаппай күйе жағу. Сонда менің төңірегімдегілер кімдер? Олар Орталық Комитеттің бюро мүшелері, Министрлер Кеңесінің басшылары емес пе, құдайға шүкір, борінің көзі тірі, ал кейбіреулері одан да жауапты жұмыстарға жоғарылатылды.

Орталық Комитеттің пленумында Колбин мені талай жерге апарып таставды. Қанша айтқаны отіп, атқаны жетіп тұрса да әділдіктен аттамас болар. Бірақ ол анық-қанығына көз жеткізілмеген, негізсіз деректерді келтіріп, кей тұстары тисе терекке, тимесе бұтаққа дегендей, отірікті суша сапырды. Байқаймын Орталық Комитеттің мүшелерінің көбі оның көпе-көренеу мені ағаш аттың басына ылғелі тұрганын іштері сезіп, жақтырмай қарады. Ал, айызы қанып, «бәлем, саган осы керек» деп отырғандар да жоқ емес еді. Олар — Камалиденов, Мұқашев, Мендібаев. Әт жарылардай-ақ іс. Сілкінсем қайтеді деген бір ой түрткіледі. Ашынган тілді келеді. Айтсам, айтайын дедім. Бірақ оның немен тынатыны өзіме аян. Оның үстіне жағдай басқа. Батылы жетіп біреулер қолдаса, дұрысты дұрыс деп айтса жақсы. Әй, қайдам-ау... Иштей қолдаса қолдар. Бірақ... тар жерде қол созам деп, жеп отырған нанынан ешкім айырылғысы келмес. Тура биде туған жоқ дейтін заман жоқ. Адам басқа. Сондықтан да мен пленумда сөйлеуді артық көрдім.

Менің Қазақстан Компартиясының да, КОКП-ның да Орталық Комитеттерінің құрамынан шығып қалуыма ең басты себеп — 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасы. Осы оқиғага байланысты КОКП Орталық Комитеті асығыс әрі шикі қаулы қабылдады. Қазақстанда сестіген сл құлгендей — ешқандай ұлтшылдық болған жоқ және оған еш негіз де жоқ еді. Сондықтан, республика жүртшылығы, біз ғана емес, біздің халқымыздың табигатын түсінген барша сл атальыш қаулыны қабылдамады. Неге десеніз, Қазақстандағы жағдайды әділетсіз бағалағаны үшін ғана емес, сондай-ақ қазақ халқын қорлағаны

үшін мойындаған-ды. КОКП Орталық Комитетінің бұл қаулысы жұртшылықтың занды талап стімен, дәлірек айтқанда, елдің қысымымен 1990 жылы сәуір айында өз күшін жойды. Орталық Комитеттің идеология болімінің менгерушісі басқарған КОКП Орталық Комитетінің комиссиясы атап көрсеткендей: «Қабылданған қаулыда жекелеген тұжырымдар мен саяси бағалар шын мәнінде қате, және өткен оқиғаға қазақ ұлтшылдығы бола алмайды». КОКП Орталық Комитеті өзінің қателігін ресми түрде мойындаған, тұтас бір халықтан әділетсіз айыптауын алып таставды. Ел бетіне шіркеу болған қаулы іс жүзінде Орталық және республикалық газеттердің барлығында жарияланған еді, ал оны жоққа шыгарған шешім туралы тек «Известия ЦК КПСС» журналында қысқа хабар берумен шектелді.

Желтоқсан оқиғасы өткеннен кейін үш жыл бойына мені және менің жақындарымды құгындаумен болды. Ол үшін ар-ұяttan безген журналистсyмақтар мен галымсyмақтарды айдағап салып, екі кісі бас қосқан жерде жамандап, сөз сөйледі, газет беттеріндеги құлаш-құлаш «сын» материалдар жариялады. Қолынан келген қонышынан басадының керін келтірді. Олар шімірікпестен тілдеуге дейін барды. Мені «таптап» өтіп, құллі республика тарихына қара күйс жақты. Шынтуайтына келгенде, республикада тамаша істер мен ерлікке толы жеңістер жетерлік еді.

Ақылға салсақ, барымыз бен жогымызды тек қателіктер, олқылықтар, салдыр-салактық, шығын төңірегін шырлап іздейгені дұрыс па? Соңғы 20—25 жылдың тарихын тек қөлеңке жагынан алып қарастауда ма? Осы уақыт ішінде Қазақстанда кіл қара түнек болды, барлығы тамыр-танистыққа, пара алғап, пара беруге, рушылдыққа, жең ұшынан жалғасушылыққа негізделді деп қарастауда ма? Ресpubлика енді болмаса құрдымға кеткелі түр еді, мұнда бастықтар үшін гана тек аңшылар үйі, зәулім жер үйлер салынады; айналаң түгел былық пен шылық, қаптаган әділетсіздік; республикада жібі түзу басшы болған емес, ауыл-село енбеккерлері жинаған миллиард пүт астық — бұл көпірме цифrlар, Қазақстан — бұл тоқырау жайлап, тұқымы тұздай құрығалы тұрган өнір деп, бар дүниені бір тарының қауызына сыйғызып жазған мақаладан көз аша алмаган күндер болды. Әрине, желдің қайдан согып тұрганын іш сезетін, бірақ

«жоқ олай емес» деуге заман әлдекалай боп кетеді деп іштен тынатын.

Республикада ауызды құшөппен сүрткендей тоқырау болған жоқ. Оған Қазақ КСР статистика жөніндегі Мемлекеттік комитетінің деректері дәлел. Мен зейнетті демалысқа шығуға жиналып жатқанда 1955 жылдан 1985 жылға дейінгі аралықта республика экономикасында қандай өзгерістер болғанын сипаттайтын мәліметтері арнайы алдыртқан едім. Сол ресми құжатқа жүргіне кеткенді жөн көріп отырмын.

Осы кезең ішінде республикада өнеркәсіп өндірісінің көлемі 8,9 ссе, ауыл шаруашылығында — 6,2 есс, құрылыста — 8 есеге жуық өсіпті. Демек, өзінің экономикалық потенциалы жағынан жеті бірдей Қазақстан, ал өнеркәсіп өндірісінің көлемімен есептегендеге сегіз Қазақстан салыныпты. Халық саны 1955 жылмен салыстырғанда екі есе көбейді. 1987 жылы 16 миллион 244 мыңға жетті. Республикада тұратын қазақ 2,2 есе өсіп, 7 миллионга жетті. Ал, 1959 жылы бізде 2 миллион 787 мың қазақ бар еді. Ұлан байтақ даламызда соңғы он жылдың колемінде мындаған жаңа мекен-жайлар, олардың ішінде 68 жұмысшы поселкасы және 43 қала пайда болды, Шевченко, Арқалық, Екібастұз, Рудный, Никольск, Кентау, Степногор, Қаратаяу, Жаңатас, Жаңа Өзен сияқты ірі әкімшілік және өндіріс орталықтары бой көтерді. Халық шаруашылығында жұмыс істейтін адамдардың саны үш есе, гылыми қызметкерлер сегіз есе артты.

Жұмысшы табы сан жағынан да, сапалық түрғыдан да өсті. Жалпы жұмыс істейтіндердің жалпы санына шаққанда слуінші жылдары 60 процент болса, енді 70 процент. Біздің республика-мыздың өнеркәсібінің өркендеу қарқыны 1955—1985 жылдар ішінде одактас республикалардың арасында майдай алды екен. Халықтың тұрмысын, оның мәдениетін осы фактіден-ақ аңғару қыын емес.

Қазақстанда тоқырау туралы жарапазан айтқандай жиқтапталаиды, тіпті шектен тыс тұқыртып жіберуден тайынбаймыз. Бұл, сірә да, өз кемшілігін, әсіресс, ауыл шаруашылығындағы, құрделі құрылыстағы және халықты азық-түлікпен, өндіріс тауарларымен жабдықтаудағы олқылықтарын халықтан қайтсем жасырып қаламын деген басшылар үшін тиімді. Дәлел үшін

мынадай дерек келтірейін. Отыз жыл ішінде республикада ұлттық табыс 7,4 ессе артыпты. Қалалар мен жұмысшы поселкаларындағы тұргын үй қорының жалпы көлемі 5,5 есеге ұлғайды.

Бүгінгі танда дүкендерден халық тұтынатын тауарларды шырақ алғып іздесең де таппайсың деп, оте орынды айтып жүр. Алды-артын терең ойлай бермейтін басшылар мұны республика халық шаруашылығының жекелеген салалары арасындағы ертеректе қалыптасқан үйлеспешіліктен деп түсіндіргісі келеді. Жоқ, олай емес. Женіл өнеркәсіпті өркендестуге бөлінген орасан зор қаржыны толық игертіп, осы саладагы кәсінорындарды дер кезінде іске қосқан жағдайда тігін, тоқыма бүйімдары, былғарыдан жасалатын тауарлар мен аяқ киім өндірісі едөуір артқан болар еді, сөйтіп бүгінгі қыншылықты біршама жеңілдете түсер еді. Халыққа медициналық қызмет көрсетудегі слесулі олқылық — ол денсаулық сактау обьектілерін салуга бөлінген қаржыны игерс алмай жүрген жауапсыз басшылардың оралымсыздығы. Осыған козді жұмып қарап отырган Министрлер Кеңесіндегі басшылықтың құлагына алтын сырға.

Арқаға аяздай бататын жөнс бір жай бар. Ол — мектеп құрылышы. Соңғы жылдары биік мінбелдерден, газет, журнал беттерінде «тоқырау» жылдары жүздеген қазақ мектептері жабылып қалды деген сыйндар жиі айтылды. Ауыр айып, бірақ ақылга қонбайды. Жабылмады демеймін, бірақ обден тозығы жеткен, онсызда құлагалы тұрган, бар-жогы 100—150 окушысы бар бастауыш, сегіз жылдық ескі мектептер жабылды. Оның орнына осы заманғалайық, 1000 орынга арналған жаңа мектептер шаңырақ котерді. Мен бұл арада шопандардың балалары жатып оқитын мектеп интернаттарды есепке алғып отырганым жоқ. Мектептің санын смес, онда оқитын оқушылардың санын есепке алуды естен шығармасақ екен. Қолеңкеден шарбақ тоқығандай, бұрынғы басшыларды жоқ жерден кінәлау кімге пайда, соны да бажайлай жүрссек, қайта откендей қазбалаудан гөрі бүгінгі кемшіліктен арылудың жолын ойластырақ еді.

Он екінші бесжылдық Кеңес Одағын қайта құру кезеңімен түспа-түс келді. Алда Қазақстанның өндірігіш күшін одан әрі өркендесте түсудің аса күрделі міндеттері тұрган еді. Осы арада мынадай сұрақ туады: осы кезең ішінде республиканы өркенде-тудің олеуметтік-экономикалық жоспарын орындауда қайта

құру не берді? Жасыратыны жоқ, қайта құру жылдарында: өсірсек, соңғы төрт жыл ішінде, негізгі бағыттар бойынша экономикалық корсеткіштер құрт томендел кетті. Нарықты экономикалық қатынасқа көшуге байланысты дайындық барысында белгіленген шаралардың тиянақсыздығынан және жете ойластырылмагандығынан, орексл қателіктер мен жартыкеш шешімдер, бар дүниені жиі өзгерту мен пайдасы жоқ жана басқару органдарын құру ақыры аяғы келіп, үлттық табыс, өнеркәсіп өндірісінің колемі сияқты маңызды корсеткіштер бойынша кіріс бұрынғы жылдарға қараганда едәуір томендел кетті. Құрделі қаржы колемі, тұргын үй, мектеп, аурұхана, өлеуметтік-тұрмыстық обьектілерді іске қосудың негізгі қоры қысқартылды. Өнеркәсіп өндірісі қарқынының томендеуі 1987 жылдың өзінде-ақ айқын аңгарылған, ал 1990 жылы біржола құлдырады. Он екінші бесжылдықта өнеркәсіп өндірісінің осімі бұган дейінгі жылдарда қол жеткізген көрсеткіштен 2,4 процентке төмен бол шықты.

Ауыл шаруашылығы саласында шекеміздің қызып тұрғаны шамалы. 1991 жылдың жыл басынан шілденің 1-інс дейін сиыр саны азайды, скі миллионнан астам қой мен ешкішығыны бар, жылқы, түйс, құс, шошқа олімі жогары. Осының борі айналып келіп елді мал өнімдерімен қамтамасыз стуғс кері әсерін тигізсі анық. Жалпы ғодақтық қорға 1986 жылға қараганда 1990 жылы 25—30 мың тонна ст кем берілгеніне қарамастан жағдай мәз смес.

Құрделі құрылыштагы істің жағдайы да қоңғұл коншітпейді. Жоғарыда айтып откендей, құрделі қаржы колемі, негізгі қордың іске қосуы құрт қысқарды. Республика басшылары өздерінің ізашарларын соңғы жылдары «Б» тобы бойынша қуаттарды іске қосудан және болінген қаржыны игеруден кейін қалып қойды деп, өткір сынга алғаны бар. Алайда, олардың бұл ниеті қағаз жүзінде гана қалып қойды. Халық тұтынатын тауарларды арттыруға болінетін қаржының тым қысқартылуы қайран қалдырады.

Қайта құру кезеңінде жылдар бойы қалыптасқан республикааралық байланыс жете ойланбагандықтан, ашып айту керек, обден қиуы қашты. Оның үстінен өндіріс және еңбек төртібі адам айтқысыз жағдайға жетті. Өнімді дер кезінде жеткізіп

түрү жөніндегі шарттар бақылаусыз қалды. Сөзде потуаболмаган жерде істен береке қашады.

XXXX

Бұрын Батысқа шекесінен қараушы едік, сенді олар бізге иегінің астынан қарайтынды шыгарды. Досқа құлкі, дүшпанға таба болудеген осы. Ел басшысы қалай аттан түседі, солай жер табандатып, абырайдан жүрдай қылады. Соны көріп, көздері алақандай болады. Ашы да болса шындық, амал жоқ Абай айтқандай:

«Өмір — дүниес дегенің ағып жатқан су екен,

Жүрген-тұрган жұмысың ойлап тұрсаң у екен», — деп, іштеп тынасың да, сабырды жолдағы қып отырады екенсің.

Колбин ақылы алқымынан аспайтын кісінің тірлігін жасады. Келе сала тебінгіден тер, қабыргадан қар жаудырды. Республиканың 30—40 жыл бұрын не істеп, не қойғанынан мұлде мұрнына исі бармаса да іске алғысыз гып сынады. Онысын: тұлыпқа мөңіреген сиырдай көріп, құлгендер де табылды. Баспасөзде, теледидарда, пленумдарда алақыйындағып сойлеген сөздеріндес бесснеден белгілі фактілер бүрмаланып, далаға лағатын.

Алматыдагы желтоқсан оқиғасын Колбин және оның айтқанына көніп, айдаудың жүргендегендегендегенде олдебір үлтшылдардың айдағ салуымен болған «жанжал» деп сипаттады. Ал, КСРО халық депутаты М. Шаханов басқарған беделді комиссия: «...қазақ жастарының бой көтеруінде ешқандай үлтшылдық жоқ, бұл олардың азаматтық және саяси козқарасын смін-еркін білдіру хұқы» деп, мұлде басқаша, бірақ әділ қорытынды жасады. Комиссия жүздеген, тіпті мындаған жас жігіттер мен қыздарды быт-бырақай қуып, өлімші гып сабап, қамауга алу үшін күш қолдануына бірден-бір кінөлі адамдардың атын атап, түсін түстеп берді. Беделден жүрдай болған бұл адамдарды бұдан былайғы жерде қазіргі отырган қызметтінде қалдырулайықсыз деп тапты. Алайда комиссияның орынды талабы өлі күнге дейін аяғына жеткізілмей, созбүйдага салынып келеді. Қалай болғандада комиссия өз міндеттін абыраймен орындағы, ол желтоқсан

оқиғасының ақ-қарасын ашып, алып қашты сөздер мен өсек-аянды пышақ кесті тиды.

Өздерінізбен бөлісс кетстін жәнс бір жай бар. Зейнестті демалысқа шыққаннан кейінгі алгашқы жылдары төбеден сырый ойнатып, доңқабақ көрсстүшілер көбейді. Баяғыда бір байғұс: «Отырсам опақ, тұрсам сопақ дейді; қатты жұрсем қу аяқ дейді, ақырын жұрсем шуаяқ дейді; сейлесsem тақ-тақ дейді, сөйлемесsem ақымак дейді; жогары қарасам шапыраш дейді, төмен қарасам сүзбе көз дейді» деген екен. Сол айтқандай, садақ тартқан оқтай жүрдім бе десsem, тұс-тұстан жала жауып, жагага үмтүла-тындар жоқ емес екен. Жау қайда демс — жар астында, бөрі қайда демс — борік астында деген рас екен. Жариялышық, демократия деп жаргак құлактары жастықта тимсій жатқанда, өлгі ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермей жүргендерге, «ол олай емес, былай еді» деп, тойтарыс бере алмай қиналдым. Теледи-дар, радио, газет, журналдардың есігі мен үшін тарс жабылды. Маңыма да жуымады, маңайлатқан да жоқ. Ол ол ма, табалды-рыгымнан кісі аттатпай қойды. Мен туралы жазылып жатқан неше түрлі материалдарға көзқарасымды біліп, пікір алмасуга келген журналистерді де «ит қосып қуды».

«Вашингтон пост» газетіндег мақала жарияланды. Тілші менімен кездесудің оңайга түспегенін жазыпты. Біз, шынында да, қала сыртында жүздестік. Салған жерден ол менен:

— Сіз бас бостандығы бар азamat емессіз бе? — деп сұрады.

Не деп жауап бергендейсіз? Әрине, бас бостандығы бар адаммын, бірак... Одан әрі жіліктеп беру оңайга түспеді. Әрине, менің дәлелдерімді мұхиттың аргы жагынан ат арытып, тон тоздырып келген журналист түсінс қояр дейсіз бе? Оган: қолында билік барда сенен сыйлы, сенен құрметті жан жоқ, ал қызметтеген кеткен күні ертеңінде-ақ батқан күндей үмтүласың, шырайың шықты дегендеге, жаңа гана «таққа» отырган басшылардың айдал салуымен кейбірсулердің аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жатыр, оларға ақиқатын айтайын, мұрсаат беріндер десsem, өңменімнен «итеріп», жолатар емес, қазір қара жер төсек болып түр деп, қайтып айтайын. Аузың бара ма, жаманның жагасын жыртқанмен жақсың қайсы. Оган мұңынды шаққанда, жат ел мәндайындан сипап, арқаңнан қага қоя ма. Олар түгелі, өзіміздің ішіміздегі бірлі-жарым өкпс айтсаң көтереді, назың-

ды түсінеді дейтіндерге өшейіндсі би ага, түйе ауғанда қайда жүрсіндер деп айтып көргенім жоқ. Өмір болған соң, дүниесінде шөл, бірде көл бол жатады гой. Шапқан аттай желіккең дау өршіп барып өшер. Сәлдесіне шоқ түскен молдадай шоршып түсіп, омыртқамның ішіндегі жұлыным — халқыма сөз келер сөкет тірліккес бармаймын деп, өзіме-өзім тоқтау жасадым. Колбиннің өз табагын өзіне тартар күн туар дедім.

Ай-айдың оты басқа. Колбин қалай кетті, солай қаптаган қара бұлт сейіліп, шуақты күн нұрын шаша бастады. Адам ажайлар келмесе, ақпан соқса да, тоқпан соқса да өлмейді екен. Алтын жагаң болса да, жага менен жең керек, асқан батыр болсаң да ағайын мен ел көрсек деген де ескіден қалған сөз бар. Елді піј тұтып, арқа сүйеп едім, адасаппышын. Жабыққан күндері жаңы ма желеу, көніліме десмеу болды. Аяғы жеткен күн сайын ағылын келіп сөлем береді, жетпегені хат жазып, хабарымды біледі. Қазақстаннан ғана емесс, еліміздің түкпір-түкпірінен, тіпті шеңелдерден сөлем айт羞ылар көп. Шет елдерден келгендер ағасын бүрмай кетпейді. Тек соңғы жылдың өзінде Түркияда Ауганыстанда, Иранда, Қытайда, Монголияда, Иорданияда Швецияда, АҚШ-та, Германияда тұратын қазақ ағайында келіп кетті. Олар өр түрлі көсіптің ислері: бизнесмендер, оқымыстылар, мұғалімдер, журналистер... Кім болса да, олардың қазақтың үлкенге деген ізеті, елге деген құрметі алып келіп жүздес тіретін. Мен олар арқылы шалғай жерлерде өмір кешіп жатқаң біртуғандардың тыныс-тіршілігінен хабардар бол, туган жердің ыстық ықыласын жеткізсін жаруды өтініп отырамын.

Бірде құранды қазақша тәржімалаган белгілі аудармашы Түркияда тұратын Халифа Алтай сөлем бере келді. Ұзақ отырып әңгімелестік. Өмірден көргені де, көнілге түйгесін де көгдүниеге сергек көзбен қарайтын зерек кісі скен. Адамгершілік жолын, ізгі қасиеттерді, адамдардың рухын нәсият ететі әңгімелері көкейге қонды. Тәрбиелік мәні бар сөздер. Ел ішіндес осындай зиялды азаматтардың болғаны қандай ганибет. Халифа киелі екі нәрсені — қазақ тілінде өзі аударған құран мешайтнамаз сыйлады. Мен оларды қастерлеп төрімс қойдым.

Маган шығыс халықтары сүйсініп көрестін күрес — шамалауымда, мыңдан тұлпар деген осы жігіттей-ақ болар — таэквандошы Мұстафа Өзтүрік келген сайын сөлем береді. Әк

көрген оқ жонады, шеше көрген тон пішеді дегендей, сл аралаган ер қадірін біліп, жер қасиетін таниды. Мен Мұстафаға тілекші көңілдегі адаммын. Ертеңі үрпақтың шыныққан шымыр боп өсүне үлес қосып, елдің абыройын арттырып жүрген Әзтүріктер көп болса, не арман!

Аз отырып, көп сыйнайтын қонақтар да бар. Олармен ортақ пікірге келу үшін ұзақ отырып, пікір таластыратын кез болады. Өрслі ойлар, көшелі сөздер айттылады. Адам осылай байып, осылай рухтанса керсік. Қонақтардың бірі менен:

— Сіз Қазақстандағы коррупция туралы не айтасыз? Газеттер осы жайында тынбай жазды? — деп сұраганы бар.

— Қазақта алып алты, жеп жесті болмайды деген бар. Ол ел үстінен ішіп-жеп оңбайсың деген сөз. Ал, жен ұшынан жалғасып, мансабын мал табуга сатып жүргендерді өз басым кездес-тирғен емеспін. Ал, ондайлар болса, онымен заң орындары айналыссын, — дедім.

Әрине, оның нені мегзеп, неге иек артып тұрганын түсіндім. Бұл тірліктен сізде сауемессіз, ойтпесе ең жақын көмекшілеріңізді түрмеге жаппас еді гой, — деген смеурін бар еді.

Жоғарыдан жасалған қысымға республика прокуроры елгезектік танытып, менің көмекшім Д. Бекежановты және басқаларды қамау жөніндегі ордерге қол қойды. Ол туралы жоғарыда шет-жагасы айттылды. Бекежановты тар есік, тар босағаға салды. Жалған айыптаулармен парапор деді. Бірақ өтірік жанға байлау болмайды. Таққан кінәлары далада қалды. Қалайда мойыннату үшін тергеу орындары күш көрсетіп, сағын сындырудың бар амалын жасады. Колбиннің бар арманы «тұтқындарды» мойыннатып, маган құрық салу. Алайда оның арам ойы алысқа бармады. Айыпталушылардың бірі Акуев Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен толық ақталды. Басқалардың да ақ, адал екенін еш күмән жоқ, оларға да әділстілік салтанат құратын күн алыс емес.

Одақтық прокуратуралың тергеушісі Калиниченко республиканың бірқатар жауапты қызметкерлерінің беделіне нүксан келетін материалдар алу үшін тірі жан төзбес қияннаттарға дейін барды. Халқымыздың аяулы азаматтарының бірі А. Асқаровты ақ жерден қара қылғысы келді. Бішкекте өткен сот процесі кезіндес Калиниченко жөнс оның шашал десе, бас алуға

даяр тобы өз дегендеріне жету үшін сұрақ алу үстінде білгендерін істеген. Қылбұрау салып, соққыға жыққан. Қаны кепсе де су бермей азаптаган. Талайдың қанын мойнына жүктеген баскесерлермен бірге бір камераға салып; адам намысына тиер қорлықтар көрсеткен. Жәбірлеу, ұрып-соғу, тілдеу, алдап-арбау арқылы жалған түсінік алмақ болған. Ақыры тергеушілер ешнәрсे шығара алмайды. Әйткені, олардың ары таза. Оқ иілтіп сынбайды. Адал адам жаладан мерт болмайды.

«Литературная газетаның» 1989 жылғы сәуірдің 12-сі күнгі санында жарияланған Ю. Шекочихиннің материалында Калиниченко бармағын тістеп, өзінің әріптестері көрші Өзбекстанды қалай қараласа, бұл да Қазақстанды солай күйелемек ниетінен түк шығара алмағанына өкініш білдіреді. «Казак ісі» — елді алты бақан алауыз еткісі келген арам ойлы адамдардың әрекеті еді, одан түк шықпады және оның болуы да мүмкін емес. Бір қайран қалдыратын мәселе — адам тағдырын ойыншыққа айналдырған, азамат намысын аяққа таптаған безбүйрек мансапкор, атақ-данқ үшін арын садақа қылған Калиниченко сияқтылардың қара қылды қақ жарады дейтін заң орындарында жауапты қызметте алшаң басып жүретіндігі жаңға батады. Адам хұқы, ар-ожданын, абырай-намысы ардақталмаган жерде әділдік болмайды. Қылмыс әділетсіздік жайлаган жерді шырлайды.

Маган кадр мәселесін шешуде рулық принципті басшылыққа алыпты-мыс деген айып-шам тағылды. Бұған не дерсіз? Білмestің білеміні көп, жөнсіздің жөні көп деген осы. Ақиқатқа көз жеткіземін деген кісі сол жылдардағы басшы қызметтерде болған азаматтардың тізіміне үңілсін. Ал, өз басым — үзенгіні тең ұстадым, жүзге емес, үлтyna емес, тек халық алдында ісі адал, иманы бар, ділі таза азаматтар қызметтес болды деп білем. Мен қазақпен де, орыспен де, неміспен де, үйгырмен де, татар, өзбекпен де, ингуш, шешенмен де, украин, евреймен де, белорус, грекпен де тізе қосып жұмыс істедім. Ала қойды бөле қырыққан, жүнге жарымайды дегенді атқа мінген әрбір азамат жақсы түсінеді деп ойлаймын.

Қанды көбік жұтқызыған сол бір қыын-қыстау құндерде мерзімді бақпасөз, әсіресе Орталық басылымдар мені даттаймын деп, құллі халықтың, қарапайым сәбек адамдарының мандайын құнге күйдіріп, жүзін аязга тоңдырып жасаған ұзақ

жылғы еңбегін бір-ак күнде жоққа шыгара салғанына іштей қынжылдым. Баспасөз партияның оң қолы гана смес, кезі келсе қолшоқпaryна да айнала салатынына көз жетті.

Көніл қарадай қалып жүрген тұста — 1988 жылы «Простор» журналының 9-санында К. Букетовтың «Менің бауырым» деген мақаласы шықты. Онда келтірілген фактілер еш шындыққа жанаспайды. Автор жалған деректерге бой алдырып алған, соның салдарынан артық-аудыс пікірге барады. Мен Евней Арыстанұлы Букетовты ғалым, ұстаз, аудармашы, әдебиет синшысы ретінде сырттай жақсы білестінмін. Жұзбе-жұз кездескен смеспін. Қабылдауда болған кісі смес. Ал, көрмеген, сойлеспеген кісіні аты-жөні жоқ жек кору, кудалап, ізінс түсім мүмкін смес қой. Сондықтан автордың Евнеймен арамыздагы «әңгімеге» жүгіні қеліспеген. Ал мәселеңін анық-қанығына көз жеткізу үшін айтарым мынау: 1972 жылы ол академиктікке үсынылғанда Гылым академиясының президенті Ш. Есенов болатын, тиісті дауды жинай алмай сайланбаган. Е. Букетов академиктікке 1975 жылы өтті, ал бұл кездес Гылым академиясының президенті А. Конаев еді және ол екесін бірін-бірі зор құрмет тұтатын сыйластығы бар деп естідім. Оның академик болып сайлануына барынша демеу көрсеткен. Сондай-ақ Е. Букетов Қазақ КСР Гылым академиясының президенттігінс ешқашан үсынылмаган, оны үсынды дегенді осы мақаладан гана біліп отырмын. Және 1974 жылы президент сайлауы өткен кездес ол кісі әлі академик смес еді, сондықтан да оның бұл қызметке үміткер болуы негайбыл.

Әйтсе де, орталық газет, журналдардан республика басылымдарының бір ерекшелігі, осірессе көптеген облыстық, аудандық газеттер үстамдылық корсетті. Бұл орайда Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінә және оның редакторы А. Бекбосыновқа, Шымкент облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінә, осы облыстарда шығатын аудандық газеттерге, менімен тұңғыш сұхбат үйимдастырып, халықпен қайта жүздестірген республикалық «Қазақ әдебиеті» мен «Анатолі» газеттерінә алғыс сезімімді білдіре отырып, халқымыздың рухани айнасы бола беруінс тілектеспін.

Үринарга тау, үрысарға жаутаппаган үй айналып шықпайды дегендей, айналып келіп Колбиннің жағасына жармаса

бергеніңсі демессіз. Ол озі кеткенмен артына бітпес дау тастап кетті. Осында екі жарым жыл істеді. Республика өміріне қатысты коптеген мәселелерді жеті өлшеп, бірақ рет кеспей, асығыс, білмей шешті. Колбин азық-түлік проблемасын шешу үшін нендей амал тапты деңіз? Оның обал-сауабын ойламаганның өзінде, келетін кесел-кесаптың өзі қанша. Алды-артына қаратпай маң даладан киік, ну тогайдан жабайы шошқа, өзен-көлден қаз-үйрек аттырып, қызылсыраган слі борсық, суыр стімен қамтамасыз стуге өмір берді. Қалың орман, қогалы көлдерден жұғірген аң, үшқан құс сау қалмады. Естімеген слде көп деген осындай-ақ болар. Пайдасын кім көргені бір өзінс аян, ал шығыны шаш стектен болғанын сл енді-енді естіп-біліп жатыр. Республикалық «ЭКОкуръер» газетінің моліметінс қараганда, Қызыл кітапқа сиғен аң-құстың кобі қырылып кеткен. Бұл эколог-мамандарсыз шешілген. Осының өзінен-ақ Колбиннің жұмыс стиліндегі іске деген көзқарасты байқауга болады. Біз жылдар бойы куынып жүріп әрек ашқан Торгай, Маңқыстау облыстарын, қанша ауданды бірақ күнде жаптырып тастанды. Өмір талабы мен халық тірлігі тогысқан жерде дүниес келген екі бірдей облыс жұртшылықтың талап-тілегімен қайта шаңырақ көтерді.

Колбин бет-аузы бұлк етпестен бір жылдың ішінде қазак тілін үйреніп, баяндаманы жергілікті ұлт тілінде жасайтын боламын деп үәде берді. Кейін «Правда» газетіндегі өткен дөңгелек столда Казақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумдарында баяндаманы қазақша жасап жүрмін деп бөсіп те жіберді. Бірақ екі жарым жыл ішінде қазақша дұрыстап сөлем бере алмай кеткен кісіге имандай сеніп жүрген аңғалдығымызға не дауа. Қазақ ондайларды: «Үялмас бетке талмас жақ береді» деп бір ауыз сөзбен сілейте салған. Бұл арада Қазақстанда тұратын басқа халықтардыбылай қойғанда, тұпкілікті тұргындарының тілін айтпаганның өзінде, салт-санасын, әдет-ғұрпын, дәстүрін соз етпегеннің өзінде, жалпы мәденистінен, ғылымынан, онерінен, экономикасынан мұлде бейхабар жан еді жөнс исі мұрнына бармай-ақ кетті. Соган қарамастан бірқатар қазақ зияялыштарын жөнсіз сынап, кейбіреулерінің соңынан шырақ алып түсті. Өз саласындағы аса ірі мамандардан жогары бага алған галым-антрополог О. Ісмагұлов бірінші хатшының бе-

талды айтылған сынынан көп құғын-сүргін көрді. Орталық Комитет бюросының көптеген қаулылары кезінде асығыс жоне дәйексіз, елкен отпеген деректерге негізделіп қабылданғандығын уақыт дәлелдеп берді. Ондагы мақсат — жекелеген коммунистерді, сә бастысы қазақ зиялышарының таңдаулы өкілдерін өшкөрелеу, кемсіту және негіzsіз айыптау. Белгілі оқымысты, Қазақ КСР Гылым академиясының академигі, Қазақ мемлекеттік университетінің бұрынғы ректоры Θ. Жолдасбеков, сондай-ақ ірі химик-ғалым, күрді халқының оқілі, Қазақ КСР Гылым академиясының академигі Н. Надиров осындай орынсыз кінолаудың «құрбаны» болды. Бірақ, олар оздерінің білімімен, парасатыммен, іскерлігімен, азаматтық абыройына кір шалдырмай, уақыт сынына табандылықпен төтеп берді. Ал, осындай үлттың намысы болғандай азаматтарды жазықсыздан жазықсыз шырылдатып, құғындауга мұрындық болған кім? Ол — жогарыда атап откеснімдей, Колбиннің шылауынан шықпай, бас кеңесшісі болған З. Камалиденов. Бір гажабы, Колбинді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығынан босатқан кезде кейбір тізе бүгіп, кол қусыруға сті оліп кеткен жағымпаздар: «республикада істеген жемісті сибебі үшін» алғыс жариялауды ұсынудан тайынбағанын қайтерсіз. Элі де болса, «Ата-анадан мал төтті, алтын үйден жан төтті» дейтіндер арамызда бары қандай оқінішті. Елдің намысын қара басының бір күнгі рахатына айырбастап кетуден асқан сатқындық болмас. Сақтансан, осындайлардан сактан, болашақ!

Тың туралы тақырыпқа қайта оралуға мәжбүр болып отырмын. Өйткені, соңғы жылдары ерлік эпопеясын жазғырған мақалалар тобе корсете бастады. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, жекелеген басшылар мен журналистердің пікірі республика қалайда миллиард пүт астық беру үшін шаруашылықтарга түкым мен жем қалдырмastaн, ондірген онімін түгсл сыптырып алады-мыс дегенге саяды. Бұл барып тұрган сандырақ, Қарапайым есепке жүгінсек, мемлекетке миллиард пүт астық тапсырылған жылдары сә кемі 27—28 миллион тонна, кей жылдары 34,5 миллион тоннага дейін астық ондірілстін. Жиналған осы астықтан 1 миллиард пүт немесе 16,4 миллион тонна шамасында астық қажет болатын. Міне, осы жерден-ақ республика шаруашылықтарының мұқтажы үшін қанша астық қалатынын оп-оңай шыгарып алуға болады.

Баз бірсулер тың мал шаруашылығының өркендеуіне тоқсауыл болды дегенді айтып жүр. 1916 жылы қазақ жерінде 18 миллион 364 мың қой болған екен. Кейінірек бұл сан құрт тәмендеп кетіпті. Тек 1955 жылы ғана осы деңгейге шамалаған жайы бар. Мынаган назар аударғандарының қалар едім: егер 1955 жылы Қазақстанда қой саны 17 миллионнан сәл-пәл ғана асса, 1986 жылы 36 миллионга, ал мүйізді ірі қара 4 миллионға жетер-жетпес болса, 9 миллионнан асты. Есепке кірмейтін шошқаның өзі 3 миллионның үстінен шықты. Құсфабрикаларының іске қосылуы құс пен жұмыртқа өндіруді өлдес неше есе арттырды. Республика азық-түліктің бұл түрімен өзін-өзі толық қамтамасыз еттін жағдайға жетті. Мал өнімдерінің барлық түрін өндіру арта түсті. Атап айтқанда: егер 1955 жылы республикада 530 мың тонна ет өндірілс, 1986 жылы бұл көрсеткіш 1 миллион 300 мың тоннага жетті. Тың туралы өңгімс болған кезде салынған элеваторларды, жаңадан үйымдастырылған 2 мыңдан астам совхозды, шаңырақ котерген Мәдениет үйлерін, клубтарды, мектептерді, бала бақшаларды, интернаттарды, ауруханаларды, тартылған газ, электр энергияларын, су құбырларын, асфальт жолдарды назардан тыс қалдырмағанымыз жөн.

Мына томендеғі мәліметтер мал өнімдерін өндірудің өсу деңгейін тиянақтай береді:

| Мал басы (млн. есебімен) | 1953 ж. | 1986 ж. | Өнді - рудің тірдей салмагы | 1953 ж. | 1986 ж. |
|-----------------------------|---------|---------|--------------------------------------|---------|---------|
| көй мен сині | 18038 | 35485 | ет | 596 | 1300 |
| Мүйізді ірі | 4459 | 9165 | сүт | 1593 | 5040 |
| қара | | | | | |
| Шошка | 400 | 2968 | жұмыр- тқа | 537 | 4096 |
| | | | жүн | 34 | 104 |

Сонымен бірге тың игеруде кейбір қателіктер мен олқылықтар жіберілгенін мойындау керек. Көптеген жергілікті жердегі басшылар жерді артық жыртумен шылғи өүесстеніп кетті, тіпті мұнан келін-кестер пайда болмаган жерлердің өзі осыған жол беріп алды. Бұган Ақтөбс облысы айқын мысал бола алады. Мұндай жағдайларда кейбір басшылардың шектен тыс өрекпіген көңілін сабасына түсіріп, тәртіпке шықыруға тұра келген-ді.

Қазір барлық бұқаралық ақпарат құралдары еліміздің қыл үстінде тұрганын мазасыздана хабарлайды. Бұл жайында әр түрлі деңгейдегі басшылар өздерінің сөздерінде қинала айтып, баршаны дагдарыстан тезірек шығуга шақырады. Алайда, біз қалай тұйыққа тірелдік? Себебі неде? Қындықтан құтылудың жолы қайсы? О жағы айтылмайды. Жауап жоқ. Тәуекел, мен өз көзқарасымды айтайын. Біз қайыршылық жағдайға, ашып айту керек, елді жөндеп басқара алмагандықтан душар болып отырымыз. Ел басшылары ұзақ жылдардан бергі шаруашылықты басқарудан қалыптасқан құрылымын бұзып, күл-талқанын шыгарды, оны алмастыра қоятын ешнэрсе жасамады. Тіпті керісінше болды: барлығын біржола шатыстырып, экономиканы тұралатып тындырды. Дәп осы кездे түгел айғайға сүрен қосып, «тоқырау» туралы жаппай әңгімені бастады.

Халық шаруашылығын қалай котеру керектігі жөніндегі еліміздің бай тәжірибесі назардан тыс қалды. Бұл мәселелер соңғы кезеңде қалай шешілгенін ешкім ұмыта қойған жоқ. Жұздеген күйрекен қалалар, мындаған селолар, өнеркәсіп орындары қысқа мерзім ішінде қалпына келтірілді, сл жаңа өнеркәсіп өнімдерін шыгара бастады. Колхоздар мен совхоздар еңсес көтерді, нанга, етке, майға, қантқа және басқа да азықтүлікке карточка жүйесі жойылды. Ал, сл басшылары болса, өкінішке орай, қайта құру барысында ірі-ірі кемшіліктеге (дүкендердегі бос сөрслер, бағаның осуі, дөрі-дөрмектің тапшылығы және басқалары) жол беріп алып, соның барлығын тоқырау дәп аталатын кезеңге иттере салды.

Л. Брежнев қандай кездессу болмасын, ордайым: «Біз Стalin мен Хрущевтің кемшіліктерін ашып бердік. Олардың қызметтері туралы сиді тарихшылар жазысын, ал біз бүгіннен бастап халық алдындағы өзіміздің жауапкершілігімізді түсінуге тиіспіз» деп, атап корсетуші еді. Меніңше, Брежnevтің айтқаны өте орынды. Әттеген-ай, деп сан соқтыратыны сол, қайта құру жылдарында бізде мұлде басқаша ауан байқалды.

Біріншіден, қайта құру қогамдагы істің жағдайын тез арада жақсартып жіберстіндей сыңай байқатты, алайда үміт ақталмады. Ол түсініктіде еді, ойткені қайта құрудың сара жолы айқын-

далмады, ел қайда барып маңдай тірейді — түпкі мақсаты белгісіз болды, қалай бастап, қалай жалғастыру керек дегеннің басы ашылмады, түрі мен әдіс-тәсілі талданып шешілмеді, ол құргақ сөзбен басталып, даурыга жалғасты. Оның бәрі неге соқты дейсіз гой? Үнемі бір істің ұшығына шықпай жатып, екіншісіне кірісіп кететін кеселге ұрынды; батыл шешім жасар жерде тартыншықтап, кежегесінен кері кетті. Асығыстықтан агат шешімдерге ұрынды.

Екіншіден, сл басшыларының мемлекеттік органдарды жоғарыдан төменге дейін дамылсыз қайта үйымдастырудан қолдары тимеді. Соның салдарынан экономиканы басқару және халықтың өмірлік жағдайын жақсарту тізгінінен айырылып қалды.

Үшіншіден, орталықта және жергілікті жерлерде барлық әкімшілік органдарының сарқылмас күші бұрынғы басшылардың беделін түсіретін материалдарды іздестіруге жұмылдырылды. Артынша кіл пәле-жаладан, өсек-аяндан тұратын бар материал бүқаралық ақпарат құралдары арқылы айдай әлемге жария бола бастады. Соның бәрі өздерінен бұрынғылардың намысына тиіп, қорлау үшін жасалды; осындағы тәсілмен өздерін сүттен ақ, судан таза ғып көрсетуге үмтүлды. Қайта құру барысында жіберген орны толmas олқылықтары мен кешірілмес кінәлары үшін жауапкершіліктен сытылып кетуге жан салды. Жалпы жүртшылық алдында кеш те болса құлашын кең жайған бүл науқанның шын мөнісіндегі себептері ашылары анық. Елдің экономикасының тұралаудың қылмыстың құрт кобеюіне және дүкен сөрелерінің қаңырап, бос қалуына кім кінәлі дегенді түптің түбінде сұрайтын мезгіл келеді.

Төртіншіден, сл басшылары біздің мемлекетіміздің ұлттық саясат саласындағы табан тірсійтін негізгі принциптерінен ауа жайылды. Ойланбаган от басады деген осы. Бірнеше ондаған жылдар бойы КСРО-да тұратын халықтар арасындағы дос-тыққа сыйкат түсті. Қөптеген аймақта ұлтаралық негізде қан төгілген қактығыстар бүрк стіп, талай жазықсыз жандардың опат болуына әкеп соқтыруды. Мұндай жантүршігерлік оқиғалар Бакуде, Ферганада, Ошта, Молдовада, Оңтүстік Осетияда және өзге жерлерде дүрлігіп басылды. Таулы Карабахтагы қактығыстар әлі күнге дейін саябыр тапқан жоқ. Орталықтың ұлтаралық

мәселелердегі жете ойластырылмаған және дәйексіз саясатынан кейбір республикалар Кеңес Одағынан шығып, іргесін аулақ салуға ұмтылуда. КСРО-ның ыдырау қаупі, өкінішке орай, күннен күнге өрши түсіде. Адам айтса нанғысыз: бәрі де жеке дара өмір сүре алмасын түсінеді, сөйтеп тұра онсыз да ілініп тұрган байланысты тезірек ұзуге өршелене ұмтылады.

Бесіншіден, партия және шаруашылық органдарының басшыларын жаптай ауыстыру, меніңше, Орталық Комитеттің қызметіндегі ең елеулі кемшілік, міне, осында. Менің байқаымда, Одақтабастықтары ауыспаған бірде-бір облыс жоқ. Қайта құруды бетке ұстап, шебер ұйымдастырушыларды, шаруашылықты партия, кеңес жұмыстарын жақсы білетін, алда тұрган міндеттерді біліктілікпен және салауатты шешетін адамдарды босатып жіберді. Оның бер жағында, көптеген жерлерде басшылықты ауыстыру екі, тіпті үш қайтара жүзеге асырылды. Мұны «кадр сүргіні» демеске не шара.

Алтыншыдан, аталған уақыт ішінде көрнекті ғалымдар қанша құдайдың зарын қылса да кеңес ғылымының өркендеудің тиісті қөніл болінбеді. Озық елдер, ең алдымен, бүкіл болашағын осы ғылымнан іздейді, соны алға салады. Ғылымы өскен ел гана өркен жая алады.

Қайта құру жылдарында еліміздің экономикасында ешбір елеулі ілгерілеу болған жоқ. Барлық жерде қалыптасқан құрылым күйреп жатты. Ол өздігінен быт-шыт болған жоқ. Жоғары қызметтегі адамдардың пәтуасыз және кісіні зеріктіретін сөздерінің салқыны тимей қалған жоқ, олар Қазан революциясынан кейінгі біздің халқымыздың жүріп өткен құллі тарихи жолын жер табандатып жамандаудан жалықпады. Халық шаруашылығының бірде-бір саласында өндіріс технологиясын алмастыргандай немесе жоғары сапалы өнім шыгарғандай ауызға алар еш нәрсе істелген жоқ. Шет елдерден сан миллиондаган сомға және долларға сатып алынған жабдықтардың сол қалпында мұрты бұзылмастан шаң басып жатыр. Жұздеген миллион доллардың «шірімегенде» несі қалды. Елдің өр түрлі аймақтары арасындағы шаруашылық байланыстар шағылған шынадай быт-шыты шықты. Материалдық-техникалық жабдықтар жүйесінің гұмыры да ұзаққа бармады.

Мұндай қайта құрудан не шықты? Халық шаруашылығы-

ның барлық саласы барынан жүрдай болды. Негізгі көрсеткіштер құлдырап кетті. Экономика тізгінсіз ауа жайылып барады. Былық белен алды. Мамандардың мойындауынша, біржола тақырга отырыпсыз, шет елдің берген өнеркәсіп және азық-түлік тауарларына төлейтін шама жоқ. Қысқасы, дағдарыс індеттен бетер жайлап барады.

Мен қайта құруды жақтап, соған алғашқылардың бірі бол үн қосқан адаммын. КОКП XXVII съезінде және Орталық Комитеттің пленумдарында сөйлесген сөздерімде, ол пікірімді қазір де қайталаймын, қайта құру жоспарсыз, жүйесіз жүргізілін отырғанын айтқанмын. Соның салқыны ақыры берекесіздікке өкеп соқтырды. Мемлекеттік және еңбек тәртібі бетімен кетті. Әркім өз білгенін істеп, сен саларда мен салар тіршілік басталды. Қайта құрудың түпкі мақсаты осы ма еді? Әлде еткеннің бәрін қаралап, халық пен партияның ұлы женістерін шімірікпестен елдің өмірбаянынан сызып тастау ма? Сондай-ақ темір етекті теңгедей, темір таяқты тебендей еткенімізді өзімізден көрмей, «тоқырау» кезеңіне ысыра салғаннан кім ұтып, кім ұтылды? Ақыр аяғы қалың елдің, қара халықтың обалына қалып отырған жоқпыз ба? Бұл қорлау, бұл әділетсіздік емес пе? Оны халық депутаттарының 1 съезінде Горбачев: «Экономикадағы жағдай белгілі мөлшерде біздің өзіміздің харакетімізден, қажет десеңіз, қайта құру жылдарындағы дәрменсіздігімізден екені анық» дес, мәлімдесуі тегін емес еді. Бірақ...

Қоғамдық өмірдегі белсенді қызметтен кетсем де тілеуім ел үстінде гой. Сондықтан жоғарғы партия және кеңес органдарының әсіресе, партияның XXVIII съезінен кейінгі жылдардағы жұмысына зер салмай отыра алмайсың. Байырғы коммунист ретінде менің мынаған көзім жетті: Горбачевтің инициативасы бойынша КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы мен елдің Президенті міндеттерін қатар атқару туралы қабылдаган шешім өзін ақтамады. Оның екі бірдей ең жоғары қызметте отыруы екі кеменің қүйрығын ұстағанмен бірдей еді. Оның не жаңа құрылған басқару органы, мәселен, президенттік кеңесте (айтқандай-ақ, қазір бұл жойылды гой), не КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросында мақсаткерлікпен бар мүмкіндігін салып жұмыс істей алмасы анық. Енді бұрынғыдан аса маңызды інешімдер қабылдауда ұжымдық тәргіп жоқ. Осының

барлығы бүл органдардың онсыз да шатылған жұмыстарын одан сайын ұлғайтып, қындана түсті. Халық шаруашылығының көптеген салаларында қол жеткізген нәтижелерден көрер көзге айырыла бастадық. Мұның өзі партия және кеңес органдарының төменгі буындарына кесірі тимей қалған жоқ, бүгінгі таңдағы бетімен кетушілік ертеңгі күнге деген сенімсіздік, жалтақтық соның салқыны.

Бүгіндері халық шаруашылығын басқарудың жылдар бойы қалыптасқан принциптерін біржола жоққа шығарып, түкке алғысыз қылды. Неге? Қай уақыттың болмасын, қай заманның болмасын өз басқару тізгіні бар. Және олар өз деңгейінде жұмыс істеген. Даурықпа сөздерді былай ысырып қойып, мына-ны мойындалықшы: қайта құру кезсөнін дейін партия үйымда-ры өздерінің шешуші сөздерін айтпаған бірде-бір ең киын немесе орта қол учаскелері болды ма? Жоқ!

Партия «көзге шұқып» қателіктер мен кемшіліктерді көрсетіп беріп қана қойған жоқ, әрине, оның өзі де маңызы шаруа, ол ең басытысы — мұлт кеткеннің бәрін өз мойнымен көтере білді, жауапкершіліктен қашпады. Кім жақсы жұмыс істесе, оған мырзалық та танытты, ол кім кінәлі болса, одан қатал сұрай да білетін. Тәртіпке шақырып, тәрбиелеуге ұмтылатын. Іскер, қабілетті, ойлы партия мүшелерін бағалай да алатын, өсіріп те отыратын.

Бізде бір-ақ партия болды. Жоңе ол бәрінә жауапты еді. Қазір не көп, партия көп. Жоңе олардың бірде біреуі ештенеге жауап бермейді. Бәлкім, әр бір партия қогамда өзінің лайықты орнын тауып, ол үшін пайдалы іс істейтін күн келер. Дәлірек айтқанда, ол бүгін-ертең емес, күндердің күнінде болатын үміт дүниесі.

Ал қазір бүкіл елде астан-кестен тірлік. Ешкім ешнөссені ажыратып болмайды. Бәрін окімшілдік-оміршілдік жүйеге итеріп салып, бұрынғы басшылардың сілікпессін шығарып сынаганнан ешкімнің мүйізі қарагайдай болған жоқ. Адамдардың оны ести-ести құлагы сарсылды, оқи-оқи жүргөп шайлықты. Сондықтан қайта құру барысында елдің басшылары жіберген ірі-ірі қателіктер мен олқылықтарды таяу уақыттың ішінде жою керек, өйтпейінше, бұдан әрі бассыздық бел алады, ол сл ішінде құлақ естіп, көз көрмеген оқигаларга апарып согуы мүмкін. Одақтас

республикалар егемендік жариялануына байланысты өздерінің алдында тұрган міндеттерді кешеуілдепей шешуге тиіс.

Шаруашылық жүйесін қайта үйымдастыруда көп өзгерістер жасалды, бірақ оның бәрінен түptеп келгенде, көк тиын пайда болмады. Дербестік алдық деп, бәркі қазандай болған колхоз, совхоздар және басқа да ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мемлекет тарапынан нақты қомексіз көрер көзге жағдайы нашарлай бастады, ал ауыл шаруашылығы техникаларының базасын өлденесше сең осірген кезде біржола сазға отырып қалу қаупі төнді. Мұның өзі егіс далалары мен фермалардың өнімділігіне кері осерін тигізбей қалмады. Мұның немен тынғаны өздеріңізге белгілі. Өрт сөндіргендегі КСРО Мемлекеттік агроЭнеркөсібі табан астында таратылды, оның республикалық және жергілікті органдарының көбісі қайта құрылды. Ал проблема сол күйінде шешусіз қалды. Барлық билік халық депутаттары Қенестерінің қолына шоғырландыру мәселесі қаншалықты мәнді әрі дер шағында котерілсе де үран күйінде қалып қойды. Жүзеге асыруға дәйектілік пен табандылық жетпеді. Сондай-ақ барлық деңгейдегі томенниң жогарыға дейін партия және кенес органдарының тізгінің бір адамның қолына беру, ягни екі бірдей лауазымды қатар атқару тәртібі мүлде қате екенін өмірдің өзі өлдекашан дөлелден берген-ді. Бірақ, одан әлі күнге қорытынды шыгара алмай келеміз.

Принципінде президенттік басқару формасын қолдаймын. Алайда, мынаған назар салыңыз: президенттік басқару тек одактас республикалардың басым көшілігінде гана емес, сонымен бірге жекелеген автономияларда басталды. Сөйтіп, президенттердің саны жағынан өлемнің барлық мемлекеттерін басып озып, бірінші орынга шықтық. Өкініштісі сол, бұл жүйе халықтың олсуметтік-экономикалық және басқа да өмірлік мәселелері жөнінен ешқандай слесулі өзгерістер өкелс қойған жоқ.

Менің ойымша, президенттердің қолдарына төтенше өкілеттіктерді үлестіру практикасына мүлде жол беруге болмайды, ейткені олар мемлекеттік өкіметтің ең жогары органдарының толық билік жүргізуіне нұқсан келтіреді. Бұл туралы, дегенмен, КСРО Жоғарғы Қенесінің сессиясында депутаттар өте орынды айтты.

Қайта құру түсінда «тың ойлар» көп болды. Соның бәрі ала шапқын, айғай-сүреңмен басталып, арты құмға сіңгендей, немен аяқталғанын жүрт әлі күнге дейін білмейді. Оған мемлекеттік қабылдау, қылмыска қарсы құрес жөніндегі уақытша комитеттер, бірқатар одактық-республикалық министрліктерді жалпыодақтық стіп қайта үйымдастыру, маскунемдікке қарсы құресетін қогамдар құру жөне өзгелері долел болса керек. Бұлардың бәрі жүйесіздіктен, жесте ойланбагандықтан, негізделмей, ертең қалай, немен тынады деп байыптамаудан туған асығыс шешімдер. Онаң бер жагында, мұндай ат-үсті шешім, жалпыхалықтық шаруага немкеттілікпен қарау елдің жоғары басшылығында отырган, біріншіден, бұл президенттің жөне оның командасының саяси, практикалық қызметтерінің қай дәрежеде екенін айқындастын нышандар гой деп ойлаймын.

Егер қогамның өлсуметтік-экономикалық өміріндегі сұбысты мәселелердің бірі — меншік түрлеріне қатысты көзқарасымды білдіре кетейін. Рас, мемлекеттік меншік біздес дол қазіргідей қалыптасқан түрінде көніл көншітес бермейтін. Жоғары еңбек өнімділігінегі деген ынта шамалы еді, адамдарда сол тіршіліктің иесі ретіндегі қожалық сезім болмайтын. Бірсүдің жоғын біреу ысқырып жүріп іздейтін мінез жоқ емес еді, тегі, кісі шаруасын істегендегі селқостық, жайбаракаттық басым жаатын. Жаны ашымастың қасында басың ауырмасының кебі кімнің боса да басында бар еді. Истің нәтижесінә ықылассызыдау қаратын. Бірақ, меніңше, бір шектен скінші шекке шығып кетпеу керек, халықтың мәндай терімен жасалғанның бәрін көзсіз талан-таражға салуга болмайды. Қогамдық, құрылыштың озық үлгілерін қатар дамытудан үтпасақ, ұтылмаймыз.

Қайта құруды жүзеге асырудагы сұбысты қателік — оның тұғырнамасы — концепциясының айқындалмауында деп есептеймін. Неден бас тартып, неге үмтүлу қажеттігін белгілеп алмай, ұлы көшті ұзақ жолға алып шығуга болмайды. Елдің сол кездегі жагдайы ақыл таразысына салынбай, жақсылығы қайсы, кемшилігі неде дегенге тиянақты талдау жасалмады. Ал, мұнсыз болашақтың саясатын саралау мүмкін емес еді. Осының бәрі біздің экономикамыздың дагдарысқа ұшырауына, қогамның ала ауыз болуына, алты бірдей одактас республиканың жаңа одақтық шартқа қол қоюдан бас тартуына өксліп соқты.

Ақыры көнсөс халқының талай үрпагы от оранып, қан кешіп жүріп көзінің қарашығындай қорғаган, бел шешпей, уақытпен санааспай еңбек етіп орнатқан қуатты сл санаулы жылдың ішінде мүшкіл халге түсіп, көз алдымызда гайып болып бара жатты. Біздің көпұлтты мемлекестіміздің барған сайын іргесі сөгітіліп, шаңырағы шайқала бастады. Жылым тартып бара жатқандай әсер қалдырады. Дау көбейіп, жанжал күшесе түсті. Берсекісіздік жайлап, қылмыс асқынды. Адамдарды үрсей билеп, қорғансыз күй кешкендей. Алып кемені асау толқындар дамылсыз шайқайды. Не ілгері жүре алмайды, не кері кете алмайды. Не онға, не солға бұрыла алмайды. Дәрменсіз. Тек тұңғиық күтіп түргандай күй кешіп жатыр.

Мұндай күйге түсуінс, менің ойымша, екі бірдей үлкен себеп бар. Біріншісінің тамыры — тым теренде, ол сталиндік «автономиялау» заманына алып барады. Дәл сол кезде бүкіл сл олеустті қолга — жуан жұдырыққа көшіп, мемлекетті шектен тыс орталықтандырудың бірегей жүйесі жасала бастаган еді. Халық неге мұқтаж, мұддесі не, хұқы қандай? Оны сұраган тірі жан жоқ. Санасқан да, ақылдақсан да ешкім болған жоқ. Тәртіп солай. Тізгінді тартып ұстамаса, айналасын құрсаулап ұстамаса, біртұтас ел болуы екіталай. Еркіндік, бостандық — ұран гана. Оны басшы органдарда жұмыс істеген тұста анық көз жеткіздім. Коз жеткізіп қоймадым, ұдайы мандайым тасқа тигендей сезінестімін. Орталықтың озі ойлап тапқан тәртіптің түккес қажеті жоқтығын, ақылга сыймайтындығын түсінестін едім. Тек ең озекті, шын мәнісіндегі жалпы мемлекеттік істі гана емес, тіпті қолденен шаруаның озін, болмашы, үсақ мәсслелердің бәрін Мәскеу шешстін. Уысынан шыгарып алмаудың, өз қотырынды өзіңе қасытпаудың амалы. Аяқ-қолды матап ұстадың айласы. «Мен», «менің слім», «менің жерім», дегенді айтқызыбаудың, тек «біз», «біздің сліміз», «біздің Отан» деп ала өкпе студің жолы. Ойланғысы келген кісіге осы да жетеді. Бұғауды үзудің, құрсауды бұзудың қыбын тап. «Мен» деп айта алатын, «менің слім», «менің жерім» деп мақтаныш сезімге бөлснестін үрпактың көкірек козін оятар жол іздс. Құркесудемсоқтық — өз сорың. Шаңынды қагуга шама келтірмейді. Ондай пысықтық бастан өтті. Шекіз билікті бір қолга ұстаган кісімен өл-қадірімше жагаласып, республиканың жәнс жергілікті органдардың

дербестігін кеңейтуге күш салып көріп едім, қайтып бас көтертпейтіндегі мінез танытты. Тоталитарлық жүйе өз заңымен, өз талап-талғамымен орын-орнына қойды. Енді қайтып еңсе көтеруге шама келсе, қалай ақылдырақ болуды, құресудің тиімді жолын қалай іздеуді жан баласына ашпас жұмбақ сырдай гып, қөкейге түйіп жүрдім. Уақыт зымырап өтіп жатты. Орталықтың үстемдігі өрши түсті. Прогресс мұддесі қайшы келетін жолдан таймады. Қайта үдей берді, үдей берді. Бірақ жаңаратын, жасаратын күнге жақындаі түскен еді.

Мен қатарынан неше жыл болды, орталықтан қол үзбей араласқаныма. Қызмет бабымен әр түрлі деңгейдегі лауазымды адамдармен істес болым. Орталықтың сырын алған адам сөйлес де біледі, сөзін өткізе де біледі. Тым ішке сұғындырып та жібермейді, тым алыстатып та жібермейді. Ретті жерінде ресми түрде, ұстамды қалып сақтайсын. Ашы да айтылар, тәтті де айтылар сәт болмай және қалмайды. Бірақ елінің, жерінің мұддесі сенің кісілігіңен де биік. Халқың ұшін қажет кезде аласарған тұс та аз болған жоқ. Ал, тұтас алғанда орталықтың республика өмірінде алатын орнын, әрине, біржакты бағалауға болмайды, ол қалыпқа салғандай сипаттауға сыймайды.

Қазақстанның ондаган жылдар бойына халық шаруашылығын өркендету ісінде орталықтан мол көмек алғанын айтпасам, әділдік болмас еді. Алғанымызды орнымен жұмсауға тырыстық. Олар табиғи байлықты игеруге, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының келешегінен көп үміт күттіретін салаларын қаржыландыруға, қалалар мен ауыл-селоны көркейту ісіне, транспорт магистралдарын салуға, әсірсесе, кадрларды даярлау ісіне, мәдени орталықтарды жасауға кетті. Бұл тізімді ұзақ жалғастыруға да болады.

Орталықтың пайдасы қайсы дегенде, орнис, ауызды қу шеппен сұрткен жараспас. Бірақ оны қайталағаннан көніл өсі қоймайтыны және аян. Енді зияны неде дегенге тоқтала кете-йін.

Басқарудың берік орнықкан жүйесі — бір орталықта бағыну. Ол бірте-бірте өршіп, шынтуайтына келгенде, шектен тыс орталықтандырылып жіберілді. Республика өмірінің қай саласын алмаңыз, онсыз аттап баса алмайтын, «әу» деп ауыз аша алмайтын халға жеттік. Әсірсесе, қарыштап есіп, өркендеуімізге

залалы көп тиді. Тіпті, республикааралық қатынас жүйесіне де Орталық өктемдік саясатын жүргізіп отырды. Кейде қысым (дөрекілікке дейін баратын) көрсетіп, жолынды кесіп отыратын. Оны Хрущевпен арадағы пікір қайшылықтарын баяндаган тарауда түгел айтылғандықтан, қайталарап жатпай-ақ қояйын.

Республика мұқтаждарын танауын көкке көтерген жалпы-одақтық министрліктер қырық сылтау айтып, ұдайы елемейтін. Санырауқұлақтай қаптаганы соншалық, шіркіндердің саны жыл сайын өсетін. Қазақстанда ірі-ірі өнеркәсіп, энергетика, транспорт және де басқа обьектілерді салған кезде олар өндірістің мәселесін көбірек күйттейтін де, жергілікті халықтың мұн-мұқтажын жүре тыңдайтын. Тіпті ойлагысы да келмейтін. Тұрғын үйлер, мектеп, бала бақша, аурухана, бөбекхана және әлеуметтік-мәдени обьектілерді салудан қашатын. Онда да заржақ қып, өлгеннің күнінен там-түмдап бірдемелер түргызатын еді. Біз өндірісті қалай қүшеттүгे үмтүлсақ, дәп солай әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық саланы үлгайтуды талап ететінбіз. Оған одақтық министрліктер ғана шалқаймайтын, оған тікелей бағынышты кәсіпорындар мен үйымдар да біздің сөзімізді қыртына да қыстырмайтын. Олардан сынық шеге сұрап алып, өз жеріне қада қағу күшке түсетін.

Қаржы мәселесінің қияметін айтып жеткізу мүмкін емес. Республиканың территориялық-әкімшілік жағына бөлуді қайта үйымдастыру жөніндегі кез-келген шара, шаруашылықты, мәдениетті, мәдени қызмет көрсету саласын және басқаларын өркендетуді қаржыландыру, материалдық-техникалық жабдықтау мәселесі түгелдей Мәскеудің қарамағында болатын. Орталықсыз бірде-бір мәселе шешілмейтін. Республика, керек десеңіз өзінің мұқтаждарына тапқан валютасын қалауынша жаратуға хақысы жоқ тұғын. Қазақстанның бағалы металл өндіру жөнінен едоуір үлес салмағы бола тұrsa да және жетерлікте валюта табатынына қарамастан жағдайы әлгіндегідій еді.

Енді енді ғой, бар құпияның беті ашыла бастағаны. Эйтпесе, кім жаман — әлем жаман, бәріне «қолбайлау» болып келген республика басшылары кінәлі саналатын. Идеология саласының орталықтандырылуы Қазақстан үшін қаншалықты қымбатқа түскенін айтып жеткізе алмайсыз. Әсіресе, үлттық мәде-

нистті қалыптастыруға, ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын жазуға өлшеусіз кесірі тиғенін атап өткім келеді. Орталық республикада не болып, не қойып жатқанын қалт жібермей, қадағалап отырды және «сара» жолдан сәл-пәл мұлт кетсөң болды, сол заматта-ақ байқап қалатын. Сосын жон арқаңナン таспа тіле бастар еді. Құлақ етін жейтін ауыр сөзге де мақұл, қызыл билетті бетке ұстап, сөгіс-мөгісін беріп жатса да ризасын. Ең жаманы — апарып үлтшылдыққа иөбасқа да ағымдарға апарып тели салуы түк смес. «Правда» және өзге де орталық газеттерде жарияланған Қазақстандағы «үлтшылдық сынар-жақтықтар» туралы мақалалардан ксійн сан-саққа жүгірткен науқан басталды да кетті. Әрі мұндай «науқанға» кезінде қалай қырағы келетінін айтсаныз, өздері «төмпештей» беруге бар, ал таяқ жеп жатқан кісілер «бұның қалай, ағайын» деп ауыз ашуға, ақталуға болмайды, оған мұрсат та бермейді, жолдың бәрі жабық. Оның үстіне, жогарыда атап өткенімдей, ұзақ жылдар бойы республикадагы идеологияны орталықтың нұсқауын екі сөзге келмей орындауга дайын, қара басым қайтсе аман болады дейтін «ләппайлар» басқарды. Олар өз халқының мұддесінен ғөрі «жалпыхалықтық», «бүкілодактық» мақсатты жогары қойып, жергілікті үлттың мұн-мұқтажын елеусіз қалдырып келді. Мұның бәрі үлттық мәдениеттің өсіп, өркендеуіне қолбайлау болғаны даусыз. Орталықтың «идеологияның, мерзімді баспасөздің» босаган «бұрауын» таставай ғып бұрау, сөйтіп орталықтың ақ дегенін алғыс, қара дегенін қарғыс сту — М. С. Горбачев пен Е. К. Лигачевтің елді басқарған алғашқы жылдарында тіпті күштейе түсті. Және де бүл үлттық кадрларды Мәскеудің басқа аймақтардан арнайы жіберілген адамдарымен алмастырумен жалғасты. Алайда, олардың шекесінен шертіп жүріп жіберген кісілері республиканың үлттық ерекшелігі дегеннен мұлде мақұрым еді, олар өздеріне орталық жүктеген міндестті орындаі алмай, ел алдында құлкіге ұшырап, кері қайтып жатты.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні былай: Орталықтың республика хұқын шектеуі, ұсақ-түйеқке дейін уысында ұстасу біздің құлашымызды жаздырмады, үлкен ойларымызды жүзеге асыруға тұсау болды, соның салдарынан белгілі мөлшерде экономика, мәдениет, гылым, оқу орындары және республика өмірінің басқа да саласы зардап шекті.

Демократия — халықтың билік. Азаматтардың бостандығы мен тенденциялар мен негізделгенде гана ол өміршен. Бізде бұның алғышарттары гана жасалған. Ал, орталықтың шектен тыс өктесмдігінен арылу бір күнде тындыра салатын жеңілжелпі шаруа емес... Фұмыр бойы темір құрсауга айналған биліктен ешкім оңайлықпен айырыла қоймайды. Сондықтан демократиялық жолдың кешенді бағдарламасын жасай отырып, жанжақты дайындықпен келу керек еді. Ең әуелі билік иесі болатын біздің халқымыз соған әзір ме, әлеуметтік, психологиялық, тіпті экономикалық жағдай көтере ме — міне, осының бәрін саралап алып, салмақтап барып, міндеттерін айқындаپ, жолын таңдалап барып ұлы мақсатқа үмтүлса еді. Сосын жоспарлы түрде жүзеге асырап болар. Ал, біз қалай істедік? Ол немен тынды? Оны баршаға аян нөрсені қайталау — қазымырлық болар.

Екінші сұң үлкен себеп — елде ұлтаралық шиеленіс бұрын-соңды болмаган жағдайға жетті. Бұрынғы тәртіптен іргені аулақ салғанмен, ел мойынсұна қоярлықтай жаңа кезеңнің белгілі бір тәртібі болмады. Әркім өз тағдырын өзі шешсін дедік. Ел басшылары оларға сыртынан қарап қойып отыра бсрді. Ал, ая жайылған ел білгенін істеп, үлкен қантөгістерге дейін барды. Біріне бірі ата жаудан әрмен боп шыға келді. Ұзында кеткен өшін, қысқада қалған кегін қоздырып жатты. Содан барып ондаган жылдар бойында жолға қойылған өндірістік-экономикалық, жабдықтау-тұрмыстық, сауда және өзге де байланыстар қас пен көздің арасында быт-шыты шықты, жоспарлы түрде жүретін алыс-беріс қайдарғы жоқ «айырбасқа» көшті, көптеген ұжымдар бұрынғы шикізат көзінен, материалдар мен іріктең саллайтын бүйімдардан құр алақан қалды. Елдің шаруашылық өмірі тобан аяқ күйге түсті. Мен кеңес федерализміңің қазіргі таңда душар болып отырған қындықтардың түп-тамырын тек өткен уақыттан іздеуге тырысатын саясаткерлермен, идеологтармен және галымдармен еш келіспеймін. Біздің көпүлтты мемлекетіміздің осыншалықты дос күйініп, дүшпан құлгендей ауыр халге жетіп, аяғы аспаннан келгендей жағдайға жетуіне М. С. Горбачевтің және оның командасының кінәсі аз емес. Қазіргі басшылықтың олақ, мен айтқан болар едім, дәрменсіз практикасы тек ұлтаралық қатынасты одан сайын шиеленіс болады.

леністіріп қана қойған жоқ. Сонымен бірге этностар арасындағы қақтығысты қоздырып; тіпті сазғыздай созылған қантөгіске үласты. Жалтақтық иен екі ойлылық, мәселен, согыс жылдағында еріксіз жер ауған Қырғыз татарлары мен кеңес немістепінің автономиясын қалпына келтіру туралы, түрік-мекшеттердің, басқа да көптеген ұлттар мен ұлыстардың мұдделерін қанагаттандыру жөніндегі мәселелерге де салқыны тиді. Кейкейде Горбачевтің ұлтаралық проблемаларды шешудегі жалғыз тәсілі — бұл мәселелерді сырт айналып өтіп, көрсө де көрмегендей отыра беретіндігі. Орталықтың арқа басты кеңге салғандай, тізгінді босатып алуы, тіпті қайтіп түяқ серпуге шамасы келмейтіндей «сал» боп қалуы елдегі «егемендік согысқа», жалпыодактық заңдар мен республикалық заңдардың қарама-қайшылығына алып келді; әр түрлі мемлекеттік органдардың іс-харакеті — акқу кокке, шортан көлге, шаян шөлге деген жағдайға жетті.

Республикалардың нақты егемендік үшін құресі өте заңды, бірақ ол болмай жатып болдым, толмай жатып толдым демеуге тиіс, ұлттық асқақтаудан, болектенуден сақтанып, тогышарлық деген дертке жол бермесек иғі, ел арасына гана емес, бір ұлтпен бір ұлттың арасына жік түспес жолды таңдасақ еді, біздің тек көп ұлтты елдердің бірлігі, достығы гана көсегемізді көгерпіл, көрпемізді ұлғайтады. Жалғыз шауып бәйгі алмаймыз.

«Демократиялық реформалар үшін қозгалысқа» мән өз көзқарасымды білдіре кетейін. Алдымен айтарым, бұл — өмір қажеттілігі тудырган қозгалыс. Елдің озық ойлы қогамдық тобы мен саяси қайраткерлер жариялаган аталмыш қозгалысты құрудың өзі — саяси плюрализмнің жарқын көріністерінің бірі. Плюрализм — пікір әралуандығы өсірессе, көпартиялық жағдайда әрі пайдалы, әрі қажет. Саяси қозгалыстар мен үйымдардың көп болуы, оның ішінде оппозициялық партиялардың қатар өмір сүруі билсөші партияның қызметін күнделікті көзден таса жібсірмей қадагалауга, оның тарапынан қиянат, тортіп бүзушылық, заңсыздық сияқты ксленціз көріністерді болдырмауга, тіпті алдын алуға, сөз жоқ жол ашады. Әл-әзір билеуші партия дара үкімет ретіндес омір сүріп отыр. Ол өзінің шешімдерінің күні сртең қандай күйде болатынын ойланған

қоймаган жайы бар. Сөтсіздікке ұшырай қалғандай жағдайда объективті иә субъективті себептермен ақталып шыгы мүмкін. Ал, билеуші партияның әрбір қадамын оның оппоненттері қалт жібермей қадағалап отырган кезде ол дүдемал және біле тұра қателік жасамас бұрын он ойланып, мың толғанады. Сірі да саяси пікір әралуандығы мен көп партиялық жағдайында 1937—1938 жылдары бүкіл елді жайлаган шектен шыққан жүгенділік, жаппай құғын-сүргін, атып-асу болмас еді гой.

Дәл қазіргі уақытта слдің ішкі жағдайын күрт қынданып жіберген себептердің бірі — бағаны тым көтеру және күнделікті тұтынатын тауарларға бес проценттік президент салығын енгізу туралы ойланбай жасалған шешім. Еңбекшілердің орынды наразылығын туғызды. Кеншілер экономикалық және саяси талаппен ерсүілге шықты. Мемлекет дәл қазіргі жағдайда басқарудан кетті. Соның өзінде де бүгінгі таңда слді дагдарыстан алтып шығатын анық та халыққа түсінікті багдарлама жоқ. Идеологиялық және тәрбис жұмысы біржола далада қалды. Жариялыштың пен демократияны бетке ұстап, бүкіл елде жалған мәденисттің сиң үздансыз және түкке алғысыз элементтері жаппай тарап кетті. Партия және кенес органдары қайда қарап отыр дейсіз гой? Таусыла айтпасқа амал жоқ. Азаматтардың сиң болмағанда қарапайым хұқын қорғарлық төртіп орнату жөнінде батыл қадамдар жасаудың орнына жогарыға жалтақтаумен, бітпейтін, бір тыныңдық пайдасы жоқ шаралармен малданып отыр. Жан баласын селт еткізіп, ойлантпайтын дерменсіз багдарлама, баянсыз нұсқаулар жасаудан қолдары босамайды. Дағдарыстың себебі қазір соқырға таяқ ұстатқандай баршамызға аян, оның барсыры — қайта құру саясатын жүргізуде тактикалық іс-қимыл, басқару тәсілі мүлде дұрыс болмады. Біздің партия, өкінішке орай, қайта құруга білек сыйбанып, белсендес араласа алмады. Басшылықтың кінәсінен бүкіл слдес болып жатқан процестен шеттеп қалды, жетім баладай сыртынан күн сала қарап, момақан күй кешті. КОКП Орталық Комитеттің пленумдары мен басқа шаралар өз бетінше жүріп жатты, одан келген пайда да, зиян да жоқ. Партияның арқасында биік мансапқа, атақ-абыройға қолы жеткен коптеген бұрынғы басшылар жағдайға байланысты оздерінің козқарастарын өзгеріп шыға келді. Онымен қоймай КОКП-ның ыдырауына жантала-

са ықпал етті, партия қатарынан шығып, бір кездері ар-ұжданы санаган билеттерін тастап кете барды.

Бүған кім кінөлі? Сіз дс, біз дс ойланайықшы... Ал, баз біреулер шіміркпестен, қазіргі бақытсыздық атаулыны, бәлепатырды түгел партиядан көреді, соны айыптайды. Сонда басшылықтың шалагайлығы үшін, тізгінді дұрыс алып жүре алмағаны үшін бар жауапкершілікті қатардагы қарапайым коммунистер көтеру керек пе? Бастауыш үйымдар партия басшыларынан күдер үзе бастады. Оларға деген сенім мұлде жойылды. Оны елдің коптеген партия комитеттері жазған арыздардан анық ангаруга болады. Саяси Бюро мүшелерінің бірқатары ашық мойындағанындей, КОКП Орталық Комитеттің Горбачев бастаған Саяси Бюросы мұлде жұмыс істемейтін органға айналды.

Бізге кімді үлгі-өнегс тұтуға болады дегендеге коршілес Қытайдың тәжірибесін пайдалану керек сияқты. Қысқа мерзім ішінде экономикалық реформа ойдагыдай жүзеге асты. Осы оң өзгерістердің бөрі коммунистік партияның басшылығымен болды. Бұдан сабак болар салиқалы ойлар неге түймескес?

Мынаган назар аудара кетер едім: егерде үлтаралық негізегінде жанжалдар басылмайынша, белшемізден батқан дагдарыстан слі ешқандай жоспар, ешқандай багдарлама алып шыга алмайды. Мен осы елдің перзенті ретінде және ұзақ жыл қызмет еткен азаматы ретінде айтарым: республикада үлтаралық қатынасқа әрдайым айырықша коңіл боліп отырдық. Партия органдары Қазақстанда тұратын коп үлтты халықтар арасындағы мызғымас бірлікті, жарасымды өмірді баянды ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Ел арасына жік салатын, ынтымағына ақау түсіретін болмашы себептерді назардан тыс қалдырымайтын. Қазақтың ұлан-байтақ жерінде мекен еткен халықтар арасындағы достық тамыры теренде жатыр, ол гасырлардан гасырларға алып барады, оның негізін біздің қасиетті бабаларымыз, ақпейіл әкелсеріміз қалаган. Оны ешқашан ешкім дс, ешнөрсе де бұза алмақ емес!

XXXXII

Мен халқыммен бірге қын, бірақ қызық жолдардан өттім.
Соның қысқаша түйіні мыйнау:

Бірінші — бұл сталиндік заман, бесжылдықтардың балгасы солқылдата соғылған жылдар, индустріяландыру және ауыл шаруашылығын ұжымдаандыру. Отан үшін от кешіп, Женіс салтанатын тойлаган, жеке басқа табынудың әбден асқынған жылдары.

Екінші — бұл Сталиннің жске басқа табыну зардалтарын әшкерелеген КОКП XX съезінен кейінгі кезең. Қөптеген мемлекеттік органдардың таратылып, Халық шаруашылықтары кеңестерінің үйімдастырылған және ауыл шаруашылығы органдары құрылымының астан-кестені шыққан түс. Адамның ғарышқа тұңғыш рет үшіп, дүниені дүбірге бөлеген жылдар. «Антитартиялық топтың» талқандалып, бар биліктің бір кісінің қолына көшкен, Хрущевтің ұрттаң ішіп, шайқап төккен шағы.

Үшінші — бұл 1964 жылы қазанда КОКП Орталық Комитетінің пленумында Хрущевтің субъективизмі мен валютализміне күйресте соққы беріп, оны «тактан» тайдырган, сөйтіп Брежневтің билігі басталған жылдар, яғни «тоқырау» деп айдар тагылған кезең.

Төртінші — Брежnevтің дүниеден өтіп, Андропов, сосын Черненко басқарған жылдар.

Бесінші — бұл қайта құру деп аталған Горбачевтің билік құрган жылдары, жариялыштық пен демократия жылымығы ескен, бірақ халқымыздың 70 жыл жүріп өткен тарихи жолы аяусыз сыналаған, жөнсіз қараланған уақыты.

Бүгінгі таңда мемлекеттік егемендік және нарықты қатынасқа көшу туралы мәселе принципті жағдайда көтерілді. Иә, Қазақстан өзінің әлеуметтік-экономикалық осіп-өркендеуі жөнінен белгілі табыс деңгейінс жетті. Егер Қазақстан Одақтас республикалар арасындағы экономикалық байланысты одан әрі ныгайта тұсу принцилерін басшылыққа алатын болса, онда біздің шыққан тауымыз биіктемессе аласара қоймайды.

Республикалардың нақтылы егемендігі, олардың дербестігін үлгайту, тұтас кешендей хұқы мен өкілеттігін беру — әлде

қашан пісіп жетілгсін мәселе. Орталықтың орасан зор билігінің тиісті бөлігі республикаларға қайтарылу қажет. Одактас республикалар мен жергілікті органдардың арасында тиісті өкілеттілік мейліншес өділ, әрі терезесі тен боліну керек, республикалардың мемлекетті, шаруашылықты және әлеуметтік-мәдени құрылышты басқарудағы ролін слеулі түрде көтерген жөн. Әйтсе де, Орталықтың ролін біржола төмендетіп, КСР Одағын «шала жансар» халде баянсыз құрылымға айналдыру үшін жанталасу дұрыс болmas еді. Мен елдің «феодалдық бытыраңқылышқа» ұшырауын құптамаймын, өйткені ол: біріншіден, барша кенес халқының, барлық республикалардың ортақ мұддесіне қатысты мөсселелерді шешуді қындаратады; екіншіден, бірқатар республикаларда өктемдік тәртіптің орнығып, нығаюына мүмкіндік береді; үшіншіден, КСР Одағының барлық территориясында тұратын азаматтардың хұқы мен еркіндігінің тендей сақталуына кейбір қосымша кедергілер тудырады. Мен мынаған анық көз жеткізгендеймін: барынша демократияландыру және елдің ұлттық-мемлекеттік құрылымын жаңарту КСР Одағы мен республикалардың бір-бірінің егемендік үәкілдігіне қайшы келмейтіндегі жағдай туғызады, қайта табиғи байланыста болады. Оларды өзара теңестіре отырып, көптеген тиімді материалдық және праволық кепілдіктермен қамтамасыз етіп, ұйымдық жағынан нығайту қажет.

Мен біздің мемлекетіміздің болашақ құрылымын осы тұргыдан көрім келеді. Тек осы принциптер негізінде өршіп тұрған дағдарыс кезіндегі өзіне төн ішкі қайшылықтардан арылуға болады немесе си ақыры саябырыстыудың сөті түсер еді. Соны жолға қойғанда Гана Кеңес мемлекеті экономикалық, әлеуметтік және рухани прогресс жолына түседі, калыпты ұлтаралық байланыс пен қарым-қатынысқа көшеді, барлық республикалардың өзара қоян-қолтық араласу үшін алғышарт жасайды. Республикалар өздерінің ортақ мұддесін іске асыратын және олардың әрқайсысына қамқор болатын Орталық рстіндес КСР Одағының ойдагыдай өмір сүрүінс ықпал етеді. Мұндай құрылымсыз біздің сліміздің осы заманғы әлемде алдыңғы қатарға шығуы екіталай.

Астамшылық болмаса, мен сөз аяғын ұлы Абаймен түйін-десем деп едім. Ол кісі:

— Өзің үшін еңбек қылсан, өзі үшін оттаган хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсан, алланың сүйген құлының бірі боласың, — дейді. Адам болған соң, жақсылыққа үмтыйласың. Бақытты болсам, абырой-атаққа жетсем дейсің. Үміт ілгері жетелейді. Сол жолда оқып, білім алады екенсің. Ел қатарлы еңбек етіп, тер төгесің. Іздесесің. Талпынасың. Таласатын да, тайталасатын да кез келеді. Таусылар шақ, мұнаяр тұс аз болмады. Бірақ жасымадым, салымды суға жібермедім. Қуанышың қойныңа сыймай жүрген күн келді. Асып, тасымадым. Жоғарыда айтқандай, шүкіршілік жасадым, сап-сап көнілім деп, өзімді өзім сабырга шақырдым. Биікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді үмітпадым. Қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Тұптің туғінде оралар ортам — сл іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барап жерім де — қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да сл, данаң да ел. Соган арқа сүйедім, содан үйрендім. Өздеріңіз оқыған жолдар — бүл мен өткен кешу, мен асқан асу емес, халқымның ұлы көші қалдырған керуен жолы, өшпес ізі, өлмес мұрасы. Ердің қайратынан елдің қайраты асқан заман. Мен соны баяндап қана бердім. Оның артық кеткен тұсы, кем пішілген жері жоқ демеймін. Бәрін айту, түгел айту мүмкін емес. Тегінде, билік онай да, біліп айту қыын. Көп тірлігінде жүйесін тауып басқара алдым ба, жоқ па — ол өз алдына бір әңгіме. Ал, сол күндердің бүгін тігісін жатқызып, ақ-қарасын айырып, жеткізе алдым ба, жоқ па? Оған да өзің төреші болгай, халқым!

Шілде, 1991 ж. Алматы.

Д. А. Қонаевтың

«ӨТТИ ДӘУРЕН ОСЫЛАЙ» КИТАБЫНА СОҢҒЫ СӨЗ

— *Дінмұхамед Ахметұлы, Сіз естелік кітабыңызды аяқтадыңыз. Ол, әрине елдің және республиканың торқалы тоілары кезінде жазған дүниелерден мүлде бөлек. Осы еңбекті жазу барысында қандай қыындықтарға кез болдыңыз?*

— Қыындықсыз іс болмайды. Мен соңғы елу жыл ішінде республикада болған орасан зор өзгерістердің қуәсі ғана емес, оған тікелей белсene араласқан адамның бірімін. Бұның өзі Қазақстанның қалыптасуынан бастап, өсіп-өркендеуіне дейінгі өмірін, оның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының, мәдениесті мен гылымының даму жолын түгел сарапал, бағалауға мүмкіндік береді. Бірақ, бұл ұлан-асыр тарих. Халықтың мандай терімен жасалған иглік. Оны түгел қамту мүмкін емес. Соңдықтан сол кезеңнің табиғатын ашатын уақыттынысын таныттын елеулі оқигаларды елеп, екшеп алу оңайға түспеді; мен нанымды болу үшін емес, ақиқатын, әділін айту үшін баспасөзде жарияланған материалдарға, статистикалық деректерге, сондай-ақ өзімнің жеке архивіме, есімде қалған фактілерге арқа сүйедім.

— *Өзіңіздің кітабыңыздан оқып, көз жеткізгеніміздей, Сіз жан-тәнімен берілген коммуниссіз. Алайда, уақыт, өкінішке орай өзгерді. Қазақстан Компартиясы қызметін тоқтатты. Ал, ет қызыу басылмаган кейбіреулер КОКП-ны сотқа тарту керек деп, талап студе. Әділетті ме осы?*

— Жоқ. Біз ұлы істерге бірге барып, оны бірге жүзеге асырған партияны асығыс «жерлеп» қойған жоқпыз ба? Жуан белден бір-ақ тартып, біржола өшіре салғанды, анығырақ айтқанда: миллиондаған мүшесі бар партияның қызметін бір-ақ күнде тоқтатқанды және оны Бас хатшысының еркімен істелгендін бұрын-сонды естіп-көріп пе едіңіз? Және де бұл қатардағы коммунистердің пікірімен санааспай, плenum не партия съезі шақырылмай жасалды. Партия басшылығы өздерінің абыройын айрандай төгіп, КОКП-ның беделін түсірді. Солардың кесірінен қазір жаппай антикоммунистік науқан өріс алды, сол үшін миллиондаған қатардағы коммунистер өздерінің көсем-смықтарының сатқындық саясаты үшін бар жауапкершілікті мойнымен көтеруде.

Бізде, Қазақстанда, партияның саудасың «занды» жолымен бітірді: әуелі пленум, сосын съезд откізді... Бірақ, партияны соттау өз әкесін, анасын, ата-бабасын соттау деген сөз...

1991 жылғы қазан айының 28-індегі «Правда» газетінде жарияланған бір топ РКФСР халық депутаттарының съезге жазған хатында «партияны соттау — бұл 40 миллион адамды қорлау деген сөз, егер олардың достары мен жақындарын ес-керсек, онда бұл цифр еліміздің бар халқының жартысына жетеді. Мұндай сүмдық тіпті Берия мен Ежовтың сандырақтаған түсіне де енген емес...» — деп, өте әділ айттылған. Ал, тікелей маган келсек, менің жауабым бір-ақ магыналы: Мен — коммунистпін және демім таусылғанша коммунист бол қаламын!

— Сіздің кітапыңызда оқигалар 1991 жылғы шілде айымен бітеді. Ал, тамыз айында өзіңіз білесіз, тотенше жағдай жөнінде гі мемлекеттік комитет өзі туралы айдағы әлемге жар салды. Артынша үні өшті. Егер, үні өштей... Қысқасы, мынаңай сұрақ: 19-тамызда Сіз қалай істеген болар едіңіз?

— 19-тамыз оқигасы елдің сиң жоғары эшелонындағы бір топ адамдардың жасаған антиконституциялық төңкерісі. Бұл кешегі ұлы державаны апатқа алғып келген елдің және партия басшыларының дәйексіз қате саясатының тікелей көрінісі. Қысқа мерзімге билікті басып алған топ: халық ендігі жерде мемлекет басында кім болса, ол болсын, тек елдегі былық пен берекесіз-дік тиылса болды дейтін халге жетті дсп есептеді.

Астырын әрекетті үйымдастырушылар мен оған қатысуышылардың бәрі мемлекеттегі және партиядағы жоғары орындарға президенттің тілегімен және қоярда-қоймай айтуымен болған адамдар еді. Және олар Горбачевтің төнірегіне топтасқан «ең сенімді» серіктері тұғын. Сатып кеткен де солар болды. Табалау емес, әділі солай. Менің кітабымда айтылғандай, мұның өзі кадр саясатын жүргізуде Горбачевтің қаншалықты қателікке ұрынғандығының бұлтартпас дәлелі.

Сұрақтың екінші бөлігіне келсек: мен не істесем де, біздің мемлекеттімізді мұндай сүмдықтардан қоргайтын заңға сәйкес істеген болар едім.

— 1985 жылдың союзі қайта құрудың басы есептеледі. Сіздің ең жоғары мінбелерден қызы қолдаганыңыз белгілі. Содан бері алты жылдан астам уақыт өтті. Кейбір қорытындылар жасауга

болар. Сіздің ойыңызша, осы жылдар ішінде істеген жақсымыз қайсы, «әттеген-айымыз» неде?

— Қайта құру идеясы мен концепциясын бөліссе отырып, қолдайтындығымды, бір емес, әлденеше рет мәлімдеген болатынын. Партия, біздін экономикамыз елеулі жақартуларға зэрү. Бұрын да солай ойлайтынмын, қазір де солай болу керектігіне сенемін. Ол өзгерістер тек ресми түрде жарияланып қана қоймай, шын мәнісіндегі демократиялық жолмен әбден орталықтандырылып тасталған құрылымның көбесін сөгу қажет. Қанша уақыт өтті, соған қарамастан қазір бар кінәні партияга итеріп салып отыр. Шынтуайтына келгенде коммунистік партия елде демократиялық өзгерістер жасаудың инициаторы болғанын тарс есімізден шыгарып алдық.

Қайта құру, тегінде, сөз қолданысымыздан қалып қойса да оның өз жақсы-жаман жақтары бар. Қайталап жату қажет бола қоймас, бұл туралы кітабымда егжей-тегжейлі айтылды. Бірақ, дагдарыс процестерінің біржола етек алғаны, ақша құнсыздығының шектен асқаны, бірқатар аймақтарда анархияның демократияны таптап, көктеп бара жатқаны өте мазасыздандырады.

Біздің республикада, тіпті өткен жылмен салыстырғаның өзінде, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінде, құрделі құрылыштарда бұрынғыдан бестер құлдырау байқалады, әсіресе, түргын үйлерді пайдалануға бериу 20 проценттей азайган. Аса маңызды азық-түліктің барлық түрін өндіру, сондай-ақ халық тұтынатын тауарлардың көптеген түрлерін шығару қысқарған.

— *Дінмұхамед Ахметұлы, Сіз – үлкен саясаткерсіз. Ол тарихи шындық. Саясаткер болу, демек, көрінкелдік дарынга не болу деген сөз. Тағы жылдарға болжамыңыз? Және де бірінші кезекте Қазақстаниң күні не болмақ?*

— Сәуегейлік – аса қауіпті іс. Қазір жағдай ауыр, бірақ сл басына түскен бұл сын уақытша гана. Қазақстанда, мәселен, егеменді республикалардың ішінен бірінші боп бұл түйіктан шығуга мүмкіндігі мол. Оған қуатты өнеркәсібі, ауыл шаруашылық потенциалы, кемелденген гылымы, аса бай қазынасы, кәсіптік шеберлігі мен білігі мол маман кадрлар мен жұмысшылары және басқада факторлар негіз бола алады. Егер осының барлығын жүйесін тауып, іске қосса – табыс тұмсық астында. Табысқа тек барлық республикалар экономикалық тығыз бірлік-

те жәнс өзара қүш біріктіріп, жұмыла көтергенде гана қол жастетінін есте үстаган лазым. Жалғыз ағаш орман болмайды.

— Сіз зейнетті демалысқа шыққаннан бері Саяси Бюроның бұрынғы мүшелерімен, басқа да басшылармен байланыс жасап тұрасыз ба? Немесе бізде, өкінішке орай, жиі кездесетін сияқты: бүгін қызметтен кеткен кісі, күні өртең ұмытылатындаи жағдай болды ма?

— Бұрынғы Саяси Бюро мүшслерімен кездесу, іә басқалай байланыс болған емес. Бірақ басшы адам қызметтен кетісімен өзінің бұрынғы байланыстарынан қол үзу керек дегенге өз басым келісе алмаймын. Рас, екі-үш жылдай менің үйімді айналып етіп, әліптің артын күткен кез болды. Олардың біреуі әлдеқандай жағдай болады деп сақтық жасады, бірі өзінің мансабы үшін мазасызданды, ал кейбір кісілерді, оның ішінде шет ел тілшілерін маган мұлде жібермей қойған уақыты болды.

Қазір жағдай түбірімен өзгерді. Есігін іштеп ілуді білмейтін, қашанда дастарханы жаюлы тұратын қазақтарға қонақтар қалай бірі келіп, бірі шығып жатса, менің үйіме де келіп-кетіп жатқандарда сеп жок. Мысалы, таяуда маган тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубекіров өзінің балаларымен келіп сәлем беріп кетті. Біз үзак әнгімелестік. Тоқтар маган космоста болып қайтқан ботаның кішкентай мүсінін сыйға тартты. Өткен күндерді еске алды. «Бұдан бірнеше жыл бұрын, Дінмұхамед Ахметұлы, КСРО Қорғаныс министрі А. Гречкога космонавтар отрядына қазақ жастарын қабылдау жөнінде хат жазғаныңыз есінізде мес? Тура сол хаттан кейін отрядқа қабылданатын қазақ жастарын іріктеу жұмысына менің қатысуыма тура келді. Бірақ тағдыр басқаша ауан алды. Ғарышкерлер сапына ұсынылған үшқыш денсаулығына байланысты космонавтар отрядына алынбай, бұрынғы өскери қызметіне қайтып келді. Оның орнына мен қабылданым, ұшу бақыты менің сишиңе тиді» — деді Тоқтар.

— Дінмұхамед Ахметұлы, Сіз кітабыңызда өмірлік серігіңіз болған Зуһра Шәріпқызын ерекше сезіммен еске алғып отырасыз. Ол кісі жайлы толығырақ айтып бермес не екеніз?

— Зуһра Шәріпқызы гажап адам болатын. Ең жақын, ең қимас досым еді. Біз слу жыл, алты ай, екі күн бірге тату-тәтті гұмыр кештік. Есеп қызметкері тұғын, әйтсе де оның өмірге

деген құштарлығы, білуге деген ынта-ықыласпен үштасып жататын. Ол орыс, казак, шет ел классиктерінің шыгармаларын зейін қойып оқитын. Оқыганын қызықтырып айта да білетін. Ағылшын тілін оқып-үйрәнді, көптеген шет елдерді арапап, оның өнерінс, мәденистінс ден қоятын. Мұсылманша сауаты бар еді және оған аса құрметпен қарайтын. Үйдегі үлкен кісілерді айт құндері, кейде жұма намазына алып барып, сауабын алып қайттым деп отыратын. Мұсылман елдеріне барған сапарында ең әуслі құранды қолга түсіруге тырысатын. Және киелі кітаптың талай үлгісін жинап, қастерлеп үстады. Ал, Египеттен бе, әлде Түркиядан алып қайтқан Мұхаммед пайғамбарымның бейнесі мүсінделген тұмарды демі таусылған күнге дейін — 1990 жылдың сөуір айының 20-сына дейін мойнынан тастамай тағып жүрді.

Казір менімен бірге немере інім Диар жанұясымен тұрады. Осы кітапты орыс тілінде жазуда сенімді комекшім болды.

— *Республикамыздың қазіргі басшыларымен жүзdesіn тұра-сыз ба? Олар Сіздің пікіріңзді білуге ықыласты ма? Сіз өз ұсыныстарыңызды ортага салып отырасыз ба?*

— Кездескен емесспін. Бес жыл ішіндегі Нұрсұлтан Назарбаев біздің үйде бір-ак рет болды. Зуһра Шәріпқызы қайтыс болған кезде қоңіл айтып шықты. Қаза үстінде шешіліп әңгімелесе алмадық. Мен оған табыс тілеп, тілектестігімді білдірдім.

— *Дінмұхамед Ахметұлы, Сіз қырық жылдан бері академиксіз. Ал, академиктерге өмірлік сыйақша берілетін аян. Эрине, ұсақ есепшілдік журналистің абырайын көтере қоймайтын әңгіме, бірақ сонда да болса сұрайын: академиктіңіз үшін берілетін сыйақшаның жинақталған қоры қандайда болсын құнсыздандуға төтеп бергендей емес не?*

— Казақстан Министрлер Кеңесінің торагалығына тағайындалғаннан кейін академиктігім үшін берілстін сыйақшадан бас тартқан болатынын. Қазақ КСР Гылым академиясының Президиумына ол ақшаны: стипендия, көмек, жабдық сияқты зәру тірлікке пайдалануды өтініп, арыз жазып бергенмін. Солай ел кодесіне жарап жатыр.

— *Онда бүл тақырыпты одан әрі өрбітуге рүқсат етіңіз. Кезінде Г. Колбин Сіз бір полкта толық жететіндей қаруды сақтап отыр деп мәлімдегені бар. Осы тақылеттес басқа да алып қашты әңгімелер айтқан-ды.*

— Түгел сандырақ. Колбин түймедейді түйедей етуге мәшеді. Ол менің аңшы екенімді, мемлекет жөне үкімет басшылары, ірі әскери қолбасшылар сапар кезінде ара-тұра мылтық сыйлайтынын білетін. Мен зейнетті демалысқа шыққан бойда өз еркіммен бар қаруды, оның ішінде сұық қаруды түгел жөне біржола Ішкі істер министрлігінің тиісті органдарына тапсырған болатынмын. Сондықтан көрпе астынан ши жүгірткен Колбиннің мұнысы жалған хабар гана.

Жалпы, мынаны айту керек: мен Колбинмен скі рет жүздестім, және кездескен сайын оның республика басшылығына келген кездейсоқ адам екеніне өбден козім жетті. Оның біздің республикадай ірі партия үйімін ойдагыдан басқаруга өресі жетпейтін.

— Қазір аңға шығып тұрасыз ба?

— Екі жыл бұрын Балқашқа барып, бап сынап көргенім бар. Орайы келді. Жанар тайып, қол қалтырап деп, жүрексініп сдім. Қапыда қалдырмады.

— Біздің әңгімеліз аяқталып келеді. Сіздің сексен жылдық мерекеңіздің қарсаңында сұхбатасын отырмыз. Біздің бәріміз — өзініздің оқырмандарыныз, пікірлес, шефтер азаматтар, өзінізге айырықша құрметпен қарайтындар түгел осынау мүшел тойынызға берін шын жүректен құттықтай отырып, Сізге ұзақ, гүмір тілейміз. Сөз орайы келгенде сұраї кетеін. Дінмұхамед Ахметұлы, өміріңізде осы күнге дейін «эттеген-ай» дейтін оқиға болды ма? Немесе, дүние қайта айналып келгендей күн туса, басқаша істейтіндей жай бастан өтті ме?

— Ең әуелі, алдагы мүшел тоймен шын ықыласпен құттықтаған ағайын, дос-жар, үлкен-кішігे түгел алғыс сезімінді жеткіземін. Баршаңызга бақыт тілеймін. Мына жүйке жүқартқандай қыын-қыстау күндерде іінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бөрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқап күндер алдымында! Мен төңірі сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім, жан ауыртқан күндерді де бастан кештім. Ол менің гүмірим, бірақ бұл омірді халықтан боле-жара қараган емесспін. Бозбала шағымда қара бастың қам-қаракеті болса болған шығар, бірақ ат жалын тартып мінгсін азамат кезден алдыма қойған бар арман,

бар мақсат елмен еншілес болды, халқым. Саган қалтқысыз қызмет еттім, аманатыңа адад болдым, соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет студен танбаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ, ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Сондықтан дүние қайта айналып келмей-ақ та қойсын, мен басқаша істейтін едім дәп жұлқынбай-ақ қояйын. Әр нәрсе өз уақытында.

— *Дінмұхамед Ахметұлы, ауыр қүнді халқынызбен бірге кешіп, отырысыз. Қазақстандықтарға қандай тілек айтар едіңіз?*

— Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қыыншылық деғен қиындық келмейтін іс емес. Жұмыла көтерсійік. Екіншіден, тату үйге тақсірет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесен, өзгеге жамандық қылма!

Сұрақтарды қойған Геннадий ТОЛМАЧЕВ

К91 Кунаев Д.

Время летит, жизнь продолжается: Эссе — воспоминания.— На казахском языке.

Авторизованный перевод С. Абдраимова.—

Алма-Ата: РГЖИ «Дәүір», МП «Ынтымак», 1992.— 448 с.

ISBN 5—86228—034—0

К 4702010204—3332 Без обьявл. 92

92

ББК 63.3(2К)

ISBN 5—86228—034—0

© Д. Кунаев, 1992.

© С. Абдраимов, перевод, 1992.

КУНАЕВ Динмухамед Ахмедович

ВРЕМЯ ЛЕТИТ, ЖИЗНЬ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

(ЭССЕ – ВОСПОМИНАНИЯ)

**(На казахском языке – авторизованный
перевод С. Абдраймова)**